

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ



Қ.Б. Алпысбаева  
П.Т. Әуесбаева

# ҚОЛЖАЗБА ҚОРЛАРЫНДАҒЫ БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЛАРДЫҢ ЖИНАЛУ ТАРИХЫ



Алматы  
2017

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5 Қаз)

А 45

*ҚР БҒМ Ғылым комитеті М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
Ғылыми кеңесі шешімімен баспаға ұсынылған*

Кітап ҚР БҒМ ҒК гранттық қаржыландыруы аясында жүзеге асырылған ғылыми-зерттеу  
жобасы нәтижелері бойынша дайындалған (мемтіркеу №0112РК02855)

**Редакциялық алқа:**

Алпысбаева Қ., Ананьева С., Әзібаева Б., Әлбеков Т., П.Әуесбаева, Елеуқенов Ш.,  
Күзембаева С., Қалижанов У., Қалиева А., Қирабаев С., Қонаев Д., Қорабай С.,  
Қосанов С., Мұқан А., Орда Г., Пірәлиева Г., Шалғынбай Ж., Ісімақова А.

**Жауапты редактор:**

*филология ғылымдарының кандидаты Т.Әлбеков*

**Пікір жазғандар:**

*филология ғылымдарының докторы Г.Пірәлі,  
филология ғылымдарының кандидаты А.Ақан*

**Жауапты шығарушы: Н.Мүрсәлімова**

**Алпысбаева Қ.Б., Әуесбаева П.Т.**

**А 45 Қолжазба қорларындағы батырлық жырлардың жиналу тарихы.**

Монография. – Алматы, «Әдебиет Әлемі» 2017. – 336 бет.

**ISBN 978-601-7414-81-8**

Ұжымдық еңбекте «Ғылым ордасы» Ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қорларындағы қолжазбаларда, сирек басылымдарда жинақталған батырлық жырлардың жиналу және жариялану тарихы қарастырылды.

Жинақ фольклортанушы, мәтінтанушы, деректанушы, мәдениеттанушы ғалымдарға және жалпы оқырман қауымға арналады, жоғары оқу орны филология факультеттерінің студенттеріне, магистрлер мен PhD докторанттарына оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3 (5 Қаз)**

**ISBN 978-601-7414-81-8**

© М.О. Әуезов атындағы  
Әдебиет және өнер институты, 2017.  
© «Әдебиет Әлемі» баспасы, көркемдеу, 2017.

# ҚОЛЖАЗБА ҚОРЛАРЫНДАҒЫ БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЛАРДЫҢ ЖИНАЛУ ТАРИХЫ



## КІРІСПЕ

Қазақ халқының ерте заманда жасаған мәдени мұрасының бірі – халықтың ауыз әдебиеті. Жазу-сызу өнері болмаған ерте кезде-ақ қазақ халқы өзінің тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық өмірі, шаруашылығы мен кәсібі, қуанышы мен күйініші, дүние танудағы көзқарасы т.б. жайында неше түрлі өлең-жыр, ертегі-әңгіме, мақал-мәтел, аңыздар ойлап шығарған және оларды ауызекі күйінде тудырған. Сондықтан да бұларды халықтың ауызша шығарған көркем шығармасы, даналық сөзі, яғни халық әдебиеті дейміз. Бұл – біздің рухани байлығымыз.

Міне, осы аталған рухани байлықтарымыздың бәрі – ұрақтан-ұрпаққа ауызша жеткен мұралар. Бұлар – көне замандардың ізі, ел басынан өткен елеулі замандардың куәсі, ел басынан өткен елеулі оқиғалардың шежіресі. Бұдан адамның сонау сәбилік дәуірлерінен бергі бар өмірін, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпын т.б. оқып білуге болады.

Қазақ халық әдебиеті мұраларының жиналу, жариялану, насихатталу, зерттелу тарихының кезеңдері ғасырлар тереңіне кетеді. Жалпы түркі тілдес халықтарға, соның ішінде қазақ халқына тән фольклорлық нұсқалар сонау V-VIII ғасырлардың тасқа жазылған жәдігерлері Орхон-Енисей ескерткіштерінен де кездеседі. Әсіресе,

Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк жазбаларында неше алуан тапқыр, шешендік сөздер, оқиғалар мен тарихи қайраткерлерді эпикалық дәстүр ізімен әсірелеп суреттеу жиі ұшырайды.

Бастапқы негіздері VIII-IX ғасырларда пайда болды делінген, бірақ XV ғасырда хатқа түскен оғыз эпосы «Дәде Қорқыт кітабында» да қазақ ауыз әдебиетінде кең тараған оқиғалық сарындар мол. Осы ескерткіштің төртінші тарауының желісі атақты «Алпамыс» жырымен бірдей екені көптен мәлім. Ал «Қорқыт айтыпты» дейтін көптеген нақыл, мақал сөздер оғыз, қыпшақ халықтарына ортақ қазына болып табылады. Бірталай сарындар қазақ аңыздары мен ертегілерінде аралас-құралас жүр. Сондай-ақ «Оғызнаменің» де оқиғалық өрілімінде жалпы түркі халықтарына кең тараған аңыз, әпсәналар орын алған. Мұнда түркі елдерінің көне төтемдік ұғымдары, дүниенің жаралуы туралы материалдар Махмұд Қашғаридың «Диуан лұғат ат-түркінде (XI ғасыр) түркі халықтарының ауыз әдебиет үлгілері мол топтастырылған. Мұнда халық өлеңдерінің түрлері, қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, эпикалық ерлік жырлары қамтылған. Тіпті түркі халықтарына ортақ дастандық мұралардың өзінде де («Құдадғу білік», «Мұхаббатнаме», «Ақиқат сыйлығы» т.б.) бейнелі тіркестер, жекелеген аңыз т.б. бар. Насреддин Рабғузидың «Қисасул әнбиесінде» аңыздар, мифтер кең көрініс берсе, «Кодекс куманикусте» ғибрат, нақыл сөздер кездеседі. Сол сияқты Моңғол тарихын сөз ететін Рашид-ад-диннің шежіресінде, «Моңғолдың құпия шежіресінде», Қадырғали Жалаиридың «Жамиғат-тауарихында», Абылғазы ханның шежірелерінде қазақтар ауызша айтып келген аңыз-әңгімелердің көптеген қызықты нұсқалары табылады. Бұл мысалдар қазақ халқының ауыз әдебиеті нұсқаларының мол жинақталғанын көрсетеді [1, 3-4].

Халқымыздың мәдени мұраларын жинау мен зерттеуде орыс ғалымдарының, саяхатшылардың, тарихшыларының, шығыстанушыларының, этнографтарының, археологтарының т.б. атқарған қызметі мол. Жалпы қазақ халық әдебиетінің ел арасынан жиналып, хатқа түсуі XVIII ғасырдың соңынан бастау алады. Қазақтың рухани мұраларына алғаш көңіл аударған адамдар – П.С.Паллас, Н.П.Рычков болды.

Қазақ даласы туралы тарихи-этнографиялық мәліметтер мен жекелеген аңыз-әңгімелерді қысқаша баяндау И.Георгидің «Ресей мемлекетін мекендеген халықтарды сипаттау» (СПб., 1776) атты еңбегінен кездестіруге болады.

Қазақстанды әр қырынан шолып, елеулі еңбек жазған ғалымның бірі – И.П.Фальк, ал, қазақтың халық әдебиеті туралы деректер жинаған И.Г.Андреев болды.

Қазақстан туралы алғаш зерттеу жазған орыс авторларының алдына қойған нақтылы мақсатына сәйкес халықтың сөз мәдениетіне, поэзиясына көңіл бөлу дәрежесі де түрліше болып отырды. Қазақстан туралы монографиялар, жазбалар, очерктердің негізгі нысанасы Ресей қоластына кірген елдің тарихи жолын, сол кездегі халін, табиғат байлығын, халықаралық жағдайын, қоғамдық даму дәрежесін неғұрлым толық білу болатын.

Қазақ халық әдебиеті үлгілері ел арасынан ХІХ ғасырда жанданып жинала бастаған. Бұған себеп болған жағдайдың бірі Қазақстанның Ресей мемлекетіне қосылуы еді. Патша өкіметі Ресейге қосылған елдерді билеу үшін, олардың экономикасын, тарихын, тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын т.б. білуді мақсат етеді. Бұл үшін ел арасына арнаулы экспедициялар шығарады, оның жұмысына орыстың тарихшы, әдебиетші ғалымдары қатысады. Және бұл жұмысқа 1845 жылы Петерборда құрылған және өз кезінің ғылыми орталығы болып табылатын Ресей география қоғамы да араласады.

Ресей география қоғамының арнаулы экспедициялары және жеке адамдары қазақ ауылдарында бірсыпыра ғылыми жұмыстар жүргізеді. Олар қазақ халқының шаруашылығы, тарихы, қоғамдық тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, мәдениетімен танысады, көптеген материалдар жинайды. Мұнымен қатар, олар ел арасынан қазақ ауыз әдебиетінің әртүрлі үлгілерін жинап, жазып алады. Егер Россия мемлекетіне қосылғанға дейін қазақ ауыз әдебиетінің үлгілері жөнді жиналмаса, хатқа түспесе, Россияға қосылғаннан кейінгі жерде бұл іске айрықша көңіл бөліне бастайды. Ел арасынан ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, жазып алу ісіне белсене араласушылар, оған басшылық етушілер – Ресейдің алдыңғы қатарлы әдебиетшілері, тарихшылары, ғалымдары, яғни Ресейдің география қоғамының мүшелері. Халық әдебиеті үлгілерін жинау ісін ең алдымен солар қолға алады.

Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинауда көрнекті еңбек еткендер – Ресей география қоғамының мүшелері: Ш.Уәлиханов, В.Радлов, И.Березин, А.Васильев, А.Алекторов, Г.Потанин, Н.Ильминский, Ө.Диваев, А.Харузин, П.Мелиоранский, В.Катаринский, Н.Пантусов, И.Беленицин, Г.Спасский, Н.Ф.Костылецкий, Н.Шебалин, А.Бардашев т.б. болды. Олар қазақтың ауыз әдебиетін аса бай мұра деп бағалаумен

қатар, сол мұраны ел арасынан көптеп жазып алуға зер салды, жинаған материалдарын қазақ (сөзі қазақша, жазуы орысша) және орыс тілінде кітапша етіп шығарды. Солардың бастамасымен XIX ғасырдың өзінде-ақ көптеген халық мұралары жиналып, «Түркістан уалаятының газетінде», «Дала уалаяты» газетінде, «Торғай облыстық ведомысында», «Ақмола облыстық ведомысында», «Астрахань газетінде» т.б. үзбей басылып тұрды. Халық әдебиетінің көптеген үлгілері, әсіресе, Омбы мен Орынборда шығатын газеттерде молырақ жарияланды.

Осыған байланысты қазақ арасынан халық әдебиеті үлгілерін жинауға кіріскен зерттеушілерге толымды мәлімет беруші информаторлардың саны көбее түсті. Бұл орайда Шыңғыс Уәлиханов, Ахмет Жантөрин, Әбдуәлі Дербісәліұлы, Бейбіт Дауылбайұлының т.б. еңбегін ерекше атаған жөн. Олар ескі жазбаларды жинаумен қатар, таңдаулы ақын-жыршыларды шақыртып, ауыз әдебиеті үлгілерінің таңдаулы нұсқаларын таңдай біліп, орыс зерттеушілерінің назарын ең алдымен соларға аударған. Сөйтіп жиналған материалдарды Ресейдің ірі қалаларына жіберіп тұрған.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ тарихына, этнографиясы мен фольклорына қатысты материалдарды жинап, арнайы еңбектер жазған көптеген зерттеуші-ғалымдар болды. Олардың қатарында атақты оқымыстылар, тюрколог-ғалымдар: В.В.Вельяминов-Зернов, И.Н.Березин, Н.И.Ильминский, Г.Н.Потанин, В.В.Радлов, Ш.Уәлиханов, Ы.Ы.Алтынсарин, А.В.Васильев, А.Е.Алекторов, Н.Ф.Костылецкий, А.Голубев т.б. атауға болады. Бұлармен қатар бір топ қазақ зиялылары фольклорлық және этнографиялық мұраларды жинап, жарыққа шығарды, қазақтың әдет-ғұрпы, салты т.б. жөнінде мақалалар жазды. Бұл ретте Р.Әбдрахимовты, Б.Дауылбаевты, С.Жантөринді, М.Ибрагимовты, Т.Сейдалинді т.б. атау орынды.

Қазақ халық әдебиеті үлгілерін жинау, баспа жүзінде шығару жөнінде Кеңестік дәуірде көптеген жұмыстар істелді. Егер Қазан төңкерісіне дейін бұл істі жеке адамдар ғана жүргізсе, 1920 жылы Қаз ССР-і құрылғаннан бастап, қазақ қолжазбаларын жинауды мемлекет өз қолына алды. Арнайы экспедициялар ұйымдастырылып, ел арасынан халық әдебиеті үлгілерін жинады.

Ескі мәдени мұраны игеру туралы мәселе Қазақстанда 20 жылдардың бас кезінде көтерілді. Бұл тұста қазақ халық әдебиеті үлгілерін жинауға мол еңбек сіңірген адамның бірі фольклортанушы, қазақ халық әдебиетінің жанашыры Ә.Диваев болды. Ол 1920 жылы Сыр бойын,

Әмудария мен Хиуа өлкесін, Оңтүстік Қазақстанды аралап, оның ұйымдастырған фольклорлық-этнографиялық экспедициялары халық әдебиетінің мол үлгілерін жинап, 1934 жылы құрылған Қазақстан ғылыми-зерттеу орталығына тапсырылды. 1946 жылы КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының Тіл және әдебиет институты құрылып, бұл іс-шаралар институт қарамағына өтіп, жұмыс ғылыми тұрғыда қарқынды жүргізіле бастағаны белгілі. 1961 жылы аталған институт екіге бөлініп, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының іргесі қаланды. Бұған дейінгі ұйымдастырылған төменгі экспедициялардың: Қостанай (1935,1946), Жетісу (1937), Маңғыстау (1939), Семей (1939, 1940, 1946, 1947, 1958, 1959), Қызылорда – Арал (1940, 1942, 1954), Ақмола – Көкшетау (1946, 1950), Қарақалпақстан (1946), Батыс Қазақстан (1947, 1954, 1957), Омбы (1947, 1948, 1956, 1960), Оңтүстік Қазақстан (1953), Қарағанды (1955), Таулы Алтай (1956), Орынбор (1958), Талдықорған (1958), Шығыс Қазақстан (1958, 1959) нәтижесінде ел арасынан халық мұраларын мол жинауға қол жеткізді. Бұл ретте елінің халық әдебиетін қастерлеген, халқымыздың қымбат қазынасын жинау, жариялау, насихаттау, Одақ көлемінде таныстыру саласында үлкен еңбек сіңіріп, ұлттық мәдениетіміздің алтын қорының толығыуына үлкен үлес қосқандар: Е.Ысмайылов, Б.Жақыпбаев, Б.Уахатов, Ә.Наурызбаев, И.Ұйықбаев, С.Бегалин, М.Хакімжанова, Ә.Әбдірахманов, Т.Сыдықов, С.Ордалиев, Ж.Аралбаев, Ә.Бөрібаев, З.Сейітғаппарова т.б. болды [2,7].

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты жеке бөлініп шыққаннан кейін жұмыс жоспарлы, мақсатты түрде жасалып, оларды іске асыру барысында 1961 жылғы Павлодар, Қостанай-Уфа, Қызылорда, 1962 жылғы Қарақалпақстан, Оңтүстік Қазақстан облысы, 1963 жылғы Батыс Қазақстан-Гурьев, Семей-Шығыс Қазақстан облыстары, 1964 жылғы Оңтүстік Қазақстан облысы, Семей, Қарағанды облысы, 1965 жылғы Саратов-Астрахань, Қостанай – Солтүстік Қазақстан, Түмен – Омбы, 1966 жылғы Семей, 1967 жылғы Шығыс Қазақстан, Қызылорда, 1983 жылғы Бұхара-Науаи, 1984 жылғы Қарақалпақ, 1986 жылғы Тәжік-Өзбек, 1987 жылғы Маңғыстау экспедициялары ұйымдастырылып, жиналған халық әдебиеті үлгілері институт қорына тапсырылды. Осы орайда мәдени мұраларды жинауда мол еңбек сіңірген Ә.Марғұлан, Е.Ысмайылов, Ә.Қоңыратбаев, М.Ғұмарова, Т.Бекхожина, Ү.Сұбханбердина, Б.Адамбаев, М.Байділдаев, Қ.Сыдықов, М.Шафиғи, М.Жармұхамедов, Қ.Сағтаров т.б. фольклортанушы ғалымдарды атауға болады.

Ел ішінде қазақ халық мұраларының жиналуына көп жылдар бойы қызмет еткен бір топ жинаушылар да болған. Бұлардың қатарында К.Қаденов, Ж.Төлкеев, О.Еңсегенов, К.Рахпанов, Қалпынұлы, Ә.Қайнарбаев, Ш.Қалмағанбетов, Ж.Мәдиев, Е.Құлсариев, Ә.Сариев, Қ.Сауранбаев, М.Көпеев, Е.Есенжолов, Ү.Толыбеков, Қ.Байғұлұлы, Ж.Шайхисламұлы, Х.Ғали, С.Шорманұлы, Ш.Білтебайұлы т.б. еліміздің облыс, өлкесінде тұратын жинаушылар жатады. Олар өздерінің жеке қызметтерін атқара жүріп, ел аузындағы жырларды, нақыл, шешендік сөздерді, ертегі-аңыздарды жинап, зерттейтін, сақтайтын ғылыми мекемелерге жіберіп отырған. Аталған жинаушылардың әр кезде, әр жерден жинаған халық мұралары Орталық ғылыми кітапхана мен институттың қолжазба қорларында сақтаулы. Ал, осы халық әдебиеті үлгілерін жинаушылары жинаған туындылары халық мұрасын толықтыруға қосылған елеулі үлесі екені даусыз.

Фольклорлық туындылардың көбірек жарияланып, жүйелі зерттеле бастағаны – Кеңестік дәуір (1920-1991). Осы уақытта қазақ фольклоры жанрлық жағынан сараланып, олардың ең таңдаулы үлгілері әртүрлі хрестоматиялық оқулықтар мен жинақтарға, сондай-ақ халық әдебиетінің алғашқы сериялық басылымдарына енді. Олардың қатарында А.Баржақсыбаласының «Мың бір мақал» (1923), Ш.Сарыбаевтың «Терме» (1923), Ә.Диваевтың «Тарту» (1924), Х.Досмұхамедұлының «Аламан» (1924), «Қазақ халқының 1000 әні» (1925), «Балаларға тарту» (1926), М.Әуезовтың «Ел әдебиеті» (1927), С.Сейфуллиннің «Ескі әдебиет нұсқалары» (1931), Ө.Тұрманжановтың «Қазақ мақалдары мен мәтелдері» (1935), С.Аманжоловтың «Қазақтың халық жұмбақтары» (1940, 1959), «Қыз Жібек» (1963), үштомдық «Айтыс» (1964-1966), «Пернедегі термелер» (1965), «Көрұғлы» (1966, 1973), «Қобыланды батыр» жыры (1975), «Ғашық-наме» (1976), «Қазақ халық әдебиеті» көптомдығының он жеті томы – «Батырлар жырының» сегіз томы (1986-1995), «Ертегілердің» төрт томы (1988-1989), «Айтыстың» екі томы (1988), «Дастандардың» екі томы (1990) т.б. басылымдары бар [2, 9].

Еліміз егемендік алып, тарихымызды жасқана жазудан арылған шақта, рухани-мәдени тіршіліктеріміздің айнасы боларлықтай айғақтарды қайтадан өз халқымыздың күш-қуатынан іздеуіміз заңды. Ондай қажыр-қайраттың қайнар көзі халықтың рухани мәдениеті екені даусыз. Өкінішке қарай, науқандық идеологияның шашбауын көтеріп, рухани мұрамыздың бары мен нәрін тұтас игеруден гөрі, алалап жинау, біржақты бағалау күні кешеге дейін орын алып келгені мәлім. Қазақ



халқының рухани-мәдени әлемінде әлі де болса толық игерілмей жатқан ұшан-теңіз байлық көзі – фольклорлық материалдар. Еліміздің өткен тарихын зерттеуде бұлардың алатын орны ерекше. XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейінгі ірі тарихи оқиғалар, наным-сенімдер, дүниетанымдық мәліметтер халық есінде фольклорлық туындылар арқылы жеткен.

Республикамыз бен қазақ диаспорасы қоныстанған туысқан елдерде осындай мұралар жинаушылардың аяғы тимеген жерлер жеткілікті.

Ал мәдени қазыналарды тұтас жинау әдісі (фронтальный метод) Қазақстан жерінде сирек қолданылады. Енді ғана табалдырығын аттап отырған XXI ғасыр еліміздің рухани-мәдени, саяси-әлеуметтік өміріне жаңа өзгерістер енгізе бастады.

Қазақстан жұртшылығының өз алдына ел болғандағы рухани болмысының бір көрінісі – Президентіміздің 1998 жылды «Халық бірлігі және ұлттық тарих жылы» деп жариялауы еді. Соған орай, Республикамыз бен қазақ диаспорасы қоныстанған елдерден халық мұрасын тұтас жинау үшін Ұлттық ғылым академиясы ұйымдастырған экспедициялар құрылды. Елде болып жатқан саяси-экономикалық өзгерістерге байланысты саябырлап қалған жинау жұмыстарын қайта жаңғыртып, бағалы өнер туындыларын, халқымыздың тарихы үшін маңызды материалдарды жоғалып кетуден сақтап қалу және сол жиналған халық мұраларын сол халықтың рухани игілігіне тарату үшін еліміздің түкпір-түкпіріне кешенді фольклорлық-этнографиялық экспедиция жіберілді. Сол сапарлардың нәтижесінде этнография, фольклор, ономастика саласын қамтитын жүздеген қолжазбалар жиналып, Ғылым академиясының қорларына тапсырылып, қолжазба қорлары мол деректермен толықты.

Еліміздің экономикалық күш-қуатының қарыштап өркендеуі, ішкі-сыртқы саясатының қалыпты жолға түсіп, әлемнің азулы елдеріне өзін мойындатуы, халықтың әл-ауқатының уақытпен үзеңгілес қарқындап өсуі – рухани мұраларға да мемлекеттік тұрғыдан көңіл бөлуге, соның негізінде соңғы он жылдың көлемінде ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа аманат болып қалған ұлттық қазыналарды кешенді түрде жинау, жүйелеу, жариялау, зерттеу жұмыстары жүргізіліп келгені баршаға мәлім. Бұған Елбасы Н.Назарбаевтың тікелей басшылығымен жүзеге асырылған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының аясында атқарылған қомақты-қомақты іс-шаралар айғақты дәлел болады. Әсіресе, кеңестік идеологияның салдарынан дүниенің төрт пұшпағына құмалақтай шашылып кеткен қазақтың атамекенге оралуы, түрлі себептермен өзге

жұрттардың игілігіне айналып кеткен ұлттық құндылықтардың там-тұмдап болса да елге қайтарылуы көңілге қуаныш ұялатады.

Бұл ретте кейінгі ғасырдың көлемінде халық мұраларын жүйелі түрде жинап, ғылыми тұрғыда басылымдар дайындап, іргелі зерттеулер жүргізіп келе жатқан М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтын айрықша атап өткен орынды. Атап айтқанда, 2013 жылы толық аяқталған «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясы, жиырма томдық «Әдеби жәдігерлер»; бестомдық «Қазақ музыкасының антологиясы» ғылыми басылымдары, сондай-ақ он томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы», үш томдық «Қазақ өнерінің тарихы» сияқты іргелі зерттеулер еліміз тәуелсіздік алған жылдары институт ғалымдары атқарған қыруар еңбектің бір парасы ғана.

Институт ұжымы 2012-2014 жылдар аралығында «Қазақстан халықтарының фольклоры, әдебиеттануы, өнері», «Шетелдердегі қазақтардың фольклоры, әдебиеттануы, өнері» атты іргелі жобаларды орындау барысында 2012 жылы Ресейдің, Монғолияның, Өзбекстанның, Қарақалпақстанның қазақтар тығыз қоныстанған аумақтарына экспедициялар ұйымдастырып, оған фольклортанушы, әдебиеттанушы, өнертанушы мамандарды тартты. Соның негізінде қомақты материалдар жиналып, ғылыми айналымға түсті. 2013 жылы да бұл үрдіс жалғасын тауып 2-31 шілде аралығында құрамы: әдебиеттанушы, өнертанушылар, фольклортанушы, оператор-инженер сияқты мамандардан жасақталған тағы бір фольклорлық-этнографиялық экспедиция Қытай Халық Республикасының Шыңжаң Ұйғыр автономиялы районуна қарасты біршама өңірлерді аралап, олжалы қайтты.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2014 жылғы Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан жолы – 2050: Мәңгілік ел» атты жолдауында еліміздің 2050 жылға дейінгі дамуының жаңа саяси бағдарын жария етіп: *«Басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Ол – Мәңгілік Қазақстан жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті дей келіп: «Бүгінде Отанымыздың жетістіктері – әрбір азаматтың ұлттық мақтанышы. Күшті, қуатты мемлекеттер ғана ұзақмерзімдік жоспарлаумен, тұрақты экономикалық өсумен айналысады. «Қазақстан 2050» Стратегиясы – барлық саланы қамтитын және үздіксіз өсуді қамтамасыз ететін жаңғыру жолы. Ол – елдігіміз бен бірлігіміз, ерлігіміз бен еңбегіміз сыналатын, сынала жүріп шыңдалатын үлкен емтихан. Стратегияны мүлтіксіз орындап, мүдірмей өту – ортақ парыз, абыройлы міндет»* екенін айтып, соның ішінде Қазақстан ғылымының әлеуетін арттыру міндетін қояды.

Еліміздің динамикалық дамуына, ұлттық мәдениеті мен руханиятының өсуіне, сана-сезімнің жандануына Қазақстанның әр азаматының үлес қосуын, ол үшін ең алдымен өз елінің төл тарихын білуді міндеттейді. Бұл тапсырмалар – Қазақстанның рухани құндылықтарының тағы бір әлемдік биік межеге көтерілуінің алғы шарты болып келеді. Сондықтан еліміздің жаңа тарихын жазуда Қазақстан ғылымының барлық салалары, оның ішінде қоғамдық ғылымдардың мол үлес қосатыны сөзсіз. Сондай үлестің бірі – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары жүзеге асырған қазақ халқының жад арқылы ұрпақтан ұрпаққа тарап келе жатқан рухани мұрасының жиналу тарихын баяндайтын «Қолжазба қорларында сақтаулы батырлық жырлардың жиналу тарихы» атты монографияны жазу болып табылады.

Қазақ халқының рухани мұрасы туралы деректер батыс, шығыс елдерінің саяхатшылар, зерттеушілері тарапынан да, тіптен Ресей патшалық академиясы тарапынан да жүргізілген көптеген экспедиция, іссапарлар барысында біршама жинақталғанымен, олар жүйелі түрде зерттелмеген және арнайы ғылыми зерттеу болып жарияланбаған. Сондықтан осы күнге дейін ғылыми, әдеби айналымға толық енбеген халық мұраларының, соның ішінде батырлар жыры қолжазбаларының жиналу тарихы туралы деректерді, құнды құжаттарды кеңінен зерттеп, монография жазып іске асыру қазақтың рухани мұралары туралы тарихи мәселелердің көптеген қыр-сырларын айқындауда әрі даулы мәселелерді дәйекті етіп шешуде өзекті болып табылады.

Сондықтан ұсынылып отырған монографияның басты мақсаты – қолжазба қорларында сақтаулы негізгі сюжеттік арқауы ел бірлігі мен жер бүтіндігін, халық амандығы мен азаттығын ұлықтайтын батырлар жырының бағзы заманнан бастап бүгінгі күнге дейін жиналған араб, парсы, латын, шағатай және түркі жазуларымен жазылған мәтіндерін жинақтап, қазіргі әріпке көшіріп, жүйелеп, ғылыми тұрғыда талдап, тұжырымдар жасап, теориялық ізденістермен ұштастыра отырып зерттеп, қазақ халқының жад арқылы ұрпақтан ұрпаққа тарап келе жатқан мұрасының жиналу тарихын (авторлардың тың ізденістері арқылы халық мұрасын жинаушылардың фольклорлық үлгілерді жазып алудағы практикалық қызметі мен өзіндік қолтаңбасын, олардың ғылыми маңызын ашу, жинаушылар т.б. туралы нақты деректерді, мәтіндердің сюжеттік, текстологиялық ерекшеліктерін жазу т.б.) баяндайтын «Қолжазба қорларындағы батырлық жырлардың жиналу тарихы» атты монографияны жазу арқылы бұрын жарияланбаған мәтіндер, басылмаған

немесе онша мәлім емес дереккөздерді ғылыми айналымға түсіріп, әдебиеттану процесіне енгізу.

Қазақ эпостары – ТМД елдерінің, шетелдердің шеңберінде толық танылмаған, әлемдік ғылыми ортаға беймәлім мұралар болып саналады.

Сондай-ақ, монографияда олардың әрқайсысының жиналу тарихын жазып шығу – фольклортанушы, текстолог ғалымдардың алдындағы өзекті мәселелердің бірі болып есептеледі. Монография қазақ батырлар жырының жиналу тарихын Қазақстаннан тыс бүкіл түркі дүниесінің, Орта Азиядағы, Кавказдағы қандас елдердің, сондай-ақ Ресей Федерациясының құрамындағы Татарстан, Башқұртстан, Якутия, Кабарды-Балқария т.б. республикалар фольклортанушыларының ғылыми еңбектеріне пайдалануына мүмкіндік туады. Сол сияқты монографияның қорытынды өнімдері шет ел зерттеушілері, отандық гуманитарлық ғылымдар саласында іргелі зерттеу жүргізетін ғалымдар, оқу орындарының оқытушылары, студенттері, магистрлер мен докторанттары және жалпы оқырман қауым үшін аса құнды деректер жөніндегі анықтамалық құралдың қызметін атқарады. Ғылыми, саяси, идеологиялық жағынан қоғамның мәдени және рухани әлеуетін көтеруге әсерін тигізеді. Мұның ғылыми және практикалық мәні жоғары. Монография негізінде алынған өнімдер қазіргі буын мен «Мәңгілік ел» азаматтарының қазақ халқының рухани мұраларының тарихын кең ауқымда оқып-тануына, мұраның халық жадында жаңғыруына, ұлттық сананың беки түсуіне, отансүйгіштік рухта тәрбиеленуіне жол ашады деп ойлаймыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақ фольклористикасының тарихы. Алматы, 1988.
2. Фольклорлық мұралар; жиналу, жариялану тарихы. – Алматы, 2014.

# КӨНЕ ЭПОС

---



Ұлттық фольклорымыздың бай мазмұнды жанрларының бірі – батырлар жыры. Батырлық жырларда халықтың сан ғасырлар бойына жинаған рухани мұрасы, ұлттық дүниетанымы, саяси көзқарасы, тарихи оқиғалар мен тұлғаларға берген бағасы қатар сақталып жеткен. Сол себепті батырлық жырларды халықтың рухани келбетінің бір айнасы деп санауға болады. Батырлық жырларда қазақ руханиятына қатысты көркемдік танымдар мен қатар ұлт пен мемлекеттің қалыптасуы мен дамуы жайында көп деректер сақталған. Сондықтан халық шығармашылығының, оның ішінде батырлық жырлардың деректілік маңызы мен бірге ғибраттық, эстетикалық мәні зор.

Ғалымдар сан ғасырлық тарихы бар эпостық жырлардың шығу тегіне, жанрлық жүйесіне, композициясына, көркемдік ерекшеліктеріне байланысты көптеген зерттеулер жүргізіп келеді. Эпостардың көлемді де, көркем саласының бірі – көне эпос. Көне эпостың жекелеген үлгілері немесе белгілері жөнінде жол-жөнекей айтылған ойлар кездеседі. Фольклорды үңіле зерттеген Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, М.Ғабдуллин, Т.Сыдықов, Н.Смирнова, Е.Ысмайылов, Р.Бердібаев, Ш.Ыбыраев, Б.Әзібаева т.б. бұл жанрдың ерекшелігі, көне эпос пен батырлық эпостың айырмашылықтары туралы құнды пікірлер айтады.

Көне эпос пен қаһармандық эпостың айырмашылықтары мен жанрлық сипаты туралы орыстың фольклоршы-ғалымдары да құнды ғылыми тұжырымдар жасаған. Белгілі фольклортанушы В.М.Гацак эпостық жырларды көне қаһармандық, қаһармандық романдық, тарихи деп төртке бөледі [1, 4]. Ал Б.Н. Путилов көне эпос жайындағы зерттеулерді шола отырып: мифологиялық эпос, батырлық ертегі, мемлекет пайда болғанға дейінгі (догосударственный эпос) эпос – алғашқы қауым жемісі деп жүйелейді.

Профессор Ә.Қоңыратбаев еңбектерінде көне эпосқа қатысты ғылыми тұжырымдар мол. Ғалымның «Эпос және оның айтушылары» атты еңбегінде [3,12] эпостың пайда болу кезеңі талданатын болса,

Ә.Марғұлан Көне эпос үлгілерін шығу тегі мен жасалу кезеңін архаикалық дәуірге жатқызады [4, 414]. Ал Ә.Қоңыратбаев жанрлық, хронологиялық жағынан ертегілік эпос [3, 13] деп бөліп қарауды ұсынады. Академик М.Ғабдуллин мен Т.Сыдықов бірлесіп жазған зерттеуде көне эпостарға: «... ертедегі адамдардың ру тәуелсіздігі үшін жүргізген күресі, тұрмыс-тіршілігі, күнкөрісі, шаруашылық жайлары, бақташылық, аңшылық кәсібі, дүние танудағы көзқарасы, наным-сенім ұғымдары, мифтік-фантастикалық негізде суреттелген» деген анықтама берілген [5, 33].

Белгілі ғалым Р.Бердібаев көне эпос мәтіндеріне тән және ортақ белгісін былайша атап көрсетеді: Көп ерліктер көрсететін, кедергі атаулының бәрін жеңіп шығатын негізгі қаһарманның бірі әйел болып келеді; баласыздық тақсіреті; әулиелер аралап, мінажат етіп жүріп перзентті болушылық; түс көру, аян беру, болашақ қаһарманның ғажайып тууы, жедел ержетуі; жүйрік ат таңдап мініп, қатерлі сапарға аттануы; ертедегі батырлардың күштілігі соншалық – олардың айқайынан «ағаштар жапырылып, тастар талқан болып жатады; батырдың астындағы аты жүйрік қана емес, керек кезінде «тіл бітіп» сөйлей алатын ақылшы серік те болып келеді; қалыңдық іздеген батыр көптеген қиын шарттарды орындап, күресте, жарыста, мергендікте бәсекелестен озып барып, дегеніне жетеді; сүйікті жарынан туған ұлды күндес әйелдер құртып жібергісі келгеннен ештеңе шықпай, ақырында батырдың жолына баласы мұрагерлік етеді; батыр қысылтаяң жағдайға түскенде оған жәрдемге келетін дос сиқырлы күштер болады; бірін-бірі көрмеген әке мен баланың алғашқыда айқасып қалып, табысатыны да көне сарын [6, 65].

Р.Бердібай ашып көрсеткен көне эпостың сюжеттік құрылымы, жанрлық сипаты, көркемдік табиғаты осы зерттеудің нысанасына алынған жырлардың қай-қайсынан да кеңінен орын алған.

Батырлық жырларды зерттеушілер әртүрлі тарапта тексеріп (көне эпос, батырлық жырлар), түрлі ой-пікірлер жинақтауының нәтижесінде халық жырларының жалпы даму жолы жан-жақты ескеріліп, жырлардың іштей саралануындағы батырлық жырлардың қалыптасуының негізі тұжырымдалған, яғни стадиялық тұрғыдан батырлар жырының өзінің екі түрлі сипатын ажырату қалыптасты. Біріншісі – көне (архаикалық) батырлық жырлар. Олар: «Құламерген», «Еділ-Жайық», «Дотан батыр» т.б. жырлар. Екіншісі – қаһармандық эпостың классикалық үлгілері «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» жырларында ру, тайпа бірлестіктерінің дәуірінің, елдің тәуелсіздігі, бостандығы үшін өткен күрестер сипатталады.

Архаикалық жырлардың негізгі белгісі төмендегідей болып келеді: Эпостың негізгі кейіпкері аңшылықпен кәсіп ететін аңшы мерген болып келеді. Ол әртүрлі құбыжықтармен, дәумен, адам жегіш айдаһармен, мифологиялық күштермен жалғыз күресіп, сол арқылы ел жұртын азат етеді. Ал аңшылық адамзаттың өте ерте кездегі ежелгі тіршілік әрекеті екені мәлім.



## ҚҰЛАМЕРГЕН ЖЫРЫ

Қазақ халқының ертеден бері айтып келе жатқан жырының бірі – «Құламерген, Жоямерген». Бұл жырдың сюжетін «Аламан мен Жоламан», ертегілерінен алып, дастанға айналдырған ақындардың бірі – Омбы өңірінде туып-өскен Әбдірахман Бектасов.

Аталған жыр 1909, 1912, 1916 жылдары Қазанда [7], 1939 жылы 7-8-сыныптарға арналған хрестоматияда [8] және 1964 жылы «Батырлар жыры» атты жинақта және 2008 жылы «Бабалар сөзі» ғылыми сериясы бойынша жарияланып жатқан жүзтомдықтың 52- томында шыққан [9].

«Құламерген, Жоямерген» жыры жөнінде М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, М.Ғабдуллин, Т.Сыдықов, Р.Бердібаев, С.Қасқабасов, Ш.Ыбыраев, Б.Әзібаева, Қ.Алпысбаева сияқты ғалымдар өз пікірлерін, эпостың үлгілері, ерекшеліктері, жырдың көнелігі, тарихы туралы өз ойларын білдірді [10].

Қазір ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында жырдың бірнеше варианты сақтаулы.

Осы аталған нұсқалардың ішіндегі ең көлемдісі және баспа арқылы ел арасына кең тарағаны да Ә.Бектасов нұсқасы болып саналады.

Ә.Бектасов (1884-1909). Әбдірахман орта жүз арғын ішінде қаражас руынан. Қолжазбада ол туралы мынандай деректер келтірілген. Әбдірахман алғашқы кезде Омбы қаласында тұрып, кейін сол маңдағы «Бижан» деген жерге көшіп келеді. Онда сегіз жыл тұрады. Екі жыл «Тілеубек ауылына қоныс аударған. Бұдан кейін Қисық деген жерді мекендеген. Әбдірахманның көшіп-қонып жүрген жерлері Омбы төңірегіндегі Қорған болысына қараған. Жыршының айтуына қарағанда,

«Құламерген киссасын» тұңғыш рет 1909 жылы 25 мүшелінде жазған. Әбдірахман бұдан басқа да әртүрлі тақырыптарға арналған дастандар жазған. Олар: «Емен батыр», «Қисса Бекзат бала», «Қисса Халит-Сағит», «Жарлы кедей», «Қисса Ғазиз» т.б. дастандар [11].

Әбдірахман ертегіні өлеңге айналдырғаны туралы қолжазбада былай дейді:

Қолға алдым назым үшін дәуіт, қалам,  
Жаныма жәрдем берсін Хақ Тағалам.  
Кеңесін Құламерген өлең қылдым,  
Тыңдаңыз, өңкей абзал шаһизадам.

Ғабдырахман мұны жазған менің атым,  
Өр жерге мағлұм болсын жазған хатым.  
Ағалар, қай рудан деп сұрасаң,  
Ізбасұлы Бектасов болар затым...

Бұл жырдың бас қаһарманы – Құламерген аңшылықпен кәсіп ететін адам. Ал аңшылық адамзаттың өте ерте кездегі ежелгі тіршілік әрекеті екені мәлім. Ол – күн көрудің байырғы формасы. Жырдың:

Тыңдасаң Құламерген бұрын өткен,  
Ақырында мұратына о да жеткен.  
Мұхиттың Қазар деген аралында  
Өнерпаз мергендікпен мекен еткен, –

деп айтылатын өлең шумағы қолжазба қорларында сақтаулы Ғ.Мұстафин, К.Байғұтұлы, Б.Сүлейменов, қытай, монғол, қарақалпақ нұсқаларымен бірдей болып келеді.

Жырда өз еңбегімен күн көріп жүрген Құламерген мен Жоямергеннің күтпеген жерден зұлым күштерге тап болып, айқасқа түсуі, көп қиыншылықты жеңіп, мұраттарына жетуі баяндалады.

Жыр батырлық пен ерлікті дәріптеп, қандай да дүлей күш болмасын соны жеңе алатын ержүрек батырды аңсаған ел арманын көрсетеді.

«Құламерген» жырының сюжеттік құрылымында әлем халықтарының фольклорлық туындыларында жиі кездесетін көне дәуірдің кейбір елестері көрініс тапқан. Солардың бірі – матриархат дәуірінің белгісін елестететін мыстан кемпір бейнесі. Мергеннің әйелі Гүләйім өте сұлу болады. Бір күні Гүләйім дарияға барып шашын жуғанда, бір тал шашы түсіп кетеді. Алтын шаш мұхиттың жағасындағы Бұлғар шахарына



жетіп, бір балықшы шалдың ауына оралып қалады. Шал оны патшаға тарту етеді. Патша бір тал алтын шашты көріп, ғашық болады. Алтын шаштың сырын білу үшін халқына жар салады. Құртқа атты мыстан кемпірдің ақылымен Гүләйімді қолға түсіруді ойлайды. Мыстан кемпір аталған шығармада оқиғаның шиелесуіне себепкер бейнесінде көрінеді. Мыстан кемпір бір күні дарияның жағасына келіп, өтірік талып қалады. Су алуға келген Гүләйім талып жатқан кемпірді көріп, аяп үйіне алып келеді. Кемпір Гүләйімді азғырып: – Мергендігі болмаса бойында ешқандай өнері жоқ күйеуді қайтесің? Күйеуің сенің теңің емес деп, былай азғырады:

– Әй, Гүләйім, құлақ сал,  
Айтқан сөзді ұғып ал.  
Аяғында мұхиттың  
Бұлғары деген шаһар бар.  
Ол шаһарды билеген  
Қасым атты патша бар.  
Алтын айдар басында,  
Қырық уәзір қасында.  
Жеткізер едім сені өзім...  
Сол патшамен қосылып,  
Ғайыш-ғишрат дәурен сал...

Мыстан кемпірдің азғыруымен Гүләйім теріс жолға түсіп, Бұлғар шаһарының патшасымен көңіл қосады. Сөйтіп, Құламергеннің отбасы бұзылады. Құламерген мен Жоямерген патшаның мыңдаған әскерімен соғысып, жеңіске жетеді. Шығармада батырлардың айналасындағы адамдар әр қилы жағдайда көрінеді. Ал соның бәрінде үнемі араласып жүретін ортақ кейіпкерлер де бар. Соның бірі – батырға қысылған кезіндегі жәрдемшісі, астындағы аты. Жырда батырларға керек жерінде көмек беретін ат жүйрік қана емес, керек кезінде тіл бітіп, сөйлейтін ақылшы серік болып көрінеді. Жүйрік аттың осындай сипатта көрінетін тұстарын «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын» сияқты қаһармандық эпостардан және бурят халқының эпосы «Гэсэрдэн», тува халқының аңызы «Бокту – Кириш пен Бора Шэлиден», башқұрттың «Заятөлек пен Су сұлу» аңызынан, қалмақтың қаһармандық эпосы «Жәңгірден» т.б. кездестіруге болады. Сол сияқты аталған дастанның оқиға өрілімінде сикырлы күштер туралы ұғымдар күрделі орын алады.

Жау күш Құламергенге бірде жол үстінде жылап жатқан бала

бейнесінде кездеседі. Аяушылық жасап, артына мінгестірген «бала» баяғы мыстан кемпірдің баласы Орақ деген болып шығады. Орақтың соңында сансыз әскері бар екен. Жекпе-жекте Орақтың басын кесіп, сауыт-сайманын алған Жоямерген қайтадан атқа қонады да, қалың жауға қырғидай тиеді. Бұл тұстарда көне эпостың емес, қаһармандық эпостың белгісі басымырақ болып келеді.

Көп қойға кірген қасқырдай  
Бір шетінен кіреді.  
Мылтық жеткен жер болса,  
Атып кетіп барады.  
Садақ жеткен жер болса,  
Тартып кетіп барады...

Жырдың аңыз-ертегі түрінде тараған нұсқасының бірін 1920 жылы Қазақстан ғылыми-зерттеу қоғамы ұйымдастырып, Ә.Диваев басқарған Сырдария экспедициясы кезінде Сырдария обылысында тұратын Оразғалы Жүсіпбекұлының айтуынан жазып алған. Оразғалы туралы дерек кездеспеді. Қолжазба соңында «Үшбу ертегі жазушы мен Әлімбайұлы Жұмабай деп білерсіздер» деп жазған жазу ғана бар. Нұсқа мәтіні еш жерде жарияланбаған, қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (120-бума.) сақтаулы.

Бұл шығарманы Ә.Бектасов нұсқасымен салыстырып қарағанымызда, Оразғалы нұсқасында Әбдірахман вариантында кездеспейтін айтушының өз қолтаңбасы бар екені байқалды. Мысалы: Ә.Бектасов жырлаған «Құламерген» жырында дарияға Гүләйімнің бір тал шашы түсіп кетсе, Оразғалы нұсқасында теңіз «Қызыл арай» деп аталып, теңізге Кұнайымнен алтынмен зерленген орамалы түсіп кетеді. Кұнайымға ғашық болған патшаны мыстан кемпірдің сандыққа салып, теңізге ағызып жіберуі, оларға жаны ашыған Құламергеннің оларды үйіне алып келуі, ор қазып, бас кейіпкерді орға тастайтын көріністер Ә.Бектасов нұсқасында кездеспейді.

Солтүстік Қазақстан облысына кең тараған «Құламерген» жырының бір түрін 1935 жылы Павлодар облысынан жинап, Орталық ғылыми кітапхана қорына тапсырған – Нартай Сыздықұлы. Сыздықұлы Нартай Павлодар (Кереку) қаласындағы техникумның студенті болған.

Жыр мәтіні еш жерде жарияланбаған. Қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (6-бума) сақтаулы. Әбдірахман нұсқасымен салыстырғанда Нартай жинап-тапсырған «Құламерген» жырының батыр мінегін тұлпардың, кейіпкерлер есімдерінің айырмашылықтарымен

қатар біраз эпизодтық өзгешеліктер де кездеседі. Сондықтан да Нартай жинаған жырды жеке нұсқа деп есептеуге болады.

Ауыз әдебиеті мұраларын жинаушылардың бірі Көсембек Байғұттыұлы (1884-1951) – ақын, жыршы, ауыз әдебиетін жинаушы. Ол қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы, Тоқтамыс ауылында дүниеге келген.

Көсембектің халқымыздың бай ауыз әдебиетін жинауға сіңірген еңбегі ерекше. Қолжазба қорларында Көсембек ақын жинап-тапсырған материалдар көп ұшырасады. Оның 1947 жылдары ел аузынан жинап, тапсырған «Мәліқриан, Рабигімүлік, қыз Жәмила», «Әмір патша мен Таймас уәзір», «Сәтбек батыр», «Құламерген» жырлары ОҒК-нің қолжазбалар қорында (299-бума) сақтаулы. Солардың ішінде «Құламерген» жырына тоқталар болсақ, бұл нұсқа еш жерде жарияланбаған. Мазмұны жоғарыда айтылған Ә.Бектасов, Жұмабай, Нартай нұсқаларынан өзгешелеу болып келеді. Бұл нұсқада Кұнайым сұлуға ғашық болатын патшаның баласы. Шығармада оқиға соның төңірегінде өрбиді. Жыр Құламергеннің жас жігітті, кемпірді, Кұнайымды өлтіріп, ұлы Жоямергенмен қалуымен аяқталады.

«Құламерген» жырының тағы бір шағын түрін ел арасынан жинап, 1960 жылы институт қорына (124-бума) тапсырған кісінің бірі – Оңғарбай Еңсегенов.

Бұл нұсқада тек Құламергеннің басынан өткен оқиға суреттеледі де, ұлы Жоямерген мен қызы Шәрипа туралы сөз болмайды.

Қазақтың көрнекті жазушысы Ғабиден Мұстафин 1938 жылы Қарағанды облысы тұрғындарының арасынан «Құламерген» жырын жазып алып, сол жылғы 20 маусымда Орталық ғылыми кітапхана қорына (665-бума) тапсырады. Жыр мазмұны Ә.Бектасов жырлаған нұсқамен бірдей. Соған қарағанда айтушы Әбдірахман нұсқасын жаттап алып, ел арасында айтып жүрген деген қорытынды жасауға болады.

1940 жылы КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалы Семей экспедициясын жасақтайды. Бұған Сәкен Байырбеков жетекшілік жасап, сапар барысында «Ер Қабанбай», «Қабанбай», Құламерген» жырлары, Сондай-ақ Айым, Жекен, Түбек ақындардың айтыстары хатқа түскен. Бұл материалдар 1941 жылы кітапхана қорына (665-бума.) тапсырылған.

С.Байырбеков тапсырған бұл шығарманың мазмұны 1912 жылы Қазанда жарық көрген Ә.Бектасов нұсқасымен бірдей болып келеді. Айырмашылығы С.Байырбеков қолжазбасында Жоямергеннің шешесінің жылаған сөздері кездеспейді. Мәтін еш жерде жарияланбаған.

«Құламерген» жырының енді бір үлгісін Ақтөбе облысы, Новосібір

ауданы, Қуағаш ауылының тұрғыны Базарбай Сүлейменов ел арасынан жинап, 1941 жылы кітапхана қорына (665-бума.) тапсырған. Мәтін еш жерде жарық көрмеген. Қолжазбаның бірінші бетінде мынандай түсініктеме жазылған: «Бұл «Қисса Құламерген» – бұрынғы мысал ертегі. Әңгіме ерте заманда болған көрінеді. Мұны жаста жаттап едім. Батырлар жыры шығып жатқансын, бұл да шықсын деп жазып беріп отырмын. Қатасы болса айып етпеңіздер. Бұрын мұндай өлең шығарып жазған жоқпын. Сол себепті үйлеспеген жерлері болса, дүзеп шығаруларыңызды өтінемін. Сүлейменов Базарбай. 1941 ж.».

Шығарма мазмұны кейбір өлең жолдарының ауыстырылып берілуіне қарамастан Ә.Бектасов нұсқасымен бірдей деуге болады.

М.О.Әуезов атындағы институттың қолжазбалар қорында (393-бума) «Құламерген» жырының тағы бір нұсқасы кездеседі. Бұл нұсқаны 1967 жылы тапсырған – Сәрсенбек Түсіпұлы. Сәрсенбек 1903 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылында кедей шаруа отбасында туған. Руы – қаракесек. Әкесі Түсіп көзі қаракты, сауатты адам болғандықтан, баласы Сәрсембекті әуелі ауыл арасындағы молдаға беріп хат танытып, кейін Троцкий қаласындағы медресеге түсірген. Бұдан кейін Семей қаласында орысша 4-класты бітіріп шығады.

Сәрсембек 1926 жылдан бастап әртүрлі жұмыстар жасайды. 1929 жылы Турксиб темір жолын және Ертіс көпірін салуға қатысады. 1943 жылдан бастап Алматыда тұрады. Жас кезінде әкесінен көптеген шығармаларды үйреніп, оларды жаттап айтып және жинап жүрген.

Сәрсембек тапсырған жырдың Ә.Бектасов нұсқасынан біраз айырмашылықтары бар. Мұнда Иран мен Тұран елінің соңғы шайқасында тұрандықтар жеңіске жетеді. Бұл жеңісте Қарабек және Асылбек батырлар көзге түседі. Олардың жасаған ерліктері шебер суреттеледі. Асылбектің Қарабек досының қарындасына үйленуі, Олардың Құламерген атты баласы туылуы, Құламергеннің он жасқа келгенде әкесінің суға кетіп өлуі, анасының да көп ұзамай қайтыс болуы, нағашысын іздеп барған Құламергеннің Күнайым сұлуға үйленуі сияқты әңгімелер баяндалады. Әрі қарайғы әңгіме Әбдірахман нұсқасымен ұқсас болып келеді.

1998 жылы Ұлттық Ғылым Академиясы ұйымдастырған этномәдени экспедициясы кезінде Ә.Бектасов нұсқасының бір көшірмесін институт қорына әдебиеттанушы Тоқтар Әлібеков тапсырған. Қолжазба 1134-бумада сақтаулы. Қолжазбаның бірінші бетінде «Ертең дастан Құламерген». 1960 жылы көшірілді 1-рет. 2-рет 1993 жылы 1-3 қаңтарда көшірілді. Алаша Ақан Абат» деген жазу бар.

«Құламерген» ертегісі қарақалпақ халқында да сақталған. Сол сияқты аталған жырдың варианттары Монғолия мен Қытайда тұратын қазақтар арасында да кең тараған. Монғолия қазақтарының нұсқасы 1991 жылы «Халық мұрасы» атты жинақта басылды [12].

Қытай қазақтарының арасына таралған «Құламерген» жырын кімнің, қашан жырлағаны белгісіз. Фольклорлық үлгілерді жинап бастырушы О.Егеубаевтың берген мәліметіне қарағанда, жырды Қадыр Сұлтанұлының айтуынан жазып алып, «Шалғын» журналының 1980 жылғы 1-ші санында жариялаған – «Шыңжаң халық баспасы» қазақ бөлімінің меңгерушісі, фольклоршы, жазушы Оразбек Қанапияұлы.

Қадыр Сұлтанұлының жырлауында «Құламерген, Жоямерген» жырының байырғы желісі барынша сақталған. Бас қаһармандардың есімдері, іс-әрекеті, шығармадағы мотивтер тізбегі, жер-су атаулары (Хазар теңізі, Орал тауы, Бұлғар шаһары) бірдей. Екі жырда да Құламергеннің аты – Құлагер, Жоямергеннің таңдап мінетін аты – Делдеш болып келеді. Екі нұсқада да ертедегі аңшылық өмір неғұрлым кеңірек сақталған. Өз еңбегімен күн көріп жүрген Құламерген мен Жоямергеннің күтпеген жерден зұлым күштерге тап болып, айқасқа түсуі, көп қиыншылықты жеңіп, мұраттарына жетуі баяндалады.

«Құламерген» жырының «Шалғын» нұсқасы мен Ә.Бектасов жырлаған (Алматы, 1964) нұсқаны салыстырып қарағанымызда, Қадыр Сұлтанұлы жырлаған дастанында төмендегідей айырмашылығы бар екені анықталды: 1. «Шалғын» вариантында Құламергеннің әйелінің аты – Гүләйім болса, 1964 жылғы басылымда – Күнәйім. 2. «Шалғын» вариантында Құламергеннің ұлы Жоямергеннің жер асты, су патшалығы әлемінде болып, әр қилы ауыр сындардан өтіп, жер асты патшасы Жыланбектің қызы Күнсұлуға үйленетін эпизоды мен сол тұстағы Делдеш аттың иесіне көрсететін қызметі сияқты көріністер жоқ. 3. «Шалғын» нұсқасының мәтінінде жырдың кейбір тұстары қарасөзбен баяндалған.

Осы екі нұсқаны салыстыра зерттеу нәтижесінде, аталған екі жырдың түбірі бір бастаудан таралғаны анықталды. Ал әр нұсқаның жыршысы белгілі сюжетті өзінше жырлаған.

Қытай қазақ жыршыларының репертуарынан тұрақты орын алған «Құламерген» жырын жеке фольклорлық нұсқа деп қарауға болады.

Аталған жыр нұсқасы Қазақстанда Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарияланған «Бабалар сөзі» атты жүзтомдық басылымның 31-томында жарық көрді.



## ЕДІЛ МЕН ЖАЙЫҚ БАТЫР

Аңыздың ел арасында кеңінен тараған нұсқасын өлеңмен жырлаған – Бәдел Тұрсынбаев. Тұрсынбаев (1905-1967) – жазушы, халық әдебиеті үлгілерін жинаушы. Бәдел Алматы облысы, Қаскелең ауданы 1-Май колхозында туып-өскен. 1946 жылдары Бәдел СССР Ғылым академиясы Қазақ филиалының Тіл және әдебиет институтында істеген. Бәдел «Еділ-Жайық» жырын 1942 жылы ел арасынан жазып алып, жаттап, ел арасында өзі де жырлап жүрген. Бәдел жырлаған жыр мәтіні алғаш рет «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 89-томында жарияланды. Жыр зерттелмеген. Түпнұсқасы ОҒК-ның қолжазбалар қорында (744-бума, 3-дәп.) сақтаулы. Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған. Қолжазбаны қорға тапсырған – жыршының өзі.

Жырда Еділ мен Жайықтың бейбіт елді жауламақ болған Қара дәуге қарсы күресі, қалмақтармен ұрыстағы ерліктері, ел-жұртын қалмақтардан босатып алғаны, батырлардың майданда қаза болуы, батырларын шын сүйген елдің көз жасынан өзен құралғаны, ол өзендердің аттары екі батырдың есімімен аталғаны баяндалады. Ол көрініс шығармада былайша суреттеледі.

Еділ менен Жайықтың  
Жамбасы жерге тигенде,  
Жұрт қайғырып, күйгенде,  
Жиналған елдің көз жасы  
Тамшылап жерге тигенде,  
Тамшыға тамшы қосылып,  
Шын сүйген елдің көз жасы  
Өзен болып ағады.

Екі батыр аттары –  
Екі өзеннің аты боп,  
Тарихта солай қалады...

Оқиға Еділ мен Жайықтың бірін-бірі түсінде көріп, бір-бірін іздеп шығуынан басталады. Бұл эпизод – бүкіл жырдың негізгі өзегі болып

табылады. Батырлар үйден шығысымен оқиға қоюлана түседі, яғни жыршы қаһармандарды мадақтау үшін олардың алдына қиын бөгеттер қояды. Олар асқар таудан, үлкен шөлден, өзеннен өтіп, жолда жыртқыш аңдармен кездеседі, жезтырнаққа кез болады. Мұндай сюжет «Арық мерген», «Жезтырнақ» атты ертегілерде және «Арық мерген» жыры сияқты т.б. фольклорлық үлгілерде кездеседі. Еділ жезтырнақтарға қарсы соғыс ашқанда, қарапайым халық жәрдемге келеді. Қара дәу сынды дүлей күштермен бірнеше күн қақтығысады. Бұл тұста Еділдің ерлік істері былайша суреттеледі:

Байқаусызда батырға  
Жолбарыс келіп жабысты.  
Соқты жерге арқалап,  
Берген жоқ оған намысты.  
Арыстан келді ақырып,  
Сілтеген қылыш дәл тиіп,  
Аю да жатыр бақырып,  
Өте шықты Еділ ер  
Бір-бір салып қатырып... –

деп адамға дұшпан күштердің мінездемесі әсерлі суреттеледі. Халықтың тынышын кетірген Қарадәудің кескіні:

Алысам деп Жайықпен,  
Бес өгіз еті, жүз қой жеп,  
Бір көлдің суын ішеді.  
Бір үлкен төбе секілді  
Қарадәудің қалқаны.  
Мінген аты сол дәудің  
Алатаудай арқалы.  
Тобылғыдай шашы бар,  
Төбешіктей басы бар.  
Жағаның қара талындай,  
Көзін шапқан шашы бар... тым қорқынышты етіп

баяндалады.

Әсірелеудің тым еркіндігі де жыр табиғатының көнелігін, оның ертегілік түбірін белгілейтін нәрсенің бірі [13, 8].

Батырлар осындай қиындықтың бәрінен аман-есен өтіп отырады. Мысалы, Қара дәудің күштілігі мен қайратына қарамастан оны жеңіп, оның тұтқынында зарыққан Ақтұйғынды босатуы Жайықтың асқан ерлігі ретінде суреттеледі.

«Кейіпкердің, міне, осындай алып та күшті дұшпандарын жеңуі – сөзсіз, халықтың бұқара қорғанышы боларлық жан туралы арманының жемісі мен оның жақсылық пен жамандыққа, әділдік пен әділетсіздікке деген көзқарасының сәулесі» [14, 252]. ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында Еділ, Жайыққа қатысты «Еділ – Жайық» ертегісінің Талдықорған қаласының тұрғыны Қалымтай Әбішевтен 1960 жылы жазылып алынған нұсқасы (125-бума, 2-дәп.) мен «Еділ –Жайық» жырының Жамбыл облысының ақыны Мұсаның айтуындағы нұсқасы (105-бума, 7,8-дәп.) сақтаулы. Бұл нұсқаны Бәделхан Тұрсынбаев Мұса ақынның айтуынан 1951 жылы жазып алған. Ол былай дейді: ««Еділ-Жайық» дастаны негізінде халық ертегісі екен. 1951 жылы Жамбыл ауданында, Жамбыл облысы, Октябрь колхозынан келген Мұса деген ақынға жолықтым. Мұса ақын 65-70 шамасына келген адам екен. Ол кісі біздің үйде екі күн қонды. Екі күн бойында талай әңгіме, талай дастан айтты. Сол дастандардың ішінде «Еділ-Жайық» дастаны маған ұнады. Мен сол кісінің айтуы бойынша түгелдей жазып алдым. Бұл дастанның авторы кім екенін Мұса ақын өзі де білмейді. Ол соғыс жылдарында Қызылорда облысына барып, сонда Баяу деген кісіден үйренгенін, ал Баяудың өзі де біреуден үйренгенін айтады» [15]. Қолжазбаны Бәдел 1952 жылы Институт қорына тапсырған.

Жырда Еділ, Жайық, Бергеш батырлардың ерлік істері баяндалады.

Орал тауының кісі етін жегіш жыртқыштары дәу мен жезтырнақ ауыл адамдарына үнемі шабуыл жасап, тынышын алып, маза бермейді екен. Еділ мен Жайықтың батырлығын естіген жұрт екі батырды күтумен болады. Ол кезде екі батыр екі жақта тұрады екен. Олар бір-бірін түсінде көріп, іздеп шығады. Екі батыр ұзақ сапар шегіп, көп қиыншылықпен Қара дәу мен Жезтырнақты жеңіп, халықты құтқарады. Одан әрі Еділдің баласы Бергештің әкесін іздеп шығып, жолда Жезтырнақпен алысуы, Еділ мен Жайықтың кездесіп, баланы құтқарғаны баяндалады.

Бәдел жырлаған жыр мен аталған шығармаларды салыстырып қарағанымызда, ол шығармалардың ертегілік сипаты басым екенін көреміз. Яғни, бұл арада екі батырдың бейбіт елді Қара дәу мен басқа жыртқыш аңдардың зұлымдығынан құтқару жолындағы күрестерін суреттеумен ғана шектеледі. Екі өзеннің аталу тарихы туралы сөз болмайды.

Бәдел Тұрсынбаев жырлаған «Еділ мен Жайық» дастанының нұсқасы – толық, көркем тілмен өрілген, сүбелі туынды. Мәтінде аздаған араб, парсы және жергілікті сөздер кездеседі.





## ДОТАН БАТЫР

Қазақтың көне эпосының келесі бір үлгісі – «Дотан батыр» жыры. Қолжазбалар қорында аталған жырдың төмендегідей: 1940 жылы Мәлім Жүсіпов, 1941 жылы Аманғали Сегізбаев, 1948 жылы Қысыраубек Амантаев, 1960 жылы Батыр Қозыбақовтар тапсырған, 2003 жылы Институт ұйымдастырған «Қазан экспедициясының» мүшелері, филология ғылымдарының кандидаттары: С.Қорабай мен Т.Қыдыр алып келген «Дотан батыр» жырының 1903 жылы Қазанда шыққан кітаптың көшірмесі, 2013 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Шетелдегі қазақтар фольклоры» ғылыми-зерттеу жобасы аясында ұйымдастырған «Қытай қазақтары экспедициясы» барысында институттың ғылыми қызметкерлері: А.Тойшан және Н.Нәбиолла тапсырған, белгілі жыршы, жырау орындаған т.б. нұсқалары сақтаулы.

Жыр ел аузында да, қолжазба күйінде де сақталып келген. «Дотан Құбақанбайұғлы» туралы ертегіні алғаш рет жырға айналдырған – қазақтың белгілі ақыны және халық әдебиеті үлгілерін жинаушы Шайхисламұлы Жүсіпбек. Жүсіпбек (1857-1937) – ақын, халық әдебиетін жинаушы, баспагер. Қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында (Арыс ауданы, Қожатоғай ауылы), қожа әулетінде дүниеге келген. Жасында мұсылманша білім алған. Жүсіпбек Жетісуда тұрып, ел арасынан жыр-дастандар, айтыс үлгілерін т.б. жинап, редакциялап, Қазан қаласындағы Хұсайыновтар баспасынан бастырып отырған.

«Дотан батыр» жыры туралы ғылыми еңбектерде де айтылып жүр. Жырдың Жүсіпбек нұсқасы алғаш рет 1903 жылы Қазан қаласында жарық көрген. Сол мәтін 1915 жылы Қазанда қайта басылған. Одан кейін 1961 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындаған «Батырлар жырының» екінші томында және 2008 жылы Астана қаласы, «Фолиант» баспасынан шыққан «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 52-томында жарияланды.

Жырдың қысқаша мазмұны мынандай:

«Құбақанбайдың қырық ұлы, қырық қызы ел іздеп шығады. Жолда бір тоғайға келгенде, жалмауызға кездеседі. Ол Дотанды Шынтемірдің қызы Күнікейді алып келуге жұмсап, былай дейді:

«Менен сен соны әкелсең құтыласың,  
Болмаса, тағы қайта жұтыласың.  
Күнікейдің сұлулығы артық дейді,  
Соны әкелсең, түседі ықыласым...»

Жалмауыздың бұйрығымен кенже бала Дотан Күнікей қызды іздеп, жеті жылдық жолға шығады. Жолда өзіне бірнеше серік табады. Қыз ауылына барғанда, Дотан Күнікейді қалмақ ханының алғалы жатқанын естиді. Мұны естіген Дотан қалмақ ханына ойран салады. Дотан серіктерінің көмегімен қызды алып қашады. Жолда жалмауызды өлтіріп, еліне оралып, ағаларын үйлендіру үшін тағы да ел-жұрт іздеп шығады. Оқшау өмір сүріп жатқан бір елге келгенде, тұтқиылдан қалмақтар шабуыл жасап, Дотан жауды жеңіп, сол елге хан блады. Қарамағындағы халықты өз еліне көшіріп әкеледі.

Жырдың оқиғалары көне дәуір санасын елестетені әр тұстан көрініп тұрады. Соның бірі – қалыңдық іздеу, белгісіз қауіп-қатері мол қиын сапарға аттануы, жалмауыз кемпірмен айкасы, сапар үстінде Дотанға көмекші, тілектес дос күштер кедесуі (саққұлақ, мерген, желаяқ, көзбайлаушы) т.б. ертегілік сарындар. Бұлардың әрқайсысының күштері батырдың мақсатына жетуіне себеп болады. Халық қиялы өзінің сүйікті қаһарманын ешбір жаудан жеңілмейтінін көрсету үшін, кейіпкерге осындай ғажайып көмекшілерді кездестіреді.

Зерттеушілердің айтуы бойынша, қаһарманның қандай да болмасын мақсат көздеп жолға шығуын көрсету аңыздаулардағы ең ескі сарын болып табылады [16,73].

Қазан нұсқасын А.Сегізбаев нұсқасымен салыстырғанда, кейбір айырмашылықтар бар екені байқалды. А.Сегізбаев нұсқасы аяқталмаған. Дотан батырдың жалмауыз кемпірді өлтіріп, еліне аман-есен жетуімен аяқталады. Қырық ағасын үйлендіретін көрінісі суреттелмеген. Н.Нысанбайұлы жырлаған нұсқа Қазан басылымымен ұқсас болғанымен, жырды әсірелеп көркем тілмен жырлағаны, жадынан кейбір шумақтарды қосқаны көрініп тұр.

«Дотан батыр» жыры «Ер Дотан» деген атаумен Қытай қазақтарының арасына да кеңінен тараған. Жыр мәтіні алғаш рет 1981жылы шыққан «Алтай аясында» журналының 2-ші санында, одан кейін 2011 жылы Шыңжаң Халық баспасынан жарыққа шыққан «Қазақ ауыз әдебиетінің қазынасы» сериясының 2-томында басылым көрді. Серияға «Мөрі ауданының қисса дастандары» атты кітаптан алып жарияланған. Аталған кітаптағы берілген түсініктемеге қарағанда,

жырды жинап, баспаға ұсынған Шоқпартас ауылының тұрғыны – Саматыйұлы Бишарап.

Қолжазбаларды салыстыру барысында барлық нұсқалардың 1903 жылғы кітаптан таралғаны анықталды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Гацак В.М. Предисловие к книге: Типология народного эпоса. – Москва, 1975.

2. Путилов Б.Н. Русский и южнославянский героический эпос. – Москва, 1971.

3. Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. – Алматы, 2007.

4. Марғұлан Ә. Шығармалары. 3-том. О характере и исторической обусловленности казахского эпоса. – Алматы, 2007.

5. Ғабдуллин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. – Алматы, 1972.

6. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – Алматы, 1982.

7. Қисса – Құламерген. – Қазан, 1909.

8. 7-8 сыныптарға арналған хрестоматия. – Алматы, 1939.

9. Батырлар жыры. 3-том. – Алматы, 1964;

10. Бабалар сөзі. 52-том. – Астана: Фолиант, 2009.

11. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991; Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы, 1985; Ғабдуллин М, Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. – Алматы, 1972; Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. – Алматы, 1975; Қасқабасов С. Казахская волшебная сказка. – Алматы, 1972; Әзібаева Б. Бабалар сөзі. – Астана, 2008; Алпысбаева Қ. Кейбір эпостық жыр басылымдарының текстологиялық негіздері. – Алматы, 2011.

12. Қолжазба. ОҒК. III: 849.

13. Қарақалпақ фольклоры. – Нүкіс, 1977.

14. Бердібаев Р. Эпос ел қазынасы. – Алматы, 1995.

15. Қасқабасов. С.А. Қазақтың халық прозасы. – Алматы, 1984.

16. Қолжазба. ӘӨИ. III.105. 2-дәптер.

# БАТЫРЛЫҚ ЖЫРЛАР

---



## АЛПАМЫС БАТЫР

«Алпамыс батыр» – қазақ халқының ерте замандардан жеткен аса көркем батырлық жырларының бірі.

Жырдың негізгі идеясы – ру бірлігін сақтаудан туған. Сондықтан да жырда ру бірлігін көздеген, әр рудың арасында татулық болуын мақсат еткен адамдар іс-әрекеттері ардакталады.

Жырдағы бас кейіпкер – Алпамыс. Жыршылар оны ру бірлігін сақтауда, руға қамқор болуда жасаған ерлігін мадақтап, ел-жұртын сүйген шын батыр ретінде суреттейді. Жыр «ру арасында бірлік болса, елдік бар» екенін аңғартады.

«Алпамыс» жыры жөнінде алғаш пікір айтып, оған көңіл аударған адам – Ә.Диваев [1]. Ол қазақ халқының арасында «Алпамыс» жырының кең тарағандығы жөнінде Қазан басылымынан (1899) көп ілгеріде хабардар болған. Ә.Диваев алғаш рет Алпамыстың атын 1896 жылы баспа бетінде айтады [2, 292].

«Алпамыс» жайында Кеңестік дәуірде көптеген ғылыми мақалалар мен зерттеу еңбектері жазылды. Бұл орайда, М.Әуезов, С.Сейфуллин, А.К.Боровков, А.С.Орлов, И.А.Чеканинский, В.М.Жирмунский, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Х.Зарифов, Ә.Марғұлан, Н.Смирнова, М.Ғабдуллин, Т.Сыдықов, Ә.Қоңыратбаев, И.Сағитов, Р.Бердібаев, С.Садырбаев, Ш.Ыбыраев, Т.Қоңыратбаев т.б. ғалымдар «Алпамыс» жыры жөнінде ғылыми пікірлер айтқаны мәлім. Олар әр елдің «Алпамыс батыр» жырын арнайы талдап, шығарманың басты идеялық сарыны, халықтық сипаты, жырдың шығу мерзімі, ұқсастығы, көркемдік ерекшеліктері қандай екендігін ашуға ұмтылды [3].

«Алпамыс батыр» көп заман бойынша ауызша айтылу арқылы тараған көне жыр болғанымен, тек ХІХ ғасырдың аяқ кезінде ғана хатқа түсіп, баспа жүзіне шықты. Жырдың бір вариантын Жүсіпбек Шайхысламұлы 1899 жылы Қазан қаласында бастырып шығарды [4,25]. Содан кейін

жырдың осы нұсқасы өзгеріссіз 1901, 1905, 1907, 1910, 1912, 1914, 1916, жылдары қайта басылды.

1931, 1939 жылдары Ж.Шайхысламұлының Қазанда (1889) жарияланған «Алпамыс батыр» нұсқасының мәтіні қарақалпақ версиясымен толықтырылып жарияланды [5, 40-82; 249].

Одан кейін «Алпамыс батыр» жыры өзге де қазақ эпостарымен қатар сан рет қайта басылды.

«Алпамыс батыр» жырының 1953 жылы үш нұсқасы ғана белгілі болса, қазір оның саны оннан астам. Жыр нұсқалары әлі де жинақталып, қолжазбалар қорына түсуде. Қазір Орталық ғылыми кітапхана мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында «Алпамыс батыр» жырының Ә.Диваев, Нұрпейіс жырау, Айнабек Нысанов, Рахат жырау, Сүйіншәлі Жаңбыршин, Нұрпейіс Байғанин, Әли Оспанов, Еркінбек Ақынбеков, Сұлтанқұл Аққожаев, Әбдірайым Байтұрсынұлы, Келімбет Серғазыұлы нұсқалары сақтаулы.

Осы айтылған нұсқалардың ішіндегі ең көлемдісі және баспа арқылы ел арасына кең тарағаны Майкөт – Сұлтанқұл нұсқасы болып саналады.

Жырдың сюжеттік нұсқалары өзбек, қарақалпақ, татар, башқұрт сынды түркі халықтары мен алтайлықтардың ауыз әдебиетінде сақталуы аталған эпостың тамыры тереңде жатқандығын байқатса керек. «Алпамыс батыр» жыры қызылордалық белгілі жыршы Рахмет Мәзқожаевтың орындауында күйтабаққа жазылған. Аталған жырдың желісі бойынша Өзбекстан мен Қарақалпақстан қаламгерлері пьеса жазса, ал қазақ композиторы Е.Рахмадиев «Алпамыс» операсын сахнаға шығарды.

Қазақтың батырлық жырларының үлгілерінің мол түрін жинап әрі оны өзге халықтарға таныстырушылардың бірі Әбубәкір Диваев (1856-1931) болды. Башқұрт халқының өкілі Әбубәкір Орынбор қаласында дүниеге келіп, сондағы Неплюев кадет корпусының Азия бөлімін бітірген. 1876 жылдан бастап Түркістан өлкесінде әскери қызмет атқарып, кейін Ташент қаласында Әскери-халықтық басқармада қызмет еткен жылдары қазақтың ауыз әдебиетін, ежелгі күнтізбе, астрономия туралы халық ұғымдарын жинап, зерттеп баспа бетінде жариялап отырды. Ол өзі жинап алған эпостық жырларды, ертегілерді, балалар фольклорын, шешендік сөздерді т.б. орыс тіліне аударып, бұл жәдігерлердің мазмұнымен отаршыл ел оқырмандарының да танысуына мүмкіндік туғызды. 1896 жылы Ә.Диваев Сыр бойын, Әмудария мен Хиуа өлкесін, Оңтүстік Қазақстанды аралап, қазақ халқының ауыз әдебиетін жинайды. Осы сапарында Шымкент облысының қарақалпақ бахшысы Жиёмұрат

Бекмұхамедовтен «Алпамыс батыр жырының қолжазбасын алады. Диваев бұл қолжазбаны 1897 жылы баспаға дайындап болады. Бұл мәтін «Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области» деген жинақта (1901, Т.10) басылып шығады.

Ә.Диваев бұл қолжазбаны қолына алғанға дейін де «Алпамыс» жырымен кең таныс болғандығы аңғарылады. Зерттеуші 1922 жылы Ташкентте жариялаған «Батырлар жырының» алғы сөзінде былай деп жазады: «Алдарыңызға ұсынылып отырған «Алпамыс батыр» хикаясы Сырдария облысының қазақтары арасында зор орын тұтады. Қолдан жазылған «Алпамыс батырдың» әңгімесін Сырдария облысының Амудария бөлімінің бұрынғы бастығы М.Д.Разгонов біздің қарауымызға жіберген еді, оған рахмет болсын. Оның бер жағында «Алпамыс батыр» хикаясы Сырдария облысы, Төрткөл болыстық қарақалпақ ақыны (жыршысы) Жиёмұрат Бекмұхамед баласы тарапынан жазылған. Бірақ, «Алпамыс батыр» шын қазақ халқының өлең-жыры болса да, Бұхараға қонсы отырған қарақалпақ ақыны тарапынан жазылғандықтан, ішінде араб, парсы сөздері көп ұшырар еді. Мұны аударған уақытта қолымыздан келгенше сөздің негізгі мәнісіне жақын келуіне тырыстық» [6]. Ә.Диваевтың мәтінге жазған түсініктемелерінде «Алпамыс» жыры қазақ халқының төл эпикалық шығармасы екенін баса айтады. Оқырман қауымға мәтін түсінікті болу үшін редакция жасайды. Араб, парсы сөздеріне қазақша баламамен ауыстырып отырған. 1909 жылы Ә.Диваев «Алпамыстың» тағы бір нұсқасын қазақшадан орыс тіліне аударады. Ол нұсқа – Шымкент облысының тұрғыны Еркінбек Ақынбековтің қолжазбасынан «Алты жасар Алпамыс» пен «Аламыс батыр» (351-бума, ОҒК) деп аталатын қолжазбасы. Ақынбеков Еркінбек (1863-1918) қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданы, Күшата ауылында туып-өскен. Түркістан қаласында төрт кластық орыс мектебін бітіреді. Әулиеата, Шымкент уездік басқармаларында тілмаштық қызмет атқарады. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап Кеңес өкіметін нығайтуға атсалысты. Қазақ халқының батырлық, ғашықтық, тұрмыс-салт жырларын жинаумен шұғылданып, Ә.Диваевпен тығыз шығармашылық байланыс жасап тұрды. Жыр мәтіні бір жолды қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған. Шығарма бастан-аяқ әңгіме түрінде баяндалған. Бұл тұста жинаушының, орындаушының стилін, материалдың дәйектілігін өте қажет деп білгені аңғарылады. Сондықтан Ә.Диваев жинаған материалдардың біразында «қолжазбадан көшірілген» деген анықтамалар ұшырап отырады.

Бұл басылымға берген түсініктерінде Ә.Диваев: «Существует целая киргизская (казахская) былина, которая напечатана мною под заглавием «Алпамыс батыр» в «Сборнике материалов Сыр-Дарьинской» области (1901. Т.10.) дей келіп, «Алпамыстың» қазақтың халық творчествосының төл шығармасы екеніне ерекше көңіл бөледі.

Осы ертегілік нұсқаның орысша мәтінін 1916 жылы «Туркестанские ведомости» газетінде (№217-218) «Великан Алпамыс» деген атпен жариялайды [6, 42]. Кейін аталған мәтін 1961 жылы «Великан Алпамыс» из публикации А. Диваева, «Алпамыс батыр» кітабында, «Қазақ ертегілерінің» 3-томында (1964) және «Бабалар сөзі» жұзтомдығының 33-томында қазақ және орыс тілінде (Астана: Фолиант, 2006) жарық көрді.

«Алты жасар Алпамыс» жырының көне нұсқа екендігі жөнінде ғылыми еңбектерде аталып жүр [7].

Мәтінге берген түсініктерінде жырдағы этнографиялық жайларға, «Алтын қабақ» тәрізді ойындарға, ыдыс-аяқ атауларына да мән берілген. Сол сияқты жырдың орысша аудармасы қалың көпшілікке арналғандықтан, оқырманға түсінікті болу үшін жырда кездесіп қалатын «календарь», «хизр», «әзірет-әлі» деген аттарға да түсінік беріп отырған. Зерттеуші аударма жасаған кезде мәтін аударармасының дәлме-дәл келуіне және түсінікті болуына үлкен мән берген.

Қазақ фольклортанушыларының кейінгі буыны осы эпостың көпшілікке арналған және де оның орысша, қазақша ғылыми басылымдарын дайындауда Ә.Диваевтың тәжірибесіне сүйенді [9].

Жалғыз «Алпамыс» жыры ғана емес, халық поэзиясының барлық туындыларына ғалым осындай мұқияттылық көрсетіп отырған.

Ә.Диваев ауыз әдебиеті үлгілерінің үлкенді-кішілі қай жанырын жинаса да, оларды ретке келтіріп, орысшаға аударып, түсініктеме жазып, жариялауға асығып отырған. Қай жанрды жинаса да қазақтың тұрмыс-халінен, әдет-ғұрпынан, тарихынан мағұлмат беретін үлгілерін жинаған.

Халық әдебиеті үлгілерін жинаушы Ә.Диваевтың тағы бір ерекшелігін белгілі фольклортанушы, профессор Н.С.Смирнова былай дейді: «Диваевтың фольклорлық жинаушылық қызметіндегі өте маңызды ерекшелігін, қазақ поэзиясының өзіне дейінгі жинаушылардың ХІХ ғ. мен ХХ ғ. басындағыларынан оқшаулай түсетін қасиетін атамауға болмайды. Ол – фольклорды жинаудың стационарлық түрі» [10, 18].

Бұдан біз Ә.Диваевтың халық әдебиеті үлгілерін жинауда сан қырлы тәсіл ұстанғандығын көреміз.

Ә.Диваев жинаған «Алпамыс батыр» шығармасында Жүзбай

деген байдың алты жасар Алпамыс деген баласы болады. Жүзбайдың жылқыларына жау шауып, алты жасар Алпамыстың Байшұбарына мініп жауға аттануы, жолда мыстан кемпірдің алдауына түсіп, зынданға тасталуы, хан қызының көмегімен зынданнан шығуы, екі жастың бір-біріне ғашық болуы, ханнан кегін алып, жастардың армандарына жетуі сияқты оқиғалар баяндалады.

«Алпамыс батыр» жырын орындағандардың бірі – Нүрпейіс Байғанин (1860-1945). Ол – Жамбыл Жабаевпен замандас ақын, халық жырауы. Өзінің 85 жыл жасаған өмірінің 70-ке жақын уақытын халыққа қызмет етумен өткізеді. Ол халықтың мұң-мұқтажын, арманын жырлады. Оның үлгі, өнеге алған ақын-жыраулары: Абыл, Шернияз, Махамбет, Нұрым, Қашаған, Ығылман, Ақтан, Қазақбай, Сабыр т.б. болды. Нүрпейіс Байғанин – әрі жырау-орындаушы да әрі талантты суырыпсалма, эпик ақын. Оның Қазан төңкерісіне дейінгі репертуары – негізінен халықтың эпостық жырлары: «Құбығұл», «Қобыланды», «Төрехан», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан» т.б. [11, 24]. Нүрпейіс жырау орындаған «Алпамыс батыр» жырын 1964 жылы Ақтөбе облысында жазып алған – Айнаш Шамшатова. Айнаш Қызылорда педагогикалық институтында аға оқытушы қызметін атқарған. 1964 жылы Сыр өңіріне жүргізілген фольклорлық-этнографиялық экспедицияға белсене қатысып, көптеген жыр, дастан, айтыс үлгілерін жазып алып, институт қорына өткізген. «Алпамыс батыр» жырының қолжазбасы ОҒК-ның (705-бума.) қолжазба қорында сақтаулы. Мәтін бір жолды дәптерге екі түсті сиямен кирилл әрпінде жазылған. Нүрпейіс нұсқасы алғаш рет «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясына жарияланған «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 33-томында (Астана, 2006) басылым көрді.

Жырдың сюжет желісі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырына ұқсас болып келеді. Шығармада фольклорлық дәстүрге сай перзентсіздік мотиві, жат жерге көшу, кейіпкердің алып тұлғасы т.б. мотивтер үйлесімді пайдаланылған.

Мысалы:

Жауырыны екі кез,  
Алақандай екі көз.  
Мақтасақ сияр соған сөз,  
Толғап қойса мойны кез,  
Сауыры жалпақ, жуан сан,  
Адамда мықты туған паң,

– деп Алпамыстың алып тұлғасын шебер суреттейді. Нүрпейіс жырлаған бұл нұсқа толық емес, 7-8 буынды жыр үлгісіне құрылған.



«Алпамыс батыр» жырының бір қолжазбасын 1946 жылы Шымкент облысы, Қарыншы деген жерде қолжазбадан көшіріп алған белгілі ғалым, фольклортанушы Әуелбек Қоңыратбаев. Қоңыратбаев Әуелбек (1905-1986) фольклор, әдебиеттану, тіл, тарих, этнография т.б. салаларда қалам тартып, қазақ руханиятына елеулі еңбек сіңірген. Қазақ фольклоры, көне түркі поэзиясы туралы зерттеу еңбектері, қазақ әдебиетін оқыту проблемаларына арналған бірқатар әдістемелік кітаптары жарық көрді.

Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде түсірілген. Жыршысы белгісіз. Әуелбек Қоңыратбаев көшіріп алған «Алпамыс батыр» жырының осы нұсқасын қарақалпақ бахшысы Жиёмұрат Бекмұхамедов те айтқан. Оның айтуындағы жырды Ә.Диваев жазып алып, Қазан төңкерісіне дейін де, Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында да бастырған.

«Ә.Қоңыратбаев қолжазбасы – Жиёмұрат версиясының халық арасында жырланғанын және эпостың даму жолдарын көрсететін нұсқа. Ғалымдардың пікірінше екі жыр да Жиёмұрат версиясының нұсқалары болып табылады [12]. Бұл – «Алпамыс батыр» жырының толық нұсқасы. Өлең құрылысы 11 буынды қара өлең және 7-8 буынды жыр үлгісі болып келді. Шығарманың мазмұны Алпамыс батырдың Гүлбаршынға үйленуіне құрылған. Қолжазба ОҒК-нің қолжазбалар қорында (351-бума) сақтаулы. Мәтін «Бабалар сөзі» көптомдығының 33-томында жарық көрді.

«Алпамыс батыр» туралы эпостың Майкөт Сандыбаев нұсқасын Сыр бойының белгілі ақыны Желеу Жақыпұлы (1909-1970) 1948 жылы осы облыста тұратын 80 жастағы Сұлтанбек Аққожаевтың айтуынан жазып алып, 1953 жылы Тіл және әдебиет институтына тапсырған.

Сұлтанбек бұл жырды ХІХ ғасырдың аяқ кезінде Майкөт ақыннан естіп, жаттап алған. Майкөт – Қазақстанның Оңтүстік шығыс бөлігінде аты әйгілі, эпикалық жырлардың шебері болған ірі ақын. Аққожаев Сұлтанбек (1872-1963) – ақын, жыршы. Ақмола губерниясындағы Құланөтпес өзені бойында туып, жас кезінде әкесімен бірге Түркістан маңайы Қаратау өңіріне көшкен. Сол жерде өсіп, өнген. Жас кезінен-ақ өлеңге, жалпы өнерге үйір болған Аққожаев Сұлтанбек Құлыншақ, Молда Мұса, Майлықожа, Майкөт сияқты атақты ақын, жыршылардан көптеген жыр-дастандарды үйреніп, өз репертуарына енгізген.

Аққожаев Сұлтанбек – қазақтың әйгілі жырларын шебер орындаушы, насихаттаушы. Ақын «Алпамыс», «Қобыланды», «Қыз Жібек», «Шора батыр», «Болат, Жанат» т.б. жырларды нәшіне келтіріп жырлаған.

Желеу Созақ ауданында туып-өскен. Жас кезінен-ақ айтыстарға

катысып, ел көзіне түсе бастаған. 1943 жылы «Халық ақыны» деген атаққа ие болады. Ол Оңтүстік Қазақстан облысынан халық әдебиеті үлгілерін көп жинаған. Жақып қолжазбаларының арасынан «Удостоверение дано акыну Южно Казахстанской области Жакипову Желеу в том, что ему поручается собирание образцов устного народного творчества среди населения Южно-Казахстанской области» деп жазылып сол кездегі Тіл және әдебиет институтының (1960) орынбасары М.Базарбаев қол қойған құжат кездеседі. Бұдан біз Желеудің ауыз әдебиеті үлгілерін тұрақты түрде жинап, қорға тапсырып отырғанын көреміз. Жақыпов Желеу жинаған материалдар Қазан төңкерісіне дейінгі ауыз әдебиеті үлгілері мен Кеңес дәуіріндегі халық шығармаларынан құралған. «Алпамыс батыр» жырының бұл варианты тор көзді дәптерге көк сиямен араб әрпінде жазылған. Машинкаға басылған көшірмесі де бірге тіркелген.

Ақын Желеу жазып алған Майкөт, Сұлтанқұл нұсқасы бірде өлеңмен төгіліп, бірде қарасөзбен баяндалады. Бұл «Алпамыс батыр» жырының ішіндегі ең толығы. Жыр негізінен 7-8 буынды өлшеуге құрылған.

Осы нұсқа ең алғаш рет 1957 жылы жеке кітапша болып шықты. 1958 жылы Қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өтетін онкүндігіне орай қазақ және орыс тілінде қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан шыққан «Қазақ эпосы» деп аталатын кітапта және 1959 жылы «Батырлар жыры» атты жинақта басылым көрді.

Аталған жыр мәтіні одан кейін 1961 жылы шыққан «Алпамыс батыр» жырының ғылыми басылымында жарияланды. Осы мәтін 1963, 1968, 1977, 1986 жылдары ешбір өзгеріссіз тағы да басылып шықты [13].

Бұдан кейін аталған жыр мәтіні түпнұсқа негізінде 2006 жылы «Бабалар сөзі» ғылыми сериясының 34-томында жарияланды. Түпнұсқа ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (50-бума.) сақтаулы.

Келімбет Серғазыұлы жырлаған «Алпамыс батыр» жырын Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институты 1953 жылы ұйымдастырған «Оңтүстік Қазақстан экспедициясы» кезінде институттың Халық творчествосы бөлімінің ғылыми қызметкері Сейтғаппарова Зүбайра Оңтүстік Қазақстанның Түлкібас ауданында тұратын ақын Келімбет Серғазиевтің (1883-ө.ж.б.) айтуынан тор көзді үш дәптерге кирилл әрпінде жазып алған. Жыршы қолжазбаның оң жақ шетіне «Көкбұлақ деп жазып, қолын қойған. Серғазыұлы Келімбет – ақын, жыршы. Ол жас кезінен жазушылардың слеттеріне, сол сияқты ақындар айтыстарына қатынасып, өлең-жыр арқылы үгіт бұқаралық жұмыстар жүргізгені үшін 1943 жылы «Халық ақыны» атағы берілген.

Келімбет Серғазыұлы жырлаған «Алпамыс батыр» нұсқасы туралы Н.С.Смирнова, Т.Сыдықов, М.Ғабдуллин, Б.Г.Ерзакович сынды зерттеушілер барлы пікірлер айтқан [14].

Аталған нұсқа мәтіні алғаш рет «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 34-томында жарық көрді.

«Алпамыс батыр» (50-бума, ӘӨИ) деп аталатын Рахат нұсқасын Қазақтың Абай атындағы педагогтік институтының үшінші курс студенті Нұрғалиев Қаһарман 1954 жылы Целиноград облысы, Макинка станциясының тұрғыны Ысқақ Жүсіповтің қолжазбасынан жазып алып, сол жылы институт қорына тапсырған. Ы.Жүсіпов бұл жырды 1934 жылы Солтүстік Қазақстан облысының тұрғыны Рахат деген ақынның өз аузынан жазып алған екен. 372-буманың 20-шы дәптерінде Ысқақ Жүсіповтың Тіл және әдебиет институтының директоры атына 1954 жылы 19 қарашада жазған хаты сақтаулы. Бұл хатта: «Биылғы жылы август айында Сіздің институттан келіп, Нұрғалиев Қаһарман менен Алпамыстың жырын жазып алған еді. Сол жігіттен хабар болмай кетті...» деп қолжазбаның тағдырын білгісі келгендігін айтқан. Бұдан біз Ысқақ Жүсіповтың рухани мұрамыздың нағыз жанашыры екенін көреміз.

Халық арасына көп тараған «Алпамыс батыр» жырының бұл нұсқасы Қазан төңкерісінен бұрын жарияланған Жүсіпбек қожа нұсқасына ұқсас және қысқарған түрі іспеттес. Жырдың өлеңнен гөрі қара сөзі басым және өзіне тән өзгешелігі де жоқ емес. «Алпамыс батыр» жырының басқа нұсқаларында Тайшық ханның қызы Күлбаршын деп аталса, мұнда Қаракөзайым делінген.

Аталған жыр нұсқасы алғаш рет 2006 жылы «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 33-томында жарияланды.

Эпикалық мұраны жинап, баспа бетінде жариялау, зерттеу мәселелерімен айналысқан ғалымдардың бірі – Тұрлыбек Сыдықов (1925-2010). Алматы облысы Ақсу ауданының тумасы. Ұзақ жылдар бойы еселі еңбегінің және «Қазақ халқының батырлық жырлары» атты ғылыми-зерттеуі үшін Ш.Уәлиханов атындағы сыйлыққа ие болды.

Т.Сыдықов фольклортанушы ретінде 1954 жылғы «Батыс Қазақстан», «Қызылорда – Оңтүстік Қазақстан», 1957 жылғы «Омбы», 1961 жылғы «Павлодар» экспедиция құрамында болып, қазақ халқының көптеген рухани мұраларын жазып алумен қатар, 1954 жылы Айнабек Нысановтан «Алпамыс батыр» жырының бір нұсқасын жазып алады. Айнабек Нысанов (1909-ө.ж.б.) Шымкент облысы, Алғабас ауданы, Көктерек ауылында туып-өскен. Белгілі ақын Нұралы Нысанбаевтың шәкірті. Ол

ұстазынан «Мұңлық – Зарлық», «Әмір – Әмзе», «Жетім Құбыл», «Сауда Ишан», «Құлқаныс – Зеберше» т.б. көптеген қисса-дастандарды үйренген. Жылқыбай, Зұлпықар, Италмас, тәрізді ақындарға еріп, өнерін ұштайды. Бала кезінен екі көзі көрмей қалған жыршы өлең-жырды домбыраға, сырнайға қосып арнайы әуенмен айтқан. Құлжабай Төлеуов, Мыңбай Сұлтанбеков, Көпбай Әлімбетов сияқты ақындармен айтысқа түскен. Өлеңдері мен айтыстары жинақтарда, аудандық, облыстық газеттерде жарияланған [15, 328].

Жыршы «Алпамыс батырдың» өзі жырлаған нұсқасы туралы былай дейді: «1930 жылы Көктерек ауылы, Шаян ауданында жаттадым. Кітаптан оқып берумен. Негізі Жүсіпбектікі болса керек. Сұлтанбек деген қиссаға құмар кісі болған еді, сол оқып берді. Ол қисса жинағыш еді, 1940 жылы 46 жасында қайтыс болды. Онан бірнешеуін жаттадым: «Әмір – Әмзе», «Ораз молда», «Қамбар», «Алпамыс», «Орақ – Таған», «Шаһмұрат – Зияда» т.б. Осындай қисса, әңгімеден баспа түрінде жиырма бірін жаттадым» [15].

Айнабек нұсқасының көп жері Жүсіпбек қожа нұсқасына ұқсас болып келгенімен, кейбір айырмашылықтары да бар. Мысалы, Байбөрінің әкесі Құлтайды ер еді деп суреттейді. Ұлтанқұлды Байбөрінің көршісі Сартай дегеннен туады, Ұлтанды Аналық асырады, жастайынан бауырына салды деп баяндайды т.б.

«Алпамыс батыр» жырының Нысанов Айнабек нұсқасы алғаш рет 2006 жылы «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 33-томында басылым көрді. Түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (50-бума) сақтаулы.

Т.Сыдықов 1957 жылы сәуір айында Шымкент облысы, Түркістан ауданының тұрғыны Османов Әлидің айтуынан «Алпамыс батыр» жырының тағы бір нұсқасын жазып алған. Жинаушының берген мәліметіне қарағанда, Османов Әлидің ұлты – өзбек. Қазақ жерінде туып-өскендіктен, қазақша жақсы сөйлейді. Әли «Алпамыс» жырын Рысбике Құрманбай қызынан жаттап алғанын айтады.

«Алпамыстың» бұл нұсқасы – қара сөз түрінде баяндалған шағын әңгіме. Мәтін алғаш рет «Бабалар сөзі» ғылыми басылымының 33-томында жарық көрді.

Батыс Қазақстан аумағынан халық мұраларын ұзақ жылдар бойы жинап, институт қорына тапсырып тұрған жинаушының бірі – профессор Мәтжан Тілеужанов (1927-1995). Ол республикада тұңғыш рет «Этнопедагогика және фольклор» кабинетін ұйымдастырып, ел ішіндегі колөнер туындыларын жинады.

Қазір институт қорында Мәтжан Тілеужанов 1954-1984 жылдары ел арасынан жинаған фольклорлық үлгілердің сан алуан түрлері сақтаулы. Солардың арасында барлығы – 1600 жолдан құралған «Алпамыс батыр» (77-бума, 1-дәп. ӘӨИ) атты батырлық жырдың мәтіні бар. Мәтжан бұл жыр туралы: «1958 жылы Орынбор облысы, Ақ-Бұлақ ауданы «Интернационал» колхозының №2 фермасында тұратын Сүйінішәлі Жаңбыршин ақынның өз аузынан жазып алдым» – дейді.

Жаңбыршин Сүйінішәлі (1888-ө.ж.б.) – халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаушы. Руы – кете. Орынбор облысы, Ақбұлақ ауданының Сазды ауылында туған. Жасынан серілікке бой ұрып, Бітеген, Қазмамбет жыраулармен бірге ел аралап, жыр айтқан, ән салған, күй тартқан. Оның репертуарында «Алпамыс», «Қобыланды», «Қарасай-Қази» т.б. батырлар жыры көп болған. «Жетімтай мен Жетімек» дастаны және «Беташар», «Тойбастар» өлеңдері ауыл арасына кең таралған. Айтысқа да қатысқан.

«Қисса-и Алпамыш» (50-бума, ӘӨИ) деп аталатын қолжазба күйіндегі нұсқаны 1957 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданы, Горький атындағы колхоздың тұрғыны Әбдірайым Байтұрсынұлы тапсырған.

Байтұрсынұлы Әбдірайым (1987-ө.ж.б.) – ақын, қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданына қарасты «Аша» деген жерде өскен. Руы – тобықты.

Ә.Байтұрсынұлы бұл жырды 12 жасында Көшер деген ағасынан үйренген. Көшер аталған жырды көнелеу бір қолжазбадан оқып үйреніпті. Әбдірайым осы жырды Қазақстанның 40 жылдық мерейіне тарту етіп, өз қолымен жазып жіберген. Қолжазба бір жолды оқушы дәптеріне қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Басқа жырлар секілді «Алпамыс батыр» да бір ғасырдың жемісі емес. Ол – өзінің қалыптасу, даму барысында халықтың тұрмыс-тіршілігіне, қоғамдық өміріне және таптық тілектерге сәйкес көптеген өзгерістерге ұшырап, түрлі көзқарастардың көптеген әсерін бойына жинай отырып, біздің заманымызға жеткен жыр.

Жоғарыда аталған жыр нұсқаларын өзара салыстыра талдау үшін, негізгі мәтін ретінде алғаш басылым көрген, әрі сюжеті толық Жүсіпбек Шайхысламұлының (Қазан, 1899) нұсқасын аламыз.

Жүсіпбек нұсқасында өлең мен қара сөз аралас келіп отырады. «Қисса-и Алпамыш батыр бұ тұрғы» жырының сюжеті едәуір күрделі. Жырда батырлық ертегінің белгілері айқын байқалады. Ол белгілер төмендегідей:

Жырда қарт ата-аналар Жаратқаннан бала тілеп, әулиелерге түнеп, жалбарынады, Шашты Әзиз Байбөріге келіп былай деп аян береді:

– Ей, бейшара, көзіңді аш, ұлыңның атын Алпамыс, қызыңның атын Қарлығаш қой, – дейді. Ұғылың он жасында ел ұстайды, атса оқ өтпейді, шапса қылыш кеспейді, отқа салса күймейді, суға салса батпайды, өзің хан боласың, – дейді.

Байбөрінің тілегі қабыл болып, түсінде көрген осы оқиғасы шындыққа айналады. Мұндай құбылыс «Алпамыс» жырының барлық версияларында бар. Болашақ қаһарманның «ғажайып туу» мотиві «Мұңлық-Зарлық», «Шора батыр», «Қобыланды батыр», «Едіге батыр» жырларында, алтайлықтардың «Маадай – Қара» [16, 269], қырғыздың «Манас» [17, 17] жыры, «Монғолдың құпия шежіресі» [18, 25] сияқты эпостық шығармаларда кездеседі.

Ерекше жағдайда туған Алпамыс – жедел есейіп, елді таңыратқан ғажайып күш иесі. Әрине, «ерекше жағдайда» туылған баланың жедел жетілуі – батырлық жырларда заңды құбылыс. Себебі, жыр батырлық пен ерлікті дәріптеп, қандай да жау болмасын, содан елін қорғай алатын ержүрек батырды аңсаған ел арманын көрсетеді. Қаһарманның «жедел есею» мотивін бурят халқының қаһармандық жыры «Гэсэрдін», қырғыздың «Манасының», башқұрттың «Орал батор» эпосының бойынан табамыз [19]. Қаһарманның жүйрік ат таңдап мінуі, қалыңдығын іздеуі, елін жаудан қорғауы т.б. сарындар да көптеген елдердің ауыз әдебиетінде кездеседі.

Алпамыс жау зынданында жатқан кезінде батырдың қалыңдығы Гүлбаршынды Ұлтан құлдың зорлықпен алуға ұмтылуы, батырдың «өз әйелінің тойының» үстінен шығуы бұл эпосты ертедегі гректің «Одиссеясы», сондай-ақ «Таһир – Зуһра», «Фазыл – Мәриям» дастандары мен «Едіге батыр» жырындағы осыған ұқсас мотивтермен үндестіреді. Осы айтылған мотивтердің бәрі «Қорқыт ата кітабының» үшінші әңгімесіндегі сюжет желісімен де өте ұқсас болып келетінін көреміз, яғни ол – «Қам – Бурының баласы Бамси – Бейрек жайындағы әңгіме» [20].

«Қорқыт ата кітабы» мен «Алпамыс батыр» жырының тараулары арасындағы ұқсастық тарихтың тағы бір терең қабаттарына бойлатады. Мұның өзі қыпшақ – оғыз халықтарының бір заманда Сырдария бойларында ұзақ уақыт аралас өмір кешкендігінің де куәлігіндей [21, 279].

Сол сияқты «Алпамыс батыр» жырының сюжеттік құрылымында әлем халықтарының фольклорлық туындыларында жиі ұшырасатын сарындардың бірі – түс көру мотиві де бірнеше жерде көрініс тапқан. Солардың бірін мына бір көріністен көруге болады: Батырдың елде жоқтығын пайдаланып, оның малын қалмақ ханы Тайшық айдап кетеді. Бұған ыза болған Алпамыс зорлықшыл қалмақ ханына қарсы, оның қолына түскен малдарды қайтару үшін жалғыз аттанады. Мұны халық жыры Алпамыстың батырлық сапары, ерлік іске аттануы деп сипаттайды. Қалмақ ханы Тайшық Алпамыстың келе жатқанын түсінде көріп, оның қаһарынан қорқып, шошып оянып:

– Ей, азаматтар, жаранлар,  
Мен бір жауап айтайын,  
Құлақ салып қараңдар.  
Мен бір бүгін түс көрдім,  
Түсімде жаман іс көрдім.  
Заманым менің қағынды,  
Қағынбаса не қылды?  
Құрсаулы кара бура кеп,  
Қарсы қарап шабынды.  
Көзімнің жасы егілді,  
Қабырғам менің сөгілді.  
Басымда тәж, дәулетім  
Жерге менің төгілді.  
Бір арыслан өзіме  
Шабатұғын көрінді, – дейді.

Жырда Тайшық ханның осындай жайсыз түс көруі басына бір қауіп-қатердің түсетінін сездіреді. Тайшық хан сасқанынан мыстан кемпірдің таз баласына Қаракөзайым атты қызын бермек болып, Алпамыстың көзін жоюды өтінеді. Ханның осы бір түсі арқылы жыр Алпамысты халық ұғымындағы күштілік бейнесін елестететін арыстанға теңейді. Батырдың алып тұлғасын, ерлік келбетін сипаттайды.

Сөйтіп, жырда Алпамыстың ғажайып түрде дүниеге келуі, үйленуі, батырдың қолға түсіп, тұтқын болып зынданда отыруы, одан босанып, Тайшық ханнан кек алуы, ақыр соңында Ұлтан құлмен арадағы оқиға әңгіме болады. Осылардың бәрі негізгі кейіпкер Алпамыс есімімен байланысты дамып отырады. Жырда салт-ғұрыптар, наным-сенімдер, елдің шаруашылық кәсібі және де басқа көріністер жарасымды сипатталған. Эпоста бас қаһарманның ерліктері:

Тілек тілеп пірлерден,  
Қалмаққа қарап жүрді енді.  
Бетіне келген кәуірдің  
Бауырларын тілді енді.  
Айқай, сүрен салады,  
Күркіреген дауысы  
Күншілік жерді алады.  
Қаланың аузын қан қылды,  
Қақпаның аузын шаң қылды.  
Айдарлысын құл қылды,  
Тұлымдысын тұл қылды.  
Солқылдаған мырзасын  
Табанға салып жүн қылды.  
Көрген түсін Тайшықтың  
Өтірік емес, шын қылды...

– деп әсіреленіп, кейіпкерлердің ішкі сезімдері монолог, диалог арқылы шебер суреттелген.

«Қисса-и Алпамыш батыр бұ тұрыр» жырының тілі көркем, оқиғасы қызықты. Мәтінде басқа тілдерден енген біраз сөздер кездеседі.

«Алпамыс батыр» жыры нұсқаларының ең көлемдісі және баспа арқылы ел арасына кең таралғаны – «Алпамыс батыр» киссасы деп аталатын Сұлтанқұл Аққожаев нұсқасы. «Алпамыс батыр» жырының Жүсіпбек Шайхысламұлы бастырып шығарған (1899) мәтіні мен Сұлтан Аққожаев нұсқасын салыстырып қарағанымызда, олардың мазмұнының ұқсас екенін көреміз.

Екі нұсқада да Байбөрінің баласы Алпамыс ғажайып жағдайда дүниеге келеді; ол жедел ер жетеді; Қалыңдығы Гүлбаршынды іздеп шығады; еліне келгенде Тайшық ханның жасаған озбырлығын естіп, қалмақ еліне екінші рет аттанады; жауын жеңіп, еліне келіп, Ұлтан құлды жасаған қиянатына орай жазалайды. Елін мұратына жеткізеді.

Аталған нұсқалардың екеуінде де «Алпамыс батыр» жырының негізгі сюжеттік желісі түгел сақталған. Жырдағы жағымды және жағымсыз кейіпкерлерге берілген мінездемелер де бірдей т.б.

Қазан басылымына қарағанда (1889), Сұлтан Аққожаев нұсқасының төмендегідей эпизодтық және стильдік айырмашылықтары бар екенін көреміз:

Жүсіпбек қожа нұсқасындағы қарасөзбен баяндалатын ауызша әңгімеге ұқсайтын жерлері Сұлтан орындаған жырда кеңірек суреттеліп



өлеңмен берілген. Мысалы, Жүсіпбек нұсқасындағы Байбөрі мен Аналықтың Алла Тағаладан бала тілеп, әулиелерге түнеп жалбарынуы, Шашты Әзиздің Байбөріге келіп Алпамыс пен Қарлығаш атты балалары болатынын айтатын тұсы қарасөзбен қысқаша баяндалса, ал Сұлтанқұл нұсқасында бұл эпизод кең таратылып, өлеңмен айтылады:

– Ей, бейшара, көзінді аш,  
Ұлыңның аты – Алпамыс,  
Қызыңның аты – Қарлығаш.  
Атса мылтық өтпейді,  
Шапса қылыш кеспейді.  
Түрегел де қолың жай,  
Болады өзі өмір жас...

Жырда қазақ халқының әдеп-ғұрпы, халық тұрмысы кең суреттелген. Сарыбайдың қалмақ еліне көшіп кету эпизодына едәуір орын беріледі. Батырдың қалыңдығына үйлену жайы кең түрде сипатталады. Гүлбаршынның ішкі жан сыры мен адамгершілік қасиетін көрсетуге көбірек көңіл бөлінген. Аталған нұсқада Ж.Шайхысламұлы версиясына қарағанда әр оқиғаны барынша әсерлі, көркем әрі кеңірек баяндайды. Сұлтанқұл нұсқасының тағы бір ерекшелігі жыр оқиғасын дамытуда, адам образдарын жасауда жыршы әсірелеу, гипербола, теңеу, мақал-мәтелдер, диалог, монологты мол пайдаланған.

Осы екі нұсқаны салыстыра зерттеу нәтижесінде Сұлтанқұл ақын Жүсіпбек бастырған «Алпамыс батыр» жырын жетік білген. Сол нұсқаны негізге ала отырып, жырдың ұтымды жерлерін сақтап, қара сөзді өлеңге айналдыра өз сөзімен құбылта жырлаған деп санаймыз.

С.Аққожаев нұсқасы тіл көркемдігі жағынан да шебер жырланғаны аңғарылады. Мәтінде аздаған араб, парсы, татар т.б. тілдерден енген сөздер кездескенімен тілі таза, ұғымды.

«Алпамыстың» толық версияларының бірі – Әбдірайым Байтұрсынұлы жырлаған нұсқа. Әбдірайым нұсқасы мен Қазан басылымын салыстырғанымызда, екі нұсқада да «Алпамыс батыр» жырының негізгі сюжеттік желісі түгел сақталған. Жырдағы кейіпкерлердің мінездемелері мен көптеген өлең шумақтары да ұқсас болып келеді. Әйтсе де Әбдірайым нұсқасының мазмұнында төмендегідей ерекшеліктері бар:

1. Ә.Байтұрсынов әр сюжетті кеңейтіп жырлаған. Бұған мысал ретінде Байбөрінің әулиелерді зиарат ететін эпизодын алсақ та болады.

Байбөрі бұл нұсқада Мекке мен Мединеге сапар шегеді. Жол-жөнекей Арыстан бап, Сансыз бап, Әзіреті Сұлтан мазарларына түнеп шығады. Ең соңында Бабай түкті Шашты Әзіздің басына қонып, түсінде әулиелер аян беріп, бір ұлы мен қызы болатындығын айтады.

2. Қазан басылымында қара сөзбен баяндалатын жерлер Әбдірайым орындаған жырда кеңірек суреттеліп, өлеңмен берілген. Мысалы, Қазан басылымында Алпамыстың зынданнан құтылып шығу жайы қысқа ғана бір сөйлеммен айтылса, Ә.Байтұрсынов бұл көрінісіне молынан тоқталады:

...Төртінші күнде Кейкуат  
Ойланды зындан барарын.  
Зынданға келіп айтты сөз,  
Ал, тақсыр, арқан саламын.  
Байшұбардың беліне  
Бір ұшын байлап таңамын.  
Беліне байлап, берік ұста,  
Айрылып, тақсыр, қалмағын.  
«Айт», дегенде жануар  
Сырғытып тартып барады.  
Шыға келді зынданнан  
Батыр, палуан манабы...

3. Жүсіпбек нұсқасында алдымен Тайшық ханның түсі баяндалып, одан кейін Байшұбардың шабысы суреттелетін тұсы Әбдірайым нұсқасында керісінше болып келеді, яғни алдымен аттың шабысы суреттеледі ( Бұл тұсы Серғазиев нұсқасымен бірдей).

4. Қазан басылымында жоқ эпизодтар кездеседі. Мысалы, зынданда Алпамыспен бірге Кейкуат та болады. Бұларды Кейкуаттың шешесі тамақтандырып тұрады. Алпамыс пен Кейкуат екеуі зынданда бірге жатып, Кейкуат Алпамысты ұрып өлтіргенін жеткізеді т.б.

Қорыта айтқанда, Ә.Байтұрсынов Жүсіпбек бастырған эпос сюжетін толық сақтап, әрбір эпизодты, көріністерді өзінше дамытып жырлаған деп ойлаймыз.

Әбдірайым жырлаған «Қисса Алпамыс» нұсқасы – жоғары деңгейлі көркем тілмен өрілген туынды.

Келімбет вариантында «Алпамыс батыр» эпосының байырғы желісі барынша сақталған. Бас қаһармандардың есімдері, іс-әрекеті, шығармадағы мотивтер тізбегі де ұқсас болып келеді.

«Алпамыс батыр» жырының бірнеше нұсқаларын салыстырып қарағанымызда, Келімбет нұсқасында басқа варианттарда кездеспейтін жыршының өз қолтаңбасы бар екені байқалды. Мұнда Алпамыс дүниеге келгенге дейін Байбөрінің тоғыз баласы болады. Қалмақ ханы Тайшық Байбөріні шауып, тоғыз ұлын өлтіріп, келіндерін жесір қалдырады. Қартайған шағында Байбөрінің Зейне атты кіші әйелінен Алпамыс пен Қарлығаш туады. Алпамыс он екі жасқа келгенде, үйсін руының байы Ордабай дегеннің ауылына сапар шегіп, оның қызы Гүлбаршынға үйленеді. Бұдан соң батыр ағалары туралы хабарды естіп, Тайшықтан кек алуға аттанады. Аталған нұсқада кейбір эпизодтардың орны ауыстырылып берілген тұстары кездеседі. Мысалы, басқа нұсқаларда Тайшықтың түсі алдымен беріліп, сонан кейін Байшұбардың шабысы көрсетіледі. Ал бұл нұсқада, керісінше, алдымен Байшұбардың шабысы суреттеледі. Мыстан кемпірге қатысты эпизод қысқа қайырылған. Басқа нұсқалардағыдай Алпамыс екі әйелге үйленбейді. Қаракөзайымға қалмақтарға хан болып тағайындалған Кейқуат үйленеді т.б.

Жырдың сюжеттік құрылымында әлем халықтарының фольклорлық туындыларында жиі ұшырасатын эпостық мотивтердің біразы көрініс тапқан. Атап айтқанда: түс көру, түс жору, бал ашу, киім ауыстыру мотиві т.б. Сол сияқты жырда бірен-саран ертегілік сарындар да кездеседі. Бұл ретте Алпамыстың «атса мылтық өтпейтін, шапса қылыш кеспейтін» қасиетін айтсақ та болады.

Қысқасы, жыршы «Алпамыс жырының» ең түпкі сюжетін жадында сақтай отырып, Алпамыстың ерлігін, Байшұбардың шабысын, жүйріктігін көрсететін т.б. дәстүрлі сипаттауларды сақтап қалып, жырдың кей жерлерінде бірқатар оқиғаларды және жеке эпизодтарды кеңейте, түрлендіре жырлаған деп санаймыз.

Келімбет Серғазыұлы нұсқасы толық аяқталған, тілі жатық, оқиғасы қызықты, мазмұнды болып келеді.

«Алпамыс» жыры өзінің идеялық мазмұны тәрізді сюжеті жағынан да күрделі. Жырдың барлық нұсқаларының идеялық құрамында, сюжетінде тұрақты дәстүрлік элементтердің барлығы кездеседі. Ондай эпизодтар мен мотивтер төмендегіше: Алдымен оған эпостың алғашқы беташары жатады. Одан кейін ертеде Жиделі-Байсын жерінде, Қоңырат деген елде Байбөрі атты бай өмір сүреді, бай болғанмен оның баласы болмайды. Ол қартайған шағында Құдайға жалбарынып, бала сұрайды.

Ұзақ уақыт сапар шегіп, арып-ашып, әулиелердің мекенін аралағаннан кейін барып балалы болып, арманына жетеді.

Сонымен жоғарыда аталған «Алпамыс батыр» жырының қай нұсқасын алсақ та, жырдың негізгі идеясы ру бірлігін сақтаудан туған, оларда өзара соғыстарды тоқтату мен қоңырат руының, тағы басқа рулардың ынтымағы, бірлігі жайындағы әңгіме кең орын алады. Жыршы-ақындар Алпамысты ел-жұртын, халқын сүйген патриот ұл, шын батыр етіп жырлайды.

Жоғарыда аталған «Алпамыс батыр» жырларының мәтіндері «Алпамыс батыр» жырларының 1957, 1958, 1961,1963, 1968, 1986 жылғы жинақтарында және «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 33, 34-томдарында басылым көрген.

Алайда, Кеңестік дәуірде жарияланған фольклорлық мәтіндердің көбісі саяси-идеологиялық қатаң цензуралық бақылаудың салдарынан әдейі жасалған қасақана мәтіндік қысқарту, редакциялық түзетулерге ұшырады. Көптеген фольклорлық шығармалардың мәтіндері ішінара бұрмаланса, кейбіреулерінің сөздері, тіпті, тұтас сөйлемдер мен шумақтары ауыстырылып, өрескел өзгертулермен, түзетілген күйінде жарыққа шықты. Баспа редакторлары, әдетте, мәтіндерге көркем өңдеулер де жасап отырды.

Аталған жинақтарға енген жыр мәтіндерінің түпнұсқасы Орталық ғылыми кітапхана мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорларында сақтаулы екендігі жоғарыда айтылды. Басылымдарда кеткен кемшіліктерді көрсету үшін жырлардың бір-екеуін алып, баспадан шыққан мәтіндерді түпнұсқамен жолма-жол салыстырып, текстологиялық жұмыс жүргізуді жөн көрдік.

Мысалы, алдымен Сұлтанқұл Аққожаев жырлаған нұсқаға тоқталар болсақ, жыр мәтіні алғаш рет 1957 жылы жеке кітапша болып шықты. 1958 жылы Қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өтетін онкүндігіне орай қазақ және орыс тілінде қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан шыққан «Қазақ эпосы» деп аталатын кітапта және 1959 жылы «Батырлар жыры» атты жинақта басылым көрді.

Аталған жыр мәтіні одан кейін 1961жылы шыққан «Алпамыс батыр» жырының ғылыми басылымында жарияланды. Осы мәтін 1963, 1968, 1977, 1986 жылдары ешбір өзгеріссіз тағы да басылып шықты [22].

«Алпамыс батыр» жырының 1957, 1959, 1961, 1986 жылдары басылған мәтіндерін ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында сақтаулы (50-

бума, 2-дәп.) түпнұсқамен салыстырып, текстологиялық жұмыс жүргізгенде, өкінішке орай аталған жинақтарда кейбір кемшіліктер кеткені анықталды:

1. Жырдың қара сөзбен баяндалған тұстарында кейбір сөйлемдер қалып кеткен. Мысалы, Жәдігерді көкпарға тартқалы жатқанда, баланың жігіттерге жалынып айтатын өлеңінен кейін келетін, яғни Құлтай бабаның келіп Жәдігерді сұрайтын тұсында бір-екі сөйлем қысқартылып кеткен. Айтқан ойымыз дәлелді болу үшін 1957, 1959, 1961, 1986 жылдардағы басылымдардан үзінді берелік (187-б; 250-б; 88-б; 170-б.):

*Онда Алпамыстың қадірін білетіндер келіп, әрқайсысын бір ұрып қуалап жіберді. Жәдігер кісенімен шапқылап қозыға қарай жөнелді. Бір жерден алған кісен кесіп жүре алмай, зарлай отырса, Құлтай бабасы тақымында көкбары бар Жәдігерді көрдің бе деп онан сөз сұрап тұрғаны.*

Түпнұсқада дәл осы үзінді былай беріледі (36-б.):

*Онда Алпамыстың қадірін білетіндер келіп, әрқайсысын бір ұрып қуалап жібереді. Жәдігер кісенмен шапқылап қозыға қарай жөнеледі. Бір жерден аяғын кісен кесіп жүре алмай, зарлап отырса, Құлтай бабасы тақымында көкбары бар, сонда келеді. Өзі Жәдігерді іздеп жүріп, Жәдігерге келіп тұрып, Жәдігерден: «Шырағым, балам, Жәдігерді көрдің бе?» деп сұрап тұрғаны еді.*

Бұл жерде түпнұсқадағы асты сызылған сөйлемдер жоғарыда аталған басылымдарда түсіп қалған. Бұл – халық прозасының тілі. Басылымда халық прозасына тән сөз мәнері, сөйлем құрылысы өзертілген. Сол себепті сөйлемдер арасындағы кейбір үндестіктер жойылған. 2. Емлелік қателер өте көп кеткен.

Әбдірайым орындаған «Қисса Алпамыс» жыры алғаш рет 1961 жылы жарық көрді. Осы мәтін ешбір өзгеріссіз 1986 жылы қайта басылды.

«Қисса Алпамыстың» 1961, 1986 жылдары басылған мәтіндерін ӨӨИ-дің қолжазбалар қорында сақтаулы (50-бума, 5-дәптер) түпнұсқамен салыстырып, текстологиялық жұмыс жүргізгенде, басылымдарда төмендегідей кемшіліктер кеткені анықталды:

1. Араб таңбасымен жазылған өлең жолы дұрыс оқылмағандықтан «бір жол түсініксіз болды» делінетін жерлер кездесті.

Мысалы, Байбөрінің ешбір қиындыққа қарамастан ел-жұртымен қоштасып, Жасағаннан бала тілеп сапар шегетін тұсы:

Түпнұсқа: (7-бет)

1961,1986 ж.ж. басылымдар:  
(194, 205-66.)

*Аяғына соқтырып,  
Темірден киді кебісті.  
Беліне сымды қылды бәнт  
Алмасқа қоймай кеңесті...*

*Аяғына соқтырып,  
Темірден киді кебісті.  
Беліне сымды қылды бәнт  
.....*

2. Өлең жолдарының қалып кеткен жерінен мысал:

Түпнұсқа: (91-бет)

1961, 1986 ж.ж.  
Басылымдар; 255, 266-б.б.

*Әлі келмей Ұлтанның  
Қысылыңқырап талады.  
Білдірмейін деді де,  
Араша беріп салады.*

*Әлі келмей Ұлтанның,  
Қысылыңқырап талады.  
.....*

Ол кеткен соң Қарлығаш  
Көзінен қанды төгіп жас,  
Жәдігерді құшақтап,  
Еңіреп қылды наланы.

*Ол кеткен соң Қарлығаш  
Көзінен қанды төгіп жас,  
Жәдігерді құшақтап,  
Еңіреп қылды наланы.*

Түпнұсқадағы асты сызылған өлең жолдары аталған басылымдарда түсіп қалған. Сол себепті, біріншіден, өлең ұйқасы бұзылған, екіншіден, ішкі логикалық көркемдігі біртұтастығынан айрылған. 3. Емлелік қателер көп кездеседі.

Кеңес Одағы кезінде жарық көрген жоғарыда аталған туындылардың көбі мысалдарда көрсетілгендей біраз кемшіліктермен жарық көрді.

Қазақстан тәуелсіз мемлекет болып, мүмкіндіктер туғаннан кейін қазақ халқының тарихын зерделеу жөнінде жаңа көзқарастар туып қана қойған жоқ, сонымен қатар ұзақ жылдар бойы тотолитарлық жүйеге орай тек, саяси және таптық тұрғыда талдау жасалып, теріс бағаланып келген әдебиет тарихының көптеген мәселелері, соның ішінде халық мұрасының жан-жақты зерттеліп, әділ бағалануына қолайлы жағдайлар туғызды.

Ал 2004 жылы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен үкімет Қаулысы нәтижесінде «Мәдени мұра» кешенді Мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырыла

бастады. Осы орайда «Мәдени мұра» бағдарламасы – мәдениетке деген мемлекеттік көзқарастың стратегиялық ұстанымын айқындаған жоба болды. Ол жаңадан қалыптасып жатқан қазақстандық қауымдастықтың әлеуеті мен гуманистік бағыт-бағдарын танытты. Сол жылдан бері әлем деңгейіндегі бірқатар жаңалықтар ашылып, дүние жүзінің мұрағаттары мен кітап қорларынан қазақ халқының тарихындағы көптеген оқиғалардың сырын ашатын бұрын беймәлім жазба дереккөздер қайтарылып, ғылыми айналымға енді. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы Тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы аса маңызды әрі өз уақытында іске асырылған шара болды. Бұл бағдарламаның басты мақсаты – халқымыздың өскелең рухани-мәдени сұранысын қанағаттандыру болды. Осыған байланысты мамандарға қазақ фольклорының бар байлығын жарқырата шығарып, қазақтың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін зерделеудің тұтастай жүйесін жасау міндеттелген болатын. Осы жағдайды ескеріп бағдарлама аясында жер-жерде тарыдай шашылған фольклорлық мұраларына зерттеулер жүргізіліп оларды ғылыми негізде қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізіп, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қолжазба бөлімінің қызметкерлері «Бабалар сөзі» сериясы ғылыми басылымының жүзтомдығын жарыққа шығарды. Қазақтың рухани мұрасы ешбір өзгеріссіз, бастапқы қалпында қалың жұртшылыққа қайтарылып, ғылыми айналымға енді.

Міне, осындай асыл мұраларымыздың баспа бетін көруі көптеген рухани қазыналарымызды халық игілігіне жаратуға, болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдыруға мүмкіндік туғызды.

«Бабалар сөзі» сериясы бойынша шыққан жүзтомдықтың екі (33-34) томын «Алпамыс батыр» жырлары құрайды. «Алпамыс батыр» жырының бұрын баспа бетін көрген варианттары сол кездің саяси-қоғамдық талаптарына орай мәтіндік өңдеу, редакция жүргізілгендігі жасырын емес. Бұған қоса ілкі жинақтарда түсіп қалған, яки қолжазбадан қате оқылған жыр жолдары мен жекелеген сөздер түпнұсқа бойынша түзетіліп, мәтіндер бастапқы қалпына келтірілді. Сол сияқты бұрын еш жерде басылым көрмеген «Алпамыс батыр» жыры нұсқаларының (Рахат жырау, Н.Байғанин, Ә.Осанов, С.Жаңбыршин, А.Нысанов, К.Серғазиев) мәтіндері аталған жинаққа алғаш рет енгізіліп, ғылыми айналымға енді.

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. Памятники киргизского народного творчества – Ташкент, 1901. Бұл екінші рет 1922 жылы Ташкент қаласында «Батырлар» деген атпен басылды. /Бастырып шығарушы – Ә.Диваев.
2. Записки Восточного отделения Русского археологического общества. 1896. Т.2. Вып. 3-4
3. Әуезов М. Қазақ әдебиеті. – Ташкент, 1929; Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті – Қызылорда, 1931; Орлов А.С. Казахский героический эпос. – М.,Л, 1945; Боровков А. К. Героическая поэма об Алпамыше // Тезисы докладов и сообщений. – Ташкент, 1956; Жирмунский В.М., Зарифов Х.Т Узбекский народный героический эпос. – Москва, 1947; Мұқанов С. // Батырлар – Алматы, 1939; Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселері. 1-кітап. – Алматы, 1958; Марғұлан Ә. О характере и исторической обусловленности казахского эпоса (Известия казахского филиала АН СССР. Серия историческая, 1946, № 2 – 27. Смирнова Н.С. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том, 1-ші кітап. – Алматы, 1960; Ғабдуллин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. – Алматы, 1972; Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары. – Алматы, 1975; Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – Алматы, 1982; Садырбаев С. Фольклор және эстетика. – Алматы, 1976; Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы, 1993; Қоңыратбаев Т. Эпос және этнос. – Алматы, 2000.
4. Қисса-и Алпамыс батыр бұ тұрыр. – Қазан, 1889 // Қазақ кітаптары. Құрастырғандар: Е.Есова, Ү.Сұбханбердина, Д.Сейфуллина. – Алматы, 1986.
5. Батырлар. 4-бөлім. – Ташкент, 1922.
6. Оразаева Ф. Ә.Диваев – фольклорист. – Алматы, 2007.
7. Алпамыс батыр // Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары. 1-бөлім / Бастырып шығарушы: С.Сейфуллин. – Қызылорда, 1931; Алпамыс батыр // Батырлар / Шығарушы – С.Мұқанов. – Алматы, 1939.
8. М.Ғабдуллин, Т.Сыдықов. Қазақ халқының батырлық жыры. – Алматы, 1972.
9. Алпамыс батыр. – Алматы, 1957; Батырлар жыры. – Алматы, 1958; Алпамыс батыр (научное издание). – Алма-Ата, 1961.
10. Казахская народная поэзия. – Алма-Ата, 1964.
11. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. – Алматы, 1975.
12. Бабалар сөзі. – Астана: Фолиант, 2006.



13. Алпамыс батыр // Батырлар жыры. 1-том / Құрастырғандар: М.Ғұмарова., Т.Сыдықов., Б.Уахатов. – Алматы, 1963; Алпамыс батыр. – Алматы, 1968; Алпамыс батыр / Ақсауыт. 1-том / Құрастырған – О.Нұрмағанбетова. – Алматы, 1977; Алпамыс батырдың қиссасы // Батырлар жыры / Жауапты шығарушы – А.Айдашев. – Алматы, 1986.

14. Смирнова Н.С, Сыдықов Т. О казахских версиях «Алпамыс» // Алпамыс батыр. Ғылыми басылым. – Алматы, 1961; Ерзакович Б.Г. О музыкальном воплощении «Алпамыс» в исполнении Р.Мазходжаева и К.Сергазиева // Алпамыс батыр. – Алматы, 1961; Ғабдуллин М, Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. – Алматы, 1972.

15. Нысанов Айнабек. Өмірбаяны. Қолжазба № 375, 9-дәп. ӘӨИ.

16. Маадай – Қара. Алтайский героический эпос. – Москва, 1973.

17. Манас. – Фрунзе, 1958.

18. Монғолдың құпия шежіресі. – Өлгий, 1979.

19. Гэсэр. Бурятский героический эпос. – Москва, 1973. Манас. – Фрунзе, 1958. Башқорт халық ижады. 1-кітап. 1972.

20. Короглы Х. Туркменская литература. – Москва, 1972.

21. Бердібаев Р. Алпамыс батыр // Қазақстан ұлттық энциклопедия. 1-том. – Алматы, 1998.

22. Алпамыс батыр қиссасы // Алпамыс батыр. – Алматы, 1961; Алпамыс батыр // Батырлар жыры. 1-том. /Құрастырғандар: М.Ғұмарова, Т.Сыдықов, Б.Уахатов. – Алматы, 1963; Алпамыс батыр. – Алматы, 1968; Алпамыс батыр // Ақсауыт. 1-том /Құрастырған – О.Нұрмағанбетова. – Алматы, 1977; Алпамыс батырдың қиссасы // Батырлар жыры / Жауапты шығарушысы – А.Айдашев. – Алматы, 1986.



## ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР

«Қобыланды батыр» – қазақ сахарасында кең тараған және халықтың сүйсініп тыңдайтын жырының бірі.

Бұл – негізгі идеясы халықтың ел қорғау, ертедегі ру тәуелсіздігі үшін күресу тілегінен туған және осы жолда асқан ерлік жасаған ер-азаматтардың батырлық істерін жырлауды нысана еткен жыр.

«Қобыланды батыр» жыры да басқа жырлар секілді өзінің қалыптасу, даму барысында көптеген өзгерістерге ұшырап біздің заманымызға жеткен жыр.

Алғашқы ұсақ нұсқаларынан бастап, бертін келе көлемді жырға айналған «Қобыланды батыр» ел арасына ауызша тараған. Жырдың әртүрлі варианттары: Марабай, Мергенбай, Біржан Толымбаев, Нұрпейіс Байғанин, Айса Байтабынов, Мұрын жырау Сеңгірбаев, Көшелек Елеманов, Шапай Қалмағанбетов, Құлзақ Аманкелдіұлы т.б. жыршы-ақындар жырлап ел арасына таратқан. Бұл жыршылардың қайсысы болса да «Қобыланды батырды» өзінше жырлап, бір-бірін қайталамауға тырысқан. Жырдың ұтымды тұстарына тыңнан сюжет енгізіп отырған.

Осы жыр нұсқаларының ішінде ең көркем үлгілерінің бірі және баспа арқылы ел арасына кең тарағаны Марабай – Мергенбай нұсқасы болып саналады.

Жырдың сюжеттік нұсқалары қазақтан басқа Қырым татарлары, ноғай, қарақалпақ халықтарының ауыз әдебиетінде сақталған.

Аталған эпостың кейбір үзінділері XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап баспа бетінде жариялана бастады. Жырдың бір нұсқасын 1860 жылдары атақты Марабай ақыннан жазып алған және оның үзіндісін алғаш рет баспа бетіне шығарған – көрнекті қазақ ағартушысы Ы.Алтынсарин.

Марабай Құлбайұлы (1841-1898). Марабай Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, «Жаңа қоныс» деген жерде туып-өскен. Бала кезінен өлең айтып, домбыра тартып асқан әнші, домбырашы атанады. Сол кезде ол атақты ақындардың қасына еріп, олардың жырын, сөз өнерін үйренеді және ақындар айтысына да қатысады. Ол Сүгір, Көкі, Қара бура, Жұмырбай, Базар, Шернияз секілді ақындармен айтысқан, бірақ бұл айтыстар хатқа түспеген [1, 176].

Марабайдың ақындық атағы батырлар жырын айтумен шыққан. Ыбырай Алтынсарин Марабаймен жақсы таныс, дос-жолдас болған. Бір кездерде Марабай Ыбырайдың шақыруымен Балқожа бидің ауылына келіп, жыр айтатын болған. Осындай кездесудің бірінде Ыбырай Марабайды Н.И.Ильминскиймен таныстырады. Ол Марабай жырларын көп тыңдайды, бірқатарын жазып алады [2, 255]. Осы сапарларының бірінде (XIX ғасырдың алпысыншы жылдары болса керек) Марабай «Қобыланды батырды» жырлайды, оны Ыбырай жазып алады. Ол жырдағы Қобыланды батырдың даңқты тұлпары Тайбурыл аттың шабысын суреттейтін үзіндісін «Киргизская хрестоматия» (1879) атты кітабының бірінші бөліміне енгізген [3]. Ал Ыбырай аталған жырды түгелдей жазып алды ма, жоқ па ол арасы әзірге мәлім емес.

Белгілі ғалымдарымыз Марабай ақынды өте жоғары бағалаған. Бұған В.М.Жирмунскийдің, С.Сейфуллиннің, М.Әуезовтың, Ә.Марғұланның, Е.Бсмайловтың, Қ.Жұмалиевтің, М.Ғабдуллиннің т.б. пікірлері дәлел бола алады. С.Сейфуллин: «Қобыландының жырына қарағанда, Марабайдың зор ақын екендігі айқын көрінеді. Қобыландының жыры – дағдылы жүйріктей төселген ақынның толғауынан шыққан жыр. «Қобыландының» ақындық толғауынан өткізіп берген ақынның қиялы бай, суреті көп, сезімі күшті екендігі айқын көрінеді» [4, 348], – деп жазған болатын.

М.О.Әуезов өзінің «Әр жылдар ойлары» атты еңбегінде XVIII ғасырдың әйгілі ақындары жайында айта келіп: «Олардың ішіндегі түркмен классигі Мақтұмқұлының замандасы Абыл ақын мен Бұқар жырау, Нұрым, Марабай, Жанақ XVIII ғасырдың айтулы ақындары ретінде ерекше орын алады» [5, 470] – деп Марабайды да көрсетті.

Академик Ә.Марғұлан: «... Имена более древних жирчи в памяти народа не сохранились, хотя термин встречается очень рано. Например, в имени «ұлыг-жирчи». Из них наиболее типичным народной памяти сохранился образ знаменитого певца Марабая, жившего в первой половине XIX века и его современников Джумагула и Биржана Толымбаева, лучшего исполнителя поэмы «Қобыланды». Эти певцы одни из наиболее крупных представителей древней эпической поэзии, передавшие поэтические легенды в их традиционном тексте с полным сохранением древнего колорита, формы и правильной трактовкой композиционного строения сюжетов. Судья по народным преданиям, эпический репертуар Марабая включал почти все поэмы, которые были унаследованы его предками от древних кыпчакских ногайлинских певцов типа Супра жырау, Казтуган» [6, 77], – деп Марабайды да өте жоғары бағалайды.

Бұған дейін Академик В.В.Радлов Тобыл бойындағы татарлардан жазып алған Қобыланды жайындағы бір қысқа өлеңді өзінің «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары» деп аталатын еңбегінің 4-томында (1872) жариялағаны мәлім.

Жырдың әр түрлі нұсқаларынан алынған үзінділер «Дала уәлаяты» (1899), «Түркестанские ведомости» (1899), «Тургайская газета» (1901) газеттерінде және Орынбор мұрағат комиссиясының еңбектерінде (1910) басылды.

Бұдан соң Біржан Толымбайұлы орындаған бір вариантын Махмұдсұлтан Тұяқбаев 1914 жылы Қазанда бастырып шығарды [7].

Сондай-ақ Кеңес дәуірі кезінде «Қобыланды батыр» жыры өзге де қазақ эпостарымен қатар сан рет қайта басылды [8].

Осы жыр нұсқаларының ішінде ең көркем үлгілерінің бірі және баспа арқылы ел арасына кең тарағаны Марабай – Мергенбай нұсқасы болып саналады.

Қазан төңкерісіне дейін В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, Ә.Бөкейханов [9]; П.А.Фалевтер [10] «Қобыланды батыр» жыры жөнінде пікір айтып, жырдың халық әдебиетінде ерекше орын алатынын көрсеткен.

«Қобыланды батыр» жырының зерттелу мәселесіне көп көңіл бөлген адамның бірі – Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов (1866-1937). Ол – қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы. Орта жүз ханы Бөкейдің ұрпағы. Әлихан бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысының 7-ауылында туған. Әлихан Ф.А.Щербина ұйымдастырған экспедицияға қатысқан. Щербина Ф.А. (1849-1936) – статист-ғалым, Петербор ҒА-ның корр-мүшесі. Петров (қазіргі Темиряев) ауыл-шаруашылық академиясын және Новороссийск (Одесса) университетін бітірген. Жас кезінде халықтар қозғалысына белсене араласқан. 1896-1903 жылдары қазақ жерін зерттеу үшін арнайы экспедиция ұйымдастырылып, оны Щербина басқарды. Құрамында қазақ зиялыларынан – Ә.Бөкейханов, И.Құдайқұлов, И.Тілешев, М.Бекетаев, М.Сатыбалдин т.б болды. Экспедиция Ақмола, Торғай, Семей облыстарын зерттеп, көптеген деректер жинады.

Ә.Бөкейхан халық әдебиеті туындыларына ерте кезден-ақ қызыққан. Әсіресе, 1894 жылғы «Тобыл экспедициясының», 1896-1901 жылдары Ф.А.Щербинаның, 1903 жылы Сібір теміржолы бойындағы Том мен Челябині қалаларының маңын мекендеген қазақтардың ауылын аралаған С.П. Шевцов экспедицияларына қатысып, ел ішін көп аралап, біраз

материал жинағаны байқалады. Оған Әлиханның «Женщина по киргизской былине Кобланды» деген тұңғыш фольклорлық зерттеуі дәлел бола алады. Ол зерттеуі 1899 жылы жарық көрген-ді. Оның осы зерттеуіндегі «Рассмотрим этих четырех женщин, в порядке их появления в былине и постараясь, насколько память сохранила давно услышанную песню, точнее списать с них портреты [9]» деген ойына қарағанда, аталған жырды тіпті бала кезінде естіп жатқа білгенін аңғартады.

Ә.Бөкейханов бұл еңбегінде халық әдебиеті шығармаларындағы аса маңызды бір мәселенің басын ашып, бастап береді. Ол – қазақтың батырлар жырындағы әйел бейнесі. Осы тұрғыда ол «Қара қыпшақ Қобыланды» эпосындағы әйелдердің – Аналық, Қарлыға, Құртқа, Көктен кемпір – әрқайсына тоқталып, олардың жырда суреттелетін оқиғалар желісіне қарай атқаратын қызметін, алатын орнына өте мұқият талдау жасаған. Мұнда Әлихан жырдағы сюжеттің: қазақтың табиғи күштерге сыйынған (язычество) кезеңінен исламға көше бастаған дәуірінен алынғандығын атап көрсетеді.

1915 жылы «Қазақ» бетінде жарыққа шыққан бір сыни еңбегінде Әлихан «Қобыланды» жырына қайта оралып, бұл жолы оның басқа қырларын қарастырып, әсіресе, шығарманың тарихи негізіне, көркемділігіне және тіліне ерекше мән берген.

Ә.Бөкейханның бұл мақалалары бүгінгі фольклортану ғылымы үшін Қобыланды батыр жайында ХІХ ғасырдың аяғы мен Қазан төңкерісінен бұрын жазылған алғашқы мақала болуымен және жырдағы әйел образдарына жан-жақты талдау жасауы мен жырдың тарихи негіздеріне күнды пікір айтумен күнды.

Аталған жыр туралы зерттеу жұмыстары Кеңестік дәуірде кеңінен жүргізілді. Бұл орайда М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан, А.С.Орлов, В.М.Жирмунский, М.Ғабдуллин, Т.Сыдықов, Ә.Қоңыратбаев, И.Сағитов, Р.Бердібаев, О.Нұрмағанбетова, Ш.Ыбыраев, Т.Қоңыратбаев сынды көптеген ғалымдардың еңбектерін атауға болады [11].

Сондай-ақ «Қобыланды батыр» жырының мәтіні орта мектеп пен жоғары оқу орындарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулықтарына енгізілді.

Марабай Құлбайұлы айтуындағы «Қобыланды батыр» жырын Кеңестік дәуірде ең алғаш фольклоршы Әбубәкір Диваев 1922 жылы Ташкентте бастырып шығарған «Батырлар» деп аталатын топтамасында жариялады. Бұл нұсқаны фольклоршыға сол кездегі Ақмешіт уезінің

қазағы Мұрат Өскенбаев жіберген. Мәтін соңында «1894 жыл, 12 желтоқсан» деген ескертпе бар. Өкінішке орай, бұл жырдың түпнұсқасы әлі күнге дейін табылған жоқ.

Кейін осы мәтін С.Сейфуллин құрастырған «Батырлар жырының жинағы» деп аталатын кітапта [12], С.Мұқановтың алғы сөзімен жарыққа шыққан «Батырлар» жинағында [13, 63-154] және оқу құралдары мен хрестоматияларда [14], «Бабалар сөзі» ғылыми сериясының 35-томында (Астана: Фолиант, 2006) қайта басылғаны мәлім.

Ә.Диваев нұсқасында өлең мен қара сөз аралас келіп отырады. Жыр Қобыланды мен Қараман екеуінің Қазан ханға аттанған алғашқы жорық сапарынан басталады.

Жырдың композициясы бір-біріне жалғасып, оқиғалары кезектесіп дамып отыратын, яғни Қобыландының Қазан ханға қарсы аттануы; «Тайбурылдың шабысы»; Қазанның Сырлы қаласын, артынша алты қабат ормен қоршалған Қырлы қаласын шабуы; Қобыланды мен Қазанның жекпе-жек ұрысы; Қобыландының Көбікті ханды жеңуі; Қобыландының Алшағыр ханмен соғысы; елін азат етуі сияқты эпизодтардан құралған. Жырда оқиғалар үдемелі түрде беріліп, тартыс шарықтау шегіне жетіп шешіледі.

Жырда батырлардың жекпе-жек ұрыстарына мол орын берілген. Тек қана Қобыландының ерліктері ғана емес, сонымен қатар жау жағының күші, әйгілі батырлары толық таныстырылады. Олардың жеңіске деген жігері, мақсаттарына сенімділігі көрсетіледі. Қобыланды өзінің басты жауын үлкен қиындықпен жеңеді. Әсіресе Көбікті ханның баласы Біршымбайдың батырлық тұлғасы ерекше сипатта жырланған.

Аталған жыр оқиғасының баяндалуында, қатысушы адамдардың бейнесінде қиял-ғажайып ертегілерге тән іс-әрекеттер бар. Мұндағы батырларға атса оқ, шапса қылыш өтпейді, суға салса батпайды, отқа күймейді т.с.с. суреттейтін көріністер.

Мифтер мен көне ертегі-аңыздарда дәудің немесе батырдың яки жалмауыз кемпірдің жаны басқа жерде тығулы жатады, болмаса олардың денесінің бір жерінен өзгесіне оқ өтпейді, қылыш кеспейді. («Ер Төстік», «Бозжігіт» т.б). Әдетте, батырдың «осал жерін» оның қызы немесе қарындасы айтып қояды. Көбінесе, олардың әлсіз жері – тамағы, не кіндік тұсы. «Қобыланды батыр» жырында Көбікті батырдың «құпиясын» қызы Қарлыға ашады. «Бозжігітте» оның басын тек өз қылышы ғана кеседі. Мұндай мотив «Ер Көкше» жырында да бар. Осы тектес фольклорлық сарын «Ғазауат Сұлтан» дастанында да көрініс

табады. Осындай фольклорлық сарындар – көне дәуір мифтерінен қалған «өлмес алыптар» жайындағы мотивтердің сарқыншағы екені мәлім.

Жырда айрықша ықыласпен суреттелетін бейненің бірі – Тайбурыл. Жырда батырға сын сағатта көмек беретін Тайбурыл жүйрік ат қана емес, керек кезінде тіл бітетін, ақылшы серік ретінде суреттеледі. Жүйрік аттың осындай сипатта көрінетін тұстарын «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын» сияқты қаһармандық эпостарынан және бурят халқының эпосы «Гэсэрдэн», тува халқының аңызы «Бокту – Кириш пен Бора Шээлиден», башқұрттың «Заятөлек пен Сусұлу» аңызынан, қалмақтың қаһармандық эпосы «Жэнгірден» кездестіруге болады.

Сол сияқты «Қобыланды батыр» жырының сюжеттік құрылымында әлем халықтарының фольклорлық туындыларында жиі ұшырасатын сарындардың бірі – түс көру мотиві де бірнеше жерде көрініс тапқан.

Солардың біріне мына мысалды келтіруге болады: Қобыланды Көбікті ханды жеңіп, еліне қайтып келе жатқанда, Тайбурыл аты ақсап, жалғыз қалады. Батыр елін Алшағыр ханның шауып кеткенін, ел-жұртының қандай күйге ұшырағанын көрген түсі арқылы біледі.

Ортасы түннің болғанда,  
Көзі кетті ұйқыға.  
Мезгілі таңның жеткенде,  
Көк есегі астында,  
Ақ сәлдесі басында,  
Сырлы асасы қолында,  
Өзі Хақтың жолында,  
Он сегіз мың ғаламның  
Он бесі бар соңында,  
Жеті кәміл бабасы  
Жетіп келді қасына...

Бұл жерде түс оқиғаның шарықтау шегіне дейінгі іс-әрекетті байланыстыру қызметін атқарып тұр. Сөйгіп, жырда айтылатын оқиғалар Қобыландының есімімен байланысты дамып отырады. Жырда салт-ғұрыптар, наным-сенімдер, елдің шаруашылық кәсібі және де басқа көріністер нанымды сипатталған. Эпоста бас қаһарманның ерліктері әсіреленіп, кейіпкерлердің ішкі сезімдері монолог, диалогтар арқылы шебер суреттелген.

«Қобыланды батыр» жырының тілі көркем, оқиғасы қызықты. Мәтінде басқа тілден енген біраз сөздер кездеседі.

Көшелек Еламанов жырлаған «Қобыланды батыр» жырының қолжазбасы Орынбор қаласындағы облыстық архивінде, Игнатъевтің қолжазбалары арасында сақталған.

Көшелек Еламанов (1874-1951) белгілі ақын Батыс Қазақстан облысының Шыңғырлау ауданында, кедей шаруаның отбасында дүниеге келген. Көшелектің толық аты – Көшмұқамбет. Оның жас шағы кедейлікте, жоқшылықта өтеді. Өлеңге, сөзге шеберлігі жастайынан байқалады, домбыраны да жастай үйреніп, құмарта тартады.

Он алты, он жеті жас шамасында Қобда, Елек, Шыңғырлау жерлеріне аты жайылған жырау, әрі домбырашы Жалмағанбет Сағынтайұлының (1830-1910) қасына еріп жүріп, одан көптеген өлең-жыр үйренеді. Той-жиындарда өзі де жиі жыр айта бастайды, жақсы айтатын болады. Оның ақындығына, зеректігіне риза болған, сүйсінген халық еркелетіп Көшелек атап кетеді. Кейін елге осы атымен белгілі болады.

1920 жылы Қазақ республикасы құрылып, оның астанасы Орынбор болғанда, Қазақ АССР өкіметі басшыларының бірі Әбдірахман Әйтиев Көшелек Еламановты Орынборға шақыртады. Көшелек Орынборда болып, онда ақын-жазушыларға кездеседі. Сондай-ақ қазақ кеңес әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Сәкен Сейфуллинмен кездеседі. Көптеген жерлерде ол домбыраға қоса өз өлеңдерін және ертегі жырлардан айтып береді [15]. Көшелек Орынборда 1921-1925 жылдар аралығында бірнеше рет болған. Ұлы Отан соғысы кезінде де көп өлең шығарып, оның біраз өлеңдері 1944-1945 жылдары Батыс Қазақстан облысының жергілікті газеттерінде жиі-жиі жарияланып тұрған.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақтаулы (371-бума, 7-дәп.) деректерде «Көшелек Еламанов Қазан революциясынан бұрын ол жыл сайын екі рет, халықтың көп бас қосатын жері Орынборға (Чкалов) барып қайтып жүрген. Рас, Көшелек оқу-жазу білмеген. Оның аузынан Орынборда оқып жатқан қазақ жастары, татардың оқыған адамдары, Башқұртстанның оқыған адамдары көптеген өлеңдерді, жырларды жазып алады. Әсіресе, соның ішінен «Қобыланды», «Көрұғлы», «Орақ- Мамайды» жазып алған адамдар басқа жерге тарата бастайды» деген мәліметтер келтірілген.

Бұл туралы Орынбор мұрағаты комиссиясының толық мүшесі В.Карлсонның «Оренбургский край» басылымынан шыққан «қырғыз халық (қазақ) жыршылары комиссиясында» деген көлемді мақаласында



мынандай мәліметтер келтірген: «Состоявшееся в четверг, 23 марта (1906) заседание Оренбургской ученой комиссии было посвящено делу совершенно новому в летописях этого учреждения, а именно ознакомлению с образцами древней киргизской поэзии в лице народных певцов Казахпая и Кушелека. Оба киргиза приехали из Джиренкупинского волости Уральского уезда той же области... предложили певцам исполнить кое-что из запаса своих песен. При этом гражданин Буранкулов взял на себя обязанность переводчика. И вот маленькая, но уютная комната в здании архивной комиссии, что на берегу Урала, где помещается библиотека, огласилась приятными звуками киргизских мелодий. Прежде всего певцы, которым пришлось сидеть на стульях, в чуждой, несвойственной им обстановке, обратились к собранию с приветствием, воспевая, под сопровождение домбры, все обстоятельства и цель своей поездки. После этой импровизации, представляющей обычное и необходимое у киргиз вступление к пению былин, певцы исполнили несколько мотивов из народных произведений...

...Ознакомившись с характером песен и способностями обоих киргиз, собрание приступило к обсуждению вопроса, как наилучше использовать запас их знания. В виду особой цели архивной комиссии – собрание древностей – решено было главное внимание обратить не на исполнение песен и художественной способности певцов, а на самое содержание песен, как представляющих богатый запас древних преданий и верования, который сохранился в лице народных певцов...

Что касается личности певцов, то оба они выходцы от кочующих киргизов, но уже давно поселились среди оседлых.

... Другой певец, Кушелек, лет 32-х отличается средним ростом и энергичным, выразительным лицом с живыми, открытыми, глазами ... Оба певца с почтительною благодарностью вспоминают тех стариков, у которых они учились петь и играть.

В список их былин и песен входят следующие произведения: «Орақ-Мамай», «Нарек», «Кор-огуло», «Карасай-Кази», «Қобыланды», «Алпамыс», «Карабек», «Манаше», «Алеке», «Кубугул», «Камбар», «Торехан», «Елеусин», «Кыз Жибек», «Есет-Букеубай», «Жанибек», «Телагыс», «Бозжигит» и др. дей келіп Көшелектің ақындық өнерін жоғары бағалаған.

Орынбор мұрағатымен ұзақ жылдар жұмыс жасап, «Қобыланды» жырын зерттеген белгілі ғалым Оразгүл Нұрмағанбетова: «Орынбор архивы ғылыми комиссиясының осы жиыннан бастап ел ішінен белгілі

ақын-жыршыларды шақырып, олардың шығармаларын жазып алу үшін ұйымдастырылған арнайы комиссия өз жұмысына кірісіп көп іс тындырған сияқты.

1906 жылғы алғаш жиналған комиссия мәжілісінде Жүрсіновтің де аты аталып, ол халық шығармашылығын жазып алуға ықыласпен қатысып жүргендігін Карлсон өз мақаласында ризашылықпен атап өткен. Сол тапсырма бойынша Жүрсінов Көшелек Елемановтан «Қобыланды» және басқа жырларды жазып алып, архив комиссиясына тапсыруы анық», – дейді [2].

1955 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты арнайы экспедиция ұйымдастырып, Орынборға барып, біраз халық әдебиеті үлгілерін алып келген. Солардың ішінде аталған институттың сол кездегі аспиранты З.Жантекеева тауып әкелген эпостың машинкаға басылған көшірмесі де бар. Қолжазба ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (7-бума) сақтаулы. Қолжазбаның аяғында жырды 1906 жылы Көшелектен Т.Жүрсінов жазып алды деген мәлімет бар.

Жыр мәтіні алғаш рет «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 35-томында жарық көрді.

Көшелек жырлаған «Қобыланды батыр» нұсқасы туралы Н.Б.Кидайш – Покровская, О.А.Нұрмағанбетова сынды зерттеушілердің еңбектерінде сөз болады [16.].

Жырдың экспозициясы Қобыланды дүниеге келмей тұрып, он екі баулы ноғайда жасы сексенге келген Қыдырбай мен оның Меңдісұлу атты әйелінің байлығын, баласыздығын және олардың тұрмыс-тіршілігін суреттейтін мотив – сипаттамадан басталады. Сол елдің ханы Ақшахан Қыдырбайдың байлығын өз қолына түсіруді көздеп, әр түрлі амал жасайды. Бұл жайды білген Меңдісұлу Құдайдан бала тілеп, әулиелерге түнеп, дүние кезеді, ақыры тілегі қабыл болады. Бір ұл, бір қыз табады. Ұлының атын Қобыланды, қызының атын Қансұлу деп қояды.

Болашақ батырдың ғажайып туу мотиві қазақтың, түркі, монғол тілдес басқа халықтардың эпосында жиі кездеседі. Мәселен, қартайған ата-ананың балаға зар болуын, бала іздеп Алладан, әулиелерден жәрдем сұрауы қазақтың «Алпамыс», «Шора батыр», «Едіге батыр», «Мұңлық-Зарлық» эпостарынан, монғолдың шежіресі [17], қырғыздың «Манас» [18] эпосынан т.б кездестіреміз.

Мысалы «Манас» эпосындағы Жақыптың баласыздық наласын айтып, қайғыратын тұсында мынадай жыр жолдары ұшырайды:

... Арман кылат ошондо,  
Абакең Жақып толғанып:  
Бербесе Теңгер чарам жоқ,  
Беш түліктен мал жидым,  
Бет чака булча арам жоқ.  
Жабық салып, ат минип,  
Жанымда болған карам жоқ.  
Тұтунарға туяк жоқ,  
Туганынан айрылған  
Жұртта мендей чунак жоқ... [18].

Міне, осылай жасы ұлғайған ата-аналардың бала тілеп, дүние жүзін кезуі кездейсоқ емес. Олардың арман-мақсаты – атадан қалған мал, мүлікке ие болатын, ұрпағын жалғастыратын мұрагер, сондай-ақ ел-жұртына қорған болатын батыр іздеу. Бұдан кейін жырда қаһарманның балалық шағы, тәрбиесі; батырдың барлық кедергіні жеңіп үйленуі; қыз Құртқаны еліне алып келуі; батырдың тұлпар атына байланысты әңгіме; Қобыландының Алшағыр ханмен ұрысы; ел-жұртын Алшағырдан босатып алғаны баяндалады.

«Қобыланды батыр» жырының біраз нұсқаларын салыстырып қарағанымызда, Көшелек жырлауында «Қобыланды батыр» эпосының байырғы желісі барынша сақталғанымен, кейбір айырмашылықтары бар екені байқалады. Мысалы, бұл нұсқада басқа варианттарда кездесетін Қобыланды мен Қараманның Қазан ханға аттанатын алғашқы соғыс сапары, «Тайбурылдың шабысы», Қобыландының Көбіктімен соғысы, Қартыға туралы эпизодтар кездеспейді.

Сондай-ақ мұнда Қобыланды, Құртқа, Алшағыр ханнан өзге кейіпкерлердің есімдері басқаша аталған. Қобыландының Құртқаны еліне алып келетін көрінісі қысқа баяндалған. Осы тұрғыдан алып қарағанда, К.Еламанов жырлауындағы «Қобыланды батыр» жыры басқа нұсқалардағы тұрақты эпизодтарды қайталау емес, халық аузында айтылып жүрген аңыз-әңгімелерді арқау етіп, өзінше жырлаған дербес вариант деп санау керек.

Көшелек жырлаған нұсқа толық аяқталған, тілі жатық, оқиғасы қызықты болып келеді.

«Қобыланды батыр» жырының жаңа нұсқасын жеткізушілердің бірі – Амангелдіұлы Құлзақ. Құлзақ (1886-1955) – жыршы әрі халық мұраларын жинаушы. Әсіресе Қарағанды жұмысшыларының өлең-

жырларын жинап, тапсыруда елеулі еңбек сіңірді. Оның туып-өскен жері – Қарағанды облысы, Нұра ауданы. Құлзақ халық әдебиетін, жырларды көп білген. Соның бірі – «Қобланды батыр» жыры.

Жырдың мәтінін 1954 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының сол кездегі аспиранты Дәкен Шалабеков жазып алған. Дәкен 1922 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданы Захаровка селосында туған. 1948 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетін бітіріп, Нұра ауданы мектебінде мұғалім болып істеген. 1951-1954 жылдары Тіл және әдебиет институтында аспирант болып, 1955 жылы «Қарағанды қазақ жұмысшыларының өлең-жырлары» деген тақырыпта филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін диссертация қорғайды. Ол Қарағанды облысы, Нұра ауданының тұрғыны Құлзақ Амангелдіұлының айтуынан 1954 жылы «Қобыланды батыр» жырын жазып алып, институттың қолжазбалар қорына тапсырған. Шығарма шақпақ көзді дәптерлерге қара, көк сиямен араб әрпінде жазылған. Жыр мәтіні алғаш рет «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 35-томында жарияланды. Түпнұсқасы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында (12-бума.) сақтаулы.

Құлзақ нұсқасында «Қобыланды батыр» жырының негізгі сюжеттік желісі түгел сақталған. Жырдағы кейіпкерлердің есімдері, мінездемелері мен көптеген өлең шумақтары да ұқсас болып келеді. Әйтсе де бұл нұсқаның мазмұнында өзіндік ерекшеліктер бар:

Жыр ертегілік мотивтен басталады. Тоқтарбай мен Аналықтың баласы Қобыланды ержетіп, Естемеске қосылып жылқы бағады. Қобыланды бір күні аң аулап жүріп, тау жақтан жылаған қыздың дауысын естиді. Қыз жыл сайын еліне айдаһар келіп, бір қыз бен бір бие жейтінін айтады. Бұл қыз Көктім Аймақтың қызы Құртқа екен. Қобыланды айдаһарды үлкен күшпен жеңіп, Құртқаға үйленіп, еліне қайтады. Осы кезде қырық құлаш Қызыл ер қалың қолмен келіп, Қобыландымен соғысады. Қараман батыр қырық мың қол алып, қызылбастың еліне аттанады. Жырдың бұдан былайғы жері Марабай – Мергенбай вариантына ұқсас. Яғни Қобыландының Қазан қаласына аттануы; Қазан ханды, Көбіктіні жеңуі; Алшағырдан кек алғаны баяндалады.

Қысқасы, жыршы «Қобыланды» жырының ең түпкі сюжетін жадында сақтай отырып, өз тарапынан тың көріністер қосып жырлағаны аңғарылады.

Дәкен Шалабеков 1954 жылы Құлзақ ақыннан «Қобыланды батыр» жырының тағы бір нұсқасын жазып алған.

Бұл нұсқада әңгіме Қобыландының Қазанға қарсы аттанып бара жатқан жерін суреттеумен аяқталады. Құлзақтың екінші нұсқасы толық емес және қара сөз аралас қара өлеңмен, жыр үлгісімен айтылған. Жыр мәтіні институт қорында (12-бума.) сақтаулы. Бұрын еш жерде басылым көрмеген.

1956 жылы Дәкен Шалабеков Жетісу ақындық мектебінің өкілі әрі халық әдебиеті үлгілерін жинаушы Сауранбаев Қабылбектің айтуынан «Қобыланды батыр» жырын жазып алады. Қабылбек (1889-ө.ж.б.) бұрынғы Жаркент уезі, қазіргі Алматы облысы, Нарынқол ауданы, Саржал ауылында туып-өскен. Ол 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінде Ұзақ, Жәмеңке батырлар сарбаздарының қатарында патша әскерлерімен болған шайқастарға қатысады. Кейін көрген-білгендерінің негізінде «Албан көтерілісі» атты тарихи дастан жазды. 1960 жылға дейін Жаркент, Нарынқол, Кеген аудандарында әртүрлі қызмет атқарып келген.

Қ.Сауранбаев бұл жырды кімнен қашан, кімнен үйренгендігі жайында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері Мәлике Ғұмароваға жазған хатында былай дейді: «Қобыланды батыр» жырын жасымнан естіп, ел ішіндегі жыршылардан үйренгем. 1926 жылы Жаркентте Құлзақ Амангелдіұлына кездестім. Өзі сондай жыршы, ақын жігіт еді. Өз айтуына қарағанда Қарағанды облысынан. Екеуіміз жиырма күндей жолдас болып бірге жүрдік. «Қобыланды батыр» жырын сол кісіден үйрендім. 1955 жылы Дәкен Шалабеков деген жігітпен таныстым. Сонда «Қобыланды батыр» жырын арабша жазумен жазып және жырлап та бердім», – дейді [19].

Бұл қолжазба Қ.Амангелдіұлының нұсқасын толық қайталайды. Соған қарағанда, бұл мәтінді Құлзақ қолжазбасының көшірмесі деуге болады. Қолжазба институт қорында (12-бума) сақтаулы. Мәтін еш жерде жарияланбаған.

«Қобыланды батыр» жырлаған жыршының бірі – Жаңбыршыұлы Сүйіншәлі. Сүйіншәлі 1880 жылы Орынбор облысы, Ақбұлақ ауданы, Сазды ауыл советі Шағын деген жерде туған. Руы – әлім, ішінде кете. Жас кезінде серілік құрып, домбырашы, әнші атанған. Бітеген, Қазмағамбет секілді жырауларға еріп, батырлар жырын үйренген. Жасы отыздан асқан кезінде өзі де ел аралап, «Қобыланды батыр», «Жетімтай мен Жетімек», «Алпамыс», «Қарасай-Қази» т.б. жырларды айтып жүрген. Мұнымен қатар ауыл-үй арасында өлең шығарып, айтысқа да қатысқан. Сауаты болмаған адам, оның шығарған өлеңдері хатқа түспеген [20,380]. Сүйіншәлі нұсқасы алғаш рет 2006 жылы «Бабалар сөзі» жүзтомдығының

35-томында жарық көрді. Жыр мәтінін айтушыдан 1958 жылы Тіл және әдебиет институты ұйымдастырған Орынбор экспедициясының мүшесі, сол кездегі Орал педагогтік институтының аға оқытушысы Мәтжан Тілеужанов жазып алған.

Тілеужанов Мәтжан (1927-1995) – ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор. Ол Батыс Қазақстан аумағынан ауыз әдебиеті нұсқаларын ұзақ жыл жинап, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына тапсырып, қордың молайуына зор үлес қосқан және сол институттың ұқыпты жинаушы-корреспонденті болған.

Қолжазба қорында сақтаулы 378-бумада сол кездегі Тіл және әдебиет институтының директоры, академик С.Кеңесбаев қол қойып, М.Тілеужановқа тапсырған жинаушы куәлігінің көшірмесі сақталған. Онда былай деп жазылған: «Удостоверение дано кандидату филологических наук, старшему преподавателю Уральского Государственного педагогического института имени А.С.Пушкина товарищу Тлеужанову Матжану Максимовичу в том, что он действительно является одним из активных корреспондентов-собрателей Института языка и литературы Академии наук Казахской ССР.

На товарища Тлеужанова М.М. возлагается систематический сбор образцов устно-поэтического творчества казахского народа, как дореволюционного, так и советского периодов (эпос, социально-бытовые и лирические песни, сказки, сказы, пословицы-поговорки, загадки и скороговорки, песни колхозников и т.п.).

Қолжазбаны Мәтжаннан алып, ӘӨИ қорына тапсырған – фольклортанушы ғалым Тұрлыбек Сыдықов.

Сүйіншәлі Жаңбыршыұлы жырлаған нұсқа туралы пікірлер О.Нұрмағанбетованың еңбегінде сөз болады. Ғалымның пікірінше, осы нұсқада «Қобыланды батыр» эпосының байырғы желісі барынша сақталған.

Бас қаһармандардың есімдері, іс-әрекеті шығармадағы мотивтер тізбегі де ұқсас болып келеді. Мысалы: Қыдырбайдың қартайған шағына дейін баласыз болуы; ата-анасының Құдайдан бала тілеп, дала кезуі; тілектерінің қабыл болуы; Қобыланды ержетіп, көрші елдегі Көклән кемпірдің қызы Құртқаға үйленуі; Құртқаның батырға торы тұлпарды күтіп өсіруі; жауды жеңіп, елін азат етуі, т.б – көптеген жыр нұсқаларына ортақ сарын.

«Қобыланды батыр» жырының біраз нұсқаларын салыстырып карағанымызда, Сүйіншәлі нұсқасында басқа варианттарда кездеспейтін

жыршының өз қолтаңбасы бар екені байқалады. Мысалы: Қыдырбайдың әйелі Ақзарбап баласын босана алмай жатқанда, Орақ, Мамайдың шешесі – Қараүлектің көмекке келуі; Қарасай батырдың Қараүлекке көмекші іздеп кетуі; Ақзарбаптың қырық тұлпардың дүбірінен шошынып босануы; Құртқаны қалмақтың ханы Қанабоз алмақ болып жатқанда, Көклән кемпірдің ер Ағысты ноғайлының батырлары: Айсаның ұлы Ахметке, Көкшенің ұлы Қосайға, Ақшабайұлы Төреханға, Жаманбайдың баласы Әуезге, Көрұғлының баласы Бозайға, Қобыландыға хабар бер, деп жұмсауы; Қыдырбайдың Қобыландыны жасырып қоюы; Көклән кемпірдің Қобыландыны өзі іздеп келуі; қысылғанда жөн, адасқанда жол табатын Сыпыра жырау бейнесі басқа нұсқаларда кездеспейді.

Аталған жырдың сюжеттік құрылымында басқа қазақ эпостарындағы секілді ғажайып туу, батырға лайық тұлпар, күші басым жау, ғайып ерен, кәміл пір, ақылды жар т.б. тұрақты мотивтер ұшырайды. Сол сияқты жырда бірен-саран ертегілік сарындар да бар. Бұған Ахмет батырдың айдаһармен соғысатын тұсын, немесе Көклән кемпірдің Қобыландының еліне келгенде, біресе түлкі, енді бірде қыз кейпіне түсуі т.б мысалдарды келтіруге болады.

Жыршы «Қобыланды батыр» эпосының түпкі сюжетін сақтай отырып, жырдың кей жерлерінде бірқатар оқиғалар мен жеке эпизодтарды кеңейте, түрлендіре жырлаған.

Сүйіншәлі нұсқасының тіл көркемдігі де біршама жоғары деңгейде екендігі аңғарылады. Мәтінде аздаған шығыстық және жергілікті сөздер кездескенімен, шығарманың тілі таза, ұғымды.

М.Тілеужанов 1958 жылғы экспедиция кезінде Сүйіншәліден «Қобыландының баласы Жетімтай мен Жетімек туралы жыр» мәтінін жазып алады. Жырдың бірқатар нұсқаларында Қобыланды батырдың ұрпақтары және олардың ерлікке толы жауынгерлік жорықтары дәріптеледі. Солардың бірі – осы Сүйіншәлі Жанбыршыұлы жырлаған нұсқа. «Қобыландының баласы Жетімтай мен Жетімек туралы жыр» деп аталатын шығарма – аты айтып тұрғандай, ұлы эпостың заңды жалғасы.

Жалпы түркі тілдес халықтардың ежелгі эпостарында атасы мен немересінің, әкесі мен ұлының соғыста қатар бой көрсетуі – дәстүрлі құбылыс. Мұндай мысалдарды «Алпамыстағы» – Жәдігер, «Көрұғлыдағы» – Әуезхан, Бозай, «Қырымның Қырық батыры» жырындағы Естерек – Тарғын, Орақ – Қарасай, Едіге – Нұрадин сияқты белгілі эпостық тұлғалардың өмірінен көруімізге болады [20].

«Қобыланды батырдың» Айсая Байтабынұлы жырлаған вариантында

бас кейіпкердің Бөкенбай, Киікбай атты ұлдары жайында жеке тарау бар. Сірә, «ел қорғаны болар ұл туса, атасының жолын қуса» дейтін халық арманы осындай циклді жырларды дүниеге әкелген, кейде тіпті, кейінгі дәуірдегі айтулы батырларды бұрынғы аға батырлардың баласы ретінде бейнелейтін тұстары да жоқ емес.

Сүйіншәлі жырлаған нұсқада Қобыландының ұлы мен қызы Жетімтай мен Жетімек те ерекше жағдайда туып, ержетеді. Олардың жаугершілік үстінде дүниеге келіп, жауларының озбырлығымен айдалаға апарып тасталуы; сәбилерді жабайы киіктің емізуі; Құртқаға көмектесетін ерендердің кереметі секілді мотивтердің түп-төркіні ежелгі түркілік эпостарға тіреледі («Алаша хан», «Шыңғыс хан», «Мұңлық – Зарлық», «Рүстем – Дастан» т.б.).

Жалпы алғанда, қазақ эпостарының тұтастануы, циклденуі, батыр ұрпақтарының жалғасы сынды іргелі мәселелер фольклортанудың маңызды бір саласы болып табылады. Бұл реттен алғанда Сүйіншәлі Жаңбыршыұлы жырлаған «Қобыланды батырдың баласы Жетімтай мен Жетімек туралы жыр» атты нұсқасы – ерекше назар аударарлық туынды. Өйткені өткен ғасырларда қазақтың батыс өлкесін, әсіресе Орынбор өңірін мекендеген қазақтар арасында кең танылған бұл жыр үлгісін ғылыми нысанға алып, эпостың сюжеттік, көркемдік және мәтіндік қырларын зерттеу мүмкіндігі енді туып отыр [20].

«Қобыланды батыр» жырының Дәулетше нұсқасының түпнұсқасы Татарстан республикасы Қазан мемлекеттік университетінің кітапханасында (№ 4999-бумада) сақтаулы. Жырдың көшірмесін 1955 жылы Мәлике Ғұмарова тауып әкелген. Ғұмарова Мәлике (1918-1987) – фольклортанушы, текстолог ғалым, филология ғылымдарының кандидаты. 1943-1987 жылдары Қазақ КСР ҒА-ның Тіл және әдебиет институтының Текстология және қолжазба бөлімінде жұмыс істеді. Жамбылдың Толық шығармалар жинағын, Көрұғлы, Қамбар т.б. батырлық жырын құрастыруға атсалысып, «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» көптомдығына батырлық, ғашықтық жырларға байланысты сипаттамалар жазып, текстолог ретінде «Қамбар батыр», «Қыз Жібек» жырларының ғылыми басылымын баспаға дайындады. Орталық ғылыми кітапханасы мен Әдебиет және өнер институты қорларындағы сирек қолжазбаларды жүйелеуге басшылық жасады.

Дәулетше туралы қолжазбада ешбір мәлімет көрсетілмеген. Тек қолжазбаның аяғында жыршының: «1-майдан бастап, 10 күні біттім. Таматтамам болды 1884 жылы қалам тибіретүкші Даулетша деп білесіз»



деген бір ауыз сөзі бар. Бұған қарағанда, Дәулетше «Қобыланды батыр» жырын өз тұрғысынан жазған адам болуы керек. Бұл жырды Дәулетше 1884 жылы 10 майда бітіріп, Қазан баспасына ұсынған [1].

Дәулетшенің араб әрпінде жазған түпнұсқасын М.Ғұмарованың өтініші бойынша Амиров К.Х. (Кәрим-Әмири) деген кісі көшіріп берген. Мәтін көк сиямен араб әрпінде жазылған. Қолжазбаның соңында Кәрим-Әмиридің: «Қобыланды бәйітін дүріш көшірдім: Амиров К.Х. 1955-1-25» деген сөйлемі бар. Жыршы мен көшірушінің өмірбаяны туралы мәлімет бұл қолжазбада көрсетілмеген. Эпос қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (4-бума.) сақтаулы.

Дәулетше жырлаған «Қобыланды батыр» жыры халық арасына қолжазба күйінде тараған. Бірақ баспа бетінде жарияланбаған. Нұсқада Қобыланды мен Қараман Қазан батырға аттанып, жеңіспен оралалуы; Қараманның айтумен Көбіктіге аттануы; Көбіктінің батырларды қолға түсіріп, зынданға салуы; Хан қызы Қарлығаның көмегімен батырлардың Көбіктіні қайта шабуы; батырлардың Алшағырмен соғысы, елін жаудан азат етуі; Құртқаның Бөгембай атты бала тууы; Бөгембайдың он алты жасқа келгенде батырлық көрсетуі сияқты әңгімелер қамтылған. Қолжазбаның бас жағында біраз беттері жоқ. Шығарма 7-8 буынды жыр желісімен жырланады.

«Қобыланды батыр» (киргизская поэма) жырының енді бір нұсқасы Мәскеудегі Мемлекеттік тарих музейінде сақтаулы. Машинкаға басылған көлемі – 29 бет. Қолжазбаны штабс-капитан Е.А.Александров жазып алған.

А.Е.Александров – Көкшетау қаласында сібірлік казактың отбасында дүниеге келген. Қазақ арасында өскендіктен қазақ тілін, әдет-ғұрпын жақсы білген. XIX ғасырдың 80 жылдарында Қазалы бекінісінде штабс-капитан болып әскери қызмет атқарған. Ол 1884 жылы Н.И.Гродеков миссионерлік мақсатта ұйымдастырған экспедицияға қатысып, көп материал жинаған. А.Е. Александров Мұсабай жыраудан «Қосай батыр», «Қыз Жібек» т.б. жырларды жазып алған. «Қыз Жібек» жырын орыс тіліне аудартқан. Сөйтіп, орыс, қазақ тіліндегі мәтіндерін баспаға әзірлеген. 1885 жылы Қазалы уезінде белгілі жырау Мұсабайдан жазып алғаны жөнінде «Записаны А.Е.Александровым в Казалинском уезде» деп айтқаны бар. Аталған мәтінді Қазалы бекінісінің прапоршигі Ағаманов орыс тіліне аударады. Бірақ аудармашы жырдың өлеңмен жазылған мәтінін сол күйінде өлеңмен аудармай, жырдың мазмұнын орыс тілінде қара сөзбен әңгімелеп берген. Мәтін А.И.Гродековтың П.И.Щукинге

жіберген қағаздарының арасынан табылған. Тарих музей қорына қалай түскені белгісіз. Мәтінді 1960 жылы Мемлекеттік тарих музейінен тауып әкелген – белгілі фольклортанушы, текстолог ғалым Мәлике Ғұмарова. Сол фондда «Қосай батыр», «Шора батыр» жырлары да бар.

Аталған «Қобыланды батыр» жырының мазмұны, композициялық, сюжеттік желілері Қобыланды туралы басқа жырлардан алшақ кетпейді. «Бұл мәтіннің құндылығы – қағаз бетіне 1885 жылы түсірілуі, яғни ол 1879 жылы Ы.Алтынсарин жариялаған «Қобыландыдан сәл кейін жазылып алынуы [2]. Ол – ғылым үшін өте қажетті нәрсе. Мәтін бұрын еш жерде жарияланбаған. Микрофильм көшірмесі ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (МФ. 8) сақтаулы.

1921 жылы Қазақстан ғылыми-зерттеу қоғамы ұйымдастырған Сырдария экспедициясына басшылық жасаған белгілі фольклортанушы Ә.Диваев біраз елді аралап жүріп «Қобыланды батыр ертегісі» деген қолжазбаны алып келеді. Бірақ қолжазба нұсқаның кімнен алынғандығы туралы дерек келтірмейді. Мұнда Қобыланды батырдың ел қорғау кезіндегі ерлігі, аңшылығы, қарсы жаудың батырын жекпе-жекте өлтіргендігі және қыран тазысының хикметтері жайында әңгіме болады. Шығарма толық аңыз-әңгіме түрінде айтылады. Қолжазба ОҒК-нің қолжазбалар қорында (210-бума.) сақтаулы. Мәтін еш жерде басылым көрмеген.

Ғалым батырлар жырын жинаумен ғана шектелмей, оларды зерттеуге де атсалысты.

Ә.Диваев батырлық жырлардағы кейіпкерлер образын, не болмаса сол жырлардың көркемдігі жөнінде пікір айтқанда үнемі шығарманың толық нұсқасын және олардың халықтық версияларын негізгі тірек етіп алады да, өзінің ой пікірлерін сол нұсқаға сүйене отырып, дәлелдеп шығады. Ол батырлық жырларды зерттегенде салыстырмалы тәсіл ұстанған. Оны ғалымның «Манас батыр» мен «Қобыланды батыр» жырларының шығу дәуіріне де топшылаулар жасап, нақты деректермен «Манас батыр» мен екеуінің арасынан үндестік табуынан көреміз. «Қобыланды батыр» жырын көне жыр ретінде бағалайды.

«Қобыланды батыр» жырының көлемді бір нұсқасын жырлаған атакты жыраудың бірі – Мергенбай жырау. Мергенбай жырау (1831-1911) Қостанай облысының Қарабалық ауданының жерінде туған. Руы – қыпшақ. Ол елге ақындық өнері кеңінен жайылған жырау болған және күй де тартқан, айтулы домбырашы болған. Осы өнерінің арқасында ол Ақтөбе, Қостанай өңірін көп аралап, жыр айтып, күй тартқан. Мергенбай

орындаған шығармалардан бізге жеткені «Қамбар батыр», «Қыз Жібек», Қобыланды батыр т.б. Мергенбай жырлаған жырлар түгел жиналмаған.

Мергенбайдың ақындық өнерін бағалаған зерттеуші-ғалым, филология ғылымдарының докторы, ҰҒА-ның корр-мүшесі Есмағанбет Ысмайылов «Ақындар» (1956) атты монографиясында жыршы-жыраулар туралы айта келіп: «Бұлар халық ерлігін, еркіндік жолындағы арман-тілектерін жырлайды. Бұл топқа жататындар – қазақтың батырлар жырын айтып таратушы Марабай, Нұрым, Мергенбай, Мұрын жыраулар. Желілі жырларды дамытып айтқандықтан халық бұларды әрі жырау, әрі жыршы деп атаған. Бұл жүйедегі жырауларда заманды, дәуірді болжап, толғап айтатын тақпақ жырлар жоқ, бұлар негізінде ел аузында айтылып келе жатқан тарихи, батырлық уақиғаларды өзінің сынынан, жөндеуінен өткізіп айтады», – деп Мергенбайды да қазақтың атақты эпик-жыраулары Марабайдың, Нұрымның т.б. қатарында айтады.

«Қобыланды батыр» жырын 1954 жылы Қостанай облысында жазып алған – Шапай Қалмағанбетов (1890-1960) – Ақтөбе облысы, Қобда ауданынан. Шапай – халық мұраларын жеткізуші. Жасынан атақты жырау Мергенбай, Досжан, Абдрахман жыраулармен бірге жүріп, олардан қазақтың эпостық жырларын үйренген. 1905-1907 жылдары арасында Мергенбай жыраумен бірге болып, одан Қобыланды батырды» үйренеді. «Қыз Жібек», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Алпамыс» жырларын да сол кезде үйреніп, кейін оларды өзінше толықтырып айтып жүрген.

Шапай Қалмағанбетов 1922 жылы басылған «Қамбар батыр» мен 1903 жылы шыққан «Тоқсан үйлі тобыр» жырын алып, өзінше толық нұсқа жасаған. Жыр арасын байланыстыру мақсатымен өз жанынан өлең қосқан. Бұл әдісін Шапай «Қобыланды батыр» жырының нұсқасын жасағанда да қолданған. Оның Қазақстан Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтына 1939 жылы әкеліп тапсырған «Қобыланды батыр» жыры – осы тәсілмен жасалған нұсқа. Мұнда Шапай атақты екі жыраудың: Марабай мен Мергенбайдың нұсқаларын қосып, өз өңдеуінен өткізіп, тұтас бір мәтін шығарған [21].

Аталған жыр варианты 1957 жылы және 2006 жылы жарық көрген «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 38-томында жарық көрді. Қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (1184-бума) сақтаулы.

Шығармада Қобыландының үйленуі, Қазан, Көбікті, Алшағырды жеңуі, баласы Бөгембайдың ерлігі сипатталады.

1936 жылы Шапай Қалмағанбетов Қостанай облысында Мергенбай жыраудың қолжазбасынан «Қобыландының баласы Киікбай» деген

жырды жазып алып, 1952 жылы Тіл және әдебиет институтының қорына (1394-бума, 1-дәп.) тапсырады. Қолжазбаның сыртында «Қобыланды батыр» деп жазылған.

Шығармада Киікбайдың жастық шағы, Қобыландының қайын жұртына баруы, Қаранас пен Ақалмастың Қобыландыны, атасы Көктім аймақты тұтқындауы, Құртқаның ұлы Бөгембай мен Қарлығының ұлы Киікбайдың Тарақты ұстап алып, Қобыландыны және Көктім Аймақты құтқаруы, Қызылды құтқарып, жауын жеңу әңгімелері шебер суреттеледі. Бұл жыр Мергенбай нұсқасының заңды жалғасы болғанымен, алғаш рет 2006 жылы «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 38-томында жарияланды.

Шапай Қалмағанбетов 1954 жылы Мергенбай жырау қолжазбасынан «Қобыландының Темірланды жеңуі» деген жыр үлгісін жазып алады. Бұл жырда Қобыланды бастаған Қараман, Орақ, Бөгембай, Киікбай батырлар қалмақ ханы Темірланды бес мың қолымен жеген оқиға баяндалады [1, 186].

Қостанай өңіріне кең тараған бұл мәтін алғаш рет «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 38-томында (2006) жарық көрді. Қолжазбасы ОҒК-ның қолжазбалар қорында (1394-бума, 2-дәп.) сақтаулы.

«Қобыланды батыр» жырының енді бір нұсқасын Орал облысы, Чапай ауданында туып-өскен Қ.Иманұлы деген кісі латын әрпінде жазып алып, 1939 жылы институт қорына тапсырған. Жырдың бұл нұсқасының мазмұны белгілі Марабай ақын жырлаған «Қобыланды батыр» жырын еш өзгеріссіз қайталайды. Соған қарағанда, Қ.Иманұлы бұл жырды Марабай қолжазбасынан латын әрпінде көшірген деп болжауға болады. Нұсқа толық, 7-8 буынды жыр үлгісіне құрылған. Қолжазбаның 67-бетінде Қобыландыны тұлпарына мінгізіп, қолына найза ұстатып салынған сурет бар.

Қ.Иманұлы нұсқасы еш жерде басылым көрмеген. Түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (76-бума, 3-дәп.) сақтаулы.

Айса Байтабынов жырлаған «Қобыланды батыр» жырының мәтіні 1941 жылы Ақтөбе облысында жазылып алынып, сол жылы қорға түскен. «Қобыланды батыр» жырын жырлаушы да жинаушы да Айсаның өзі.

Байтабынұлы Айса (1875-1955) – қазақ жырауы. Ақтөбе облысы, Қобда ауданында туған. Айсаның әкесі Байтабын өмір бойы Сейсенбі Тасбаев деген байдың жылқышысы болған. Айсаның ақындық өнері 18 жасынан басталады. Ол «домбырашы, әнші жігіт» атанады, ауыл-үй арасында өткізілетін ойын-сауықтарда өлеңді өз жанынан суырып салып айтатын болады. Ақындық өнерді Бетеген, Нұрпейіс жыраулардан

үйренген. Айса батырлық жырды көп білген, көп жырлаған. Оның репертуарында «Қобыланды», «Ер Сайын», «Көрұғлы», «Әуез батыр», «Телағыс» т.б. белгілі жырлар болған [22, 530].

Айсаның өз туындылары да мол, әсіресе Ұлы Отан соғысы жылдарында «Қазақ қызы Әлия», «Батыр Абдолла Жанұзақов» т.б. көлемді де көркем шығармаларымен танылды [2].

Е.Ысмайылов Айса Байтабынов жайында: «Ең алғаш 1940 жылы Ақтөбе қаласында Нүрпейіс Байғаниннің 80 жасқа толған мерекесінде ол екі күн жыр айтты. Нүрпейіс оны аса ықыласпен тыңдап, «Мұның жыршылығы – бізден күшті және ертеде естіген жазулы хаттай сақтайтын жүйрік жыршы», – деп аса жоғары бағалайды [23, 35]. «Айса Байтабынов өзі ақын болмаса да, жас күнінде қарт жыраулардан естіп жатпағанын өзгертпей, дәл айтуға тырысады. Айсаның өзі бұрын ел аралап жүріп айтатын профессионал жыршы болыпты. Ал бертінде жыршылықты қойыңқырап кетіпті», – деп жазады Е.Ысмайылов.

Айсаның жыр мәтіні – толық, көркемдігі жоғары, мазмұны қызықты нұсқаның бірі. Жыр мәтіні алғаш рет 2006 жылы «Бабалар сөзі» жүзтомдығының ғылыми басылымында жарияланып, ғылыми айналымға түсті. Түпнұсқа ОҒК-нің қолжазбалар қорында (828-бума) сақтаулы.

Шығармада Қобыландының Құртқа мен Қарлығаға үйленуі, Қазанды, Көбіктіні, Алшағырды өлтіруі, өз елін жаудан құтқаруы баяндалады. Жыр оқиғасында, кісі аттарында айырмашылықтар бар. Қобыландының әкесінің аты – Қыдырбай, қарындасы – Аққолаң, Алшағырдың қызы – Ханбибі болып келеді. Сол сияқты Айса нұсқасында ноғайлы батырлары – Ахмет, Телағыс, Қарасай, Қазилардың образдары суреттеледі.

Жырдың соңында: «Бұл – Қобыланның бір сөре жыры. Енді үш сөресі бар. Әрқайсының сөзі мұнан аз емес. Оқушы, тыңдаушы жолдастарға өтініш сәлем, жолдастық етемін десе, маған қатынастарыңызды тез жібер. Ертегі, 44 жыр білем. Ендігі жіберетін сөзім – Едіге сұлтан, Нұрадын. Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Өтешсай көшесі. Сөз шығарушы ақын – Байтабынов Айса. Бір балаға жазғыздым. Қатесін өздерің түзендер», – деп жазған сөйлем бар [24, 130].

1941 жылы Айсаның айтуынан қызы Қымбат «Қобыланды батырдың баласы туралы жыр» деген мәтінді жазып алады. Қолжазба сол жылы институт қорына түскен. Бұл Айса жырлаған «Қобыланды батыр» жырының жалғасы болып келеді. Жырда Қобыланды батырдың әйелі Құртқаның тұтқындалуы және баласы Жаскелеңнің ерлігі шебер суреттеледі.

Аталған нұсқа туралы академик Қ.Жұмалиев: «Қобыланды баласының жыры» атты Айса Байтабынұлының вариантында, Қобыланды, шынында да эпизодтық қаһарманның қатарында ғана суреттеледі де, негізгі оқиға Алшағырдың шабуылын, Қобыландының баласы Жаскелеңнің ерлігін, адалдық қасиетін көрсетуге арналады», – деп жазады [25, 47].

XX ғасырдың қырқыншы жылдарының бас кезінде атақты Мұрын жыраудан «Қырымның қырық батыры» деп аталатын жыр топтамасы жазылып алынғаны барша жұртқа мәлім. Ұлы Отан соғысы кезінде жауды жеңу үшін халықты батырлық рухта тәрбиелеу жолында батырлар жырының рөлі ерекше болды. Соғыстың қауырт жүріп жатқанына карамастан, облыс орталықтарына, Алматыға жер-жерлерден батырлық эпосты айтатын жыршы-жыраулар, таңдаулы ақындар шақырылды. Олардың орындаған жырлары хатқа да түсті.

1942-1943 жылдары Маңғыстаудан атақты Мұрын жырау Сеңгірбаев, Ақтөбе облысынан белгілі эпик ақын Нүрпейіс Байғанин Алматыға шақырылып, сол жолы Мұрын жырау «Қырымның қырық батыры» атты көлемді эпостан 36 батыр туралы жырды домбыраға косып орындайды. Мұрын жыраудың айтқан жырларын жазып алу жұмысына қатысқандар Халық ақындар бөлімінің бастығы міндетін атқарып жүрген қазақтың көрнекті ақыны, әдебиетші Мәриям Хакімжанова, стенограммашы М.Исаева, зерттеуші Б.Жақыпбаев және жыраудың жиені Дәуітбай Мұрынов болды. Осы жырлардың ішінде «Қырымның қырық батыры» топтамасына енетін эпостық жыр дестесі «Қобыланды батыр» жыры да бар.

Сеңгірбайұлы Мұрын (Тілеген) (1860-1952) – қазақтың көрнекті ақыны, жыршысы, қазақ халқының көне әдеби мұраларын, әсіресе батырлар жырын біздің дәуірімізге дейін жырлап келген атақты жырау. Қазіргі Атырау облысы, Маңғыстау ауданының Қоңырорпа деген жерде туып-өскен. Кіші жүз, Байұлы ішіндегі Адай руынан.

Мұрын жырау жастайынан өлеңге, әнге, күйге құмар болады. Ақын-жыршы, жыраулардың қасында еріп жүріп, солардан өлең, жыр үйренеді. Ол адайдың атақты Нұрым, Қашаған сияқты ақындарымен бірге жүріп, көп ел аралайды. Олардан көптеген жырларды, терме, толғауларды үйреніп, Хиуа, Бұқара, Қоңырат елін, Үргеніш жерін аралап, жыр-өлеңдерін айтып жүрген. Мұрын жырау олардан жырды қалай үйренгені жөнінде былай дейді: «Отыз екі жасыма келгенде Сағыздың Топырақ шашты деген жерінде Абылайдың шәкірті, бес жыл қасына ерген Нұрым Шыршықұлын өзім іздеп барып, сәлем беріп қайттым. Мен ол

кісіні алпыс бір жасында көрдім». Нұрымға өзінің өлең үйрене келгенін айтады. Қасында үш ай еріп жүріп, одан «Қобыланды батыр», «Қарасай-Қази», «Орақ-Мамай», «Телағыс» т.б. көп жырлар үйренеді [2].

Сол кезде Жазушылар одағының бірінші басшысы болып тұрған көрнекті ақын, үлкен ғалым Ә.Тәжібаев Мұрын жыраудан «Қырымның қырық батырын қалай жаздырғандары туралы былай дейді: «Батыста Мұрын сияқты он күндеп жырлайтын жыраулар кейінгі кезге дейін кездесе беретін, олардың сөзін ұзақ күндер бойы тыңдау дәстүрі де сақталған болатын... Жазушылар одағы мен Әдебиет және тіл институты бірігіп Маңғыстаудан белгілі Мұрын жырауды, Ақтөбеден атақты Нүрпейіс Байғанин ақынды шақырды. Сол жолы Мұрыннан қырық мың жол «Қырымның қырық батыры», Нүрпейістен «Қобыланды», «Құбығұл», «Төрехан» сияқты дастандар жазылып алынды» [26, 7, 144].

Ол кезде жыршы, жыраулар орындаған шығармаларды магнитофон лентасына жазып алу әдісі жолға қойылмаған еді. Сондықтан Мұрын жырау жырлаған қырық мың жол шығарманы стенограммашыға жаздырған. Мұрынның жырларын жазып алған сол кезде ҚазПИ-де стенографист болып істейтін Мәриям Исаева еді. Жазу жұмысының соншалықты қиын болғанын М.Исаева былай еске алады: «1943 жылдың күзі. Бір күні Тіл, әдебиет және тарих институтының директоры Н.Т.Сауранбаев пен Е.Ысмайылов шақырып алып, Мұрынның өз аузынан «Қырымның қырық батырын» жазып алу керек деді және мені өз жұмысымнан уақытша босатып алды. Содан кейін Есмағамбет пен Бозтай ағайды шақырып алып, мені солардың қарамағына тапсырды. Әуелі ол кісіні комитетте пленкаға жаздырып алмақ болып едік, бірақ оны жазу көп уақытқа созылатын болғандықтан, радиода жазылмайтын болды, сондықтан стенографиямен жазып алатын болдық.

Мұрын ата сол кезде Бозтай ағайдың үйінде тұратын болды. Жұмысты да сол үйде жазатын болдық... Бірақ жұмыс істеуге ешбір қолайлы жағдай болмады. Бозтай ағайдың Мұрын ата отыратын бөлмесінде стөл де, отыратын орындық та жоқ еді. Бар болғаны жерде отырып, тамақ ішуге ғана жарайтын кішкентай дөңгелек стөлден басқа ешбір жиһаз болған жоқ. Мен Бозтай ағайдың үйіне жұмыстың қалай өткізілуі жайында барғанымда салқындау, қараңғылау бөлмеде домбырасын шертіп Мұрын ата отыр еді.

Сол кездегі жағдайдың ауыр екені белгілі ғой. Жұмыс істейтін өте қолайсыз, үйдің іші қараңғылау, отырып жазатын стөл жоқ, жерде шамалы ескі киіз жаюлы. Амал қанша, себебі ол жырауды күнде академияға

әкелу, одан қайтадан үйіне әкелу үшін машина керек, әрине ол кезде бұл ешуақытта да болмайтын жағдай еді. Сондықтан әр уақыт менің өзім сол үйге барып жазуыма тура келді. Ең аяғы дұрыс қағаз да болмады ғой. Әйтеуір не керек, қиын да болса жердегі стөлде жазу үшін жерге отыру керек, аяғымды бір созып, бір жинап әрең дегенде жазып отыратынмын.

Күнара жазатын болдық. Ал енді жыраудың жағдайына келетін болсақ, тіпті нашар. Өзі кәрі кісі, оған дұрыс тамақ әзірлеп беретінде кісі жоқ, әйтеуір түскі сағат бір кезінде электр плитаға 12 жасар немересі су қайнатып береді, оның сүті де жоқ, ішетіні қара шай, жейтіні қара нан... Кешкісін үйге келіп, түні бойы шам жағып, күндізгі стенографияны қолмен арабша жазатынмын. Үйде машинка да жоқ болатын. Сол қолжазбаларым осы күні Қазақ ССР Ғылым академиясының кітапханасында сақтаулы. Әйтеуір «Қырымның қырық батырын» сол жағдайда жазып бітірдім (1975 ж. М.Исаева).

Мұрыннан сол жолы жазылып алынған «Қырымның қырық батыры» деп аталатын жырлар топтамасына енген «Қыдырбайұлы Қобыланды» жырының мәтіні алғаш рет «Батырлар жырының» 6-томында (1990), содан кейін 2005 жылы «Арыс» баспасынан жарық көрген Мұрын жырау және «Қырымның қырық батыры» атты жинақта, 2008 жылы жарияланған «Бабалар сөзі» жүзтомдық ғылыми сериясының 51-томында жарық көрді.

«Сөйтіп, сонау Асан, Сыпыралар негізін салып, олардың мұрагерлері ұзақ жылдар дамытқан ата-баба аманатын Мұрын бүгінгі ұрпаққа табыс етті. Ол телегей теңіздей мол дүниені сан жылдар жадында сақтап, ерекше шеберлікпен жүйелі орындайтын біздің дәуірімізге жеткен бірден бір үздік жыршы болды...» [27, 170].

Мұрын жырау нұсқасында өлең мен қара сөз аралас келіп отырады. «Қыдырбайұлы Қобыланды» жырының сюжеті едәуір күрделі. Жырда батырлық ертегінің белгілері айқын байқалады. Ол белгілер төмендегідей:

Жырда қарт ата-аналар Жаратқаннан бала тілеп әулиелерге түнеп, жалбарынады. Түсінде бір қарт кісі Қыдырбайға келіп былай деп аян береді:

– Басың көтер, сен, – деді,  
Сіздің үшін тілеуге  
Аллаға бардым мен, – деді.  
Алла берді тілегің,  
Ұл менен қыз туады  
Үйге барсаң қатының.



Ноғайлы атын қояды,  
Енді елге хан болдың,  
Жатпа мұнда сен, – деді,  
Хабар бердім мен, – деді...

Қыдырбайдың тілегі қабыл болып, түсінде көрген оқиғасы шындыққа айналады. Оның Қобыланды атты ұлы, Хансұлу деген қызы болады. Болашақ қаһарманның «ғажайып туу» мотиві «Алпамыс батыр», «Шора батыр», «Едіге батыр» жырларында, алтайлықтардың «Маадай – Қара», қырғыздың «Манас» «Монғолдың құпия шежіресі» «Оғызнама» сияқты эпостық шығармаларда кездеседі.

Мұрынның айтуындағы «Қыдырбайұлы Қобыланды» жырында одан әрі мынандай әңгімелер суреттеледі:

Қобыландының ержетуі; Қыдырбайдың Бек деген жылқышысының Қобыландыға жылқы бағуды үйретуі; таудың арғы жағынан айқай-шу, дауыс естілуі; Жұрттың Тәуіп ханның Құртқа дейтін қызын алуға таласуы; жігіттерден өнері асқан Қобыландының Құртқаға үйленуі; Қыдырбайдың Кербиені Құртқаға көрімдікке беруі; онан туған құлынды Құртқаның бағып, өсіруі; Қобыландының елін Алшағырдың шауып кетуі; Қобыландының Алшағырмен соғысып, ел-жұртын азат етуі т.б.

«Қобыланды батыр» жырларының біраз нұсқаларын салыстырып қарағанымызда, Мұрын, Нұрпейіс, Айса жырлаған нұсқалардың мазмұн жағынан ұқсас келетіні анықталды. Аталған нұсқалар ұқсас болғанымен өз ара үлкенді-кішілі айырмашылықтары да бар. Олар мыналар: Қыдырбайды өлтіріп, оның мал-мүлкін тартып алуды көздейтін хан Айса жырында Алшағыр деп аталады. Ал, Нұрпейіс нұсқасында Тоқтарбайдың (Қыдырбайдың) Жаратқаннан бала тілеуі көрші бір байдың «қубас» деп тілдеуінен туады. Мұрында Ақшаханның қастық ойын Қыдырбай жеті ата жақынынан естіп, тойға бармай кейін қайтса, Нұрпейісте олай емес. Айсаның айтуында Қыдырбай тойға барады, сол кезде оның алдынан Алшағырдың Әлібек деген жігіті шығып: «Бұл тойда ұлсыздарға орын жоқ, қызсыздарға қызық жоқ» дегенді айтады, бұған Қыдырбай ызаланып кейін қайтады. Нұрпейістің жырында Тоқтарбай сексен саба артып, сексен нарға алтын-күміс артып, тойға барады. Сонда ханның бір уәзірі шығып: «Бұл – қубастың сауығы емес, баласы бардың сауығы», – дейді. Тоқтарбай ашуланып, үйіне қайтады. Ал Мұрында Құдайдан бала тілеп жаһан кезеуші Қыдырбайдың өзі болса, Айсада Ақмаңдай болады. Нұрпейісте дүние кезуші – Тоқтарбай мен Аналық.

Ал, Қобыландының жорықтары жайындағы Мұрын, Нүрпейіс, Айса жырлаған әңгімелерді салыстырсақ, жырлардың бәріне ортақ әңгімені төмендегідей жіктеуге болады:

1. Алшағырдың (Ақшаханның) Қобыландымен өтірік дос болуы, батырды алдап, өлімге жұмсауы. 2. Қобыландының жауларын жеңуі. 3. Қобыландының Ақшаханнан кек алып, ел-жұртын азат етуі. 4. Қобыландымен соғысатын жау қалмақтар болып келуі (қызылбастар айтылмайды). Бұл секілді ортақ, ұқсас эпизодтарды әр ақын әртүрлі жырлайды. Мұрын мен Айса қысқа түрде айтса, Нүрпейіс әр детальді өзінше ұлғайтып жырлайды. Бұл әрине, аталған ақындардың әрқайсының стиліне, образ жасау әдістеріне, жырдың сюжетін құру, оны мәнерлеп айту шеберлігіне байланысты.

Қорыта айтқанда, жыршы «Қобыланды батыр» жырының сюжетін жадында сақтай отырып, өзіндік дарын, қиял-қарымына сай көркемдей, жаңғырта жырлағаны аңғарылады. Мұрын нұсқасы тіл көркемдігі жағынан да шебер жырланған. Жыр мәтіні ОҒК-нің қолжазбалар қорында (830-бума, 6-дәп.) сақтаулы.

«Қобыланды батыр» жырының көлемді, ең толық, күрделі нұсқасын жырлаған ақын – Нүрпейіс Байғанин.

Нүрпейіс Байғанин (1860-1945) қазіргі Ақтөбе облысы, Темір ауданында кедей отбасында туып-өскен. Жастайынан домбыра тартып, өлең айтып ел аралаған. Оның ел аралап жүріп айтқан өлең-жырларының бірқатары әлеуметтік өмір шындығын, кедейлердің аянышты тұрмысын суреттеуге, байлардың, болыс-билердің қиянатын әшкерелеуге арналған.

Нүрпейіс – асқан ірі эпикалы ақын-жыршы, сондықтан ол «Қобыланды», «Құбығұл», «Алпамыс», «Төрехан», сияқты көптеген батырлар жырын өз вариантында айтумен қатар «Ақкенже», «Нарқыз» сияқты поэмаларды шығарып айтыпты. Ол Ақтан, Қазақбай т.б. ақындармен айтысып, жеңеді.

Қазан төңкерісінен кейін Нүрпейістің ақындық таланты қайта туып, дамып, Кеңес дәуірінің шындығын бейнелеген көптеген өлең-жыр, дастандарын жырлады.

Нүрпейіс 1916 жылғы халық көтерілісі кезіндегі ерекше көзге түскен ерлердің өмірін, жауынгершілік бейнелерін суреттейтін дастандар шығарды: «Амангелді», «Қаражан», «Жақып» туралы.

Нүрпейіс ерлікті өте сүйіп жырлаған патриот ақын. Отан соғысы кезінде отан қорғау тақырыбына арнап шығарған «Комиссар Пожарский» Хасан көлі оқиғасынан алынып жазылған. «Жиырма бес» атты поэмасы

Кеңестер Одағының батыры Төлеген Тоқтаровқа арналған. «Ер туралы жыр» атты ірі оқиғалары поэмалары бар. Қазақ ССР-ның Жоғарғы Советі президиумының указы бойынша 14 қараша 1939 жылы Нүрпейіске «Өнерге еңбегі сіңген қайраткер» атағы берілді.

1940 жылы ақынның 80 жасқа толуына байланысты мерей той өткізіліп, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталады. Шығармалары жеке жинақ болып шығады [28].

«Қобыланды батыр» жырын 1942 жылы Ақтөбе облысында Нүрпейіс Байғаниннің айтуынан ақынның алғашқы әдеби хатшысы болған Ахмет Ескендіров жазып алған. Ұлы Отан соғысында қаза болғандықтан, жинаушының өз қолымен жазған түпнұсқасы сақталмаған. Жырдың латын әрпінде машинкаға басылған нұсқасы ОҒК-нің (62-бума), ал кирилл әрпінде машинкаға терілген қолжазбасы ӘӨИ-дің (1-бума) қолжазбалар қорында сақтаулы.

Қолжазбаның кіріспесінде ақынның «Қобыланды» жыры және оларды жырлаған ақындар туралы берілген мәліметі бар: «Мен он жеті жасымнан жырладым. Сол кезде тұқымды жырау Махует деген жыраудан осы Қобыландыны үйрендім. Махуеттің әкесі Ділмағамбет, Ділмағамбеттің әкесі Бітеген, Бітегеннің әкесі Терлікбай, Терлікбайдың әкесі Бақы, Бақының әкесі Жаскелең, Жаскелеңнің әкесі Бекберген деген атақты жыршылар өтіпті. Атадан балаға Қобыландының осы мен айтатын желісі қалған екен. Мен мазмұнын бұзбай, ертегісін сол күйінде беріп отырмын. Ожырай деген елден ақсақ Қонақберген деген айтқыш ақын да Қобыландыны осылай жырлады. Осы ожырай руынан Кенжеқара жыршы да Қобыландыны осылай жырлады. Қобыландының осы желісі бұрынғы басылып жүрген вариантынан көп өзгешілігі болғандықтан және шындыққа жанасымды болғандықтан, бағалы болар деп ойлаймын» [29].

Нүрпейіс орындаған «Қобыланды батыр» жырының сюжетінде басқа нұсқаларға карағанда мынандай өзешеліктері бар: нұсқада Қобыландының Қырымның қырық батырымен бірге қалмақтың Тәуке ханға қарсы күресі, Барса келмес хан мен оның қоластындағы Қаршыға, Шоңғара батырларымен соғысы баяндалған. Ал Қобыландының Қазан хан мен Көбіктіге қарсы аттануы, Шошай ханмен соғысын суреттейтін көріністер кездеспейді.

Жырдың соңында «Қобыландының жерге ат қоюы» деген бөлім бар. Мұнда Қобыландының өзі қалмақтармен шайқасқан елді-мекен, өзен-су, тауларға т.б. ат қояды:

...Қайратты туған Қобыланды ер  
Түнде шауып қалмақты,  
Талайларын жойған жер.  
«Қара Қобда» болсын деп,  
Мұны да Қобылан қойған жер.  
Сан жетпейтін қалмақтың  
Тірісі қашып кеткен жер,  
Амалдап қашып көшкен жер.  
Сан жетпейтін қалмаққа,  
Сарғайып таң атқанда,  
Артынан қуып жеткен жер.  
«Сары Қобда» болсын деп  
Мұны да қойған Қобылан ер.  
Қойдай жауды қуған жер,  
Бүлігін салып қырған жер.  
Бөлек таудың басында,  
Қарауыл қарап тұрған жер.  
Кеудесі тақыр қыр екен,  
«Тазқаралы» болсын деп,  
Мұны да қойған Қобылан ер...

деп жалғасып кете береді.

Қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін көптен бері мұқият жинап, үлкен еңбек сіңірген қарт жинаушыларымыздың бірі – Малабаев Рахметжан 1947 жылы Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданында Жамболов Қалмағанбеттің қолжазбасынан «Қобыланды батыр» жырының мәтінін жазып алады. Жамболов Қалмағанбет Қостанай облысы, Қаратөбе ауданы, «Сәуле» колхозында туып-өскен. Жыр түпнұсқасы 1924 жылы Қалмағанбеттің өз қолымен араб әрпінде жазылған екен. Шығарма мәтіні еш жерде жарияланбаған. Қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (841-бума.) сақтаулы.

Қалмағанбет жырлаған нұсқа Қостанай облысына қараған «Қобыланды батыр» жырының нұсқаларына ұқсас болып келеді. Шығармада Қобыландының Алшағыр, Көбікті, Қазанға аттанып соғысқаны баяндалған. Қобыланды мен Қараман Көбіктімен соғысып, қолға түседі. Ханның қызы Қарлыға Қобыландыларды зынданнан босатып, өзі соларға қосылып, Көбіктінің жылқысын айдап қашады. Көбіктілер қуады. Қобыланды, Орақ, Қараман, Қарлыға төртеуі бірігіп соғысады. Хан Көбікті, оның батырлары Ағалас, Тоғанас, Ақтайлақ,

Нарқызыл, Қарадәу, Қарабастар осы соғыста қаза болады. Інісі Быршымбайды Қарлығаның өзі өлтіреді т.б. оқиғалар суреттеледі. Жыр Қобыландының Қазан батырмен жекпе-жекте сөйлесіп тұрған жерінде аяқталады. Қалмағанбет нұсқасы толық емес.

«Қобыланды батыр» жырының енді бір нұсқасын Сыр елінің белгілі жыршысы Ешімов Ержаннан жазып алған Боранбаев Қожабай мен Тойбазаров Жұмамұрат. Мәтін 1954 жылы Қазалы қаласы, Хамит Қажкепов деген кісінің үйінде жыраудың айтуы бойынша кирилл әрпінде қарандаш, сиямен аралас жазылған. Ержан жырды бұрын кім жырлағанын білмейді, шамамен 1920 жылдары жаттап алғанын айтады.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қолжазбалар қорында сақтаулы (371-бума, 10-дәп.) қолжазбада жыршы туралы Қ.Боранбаевтың келтірген мынандай құжаты бар. Ол: «Ержан Ешимов, примерно ему лет 50. Инвалид II-гр. По состоянию здоровья. Адрес его: ст. Ново-Казалинск, ул. Шмита, № 78. «Кара Кыпчак-Кобланды» автора он не знает, выучил ее примерно, 1920 году. Я ее записал в августе 1954 году».

1954 жылы Тіл және әдебиет институты ұйымдастырған «Қызылорда экспедициясы» мүшелері Ержан Ешімов үйінде болып, қолжазбаны алып келіп, институт қорына тапсырады. Тапсырушы – сол кезде Тіл және әдебиет институтының ғылыми қызметкері болып істеген Т.Есенгелдин. Ол кейін Шымкенттің облыстық мәдениет бөлімінде қызмет істеді.

Жыр түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (9-бума) сақтаулы. Мәтін алғаш рет «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 36-томында жарық көрді.

Бұл жыр мазмұны Марабай ақын жырлаған нұсқаға көп ұқсайды. Жыр әңгімесі Қобыландының Алшағырдан ел-жұртын босатып алуы, қыпшақтардың Қараспанға қайта көшіп келуімен аяқталады. Ержан Ешімов нұсқасы толық емес.

«Қобыланды батыр» жырының Дәнекеров Әбілқайыр орындаған нұсқасын институттың 1954 жылғы Қызылорда облысына барған экспедициясының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты Тұрлыбек Сыдықов Қармақшы ауданында жазып алған.

Дәнекеров Әбілқайыр 1894 жылы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында туған. Жеті жасынан 10 жасына дейін арабша оқиды. Жасы жиырма беске келгенше бақташылық, егіншілікпен кәсіп етеді. 1924 жылдан 1940 жылға дейін Қармақшыдағы механикалық заводта істейді.

1940-1951 жылдары Жосалы темір жол станциясында паровоз тазалаушы болады. Содан еңбек демалысына шығады.

Ол өзі өлең шығармағанымен, он бес жасынан бастап халық ақындарының айтуынан «Қобыланды», «Қамбар», «Қыз Жібек» т.б. жырларды жаттап, ел арасында айтып жүреді. Бірақ ол жырларды кімнен үйренгенін есіне сақтамаған [30]. Дәнекеров Әбілқайыр нұсқасы толық және 7-8 буынды жыр үлгісіне құрылған.

Шығармада Қобыландының Қазан, Көбіктімен соғысып жеңуі суреттеледі. Қобыландының көрген түсін Құртқаның жоруы, батырдың жауға қарсы аттануы т.б. эпизодтар шебер баяндалады. Әбілқайыр нұсқасы халық арасына кең тараған Марабай ақын нұсқасына ұқсас болып келеді.

Жыр мәтіні ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (3-бума) сақтаулы. Шығарма еш жерде жарияланбаған.

«Қобыланды батыр» жырын жырлаған адамның бірі – Дүтжан ақын. Оның кім екені, туған-өскен жері белгісіз. Жыр көлемі шағын, аяқталмай қалған. Бұл мәтінді 1954 жылы Батыс Қазақстанда жазып алған – Ш.Қалмағамбетов.

Шығармада Қобыландының Құртқаға үйленуі, Қызыл ерді жеңуі, Қазан батырға аттанғалы жатқан кезі суреттеледі. Мазмұны алдыңғы нұсқаларға ұқсас келеді. Мәтін еш жерде жарияланбаған. Қолжазба ОҒК-нің қолжазбалар қорында (1394-бума, 3-дәп.) сақтаулы.

М.Тілеужанов «Қобыланды батыр» жырының тағы бір нұсқасын 1954 жылы Битілеуов Нұрсейіт жыраудан жазып алады.

Битілеуов Нұрсейіт (1903-1970) – Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданы, Егіндікөл ауыл соваетіне қарасты «Социалды» колхозында тұрған. Ата-анасы ерте өліп, жастық шағын кісі есігінде жалшылықта өткізеді.

Нұрсейіт он үш-он төрт жасынан бастап өнерге бой ұрған. Ауыл әнші-жыршыларының өлең-жырларын зейін қоя тыңдап, өзі де сол өнер жолына түседі. Жыршылық өнерде белгілі Қалмағамбет жыршыдан тәлім алып, одан үйренген «Қобыланды», «Қарасай-Қазы», «Орақ – Мамай», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек» жырларын ұзақ жылдар жадында сақтап, кейін қағазға түскен нұсқаларын қолжазба қорларына өткізеді [21].

Нұрсейіт жас кезінде атақты Мұхитты көріп, оның асқақ әндеріне еліктеген, біраз уақыт әйгілі әншінің қасында еріп жүрген. Ол Махамбет жырларын да түгел білген. Ығылман Шөрековтың Махамбет туралы «Исатай-Махамбет» деп аталатын поэмасын да толық білген. Нұрсейіт

Битілеуов бұлардан басқа қолма-қол әзіл-сықақ өлеңдер шығаруға шебер болған, бірақ оған онша көңіл қоймаған. Көбіне батырлық жырларды айтуға машықтанған. «Жыршы көбіне түнде, жұмыстан қолы босаған кезде айтушы еді, оның жырларын халық ұйып тыңдайтын», – деп жазады Мәтжан Тілеужанов. Нұрсейіттен «Қобыланды батыр» жырын өзі қалай жазып алғаны жайында ол былай дейді: «Біз Нұрсейітті 1954 жылы июль айында мал бағып жүргенде кездестірдік. Шағын семьясы бар-тын, қазіргі ержеткен балалары уақ болатын. Ол кісі бізге «Қобыланды» жырының вариантын түнде май шамның жарығында, түс кезінде мал ауылға келгенде жаздырған еді. Біз оның асықпауын, жырды түгел жаздыруын талап еттік. Өзі кемтар болатын, атқа әрең мінетін, соған қарамай, қызметтен қол үзгісі келмеді. Біз малмен бірге өріске де барып жаздық. Жаздырғанда тоқтап қалса, ұмытқан жерін еске алу үшін, жырдың едәуір жерінен қайта бастап әлгі ұмытқан жерін еске алатын. Біз жазуға екі кісі болып кірістік, ол жылдам айтты, бізге диктовка етуге оның мүмкіндігі болмады, ұмыта берді.

Нұрсейіттің мінезі салмақты, көп сөйлемейтін, әсіресе, өзі туралы аз айтты, бізге тіпті өмірін айтқысы да келмеді. Басқа жырларын жаздыруға оның уақыты болмады, ал, әзіл-сықақтарын да есіне түсіргісі келмеді. Ешкі қырған деген дөң сол тұрған жерінен онша алыс емес екен, мал жайып жүріп, сол дөңге қарап жырын айтып отырғанын талай адам көрген, естіген екен. Өмірбаянын інісі Есенбай Сариевтен жазып алушы Мәтжан Максимович Тілеужанов» [31].

1954 жылы Тіл және әдебиет институты «Батыс Қазақстан экспедициясын» ұйымдастырады. Экспедицияны басқарған институттың аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты Тұрлыбек Сыдықов болды. Мәтжан Тілеужанов Нұрсейіттен жазып алған «Қобыланды батыр» жырының қолжазбасын экспедицияға тапсырады. Қолжазба қорға сол жылы түскен.

Аталған нұсқа «Қобыланды батырдың» басқа нұсқаларымен ұқсас болғанымен, оның сюжетінде өзіндік ерекшеліктері бар. Олар: Қобыландының әкесінің есімі – Тоқтарбай емес, Қыдырбай, ал шешесінің есімі – Ақзарап. Бұл нұсқада Қобыланды судан яки нұрдан жаралады. Ол – көне сарындардың бірі. Қобыландының тұлпары судан шыққан суын айғыр мен Кер қулық биенен туады. Тұлпардың аты Тайбурыл емес, Торыша ат болып келеді. Сондай-ақ Құртқа Біржан немесе Мергембай нұсқаларындағыдай, Көктім-Аймақтың емес, қалмақ ханы Алшағырдың қызы т.б.

Нұрсейіт нұсқасының оқиғасы қызықты тілі көркем. Нұсқа алғаш рет 2006 жылы «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 37-томында басылым көрді. Түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (10-бума) сақтаулы.

Қазақ халық мұраларын жинаушылардың бірі Тұяқбаев Махмұт Сұлтан «Қобыланды батыр» жырын Біржан Толымбаевтың айтуынан 1913 жылдар шамасында жазып алып, 1914 жылы араб әрпімен жеке кітапша етіп бастырып шығарған. Осы кітаптың титулдық бетінде осы мәліметті растайтын айғақты дәлелдер бар.

Кітаптың бірінші бетінде «Бастырушыға» деген атпен Махмұт Сұлтан атынан мынандай өлең шумағы берілген:

Көп сәлем Файзылрахман Шеркасовқа,  
Сіздерге жіберілді мынау нұсқа.  
Жайылса бастырылып жарар еді,  
Еңбегі біз пақырдың кетпей босқа.  
Атына ер Қобыланды қазақ қанық,  
Бірінен бірі оқыған, жазып алып.  
Қор болып, азып-тозып жүруші еді,  
Көрсін деп талап етем бұ да жарық.  
Білмеймін неге көптен басылмаған,  
Тоттары, кіршіктері ашылмаған.  
Жіберем жазып сізге есіткенді,  
Емеспін өзім жүйрік аршындаған.

Тұяқбаев Махмұт Сұлтан – жинаушы, жариялаушы. Қостанай облысы аумағында Қазан төңкерісіне дейін бала оқытып, Кеңес кезінде де осы кәсібін жалғастырған.

Жыршысы Біржан Толымбаев – бұрынғы Қостанай уезінің Қарабалық болысында туып-өскен жырау әрі ақын. 1914 жылғы Қазанда басылған «Қара Қыпшақ Қобыланды батыр» жинағында «жирау Біржан Тулимбайив» деп жазылған.

Толымбаев Біржан жырау нұсқасы толық, 7-8 буынды жыр үлгісімен айтылған. Жыр мазмұны Мергенбай нұсқасына жақын келгенімен стиль, көркемдігі, сюжет жағынан біраз айырмашылықтары бар.

Қолжазба 1955 жылы Алматыда 1914 жылғы Қазан басылымынан көшіріліп алынған. Мәтін 1914 жылдан кейін кирилл әрпінде «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 36-томында (2006) жарық көрді.

1962 жылы Қаз ССР Ғылым акадеиясы, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ұйымдастырған «Қарақалпақ экспедициясы»



Қожелі қаласында болып, Ережеп жыраудан «Қобыланды батыр» жырын магнитофонға жазып алады.

Тілеумағанбетұлы Ережеп – 1890 жылы Қоңырат-Малшы деген жерде туған. Әкесі Тілеумағанбет – жасынан өнерлі, жырау, шайыр болған адам. Ел ішінде жыршылық еңбегімен де танылған. Әкесінің лақап аты «ку молда» болған. Ку молда «Қобыланды», «Қарасай-Қазы», «Қыз Жібек», «Біржан-Сара» т.б. шығармаларды білген. Өзінің туындыларынан «1916 жыл оқиғасы», «Заманның түрі», «Көк есек» сияқты өлеңдерін атауға болады. Кеңес тұсында Ережеп әртүрлі қызмет істеген, кейіннен біріңғай жыраулық өнерге ауысып кетеді. Ережеп әкесінің дастандарын жазбасынан үйренген. Экспедиция құрамы төменгі зерттеушілерден құралған: Экспедиция жетешісі: Ысқақов Балташ (1915-1987) – әдебиет зерттеуші-ғалым, фольклортанушы, сазгер. Семей облысында туған. Филология ғылымдарының кандидаты. Абай атынындағы ҚазПИ-ді бітірген. Семей, Өскемен педагогикалық институттарында аға оқытушы, халық ағарту бөлімінің инспекторы, ҚР ҰҒА М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында (1959-1978) аға ғылыми қызметкер болып, 1978-1980 жылдары Қазақстанның тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы Орталық Кеңесінің бөлім меңгерушісі болып қызмет істеген. Ғылыми-зерттеу еңбектері қазақ фольклоры мен әдебиет тарихы мәселелеріне арналған. 200 астам ғылыми мақалалардың авторы. 3 томдық «Айтыс» (1965-1966), 3 томдық «Қазақ ертегілері» (1962, 1964), «Пернедегі термелер» (1965), «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» (1-3 томдар) кітаптарын дайындап, құрастырған. Сәбит Дөнетаев өмірі мен шығармашылығын жан-жақты зерттеді. Ауыз әдебиетінің жүздеген үлгілерінің текстологиясын жасап, жинақтарда, баспасөзде жарияланды. «Қорқыт ата кітабын» түрік тілінен аударып шығарды (1994). Сазгер ретінде он шақты әндері қазақ радиосы арқылы үнемі беріліп келеді. Бірнеше медальдармен марапатталған [32, 707].

Бекқожина Талиға (экспедиция мүшесі) (1919-1995) – музыкатанушы, әнші, фольклор мұраларын жинаушы. Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясын тамамдап, ұзақ жылдар бойы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қызмет атқарды. Ол қазақ халқы ауыз әдебиеті үлгілерінің ноталық жазбаларын жасау арқылы қазақ жырлары мен өлеңдері үлгілерін айтушылардың әуендеріне мәңгі өмір сыйлады. Солардың негізінде «Қазақтың 200 әні» (1972), «Қазына» (1979), «Шәкәрім» (1989), «Даланың назды саздары» (1996) сияқты зерттеу еңбектер жазды.

Қанағатов Телмұхамет (экспедиция мүшесі) ұзақ жылдар аталған институттың «Қолжазба және тестология» бөлімінде ғылыми қызметкер болып жұмыс істеген.

Олар Алматыға келген соң магнитофонға жазылған «Қобыланды батыр» жырын қағазға түсіріп, машинкаға бастырған. Осы нұсқа институт қорында (482-бума) сақтаулы тұр. Ережеп жырлаған «Қобыланды батыр» жыры Батыс Қазақстан өлкесіне, Қарақалпақ қазақтарына кең тараған. Жыр мәтіні алғаш рет 2006 жылы «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 37-томында жарық көрді.

Ережеп нұсқасында қалың қыпшақ елінің қариясы Қыдырбайдың түс көріп, түсінде әулиелер аян беріп, Қобыланды мен Хансұлу атты ұл-қызы болуы, Қобыландының 9 жасқа келгенде көрші елдегі айғай-шуды естіп, Алатайға мініп жорыққа аттануы, шығармада Сауап хан жайында, Кербиенің құлындауы, құлдардың батырға берген кеңесі, Құртқаның тұлпарды қалай баптап күткені, тұлпардың аспанға ұшып, Құртқаның шақыруымен қайта оралғаны, Сәтемір ханның қырық жігітті азғыруы туралы көптеген қызықты әңгімелер баяндалады.

Аталған нұсқаның өзге эпос – варианттарына қарағанда кейбір айырмашылықтары бар. Солардың бірі Қобыландының әкесі Қыдырбайдың қалмақ ханы Алшағырдың қолынан қаза табуы. Бұл көрініс жырдың басқа нұсқаларында кездеспейді. Сол сияқты Құртқаның Қобыландыға жазып кеткен хаты да осы нұсқаның өзіндік өзгешелігін көрсетеді. Ережеп жырау нұсқасы – толық, көркем тілмен жырланған туынды.

1963 жылы аталған қорға Ережеп жырау орындаған «Қобыланды батыр» жырының тағы бір қолжазбасы тапсырылады. Бұл нұсқаны филология ғылымдарының докторы, қарақалпақ ауыз әдебиеті үлгілерін көптен бері тиянақты жинап, зерттеп жүрген ғалымдардың бірі Қабыл Мақсетов тапсырған.

Бұл нұсқаны Қабыл Мақсетов Қарақалпақ АССР-на қарасты Қоңырат ауданында тұратын Ережеп жыраудың айтуынан 1960 жылы жазып алып, машинкаға бастырған бір данасын 1963 жылы М.О.Әуезов атындағы институтына жіберген [1, 221].

Қ.Мақсетов жинаған «Қобыланды батыр» жырының мазмұны 1962 жылғы Қарақалпақ экспедициясына қатысқан Б.Ысқақов, Т.Қанағатов, Т.Бекқожиналар жазып алған «Қобыланды батыр» жырымен бірдей. Қолжазбасы 482-бумада сақтаулы.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында (14-бума) «Ноғайлы Қара қыпшақ Қобыланды батыр» деген жыр қолжазбасы сақтаулы. Кімнен, қашан, қайда жазылып алынғаны белгісіз. Жыр Ормамбет би өлгенде «бір тұяқ» қалған екен. Бұл Қыдырбай деген «тоқсан тоғай мал біткен, тоқсан қара құл біткен асқан бай екен. Осы байдың тұсында Жәңгір хан той өткізеді. Осы тойға жүз нарға жүк артып, жүз түйеге саба артып Қыдырбай жөнеледі. Әйелі Қарашаш барма десе тіл алмайды. Той жасаған ауылға жақындағанда алдынан көк шекпенді, көк атты бір адам көлденеңнен сөз қатады:

– Ұлы да жоқ Қыдырбай,  
Қызы да жоқ Қыдырбай  
Дүз ту бие жетелеп,  
Дүз түйеге саба артып,  
Қайда кетіп барасың,  
Қуарып қалған қу бастым?! – дейді.

Бұған ызаланған Қыдырбай жүз түйені бауыздап, жүз сабаны пышақтап тойға бармастан кері қайтады.

– Жетпіс беске келгенше,  
Жалғыз перзент бермедің.  
Дүние сені не етейін,  
Бәрін талақ етейін.  
Темірден кебіс киейін,  
Темірден таяқ қолға алып,  
Жапанды жалғыз кезейін,

– деп, Құдайдан бала сұрап кезіп кетеді деп басталып, әрі қарай басқа нұсқаларға ұқсап жырланады. Нұсқа толық емес.

«Қобыланды батыр» жырының аса көлемді үлгілерінің бірі – Сәдуақас Ділманов нұсқасы. Ділманов Сәдуақас 1894 жылы Ақтөбе облысында туған. Сәдуақас – жасынан қолына домбыра алып, ән салып халық арасында ақын-жырау атанған адам.

Жыр нұсқасы 1969 жылы Ақтөбе облысында жазылынып алынған. Институт қолжазба қорына 1969 жылдың аяғында тапсырған – белгілі жазушы әрі аудармашы Ғалым Ахметов. Ол 1906 жылы Ақтөбе облысы, Ключевский ауданында туған. «Жорық жылдары», «Жем бойында», романдары, «Ескі достар», атты әңгімелері мен естеліктер жинағы шықты. Л.Н.Толстой мен А.П.Чеховтың әңгімелерін, И.С.Тургеневтің «Соңғы сұрлеу» т.б. аударды.

Сәдуақас Ділманов нұсқасының сюжетінде де айтарлықтай ерекшеліктер бар. Тумысынан алып күш иесі болып туған Қобыланды алты жаста Көктеннің қызы Аққұртқаны, он үш жасында Көбікті ханды өлтіріп, қызы Қарлуға сұлуды алады.

Бір күні Аққұртқа түс көріп, Барса-келместі мекендеген Алып ханның қызы Илияның Қобыландыға ғашық екенін біледі. Құртқа Илияны Қобыландыға Барса-Келмеске жібереді. Қасына сенімді серігі Бозмұнайлы Ерсайымды жібереді. Бұлар жолда көп қиындықтар көріп, Қаратауға жетеді. Қырымның батырларының таудан асып, есікті бұзып өте алмағандығы жөніндегі таңба жазуларды көреді. Соңында Қарасай, Қазидың есікті бұза алмай, «Қырық кадам күншығысқа барсаң, сол жерде есік бар» деген жазуын көріп, қақпаны бұзады. Қобыланды батыр елін жаулап алған қалмақтың батыры Шойынкөкті жеңіп, Алмамбет ханды өз тағына отырғызады. Ақыр соңында жауларын жеңіп, Илия сұлуды үшінші жары етіп алады. Бәрі аман-есен еліне оралады.

Сәдуақас Ділманов нұсқасы алғаш рет 2006 жылы «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 37-томында басылым көрді. Қолжазбасы институттың қолжазбалар қорында (695-бума) сақтаулы.

Сөйтіп, жоғарыда талданған жиырма сегіз варианттың бәрінде жырдың басталуы, болашақ батырдың дүниеге келуі, ереше өсуі кеңінен суреттеледі. Барлық жырдың мазмұны ешбір өзгеріссіз болып көрінгенімен, әр нұсқада әлгі мотивтің, эпизодтардың айтылу тәсілі, суреттеу мәнері, көркемдік құралдыры, жыр көлемі әртүрлі болып келеді. Жырдың осындай айырмашылықтары болғанымен, оның астарында қалың бұқараға қамқорлық жасай алатын ержүрек батырды аңсаған халық арманы жатыр. Сондықтан халық жыры бас кейіпкердің «ерекше балалық шағын» ерекше дәріптеп көрсетеді. Бұл – фольклорлық шығармаға тән құбылыс.

Кеңестік дәуірде «Қобыланды батыр» жырының кейбір нұсқалары басылым көріп, Қобыланды жайында көптеген ғылыми мақалалар мен еңбектер жазылды. Бұл орайда М.Ғабдуллин мен Т.Сыдықовтың зерттеулерінде құнды пікірлер айтылғаны мәлім.

Өкінішке орай, еліміз егемендік алғанға дейін науқандық идеологияның шашбауын көтеріп, рухани мұраларымыздың бәрін тұтас игеруден гөрі, оларды біржақты бағалау орын алып келді. Негізгі сюжеттік арқауы ел бірлігі мен жер бүтіндігін, халық амандығы мен азаттығын баяндайтын «Қобыланды батыр» сияқты

жырлар мен аңыз-әңгімелер т.б. идеясы жат шығармалар ретінде танылды.

Қазақстан тәуелсіз мемлекет болып, егенмендік алғаннан кейін қоғам өміріндегі осы өзгеріске байланысты тарихтың көп мәселелері қайта қаралды. Халқымыздың өткен дәуірдің оқиғаларын бейнелейтін мұралары бағаланды, бұрын орын алып келген қате көзқарастар өзгерді. Соның бір айғағы ретінде Қобыландыға арналған О.Нұрмағанбетованың 2003 жылы жарық көрген «Қазақтың қаһармандық эпосы Қобыланды батыр» атты зерделі зерттеу еңбегін, ел шетіне жау келген тұста қалың қолды бастап, елді қорғаған батыр бабамыз туралы халық тарихындағы әдеби мұраларымыздың «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарияланған «Бабалар сөзі» сериясының ғылыми басылымдарында жарық көргенін айтуға болады.

«Қобыланды батыр» туралы жырлардың бұрын баспа бетін көрген нұсқалары сол кездің саяси-қоғамдық талаптарына орай мәтіндік өңдеу, редакция жүргізілгені жасырын емес. Бұған қоса ілкі жинақтарда түсіп қалған, яғни қолжазбадан қате оқылған жыр жолдары мен жекелеген сөздердің өзгертілген тұстары кездеседі. Оған бір-екі мысал келтіре кетейік. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырының 1932, 1939 жылдары басылған мәтіндерін Ә.Диваев нұсқасымен (Ташкент, 1922) салыстырып, текстологиялық жұмыс жүргізу барысында, аталған жинақтарда кейбір кемшіліктер кеткені анықталды.

1. Қазан ердің Қобыланды батырмен жекпе-жекке шығатын тұсында, Қазан батыр Қобыландыға: «Үстіндегі ақ сауыт, астыңдағы Бурыл атты қан тигізбей бер», – дейді. Қобыландының Қазанға беретін жауабында екі өлең жолы 1251, 1252-жолдар қалып кеткен. Сонда мәтін төмендегідей болып келеді:

*1922 жылғы басылым:*

Қобыланды сонда сөйлейді:

– Мал саттым алтын-күміске,

Ат беруге қимаймын,

Сендей дінсіз, жөнсізге,

Ат алудан қашпаймын,

Алғанымша асықпа.

Келмей жатып, ат сұрап,

Қызылбас неден есірді...

*1932, 1939 жылғы басылымдар:*

Сонда Қобыланды сөйлейді:

Мал саттым алтын-күміске,

.....

.....

Ат алудан қашпаймын,

Алғанымша асықпа.

Келмей жатып ат сұрап,

Қызыл бас неден есірді...

Соңғы екі басылымдағы өлең жолдарының түсіп қалуы, біріншіден, өлең ұйқасын бұзған, екіншіден, ішкі логикалық көркемдігі біртұтастығынан айрылған.

Осы секілді мәтін өзгерістері басылымдардың 76, 94, 120-бб. (Мұқанов басылымы), (С.Сейфуллин) 114, 123-беттерінде кездеседі. Бұл кемшіліктер құрастырушылар тарапынан кеткен қате емес. Біздің ойымызша, мәтінді машинкаға терген кезде кейбір өлең жолдары түсіп қалған болу керек.

2. Екі басылымда да түпнұсқалық һәр (әр), һәркім (әркім) менім (менің), һеш (еш) сөздері қазіргі тіл қолданысында берілген.

3. 1939 жылғы басылымда, 95-бет, 1226-жолда «барқыт» сөзі «жібек» болып өзгертілген т.б.

«Қыдырбайұлы Қобыланды» жырының 1990, 2005 жылдары басылған мәтіндерін түпнұсқамен (Ш. 830, 6-дәп.) салыстырып, текстологиялық жұмыс жүргізгенде басылымдарда, өкінішке орай, төмендегідей кемшіліктер кеткен:

1. 2005 жылғы басылым 1990 жылы шыққан мәтінді өзгеріссіз қайталайтыны анықталды.

2. Аталған басылымдарда мәтін біраз қысқартумен, ал қара сөзбен баяндалған тұстарының редакцияланып жарияланғаны анықталды.

Дәлірек айтқанда 1990, 2005 жылы жарияланған «Қыдырбайұлы Қобыланды» жырының 130-ға жуық өлең жолы кітапқа енбей қалған. Соған мына бір үзіндіден мысал келтірсек, Қобыландының Алшағырдан ел-жұртын азат етіп, Хансұлумен кездесетін тұсын суреттейтін көрініс

– Айналайын, жан аға,  
Келдің бе Алшағыр  
салған қалаға?  
Жолықтың ба, ағаке,  
Бес сарықтың соңында  
Қаңғырып жүрген анама?  
Алшағырдың қасында  
Жеңешемді көрдің бе?  
«Егізім менің қайда?» деп,  
Мені іздеп келдің бе?  
Қабыл екен тілегім,  
Жаңа кірді-ау реңім.

– Айналайын, жан аға,  
Келдің бе Алшағыр  
салған қалаға?  
Жолықтың ба, ағаке,  
Бес сарықтың соңында  
Қаңғырып жүрген анама?  
Алшағырдың қасында  
Жеңешемді көрдің бе?  
«Егізім менің қайда?» деп,  
Мені іздеп келдің бе?  
Қабыл екен тілегім,  
Жаңа кірді-ау реңім.

Шығып мүйіз басыма,  
Жетіп көкке тіреуім.  
Біздің көрген жәбірді  
Мұсылманға бермесін,  
Жаратқан ынсан көрмесін...

Шығып мүйіз басыма,  
Жетіп көкке тіреуім.  
.....  
.....  
.....

Түпнұсқадағы асты сызылған өлең жолдары аталған басылымдарда түсіп қалған. Сол себепті, біріншіден өлең ұйқасы бұзылған, екіншіден, ішкі мазмұн көркемдігі біртұтастығынан айрылған. Жырдың басынан аяғына дейін созылған осы сынды кемшіліктер жинаушының қолтаңбасын дұрыс түсінбегендіктен кеткен қателер деп ойлаймыз. Осындай кемшіліктер түпнұсқа бойынша түзетіліп, мәтіндер бастапқы қалпына келтірілді. Сол сияқты бұрын еш жерде жарияланбаған «Қобыланды батыр» жырының Құлзақ Амангелдіұлы, Сүйіншәлі Жаңбыршыұлы, Дәулетше, Шапай Қалмағанбетов, Айса Байтабынов, Ержан Ешімов, Нұрсейіт Битілеуов, Ережеп, Садуақас Ділманов т.б. жырлар аталған жинаққа алғаш рет енгізіліп, ғылыми айналымға түсті.

Бір өкініштісі, 34-38 томдарға Дәкен Шалабеков, Әбілқайыр Дәнекеров нұсқалары мен жыршысы, жинаушысы белгісіз «Ноғайлы Қара қыпшақ Қобыланды батыр» жырының кірмей, ғылыми айналымға түспеуі. Туған әдебиетімізді терең зерттеуде, жырлардың нұсқаларын, версияларын салыстыру саласында бұл қолжазбалардың пайдасы зор болар еді.

Қорыта айтқанда, еліміздің сирек қорларында «Қобыланды батыр» жырының отызға жуық нұсқасы бар. Бұлар әр жылдардағы экспедиция материалдарымен молайып отырады. Сондықтан қолжазба қорларындағы батырлық жырлардың жиналу тарихын баяндап жазу шет ел зерттеушілері, отандық гуманитарлық ғылымдар саласында іргелі зерттеу жүргізетін ғалымдар үшін аса құнды деректер жөніндегі анықтамалық құрал қызметін атқарады. Және түркі тілдес елдер мен отандық фольклортанушы ғалымдарға белгісіз жүздеген мәтіннің жиналу тарихы дәйекті етіп дәлелдеуге таптырмайтын дереккөз болып, іргелі зерттеулер жүргізуге мүмкіндіктер туғызады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 1-том – Алматы, 1975.
2. Нұрмағанбетова О. Қазақтың қаһармандық эпосы Қобыланды батыр. – Алматы, 2003.
3. Алтынсарин Ы. Киргизская хрестоматия. – Оренбург, 1879.
4. Сейфуллин С. Шығармалар. ҮІ-том. – Алматы, 1969.
5. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1964.
6. Маргулан А. О носителях древней поэтических культуры казахского народа // М.О.Ауэзов. Сборник статей к его 60-летию. – Алма-Ата, 1959.
7. Қара қыпшақ Қобыланды батыр. – Қазан, 1914.
8. Қобыланды батыр // Батырлар. 1-кітап // Бастырып шығарушы – Ә.Диваев. – Ташкент, 1922; Қобыланды батыр // Батырлар жырының жинағы. 2-кітап // Шығарушы – С.Сейфуллин. – Қызылорда, 1932. Қобыланды батыр. // Батырлар. Кітапты шығарған – С.Мұқанов. – Алматы, 1939. Қобыланды батыр // Қазақ эпосы. 4-кітап // Баспаға әзірлегендер: М.С.Сильченко., О.Ә.Нұрмағанбетова. Алматы, 1957; Қобыланды батыр // Батырлар жыры – Алматы, 1959. Қобыланды батыр // Батырлар жыры // Құрастырғандар: М.Ғұмарова, Б.Уахатов. – Алматы, 1963. Қобыланды батыр. Ғылыми басылым / Құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Н.В.Кидайш – Покровская, О.А.Нұрмағанбетова. – Москва: Наука, 1975; Қобыланды батыр // Ақсаут. 1-том / Құрастырған – О.Нұрмағанбетова. – Алматы, 1977. Қобыланды батыр // Батырлар жыры. 1-том // Құрастырған – О.Нұрмағанбетова. – Алматы, 1986.
9. Женщины по киргизской былине Кобланды «Туркестанские ведомости», 1899.
10. Записки Восточного отд. Русского археологического общества. Том 24, вып. 3-4. – 1916.
11. Әуезов М. Қазақ әдебиеті. – Ташкент, 1929; Сейфуллин Қазақ әдебиеті. – Қызылорда, 1931; Мұқанов С. Батырлар. – Алматы, 1939; Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. 1-кітап – Алматы, 1958; Марғұлан Ә. Халық жырын туғызудағы мотив. «Халық мұғалімі». 1939; Орлов А.С. Казахский героический эпос. – М., Л. 1945; Жирмунский В.М., Зарифов. Х.Т. Узбекский народный героический эпос. – Москва, 1947; Ғабдуллин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. – Алматы, 1972; Қоңыратбаев. Эпос



және оның айтушылары. – Алматы, 1975; Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – Алматы, 1982; Нұрмағанбетова О. Қазақтың қаһармандық эпосы «Қобыланды батыр». – Алматы, 2003; Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы, 1993; Қоңыратбаев Т. Эпос және этнос. – Алматы, 2000.

12. Қобыланды батыр // Батырлар жырының жинағы. 2-кітап. – Қызылорда, 1932.

13. Қобыланды батыр // Батырлар. – Алматы, 1939.

14. Қобыланды батыр. 8 кл. арналған хрестоматия // Құрастырғандар: С. Мұқанов, Т. Бекхожин – Алматы, 1939, 1940, 1941 т.б.

15. Е. Көшелек өмірбаяны. ӘӨИ, Ш. 371.

16. Қобыланды батыр. Ғылыми басылым / Құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: Н.В.Кидайш – Покровская, О.А.Нұрмағанбетова. – Москва, 1975.

17. Монғолдың құпия шежіресі. – Өлгий, 1979.

18. Манас. 1-кітап. – Фрунзе, 1958.

19. Қ.Сауранбаев. Өмірбаяны. Хаттар. ӘӨИ. Ш. 377. 1-дәптер.

20. Бабалар сөзі. 35-том. – Астана, 2006.

21. Ш.Ыбыраев, Қ.Алпысбаева, Т.Әлібеков. Халық әдебиетін жинау, жүйелеу және сақтаудың әдістемелік құралы. – Алматы, 2009.

22. Бабалар сөзі. 37-том. – Астана, 2006.

23. Ысмайылов Е. Ақындар. – Алматы, 1956.

24. Қобыланды батыр. ОҒК, Ш. 828.

25. Қ. Жұмалиев. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. 1-кітап. – Алматы, 1958.

26. Ә.Тәжібаев. Есімдегілер. «Жұлдыз» журналы. – Алматы, 1975.

27. Қ.Сыдықов. Ақын-жыраулар. – Алматы, 1974.

28. Байғанин Нұрпейіс. Қобыланды батыр. ӘӨИ. Ш. 370, 11-дәптер.

29. Н.Байғанин. Қобыланды батыр. ОҒК. Ш. 62.

30. Қолжазба. ӘӨИ. Ш. 371, 3-дәптер.

31. Қолжазба. ӘӨИ. Ш. 378.

32. Қазақ әдебиетінің энциклопедиясы. – Алматы, 1999.



## ҚАМБАР БАТЫР

«Қамбар батыр» – ел қорғау, халыққа қамқор болу жолында жасалған, ерлік істерді жырлау негізінде туған жыр. Міне, осындай идеядан туған «Қамбар батыр» жыры ұпақтан-ұрпаққа ауызша айтылу арқылы таралған. Жырдың «Қисса-и-Қамбар», Токсан үйлі тобыр» деген нұсқалары Кеңес дәуіріне дейін басылым көрді. Жырдың бір вариантын Ә.Диваев 1922 жылы Ташкентте шығарды. Содан кейін осы нұсқалар 1932, 1939, 1955-57 жылдары қайта басылым көрді. Ал 1959 жылы эпостың төрт варианты «Қамбар батыр» деген атпен (редакциясын басқарғандар: М.Әуезов, Н.С. Смирнова) жарық көрді.

Сондай-ақ, Кеңес дәуірі кезінде «Қамбар батыр» жыры өзге де қазақ эпостарымен қатар сан рет қайта басылды.

Қазір ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы институт қорларында Мырзахмет Балзақов, Хайролла Шабдаров, Анарбек Шоқатаев, Маясар Жапақов, Келімбет Серғазиев, Әбубәкір Диваев, Құлзақ Аманжолов, Асайын Ханкелдин т.б, нұсқалары сақтаулы.

Сюжет желісі жағынан «Қамбар батырдың» барлық нұсқаларында суреттелетін әңгімелер бір-бірінен алшақ кетпейді. Жырларда Қамбардың адал еңбегімен кәсіп етіп, ел-жұртын асырауы, басқыншы жау Қараманмен (кейбір нұсқаларда басқаша аталады) шайқасып, оны жеңуі, Назымға үйленуі т.б. жайында баяндалады.

Қазан төңкерісіне дейін «Қамбар батыр» жыры зерттелген емес. Тек Л.Мейер, В.Сидельников, В.Карлсон сияқты орыс ғалымдарының жырдың қазақ арасына көп тарағанын, кімдерден естігенін айтқан пікірлері ғана кездеседі.

Аталған жыр туралы зерттеулер Кеңестік дәуірде қолға алынды. Бұл орайда қазақ әдебиетшілерінен алғаш пікір білдіріп, аса жоғары бағалаған және халықтық жыр екенін көрсеткен Сәкен Сейфуллин болды [1, 374]. Онан кейін бұл жыр жайында М.Әуезов, С.Мұқанов, Л.Соболев, Қ.Жұмалиев, Н.Смирнова, Ә.Марғұлан, М.Ғұмарова т.б. зерттеушілер Қазақ эпосының тарихпен байланысы, шығу мерзімі, идеялық-көркемдік ерекшеліктері, халықтық сипаты, тіл кестесі т.б. туралы өз пікірлерін білдірді.

Аталған әдебиет зерттеушілерінің арасында «Қамбар батыр» жырын зерттеу мен жарыққа шығару шараларына көп еңбек еткен Н.Смирнова мен М.Ғұмарова болды. Бұлар 1959 жылы жырдың төрт вариантын орысша-қазақша баспа жүзіне шығарды [2]. Ал жоғарыда аталған зерттеушілер «Қамбар батыр» жыры туралы эпосқа арналған зерттеулерінде құнды ой-пікірлер келтірсе, «Қамбар батыр» эпосын зерттеу нысанасы етіп, жырдағы образдар жүйесі, көркемдік ерекшеліктері жөнінде тың тұжырымдар түйіндеп, жырдың барлық вариантын текстологиялық тұрғыдан тексеріп, салыстыру арқылы жанрлық бітімінің өзгешелігін айқындау, сондай-ақ қазақ текстология ғылымының кейбір мәселелері жөнінде ой түйген Жұмашай Рақыш 2006 жылы кандидаттық диссертация қорғап, 2009 жылы ««Қамбар батыр жыры» және оның текстологиясы» атты монографиясы жарық көрді [3].

1940-1950 жылдарда эпостық жырлардың варианттарына көңіл бөлу, қандай жағдайда айтылатынын ескеру, жырау, ақын, жыршы өнеріне назар аудару мәселесі ерекше жанданды. Атақты Мұрын Сеңгірбаев, Айса Байтабынов, Рахмет Мәзхожаев, Жамбыл Жабаев, Нүрпейіс Байғанин т.б. сияқты тамаша жыршылардың репертуарындағы эпостық жырлардың қағаз бетіне түсуі де осы кез.

Алайда ғылымдағы осындай істердің нәтижесі үнемі бақылауда болып, ресми идеологияның тар құрсауынан босанып шыға алмады. Қырғызстанда «Манас», Татарстанда «Едіге», Түркіменстанда «Қорқыт ата кітабы», Өзбекстанда «Алпамыс» сияқты эпостардың тағдыры сынға түсіп, қым-қиғаш айтыс-тартыстар жүріп жатқанда, Қазақстанда эпостық жырлардың төңірегіндегі ұрдажық пікірлер, үкім-қарарлар өзге республикалардан асып түспесе кенде қалған жоқ [4, 15].

1953 жылы Алматыда сол кездегі Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумының ұйымдастыруымен өткізген қазақ эпосы туралы дискуссиясының қорытындысы онсыз да бууылы белді онан сайын буа түскенін көрсетеді [5].

Осы жиынның нәтижесінде қазақтың «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази», «Шора батыр», «Ер Есім», «Едіге» «Ер Сайын» т.б. жырларын бұдан былай айтуға да, зерттеуге де тыйым салынды.

Жырды таптық, халықтық тұрғыдан қарастыру кейіпкерлерді бай-кедейге жіктеу, кез-келген мәтіннен осы екеуінің арасындағы қайшылықты іздеу болып табылады. Батырдың әке-шешесінің бай болуы үстем таптың қоспасы болып табылады. Батырдың түрлі себептермен жауға өзі аттануы, бөтен елді барып шабуы интернационализм принципіне жат. Ол

жауды тек өз жерінде ғана қарсы алуы керек. Осындай сүзгіден соң қазақ эпосынан дым да қалмайды. Бір кездерде оқулықта тек қана «Қамбар батыр» жырының сақталуы осыны аңғартады. Жүздеген жырлардан жалғыз эпостың қалуы «халықтық», «таптық» тәртіптің тым қаталдығын көрсетеді [4, 16].

1953 жылғы Қазақ КСР ҒА-ның Президиумы ұйымдастырған эпос жөніндегі дискуссия қорытындысынан кейін халық ауыз әдебиетінде батырлық жырлардан сынға ілікпеген «Қамбар» мен «Ер Тарғын» ғана қалдырылды. Фольклорлық шығарма жазба әдебиетке қойылатын талап тұрғысынан зерттелді, шығарманың идеясы мен тақырыбына баса мән беріліп, кейіпкерлер тек таптық-элеуметтік тұрғыда қаралды.

«Қамбар батыр» жыры алғаш XIX ғасырдың ортасында қағазға түсіп, жариялана бастады.

Жырдың алғаш қағазға түсіп, жариялануы «Киргизская степь Оренбургского ведомства» [6, 4] атты кітапта баяндалған жырдың қысқаша мазмұны беріліп, халықтың жыр оқиғасын қалмақ билігінен азат етумен байланыстыратындығы жайлы хабардан бастау алады. В.Карлсон «Қырғыз (қазақ) халық ақындары архив комиссиясында» атты мақаласында да «Қамбар батыр» жырын жырлаушылардың орындағандығы туралы мәлімет келтіреді [3, 4].

1888 жылы жырдың бір нұсқасын У.Тухфатуллин деген татар азаматы Зайсан өңірінен жазып алып, «Қисса Қамбар» деген атпен Қазан қаласындағы Университет баспаханасынан жариялаған. Жыр мәтіні 1903 жылы Қазанда ағайынды Кәримовтер баспаханасынан «Токсан үйлі тобыр» деген атпен тағы да жарық көрді.

Сондай-ақ, белгілі шығыстанушы И.Н.Березин 1890 жылы Санкт-Петербург қаласында басылған «Түрік хрестоматиясы» атты жинағында (3-том, 2-бөлім) «Қамбар баһадүрдің жыры» атты жыр нұсқасын жарияласа, ал қазақ фольклорын насихаттаушы, этнограф ғалым Ә.Диваев 1922 жылы Ташкентте, қазақтың басқа да батырлық жырларымен қоса «Қамбар батыр» жырын да баспаға дайындады. Қазан басылымдары негізінде жаңа жазбалары (редакциялары) туды.

Бүгінде Орталық ғылыми кітапхана мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қолжазбалар қорында жырдың жиырмадан астам нұсқасы сақтаулы. Енді осы нұсқалардың әрқайсысына жеке-жеке тоқтала кетейік:

ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (34-бума, 1-дәп.) Серғазиев Келмембет жырлаған «Қамбар батыр» нұсқасы бар. Қорға 1953 жылы тапсырған –

Сейтгаппарова Зүбайра. Ол 1917 жылы Шымкент облысында туып, кейін Алматыда тұрған. Тіл және әдебиет институтының халық творчествосы бөлімінің кіші ғылыми қызметкері болып жұмыс істеген.

Қолжазбаның екі түрлі аты бар. Дәптердің сыртында «Қамбар батыр» деп жазылса, ал, шығарманың басында «Қара Қасқа атты Қамбарбек» деп, жыршының өзі қойған атауы бар.

Келмембет: «Қамбар батырды» 1895 жылы, қаңтар айында өз әкем Серғазы Байбөріұлынан жазып алып, содан бері айтып жүрмін» дейді [7, 154]. Бұл жырдың мазмұны 1922 жылы Ташкентте Ә.Диваев бастырған «Қамбар батыр» жырымен бірдей, сюжеттік жағынан айырмасы жоқ. Жыршы тек кейбір жолдарын, сөздерін жөндеген. Қолжазбаны жыршы өз қолымен, араб әрпімен ұзын жол дәптерге қара сиямен (1, 11, 21, 35-б.), көк сиямен (12, 18, 20, 21-б.), қызыл сиямен (11, 12, 13, 14-19-б.) ұқыпты, әрі түсінікті етіп жазған. Қолжазбаның машинкаға басылып, кириллицаға түскен нұсқасы да осы 34-бумада, 2-дәптерде сақталған. Енді жырдың мазмұнына тоқтала кетейік:

Жырдың басындағы 21 өлең жолы – тек бастама үшін жазылған жай өлең жолдары. «Әзімбай байдың алты ұлы және 18 жастағы Назым атты сұлу қызы бар. Қалмақтың ханы Қараман Назымның сұлулығын естіп, алғысы келеді. Әзімбай қызын өзі таңдаған жігітке қосқысы келіп, алаш жұртына «тегіс жиналсын» деп хабар береді. Үлкен той жасап, аш-арықты бір тойдырады. Алдынан өткен ер адамдардың бірде-бірін Назым сұлу ұнатпайды. Тойға келмеген Әлімбайдың баласы – Қарақасқа атты Қамбарбектің ерлігін естіп, қыздың көңілі бірден Қамбарға ауады. Қамбар мықты тұлпар атымен, жүйрік тазысымен 60 үйлі арғынды, 90 үйлі тобырды жалғыз өзі аң аулап асырайды. Аң аулап шыққан Қамбар Назымның аулынан өткенде алдынан шыққан Назымға қарамай өтіп кетеді. Бұған Назым қатты ашуланады. 30 әйелді шақырып, жібек жіптен өрмек тоқытып, қайтарда Қамбарды ұстау үшін жолына өрмекті құрғызады. Батыр қайтқанда ішсін деп, ас-сусын даярлатады. Қайтарда Қамбар Назымның құрған өрмегін көріп, іштей «Сұлу қызға көңілім ауып, ел-жұртымды ұмытып кетсем, Құдайдың ұрғаны» дейді де Қарақасқа тұлпарына қамшы салып, орғытып, қарғып өтіп кетіп қалады. Қапаланған Назым ашумен өрмекті алты жерден турап тастайды. Жігіттің артынан жүгірген қызға «Мен сенің теңің емеспін. Мен жалғызбын. Үйдегі қарт ата-анам мен жұртымды бағуым керек» дейді. Екеуінің сөйлесіп тұрғанын көрген қыздың ағалары ашу шақырып, жалаңаяқ кедей деп Қамбарды кемсітеді. Алты ағасының ішінде ақылдысы Алшыораз ағаларына басу

айтып, Қамбардың ер жігіт екенін, бір күндері өздеріне керек болатынын ескертеді. Қалмақтың ханы Назым қызға 20 жаушы жігіт жібереді. Керейұлы Келмембет басшы болып келеді. Әзімбаймен сөйлесіп «Егер көнбесең, жағдайың қиын болады» деп, қорқытпақ болады. Сол екі арада қыз ағасы Алшыораз Келмембетті аттан жұлып алып, құлақ-мұрнын кесіп жазалап, ұрып-соғады. Қалмақ ханының алдына таяқ жеп келген Келмембет болған оқиғаны баяндайды. Қаһарланған хан 5000 жасақ ертіп, Әзімбайдың аулының үстіне тоқтайды. Әзімбай қатты шошынады. Алшыоразды шақырып алып, Қамбарға барып, 9 бие тарту қылып, көмекке келуін тапсырады. Қалмақ ханы Келмембеттің жанына 40 жігітін ертіп, Әзімбайға қайта жібереді. Бұл жолы бай Келмембетті оңаша үйге түсіріп, қонақ қылып күтіп, елімен ақылдасатынын айтады. Ақылдаса келе, қалмақтарды алдап, қонақ қыла тұрып, Қамбардан көмек күтпекші болады. Әзімбай Келмембетке: «40 күн той қылайын, алты алашты шақырайын», – дейді. Келмембет қуанып келіседі. Әзімбай Қамбарға адам жіберіп, халқы тамақ жесін деп, ат басындай алтын мен қой басындай күмісті беріп жібереді. Көмек сұрап келгендерге батыр ел үшін аттанатынын және бес күннен соң келетінін айтады. Келмембет те қалмақ ханына ноғайдың Қамбар деген батыры бар екендігін, оны тойға дейін шақырып алу керектігін хабарлайды. Қараман бұл жұмысты Келмембеттің өзіне тапсырады. Ол Қамбарды шақырып келеді. Сөзбен келісе алмаған Қамбар мен Қараман соғыса бастайды. Бір кезде Қараман аттан құлайды, Қамбар қалған әскерін қыруға кіріседі. Сол кезде бір бүйірден Алшыораз да айқай салып, соғысқа араласады. Олар жауын ойсырата жеңеді».

Мәтін осы жерде аяқталады. Жырда қыздың сұлулығы, киген киімі, Қамбардың тұлпары, Келмембеттің мінген аты мен үстіне киген киімі ерекше сипатталып, суреттеледі. Келмембет жырлаған «Қара қасқа атты Қамбарбек» жыры толық емес. Оқиға Қараманның өлімімен аяқталады. Соған қарағанда, нұсқаның соңғы үш беті жоғалған. Туынды 1925 жылы Шымкент облысы, Түлкібас ауданында жазылған. Шығарма 7-8 буынды жыр үлгісінде құрылып, өлең жолдары әр бетке екі қатардан орналасқан. Жырдың жалпы көлемі – 35 бет. Қолжазбаның сырты қара қағазбен тысталып, көгілдір қалың папкаға салынған. Қолжазбаны институттың қорына жинап тапсырған Сейітғаппарова Зүбайра 1917 жылы Шымкент облысында туып, кейін Алматыда тұрған. Тіл және әдебиет институтының халық творчествосы бөлімінің кіші ғылыми қызметкері болып жұмыс істеген. Бұл нұсқа жарыққа шықпаған.

1922 жылы жарыққа шыққан «Қамбар батыр» жырының қолжазбасы қазір де Орталық тарих мұрағатының 929-фондысында сақтаулы. Ол қолжазбаны кімнен, қашан жазып алынғаны белгісіз. Бұл туралы «Қазақ әдебиет тарихының» 1-томында (1960) біраз зерттелген.

Қалмағамбетов Шапай (1890-1959) жырлаған «Қамбар батыр» жыры институт қорына 1951 жылы түскен (35-бума, 1-дәптер). Шығарманы хатқа түсіріп, қорға тапсырған да жыршының өзі.

Қалмағамбетов Шапайдың туған жері – Қостанай облысы, Қарабалық ауылы. Руы – көккөз. Кейіннен Ақтөбе облысы, Қобда ауданында тұрған. Ол жасынан атақты жырау Мергенбай, Досжан, Абдрахмандармен бірге жүріп, олардан қазақтың эпостық жырларын үйренген.

1905-1907 жылдар арасында Мергенбай жыраумен бірге болып, одан «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қыз Жібек», «Құбығұл», «Қамбар батырды» сол кезде үйреніп, осы көлемді жырларды жатқа білген, оларды өзінше толықтырып, айтып жүрген. «Қобыландының» толық нұсқасын 1939 жылы КССР Ғылым академиясының қазақ филиалына жазып тапсырған. Қобыландының батыр ұлдары Киікбай, Бөгенбай туралы жырлар да Шапайдан жазылып алынды.

Шапай Қалмағамбетов аталған институт қорына «Қобыланды батыр» жырының бірнеше нұсқасын, «Ер Тарғын», «Қыз Жібек», «Қамбар батыр» жырларын, тағы басқа да көп материал әкеліп тапсырған. Ол ауыз әдебиетінің басқа да көп нұсқаларын жинаған. Өзі шығарған толғау-жырлар да бар. Әсіресе, Отан соғысы жылдарында патриоттық арнау өлеңдерді көп айтқан.

Шапай Қалмағамбетов 1922 жылы басылған «Қамбар батыр» мен 1903 жылы шыққан «Тоқсан үйлі тобыр» жырынан алып, өзінше нұсқа жасаған. Жыр арасын ұйқастыру үшін өз жанынан қосқан өлең жолдары бар, бірақ ол – жырдың мазмұнына жаңадан қосылған эпизод емес, тек байланыстыру үшін ғана қолданылған өлең жолдары. Бұл әдісін Шапай «Қобыланды батыр» жырының нұсқасын жасағанда да қолданған.

Ш.Қалмағамбетов нұсқасының ерекшелігі мұнда Келмембеттің ішкі монологы кездеседі. Келмембеттің Мақтым ханға «Сенің еріп тіліңе, Көп қылдым жұртқа зорлықты» деп айтатын сөзі бар. Кейін Келмембет Мақтым ханның әскеріне қарсы Алшыоразбен, Қамбармен бірігіп соғысып, ең соңында Мақтым ханның орнына хан болады. Жырда, сондай-ақ, жаулар үйде отырған Қамбарға тосыннан жабылмақ болған кезде, Келмембет батырға белгі береді, Қамбар бектерден қашып шығып, Мақтымды жекпе-жекке шақырады.

Шапай жырлаған «Қамбар батыр» нұсқасы толық және эпостық жыр үлгісінде құрылған. Қолжазба 1950 жылы Ақтөбе қаласында, араб әрпімен, көк сиямен қиғаш сызықты, оқушы дәптеріне жазылған. Өлең жолдары (1-22, 25-26-б.) екі және үш (23-24, 27-82-б.) қатардан орналасқан. 7-бетте «Сенсең алты ағана» деген жанамалап жазған жол бар. Шығарманың жалпы көлемі – 35 бет. Сол бумада жырдың машинкамен басылған нұсқасы да кездеседі. Көлемі – 52 бет. Хұснихат үлгісімен жазылған қолжазба оқылуы қиындау болса да ұқыпты жазылған. Шығарманың соңында «жыршы Досжан ақын-жыраудан алып едім» деген сөйлем бар. Бұл нұсқа «Бабалар сөзінің» (2007, 43-томында) жарық көрген.

«Қамбар» ертегісі М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында (36 бума) сақтаулы.

Шығарманың жыршысы белгісіз, ал жинаушылары – Хамид Рахимұлы мен Березин Илья Николаевич. Хамид Рахимұлы туралы ешқандай мәлімет кездеспеді. И.Н.Березин «Орысша энциклопедиялық сөздік» (1879) бастырып шығарғаннан кейін филология саласына ден қойып, түрік халықтарының ауыз әдебиеті мен диалектілерін зерттеуге көп күш жұмсады. Өзі өлең де жазған. Омбы кадет корпусының оқытушысы Н.Ф.Костылецкий арқылы Ш.Ш.Уәлихановпен байланыс жасағаны белгілі. Оның «Рашид ад-Дин», «Жами ат-Тауарих» атты классикалық аудармалары есімін әлемге танытып, XIX ғасырдағы орыс әдебиетінің бел ортасынан орын алуына мүмкіндік туғызды. Ол шығыс әдебиетінің үлгілерінен алып «Турецкая хрестоматия» атты бірнеше жинақ шығарған. Солардың III томының 1-кітабы (1876) мен 2-кітабы (1890) [8] қазақ ауыз әдебиетінің үлгілеріне арналған. Соған жырдың бір үлгісі енген. Бұл жерде ғалымның қазақ фольклоры үлгілерін ғылыми жинақтарына кіргізуі сол рухани мұраларды шығыс халықтарының тарихы мен мәдениетінің бір бөлшегі ретінде қарағанын аңғартады. Кітаптағы мәтіндердің тілі көркем, мазмұны толық.

«Қамбар» атты ертегісін Санкт-Петербург қаласындағы Азия халықтары Шығыстану институтының шығыс зерттеушілерінің мұрағатында сақтаулы И.Н.Березин коллекцияларының арасынан 1951 жылы филология ғылымдарының докторы, профессор Қазақстан Ғылым Академиясы корреспондент-мүшесі Н.С.Смирнова тауып әкелген. Н.С.Смирнова тапқан коллекция «Казахская сказака и пословица» деп аталады. Соның ішінде «Қамбар» ертегісі бар. Қолжазбаның 12-бетінде жазылған жылы көрсетіліп, жинаушының қолы қойылған. Н.С.Смирнова



«Қамбар батыр» ертегісінің нұсқасын ОҒК қорына, фотокөшірмесін ӘӨИ-ның қолжазбалар қорына (36-бума) тапсырған. Қолжазба араб әрпімен, бидай сиямен ақ қағазға жазылған.

Профессор Н.С.Смирнова (1908-1978) – қазақ ауыз әдебиетінің түрлі жанрларын, соның ішінде эпосты ұзақ жылдар бойында жүйелі түрде зерттеп, көп ойлар айтқан ғалымдардың бірі. Ғалым Ульянов облысы, Дмитровград қаласында дүниеге келгенмен, Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстанға қоныс аударып, қазақ әдебиеттануының өркендеуіне зор үлесін қосты. Негізгі ғылыми-зерттеу еңбектері қазақ фольклортану мәселелеріне арналып, «Қазақ әдебиетінің тарихы (1-т. 1968), «Қазақ фольклористикасы» (1972), «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» (1979) т.б. іргелі зерттеулерді жазуға атсалысты. Жамбыл шығармалары туралы зерттеу еңбек, Қазақстандағы орыс мектептері үшін қазақ әдебиеті оқулықтарын, қазақ ауыз әдебиеті жөнінде бағдарламалар, ауыз әдебиетін жинау жөнінде әдіснамалық нұсқаулықтар жазған.

М.Әуезовпен бірге эпикалық туындылардың («Қамбар батыр», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Алпамыс батыр», «Қыз Жібек») ғылыми басылымдарын дайындауға жетекшілік етті.

Ертегілік нұсқаны «Қамбар батыр» жырларымен салыстырғанда, Қамбардың ертегілік нұсқасында біраз айырмашылықтар бар екені байқалды. Мұны дәлелдеу үшін шығарманың қысқаша мазмұнына тоқталайық:

«Бір өте кедей Уақ елінің он төрт жастағы Қамбар атты баласы құлан, киік атып, елін асырап жүреді екен. Содан алты күншілік жерде Әзімбай деген ханның елі бар екен. Ханның он екі жасар Назым атты сұлу қызы болады. Бір күні Әзімбай уәзірінің ақылымен халқына жар салады: «Қызым кімді қаласа, соған қалыңсыз беремін» деп, он ақ үй тіктіреді. Қызы ешкімді ұнатпайды. Сонда бір қарт кісі: «Уақ деген елді асырап жүрген Қамбар деген бала бар, қу кедей демесеңіз, сол сіздің қызыңызға лайықты», – дейді. Оған Әзімбай бірден қарсы болады, ал Назым жігіттің есімін есінде сақтап қалады. Бір күні аң аулап жүрген Қамбар қырық қызымен сөйлесіп шыққан Назымға жолығып қалады. Қыздар шатыр тігіп, демалып отыр екен, Назым Қамбарды көре сала, дәмге шақырады. Бірақ батыр қарамай өте шығады. Әзімбайдың бір Ормамбет деген хан жауы бар еді, сол Жалмамбет деген уәзірін жіберіп, «Маған Назым сұлуды берсін, бермесе, тартып аламын» дейді. Мұны естіген Әзімбайдың кіші ұлы жіберген кісілердің бәрін өлтіріп, Жалмамбеттің құлақ-мұрнын кесіп алады. Өз ханының алдына келген Жалмамбет болған жайды айтады.

Ормамбет қатты ашуланып, көп әскер ертіп, Әзімбай ханның еліне жақындап тоқтайды. Бұдан қатты қорыққан Әзімбай екі биін Қамбарға жіберіп, жауын мұқатып берсе, қызын беретінін айтып, өгініш етеді. Қамбар қара қасқа атына мініп, Әзімбайдың аулына келіп, жауын жеңіп беріп, Назымды аламын деп, Әзімбайдың ордасына келеді. Әзімбай уәдесінен айнып, қу кедейге қызын бергісі келмейді. Ханға ашуланған Қамбар елін шаппақшы болады. Мұны білген уәзір: «Қызыңызды Қамбарға беріңіз, мұнан артық күйеу таппайсыз», – дейді. Сонда хан ат шаптырып, той қылып, көп жылқы айдатып жөнелтті, ал Уақ елі Қамбардың арқасында байып қалады».

Көріп отырғанымыздай, кейіпкерлер есімдерінде өзгешелік бар, жырда қыз жар тандау үшін мұнара тұрғызып, соның басына шығады, той жасап, аш-арықты тойдырады, шақырушы тойға Қамбарды шақырмайды, ол асырап жүрген халқы алпыс үйлі арғын, тоқсан үйлі тобыр, Әзімбайдың алты ұлы бар деп айтылады, қалмақ ханы, елші Әзімбайға екі рет келеді, Назымның Қамбарды өрмек құрып, қайтар жолында күтуі, Қамбардың жорыққа әзірленуі, анасымен, ел-жұртымен қоштасуы, қалмақ ханымен жұмбақтасуы, жекпе-жекке шығуы, жеңіспен келе жатқан Қамбарды Әзімбай бастаған топтың әр жырда әртүрлі әдістермен құрметтеп күтіп алуы т.б. бұл ертегілік нұсқада жоқ.

Аталған нұсқа 1959 жылы «Қамбар батыр» атты кітапта, «Ертегілердің» 4-томында (1988), «Бабалар сөзінің» 75-томында (2011) жарық көрді.

Енді қолжазбаның өзіне тоқталатын болсақ, Хамид Рахимұлының қолтаңбасымен жазылған шығарма толық, қарасөзбен жазылған, әңгіме арасында жыр үлгісінде жазылған 8 жол өлең бар. Қолжазба қазақ жерінде 1865 жылы жазылып алынған [7, 136]. ӘОИ-дің қолжазба қорындағы «Қамбар» ертегісінің фотокопиясы конвертке салынып, тиісті өңдеуден өткен, бірақ сызылған жолдар, сия тамған дақтар бар.

Сондай-ақ, осы 36-бумада тағы «Тоқсан үйлі тобыр» деген атаумен Қамбар батырдың 1903 жылы Қазан қаласында, «Ағайынды Кәримовтер» баспасында араб әрпімен басылып шыққан, жиырма беттік нұсқасының фотокопиясы сақталған.

Жырдың 1903 жылғы Қазан басылымындағы мәтін – Қамбар батырдың 1888 жылы жарыққа шыққан нұсқасы. Кейін бастырушылар оның мәтініне редакция жасап, атын өзгертіп, 1903 жылы қайта жариялаған. Кітапта бастырушылар мен баспа тарапынан енгізілген өзгертулер және жекелеген сөздердің түсіп қалуы т.б. ерекшеліктер орын алған.

1888 жылғы жырдағы «кәпір, орыс» деген этнонимдер 1903 жылғы басылымда «қалмақ» болып өзгертілген. Қамбар батырдың жауы – кәпір. Әрине, кәпір – орыс деп, көп әскерді қырған батырдың ерлігі патшалық Ресейдің солдаттарын талқандағандай қабылданды. Сондықтан кәпір сөзі эпикалық дұшпан – қалмақпен алмастырылды.

1903 жылғы кітапта жырдың алғашқы басылуы деп көрсетілген. Осы өзгерістердің орын алуы 1888 жылғы нұсқаны рухани санадан өшіруге тырысқан патшалық Ресейдің цензорлық бақылауының әрекетінен еді. Кеңестік кезеңде жырдың алдыңғы басылымы «діни сөздер көбірек қолданылған» деп бағаланды [9, 359]. Бұл нұсқа туралы «Бабалар сөзінің» 43-томында айтылады, бірақ онда қолжазба 30-бумада сақталған деп жаңылыс айтылған (қолжазба № 36 бумада сақталған).

«Қамбар жырының» келесі нұсқасын жырлаған жыршы – Құлзак Амангелдин. Қ.Амангелдин – эпостық туындыларды жырлаушы, халық ақыны. «Қамбар батыр», «Қобыланды», «Ер Тарғын» жырларының жаңа варианттары да Құлзактан жазылып алынды. Олар Институт қолжазбар қорында (37-бума.) сақтаулы.

Осы жырдың жинаушысы – Шалабеков Дәкен. 1954 жылы Қазақ КСР ҒА Тіл және әдебиет институты Қарағанды облысына экспедиция ұйымдастырған. Соның нәтижесінде, «1954 жылғы Қарағанды экспедициясының материалдары» жинақталған 37-бума пайда болды. «Қамбар жыры» осы бумада сақталған. Жыр 1954 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданында жазылып алынған.

Жырдың мазмұны белгілі фольклортанушы Ә.Диваев бастырған жырдың сюжетіне ұқсайды. Бірақ жыршы эпостың кіріспесі мен соңғы сөзін, негізгі мәтініндегі кейбір сөздер мен сөйлемдерді өзгерткен. Құлзак жыршының өз қолымен жазылған нұсқа толық, шығарма негізінен 7-8 буынды жыр үлгісімен, кейде 11 буынды кара өлеңмен жырланған. Қолжазба үлкен канцелярлық торкөз дәптерге 1-7 бетке дейін кара қарындашпен, араб әрпімен, 7-32 бетке дейін көк сиялы қаламмен, орыс әрпімен, 32-33-бетке дейін кара қарындашпен, араб әрпімен жазылған. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан, еуропа цифрымен беттелген. Жазуы әдемі, түсінікті. Жалпы көлемі – 66 бет. Бірақ, 11-бетте жоғарғы бір жол сызылған. 9-жолдан кейін қолжазбаның қағазындай торкөз қағазды желімдеп, үстінен 18 жол өлең жазылған. 12-бетте бір жол сызылған, 22-беттің алғашқы екі жолы, 30-31-беттерде де бір-екі жолдан сызылған болса да қолжазбаның сақталуы жақсы. Бұл нұсқа мәтіні «Бабалар сөзінің» 43-томына енбеген.

Жыршы Әбілқайыр Дәнекеровтен «Қамбар батыр» жырының тағы бір нұсқасы 1954 жылы Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында жазылып алынған. Ә.Дәнекеров өзі де өлең шығарғанымен, 1905 жылдардан бері «Қобыланды батыр», «Қыз Жібек», «Қамбар» жырларын жаттап алып, жиындарда айтып жүрген белгілі жырау. Жырларды көбіне, арабша жазылған кітапты оқып отырған адамның қасында болып, жаттап алған. Ол кітаптың кімдікі екенін, кім жазғандығын білмейді [7, 42].

ҚазССР ҒА Тіл және әдебиет институты 1954 жылы Оңтүстік Қазақстанға экспедиция ұйымдастырған. Экспедиция барысында экспедицияның мүшесі, Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер болып істеген филология ғылымдарының кандидаты Сыдықов Тұрлыбек «Қамбар батыр» жырын жазып алып, қолжазба сол жылы институттың қорына (42-бума.) түскен. Шығарма тақырып-тарауларға бөлінбеген. Жыр мазмұны Ә.Диваев нұсқасымен ұқсас болып келеді. Тек Ә.Дәнекеров көп эпизодтарын, сөздерін ұмытқанға ұқсайды. Жыр Қамбардың қалмақтармен соғысып, жеңуімен аяқталады. Жырды жазып алған жинаушы «жырды осы жеріне дейін ғана біледі екен» дейді [7, 158].

Дегенмен, бұл жырдың Ә.Диваевтың нұсқасынан сәл де болса өзгешелігі бар: Назым сұлудың жасы он жетіде, кәмшат бөркінің басына бриллиант емес, гауһар тас қойған. Сондай-ақ, мұнда Келмембеттің Қамбарға барған тұсы, Қамбардың соғысуға даярлық жасауы, елімен қоштасуы және Қамбардың тұлпарының шабысын суреттейтін жерлері жоқ. Жыр Қамбардың Қараманмен жекпе-жекке шығуымен аяқталған.

Әбілқайыр нұсқасы толық емес, шығарма негізінен 7-8 буынды жыр желісіне құрылған. Жинаушының қолымен жазылған қолжазба кирилл әрпімен ұзын жолды дәптерге (1-12 беттер) көк сиямен, 13-35 бетке дейін қара қарындашпен жазылған. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан. Қолжазбаның жалпы беті – 35 бет, ал машинкамен басылған түрі 29 беттен тұрады. Бұл нұсқа жарияланбаған.

«Қисса Қара қасқа атты Қамбар батыр» қолжазбасы Ғылым академиясы Орталық Ғылыми кітапхананың қолжазба және сирек басылымдар қорында (83-бума, 2-дәптер.) сақталған. Қолжазба қорға 1939 жылы түскен. Жырды Биқожа Нұрымжанов 1937 жылы Павлодар облысы, Куйбышев ауданында жазып алған.

Қолжазбаны жинаушы Нұрымжанов Биқожа – 1878 жылы туған, Павлодар облысы, Куйбышев ауданында туып-өскен. Ол аңшы мерген болған, жырды жаттап, домбыраға қосып айтып жүрген, өзі де өлең шығарған.

Бұл жыр – 1888 жылғы «Қисса-и Қамбар» жырынан жатталған, сол жырдың қысқарған бір редакциясы. Қысқаша мазмұнына тоқталайық:

«Әзімбай қызына күйеуді өзі таңдатады. Қамбар «он сан үйлі оят, қырық сан үйлі қият, алпыс үйлі арғын, жетпіс үйлі жебір, тоқсан үйлі «тобырды» асыраған он сегіз жасар батыр болып суреттеледі. Назымның Қамбарды көруі, жолына өрмек құрып тілдесуі мен қыз ағаларының жанжалдасуы батырдың Әзімбайдың көліне аң аулап шыққандығымен байланыстырылады. Мұнда елшілікке келген тоғыз орысты Алшыораз өлтірген соң, көп әскермен келген Мақтымның басымдығы, Назымның оны алдаусыратып мұрсат сұрауы, ноғайлы билерінің Қамбарға сыйлықтарымен келуі, Қамбардың тоғыз күннен соң баруға уәде етуі, Қамбар мен Мақтым ханның жұмбақтасып жауаптасуы және үш күн, үш түн ұрысып, ақыры Қамбардың жеңіске жетіп, Назымға қосылуымен аяқталады».

Жырды айтушы кейде басқа батырлық жырлардағы дәстүрлі суреттеулерден алып, қосып отырған. Жырдың негізгі сюжетін біраз қысқартып айтады, біраз жерлерін толықтырған, жаңа эпизодтар жоқ. Бұл нұсқа туралы «Қазақ әдебиет тарихының» 1-томында (1960) сөз болады.

Қолжазба мәтіні толық, өлеңдік құрылысы 7-8 буынды жыр үлгісінде болып келеді. Кейде жаңа эпизод басталарда жырлаушы өз атынан қара сөзбен түсінік беріп отырады. Қолжазба латын әрпімен сарғыш кеңсе қағазына машинкаға бастырылған, жөнделген, беттердің нөмірленуі еуропа цифрымен берілген. 31-32-беттерде өлең екі қатардан, қалған беттерінде бір қатардан орналасқан. Қолжазба қалың көгілдір қағазбен түптелген.

Б. Нұрымжанов нұсқасы бұрын жарияланбаған.

«Кедей Қамбар жыры» институттың қорына 1958-1962 жылдары түскен. Қолжазба қазіргі кезде «Мәзходжаев Рахмет жырау өлеңдері және репертуарындағы жырлар» атты 333-бумада, 3-дәптерде сақталған. Осы шығарманы жырлаушы ақын, жыршы – Мәзходжаев Рахмет.

Мәзходжаев Рахмет ОҒК-нің қолжазбалар қорына 60 мың жолдан аса қисса, өлең-жырлар тапсырды. «Қойдың арызы», «Қызыл сиырдың арызы», «Малдарды шақыру», «Сырдария сағасы» деген өлеңдері, «Пернедегі термелер» (1965), Өкім Жайлауовпен айтысы «Айтыс» (3-т., 1966) жинақтарында жарияланды. Бүкіл түркі халқына кең тараған «Көрұғлы» дастаны Мәзходжаевтың варианты бойынша қазақ тілінде жеке кітап болып («Көрұғлы», 1973) шықты.

Ескіше оқыған Рахмет 16 жасынан бастап «Қыз Жібек», «Қобыланды», «Алпамыс», «Қамбар батыр», «Мұңлық-Зарлық» жырларын жаттап, домбыраға қосып, белгілі ән сазымен айтып, жиын-тойларда орындайтын болған. Немере ағасы Қазқожадан «Кеншімбай мен Ақсұлудың айтысы», «Күдеріқожа мен Ұлбикенің айтысы», «Жолбарысқа мінген ұры», «Жеті ашық» жырлары мен бірнеше терме сөздер жаттайды. Атақты ақын-жырауларды іздеп барып, олардың білетін жырларын да үйренеді. Рахмет 31 жастар шамасында «Көрұғлы», «Шахзада», «Ораз молда» жырларын үйренеді. Осы кезден бастап, топ алдында еркін жыр айтатын жырау атанады. Ол 1976 жылы өзінің туған жерінде қайтыс болады.

Мәзходжаев Рахмет «Кедей Қамбар жырын» 28-30 жас шамаларында қиссадан жаттадым дейді. Ол – 1905 жылдар шамасы. Мәзходжаев мәтінінде баспадан кеткен түсініксіз сөздер өңделген. Халыққа ұғымды болу үшін кейбір кітаби сөздер, діни ұғымдар қысқартылған, түсінікті сөздермен өзгертілген. 1959 жылы шыққан «Қамбар батыр» жырының ғылыми баспасында мәтіні жарияланып, «Қазақ әдебиет тарихының» 1-томында (1960) зерттелді. Жырдың мазмұны «Тоқсан үйлі тобыр» жырына ұқсайды, жаңадан қосылған эпизод жоқ. Енді осы жырдың қысқаша мазмұнына тоқталайық:

Жырдың басталған 8 жолы басқа жырларға ұқсамайды, өзгеше. Әрі қарай негізгі мәтін «Бұрынғы өткен заманда 90 үйлі тобыр бар, 60 үйлі арық бар, 70 үйлі жесір бар ...соның бәрін асыраған кедейден шыққан Қамбар бар. Сол уақыт ноғайда Әзімбай деген бай болған...» деп, 34-бумадағы жырдың мазмұнындай баяндалады. Бұл қолжазбадағы ерекшеліктер: Назым жар таңдағанда, соған арналған тойға шақырушы адамның өзі Қамбарды кедей деп, оған айтпайды, себебі Әзімбай қызын оған бермейтін шығар деп ойладым дейді. Дүркіреп өткен тойды естіп, аң аулауға шыққан Қамбар мәнісін білуге өзі келеді. Мұны көрген Назым қолына алтын құман алып, алдынан шығады. Қамбар оған қарамай, өте шығады. Құманы қолынан түсіп, Назым артынан қуады. Қайтар жолда жолында құрулы тұрған өрмекті көрген Қамбар ақ алмаспен белден бір шауып, өте шығады. Ыза болған Назым өрмегін жинап алып, алты жерден турады... Назымның сұлулығын естіп, құда түспекші болған қалмақтың ханының аты – Мақтым. Қыздың ағасы Алшыораз ханның атынан келген Келмембеттің сөзіне ашу шақырып, құлақ-мұрнын кесіп қана қоймай, жанына еріп келген тоғыз жігітті өлтіреді. Келесі жолы Мақтым хан Келмембеттің жанына 100 жігітті қосып, елшілікке қайта жібереді». Бұл жырдың тағы бір өзгешелігі мұнда қалмақ ханының өзі

Назыммен сөйлеседі. Қыз ханды алдап, 40 күн тойым болсын дейді де 3 рет 80 күнге мұрсат алады. Қалмақ ханы кеткен соң Алшыораз: «Қамбарды тойға шақырмадық, оны өкпелетіп алдық. Қызды соған берейік, көмекке шақырайық» деген соң, 100 жылқы айдап, түнделетіп билер бастаған топ жолға шығады. Ит жүгіртіп, құсын ұстап, аң аулап жүрген Қамбарға жолығады, жағдайларын айтады. Ол елшілерге атын дайындап, жеті күнде баратынын айтады. Қамбарға Келмембет келіп, ханның шақырып жатқанын білдіргенде, оған тоғыз күнде баратынын айтады. Бұл жырдағы енді бір ерекшелік: соғысуға кетіп бара жатқан Қамбармен Назым сөйлеседі. Сондай-ақ, «Қамбар батыр» жырының басқа нұсқаларында кездесе бермейтін, тек осы жырда Келмембеттің қалмақ ханына арнайы айтатын сөзі бар:

«Хан емессің қасқырсың,  
Қара албасты басқырсың.  
Дұшпаның көріп табалап,  
Дұшпаның келіп басқа ұрсын»...

деп осылай әрі жалғастырып кете береді. Осы сөздерді айтып алып, артынан өзі қорқып, Қамбардың жанына келіп тығылады. Қамбар қалмақ ханына 9 күнде емес, 10 күннен соң барғанда, хан «дарға асайын ба» деп ашуланады. Оған Қамбар жұмбақтап сөйлеседі. Мақтым хан оны шешіп береді. Жекпе-жек соғыста Қамбардың қолынан қаза тапқан қалмақ ханының әскерінің жартысы қашып, жартысы жеңіліс табады. Оны көрген Назым батырға құшақ жая жүгіреді. Әзімбай көп түйе беріп, Қамбардың тобырын көшіртіп әкеледі. Төрт түліктен мал береді. 12 баулы халқының алдына дастархан жайып, Қамбар мен Назымды қосып, үлкен той жасайды. Қамбар жаудан алған көп малды тобырға бөліп беріп, көрмегенін көргізді деп жыр аяқталады.

«Кедей Қамбар жыры» 1958 жылы Алматы қаласында жазылып алынған, 7-8 буынды жыр үлгісінде, араб әрпімен, торкөз дәптер қағазына көк сиямен жазылған, еуропа цифрымен беттелген. Өлең жолдары әр бетке толық орналасқан, кейде екі, кейде үш жол болып келеді. Қолжазбаның сақталуы орташа, себебі әр беттерінде шимайланған, өшіргішпен өшіріліп, үстінен қайта жазылған жолдар бар. Соның салдарынан бірнеше беттер (1, 3, 4, 8, 9, 10, 41-б) тесілген.

Жазуы нашар, сол себепті оқылуы да қиындау. Жырдың жалпы көлемі – 47 бет. Дәптердің соңында Р.Мәзходжаевтан жазып алған адамның мәліметі бар: «27-28 жастар шамасында осы жырды үйрендім. Бірақ кімнен үйренгенін ұмытқан. Қиссадан алдым дейді, сірә, 1903 жылы

шыққан нұсқа болуы керек. Қиссадағы халыққа түсініксіз жерлерін өңдеймін, менің жырымды халық сүйсініп тындайды, оның түсініксіз жерлерін қалдырмауға тырысамын дейді. Бұл жырды жыршы Мәзходжаев Рахмет халық арасына тараған жырдың түрінен де жаттауы мүмкін. Қиссадағы әңгімені өлең еттім дейді. 18.02.1958» деп қол қойған.

Осы жырды жинап, институт қорына тапсырған – Мәлике Ғұмарова (1918-1987). «Тоқсан үйлі тобыр» жыры ӘӨИ-дің қолжазба қорында (570-бума, 3-дәптер.) сақталған.

Жырды жырлаушы Жұманазар Үрімқұлұлы жайында қолжазбада «Сырдария облысының, Түркістан крайының, Перовск уезінің, Сұрқұдық облысының, 2-ауылдың қазағы, нәсілі – найман. Руы – қараба, Азеке тайпасынан» деген жазу бар. Экспедиция жинаған материалдарға қарағанда, Жұманазар жинаған «Тоқсан үйлі тобыр» жырынан басқа «Әз Жәнібек», «Мысалдар», «Айтыстар», өзінің шығарған өлеңдері кездеседі.

Осы жырды жинаушы – Әбубәкір Диваев. «Тоқсан үйлі тобырды» Диваев 1920 жылы Сырдария экспедициясына барғанда жазып алған.

1920 жылғы Сырдария облысына аттанған экспедицияны ұйымдастырып, жоспарын жасаған Ә.Диваев. Ол кейін экспедицияның материалдарын жинап, тәртіпке келтірген. Қолжазбада «Материалы Сыр-дарьинской экспедиции. Тетрадь № 30, 8 назв. 80 стр. Диваев А.» деп жазылған сөйлем бар.

Жұманазар «Тоқсан үйлі тобыр» (Қазан, 1903) жырының сөздеріне риза болмай, өзінше жөндегенге ұқсайды. Мысалы, бірқатар татарша сөздер мен түсініксіз сөздерін өзінше өзгертіп жазғаны мәтіннен де байқалады. Қолжазбаның басқа жырлардан өзгеше жерлеріне ғана тоқталайық: ... Қамбар Назымның кедей деген сөзіне ренжіп, «менің көп тобырым барып, тамақ жеп пе еді, еліңді қалмақ жауласа, сені тек сонда алармын», – деп, қарамай кетеді... Мақтым өлген соң Қамбар, Алшыораз, Келмембеттер бірігіп, қалмақтың қалған әскерімен үш күн, үш түн соғысып, Сипин деген қаласына дейін қуып барып, жауды жеңіп қайтады... Тойдан соң Назымды алып, Қамбар тобырларына қосылады деп, жыр аяқталады.

Жұманазар нұсқасы – толық, бұрын жарияланбаған, бірақ ел арасында кең таралған, қолжазба тарауға бөлінбеген, кейде 11 буынды қара өлең, кейде 7-8 буынды жыр үлгісімен жазылған шығарма. Кейде қара сөзбен де баяндалады.

Қолжазба 1920 жылы, Қызылорда облысында жазылған. Қолжазба жыршынікі, 570-буманың сыртында «Үрімқұлов Жұманазар ақынның



жинаған ауыз әдебиеті мен өлеңдері» деп жазылған. Шығарма ұзын жолды, жұқа сары қағазға араб әрпімен, көк сиямен, ұқыпты жазылған. «Тоқсан үйлі тобыр» жыры 41-беттен басталады. Мәтіннің жалпы көлемі – 35 бет.

Өлең әр беттің өн бойына толық орналасқан. Қолжазбаның сақталуы жақсы, сырты мұқабасы қатты қоңыр картонмен қапталып, түптелген. Қалың ашық қызыл түсті папкаға салынған. Қолжазбаның 39-бетінің 1, 20, 28, 32, 33-жолдарында бір сөзден сызылып, үстінен өңдеп жазылған. Мұндай жағдай қолжазбаның әр беттерінде кездеседі. 69-беттің екі жерінде сия төгілген дақ бар.

Мәтін 2007 жылы жарық көрген «Бабалар сөзінің» 43-томына енген, бірақ Рақышева Жұмашайдың «Қамбар батыр» және оның варианттары» атты зерттеуінде осы жырды «Тоқсан үйлі тобыр» жырымен салыстыра отырып, текстологиялық жұмыс жүргізілген. Нәтижесінде жетіспейтін жолдар, жөнсіз өзгертілген тұстар байқалған [3].

Ғылым академиясы Орталық Ғылыми кітапхананың қолжазба және сирек басылымдар қорында «Қошқарбаев Шашубай ақынның шығармалары» жинақталған (691-бума). Осы буманың 3-дәптерінде «Қамбар» жыры кездеседі. Қолжазба қорға 1941 жылы түскен.

Жыршы Шашубай Қошқарбаев – 1865 жылы Жезқазған облысы, Ақтоғай ауданы, Қоңырат селосында дүниеге келеді. Жастайынан домбыра, сырнай, гармон тартып, ән салуға, өлең шығарып айтуға, серілік құруға әуестенеді. Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Мәди, Ғазиз тәрізді Арқаның ардагер әнші, сал-серілерімен кездесіп, тәлім-тәрбие алады. Өзі шығарған «Майда қоңыр», «Жетім қыз», «Сырғақты», «Ақ қайың», «Кедейлік» т.б. әндері ел арасына кең тарайды. Шығармаларында еркіндік аңсаған еңбекші бұқараның көңіл-күйін, арман-аңсарын жырлайды. Ақынның репертуарында халық әндерінен басқа қисса-дастандар, толғау-жырлар да көп болған. «Ақтанберді», «Қамбар», «Сұраншы-Бөкей» шығармаларын жырлаған. 1909 жылы Жетісуға келіп, Жамбылмен айтысқан.

Кеңес өкіметі тұсында Қазан төңкерісінің жеңістерін, Ленинді, Коммунистік партияны, Отанды жырлады, сол сияқты Қарағанды, Балқаш, Қоңырат кеншілерінің өмірін бейнеледі.

Ұлы Отан соғысы жылдарында майдан мен тыл өмірін паш етті. 1943 жылы Қарағандыда ақындар айтысын бастаушылардың бірі болды. Көшен Елеуовпен (1943), Болман Қожабаевпен (1944) айтысты.

Шашубайға «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері» (1941) атағы берілді, «Құрмет Белгісі» орденімен марпатталды (1945). «Сөйле, Шашеке» (1942) атты жинағы шықты. Шығармалары ақындардың жалпы жинақтарында, «Айтыстың» 3-томында (1966) жарияланды. Өмірі мен шығармашылығы туралы «Қазақ совет энциклопедиясында» (12-т., 1978) жазылды. Қазақтың көркем өнеріне еңбегі сіңген қайраткер, белгілі әнші, композитор ақын 1952 жылы туған жерінде қайтыс болады.

Жинаушылары: Әбділда Тәжібаев, Сағынғали Сейітов. Әбділда Тәжібаев 1907 жылы Қызылорда облысы, Шиелі ауданында туып-өскен. Қазақтың белгілі ақын-жазушысы, филология ғылымының докторы, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында жұмыс істеген.

Сағынғали Сейітов 1917 жылы Орал облысы, Қаратөбе ауданында туған. Қазақтың белгілі ақыны, әдебиетшісі, филология ғылымының кандидаты, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында жұмыс істеген.

Бұл қолжазба туралы «Қазақ әдебиеті тарихының» 1-томында (1960), сондай-ақ, Шашубай туралы жазылған Ә.Тәжібаевтың мақаласында да сөз болды («Әдебиет және искусство» журналы, № 5, 1941).

Шашубай – талантты ақын, ол жырдың кейбір эпизодтарын толықтырып әдемілейді, кейде жырдың мазмұнын өзінше қара сөзбен баяндайды. Кейде «Токсан үйлі тобыр» жырының өлең мәтіндерін қысқартып, өз сөзімен айтып кетеді. Шашубайдың айтуында кейбір өзгешеліктер де бар.

Шашубайдың белгілі жырдың сюжетін сақтай отырып, кей тұстарда өз тарпынан қосқан шумақтар бар.

Шашубай Қамбардың ата-тегін қара сөзбен «Алпыс үйлі арғын, жетпіс үйлі жөбір, тоқсан үйлі тобыр, он сан үйлі оят, қырық сан үйлі қият, соның бәрін асыраушы қара қасқа атты бір ер бар» деп баяндайды, одан кейін жыр басталады. Жыр мәтінінің мазмұны «Токсан үйлі тобыр» жырына ұқсайды. Жыр соңындағы өзіне тән өзгешелік: Алшыораз Қамбарды алып келіп, далада құрулы тұрған отауға отырғызады. Назым Қамбарға тиеді. Қамбар өзінің тобырын қосып, бүкіл ноғайлыға қорған патша болады. Сөйтіп мұратына жетеді деп, жыр бітеді.

Шашубай жырлаған «Қамбар» нұсқасы толық, өлеңдік құрылысы 7-8 буынды жыр үлгісімен айтылған. Жыр арасында түсінік ретінде қарасөз де кездеседі.

Шығарма 1941 жылы 14 қаңтарда Алматы қаласында жазылған. Жинаушылардың қолтаңбасымен жазылған қолжазба сарғыш-қоңыр түсті

үлкен кеңсе қағазына алдымен араб, кейін көк, жасыл сиялы қаламмен латын әрпінде жазылған. Қолжазбаны 90-бетке дейін қара қарындашпен, араб әрпімен Әбділда Тәжібаев, 107-беттен 144-бетке дейін көк сиямен, 115-беттен 121-бетке дейін жасыл сиямен латын әрпінде Сағынғали Сейітов жазған. Мәтін шимайланып, жөнделі отырып жазылған. Жазуы нашар, оқылуы қиын. Қолжазбаның соңында 14/І-41 деген белгі бар. Шығарманың жалпы беті – 32 бет.

Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан. Еуропа цифрымен беттелген.

Қолжазбаның: 95-бетте араб әрпімен жазылған негізгі мәтінге – үш жол, 106-бетке 6 жол, латын әрпімен жанамалап жазылған, өлең жолдары қосылған. Мәтін бұрын еш жерде жарық көрмеген.

ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында сақтаулы 102-буманың төрт дәптерінде «Қамбар батыр» жырының төрт нұсқасы сақталған. Олар – Қазақстанның әртүрлі аймағынан жиналған әрі жырлаушылары да әр түрлі адамдар. Енді осы нұсқалардың әр қайсысына жеке-жеке тоқталайық.

Қамбар батыр жырының бір нұсқасы институт қорына 1956 жылы түсіп (102-бума, 1-дәптер.) сақталған. «Қамбар батыр» жырын жырлаушы Шоқатаев Әнуарбек 1905 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданында туған. Жастайынан қазақтың батырлар жырын жаттап айтып жүрген жыршы.

Эпос «Токсан үйлі тобыр» жырына ұқсағанымен, көп жерінде жыршы сөздерін өзгертіп, жаңа суреттеулер беріп, толықтырып отырған, тарауға жіктелмеген. Бұл жырдың «Токсан үйлі тобырдан» айырмасы: Әзімбай «қызыма күйеу тандаттырам», – деп, ел-жұртын жидырады, Назым мен Әзімбайдың алдынан лек-легімен өткен топты суреттеулері толығырақ берілген. Назым жиылған жұрттан ешкімді жақтырмай, үйіне қайтады. Әкесі Әзімбай шақырушылардан «жиынға келмей қалған кім бар?» дегенде, біреу Қамбарды айтады. Басқа нұсқаларда Әзімбай Қамбардың кедейлігін біліп шақыртпайды. Ал, Шоқатаевта:

– Қамбар мұнда келсін деп,  
Назымжан сынап көрсін деп,  
Ноғайлының халқы боп  
Кеңесіп кісі салысты,

– дейді. Бұл – негізгі жырдың мазмұнына қосқан жаңалық. Қамбар «қайратымды көрсетіп, жауды жеңген күні барамын», – деп, ол шақырғанға бармай қалады.

Назым қыз атқа мініп, Қамбардың аңнан қайтар жолын тосып, онымен сөйлеседі:

– Қамбар сынды ер, – дейді.  
Сөз айтайын кел, – дейді.  
Малсыз кедей болсаң да,  
Менің теңім сен, – дейді.

Бұл да басқа нұсқаларда жоқ жаңалық. Қамбар бұл сөзге де құлақ қоймайды. Әрі қарай басқа нұсқалармен ұқсас. Тек адам аттарында өзгешелік бар. Сондай-ақ, бұл вариантта соғысқа кетіп бара жатқан Қамбар алты күн ішінде алпыс құлан мен жүз киікті тобырға әкеліп береді. Оған үлкен-кіші, кәрі-жастың барлығы бірдей бата беріп, шығарып салады. Осының көмегімен жауын жеңіп шығады. Он екі мың қолмен жалғыз шайқасады. Мұнда қарсылас жаумен сөйлесуі, жекпе-жекке шығуы жоқ. Аяқталуындағы Аюке бидің сөзі, Назымның елу қызбен шығуы, Әзімбайдың жауды жеңіп келе жатқан Қамбарды бір күндік жолдан шұға төсеп, күтіп алуы – келесі өзгешеліктеріне жатады.

Әнуарбек жырлаған «Қамбар батыр» нұсқасы толық, өлең-жыр үлгісінде құрылған. Кейде қарасөзбен түсінік беріліп отырады.

Шығарма 1956 жылы Жамбыл облысының Мыңарал станциясында жазылған. Қолжазба ақшыл қызыл түсті кеңсе қағазына машинкамен бастырылып, сырты қатты сарғыш қағазбен тысталған, жақсы сақталған. Қолжазбаның сыртында жырлаушының аты-жөні – Шоқатаев Әнуарбек деп жазылса, ал жыр мәтінінің соңында «Айтқан Шоқатов Анарбек, 51 (жасы болуы мүмкін, П.Әуесбаева) деп жазылған жазба бар. Арғын, арғынның ішінде – қаракесек. Оның ішінде – кәрсен. Мыңаралда жазылып алынды, жазған Нақысбеков Оқас. 21.08.1956» деген мәлімет бар.

Ал, осы жырдың жинаушысы, әрі институттың қорына әкеліп тапсырған – Нақысбеков Оқас. Ол 1928 жылы Алматы облысы, Шелек ауданында туған. Ол Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтында аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істеген. Бұл нұсқа «Бабалар сөзінің» 43-томында (2007) жарияланған.

Маясар Жапақов жырлаған «Қамбар батыр» жыры институт қорына 1956 жылы түскен. Мәтін 1956 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданында жазылған. Қолжазба 102-бумада, 2-дәптерде сақталған.

Жыршы халық ақыны Маясар Жапақов (1879-1964) Қарағанды облысы, Шет ауданы, Тағылы советі, бұрынғы «Айғыржал» колхозында туып, өсіп, кейін сол туған жерінде қайтыс болады. Әкесі Жапақ – кедей, жалшы болған. Ақын ескілікті сөздерді бала кезінде жаттап, ұғып алған. Ыбырай, Мәди, Мұхит тәрізді әнші-ақындарды ұстаз тұтқан.

Халық аузынан естіген жырлары мен нақыл сөз, мақал, мысалдары, Кеңес өкіметіне арнап жазған өлендері де бар. Сонымен бірге Маясар ән де шығарған, ақындар айтысына да қатысқан. Ұлы Отан соғысы кезінде «Атыңнан атам қазақ, айналайын» деген патриоттық толғауы майдан газеттерінде («Отанды қорғауға», 1944, № 38) басылып, жауынгерлерге тарады. 1943 жылы Болман, Нұрлыбек, кейінірек Көшен, Қайып т.б. ақындармен өнер сайысқан.

Ел арасына кең тараған «Шөже мен Кемпірбайдың айтысы», «Шал мен қасқырдың айтысы» Маясардан жазылып алынды. Ақынның өмірі мен шығармашылығы жайында «Қазақ совет энциклопедиясында» (4-т. 1974) жазылды. Ол өмірінің соңына дейін жұмыс істеп, колхоз мүшесі болған.

«Қамбар батыр» жырын жас кезінде Қызылжар, қазіргі Петропавловск елінде бір ақынның айтқанынан естіген. Ол айтушы ақынның аты-жөні белгісіз. Ақын «Қамбар батыр» жырын негізінен толық білмейді екен. Басталуы осылай деп әр түрлі жырлаған. Жыр бірқалыпты сарынмен айтылып отырады. Нұсқа «Қамбар батыр» жырынан өзгеше жырланады.

Маясар Жапақов жырлаған «Қамбар батыр» жырының басталуы өзгеше.

Бұхардан бақалшы мен бөз келеді,  
Атқан оқ ажалдыға кез келеді.  
Әлеумет, салып құлақ тыңдасаңыз,  
Басталып Ер Қамбардан сөз келеді.

Әрі қарай дамыған оқиға басқа нұсқалармен ұқсас. Айырмашылығы Назымның күйеу таңдау тойына кім келмеді деген кезде, Қамбардың аты аталады. Сол кезде қыздың әкесі үндемей қалады, себебі Қамбардың әкесі Әлімбай мен Әзімбай арасындағы бас араздық айқындалады. Ол жырда былайша берілген:

Әзімбай оны айтқанда үндемеді,  
«Жаным-ау, ол айтқаның кім?» демеді.  
Қамбардың әкесінің орнын алған,  
Себебі сол екен ғой күндегені,

– деп, Әзімбайдың Қамбарға қырын қарау себебін ашып көрсетеді. Бұл – жыршының қосқан жаңалығы.

Әрі қарай Назым мен Қамбардың кездесуі, өзіне ғашық екендігін айтқан Назым қызға Қамбар сөйлесіп тұруға уақыт жоқ деп, кетіп қалуы баяндалады.

Жапақов әнші-ақын болғандықтан, әнге салып айтып жүрген эпизодтарын ғана жинаушыға жаздырған көрінеді.

Маясар жырлаған нұсқа мәтіні толық. 11 буынды қара өлеңмен баяндалады. Кей жерінде қарасөз де кездеседі. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан. Қолжазба ақшылдау үлкен қағазға кириллицада машинкамен басылған. Көлемі – 10 бет. Осы қолжазбаны ақыннан сұрастырып, 1956 жылы, шілде айында өз қолымен көшіріп жазып, жинап, институт қорына тапсырған – Қашқынбаев Өміржан, бірақ ол туралы ешқандай мәлімет жоқ. Бұл нұсқа «Бабалар сөзінің» 43-томында (2007) жарияланған.

«Қамбар батыр» жырының келесі нұсқасы институт қорының 102-бумасында, 3-дәптерде сақталған. Жинаушы – Орал облысының тұрғыны Иманов Қайырғали, ол қолжазбаны 1940 жылы қаңтар айының бірі күні жазып алып, қорға тапсырған. Жинаушы жайында басқа мәлімет кездеспеді.

Бұл жыр – 1922 жылы Ә. Диваев бастырған «Қамбар батыр» жырынан жазылып алынған көшірме сияқты. Кейбір жеке сөздерін өзгерткені болмаса, басылыммен бірдей болып келеді. Енді сол ерекшелігі бар жерлеріне тоқталып өтейік:

Жыр Аллаға сиындудан басталады. 21 өлең жолы тақырыпқа қатыссыз, жай бастама. Әрі қарай тура басқа нұсқалардағыдай, тек мұнда тойға шақырушы 12 жастағы бала екен және оған далаға мал жайып кеткендердің барлығына хабарла, бәрі де келсін дейді. Қамбар жауын жеңіп, қалмақтың ханы Қараманды өлтіріп, Әзімбайдың аулына келеді. Ақордада демалып отырғанда үстіне Назым сұлу кіріп келеді де батырға:

«Құдайдан айналайын батыр қылған,  
Туғызып сіздей сұлтан ноғайлыдан.  
Көзіме көрінбейді сіздей бір жан,  
Шығар деп арыстаным ойлап едім»,

– деп біраз батырға арнап жылы сөздер айтып, өзінің көңілін білдіреді. Сонда Қамбар батыр шаттанып, жүрегінде ғашық оты ойнайды. Жеңгелері дастархан жайып, екеуін күтеді. Әзімбай да Қамбарды ұнатып, о бастағы берген уәдесі бойынша 40 күн тойын жасайды. Керегесі күмістен, уығы алтыннан жасалған оңаша 8 қанат үй тіктіреді. Некелерін Мұқыш молда қиып, жеңгелері Назымды Қамбарға тапсырады. Әзімбай қызына төрт түліктен мал берді. 40 қашырға қазына артып, 150 жамбы береді. Қамбар әке-шешесін қуантып, аман-есен үйіне барып түседі. Әрі қарай жырды аяқтау үшін тақырыпқа қатыссыз тағы 11 өлең жолы жазылған.

Бұрын зерттелмеген. Шығарма тақырып-тарауларға бөлінбеген. Қайырғали өзі жинап тапсырған нұсқа толық және 7-8 буынды жыр үлгісімен баяндалады. Мәтін ұзын жол дәптерге, бір бетке екі қатардан орналасқан. Латын әрпімен, көк сиямен, тығыз жазылған. Көлемі – 20 бет.

Сондай-ақ, осы бумада қолжазбаның латын әрпінен кирилл әрпіне түскен нұсқасы сақталған. Оны 1995 жылы 28 маусым айында Қазақтың Мемлекеттік университеті филология факультетінің студенттері Әлиева Нәзира, Теміралиева Марал, Ықыласова Шырын латыннан кирилл әрпіне түсіріп шыққан. Жалпы көлемі – 47 бет. Бұл нұсқа бұрын еш жерде жарияланбаған.

«Назым қыздың әңгімесі» атты қолжазба институттың қолжазба қорында (102-бума, 4-дәптер.) сақтаулы. Мұны жырлаған Әбжанов Серік. Ол – Павлодар қаласының тумасы, қазақтың ауыз әдебиетін көп білетін кісі болған, 1872 жылы туған, өлген жылы белгісіз.

Шығарма тақырып, тарауға бөлінбеген. «Назым қыздың әңгімесі» атты қолжазба ертегілік нұсқаға жатады. «Қамбардың» жыр түріндегі айтылған нұсқаларынан өзгешелігін көрсету үшін қысқаша мазмұнын қарастырайық: «Баяғыда бір хан болыпты. Оның Назым дейтін сұлу қызы болған. Қыз әкесіне: «Бай-кедей демей, өз сүйгеніме барамын» дейді. Соған әкесі ел-жұртының барлығын жинайды. Қыз алдынан өткеннің біреуін де ұнатпайды. Әзімбай шақырушыны шақырып алып: «Елдің барлығы келді ме?» деп сұрайды. Сонда шақырушы: Токсан үйлі тобыр, сексен үйлі жебір, соның барлығын асырайтын Қамбар деген кедей бар, тек соның елін кедейсініп шақырмадым, – дейді. Осыдан соң хан Қамбарды қанша шақырса да бармапты. Аулының маңынан әрі-бері өтіп, аңшылықпен күнелтіпті. Өтіп жүргенде көрген қыздың көңілі Қамбарда екенін батыр сезіп жүріпті, бірақ қыздың ағалары Қамбарды кедейсініп, менсінбейді екен. Бір күні тағы да өтіп бара жатқанда Қамбарға қыз «қонақ бол» деп жалынады. Қамбар сонда да мойнын бұрмайды. Сол уақытта басқа елдің ханы: «Қызды маған бер, әйтпесе, еліңді шабамын» дейді. Одан қорыққан қыздың ағалары Қамбарға келіп, аяғына жығылып «Жесіріңді өзің ал, бізді мынау жаудан құтқар» деп жалынады. Сонда Қамбар елдің намысына шыдай алмай, жаумен соғысып, оны жеңіп, Назым қызды өзі алып, мұратына жетіпті».

Көріп отырғандай, мәтін көлемінен, баяндалу түрінен, кейіпкерлердің қатысуында және көптеген сипаттаулардың (қыздың сұлулығы, киімі, тұлпар аттың бейнесі, аттың шабысы) жоқтығымен ерекшеленеді.

С. Әбжанов нұсқасы толық, қарасөзбен жазылған, әңгіме арасында жыр үлгісінде жазылған өлең де кездеседі. Осы қолжазбаны жазып алып, институт қорына тапсырған – Нұғыман Әминов (1909-1970). Жинаушы «Назым қыздың әңгімесін» С.Әбжановтың айтуынан 1956 жылы Павлодар қаласында жазып алған. Ол кезде жыршы 84 жаста болған. Руы – арғын, оның ішінде – айдабол. Қолжазба институтқа 1957-1958 жылдары түскен. Шығарма торкөз дәптерге көк сиямен, араб әрпімен жазылған. Жазба әр бетке толық орналасқан және 23-24-беттерде сызылған сөздер бар. Европалық беттеу тәртібімен берілген.

«Бабалар сөзі» 43-томында [9, 380] және «Ғылыми сипаттаманың» 1-томында [7, 136-137] аталмыш қолжазбаны институт қорының 341-бумасында (6-тізім, 1-дәптерде) сақталған деп жаңылыс айтылған.

Бұл қолжазба жоғарыда көрсетілгендей ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (102-бума, 4-дәптер.) сақтаулы. Сонымен бірге, жырды жырлаушының тегі де Әбжанов емес, дұрысы – Әбжанов. «Сипаттамада» қате көрсетілген [7, 136]. Қолжазбада Н.Әминовтың қолтаңбасымен, араб әрпімен анық Әбжанов деп жазылған. Нұсқа «Бабалар сөзінің» 43-томында (2007) басылым көрді.

Ал, енді «Қамбар батыр» жырының келесі қарастырылатын қолжазбалары Орталық ғылыми кітапхананың сирек басылымдар және қолжазба қорында (671-бума.) сақтаулы. 671-буманың алты дәптерінің барлығында аталмыш жырдың алты нұсқасы сақталған. Сол қолжазбалардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталайық.

Шәріпұлы Сабыр жинап тапсырған «Қамбар батыр» жыры ОҒК-нің қолжазба қорында (671-бумада, 1-дәптерде) сақталған. Қолжазба қорға 1939 жылы түскен.

Жинаушы С.Шәріпұлы – (1881-1942) Вятск губерниясы, Варзей деревнясында туған, халық поэзиясын жинап, ол туралы тұшымды пікірлерін айтқан жазушы, қоғам қайраткері. С.Шәріпов Сейдахмет ақынның көп өлеңдерін Ақмола облысы, Атбасар ауданында тұрған Назар Молдабекұлынан жазып алып, қолжазба қорына тапсырған. Солардың арасында «Бала би Досбол сөздерінен» деген аңыз мәтіні де кездеседі.

Сабыр тапсырған қолжазба – Қазанда 1888 жылы «Қисса-и Қамбар», 1903 жылы Қазанда шыққан «Тоқсан үйлі тобыр» мен 1888 жылы шыққан «Қисса-и Қамбар» жырының мазмұнымен ұқсас болып келеді. Тек 1888 жылғыда діни сөздер көбірек қолданылған. Аталған қолжазбаны сол кітаптың көшірмесі деуге болады. Қолжазбаның соңында (24-б.): «1895 жылдың 4 май, жексенбі күні жазып болдым» деген жазу бар.



Кім көшіргені белгісіз. Шығарма тақырыпқа, тарауға бөлінбеген. Басқа нұсқада Назым мен Қамбардың тойы, тобырлардың қуанышымен аяқталса, бұл эпизод аталған қолжазбада суреттелмейді.

Сабыр жинап тапсырған қолжазба толық емес, бірінші, тоғызыншы парақтары жоқ. Шығарма 7-8 буынды жыр үлгісінде жазылған. Қолжазбаның тексі әр беттің өн бойында толық орналасқан. Мәтін кішкене сарғыш-қоңыр қағазға бидай сиямен, араб әрпімен, көркемдеп жазылған, оқылуы қиын. Жалпы көлемі – 24 бет.

С.Шәріпұлының нұсқасы «Бабалар сөзінің» арналған 43-томына енбеген.

Ал, «Қисса Қара қасқа атты Қамбар батыр» атты жыр аталған буманың 2-дәптерінде сақтаулы. Қолжазба қорға 1940 жылы түскен.

Жырды жинап тапсырушы Асайын Ханкелдіұлы – кезінде КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы жанындағы Халық творчествосы бөліміне қазақтың көптеген ауыз әдебиеті үлгілерін тапсырған фольклор жинаушысы, әрі өзінде ақындық өнері де болған. А.Ханкелдіұлы 1941 жылы Арал маңына барған халық творчествосы бөлімінің экспедициясына қатынасқан. Ол экспедиция көптеген ауыз әдебиеті үлгілерін, бірнеше батырлар жырлары мен дастандарды жинады. Осы қолжазба – соның бірі.

Жырдың қысқаша мазмұнына тоқталайық: Ноғайлы жұртының 60 үйлі арғындарға көрсеткен зәбірі, арғынның бөлек қоныс тебуі, Қамбарды өздеріне басшы етіп тағайындауы, оның ел-жұртын аң аулап асырауы жайында сөз болады. Мұнда Қамбардың әкесінің есімі – Көшірбай, ноғайдың байы Әлімбай, оның Алшыораз, Аққошқар атты екі ұлы және Назым деген сұлу қызы бар екен. Назымның жар таңдау тойына Әлімбай 60 бие сойып, халқын жинайды, тек 60 үйлі арғынды шақыртпайды. Келгендердің Назым ешқайсысын жаратпайды, бұл кезде арғын шалдар Қамбарға «сен де барсайшы, шақырмасада барып көр», – дейді. Сөйтіп Қамбар да барып көреді, оның келе жатқанын көрген Назым қуанып алдынан шығады, бірақ соңғы сәтте ойынан айнып қалған Қамбар жолықпай, қашып кетеді. Сол кезде ноғайлының үстінен қарап тұрған қалмақтың ханы Ақшахан қыздың жайын естіп, Келмембетті басшы қылып, елшілікке 60 адамды жібереді, әрі қарай оқиға басқа жырлардағыдай болып келеді. Жыр соңында арғынның тобырындағы ақсақалдарды Назым жақсылап киіндіреді, әкесі 80 нарға жүк артып, қызын Қамбарға ұзатады. Қамбар қалыңдығын алып, өз тобырына қосылады. Мұндағы тағы бір ерекшелік: Қамбар әкелген мал мен Назым қызды бөліске салу, өзінің жауы Ақшаханмен жекпе-жегі берілмеген.

А.Ханкелдіұлы тапсырған нұсқа толық, шығарма көбінесе жыр үлгісі, кейде қара сөзбен де баяндалып отырады. Жырды көшіріп жазушы Қалқай молда, бірақ ол туралы мәлімет кездеспеді.

Қолжазбаның қай жылы, қай жерде жазылып алынғаны жөнінде нақтылы, толық дерек табылмады, бірақ қолжазбаның (9, 31-32-беттерінде) ашық жерінде жазылған сөздеріне қарағанда, қолжазба Қазалы, Арал маңында 1923-1924 жылдары көшірілгенге ұқсайды. Жыр бір сызықты үлкен, сарғыш-қоңыр кеңсе қағазына араб әрпімен, көк сиямен, ұқыпты жазылған. Жазуы әдемі, оқуға болады. Қолжазбаның соңында «Әдебиат казахия. Қалқай молданың һәр түрлі тақилиплардан теріп жазған өлеңдері деп білерсіз. 1941 жыл, жинап тапсырған – Асайын Хангельдин» деп жазылған. Жырдың жалпы көлемі – 21 бет.

А.Ханкелдіұлының нұсқасы «Бабалар сөзінің» 43-томында жарияланған.

«Қамбар батырдың тарихы» атты қолжазба қорда, (ОҒК, 671-бума, 3-дәптер.) сақталған. Жыр қорға 1940 жылы түскен.

Жинаушысы Қайролла Шабдарұлы 1916 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Еркіншілік ауданы, Қоржынкөл ауыл кеңесінде туған. Қайролла жастайынан-ақ батырлар жырын жинап, оны жаттап, ел арасында айтып жүреді. Оның білетіндері: «Ермек батыр», «Монтай мен Келден батыр», мақал-мәтелдер, қулар сөздері т.б.

Жыр қолжазбасының соңында «көшіріп болдым, 1938 жыл» деген латын әрпімен жазылған сөзіне қарағанда, бір кітаптан, не қолжазбадан көшіргені байқалады және қолжазбаны 1888 жылы шыққан «Қисса-и Қамбар» жырының мәтінімен салыстырғанда, сол кітаптан жатталғаны анықталды. Шығарма тақырыпқа, тарауға бөлінбеген. Қолжазбаның мазмұны 1888 жылы шыққан «Қисса-и Қамбар» жырымен ұқсас, жаңадан қосылған эпизод жоқ. Тек мәтіннің кейде қысқа, кейде кең түрде жырланғаны байқалады. Солардың бір мысалы, қыз Назымның жасауын суреттеу эпизоды кеңейтіліп баяндалған.

Қолжазба 1938 жылы Жезқазған қаласында жазылған. Шығарма 7-8 буынды жырмен баяндалады, мәтіні толық. Кейде эпизод арасында түсінік ретінде беретін қарасөздер де кездеседі. Қара сөзді әңгіме деп бастайды екен. Қолжазба латын әрпімен, сарғыш ұзын жол дәптерге қара сиямен жазылып, реттік санмен беттелген. Өлең жолдары бір бетке екі қатардан орналасқан. Жалпы көлемі – 33 бет. Қ.Шабдарұлының нұсқасы бұрын басылым көрмеген.

«Қисса Қамбар» жыры қорға 1941 жылы түскен. Жыршысы – Мырзақмет Балзақұлы болса, ал қолжазбаны жинап тапсырушы, әрі иесі – Жетпісбай Оспанұлы. Бірақ жыршы мен жинаушы жайында ешқандай мәлімет жоқ.

Бұл қолжазба жөнінде «Қазақ әдебиет тарихының» 1-том, 1-кітабында (1960) зерттеледі. Шығарма тарауға бөлінбеген. Қолжазбаның негізі 1888 жылы шыққан «Қисса-и Қамбар» жырынан жаттап алып, кейіннен қағазға түсіргенге ұқсайды, мазмұнында айырмашық аз деуге болады. Тек кейбір қалдырып кеткен өлең шумақтары, жаңадан қосылған бірер өлең жолдары бар, кейбір татар сөздерін қазақ сөздерімен берген. Әр эпизодтың алдында карасөзбен берілген түсінік бар.

Жырдағы өзгешелік Қамбар Назым құрған өрмекті көк алмаспен шабады. «Мені кедей деп тойға шақырмадыңдар, Әзімбайдай әкеңнен көп тобырым қаңғырып барып, тамақ жеп пе еді» деп өкпесін айтады. Кейін жауын жеңіп келген Қамбардың аяғының астына кілем төсеп, алтыннан тіккен отауға кіргізеді. Назымды алты жеңгесі ертіп келеді. Әзімбай атан-түйелерді жіберіп, Қамбардың тобырын алдыртады. Екі жас қосылып, үлкен той болады.

Мырзақмет Балзақұлы жырлаған «Қисса Қамбар» қолжазбасының мәтіні толық, 7-8 буынды жыр үлгісімен айтылған. Қолжазба 1929 жылы, Қазақстанда жазылған. Жыр сарғыш ұзын жол дәптерге, алдымен қара сиямен, кейін қарындашпен, араб әрпімен жазылған. Қолжазбаның 58-59 беттері қарындаштың үстінен қара сиямен қайта жүргізілген. Өлең әр бетке екі қатардан орналасқан. Жырдың жалпы көлемі – 30 бет.

Шығарманың қосымша белгісі 67-бетте «1856-1908 жылы туған шал» деп латын әрпімен жазылған сөз бар. Бұл жыршының туған, өлген жылдары болуы мүмкін. Қолжазбаның соңғы 30-бетінде «жазғушы Мырзақмет Балзақұлы деп білерсіз. 1929 жыл, 19 февраль» деген жазу бар. Қорға 1941 жылы түскен. М.Балзақұлының нұсқасы бұрын еш жерде жарияланбаған.

«Қамбар батыр» жырының тағы бір нұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (671-бума, 5-дәптер.) сақталған. Қолжазба қорға 1936 жылы түскен.

Жыршысы Мұқамбайұлы Бармақ (1889-1939) – ел ақыны, жыршы. Жамбыл облысы, Шу ауданында дүниеге келген. Жастайынан ақындық өнерін ұстанып, Майкөт, Сүйінбай, Майлықожа, Құлыншақ, Жамбыл,

Бақтыбай жырларын, халық дастандарын жаттап айтқан. Ол – бірнеше рет айтыстарға қатысқан ақын, кезінде Сауытбек, Кенжеқожа, Жанат, Арқабай, Оспантай, Үмбетәлі, Жақсыбай т.б. ақындармен айтысқа түскен. 1919 жылы Ұзынағаш маңындағы бір тойда Үмбетәлі, Шүкітай, Оспантай, Саяділ, Кенен т.б. ақындармен кезектесіп Нұриламамен айтысқан. Бұл айтысқа Жамбылдың төрелік бергені белгілі [11].

«Қамбар батыр» жырын кімнен үйренгені, қашаннан бері жырлап жүргені белгісіз. 1936 жылы жырды хатқа түсіріп, ғылыми кітапхана қорына тапсырған Бармақ ақынның өзі.

Бұл жырдың басқа нұсқасы жоқ. 1959 жылғы «Қамбар батыр» жырының ғылыми баспасында жарияланды.

Жырдың басқа версиялардан өзгешелігі бар тұстарына тоқталар болсақ: Бұл нұсқада Әзімбай жомарт адам ретінде суреттеледі. Ол қызына күйеу таңдатқанда жар салмайды, хат жіберу арқылы хабарлайды. Назымның өзге қасиеттерімен бірге білімділігі жөнінде мағлұмат беріледі. Мұнда Әзімбай ұлдарының есімдерінде де өзгешелік бар, тек кіші ұлының аты басқа жырлардағыдай Алшыораз. Сондай-ақ, Қамбардың әкесінің есімі – Бекқожа. Қамбардың жасы жиырма бесте деп баяндалады. Келмембет Мақтым ханның «қазағыңды мақтайсың» деп ашуланған сөзіне «хан емессің, қабансың» деп бетіне тайсалмай жауап қатады. Қамбарды «ақын емес, батыр» деп дәріптейді. Елдеріне жау келгенде Әзімбай отыз биді мың жылқы беріп айдатып, Қамбардан көмек сұратып жібереді. Осы нұсқада да Келмембет артынан қалмақ Мақтым ханға қарсы шығады. Жырда Әзімбай аулындағы ұзату тойдан гөрі Қамбар аулындағы үйлену тойының сән-салтанаты жан-жақты суреттеледі. Той үстіндегі күш сынасу, бәйге, жамбы ату ойындарын бейнелеуге баса мән берілген. Бәйгеде Қамбардың қара қасқасы алдына жүйрік салмаса, күрес пен жамбы атуда да Қамбар батырдың туыстарының мерейі үстем болады.

Бармақ нұсқасы – толық, 7-8 буынды жыр үлгісіне құрылған шығарма. Қолжазба қара (73-95, 106-112-б.) және көк (96-105-б.) сиямен, араб әрпімен ұзын жол дәптерге жазылған. 73-112-беттер бір түрлі қолмен, 113-119-бетке дейін екінші қолмен жазылған. Жазуы нашар, оқылуы қиын. Мәтін әр бетке бір қатардан орналасқан. Жырдың жалпы көлемі – 94 бет.

Қолжазбаның әр бетінде жыршының, жазушының жазу үстінде (73, 75, 80, 88, 99, 102-беттерде) сызған сөздері, жолдары кездеседі. Бармақ нұсқасы «Бабалар сөзінің» 43-томында жарияланды.

«Қамбар» жырының келесі нұсқасы ОҒК-нің қолжазба және сирек басылымдар қорында, (671-бумада, 6-дәптерде) сақталған. Қолжазба қорға 1946 жылы түскен.

Жыршысы Баяндин Нұрмағамбет Омбы облысы, Шербанкүл ауданында дүниеге келген. Ол бұл жырды ерте кезде Тыныштық ақынның айтуынан жаттаған. Ал, осы жырды жинаушы, жазып алып, қорға өткізуші Данияров Алмағамбет Қазақ Совет энциклопедиясы редакциясында қызмет істеген.

Қолжазбаның негізі 1903 жылғы шыққан «Тоқсан үйлі тобыр» жырынан алынып, жатталғанға ұқсайды. Жыр тарау-тақырыпқа бөлінбеген. Қолжазба 1903 жылғы мәтінмен мазмұндас болуымен қатар өзіндік өзгешелігі бар. Олар: Қамбардың ата-тегін қара сөзбен баяндауы. Мысалы, Қамбардың әкесі – Бетеге, оны Бетегенің арасынан тауып алған. Қамбардан Ер Көкше, одан Ер Қосай, одан Сарбаян, бұлардың бәрінің атасы – Уақ деп келеді. Мұнда қалмақ ханы Мақтымнан қорыққан ноғайлы елінің Назымды қалмаққа бермек болуы, жеті бидің Қамбарға баруы, жауын әскерімен қоса жеңген Қамбар, Алшыораз, Келмембет үшеуі қосылып, одан әрі жаудың Сипин қаласында шауып алуы.

Нұрмағамбет Баяндин нұсқасы толық, 7-8 буынды жыр үлгісінде жазылған, кейде эпизодтарды баяндайтын қара сөздер де кездеседі. Қолжазба 1946 жылы, Омбы облысы, Шербанкүл ауданында, үлкен сарғыш қағазға кирилл әрпімен, қара қарындашпен жазылған. Жазуы нашар. Жырдың жалпы көлемі – 27 бет. Қолжазба соңында «Артықша туған қыз Назым» деген жазу бар. Нұрмағамбет Баяндин нұсқасы бұрын жарық көрмеген.

Қорыта айтқанда, қолжазба қорларында бағзы заманнан бастап бүгінгі күнге дейін жиналған «Қамбар батыр» жырының жиырмадан астам нұсқасының жиналу тарихы жазылып, варианттар арасындағы айырмашылығы, текстологиялық ерекшеліктері айқындалды. Олардың он бір нұсқасы 2007 жылы шыққан «Бабалар сөзінің» 43-ші томында басылым көріп, ғылыми айналымға түсті.

Бір өкініштісі, томға К. Серғазиев, Қ.Амангелдіұлы, Б.Нұрымжанов, Ж.Үрімқұлов, С.Шәріпов, Қ.Шабдарұлы т.б. нұсқалары кірмей, ғылыми айналымға түспеуі. Бұл нұсқалардың туған әдебиетімізді терең зерттеуде жырлардың нұсқаларын, версияларын салыстыра зерттеуде пайдасы зор болар еді.

Еліміздің сирек қолжазбалар қорында аталған жырдың ұшан теңіз

мол қоры бар. Бұлар жыл сайын экспедиция материалдарымен толығып отырады. Сондықтан қолжазба қорларындағы батырлық жырлардың жиналу тарихын баяндап жазу фольклоршы ғалымдар, докторанттар, магистранттар т.б. зерттеушілер үшін аса құнды анықтамалық құрал қызметін атқарады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Сейфуллин С. Шығармалар. 6-том. – Алматы, 1964. – 133 б.
2. Смирнова Н. Қамбар батыр. – Алматы, 1959; Смирнова Н.С., Ғұмарова М. Қамбар батыр // Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. Бірінші кітап. – Алматы, 1960.– 427 б.
3. Рақыш Ж. Қамбар батыр жыры және оның текстологиясы. Монография. – Алматы, 2009. – 152 б.
4. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы, 1993.– 296 б.
5. Қазақ эпосы жайындағы дискуссияның қорытындысы // Әдебиет және искусство. 1953.№ 8. 109-114 б.; Итоги дискуссии по казахскому эпосу // Вестник АН.КазССР. 1953. № 8. С.95-98; Об итогах дискуссии по вопросам казахского эпоса. Постановление Президиума АН Каз ССР и Президиума Союза писателей Казахстана // Советский Казахстан. 1953, кн.8. С.113-115.
6. Мейер Л.Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. – СПб, 1865. – 386 с.
7. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 1 том. – Алматы: Ғылым, 1975. – 352 б.
8. Березин И. Турецкая хрестоматия. Ч.2. – СПб, 1890. – 80 с.
9. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2008. 43-том. Батырлар жыры. – 370 б.
10. Ж.Рақышеваның ««Қамбар батыр» және оның варианттары» атты кандидаттық диссертациясының авторефераты. – Алматы, 2006. – 30 б.
11. Айтыс. 2-т. – Алматы: Ғылым, 1965. – 556 б.



## КӨРҰҒЛЫ

«Көрұғлы» жыры – түркітілдес халықтар арасына ең көп тараған фольклорлық мұраның бірі. Оны қазақ, түркімен, әзірбайжан, тәжік, қырым, сібір татарлары, өзбек, құмық, қарақалпақ, анадоли түріктерінің арасынан кездестіруге болады. Сол сияқты жыр араб елдері, армян, грузин, дағыстан, күрділер арасына да кең тараған.

Барлық халықтың да «Көрұғлы» жырының негізгі сюжеті ұзақ жылдар бойы Иран шахы мен түрік падишасына қарсы шыққан Көрұғлы батыр болып келеді. Жырды қай халық жырласа да эпостың негізгі идеясын өзгертпейді. Бас кейіпкер хандарға, патшаға, үстем тапқа, халықты зәбірлеушілерге қарсы күреседі. Яғни эпостың бас тақырыбы – басқыншы елден өз елін, жерін қорғау.

Әр халық «Көрұғлы» жырын жырлағанда өз ұлтына тән фольклорлық дәстүрді, поэтикалық шеберлігін, өз халқының өміріне әсер еткен, тарихында із қалдырған жағдайларды қоса отырып, өзіндік төл туынды жасаған.

Жырды жазып алу және зерттеу ісі ХІХ ғасырдан басталды. ХІХ ғасырдың 30-жылдары саяхатшы И.Шопен Оңтүстік Әзірбайжанда болып, түркітілдес айтушының айтуынан «Көрұғлы» аңызының бір нұсқасын жазып алып, «татар аңызы» ретінде жариялаған.

И.И.Шопен (1798-1870) – этнограф, тарихшы. Ұлты – француз. 1820 жылы Ресейге келген. Ұзақ жылдар Кавказда тұрып, сол өлкенің сипаттамасын жазған. И.И.Шопен аңыз мәтінін жазып алып қана қоймай, Көрұғлы өмір сүрген қамалды суреттеп, жырдың тарихи мәселесін де қарастырған [1].

ХІХ ғасырдың бірінші жартысында поляктың зерттеуші-ғалымы А.Ходзько Астрахань маңайындағы ноғайлардан «Көрұғлы» жырының бір нұсқасын жазып алып, «Парсының халық поэзиясы» деген кітапта жариялаған [2]. Осы шығарманың орыс тіліндегі мәтіні 1856 жылы жарық көрген.

Белгілі ғалым И.Н.Березин ХІХ ғасырдың орта шенінде Көрұғлы жайындағы өлеңді жазып алып, өзі бастырған хрестоматияға енгізген [3]. Академик В.В. Радлов жариялаған көптомдыққа жырдың түрік тіліндегі

бір нұсқасы енген [4, 323-324]. Сібір татарларының арасынан жазылып алынған бір аңыз А.Володин еңбегінде басылым көрді [5, 46-57].

Н.Я.Марр Көрұғлының Ғират атты тұлпарын Хамзаның ұрлайтын көрінісін жазып алып, өз еңбегінде бастырып шығарған [6].

Н.Я.Марр (1864-1934) – шығыстанушы, лингвист, СССР ҒА-ның академигі. 1890 жылы Петербор университетін бітірген. Армян, грузин т.б. тілдерді жақсы білген. Көптеген көне ескерткіштерді зерттеп, оларды жариялауда көп еңбек сіңірген.

«Көрұғлы» жырының нұсқалары әр елдің ғалымдары тарапынан көптен зерттеліп келеді. «Көрұғлы» жырын В.М.Жирмунский, Г.Көрөғлы, Б.А.Каррыев, А.К.Боровков, И.С.Брагинский, Л.И. Климович, А.Ходзько т.б. сияқты зерттеуші-ғалымдар түркі халықтарының эпостарын салыстырмалы түрде зерттеген еңбектерінде сөз етеді. Олар эпостың екі саласы бар деп қарайды. Бірі – әзірбайжан саласы, оған кіретіндер: әзірбайжан, армян, грузин, курд және түрік версиялары. Екіншісі түркімен саласы, оған жататындар: түркімен, өзбек, тәжік, қазақ, қарақалпақ, бұхар арабтары, сібір татарларының нұсқалары.

Ал, қазақ зерттеушілерінен Ә.Марғұлан, С.Садырбаев, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібай, Ш.Ыбыраев, М.Ғұмарова, Б.Әзібаева сынды ғалымдар қазақ эпосына арналған зерттеулерінде құнды ой-пікірлер келтірсе, «Көрұғлы» жырының қазақ және түрік нұсқаларының мотивтік және образдық ерекшеліктерін кешенді түрде салыстырып, саралап талдаған Ахмет Аляздың, жырдың түрлі халықтар мәдениетіндегі жиналу, жариялану және зерттелу кезеңдерін қарастырған, жыр сюжетіне енген көптеген көне фольклорлық сарындардың жырда қалай көрініс тапқанын синхрондық және диахрондық салыстырулар негізінде қарастырған Зада Сахитжанованың және эпостың көптеген халыққа ортақ негізгі сюжеттерін қамтыған Р.Мәзқожаев нұсқасын алғаш рет кешенді ғылыми зерттеу нысанына алған Азамат Аханның зерттеу еңбектері жазылды.

«Көрұғлы» жырының кейбір нұсқалары Қазан төңкерісіне дейін бірнеше рет басылым көрген. Мысалы, В.Моценский 1905 жылы «Бозай батыр және оның баласы Көрұғлы» деген аңызды орыс тілінде бастырса, 1906 жылы В.Карлсон Қазақпай ақынның «Көрұғлыны» жырлағаны туралы дерек келтіреді. Хасан Мирбаба жазып алған «Хикаят Көрұғлы» атты нұсқа 1885 жылы Қазан университеті баспасынан жарыққа шығып, жырдың осы нұсқасы Қазан, Ташкент қалаларында 1890, 1895, 1902, 1909, 1911, 1915 жылдары жарияланған [7].



1973 жылы жарық көрген «Көрұғлы» жинағына Р.Мәзқожаевтің, Е.Есенжоловтың, Қошановтың, Қ.Өтешовтың жыр варианттары енген. Бұл жинақ 1989 жылы толықтырылып, қайта басылды. Оған Тәжібайұлы тапсырған «Көрұғлы мен Безерген және Қазанда жарық көрген «Хикаят Көұғлы» мәтіндері енді.

Халық мұраларының шын мәнінде мол көлемде жиналуы, зерттелуі Кеңес дәуірінде қолға алынды. Ғылыми тұрғыда жинау, жүйелеу, сақтау, зерттеу шаралары бір орталыққа шоғырландырылып, ұлттық қолжазба қорлары ашылды. Олар: Ұлттық кітапхана, Орталық ғылыми кітапхана және М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорлары. Бұл қорларда халық әдебиеті үлгілері мен әдебиет тарихына қатысты деректердің, қолжазба мұралардың мол қазынасы сақтаулы. Олардың басым көпшілігі Қазан төңкерісінен бұрын хатқа түскен.

Солардың бірі – «Көрұғлы сұлтан хикаясы». Бұл эпос 1885 жылы Қазанда басылған мәтіннен алынған. Эпос екі саладан тұрады. Біріншісі – «Хикаят Көрұғлы» деп аталады. Сонда Көрұғлының қызылбас Күнхар ханмен соғысы, қасапшы Бұлдырықтың баласы Ғауазханды әкелгені баяндалады. Екіншісі – «Қисса Ғауазхан» деп аталады. Онда Көрұғлының қызылбас Күнхар ханмен екінші рет соғысып, жеңгені, Ғауазды зынданнан босатқаны суреттеледі.

Эпос Қазақстанның шығыс пен солтүстік өңірлеріне кең таралған. Жырды Қызылжар (Петропавл) қаласында тұратын, сол жердегі медреседе істейтін Хасан Мирбаба ХІХ ғасырдың сексенінші жылдарында ел арасынан жазып алып, өзінше өңдеп, Қазан баспасына ұсынған. Аталған мәтін Қазандағы университет, Домбровский баспаларында және Ташкент қаласында бірнеше мәрте жарияланған (1885, 1890, 1895, 1902, 1909, 1911, 1915, 1916). Бұл кітаптың сыртында «қазақ тілінде» деген жазу болғанымен, тілі қазақ оқушыларына түсініксіздеу болып келуіне байланысты жырды 1940 жылы Қазақстан зерттеу қоғамының тапсыруымен көне қазақ тілінен таза қазақ тіліне аударған – қазақтың көрнекті ақыны Жақан Сыздықов. Ол (1901-ө.ж.б.) Көкшетау облысы, Чкалов ауданы, Қарағаш деген жерде туған. Ақын кейін Алматы қаласында тұрған. Жақан ССР халықтарының әдебиет үлгілерін қазақ тіліне аударуда елеулі еңбек еткен. В.Маяковский, Д.Бедный, Я.Купала, Ғ.Тоқай, Ш.Руставели, Ә.Новай, Ә. Низами шығармаларын және қырғыздың «Манас» эпосын қазақ тіліне аударған [8, 81].

ОҒК-нің қолжазбалар қорында (Ш. 672) «Көрұғлының қиссасы», дәптердің сыртында «Көрұғлы» делінген қолжазба сақтаулы. Жинаушысы – Айдарханов 1940 жылдары СССР Ғылым академиясының филиалында істеген деген мәлімет бар. Қолжазба 1929 жылы Қызылорда облысында жазылған. Шығарманың қысқаша мазмұны төмендегідей.

«Түркіменнің Мұңлыбек атты батыры бір күні Арқаруымдағы қалмақтарға барып, сол соғыста қаза табады. Оның екіқабат әйелі Алтыншаш ауырып өліп, бір айдан соң көрде босанады. Бала шешесінің қасында көрде жеті жыл өмір сүреді. Алтыншаштың ағасы Бозұғлан аңнан қайтып келе жатып, зират маңында ойнап жүрген баланы көреді. Бір күні айламен баланы ұстап үйіне алып келіп, көрде туған бала деп, атын Көрұғлы қояды. Көрұғлы аңда жүріп, қалмақтың батыры Сапабекпен соғысып, өзіне бағындырады. Арабтың Райхан атты патшасы Бозұғланның әйелі Ақбілекке ертеден ғашық екен, күйеуі аңға кеткенде, Райхан Ақбілекті алып қашып кетеді. Көрұғлы Ғират атына мініп, Райханды іздеуге аттанады. Көрұғлы Ақбілекті кездестіреді, оны алып кетпек болғанда, Ақбілек «алдымен Райхан арабтың қарындасы Күләймді алып, Бозұғланға апар, сонан соң маған келерсің» дейді. Көрұғлы Күләймді алып қашады, Райхан соңынан қуғанмен, жете алмай қалады. Көрұғлы келсе, Сапабек бас болып Жәмбілбел шаһарын салып жатады. Көрұғлы Бұлғар тауын мекендеген Ахмет сардар, Қабыл, Дабыл деген байларды көшіріп алады. Он үш жастағы Көрұғлыны ақ кигізге салып хан көтереді.

Жеңгесін іздеп, Қалдархан мен Райхан еліне аттанады. Ғират Көрұғлыны Ақбілек жатқан зынданға алып келеді. Ақбілекті босатып, Райхан патшаны іздейді. Райханды ұстап алып келсе, Ақбілек жоқ болады. Ғират Ақбілекті Зәңгі дәудің алып кеткенін айтады. Райханды азаптап өлтіреді». Жыр аяқталмаған.

Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында «Көрұғлының қиссасы» (672 бума, 6-дәп.) атты қолжазба сақтаулы. Бұл қолжазба ХХ ғасырдың басында Қостанай облысында жазылған. Аталған қолжазбаны қорға 1935 жылы тапсырған – Ақтөбе облысының тұрғыны Жамал Балғынбайұлы. Ел арасына қолжазба күйінде таралған. Мәтін еш жерде жарияланбаған.

Мазмұны Айдарханов жинап, қорға тапсырған жырмен ұқсас болып келгенмен, кейбір айырмашылықтары да бар. Олар: Айдарханов нұсқасындағы қарасөзбен баяндалған тұстары өлеңмен өрілген. Көрұғлы көрден шығып ойнап жүріп, өзінің болашақ Жәмбілбел

шаһарын тұрғыза бастауы, Бозұғланның әйелі Ақбілекке ғашық адам көп екені, Бозұғланның ел-жұртынан бөлініп, Күйген тауды мекендеп жүруі, Күйген таудың басынан әйеліне ғашық 41 адамды көруі, Көрұғлының 41 жігітпен соғысуы т.б. көрністер Айдарханов нұсқасын толықтыра түседі.

Қазақтар арасынан жазылып алынған Көрұғлы туралы жырлардың ендігі бір нұсқасы – «Қисса-и Көрұғлы» атты Ерғали Есенжолов 1910 жылы хатқа түсірген жыр.

Есенжолов Ерғали (1888-1953) Торғай ауданы (қазіргі Аманкелді) Қостанай облысынан. Ерғали 1902 жылы аудандық мектепті, 1907 жылы Қостанай қаласындағы екі кластық училищені бітіреді. 1907-1921 жылдар аралығында ауылда мұғалім болып істейді. Мұғалім болып істеп жүрген кезінде ел арасынан естіген қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, жазып алып жүрген. Есенжоловтың 1907-1925 жылдар арасында хатқа түсіргендері – XIX ғасыр ақындарының өлеңдері, айтыстар, ертегілер, батырлар жыры. Өзі аздап өлең шығаратын болған. Ерғали өзі жинаған қолжазбаларды Кәрім деген баласына береді. Кәрім 1947 жылы Тіл және әдебиет институтының қолжазба қорына тапсырады. «Көрұғлы» – сол қолжазбалардың бірі [8].

Жыр мазмұны Айдарханов тапсырған «Қисса Көрұғлыға ұқсайды. Бұл нұсқада Көрұғлыны хан көтеру, Ақбілекті Зәңгі дәудің алып қашуы, сиқыршылармен кездесуі, Көрұғлының олармен соғысатын тұстары суреттелетін көріністер кездеспейді. Мұнда бас қаһарманның қызылбас ханы Қалдарханның баласы Райханмен соғысы толығырақ суреттеледі. Жыр мәтіні алғаш рет 1973 жылы жарық көрген «Көрұғлы» жинағында, 1989 жылы толықтырылып, қайта басылым көрген жинақта және «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 49-томында (Астана, 2008) жарияланды. Түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында 924-бумада сақтаулы.

Халық әдебиеті мұраларын ел арасынан жинап, зерттеуге айрықша үлес қосқан зерттеушілердің бел ортасынан Бозтай Жақыпбаевты (1887-1970) көруге болады. Ол 1937 жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы ұйымдастырған «Жетісу экспедициясына», 1939 жылы «Маңғыстау», «Семей», 1946 жылғы «Ақмола-Көкшетау» экспедицияларына қатысып, халық ақындары шығармаларын, Молда Мықан Машанұлының жинағынан көшірілген «Көрұғлы» деген жырды жинап, ОҒК-ның қолжазба қорына тапсырған.

Машанұлы Молда Мықан – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде Павлодар облысы, Баянауыл ауданында өмір сүрген

ақын. Төңкеріске дейінгі ауыз әдебиеті үлгілерінен қазақтың көптеген жырларын және ақындардың айтыс өлеңдерін қағазға түсірген белгілі жинаушы.

Нұсканың қысқаша мазмұны төмендегідей болып келеді:

«Көрұғлы Ғауаз баласымен аңға шығады. Сол кезде қатты дауыл тұрып, Ғауаз құсын іздеп кетеді. Көрұғлы баласын таба алмай қалады. Ғауаз адасып жүріп бір қызды көріп, ғашық болады. Қызды қуып жүріп, Ерназар деген патшаның ордасына кез болады. Оның қарындасы Зейнеп Ғауазға ғашық болады. Сол жерде Жұлдызайым деген сұлу қыз жігіт таңдап, той жасап жатады. Ғауаз киімін өзгертіп тойға келіп, атын бәйгеге қосады. Аты бірінші келіп, Жұлдызайды алады. Олар елге келе жатып жолда қызылбастармен соғысып, жеңіске жетеді. Бұл нұсқа басқа варианттарға ұқсас болып келгенімен, өзіндік айырмашылықтары да бар. Солардың бірі Ақбілекті алып кететін Зәңгі дәу бұл нұсқада кездеспейді т.б. Молда Мықан нұсқасы аяқталмаған.

«Көрұғлының мәшһүр болып ерлігі,  
Талай жерге таныс болған бектігі.  
Мұнан кейін білсеңіздер қиссасы  
Хасанхан мен Әуезханның ендігі»

деп жыр аяқталады. Осыған қарағанда, Молда Мықанның Көрұғлының балалары Әуез, Хасан туралы да жырлағанын аңғарамыз. Бірақ олар туралы қолжазбаны кездестіре алмадық. Жыр мәтіні еш жерде жарияланбаған. Қолжазбасы ОҒК-нің (672-бума, 9-дәп.) сақтаулы.

Мәшһүр Көпеев (1858-1931) XX ғасырдың басынан халықтың рухани мұрасын жинауға ынталанып, академик В.В.Радловпен танысып, ауыз әдебиеті үлгілерін жинау ісімен айналысты, жар-жар, ұлағатты сөздер, ертегі, аңыздарды, діни қиссалар, батырлық жырларды жинап жариялайды. Сондай жырлардың бірі – «Көрұғлы» жыры. Мәшһүр жинаған «Көрұғлы» жырының нұсқасы татардың көрнекті жазушысы Наки Исәнбеттің кітапханасында сақтаулы. Сол нұсканың микрофильмі 1956 жылы түсіріліп, кітапхана қорына тапсырылған. Бұл нұсканың Жолмұрат Жүсіпұлы (Мәшһүрдің жиені) жазып берген бір көшірмесі (1173-бумада) Орталық ғылыми кітапхананың қорында сақтаулы. Көшірушінің айтуына қарағанда, «Көрұғлыны» Мәшһүр 1894 жылдан бері біледі [9, 93].

М.Ж.Көпеев нұсқасында Көрұғлы ат жалын тартып мініп, азамат болған шағында ант-су ішіп, Сапабекпен және оған ерген қырық жігітпен достасады. Райхан араб пен Қызылбай ер текежәумітті шабуға

келгенде, Көрұғлы қырық бір ермен бірге жауға қарсы тұрады. Сондай-ақ, Көрұғлы Арзурумға қашқан Райхан арабты шауып келуге қырық бір жігітті жібергенде, олар тұтқынға түсіп қалады. Қырық бір жігітті қамаудан құтқаруға Көрұғлы келгенде, қырық бір жігіт шылбырдан босанып шығып, Райхан арабтың әскерін быт-шыт қылып жеңеді. Жыр сюжеті Е.Ерғалиев нұсқасына өте ұқсас.

«Көрұғлы» жырының Қарағанды облысында хатқа түскен бір нұсқасын Нәби Балабекұлы 1940 жылы кітапхана қорына тапсырған. Балабекұлы Нәби Қарағанды облысы, Жезді ауданында туып-өскен. Сол жерде өрт сөндіруші болып істеген. Нәби қазақ ауыз әдебиетін жаттап алып айтып жүретін, өзі де өлең шығаратын ақын болған. Бұл нұсқа баспада жарияланбаған. Жырдың сюжеті Айдарханов жинаған мәтінге ұсас болып келгенімен, кейбір айырмашылықтары да кездеседі. Ол айырмашылық – Көрұғлының көрден шығып отырып: «Жәмбілбел шаһарын салып, соған сұлтан болсам, 120 жыл өмір сүріп, жауымның бәрін жеңсем» деген қиялы. Нәби жинаған нұсқа толық емес, кейбір парақтары жоқ. Шығарма 7-8 буынды, 11 буынды қара өлең, кейде қара сөздер араласып отырады. Мәтін бұрын еш жерде жарияланбаған, қолжазбасы кітапхана қорындағы 672-бумада сақтаулы.

«Көрұғлының қиссасы» атты жырды ел арасынан жинаған адамның бірі – Сәлібаев Ысқақ. Ол – ел ақыны, қолжазба қорында бірнеше өлеңдері, айтыстары бар. Өкінішке орай, Ысқақтың туып-өскен жері, тұрағы туралы мәліметтер табылмады. Ысқақ жинаған жыр мәтінін 1935 жылы Рахмет Көшербаев деген кісі көшіріп алып, ОҒК-нің қолжазба қорына (1037-бума, 1-дәп.) тапсырған. Жыр мәтіні жарық көрмеген.

Ысқақ нұсқасында Көрұғлының ата-тегі айтыла келіп, Алтыншаштың өліп, Көрұғлының көрде тууы баяндалады. Бұл нұсқаның басқалардан айырмашылығы жыр көлемінде, жыршының тыңдаушыға жеткізу формасында көрінеді.

Қошанов – XX ғасырдың отызыншы жылдарында көптеген ауыз әдебиеті үлгілерін ел арасынан жазып алып, Қазақстан зерттеу қоғамына тапсырған. Сол қолжазбалардың ішінде «Көрұғлы сұлтан (көрден тірілгені) және «Әуезханның қиссасы» атты екі жыр кездеседі. Кейін бұл қолжазбалар 1937 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасына түскен. Аталған қолжазбалар 672-буманың 3 және 4-ші дәптерлерінде сақтаулы. Қолжазбаның қай жылы, қай жерде жазылғаны белгісіз. Мәтін еш жерде жарияланбаған.

Көрғұлы сұлтан жырының мазмұны Айдарханов жинаған мәтінге ұқсас болып келеді. Тек Мұңлыбектің он екі мың жаумен соғысы, Алтыншаштың баласын Бозұғланға тапсыруы, оның өлімі қара сөзбен баяндалса, Қошанов нұсқасында 7-8 буынды өлеңмен суреттелген және Зәңгі дәуге бару көрінісі кездеспейді.

Ал «Әуезханның қиссасы» Молда Мықан нұсқасына ұқсас. Сонда мазмұны былай болып келеді:

Ғауаз бір күні аңға шыққанда қатты дауыл соғып, қолындағы сұңқарынан айырылып қалады. Құсын іздеп жүріп, дарияның жағасында отырған шалға және оның қасында отырған қызға кез болып, оған ғашық болады. Қыз Қап тауындағы Ахмет перінің қызы екен. Қыз аққуға айналып, ұшып кетеді. Әуез осы қызды іздеп жүріп, Райхан арабтың баласы Ерназарбектің ауылына кез болады. Одан соң Көриханның еліне келеді. Хан қызы Жұлдызайымның шартын орындап, оған үйленеді. Жұлдызайымның көмегімен аққу болып ұшып кеткен Құндызайымды алады.

Көрихан Көрұғлының ұлы Әуез екенін біліп, онымен соғысады. Әуез жаралы болып жатқанда Ерназарбек көмекке келіп, Көриханды жеңеді. Әуезді еліне алып келіп, қарындасы Зейнепкүлді береді.

Халық арасына кең таралып айтылып жүрген Көрұғлыға қатысты жырдың «Қисса-и Көрұғлының көрден шыққан жері» деп аталатын нұсқасын жинаған – Құлмұхамед Байғұлыұлы. Құлмұхамед Қостанай облысы, Тобыл ауданында туып-өскен. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген. 1880-1927 жылдар аралығында Қостанай облысының Тобыл аумағындағы елден дастандар, айтыстар, шежірелер, өлеңдер, тарихи деректерді қағазға түсірген жинаушы. Солардың арасында Қостанай облысы Затобол ауданында жазылған «Көрұғлы» жыры да бар.

Бұл қолжазба 1961 жылға дейін Асылбек Ташбаевтың қолында сақталған. Ташбаев Асылбек – жинаушы. 1894 жылы қазіргі Қостанай облысы, Таран ауданы, «Совет туы» совхозында туып, 1911-1912 жылдары Троицкіде оқыған. 1912 жылы «Өнер» атты мектеп ашып, көп уақыт мұғалім болып қызмет атқарған. Сол жылдардан бері ауыз әдебиеті үлгілерін жинаумен шұғылданып, баспасөзде жариялауға талпынған. Солардың бірі – институт қорында сақталған «Бекентай мен Сейітахмет» айтысы. 1961 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ұйымдастырған «Қостанай-Уфа экспедициясы» Орынбай, Өске, Шортанбай, Күрдері, М.Сералин, Ж.Шайхисламұлы т.б. шығармалармен

бірге «Көрұғлы» жырын да әкеліп, институт қорына (127-бума, 3-дәп.) тапсырған. Мәтін еш жерде жарияланбаған.

Жыр «Әлқисса бұл сөзді айтып, Алтыншаш бәйбішенің інісі Бозұғланға ауырып жатқанда айтқан сөзі», «Әлқисса бұл сөзді айтып, Алтыншаш бәйбіше ертең бесін уақытында дүниеден қайтады» т.б. тақырыптарға бөлінген. Бұл тақырыптар жыр оқиғасын ашып береді. Мазмұны Айдарханов жинаған нұсқамен ұқсас болып келеді.

«Көрұғлы» жырын жырлаған жыршының бірі – Жамбыл Жабаев. Жамбыл Жабаев (1846-1945) Алматы облысы, Жамбыл ауданында туып-өскен. Қазақ халық поэзиясының алыбы Жамбыл өзі өлең шығарумен қатар, қазақ халқының көне әдебиетін де көп білген. Жамбылдың жыршылық репертуарында «Ерназар мен Бекет», «Садыр патша мен Жамбыл патша», «Шалтабай», «Көрұғлы» т.б. жырлар болған.

Жамбылдың орындауындағы «Көрұғлы сұлтан» жырын 1948 жылы Алматы облысы, Жамбыл ауданында жазып алған – Бәдел Тұрсынбаев. Тұрсынбаев Бәдел. Оның балаларға арнап шығарған өлеңдері мен дастандары бар. Ол 40 жыл бойына мұғалім болып істегенде халық әдебиеті үлгілерін жия жүрді. Жиғандарының бірқатарын Тіл және әдебиет институтына тапсырады. Бәдел Жамбыл ауданында қызмет істеп жүргенде, ел аралап, Жамбыл туралы біраз мәліметтер жинап, оны Жамбылдың мемуарлық мұражайына тапсырған, бірқатар уақыт сол музейдің ғылыми қызметкері болып та істеген. Сол жинағандарының бірі – «Көрұғлы» эпосы [9].

Жамбылдың мемуарлық мұрағатынан көшіріліп алынған қолжазба (164-бума, 1-дәп.) институт қорына 1950 жылдары түскені туралы мәлімет бар. Өкінішке орай, аталған қолжазба орнынан табылмады.

Жамбыл нұсқасы, көбінесе «Бозай хан» деген атаумен көпке мәлім. Мәтін алғаш рет 1982 жылы ақын шығармаларының екі томдық жинағында жарияланған. Сондай-ақ Жамбылдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында жарық көрген екі томдық шығармалар жинағында [10, 228-265] және «Бабалар сөзінің» 49-томында басылым көрді. «Бабалар сөзіне» енген мәтін ақын шығармаларының 1996 жылғы таңдамалы жинағы бойынша дайындалған.

Жыр ақынның кіріспе толғауымен басталады да, әрі қарай Бозай ханның халыққа көп қорлық көрсеткені туралы баяндалады. Уәзірінің қызы Жазира сұлуды қырық бірінші әйел етіп алады. Құлдарды аядың деп, екі қабат кезінде Жазираны дарға асады. Жазира көрде босанып, бала алты жасқа дейін көрде бір кедейдің ақ ешкісінің сүтін ішіп өседі.

Бозай айламен ұстатып алып, тәрбиелейді. Көрде туған бала деп атын Көрұғлы қояды. Жеті жасқа келген батыр тұлғасы ерекше көзге түседі.

Ел арасынан аңыз, ертегі, жырлар т.б. фольклорлық үлгілерді хатқа түсіріп, қолжазба қорларына тапсырған адамның бірі – Ертай Құлсариев. Құлсариев Ертай (1886-1958) – жыршы, халықтың сөз мұрасын жинаушы. Алматы облысының Іле ауданына қарасты Өлі ауылында туып-өскен. Өлеңдері түрлі жинақ, газет, журналдарда жарияланған. Ол «Қисса Жәмшид», «Мың бір түн», «Кұлпан балуан», т.б. дастандар мен «Арқалық батыр», «Олжабай батыр», сияқты халықтың тарихи жырларын өзінше жырлап, ел арасына таратты. Сондай-ақ, ақынның Жетісу өңірінің фольклор үлгілері мен ақындарының шығармаларын жинаудағы еңбегі ерекше. Сол жинап тапсырғандарының бірі – «Көрұғлы» жыры.

Жыр мәтінін 1939 жылы Алматы облысы, Іле ауданында жазып алып, сол жылы қорға тапсырған. Мәтін алғаш рет филология ғылымдарының кандидаты Т.Өлібеков құрастырған «Жыр керуен» (2004) атты жинақта, содан соң «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 49-томында (Астана, 2008) жарияланған. Қолжазбасы Орталық ғылыми кітапхана қолжазбалар қорында (672-бума, 8-дәп.) сақтаулы.

Ертай жырлаған нұсқада оның асыранды баласы Ғауазханның ерлігі суреттеледі. Мазмұны жағынан Қошановтың «Ғауазхан», Ә.Мұхаммедрахымовтың «Көрұғлы баласы Ғауазхан» жырларына ұқсас болып келеді. Дегенмен, стильдік жағынан көңіл аударарлық тұстары мол.

«Көрұғлы» жырының бір нұсқасын қағаз бетіне түсіргендердің бірі – Әміреш Жұмағазин. Әміреш – 1930 жылдары қазақ халық әдебиеті үлгілерін жинап, қағазға түсіріп, Тіл және әдебиет институтының қолжазбалар қорына тапсырушылардың бірі. Ол Ақтөбе қаласында тұрған. Ә.Жұмағазин 1941 жылы Ақтөбе қаласында хатқа түсірген «Көрұғлы» жыры ОҒК-нің қолжазба қорында (672-бума, 7-дәп.) сақтаулы. Мәтін алғаш рет «Бабалар сөзі» 49-томында басылым көрді.

Қысқаша мазмұны былай болып келеді:

«Түрікпен елінде Базай деген батыр, Көзей деген хан болады. Базайдың өзі де, әйелі де қайтыс болады. Көрде туған баланың атын Көрұғлы қояды. Көзей Көрұғлына қызымды бермеймін деп көшіп кетеді. Жырдың бұл тұсы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы Қарабайдың: «Жетім ұлға қызымды бермеймін» деген жерін еске түсіреді. Көрұғлыны кара күң асырап алады. Көрұғлы өскеннен кейін Көзейдің қызы Ақмеден



туралы естіп біледі. Көзейдің Әлихан, Сәрухан деген балаларын жеңіп, Ақмеденді алады.

Ақмеденге араб патшасы ғашық болады. Ақмеденді патшаның қарындасы тұлпарға мінгізіп, ұшып кетеді. Көрұғлы араб патшасымен екі рет соғысып, жеңіске жетеді. Ақмеденді алып, түрікпен еліне келеді. Асырап алған Қаракүң шешесін, Құлқара әкесін тауып алады. Оларға зәбір көрсеткен Байыр ханды өлтіріп, әкесін хан сайлайды. Көрұғлы алпыс жасқа келгенше баласы болмай, он бір бала асырайды. Жыр асырап алған балаларының тастап кетуімен аяқталады. Жұмағазин Ә. жинаған нұсқа толық және жыр үлгісімен берілген.

Рахмет Мәзқожаев «Көрұғлыны» біртұтас жыр ретінде жырлаған. Мәзқожаев Рахмет (1881-1976) Қызылорда облысы, Сырдария ауданында туған. Ақын, жыршы. Он алты жасынан домбыра тартып, өлең, жыр айтқан. Обылыста концерт-эстрада бюросында Нартай Бекежанов басқарған бригаданың белсенді мүшесі болып, ел арасында өз өнерін көрсетті. Соғыс жылдарында қызыл отауды басқарды. Ауыз әдебиеті нұсқаларын да жинауға үлес қосты. Бірнеше жыр-дастандар, терметолғаулар жырлап, насихаттап отырды. Қолжазба қорларына 60 мың жолдан аса дастан, өлең-жырлар тапсырды. Бүкіл түркі халқына кең таралған «Көрұғлы» дастаны Мәзқожаевтың варианты бойынша қазақ тілінде жеке кітап (1973) болып шықты [11, 133].

1958жылдың ақпан айында академик М.О.Әуезов Рахмет Мәзқожаевты Қызылордадан Алматыдағы Тіл және әдебиет институтына шақыртып алып, жыраудың орындауында «Алпамыс», «Қамбар батыр» жырымен қатар «Көрұғлы» жырының толық нұсқасын магнитофонға жаздыртып алады. 1962 жылы Р.Мәзқожаев жырдың өз қолымен жазған «Көрұғлы сұлтанның Әуезханды алған сапары» атты жазбаша нұсқасын институтқа тапсырады. Кейінірек Р.Мәзқожаев «Көрұғлының» тағы бір мәтінін белгілі ақын Қуаныш Баймағанбетовке жаздырып, институтқа жібереді [12, 396].

Баймағанбетов Қуаныш (1895-1973) – халық ақыны, шежіреші, әдеби жәдігерлерді жеткізуші. Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, «Жетікөл» деген жерде өмірге келіп, ауыл молдасынан ескіше сауатын ашады. Кеңес кезінде білімін жетілдіріп, көп жылдар ауылда мұғалім болып қызмет атқарған. Бала кезінен ел аралап, шежіре жиып, жыр, дастандарды үйреніп, оларды қағазға түсіруге дағдыланады. Кейін шығыс үлгісіндегі аңыз, әңгімелерді өзінше қисса, дастан етіп жырлап, халық арасына таратады. Олардың ішінде «Әбуғалисина, Әбілхарис»,

«Стамбек», «Қым-қиғаш», «Жүсіп-Зылиха» сияқты кесек туындылар бар.

Рахмет жырау «Көрұғлы» жырын үш циклға бөліп жырлайды. Бірінші сала Көрұғлының әкесі Раушанбекке арналса, қалған екі сала бас қаһарманның көрде туылуы мен оның ерлік істерін (Көрұғлының Иранның шаһы Шағадатпен соғысы) суреттейді.

Мәзқожаев Рахмет отыздар жас шамасында «Көрұғлы», «Шахзада» жырларын үйренеді. Жырау «Көрұғлы» жырын таныстырар термесінде:

«Бастайын Көрұғлының хикаятын,  
Түркімен Теке Ямут дейді затын.  
Әкесі Көрұғлының Раушанбек,  
Толыбай арғы әкесі аталатын.  
Раушанбек тарихынан сөз сөйлесем,  
Болады қалай теріс насихатым.  
«Зер жайын зергер білер» деген мысал,

Әр заттың білген шешер парасатын» деп Көрұғлының ата-бабасын таныстырып кетеді. «Көрұғлыны» жыраулар осы уақытқа дейін бірінен-бірі үйреніп келеді, мен де соның бірімін», – дейді Рахмет.

Рахмет «Көрұғлы» жырын ХІХ ғасырдың соңғы жартысында ХХ ғасырдың басында өмір сүрген әйгілі Нақыпұлы Барат жыраудан үйренген, ол Қарақалпақ жырауы Сейілден үйренген екен [13, 490].

Жырау айтатын жырдың бірінші саласы «Көрұғлының әкесі Раушанбек туралы».

Қызылбастың Шаһарғұла шаһарының ханы Шағадат Үргеніш қаласының бегі Раушанбекті ұстап алып, базарға апарып, құл қылып сатады. Раушанбекті Ғаждамбек деген түркімен сатып алады. Раушанбек Ғаждамбектің қызы Ақанайға үйленеді. Бір күні хан Раушанбектің сыншы мекенін біліп, оған аттың тұлпарын, түйенің жанпозын, сиырдың шын жасын тап деп, сынап көреді. Раушанбек бұл сыннан мүдірмей өтеді. Хан өзін сынатады. Ол ханның наубайшының баласы екенін айтады, хан «Соны көрген көзің ғой» деп Раушанбектің көзін ойдыртады. Раушанбек қашып кетіп, түркімен еліне келеді. Рахмет нұсқасының бірінші саласы түгел өлеңмен жырланған.

Жырдың «Көрұғлының тууы» туралы саласында Раушанбек түркімен еліне қашып кеткенде, Ақанайдың ауырып қайтыс болғаны, баланың көрде тууы, оның қырық шілтендердің жәрдемімен өсуі, Ғаждамбектің жылқышысы Бабалының жылқысын іздеп жүріп, Ақанайдың қабірінің үстінде ойнап отырған баланы көруі, баланы айламен ұстап алып, атын

Көрұғлы қоюы, оның ержетіп әкесі мен атасын іздеуі, Баршагүл сұлуға үйленуі, Баршагүлді Райханның алып қашуы, Баршагүлді азат етіп алуы, араб әскерімен соғысып жеңуі, Райханның кінасын мойындап, келісімге келуі сияқты оқиғалар суреттеледі.

Эпостың «Көрұғлының Иранның шахы Шағадатпен соғысы» деп аталатын үшінші саласының қысқаша мазмұны мынандай:

«Көрұғлы, Райхан араб және Қызылбайыр үшеуі Қызылбас еліндегі Кұлайым мен Бабалыны құтқаруға аттанады. Көрұғлы Қызылбастың батыры Маһарам, ханы Шағадатпен соғысып, оларды жеңіп, сол елге Бабалыны хан сайлайды. Бабалы Шағадаттың қызы Шамшияға үйленеді. Көрұғлы Кұлайымды Ғаждамбекке әкеліп береді. Ғаждамбек той жасайды».

Рахмет Мәзқожаев жырлаған жыр 1973 жылғы кітаптан кейін 2008 жылы жарияланған «Бабалар сөзі» сериясының 48-томында басылым көрді. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (89-бума.) сақтаулы.

«Көрұғлы» жырын жырлаған жыршының бірі – Әбділда Жүргенбаев. Жүргенбаев Әбділда 1914 жылы Қызылорда облысы, Жалағаш ауданында туған. 1938 жылдан бастап Нартай Бегежанов ұйымдастырған концерт бригадасында жұмыс істеген. 1943-1946, 1957, 1964 жылдарда республикалық, облыстық айтыстарға қатысқан. Жыршының айтуынша, «Көрұғлының» осы бір нұсқасын басында керейт-ақбет Орынбай жырау, одан қаратамыр Тұрымбет, одан мағай Сарқасқа Молдахмет ақын үйреніп айтып жүрген. 1942 жылдардан бастап Молдахметтен Әбділда үйреніп, 25 жыл бойына айтып жүрген. Әбділда жыршы бұдан басқа «Қобыланды», «Алпамыс», «Атымтай жомарт» секілді жырларды да айтқан [14].

1967 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Әбділда жырауды шақыртып алып, ол білетін «Көрұғлы» және басқа да дастан-жырларды магнитофонға жаздырып алады. Бұл жұмысты жүргізгендер – Мардан Байділдаев пен Талиға Бекхожина.

Байділдаев Мардан (1926-1994) – фольклортанушы, қазақ рухани мұраларының жанашыры. Ұзақ жылдар М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер болып істеді. Қырық жыл бойы халық қазынасын жинап, көпшілігін жеке кітап етіп шығарды (Тұрмағамбет, Омар, Нартай т.б.). Тұрмағамбет Ізтілеуов аударған «Шахнамені» көп ізденістен кейін ақынның баласы Әбдірауықтан тауып, ақынның өз қолымен жазылған 35 дәптерден тұратын 815 беттік қолжазбаны М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қорына тапсыруының өзі ерлікке пара-пар іс болды.

Таспаға жазылған жырды қағазға түсірген – Талиға Бекхожина. Бекхожина Талиға (1919-1995) – музыкатанушы, әнші, фольклор мұраларын жинаушы. Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясын тамамдап, ұзақ жылдар бойы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қызмет атқарды. Ол қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерінің ноталық жазбаларын жасау арқылы қазақ жырлары мен өлеңдері үлгілерін айтушылардың әуендеріне мәңгі өмір сыйлады. Солардың негізінде «Қазақтың 200 әні» (1972), «Қазына» (1979), «Шәкәрім» (1989), «Даланың назды саздары» (1996) сияқты зерттеу еңбектер жазды.

Әбділда нұсқасы толық. Он бір буынды, кейде 7-8 буынды жыр үлгісімен баяндалған. Қара сөз де араласып отырады. Мазмұны Рахмет Мәзқожаев орындаған нұсқаға ұқсас болып келгенімен, мынандай айырмашылықтары да бар: жыр көлемі әртүрлі болып келеді; Мәзқожаевта толық сипатталатын эпизодтар Әбділда нұсқасында қысқартылып береді. Мәзқожаев нұсқасында алғаш рет Көрұғлы қызылбас жерінен түркімен еліне келгенде, ел шетінде қойшымен кездесіп, әкесі, нағашысы туралы естісе, Әбділда нұсқасында Көрұғлы мешітке келеді. Өзінің кім екенін таныстырады. Әкесі Раушанбектің зиратына барады. Ал бұл көріністер Мәзқожаевта кездеспейді. Әбдіда нұсқасында Көрұғлы Райхан патшаны өлтіріп, оның орнына Ғаждамбекті хан сайласа, Рахмет жырауда Райхан арабпен дос болып, қызылбас ханы Шағидатпен соғысады т.б.

Жүргенбаев Әбділда орындаған «Көрұғлы» жырының мәтіні алғаш рет «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 49-томында басылым (2008) көрді. Қолжазбасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (658-бума) сақтаулы.

Қазақтың фольклорын, соның ішінде батырлар жырына көңіл бөліп жинаған жинаушының қатарында Нұғыман Әминовты да атап өткен жөн.

Әминов Нұғыман (1909-1970) – ауыл мұғалімі, халық мұраларын жинаушы. Павлодар облысының Аганович (бұрынғы) ауданында туып-өскен. Жаз айларында Қазақстанның облыстарын аралап, қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, институт қорына тапсырып отырған. Жинаған материалдарының бастылары: «Ермек батыр», «Кебек батыр», Жетім мәриям», «Ғауазхан өлеңі» т.б.

Нұғыман 1933 жылы Павлодар облысында Әзімхан Мұхаммедрахимов деген кісінің айтуы бойынша жазылған «Ғауазхан өлеңі» атты шығарманы алып келіп ОҒК-нің қолжазбалар қорына (841-бума) тапсырған. Осы жырдың машинкаға басылған қолжазбасы ӘӨИ-дің қорында (660-бума)

сақтаулы. Мәтін алғаш рет 2008 жылы «Бабалар сөзі» жинақтарының 48-томында жарық көрді.

Бұл нұсқаның сюжеті Қошановтың «Ғауазхан» деп аталатын жырдың мазмұнына ұқсас. Яғни Нұғыман Әминов жинаған шығарманың сюжетінің негізгі мотивтері мен эпизодтары болашақ батыр әкесінің қаза болуы, анасының қаза болып, баланың көрде тууы, көрден шығуы, батыр болып өсуі, оның бірінші ерлігі, жауларын жеңуі, Ғиратты қолға түсіруі, Райхан еліне жорық жасап, оны өлтіруі, Ақбілекті жау қолынан босатып, Бозұғланға қосуы сияқты болып келеді.

«Көрұғлыға» қатысты әдемі жырланған эпос нұсқасының бірі «Түрікпен Раушанбек батыр Толыбай баласының қалмақ батыры Маһраммен соғысы» деген жырды ХХ ғасырдың 40 жылдары белгілі фольклор жинаушы Асайын Хангелдин Арал өңірінен жазып алып, 1941 жылы қорға өткізген. Бұл нұсқаның жыршысы туралы мәлімет жоқ. Бірақ жырдың тілдік, стильдік ерекшеліктеріне қарап зерттеген зерттеуші-ғалым С.Қосан: «Бұл нұсқаның Сырдың төменгі ағысын жайлаған бұрынғы Кіші жүз қазақтарының жыршы-жырауларынан жазып алынғандығы айқын аңғарылады», – деп, өз болжамын айтады.

Жырда Көрұғлының әкесі Раушанбек батырдың ерлігі баяндалады. Шығарманың көркемдігі жақсы, сюжеті толық, оқиғасы қызық. Мәтін алғаш рет «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 49-томында (2008) басылым көрді. Түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (662-бума) сақтаулы.

Орталық ғылыми кітапхана қорында сақтаулы (915-бума) «Қисса-и Қалдарқан» атты жыр мәтіні бар. Бұл жырды жинаушы – Үбжар Толыбеков. Толыбеков Үбжар – халық әдебиетін жеткізуші әрі жинаушы. Қызылорда облысының Шиелі аумағы тұрғындарының аузынан ұзақ жылдар бойы қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жазып алып, әдеби қорларға жіберіп отыруға машықтанған. Әсіресе, Қаңлы Жүсіп Қадірбергенұлы шығармаларына қызығушылық танытып, кейінгі буынға толық жеткізуге барынша тер төккен. Үбжар жинаған мәдени мұраның бірі – «Қисса-и Қалдарқан» жыры. Шығарма 1914 жылы Қызылорда облысында хатқа түскен. Қолжазбаны 1946 жылы институттың қолжазба қорына тапсырған – Қызылорда облысы, Түркістан ауданында тұрған белгілі әдебиетші Әлішер Тоқмағамбетов (1915 – 1949). Жыршысы белгісіз. Жыр мәтіні еш жерде жарияланбаған.

Ғауаздың әйелі Ботакөз – Ахмет сардардың қызы екен. Бір күні Ахмет қызының үйіне келіп, қызының қырық жігітке темекі әзірлеп жүргенін көреді. Бұған ашуланған Ахмет әскер жинап, Көрұғлымен соғысады.

Ахмет жеңіледі. Көрұғлы Ахметпен келісімге келіп, түркіменге хакім етіп қояды.

Иран патшасы Қалдарған Көрұғлыны өлді деп естіп, түркімен елімен соғысуға аттанады. Қалдархан Ахмет сардардың елін шауып кетеді. Мұны естіген Көрұғлы, Ғауазхан, Хасенхандар Қалдар ханмен соғысуға аттанады. Көрұғлы тұтқынға түскен елді құтқарып жүріп, өзі қолға түсіп қалады... Нұсқа толық емес, өлең құрылысы 11, 7-8 буынды болып келеді.

«Көрұғлы мен Безерген» жырын Ұлттық кітапханаға 1935 жылы Тәтібайұлы деген біреу тапсырған. Түпнұсқасы аталған кітапхана қорында (Ш.894,342., А32 – РК 181.) сақтаулы. Ал жинаушы туралы мәлімет кездеспеді. Нұсқа көшірмесі 1965 жылы институт қорына (637-бума) түскен. Жыр мәтінін қашан, кімнен жазып алғаны белгісіз.

Бұл нұсқаның сюжеті Көрұғлының қартайған шағында басынан өткен бір оқиғаны баяндайды. Яғни жүз жиырма жасқа келген түркімен батырының екі қауіпті жауы болады екен. Бірі – қызылбас Безерген батыр да, екіншісі – қалмақ Көбікті батыр. Безерген қалың қол жинап, Көрұғлының елін шауып алмақшы болады. Көрұғлы Безергенге қарсы шайқасып, жеңіліс табады. Жеңіліс тапқан батыр Безергенмен ахиреттік дос болуға келіседі. Соңынан уәдесінен айнып, абайсызда Безергенді өлтіреді. Одан арғы шиеленіс Көрұғлы елі мен Безерген батырдың ұрпақтары арасында өрбиді.

Басты кейіпкер батырдың қас жауынан жеңіліс табуы – фольклорда сирек те болса кездесетін құбылыс [15, 391].

Жыр мәтіні алғаш рет «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 49-томында басылым көрді.

Халқымыздың бай ауыз әдебиетін білетін жыршылардың бірі – Сүйінбек Мұсаев. Сүйінбек (1894-1961) Қызылорда облысынан. Шымкент қаласындағы филармонияда әнші болып қызмет істеген. Ол – шығыс дастандарын көп білетін жыршы. Сол білетіндерінің бірі – «Көрұғлы» жыры. «Көрұғлының баласы Әуезхан» атты жырды 1950 жылы Сүйінбектің өзі араб әрпінде хатқа түсірген. Қолжазбаны Сүйінбек қайтыс болғаннан кейін үш жылдан соң, яғни 1964 жылы жыршының жары Сара Мұсаева М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорына (523-бума) тапсырған. Мәтін еш жерде басылым көрмеген. Халық арасына қолжазба күйінде тараған. Мазмұны Құлмұхаммед Байғұлұлы жырлаған нұсқаға ұқсас болып келгенімен, Әуезхан ұста шалға дарияның жағасында емес, Күмбез қаласында кездесуі, бірден Бұрқанша ханның келуі, ханның соғысатын

адамы – Әуезхан емес, Райханның баласы Ерназарбек, қарындасы Зейнепкүл туралы көрініс болмауы сияқты айырмашылықтары да бар.

Орталық ғылыми кітапхана қорында Көрұғлының немересі, яғни Хасанханның баласы Қасымханның қызылбас еліне жасаған ерлік жорықтары суреттелетін «Фи байан түркімен Қасымхан туралы әңгіме» деген қолжазба (356-бума) сақтаулы. Бұл жырды айтушы – Ғалижан Өтешұлы. Ол – XIX ғасырдың екінші жартысында, XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген ақын. Ақтөбе облысы, Қобда ауданынан. Ғалижан туралы қолжазбаның 1-бетінде мынандай жазу бар: «Рукопись... киргизского поэта Гали Утешов».

Қолжазбаның соңында Қазан баспасының қызметкері Ғабдірахмановқа өлеңмен жазған хатында:

... Бұл жерде болды тамам сәлем хатым,  
Ожырай Құрманқожа ру затым,  
Өтініш етіп дұға хат көндірген,  
Өтешұлы Қалижан-дүр кіндік атым, –

деп өзін таныстырып, «Қасымхан қиссасын» аяқтап жіберіп отырғанын, енді сол дастанды тез шығаруын өтініп сұрайды [16]. Фольклортанушы ғалым М.Ғұмарованың айтуы бойынша, ақын нұсқаны 1900 жылы қағазға түсіріп, 1903 жылы Қазан баспасына жіберген. Белгісіз себептермен жарияланбаған. Қолжазба профессор А.В.Васильевтің қолына түскен. 1935 жылы осы қолжазбаны А.В.Васильевтің баласы Тіл және әдебиет институтының қорына тапсырған [17, 85].

Шығарма мәтіні 1973, 1989 және «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 49-томында (2008) жарық көрген.

Қысқаша жыр сюжеті мынандай болып келеді: «Көрұғлының немересі Қасымқан жасы он беске келіп, күш-қайраты толып, алыстан дұшпан іздейді. Әкесінің тілін алмай, қасына әскер ертпей, жалғыз серігімен жорыққа аттанады». Жыр Қасымханның қапыда жау қолынан қаза табуымен аяқталады.

1905 жылы Орынборда шыққан «Торғай» газетінің №32, №33, №34 сандарында жарияланған «Бозай батыр мен оның баласы Көрұғлы» атты жырдың фотокошірмесі Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында (Р 9) сақтаулы. Бұл В.Мещанский жинаған нұсқа қара сөзбен орыс тілінде баяндалған.

Жыр сюжеті А.Жұмағазин жинаған нұсқаға ұқсайды. Шығармада Бозай батырдың ерлігі және Көрұғлының үйленуі жайлы әңгіме болады.

Бозай батыр халық арасында тыныштық орнатпақшы болады. Қара ноғайдың ханы Қазақбай бұдан қорқып, әскер жинап, Бозайға қарсы шығады. Жау әскері жеңіліп, екеуінің әйелі де екі қабат болып, Бозай Қазақпай ханмен келісіп, екеуі құда болысады.

Бозай соғыста жүргенде, басқа жақтан жау келіп, елін қырғынға ұшыратып, әйелін тірідей көміп кетеді. Айсұлу пірлерінің көмегімен баласын босанғанша тірі қалады. Бозай қабірдің қасында ойнап жүрген баланы үйіне алып келеді. Атын Көрұғлы қояды.

1946 жылы хатқа түскен «Көрұғлы» деп аталатын аңыз-ертегінің түпнұсқасы Орталық ғылыми кітапхана қорында (841-бума) сақтаулы. Мәтін еш жерде жарияланбаған, зерттелмеген. Кімнен, қай жерде жазылып алынғандығы белгісіз. Қысқаша мазмұны былай болып келеді:

«Ертеде Бегәлі деген сыншы болады. Оның әйелі өледі. Бір күні Бегәлі қабір басына келсе, ойнап отырған баланы көріп, үйіне алып келеді. Атын көрде туды деп Көрұғлы қояды. Сол елдің ханы Бегәліні ат таңдап әкелуге жұмсайды. Бегәлінің әкелген ұсқынсыз атын ұнатпай, оның көзін ойғызады. Бегәлі сол ұсқынсыз атты бағып, бабына келтіреді. Ол алдына ат салмаған тұлпар болады. Оны Ғират деп атайды. Бегәлі мен Көрұғлы Ғиратқа мініп, Жәмбіл тауына барып мекендейді».

Одан кейін Көрұғлының қалмақтың атақты батыры Бесбатырды жеңіп, қызы Ақдінасты алып келуі, Шынтемірдің Көрұғлының Ғиратын, қару-жарағын әкелу үшін мыстан кемпірді жұмсауы, Көрұғлының киімін өзгертіп келіп Ғиратты бағуы, ақырында Көрұғлының өзін танытып, Ғиратқа мініп қашуы, еліне аман-есен оралуы сияқты көріністер суреттеледі.

Орталық ғылыми кітапхана қорында Қ.Дәулетбайұлының 1946 жылы Орталық Қазақстанда хатқа түсіріп, 1948 жылы қорға тапсырған «Көрұғлы Сұлтан» атты аңыз мәтіні (1132-бума) сақтаулы. Жинаушы туралы мәлімет кездеспеді.

«Ертеде бір байдың әйелі екіқабат кезінде қайтыс болады. Бір қойшы зираттың басында ойнап жүрген екі баланы көріп, байға айтып келеді. Бай қабір басына келгенде біреуі аспанға ұшып кетеді де, екінші баланы үйіне алып келіп, атын Көрұғлы қояды. Көрұғлы тоғыз жасқа келгенде, ата-анасы өліп, жетім қалады. Көп малдан жалғыз шұбар бие қалады. Бір күні шұбар бие құйрығы күміс құлын туады. Ол құлын бесті шыққанда үш рет аспанға ұшып, жерге түседі. Көрұғлы елін іздеп, алыс сапарға



аттанады. Елін іздеп жүріп, бір ауылға кез болса, ауылды қалмақтар қоршап алған екен. Сол ауылдың байы шартын орындаған жігітке қызын бермекші болады. Көрұғлы байдың шарттарын орындап, қызын алады. Мұны көре алмаған қалмақтар соғыс ашады. Көрұғлы қалмақтармен соғысып, жеңеді. Одан кейін Күнсұлу атты сұлу қызды дәулерден күтқарады т.б.

Мақалада «Көрұғлы» жырының қолжазбалар қорында сақтаулы отызға жуық нұсқаларының жырлануы, хатқа түсуі, жариялануы, зерттелуі туралы ғылыми талдаулар жасалды.

Жырдың вариант-версияларының көп болғанына қарамастан, оларда ортақ мотивтер мен ұқсас эпизодтар кездеседі. Эпос нұсқалары қанша өзгеріске ұшыраса да, көп жағдайда оның бас қаһарманы жырлаушы ұлт өкіліне телінбейді. Қазақ нұсқаларында да Көрұғлы түркіменнің Текежәуміт руынан шыққан болып көрсетіледі.

Жырдың қазақ нұсқаларын айтушылардың өмір тарихына, сюжеттік желісі мен сарындарына, образдар жүйесіне зер салар болсақ, жыр нұсқаларының қазақ топырағына келу жолы әркелкі екенін көреміз. Мысалы Р.Мәзкожаев жырлауындағы нұсқаның түп негізі қарақалпақ версиясынан келгенін өзі айтқан пікірден көруге болады [13].

Енді бір нұсқалардың түркімен халқының эпикалық дәстүрінен, ал «Көрұғлы мен Безерген» жырының таяушығыстық версия негізінде енгені олардың сюжеттік желісінен аңғарылады [18, 12].

Қорыта айтқанда, қолжазба қорларында сақтаулы «Көрұғлыға» арналған нұсқаларды өзара салыстыра зерттеу барысында кейіпкердің әкесі Раушанбекке, Көрұғлының дүниеге келу тарихына, жекелеген жорықтарына, асырап алған баласы мен немересінің ерліктерін суреттеуге арналған бір-бірін қайталамайтын оннан астам жыр және олардан тараған жиырмаға жуық қолжазбалар бар екені анықталды. Солардың ішінде сюжеті толық нұсқалар ретінде Р.Мәзкожаев пен Ә.Жүргенбаев орындаған жырларды атауға болады.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Қолжазба» бөлімінің дайындауымен «Бабалар сөзі» атты жүзтомдық ғылыми сериясының 48-ші, 49-ші томдары «Көрұғлы» жырына арналған, олар 2008 жылы жарық көрді. Бұл екі томда жырдың он алты нұсқасы жарияланды.

Бір өкініштісі, аталған жинақтарға «Көрұғлы» жырының оннан астам нұсқасының кірмей, ғылыми айналымға түспеуі.

## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шопен И.И. Кер-оглу. Татарская легенда // Маяк современного просвещения и образованности. Труды ученых и литераторов, русских и иностранных. – СПб, 1840.-ч.2.
2. Chodzko A. speiens of Popular of Persia- London. 1842.
3. Березин И.Н. Турецкая хрестоматия. Т.2. – СПб., 1862.
4. Радлов В.В. Образцы народной литературы северных тюркских племен. Т.4. – СПб., 1872.
5. Володин А. Из туркменской народной поэзии // Сборник материалов для описания местностей и племен Кавказа. – Выпуск. XXXНУШ, 1908. – Отд.2.
6. Марр Н.Я. Житие святого Григория Хандзийского с дневником поездки в Шевышию и Клариджию. – СПб, 1911.
7. Елеукенов Ш., Шалғынбаева Ж. Қазақ кітаптарының тарихы. – Алматы, 1999.
8. Есенжолов Ергали өмірбаянына қатысты материалдар. Қолжазба. ӘӨИ. Ш.371, 13-дәп.
9. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. – Алматы, 1975.
10. Жабаяев Ж. Екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы, 1996.
11. Ыбыраев Ш., Алпысбаева Қ., Әлібек Т. Халық әдебиетін жинау, жүйелеу және сақтаудың әдістемелік құралы. – Алматы, 2009.
12. Батырлар жыры. 4-том. – Алматы, 1989.
13. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. 1-кітап. – Алматы, 1960.
14. Көрұғлы. ӘӨИ. Ш. 658.
15. Бабалар сөзі. 49-том. – Астана, 2008.
16. Қасымхан туралы әңгіме. Қолжазба. ОҒК. Ш. 356.
17. Ғұмарова М. Эпос және ақындық мұра. – Қарағанды, 2013.
18. Сахитжанова З. «Көрұғлы» жырының еларалық нұсқалары: генезисі мен типологиясы. Филология ғылым. кандидаты ғылым. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2010.



## ЕДІГЕ БАТЫР

Ғасырлар бойы ел аузында айтылып келген аңыз-жырдың бірі – «Едіге батыр». Қазақстан мен Орта Азияны, Сібірді, Еділ бойын, Кавказ бен Қырымды жайлаған көптеген халықтар арасында Едіге батыр жайындағы жыр-аңыздар ерте кезден кең тараған.

Едіге – тарихи тұлға. Ол – XIV ғасырдың екінші жартысында Алтын Орда әлсіреп, хандыққа таласушы билеушілердің өзара қырқысуынан ел іргесі босап, бір кездегі күшті мемлекеттің ыдырай бастаған кезінде Едіге тарих сахнасына шықты. Алтын Орданың қайтадан нығаюына күш жұмсап, ел тізгінін ұстаған беделді би, әрі қол бастаған батыр болды.

Ол – есімі көзінің тірісінде аңызға айналған даңқты ер. Едігені қазақтар ғана емес, қырғыз, қарақалпақ, өзбек, түркімен, татар, ноғай, башқұрт халықтары да өздерінің «батыр бабасы» ретінде ардақтайды.

«Едіге батыр» жыры ноғайлы дәуіріне тән оқиғалар сарынына құрылған. Жырда бас батыр Едігенің Тоқтамыс хан құзырында қызмет істеп, ханның сеніміне ие болғандығы, кейіннен араздасып, жас батырдың ханнан кек қайтармақ үшін алыстағы Сәтемір ханға кетіп, ол жақтан ауыр қолды бастап келіп, жеңіске жетуі баяндалады.

Ауыз әдебиетінің бағзы заманнан бері ұрпақтан-ұрпаққа жеткен күрделі де мол бір саласы – эпостық жырлар, батырлар жырын жинап әрі олар туралы да алғаш ғылыми пікір айтқан, зерттеген адамдардың бірі – Шоқан Уәлиханов.

Қазақ халқының поэзиясы мен ертегілерінің, аңыз-әңгімелерінің нұсқаларын жинау жөнінде Шыңғысқа өтініш айтып, Сібір казактарының Шекаралық комиссиясының сол тұстағы бастығы, полковник М.В.Ладыженскийдің атынан 1840 жылдың қыркүйек айында декабрист В.И.Штейнгельдің жазған хаты бар.

Шыңғыс Уәлиханов В.М.Ладыженскийдің өтінішін орындау барысында ел арасынан сұрау салып, таңдаулы ақын-жыршыларды шақыртады. Соған орай Жанак, Жұмағұл, Шөже, Арыстанбай т.б. ақындардың Шыңғыс ауылына қатынасы жиілейді. Олардың жырларын, аңыз-әңгімелерін тыңдауға бала Шоқанның да мүмкіндіктері болған. Шыңғыс олардың жырларын, аңыз-әңгімелерін қағаз бетіне түсіруге 7-8 жасар Шоқанды да тартады.

«Едіге жырын» өзінің айтуы бойынша, Шоқан алғаш рет 1841 жылы күрлеуіт қыпшақ Жұмағұл ақыннан естиді. Жырдың ең ескі нұсқасын Жұмағұл Шыңғысқа тарту етеді [1, 320]. Шыңғыста бұл жырдың үш нұсқасы болған. Осы үш нұсқаны біріктіріп, Шоқан әкесімен ақылдасып жырдың бір нұсқасын жасайды. Ал зиялы сұлтан Ахмет Жантурин оны таза қағазға жазып шығарады [2, 224-225]. Осы игілікті істері жайында Шоқан:

«...Первый список с рапсодии Идыге сделан был султаном Чингисом Валихановым со слов Керлеутам Кыпчака Джумагула, второй список сделан им же с добавлением из устных преданий разных лиц, третий список был со слов Арсланбая, и, наконец, из этих трех стихов вместе с Чингисом мы составили 1842 году свод переписанный Ахмед Жантуриным, с которого уже переведена настоящая рапсодия...» [2, 224-225], – деп жазған болатын.

Осындай тарихи құжаттарға қарағанда, болашақ ұлы ғалымның мектепке бармай жатып-ақ қазақ фольклорын жинап, қағаз бетіне түсіруге әкесіне көмектескені байқалады.

1841 жылы көп адамдардың қатысумен, соның ішінде Торғай қазағы білімді офицер Ахмет Жантөриннің араласуымен дайындалған «Едіге» жырының тамаша нұсқасын Шоқан кейінірек өзі орыс тіліне аударады.

Шоқанның «Қазақ поэзиясының түрлері туралы» атты еңбегі қазақ фольклор тарихында ерекше орын алады. Онда халық поэзиясының тууы, дамуы, оның ел тарихымен, өмірімен және әдет-ғұрпымен тығыз байланыстылығы туралы, қазақ ақындары, жыршылары, өлең жырлардың жалпы мән-мақсаты ғана емес, олардың қалың тыңдаушыға қалай әсер ететіні, қай формада жететіні сөз болады.

Аталып отырған еңбектің аса маңызды жері – Шоқанның өлең, жырлардың ерекшелігін ашып, оларға сипаттама беріп жіктеуі. Шоқан солардың ішінде «жыр» мен «өлең» түрлеріне кеңірек тоқталған, соларға сипаттама берген. Ғалымның ең бірінші қарастырғаны жыр, яғни эпос жанры. Ол жырды ең әуелі халық өлеңінің түрі, содан соң бір жанры деп түсінеді. Сонымен ол: «жырды речативтік түрде орындалатын және қобызбен сүйемелденетін шығарма деп біледі. «Жырдың тақырыбы – ертеде елге аты шыққан батырлардың өмірі мен ерліктеріне арналады. Батыр өмірінің бел-белесі, оның ерлігі, не керек баяндауды тілейтін оқиғалардың бәрі де прозамен әңгімеленеді. Ал поэманың қаһарманы не басқа негізгі кейіпкерлер сөйлеу тиіс болған кезде ғана өлеңмен жырланады» [1, 196] деген анықтама

береді. Батырлар жырынан нақты мысал алып, өлеңдік құрылымын талдамағанымен Шоқан жырда әуен мен ойдың үйлесімді шығатынын атап көрсетеді. Ғалым осы еңбегінде жыр-дастандарда кездесетін өлең машықтарынан түсінік беру үшін мысалдар келтіреді. Мысалы, Тоқтамыстың тоғыз батыры Едігені қуып жеткенде, Кенжанбайдың Едігеге айтқаны:

– Ай, Едіге, енді, қайт сана,  
Қайтып Еділ өт сана.  
Еңсесі биік боз орда,  
Еңкейіп сәлем бер сана.  
Ерні жұқа сары аяқ,  
Ер сарқытын іш сана.  
Жаурындары жақталы,  
Түйме бауы тартпалы,  
Ал қаракісі үстіне  
Тон береді, ки сана.  
Көк ала жорға ат мініп,  
Көн дабылпаз байланып,  
Тұтам бауы сом алтын,  
Аксұңқар құс береді,  
Көк айнала шүй сана... [1, 197], -

деп әрі қарай жалғаса береді.

Ол «Едіге» жыры XIV ғасыр соңындағы оқиғаларға қатысты, бірақ XV ғасыр басындағы құрастырылған болу керек» деген болжам айтады. Жырдың тілінің тазалығына, бүкіл жырда бірде-бір парсы, араб сөздері кездеспейтініне, мұсылман дінінің шарпуынан да аман сақталғанына назар аударады.

Шоқан бұл жырдың тарихи тағдырына ерекше назар аударған. Жанақ, Орынбай, Шөже, Арыстанбайдан біраз батырлар жырын естіп, жазып алған ғалым қазақ поэзиясының жыр тәрізді көне фольклорына тоқталып, оның қазіргі даму заңдылығын анықтайды. Ол: «Соңғы уақытта... қазақ сахарасында жыр поэзиясы ескірген, көне формасы ретінде қолданудан қалды. Қазір қобыз сарынымен жыр айтушылық тек бақсылардың еншісіне тиген. Домбырамен өлең бұл күндері қобыз бен жырды біржола ығыстырып шығарды», – дейді [1, 197-199]. Ендігі жерде жыршы-ақындардың домбыраға қосылып айтушылығы өріс ала бастағанын, ал қобыз көбінесе бақсылар үлесіне көшкенін аңғарған.

Ол атақты ақын, жыршы Жанақтан [1,199] кейінгі кезде қобызға қосып өлең айту мүлде дағдыдан шығып қалғанын айтады. Шоқан Орта жүз қазақтарының арасында батырлар жыры аз айтылғандықтан, қазақтың басқа өлкесінде де солай болу керек деп тұжырымдаған болу керек деп ойлаймыз.

Шоқан тарихи жырдың ежелгі батырлық эпостан ерекше айырмашылықтары бар жаңа түр екендігін қазақ фольклортану ғылымында бірінші байқаған зерттеуші еді. Ол «Қазақ поэзиясының түрлері туралы» деген мақаласында қазақ арасына кең тараған «Ер Көкше мен Ер Қосай», «Орақ батыр», «Едіге» жайындағы жырлардың ішінен «Ер Көкше мен Ер Қосай» туралы жырды алдымен атап, жырдың қысқаша мазмұнын келтіреді. Шығарманың негізгі қаһарманы ұрыста жараланып, қаза болады, ал оның баласы Ер Қосай әкесінің өлімі үшін қыпшақтардан кек алатыны айтылады [1, 196].

Ғалымның назарына ілінген екінші жыр – «Орақ батыр». Бұл жырда Орақ батырдың бастан кешкен тағдыры баяндалады. «Орақ батыр қарауыл руынан, Россияға жорыққа аттанады, орыстардың қолына түседі, тұтқында он жыл отырады. Содан соң үйленіп, балалы-шағалы болады, бірақ туған жеріне, елге деген сағыныш маза бермейді, ақыры еліне оралады», – деп жазады Ш.Уәлиханов. «Другой джир» деп отырғаны батырлық жырдан басқа дегені, яғни тарихи жырды айтып отыр. Тіпті ол «тарихи жыр» (исторический джир) терминін де қолданған [1, 196]. Демек, Шоқан тарихи жырды батырлық эпостан өзгеше, өзіндік ерекшеліктері бар жанр деп білген.

Ш.Ш.Уәлиханов осы жырларда баяндалатын оқиғалардың тарихи шындықпен арақатынасына сипаттама береді. «Ер Көкше» жырын зерттеп, шығарманың басты кейіпкері Ер Көкше батыр тарихта болған адам екенін, 1423 жылы шайқсата қаза болғаны туралы жазба дерек табады. Осы жырлардың өлең құрылысында өзгеше өрнектері бар екендігін айтады. Сол ерекшеліктері тұрғысынан қарағанда «қазақтың ең тамаша жыры – «Едіге» жыры деп бағалайды [1, 201].

Ол эпикалық Едігенің тарихи нақты өмір сүрген адам екенін, ол туралы халықта аңыздар қалыптасқанын айтады. Шоқан былай деп жазады: «Тоқтамыс хан мен Ақсақ Темір сияқты Едігенің өмір сүргені анық, ол тек халық аңыздарында ғана емес, жазба деректермен де дәлелденеді» [2, 224], – дейді. Ғалым: «Қазақ тарихи жырларының көркемі – Едіге... Бұл кәдімгі Тоқтамыс жарлығында кездесетін Едіге, Әлеукеу, Едігей», – дейді [1, 201].

Ш.Уәлиханов халық мұрасы туралы пікір айтқанда, тек фактыға, шындыққа сүйеніп айтқан. Әсірелеп, көркемдеп айту оның дағдысында болмаған. Ол тарихи жырдың өмірде болған оқиғалар негізінде шығатындығын, яғни эпосқа қарағанда тарихқа жақындығын аңғарған. Міне, осыны ескерген ғалым тарихи жырды арнайы түрде зерттеуге тырысқан. Тарихи жырлардың анық болып өткен оқиғалармен байланысы, өз елінің ертедегі өмірі, күрестерінің ізі ауыз әдебиеті шығармаларында қаншалықты сақталғанына көңіл бөледі. Алтын орда, Ноғай ордасы дәуірінің көптеген белгілі батырларының қазақ аңыз-жырларының қаһарманы болып жүруі Шоқанды осы құбылыстың түбірін тексеруге ұмтылдырады.

Сағадат Гирей жарлығын оқу үстінде Шоқан қазақ жырындағы Шора батырға қатысты деректерге тоқталады. «Шора батыр» жырындағы Ақтажы бидің шығу тегі туралы ғалым нақтылы дерек келтіреді. Бұл туралы былай жазған: «В киргизском саге Чора (таmineц Чора батыр) есть Актачий Али-бий, называемый иногда – актачинский Али-бий. Этот Али есть бий, по поэме родоправитель отделения актачи в орде уральских или сарайчикских ногайцев, его род разорен героем поэмы Малой орды таминского рода, Нарыковым сыном, батыром Чорой. Чора – современник Кучума и взятия Казани [1]. Оның пайымдауынша, Ақтажы – Орал, Сарайшық маңындағы ноғайлардың биі. Шоқан сөз етіп отырған «Шора батыр» жырындағы қаһарман Қазанды қорғауға аттанған жауынгер болып көрінеді, оның екі шақырым жерден жіберген жебесі жаулардың зәресін ұшырады. Оқиғалардың өрілісіне қарағанда, Шоқан айтып отырған нұсқаның өзіндік өзгешеліктері болғанға ұқсайды. Бұл арада мәселе Шоқанның тарихи эпостың генезисін тану жөніндегі ғылыми тәсілінде.

Шоқан басқа да еңбектерінде де тарихи оқиға мен тарихи аңыз, жыр арасынан тікелей байланыс іздейді. Ол қазақтың барлық эпикалық жырларын емес, Алтын орда, Ноғай ордасы заманының шығармаларын қарастырады. Едіге, Шора туралы жырларда нақтылы тарихи оқиғалардың іздері айқынырақ көрінеді. Қадырғали Жалайридың «Жамиғ ат-тауарих» атты еңбегін ұқыпты оқып қана қоймай, ол еңбекті түркі-моңғол халықтары туралы жазылған басқа да шежірелермен салыстырады. Олардың ішінен қазақ тарихына қатыстыларына кеңірек тоқталады. Кітаптың Оғызхан аңызына арналған тарауына Шоқан көбірек мән берген. Оғыздың 24 тармаққа бөлінгеніне, олардың кезінде өзге түркі халықтарына ортақ рулар кездесетініне, Оғыздың үрім-бұтағы туралы

анызға түсініктеме береді. Бұдан кейін Шыңғыс әулетінің тарихына шолу жасайды [1, 156]. Тоқтамыстың ұлы мен Едігенің арасындағы соғысқа тоқталып өтеді. Ел аузында: «Еділ қатса, кім кешпес, Едіге өлсе, кім келмес» деген қанатты сөзге жан-жақты ой жүгіртеді. Бұл тұстарда Ол Қадырғали Жалайри кітабын басқа кітаби нұсқалармен салыстыра отырып, өз ойларын тұжырымдайды.

1904 жылы Петербор университетінің проректоры, профессор Н.И.Веселовскийдің басқаруымен шығарылған I томдық жинаққа «Едіге» жырының Шоқан жасаған орысша аудармасы енгізілді [2, 224]. Орыс ғалымы, Петорбор университетінің профессоры П.М.Мелиоранский жырдың Шоқандар хатқа түсірген түпнұсқасын өзі алғы сөз жазып, 1905 жылы Санкт-Петербургте «Едіге мен Тоқтамыс туралы аңыз» («Сказание об Едигее и Тохтамыше») деген атпен кітап етіп шығарды.

1842 жылы жазылып алынған нұсқасы – Едіге жырының қағазға ерте түскен үлгілерінің бірі. П.М.Милиоранский жырдың Шоқан хатқа түсірген түпнұсқасын өзі алғы сөз жазып, кітап етіп шығаруы өте маңызды болды. Бұл басылымның маңызы мен құндылығы – жырдың ең көркем де, толық нұсқасының тұңғыш жариялануында ғана емес, сонымен қатар жырдың тарихи шындықты елестету дәрежесі жөнінде, оның пайда болу, қалыптасу кезеңдері туралы айтылуы мен көркемдігінде. Шоқан нұсқасы Едіге туралы бар жырлардың ішінен көркемдігі, көлемі, көнелігі жағынан ең құндысы деп танылған. Ғылымда бұл жыр Шоқанның классикалық нұсқасы деп аталған (классический текст Валиханова).

Қазақ арасына неғұрлым кең тараған «Едіге» жырының Шоқан нұсқасы Кеңестік жылдарда бірнеше рет басылды. Атап айтқанда, 1927 жылы Қ.Сәтбаев, 1933 жылы – С.Сейфуллин, 1939 жылы – С.Мұқанов қайта бастырды [3].

1939 жылғы басылымнан кейін «Едіге» туралы жырларды жариялауға тыйым салынып, бұдан соң елу жылдан кейін ғана қайта жарық көрді.

1989 жылы «Ер Едіге» екі рет баспа бетін көрді. «Жұлдыз» журналында (№7) және «Жазушы» баспасынан шыққан «Батырлар жырының» 5-томында жарияланды [4].

Бұдан кейін бұл нұсқаны 1993 Е.Мағауин өзінің осы тақырыптағы зерттеу еңбегінде жариялады [5, 64-74]. 1927 жылы Мәскеуде Қ.И.Сәтбаевтың алғы сөзімен жарияланған басылым – «Ер Едіге» жыры 1995, 1996, 1999 жылдары қайта басылды [6]. Сондай-ақ, 2006 жылы «Мәдени мұра» аясында жарияланған «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 39-томында басылым көрді.



«Едіге батыр» жырының ілкі нұсқаларын ел арасынан жинап, хатқа түсіріп, жариялау мәселелері ерте кезден басталған.

«Едіге» туралы жыр алғаш рет 1820 жылы «Сибирский вестникте» жарияланды. Бұл – Сібірде туып-өскен жазушы Г.И.Спасский ел арасынан жазып алған Едіге туралы қазақ жырының қара сөз түріндегі орысша мазмұнамасы. Спасский Г.И (1783-1864) – қазақ халқының этнографиясы мен фольклорын зерттеуде елеулі із қалдырған Россия Ғылым академиясының шығыстану саласындағы тұңғыш корреспондент-мүшесі. Ол Петерборда 1818-1824 жылдар аралығында «Сибирский вестник» деп аталатын журнал шығарып тұрған. Онда Сібір мен Орта Азия халықтарының тарихы, этнографиясы мен географиясы туралы материалдар жарық көрді.

Г.И.Спасский көне түркі жазуларын жинап, оларды сұрыптауда атқарған игі істерімен белгілі. Оның тіл, этнография мәселелеріне арнап жазған мақалалары бар. Зерттеушінің мақалаларында қазақтың тарихы, әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігі, музыкасы, музыкалық аспаптар, халық өлеңдері және ертегілері қысқаша сөз болады. Ол төкпе ақындық-импровизаторлық өнердің кең таралғанын айтады [7, 107].

А.Ходзько (1857-1883) – поляк ақыны, шығыстанушы. 1820-1823 жылдары Вилен университетінде оқыған. 1823 жылы студенттердің құпия ұйымына қатынасқаны үшін түрмеге жабылады. Түрмеден босағаннан кейін Петерборға жіберіліп, Шығыстану университетінде оқиды. Петорборда А.С.Пушкин, В.А.Жуковскийлермен және басқа да орыс жазушыларымен танысады. Ресей дипломаты қызметін атқарады. 1842 жылдан бастап Парижде тұрады. Париж университетінің профессоры болады.

Ол Астархан маңындағы ноғайлардан Едіге жайында бірнеше жыр жазып алады. Бұлар ағылшын тіліне аударылып, 1842 жылы Лондонда шыққан «Парсының халық поэзиясы» [8, 348-362] деген кітапта басылды.

1895 жылы шыққан «Туземцы северо-восточного Кавказа» атты кітабында Н.Семенов «Едіге» жырының 1880-1881 жылдары Астархан маңындағы ноғайлардан жазып алған нұсқасының аудармасын келтіреді [8, 469-48]. Осы және басқа да ноғай нұсқалары Османовтың «Ногайские и кумыкские тексты» деген хрестоматиясында 1883 жылы Санкт-Петербургте басылып шығады [10].

М.Осмонов өзі дайындаған нұсқа туралы: «Едіге мырзаның хикаяттарын және онда айтылған жырларды жыршы-жыраулар әртүрлі қылып айтады. Бұл кітапты мен жазған шақта менің қолымда да бірнеше

түрлі «Едігенің хикаяттары бар еді, сол нұсқалардан сайлап, жақсы көргенімді мұнда жаздым», – дейді [10]. Бұл мәтін Шоқан нұсқасымен ұқсас болғанымен, М.Осмонов нұсқасы соңындағы Қадірбердінің Нұраддинді айламен қолға түсіріп азаптауы, Қадірберді мен Едігенің арасында үлкен шайқас болып, екеуінің де қаза болуы сияқты көрініс Шоқан нұсқасында кездеспейді.

Сібір татарларының, Алтай, Монғол халқының ертегі, жыр, аңыздарын жинаумен қатар қазақ даласын да көп аралап, ел арасынан мол ертегі, әңгіме, жырлар т.б. фольклорлық үлгілерді жинап, зерттеген Г.Н.Потанин (1835-1920) болды. Ол – фольклорлық мұраларды жинаушы, зерттеуші ғалым. Омбы облысы, Ямышск станциясында туып-өскен (Павлодар облысына жақын). Омскідегі кадет корпусында оқыған кезден бастап Шоқанмен дос болған. Қазақ әдебиетіне байланысты жиналған материалдары Санкт-Петербург, Омск, Томск, Алматы т.б. қалалардың қолжазба қорларында сақтаулы. Азияның аз зерттелген аудандарының географиясы, этнографиясы, фольклоры жөнінде деректер жинау мақсатымен бірқатар экспедициялар ұйымдастырды. Әсіресе, Ш.Уәлихановтың еңбектерін жариялауда үлкен еңбек сіңірді.

Г.Потаниннің қазақ арасынан жинаған фольклорлық мұралары сол кездегі газет, журналдарда жиі басылып тұрды. Олар 1916 жылы «Қазақ, Алтай ертегілері» деген атпен жеке жинақ болып шықты. Бұл жинаққа Потаниннің Ақмола, Көкшетау, Қарқаралы т.б. елдерден халық әдебиет үлгілерінің: миф, хикая, әпсана, ертегі, аңыз, батырлар жыры т.б. фольклорлық үлгілер енген. Фольклорлық мұралар ел аузынан айтылуынша дәл жазылмай, сюжеті ғана алынып, орыс тіліне қысқаша аударып басқан. Г.Потанин ертекті, тарихи жырларды, аңыздарды, батырлар жырын, жеке ақындар шығармаларын жанрларға жүйелемей-ақ, бәрін аралас бастырған.

Жинаққа енген мәтіндер түгелімен қажетті ғылыми деректермен қамтамасыз етілген, мәтін варианттары көрсетіліп, әр мәтінге түсініктеме берілген. Жазылып алынған әр мәтінге ғылыми сипаттама беру дәстүрі сол кездегі орыс фольклористикасының өзінде сирек кездесетін еді. Ғалымның мәтіндерге берген түсініктемелері өз заманындағы ғылым үшін өте қажет болды және бүгінгі күнге дейін маңызын жойған жоқ. Зерттеуші фольклорлық шығармаларды әлем халықтарының көне замандарының ізі, ел басынан өткен елеулі замандардың куәсі, елеулі оқиғалардың шежіресі ретінде қарап, сол тұрғыдан бағалаған. Ол әрбір мәтінге, сюжетке әлем фольклорынан сәйкестік, ұқсас мотивтер мен

кейіпкерлер іздеп салыстырып отырған. Г.Потанин түсініктемелерінің осы салыстырмалық сипаты қазіргі фольклортану ғылымында кеңінен қолданылып жүр [11, 18].

Г.Н.Потанин ауыз әдебиеті үлгілерін жалғыз жинамай, қасына халық мұрасын сүйетін адамдарды тартып, солардың көмегімен өте көп материал жинады. Ол қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинау ісін алғашқы ұйымдастырушылардың да бірі болды. Ғалым қазақ халық ауыз әдебиетін жинаудың екі бағдарламасын жасап, «Дала уалаяты» газетінде жариялады [12].

Г.Н.Потаниннің үлкен ыждаһатпен зерттеген нәрсесі – Едігеге байланысты шығармалар. Ол Едіге туралы аңыздарды талдай отырып, оларға байланысты шығармалар сюжетінің өте ертеден келе жатқанын Библиядағы билік жайындағы сюжет негізінде дәлелдейді. Мәселен, Едіге бидің бота мен інген туралы билігі – Библиядағы Соломонның екі әйелдің бір балаға таласын шешкен мысалмен бірдей екенін анықтап, Едіге туралы аңыздардың түркілер арасында ертеден, исламға дейін, яғни Библияға еш тәуелсіз және тарихи Едігеден көп заман бұрын пайда болған деген пікір айтады [13, 10].

Г.Н. Потанин өзі жинап, зерттеген «Тюркская сказка об Идыге» деген аңыз-ертегіні 1897 жылы «Живая старина» атты журналда жариялады.

Түркітілдес халықтардың ауыз әдебиеті үлгілерінің ыждағаттылықпен жинап, кезінде көп том етіп шығарған академик В.В.Радлов та Едіге тақырыбына ерекше көңіл бөлген.

В.В.Радловтың (1837-1918) ұлты – неміс, Германияның Берлин қаласында дүниеге келген.

Берлин университетін бітіргеннен кейін болашақ ғалым Ресейге келеді. Ұзамай, тіл үйрену мақсатымен Алтай өңіріне барып, оқытушылық қызмет атқарады. Осы уақыттан бастап түркі халықтарының ауыз әдебиетін зерттеумен белсене шұғылданады. В.В.Радлов әртүрлі ғылыми сипаттағы экспедицияларға қатысып, фольклорлық үлгілерді ұқыпты түрде жинап, қағазға түсіреді. Ертегілердің мол үлгілері В.В.Радлов жинағында басылды [14, 63-68; 84-115]. Радлов бұл материалдарды Қазақстанның шығыс аймағынан, әсіресе, Семей, Сергиопол, Қапал, Верный, Бұқтырма өзенінің маңынан жинаған және соның бәрін қарапайым халық аузынан жазып алған.

В.В.Радлов өз жинағына енгізген ертегілерді «Батыр ертегі», «Ертеқ» деп екі жікке бөліп, батыр ертегі құрамына «Қан Шенетей»,

«Еркем айдар» ертегілерін жатқызған. В.В.Радлов қазақ ауыз әдебиеті мұраларына тән сөз мәнерін, сөйлем құрылысын сақтай, дәл жазып алуға тырысқан. Демек, фольклорға тән ауызекі сөйлеу стилінің үлгісі сақталған. Ал бұл ғылым үшін аса маңызды шарт болып саналады [11,15]. Ғалымның қазақ халық мұраларының мәтінін осыншалықты әрі дәл, әрі көркемдік әсеріне нұсқан келтірмей жазып алуы – оның халық мұрасына деген асқан ықыласы мен сүйіспеншілігі. Мұны кезінде М.О.Әуезов те атап көрсеткен [15, 226].

Қазақ халық мұраларының В.В.Радлов жинап, «Нұсқалардың» 3-томында жариялаған шығармалары қазақ фольклорын зерттеушілердің зор ілтипатына ие болды. «Нұсқалар...» өткен ғасыр үшін ғана емес, түркі тілі мен фольклорын танып-білудегі ең түбірлі деректеме болып отыр [16,19]. Ал М.П.Мелиоранский өзінің «Краткая грамматика казак-киргизского языка» (Ч.1. Фонетика и этимология. – Спб., 1894) деген еңбегін осы «Нұсқалар...» материалын пайдалана отырып жазған [7].

Ол 1866-1872 жылдар арасында «Едіге» жырының Барабы, Омбы татарларынан үш, телеуіттерден бір нұсқа жазып алған. Сонымен қатар, ғалым 1896 жылы Қырымның далалық өңірінде тұратын ноғайдан жырдың тағы да төрт нұсқасын тапқан. Барабы жазбасы мен Қырым нұсқасын өзінің «Образцы народной литературы северных тюркских племен» кітабында жариялаған [14]. Ал барабы татарларынан жазып алынған нұсқа 2004 жылы «Татар эпосы. Дастаннар» деген кітапта қайта басылым көрді.

Бұл нұсқада Едігені сәби кезінде бір бақташы шалдың тауып алып, етігінің қонышына салып, үйіне әкелуі, содан баланың Едіге атануы; Едігенің бала кезінде өз қатарластары арасында «би» атануы, бала бидің Тоқтамыс ханға шағым айтып барған кісіге төрелігі, Тоқтамыс ханға қызмет етуі, арадағы араздық сияқты әңгімелері айтылады да әрі қарай басқа нұсқаларға ұқсап кетеді.

Едіге жайындағы тағы бір қызық мәтін – И.Н.Березин жариялаған «Рассказ о Тохтамыш хане» деген нұсқа. И.Н.Березин (1818-1895) ғылыми мақсатпен Иран, Түркия, Закавказ бойы, Дағыстан елдерін аралап қайтқан соң Қазан университетінің профессоры қызметінде жүріп көптеген шығыс халқының тарихына, филологиясы мен археологиясына арналған еңбектермен шұғылданады. 1849-1852 жылдары ол «Шығыс тарихшыларының кітапханасы» атты жинақ шығарады. Бұған Рашид-ад-Дин, Шайбани, Жалаири, Әбілғазы еңбектерінің орысша аудармалары енеді.

И.Н.Березиннің филология саласындағы еңбектері түркі халықтарының ауыз әдебиеті мен түрік диалектісін зерттеуге арналған.

Ғалым бұл нұсқаны 1890 жылы өзінің «Турецкая хрестоматия» деген кітабының 3-томында жариялаған. И.Н.Березин бұл шығарма түркімен халқының туындысы болу керек деген болжам айтады. «Қобыланды», «Едіге» сияқты бірқатар таңдаулы қазақ эпостарын зерттеп, жариялауға еңбек сіңірген ғалым О.Нұрмағанбетова Березиннің шығарманы түркімен туындысы болу керек деген болжамына былай дәлел келтіріп: «И.Н.Березин мұны түркімен халқының туындысы деп болжайтын сияқты. Бірақ оқып, мазмұнына көңіл аударғанда ол түркімен емес, қазақ халқының төл шығармасы екеніне күдік қалмайды. Және Едіге жайындағы басқа нұсқалармен мағынасы бірдей. Бір оқығанда сөз мағынасын ұғыну қиын, өте түсініксіз. Я орысша, я қазақша, я татарша емес. Березин Илья Николаевич айтушыдан қалай естісе, солай жазған болу керек. Оның үстіне сөздерді түсінбеген күйінде түсірген», – деп нұсқаны толық оқып шығып, әрбір сөзді ажыратып оқып, зерттеп, туындының қазақ халқының шығармасы екенін анықтайды [17, 360] және көпшілік оқырманға да қызықты болар деген мақсатпен «Едіге батыр» (1999) кітабының қосымша тарауында жариялайды.

Эпостың нұсқалары мен версиялары әңгіме болғанда «Сказание и сказы киргиз» деген кітаптағы 1915 жылы Алексей Белослюдов жариялаған «Едиге би и Тохтамыш» деп аталатын қара сөзбен жазылған нұсқаны айта кеткен жөн.

А.Н.Белослюдов (1887-1939) – педагог, қазақ фольклорын жинаушы, этнограф. Семей қаласындағы гимназияда оқыған (1906), 1908 жылдан бастап өлке тарихы мен мәдениетін зерттеумен айналысқан. Осы саладағы еңбектері ескеріліп, Орыс география қоғамы Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесіне мүшелікке қабылданған. 1913-14 жылдары Бұқтырмада мұғалім бола жүріп, Алтай өңіріндегі қазақ ертегілерін, жырларын, этнографиялық материалдарды жинайды.

1915 жылы «Сібір студенті» журналына «Қазақ поэзиясы туралы» деген мақала жазып, онда Шөже, Орынбай, Арыстан, Біржан, Сара және өзге де қазақ ақындары шығармаларына қысқаша сипаттама берген. Ағаларымен бірге Семейде этнография музейін ашуға қатысады. Оның музейге тапсырған кейбір экспонаттары қазір де сақтаулы. Сонымен қатар ол Абай шығармаларын орыс тіліне аудару мәселесін көтереді. 1914 жылы 10 наурызда Томбы қаласындағы ағасы Николайға Құнанбаев өлеңдері туралы «Сібір студентімен» келісіп қой, қырғыз поэзиясы

туралы кішкентай мақала жазып, соған қосып жібер» деп хат жазған. 1915 жылы Г.Н.Потанинге жазған хатында Семейде қазақ жастарының үйірмесі ұйымдасқанын, олардың халық фольклоры мен этнографиясын жинау ісімен шұғылданатынын, өзінің бірінші кезекте Абай Құнанбаев шығармаларын орысшаға аударуды міндетіне алып отырғандығын айтады.

А.Н.Белослюдов Қаныш Сәтбаевпен де жақын таныс болған. Затаевичпен бірге ел аралап, өлеңдер, әңгіме, жырлар жинасқан [18, 274].

Аталған шығарма мазмұны Едіге туралы жырлармен ұқсас болғанымен, шығарма экспозициясы мен шешімінде айырмашылықтар бар.

1903 жылы И.А.Беляев Қарақалпақстанда «Едіге төре» жырын жазып алады. Орысша аудармасымен қоса, бұл нұсқа 1917 жылы Ашхабадта басылып шығады [19, 95-125].

Қарақалпақтың фольклортанушы ғалымы Қаллы Айымбетов Ерполат жыршыдан Едіге жырының қарақалпақша нұсқасын жазып алады. Бұл нұсқа 1937 жылы Мәскеуде жарық көреді. Қаллы Айымбетов кітапқа «жинаушыдан» деп аталатын шағын кіріспе сөз жазып, мұнда «Едігені» Ерполат жыраудан алғаш рет 1929 жылы қағазға түсіргенін, оның бір себептерге байланысты жоғалып кеткенін, содан соң 1934 жылдың қазан айында Шымбай қаласында тұрған Ерполаттан қайта жазып алғанын айтады.

Ерполат 1861 жылы туған. Жыршылықты Тұрымбет, Нұрабыл, Қаражан ұстаздарынан үйренген. Қарақалпақстандағы Шымбай ауданына қарасты № 8 ауылда ұзақ жыл тұрған. Едігені 50 жылдай жырлаған. 1930 жылдары Қарақалпақстанда да кеңестік кұғындау белең алған тұста Ерполаттың да жыршылық өнеріне де кеселі тиген. Өзі жырлаған «Едіге» жыры Мәскеуде жарияланып жатқан кезде, Ерполат Ташкент түрмесіне жабылып, 1938 жылы абақтыда қаза болады.

Эпостың бұл нұсқасына академик В.М.Жирмунский ерекше көңіл аударып, өзінің «Түрік қаһармандық эпосы» (1974) атты монографиясында құнды пікірлер білдіреді және зерттеуіне пайдаланады. Ерполат жыршының суретін жариялайды.

Қарақалпақтың ең атақты жыршыларының бірі Қияс Қайрадинұлынан баласы Қалбай «Едіге» жырының бір нұсқасын жазып алған.

Қияс жыршы 1903 жылы қазіргі Шымбай ауданының «Кеңес» совхозында туған. Әкесі Қайрадин ауылдық мектептің молдасы

болған. Ол мал шаруашылығымен және диханшылықпен айналысқан. Мал соңында жүрген Қияс жыршылық өнермен әуестенеді. Әкесінің қарсылық білдіріп, қобызын өртеп жібергеніне қарамастан, Қияс осы өнерге біржолата ден қояды. Әуелі Сейфолладан 22 нама үйреніп, одан соң Бекмұрат деген жыршыдан жиырмаға жуық дастан үйренеді. Оның ішінде «Алпамыс» пен «Едіге» де бар. Қиястың ескіше сауаты, ақындық қабілеті болған, сондықтан ол өзі білетін шығармаларын қағазға түсіріп отырған. Ол – бірнеше толғаулардың, өлеңдердің авторы. Қияс орындаған «Алпамыс» Ташкент қаласында күйтабаққа түсірілген. Ол жазып қалдырған «Едіге», «Қырық қыз», «Қыз палуан», «Шарьяр» т.б. жырлар мұрағаттарда сақтаулы тұр. Қияс орындаған нұсқа 1990 жылы «Едіге» атты жинақта басылым көрді.

Көшпелі өзбектер арасында да Едіге туралы аңыз белгілі болған. Солардың бірі «Тұлымби» деген атпен 1939 жылы Х.Зарифовтың «Өзбек хрестоматиясында» жарияланған [20]. Зарифов Х.Т. (1905-1972) – өзбек ғалымы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері. Баку оқытушылар семинариясында оқыған. Өзбекстан Ғылым академиясының Әдебиет және тіл институтының директоры болып қызмет істеген. Ташкент педагогикалық институтында, Орта Азия мемлекеттік университетінде дәріс берген. Ауыз әдебиетін, негізінен, эпостық шығармаларды жинап, зерттеумен айналысқан. В.М.Жирмунскиймен бірігіп «Өзбек халқының батырлық жыры» монографиясын жарыққа шығарды (1974).

Мәтінді баспаға ұсынушы – филология ғылымдарының докторы, профессор Маматқұл Жураев. Ғалымның айтуынша, хижра жыл есебімен 1414 жылы Шомурод Самандар ұлынан көшірілген. Қолжазбаны сақтаушы – Нұргүл Халфа Шарипова.

В.М.Жирмунский көрсеткендей, башқұрттарда бұл эпос «Идукай мен Мұрадым» деген атпен мәлім болған. Жырдың жеке бөліктері Қазан мен Уфа баспаларында Кеңес өкіметінен бұрын да жарық көрген. Кеңес Одағы жылдарында башқұрт шешені М.Боронғұловтан жазып алынған нұсқа 1940 жылы «Октябрь» журналында басылған.

Түрік ғалымы Сағадат Шағатай «Едігенің» бір көлемді нұсқасын жас кезінде Қырым даласынан Түркияға ауып барған бір ноғай айтушысынан жазып алған. 1953 жылы ғалым бұл жырды неміс тіліндегі аудармасымен қоса жариялады.

Зерттеушілердің айтуынша, «Едіге» жырының оңтүстіктегі Түркімен, Өзбек Республикаларынан бастап, Сібір татарларына дейінгі

түркілер арасында т.б. отыздан астам нұсқасы бар екені белгілі болып отыр. Ал Қазақстан Республикасының қолжазба қорларында жырдың жиырмаға жуық қазақ нұсқасының қолжазбалары сақтаулы. Солардың бірі – Шоқан жинаған «Едіге» жырының неміс тіліне аударылған нұсқасы. Жыр мәтіні Алматы қаласында аударылған. Дәптердің 1-ші бетінде: «Немецкий перевод Валиханова. Сделано, вероятно, в Алматы во время войны для «Золотой юрты» деп жазылған. Соңында: 23.11. 1962. В.М.Жирмунский» деп қол қойған.

Жыр сюжеті Едігенің әулие атасынан басталады да, Едіге мен Тоқтамыс арасындағы тартыс баяндалып, Едігенің құсадан өлуімен аяқталады.

Едіге – таза тарихи жыр емес, оның сипатында ежелгі батырлық эпостарға тән белгілері жеткілікті [21]. Мысалы, Шоқан нұсқасында батыр әулие мен пері қызынан туады, яғни ерекше жағдайда дүниеге келеді. Бұл – Едігені өзгелерден ерекше туған батыр ретінде көргісі келген халықтың ой-арманынан туындаған қиял екені мәлім. Бұл – батырлар эпосына тән басты белгінің бірі. Едігенің би ретіндегі даналығы түрлі дауларға әділ төре беруі арқылы танылады. Бұл мысалдардәстүрлі қазақ фольклорының үлгісімен берілгенімен, мұндай сюжеттік сарын әлем халықтарының фольклорлық туындыларында да кездеседі. Мысалы: жырдағы Едіге шешіп беретін төрт даудың бірі (баланы екіге бөліп беруі) Инжілде кездеседі, онда дауды Соломон (Сүлеймен) шешіп береді [22]. Сол сияқты жырда сақтандыру сарыны да кездеседі. Едігеге қастандық ұйымдастырылғанда, оны сақтандыратын досы – Аңғысын. Ол Едіге ордадан қашарда тойдағы адамдардың аттарының үзеңгілерін қиып қояды. Осындай сарын басқа халықтардың фольклорында да бар. Мысалы, Жирмунский шотланд тарихи жырында Роберт Брюс осындай жолмен жауларынан құтылып кеткендігін айтады [5, 353]. Осы эпикалық жырда қысылғанда жөн табатын, адасқанда жол табатын Сыпыра жырау бар. Сыпыра жырау атты кейіпкер басқа да көптеген қазақ эпостарында кездеседі (мысалы, «Ер Тарғын», «Телағыс», «Қарасай – Қази», «Көкше батыр» т.б.). Қазақ аңыздары мен батырлар жырында Сыпыра жырау ел бірлігін көздеген дана қарт болып сипатталады. Сыпыра жырау бейнесі – ноғай, қарақалпақ, башқұрт, барабы, қырым татарларының эпостарына да тән. Батырлар жырының бәрінде кездесетін тағы бір ортақ сарын – «батырдың қалыңдық іздеуі». Жырда бұл көрініс Едігенің Сәтемір ханды іздеген жорығымен сәйкес келеді.



Эпостарда көп тараған сюжеттің бірі – «батыр күйеудің өз қалыңдығының тойында» кездесетін көрініс. Айталық, Едігенің шатырға таз көбеген болып жасырынып келіп, Қабантиынның хан қызын зорлықпен алып келе жатқанын біледі. Қырық ер Сәтемір ханға Едігенің қызын құтқарып келе жатқанын хабарлап, сүйінші сұрайды. Хан қуанып, оларды қарсы алуға үш мың сан қол жібереді. Сәтемір үлкен той жасап, қызы Қағазды Едігеге некелеп қосып, тағын береді. Бұл – Алпамыстың аулына диуана болып жасырынып келіп, Гүлбаршынды Ұлтан құлдың зорлықпен алып жатқанын көретін эпизодқа ұқсас.

Едіге Сәтемір елінде хан болып, ел билеп, қоластындағыларға әділ төрелік жүргізеді. Елдің абыройы артады. Сәтемірдің қызы Қағаздан Нұраддин атты ұл туады. Жырда:

Алтыннан шүмек ойдыртты,  
Күмістен түбек қойдыртты.  
Хан қасында туды деп,  
Атын Нұралын қойдыртты.  
Беліне садақ будыртты,  
Көкірегі жаулы өссін деп,  
Қашқан бір жауды қудыртты.  
Хан Нұралын туғанда,  
Сәтемірдің сансыз қол  
Бары-жоғын жидыртты,  
Төбел бие сойдыртты.  
– Жалғызыма алғыс тисін деп, – деп,  
Арап пенен сарапқа  
Сонда бір жұртты тойдыртты.  
Үлкен бір той қылдыртты,  
Көңілін сондай тындыртты

деп, Едігенің шаттыққа бөленуі, қазақ халқының әдет-ғұрпы, халық тұрмысы кең суреттелген.

Дүниежүзі халықтарының фольклорлық шығармаларында жиі ұшырасатын сарынның бірі – баланың әке кегін (не басқадай бір сырын) бөтен адамнан естуі. Бұл сарын аталған жырда да көрініс тапқан. Нұраддин 12 жасқа келгенде, асық атып ойнайды. Торғай атып күн көрген шалдың жіліншігін үзіп жібереді. Сол шалдан әкесінің Тоқтамыс ханда ескі кегі бар екенін естіп, Сәтемірден үш сан қол алып, жауға қарсы аттанады. Оның жауға жерін бастырмау үшін жасаған ерлік жорықтары былайша суреттеледі.

Қырқада қырка қырық адыр  
Қырық басып жортыпты.  
Қырық күншілік шөлге  
Айдынды бұлақ салыпты.  
Бұт сауырлы күреңше ат  
Бұтқа тартып мініпті.  
Екі түгей торыша ат  
Ылауға жайдақ алыпты...

Бұл тұста жыршы Едіге батырдың қанымен келген елжандылық қасиет оның ұлы Нұраддинге де дарығандығын көрсетіп, Едіге мен Нұраддинның ел-жұртын сүйген батырлық тұлғасын сомдайды. Ал қандай да бір сырды бөтен адамнан есту сарыны «Ер Төстік» ертегісінде, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырында, «Әзірет Әлі мен Дариға қыздың күресі» дастанында т.б. кездеседі.

Ә.Диваев Сыр бойын, Әмудария мен Хиуа өлкесін, Оңтүстік Қазақстанды аралап, қазақ халқының ауыз әдебиетін жинайды. Осы сапардың бірінде «Мырза Едіге батыр» деген аңызды Шымкент уезінің тұрғыны Еркінбек Ақынбековтың айтуы бойынша өзі жазып алады. Осы нұсқаны алғаш рет 1896 жылы Ташкентте орыс тілінде жариялайды [23]. Кейін осы аңыз «Мырза Едіге батыр» деген атпен татар тіліне аударылып «Шора» журналында (1917, № 15-16), содан соң 1922 жылы қазақ тілінде Ташкентте қайта басылады [24]. Ал 2006 жылы «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 39-томында тағы жарияланды.

Шығарма «Ерте заманда бір бай болыпты. Өзі дәулетті, кеменгер, керемет әулие адам екен. Өзінің һеш перзенті болмапты. Тек біреудің ұлын, біреудің қызын көрсе іші күйіп: «Менде де осындай перзент болса, арманым болмас еді» деп жүреді екен...» деп басталады. Жырдың осылай басталуы басқа нұсқаларда кездеспейді. Сол сияқты аталмыш нұсқада ертегілік сарын басым болып келеді. Едіге Сәтемір ханды іздеп келгенде, ол уәзірлерінің азғыруымен Едігенің әйеліне ғашық болып, батырдың көзін жою үшін, қиын сапарға жұмсайды. Едіге әйелінің ақылымен аман қалады. Бұл эпизод ОҒК-ның қолжазба қорында (775-бума, 1-дәп.) сақтаулы «Жалшы бала» дастанымен, ӘӨИ-дің қолжазба қорындағы (176-бума, 2-дәп.) «Бақыт іздеуші патша» және «Түс сатып алған Тазша» ертегісімен сарындас. Мұнда Едігенің алғашқы жауы Тоқтамыс болса, кейін Сәтемір де дұшпан болып шығады.

Бұл нұсқаның кейбір айырмашылықтары болғанымен негізгі сюжет желісі Едіге жайындағы белгілі жырлармен ұқсас. Атап айтқанда, Едіге

Токтамыстың құзырында жүргенде, екеуінің араздасуына себепкер ханның сұлу әйелі болады (Шоқан, Нұртуған, Қалқа нұсқаларында кездеседі). Өртүрлі дауларға төрелік беру мотиві Шоқан, Нұртуған нұсқаларымен, ал жырдағы перзентсіздік мотиві қарақалпақ нұсқасымен ұқсас.

Халықтың рухани мұрасы – халық әдебиеті үлгілерін ыждаһаттықпен қарап, оны жинап сақтаудағы еңбегі ереше адамның бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Мәшһүр Жүсіп Көпеев (1857-1931) – ақын, жинаушы, әрі кітап бастырушы. Павлодар облысы, Баянауыл ауданында дүниеге келіп, Бұхарада, Ташкенте оқып, Орта Азия халықтарының әдебиетімен жете танысқан. Ол өзі де өлең шығарумен бірге қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, баспасөз беттерінде, кейбіреулерін кітап күйінде жарыққа шығарған. Оның «Мес» деп аталатын төрт томдық қолжазбалар жинағы ҚР Білім және ғылым министрлігі кітапханасының қолжазбалар қорында сақтаулы. Мәшһүр Жүсіп халық мұрасын жинаумен ұзақ уақыт шұғылданған. Ол бұл салада қомақты жұмыс атқарған. «XVIII ғасырдың оқиғаларын көрсететін тарихи поэтикалық шығармалар фондысы өткен ғасырдың екінші жартысында тағы да көбейіп, қомақтана түседі. Оларды жинауға В.Радлов, Г.Потанин, Ы.Алтынсарин, М.Көпеев т.б. көп еңбек етеді» [7, 581]. Демек, орыс ғалымдарының қатарында Мәшһүр Жүсіптің аты аталуы тегін болмаған. Бұдан Мәшһүрдің фольклорға деген құмарлығы жас кезінен бастап оянғаны аңғарылады. Ол халық мұраларын жинауды ұрпақ алдындағы азаматтық борышы деп санаған. Мәшһүр Қамар хазіреттен оқып жүрген бала шәкірт кезінде қолына түскен кейбір эпикалық жырларды («Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Төрт жігіттің өлеңі» т.б.) жаттап алып, айтып жүретін болған. Ол жырларды жаттап айтып қана қоймай, халықтың рухани мұраларын жинаумен де айналыса бастайды. М.Көпеев әдеби мұраларды жинауды, оларды ұрпақ игілігіне жаратуды өзіне мақсат етіп қояды. Ол тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жұмбақ, эпикалық жырлар, шежірелер, айтыстар, тарихи жырлар, ертегілер сияқты халық әдебиеті үлгілерінің көптеген үлгілерін жинаған. «Көпеев бүкіл дерлік қазақ даласын, Түркістан өлкесін аралап, көптеген адамдармен, суырып салма жыршылармен кездесті... Өзінің белгілі адамдармен әңгімелерін, олардың айтқандарын, маңызды нақылдарын, ұтымды өткір сөздерін өзінің дәптеріне, күнделігіне жазып отырады... Оның үстіне ол орыс, татар ғалымдары мен жазушыларының қазақ жайындағы жазбаларын

зейін қоя зерттеді. Қазақтың әдебиеті мен тарихы жөнінде бағалы материалдар жинады» [25, 57].

Мәшһүр Жүсіп Көпеев елдегі көне көз қариялардан Едіге жайында естіген әңгіме, аңыздарды жинаған. Мәшһүр Жүсіптің «Мес» деп аталатын төрт томдық қолжазбаларының ішінде (Ш.1170 ОҒК) «Едіге батыр» жырының мәтіні де кездеседі. Солардың ішінде «Ер Едіге» атты аңыз-әңгімесі «Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері» (құрастырып, алғы сөзі мен түсініктемелерін жазған – С.Дәуітов) деген атпен ақынның 1992 жылы «Ғылым» баспасынан екі томдық жинағына және сол жылы «Рауан» баспасынан шыққан «Қазақтың батырлық эпосы» атты кітапта жарияланды. Осы мәтін 2006 жылы жарық көрген «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 39-томында жарық көрді.

Шығарма аңыз-әңгіме түрінде берілген. Бірер жерде ғана өлең жолдары кездеседі. Баба Түкті Шашты Өзіз деген диуананың бұлақ басында пері қызына кездесуі; оның біреуіне үйленуі; шартты бұзуы; пері қызының ұшып кетуі; іште кеткен баласын басқа жаққа апарып тастауы; баланың аты Едіге қойылуы т.б. эпизодтар өзге нұсқалармен сарындас болғанымен, кейбір айырмашылықтары да бар.

Аңыз-әңгіме мазмұнында бесікте бөлеулі жатқан баланы біреу ноғайлының Түркістандағы ханы Тоқтамысқа апарып береді. Ол Тоқтамысқа асыранды бала болып жүреді. Тағы бір өзгешелік – ол Тоқтамыстың күндерінің біреуінен туған Кейқуат деген баласымен Едігені өлтірмек болып, іздеп шығады.

Едігенің Сәтемір ханнан жер қайысқан қол алып, Тоқтамысты шабуға келгенде, Тоқтамыстың сегіз ұлымен қашып кетуі басқа нұсқаларда кездеспейді. Осы үзіндінің өзінен-ақ халық әдебиетінің туындысында шындық елесі бар екені көрінеді. Қадірберді жырдың басқа нұсқаларында жалғыз ұл ретінде бейнеленеді. Бұл да эпикалық дәстүрдің бір көрінісі. Шын мәнінде, сол заманғы шежірелер мен зерттеушілердің айтуынша, Тоқтамыс ханның сегіз ұлы болған. Бұлардың ішінде үлкен беделге жеткен және Едігеге қарсы қайтпай күрескен үлкен ұлы Жәлелиддин мен кенже ұлы Қадірберді болған [26]. Жыр көлемі қысқа болғанымен, оқиғасы қызықты баяндалған.

Қазақ фольклорын жинаған және оны әдебиет сүйгіш қоғаммен таныстырған адам халық ақыны, жыршы Қалқа Жапсарбаев (1886-1973) болды. Қалқа – халыққа асқақ әнімен, дастан-жырларымен, айтыстарымен бүкіл Қазақстанға аты жайылған ақын. Оның «Қалқа», «Қалқаның жай қоңыры», «Қалқаның желдірмесі» дейтін шығармалары Жетісу өлкесіне

кең тараған. Ұлы Отан соғысының батыры, Панфиловшы 28 батырдың бірі – Сеңгірбаев Мұсабекке арнаған поэмасы 1951 жылы дербес кітап болып тарады. Бұдан бұрын да Қалқаның колхоз, совхоз тақырыбына арнаған өлеңдері күнделікті газет-журналдарда басылып тұрды.

Қалқа Жапсарбаев 1886 жылы қазіргі Талдықорған облысы, Киров ауданы, Мұқыр деген жерде, кедей семьясында туған. Ол он үштен жиырма бес жасқа дейін кісі есігінде мал бағып, жалшылықта болады. Алайда жүрегінде ақындық оты бар жас Қалқа жалшылыққа жасымайды. Той-думандарда домбыра тартып, ән салып, ақындық салтын құрады. Ел арасына кең тараған ертегі-жырларды, атақты Бақтыбай, Қабан ақындардың өлеңдерін жаттап, өзі де жанынан шығарып айта береді.

Қазақ ССР мен Қазақстан Компартиясының 40 жылдығына байланысты Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы Қалқа Жапсарбаевқа «Халық ақыны» деген құрметті атақ береді. Қалқаның жырлаған көлемді жырының бірі – «Едіге – Нұран». Бұл жырды Жасбала Елікбаев деген азамат 1939 жылы Қалқа Жапсарбаевтың орындауында жазып алып, ОҒК-нің қожазба қорына (687 бума, 9-дәп.) тапсырған.

Елікбаев Жасбала (1886-1976) Талдықорған облысы, Киров ауданы, К.Маркс атындағы колхозда туып-өскен. СССР Жазушылар Одағының мүшесі. «Қалқаның әні», «Жайқоңыр» т.б. көптеген әндер шығарған. «Орақ батыр», «Дана кыз», «Тұрымбет туралы» аңыздары көпке мәлім. Шығармалары жинақтарда басылым көрді.

Едіге жайындағы мәтін алғаш рет 2005 жылы «Басылып жатқан қазынам...» атты жинақта, ал 2006 жылы «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 39-томында жарияланды.

Жыр мазмұны төмендегідей болып келеді: «Ертеде Есім деген зорлықшыл хан болады. Едігенің татымын білген ол «түбінде хандыққа таласар» деп қорқып, алдын ала қамданады. Көрші елдің Мұхтар деген ханының ағасы өлгенін естіп, «Ағана салған азам, – деп, – Алакөлдің жағасында бөлек жатқан 500 үйді шауып ал» деп хат жазады. Мұхтар ханның қолы сол елді шауып алады. Едіге көп адамдармен бірге тұтқынға түседі. Едігенің ерекшелігіне көзі түскен Мұхтар хан оны той жасап, бала қылады. Ханның жас әйелі Жамал Едігеге ғашық болып, екеуін араздастырады. Едігеге қастандық ұйымдастырылып, оны Едігеге досы Аңғысын айтып, сақтандырады. Едіге өз еліне келіп, әкесі Нұран мен шешесі Әсемді құлдықтан босатып, Есім ханды өлтіреді. Орнына басқа хан сайлайды. Кейін Мұхтар ханның елін шауып, басын алып, орнына Аңғысынды хан қояды. Өзі екі елдің батыры атанады.

«Едіге – Нұран» жырының өзіндік даралығымен бірге басқа нұсқаларға ұқсас сарындары да бар. Мәселен, Едігені Мұхтар ханның той жасап, бала қылып алуы; екеуінің араздасуына себепкер ханның сұлу әйелінің болуы; Едігеге қастандық ұйымдастырылуы; оны Аңғысынның сақтандыруы; ашуланып хан үйінен кетіп қалған Едігенің соңынан Кенжембайдың қуып баруы т.с.с. Осындай ұқсас сарындары бола тұра жырдың басталуы, сюжет желісінің дамуы, аяқталуы жырдың басқа нұсқаларына мүлдем ұқсамайды.

Жыршы халық аузында айтылып жүрген «Едіге» туралы жыр-дастандар мен аңыз, әңгімелердің негізінде эпосты жаңғырта жырлаған. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Қ.Жапсарбаевтың жырлауындағы «Едіге – Нұран» сюжеті басқа нұсқалардағы тұрақты эпизодтарды өзгеріссіз қайталау емес, өз алдына жеке, дербес нұсқа деуімізге толық негіз бар.

Едіге батырға байланысты шығарманың бірі – «Едіге батыр әңгімесі». Бұл әңгімені Нәсимолла Биханов 1940 жылы Аякеш Өмірзақовтың айтуынан жазып алған. А.Өмірзақов: «Бұл әңгімені бөкейліктің атақты тарихшысы Жарас деген қарттан естідім», – дейді.

Осы қолжазбаның соңында академик Әлкей Марғұланның: «Едіге батыр әңгімесі» деген тарихи жырды оқып шықтым. Бұл әңгіме Едіге туралы айтылған қария сөздердің ішіндегі бір тәуірі және тарихи оқиғаны легендаға айналдырып айтқан жақсы бір варианты», – деп бағалаған пікірі бар. Жыр мәтіні алғаш рет 2006 жылы жарық көрген «Балалар сөзі» жүзтомдығының 39-томында жарияланды. Әңгіменің қысқаша мазмұны:

«Ертеде Тоқтамыс деген хан болады. Оның он екі биі, Ебесей атты құсбегісі болады. Он екі бидің бірі Баба Түкті Шашты Өзіз екен. Ебесей түп аталарының қарызы үшін, Сәтемірге Қара шұбар атты құстың бір жұмыртқасын бергені үшін дарға асылады. Одан қалған Едігені он екі бидің бірі Баба Түкті Шашты Өзіз тауып, асырап алады. Едіге есімді батырдың дүниеге келетінін білген хан, сол жылы туған балалардың бәрін қырғызады. Баба Түкті Шашты Өзіз өз баласын беріп, Едігені аман алып қалады. Едіге зерек болып өседі.

Едігеге қастандық ұйымдастырылғанда, Баба Түкті Шашты Өзіз сақтандырады. Едіге әкесі Ебесейдің түсінде аян беруімен Сәтемір еліне аттанады. Жолда қалмақтың Қорғасын атты батырын өлтіріп, ханның қызын құтқарады. Кейін Сәтемірден қол алып, Тоқтамыстан кегін алуға келгенде, іште қалған баласы Нұрадынмен (Итбай) табысады. Екеуі Тоқтамыстан кек алуға аттанады. Нұрадын Тоқтамыстың басын алады.

Едіге мен Нұрадынды Кенжанбай араздастырады. Әкелі-балалы екеуі татуласып келе жатқанда, оларды Тоқтамыстың адамдары өлтіреді».

Бұл әңгіме – Едіге жайында баяндайтын ескі сөздердің ішіндегі ең қызықтысы және тарихи оқиғаны әңгімеге айналдырып айтқан дербес нұсқасы.

Халықтың сөз мұрасына жанашырлықпен қарап, тірнектеп жинаған адамның бірі – қазақтың белгілі ақыны Мәриям Хакімжанова. 1942 жылы СССР ҒА-ның Қазақстандағы филиалының шақырумен Мұрын жырау Алматыға келіп, «Қырымның қырық батыры» атты жырдан 36 батыр туралы жыр жаздыртады. Солардың ішінде М.Хакімжанова жазып алған «Едіге» жыры да бар. 1947 жылы Институтқа батырлар жырының қалған төртеуін жібереді.

«Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» цикліне жататын «Едіге» жыры алғаш рет 1989 жарияланған [27,70-96]. Кейінірек осы нұсқа 1966, 1999 жылдары тағы да жарияланды [6]. Ал осы нұсқа 2006 «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 39-томында жарияланды. Аталмыш жырдың түпнұсқасы Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында (1307-бума.) сақтаулы.

Жырда Едігенің әкесі Құттықия белгілі құсбегі болады. Тоқтамыстың Қуқанат деген құсының бір жұмыртқасын Сәтемір ханға жасырын беріп жібергені үшін, Тоқтамыс хан Құттықияны өлтіреді. Міне, осы тартыс көрінісі басқа варианттармен ұқсас болғанымен, Мұрын жырау нұсқасында елеулі өзгешеліктер де кездеседі. Солардың бірі – Едігенің әкесі Құттықияның хан әулетінен деп айтылуы. Ал тарихи Едігенің Пайғамбар әулетінен де, хан тұқымынан да емес, ақыл-қайратының арқасында «қарадан хан» атанғанын білеміз.

Тоқтамыс Құттықияны өлтіргенімен қоймай, артында кек алатын кісі қалмасын деген оймен оның баласы Едігені де құртпақ болады. Сол кезде Жылқыбай атты адам Едігені жасырып, оның орнына өз баласын қияды. Жылқыбай есімі басқа нұсқаларда кездеспейді. Жылқыбайдың осындай ерлікке баруын Едігенің ата-бабасын қадір тұтқандықтан, жақсының тұқымы жойылып кетпесін деген түсінік екенін көреміз. Едігенің арғы тегін айтып беретін де Жылқыбай болып суреттеледі. Тағы бір айырмашылығы жырдың басқа нұсқаларында Едігеге жолдас болып жүретін Аңғысын Тоқтамыстың қырық нөкерлерінің бірі екені осы нұсқада ғана айтылады. Сол сияқты Едігенің Тоқтамысты өлтіріп, оның орнына Жылқыбайды хан қоятыны, оған ханның үлкен қызын әперетін эпизод та басқа нұсқаларда кездеспейді.

Мұрын жырау нұсқасында Едіге қалмақтың Қанқожа деген ханымен, оның баласы Абығаймен және Тоғалай батырмен соғысады. Сонда Едігенің:

– Біз ноғай деген ел едік,  
Ежелден жатқан ер едік.  
Қалмақты көрсек алармыз,  
Талқан қылып деп едік.., –

деген сөздерінен жауына деген ашу-ызасы, өз еліне деген қажыр-қайраты байқалады. Жаудың қалың қолымен бірнеше күн айқасып, жауын елінен қайтарады.

Едігенің қасында ноғайлының батыры Айсаулы Ахмет серік болып жүреді.

Ахмет пенен Едіге  
Аттың басын жөндеді,  
Сұр жебені қолға алды.  
Айсаның ұлы Ахмет  
Тебінгіден тебе атты,  
Үзеңгіден үзе атты.  
Суырып алып қорамсақ,  
Жауған қардай боратты.  
Біреу емес бәрінен  
Тепшіп сонда кетеді,  
Қамалып тұрған қалмақты  
Шүберектей көрмеді...

Сөйтіп, он екі күн бойы шайқасып, қалмақтың қаласын алады. Жырда батырларды ерекше әсірелеп суреттеу, сол сияқты жауларын да ерекше күштің иесі ретінде көрсету сияқты ертегілік сипаттар мол.

Ал жырдың ақыры күрт өзгеріп, жаудың «қалмақ болып шығуы» тарихи шындыққа сәйкес келмейді. Жыршы тарихи шындықтан гөрі Едігенің батырлығын дәріптеу үшін эпос мазмұнына бергі дәуір оқиғаларын қосқан.

Едіге туралы жырдың бір нұсқасын бізге жеткізген XIX ғасырдың соңғы жартысында Сыр, Арал өңірінде өмір сүрген атақты жырау Нұртуған Кенжеғұлұлы. Кенжеғұлұлы Нұртуған (1887-1930) – бұрынғы Қазалы уезі, Қамыстыбас болысы, Аманөткел ауылында (қазіргі Қызылорда облысы, Арал ауданы) туған. Кіші жүз, шекті руынан. Аталары да өлең дарыған адамдар болыпты. Нұртуған 23 жасынан бастап өлең шығарған, ол үш жүздің шежіресіне қанық адам болған. «Едіге»,



«Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази», «Тағаймұрат», «Қобыланды», «Әмір-Темір көрген» «Ақкете – Шернияз», «Ақтабан шұбырынды» сияқты дастандар мен көптеген терме-толғаулар іспетті мол мұра қалдырған. Нұртуған жырларын Дәріғұл деген туысы жыршы 1928 жылдары жаттап айтып таратқан [28, 52].

Нұртуған жырлаған «Едіге» жырының бірнеше көшірмесі болған. Солардың бірі – «Мәулімнияз – Едіге» жырын алғаш рет ақын мұрасын жинап, сақтаған немересі Ниязбек Мақанжанұлы 1992 жылы шығарған кітапта жариялаған [29, 47-161]. Кейін осы нұсқа ешбір өзгеріссіз тағы да үш рет жарияланды [6].

М.О.Әуезов атындағы ӘӨИ-дің қолжазба қорында Нұртуған жырлаған «Мәулімнияз – Едіге» жырының екі түрі сақталған. Соның бірін зерттеуші, филология ғылымдарының кандидаты Асқар Тұрғанбаев 1987 жылы жыршы Демеу Жолымбетовтың дәптерінен көшіріп, қолжазба қорына тапсырған (949-бума, 1-дәп.). Ал екінші жырды 1989 жылы жазып алған – Ақанжан Келімбетов (129-бума, 1-4-дәп.). Осы екі мәтіннің мазмұны, көлемі, баяндау мәнері жоғарыда аталған басылымдармен ұқсас болып келеді. Тек айта кететін бір жайт – Ақанжан Келімбетов жинаған жырдың соңғы бөлігіне бертіңгі заман оқиғалары қосылып кеткен.

Нұртуғанның «Мәулімнияз – Едіге» жырында «Едіге» атына байланысты нұсқалардың оқиғалық (Қабантин алыпты жеңіп, Сәтемірдің қызына үйленуі, ханның Едігеге тағын беруі, Едігенің Сәтемір елінде он екі жылдай хандық құруы т.б.) желілері сақталғанымен, оның сюжетінде өзіндік ерекшеліктері де бар. Олар: Едігенің ата-бабалары араб тектес делінуі; Едігенің әкесі Мәулімнияз жастай жетім қалып, Баба Түкті Шашты Әзіз деген әулиенің қолына тәрбиеленуі; Едігенің орнына өз баласын құрбан ететін адам Құттықияның інісі Құтты би болуы; Едігенің жолдасы Аңғысынның қатардағы көптің бірі болмай, ақын деп сипатталуы т.б. Және де жырдың өзге нұсқаларында кара сөзбен баяндалатын тұстары Нұртуған вариантында кеңірек, өлеңмен суреттелген. Едігеге арналған қазақ жырларының ең көлемдісі, тілі шұрайлы, әрі көркемдігі жоғарысы – Нұртуған нұсқасы.

Қазақтың мәдени мұрасын жинаған белгілі жинаушының бірі – Қыдырәлі Сағтаров. Сағтаров Қыдырәлі (1941-2011) – филология ғылымдарының докторы, фольклортанушы, профессор. Оңтүстік Қазақстан мен Өзбекстан Республикасы, Ташкент өңіріне ұйымдастырылған бірнеше фольклорлық-этнографиялық экспедицияларды басқарған, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, М.О.Әуезов

атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорына тапсырған. Қ.Саттаровтың бір ерекшелігі жиналған қолжазба мәтіндерін кітап ретінде түптеп, қай жылдары жиналған материалдар екенін көрсетіп, қолжазба қорына тапсырып отырған. Оның тікелей еңбегі нәтижесінде және көмегімен ӘӨИ-дің қолжазбалар қорына араб, парсы, әрпінде жазылған көптеген қолжазбалар жиналды. Ғалымның халық мұрасы мәтіндерін барынша ғылыми адалдық сақтап жазып, жинағаны ешқашан бағасы кемімейтін жұмыс деп бағалауға болады.

Қ.Саттаров жинаған әдеби мұраның бірі – «Едіге батыр» эпосы. Бұл нұсканы 1984 жылғы «Амудария құйылысындағы қазақтардың ауыз әдебиеті үлгілерін жинау экспедициясы» кезінде Қоңырат ауданы, Тасбөгет ауылында тұратын белгілі жырау Қылышұлы Қартпайдан профессор Қ.Саттаров пен студент Жәмила Абдрахманова жазып алған.

Жырдың қысқаша мазмұны төмендегідей: «Тоқтамыс ханның құзырындағы тоқсан бидің бірі Тұлымби қожа перзентсіз болып, әйелі Наубахармен туған елінен қуылып, жапа шегіп, ел кезіп кетеді. Тұлымбиге ағаш басындағы ғайыптан туған баланы Гүлнахал атты күні тауып береді. Баланың атын Рахымберді қояды. Асық ойнап балаларды алдап, ұтып алып жүрген Қикымтас атты баланың қорқып «едік-едік» деп қашқаны үшін Рахымбердінің аты Едіге боп кетеді. Едігенің даңқын естіген Тоқтамыс хан оны өз құзырына алады. Тұлымбиге қастық ойлаған адамдар Едігенің де көзін жоюды ойластырады. Едігені Төке кәпірдің еліне жұмсайды. Едіге жауды жеңіп, Төке ханның қызына үйленеді».

Жырдың кіріспесіндегі: *«Бұрынғы өткен заманда, Хорезмнің жұртында Тоқтамыс деген хан өмір сүрген екен. Ол ханның мекені Қоңырат қаласы болыпты. Ханның қарауында 40 мың үйлі қоңырат, 40 мың үйлі қытшақ, 40 мың үйлі қаңлы, 40 мың үйлі жауыт, 40 мың үйлі шаудыр, он мың үйлі үйсін, он мың үйлі найман болған екен...»*, – деген мәлімет жырдың басқа нұсқаларында кездеспейді.

Бұл нұсқада батырлық ертегінің элементтері жиі кездеседі. Атап айтқанда: перзентсіздік, болашақ батырдың ғажайып тууы, оның тез жетілуі, оған қастандық жасалуы, батырдың жауын ерлікпен жеңіп, ерлікпен үйленуі т.б. мотивтер «Алпамыс батыр», «Ер Сайын» т.б. ертегі, жырларда кездеседі. Аталмыш жырдың жоғарыда аталған кейбір өзгешіліктерімен қатар «Едіге» туралы жырдың басқа нұсқаларымен сарындас келетін тұстары да бар. Мысалы, Едігенің Түкті Өзіз бен перінің қызы Шашты Өзізден тууы; Шашты Өзіздің (Едігенің шешесі) үш шартын бұзғаны үшін Едігені туып, ағаш басына іліп кетуі сияқты

эпизодтар. Бұл жердегі айырмашылық – әулие мен пері қызының қонысы Хорезм деп аталуында.

Ғалымдардың пікірінше, «Жырдың өзіндік құрамына, өлең ұйқастарының өзгешелігіне, оқиғаның болған жерлерінің атауларына қарағанда, бұл нұсқаны қарақалпақтар жаратқаны аңғарылады» [6, 43].

«Едіге батыр» эпосы алғаш 1966 жылы жарық көрді. Аталмыш жыр үш жылдан соң, яғни 1999 жылы еш өзгеріссіз қайтадан басылып шықты [17]. 2006 жылы «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 39-томында текстологиялық тұрғыда зерттеліп қайта жарық көрді. Осы жырдың түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (920/46-бума.) сақтаулы.

ӘӨИ-дің қолжазба қорында сол сияқты Қыдырәлі Саттаровтың 1987 жылы шілде айында Қоңырат қаласына жақын Алтынкөл поселкісінде тұратын белгілі жырау Тұрлан Бейсеновтен жазып алып, қорға 1990 жылы тапсырған және 1989 жылы 15-25 мамыр аралығында Қоңырат ауданы, Раушан совхозының тұрғыны Төребай Алланазаровтың қолжазбасынан қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Н.Есқазиев жазып алған «Едіге батыр» эпостары бар. Жыр мазмұндары Нұртуған нұсқасымен бірдей. Аяқталмай қалған шығармалар. Жыршылар Нұртуған нұсқасын жетік білген және сол нұсқаны өз ортасында ешбір өзгеріссіз жырлап таратқан деген қорытындыға келдік. Қолжазбалар ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (920/3; 920/37; 920/49-бума) сақтаулы.

Мәтіндер Нұртуған жырына өте жақын болғандықтан еш жерде жарияланбаған.

Қазақ халқының мұраларын жоғары бағалаған адамдардың ішінде А.В.Васильевтің есімін атауға болады. А.В.Васильев (1861-1943) – шығысты зерттеуші ғалым, белгілі ориенталист, профессор. Қазан губерниясы, Чебоксар уезінде діни қызметкер отбасында дүниеге келген, оқу-ағарту саласында қызмет атқарды. Торғай облыстық училищесінің Ы.Алтынсариннен кейінгі инспекторы А.В.Васильев Н.Е. Ильминскиймен тығыз байланыста болған. 1896 жылы Орынборда «Дала уалаяты» газетінің шығуына байланысты қазақ тілінің дыбыс ерекшелігіне сай орыс алфавитін жасау жөніндегі еңбегін жариялайды. Миссионерлік көзқарастағы А.В.Васильев қазақ тілін жетік меңгерген, өзінше әліппе жасаған.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Қостанай, Торғай, Ырғыз, Ақтөбе өңірлерін аралап, қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған. Солардың ішінде «Тоқтамыс хан мен Едіге мырзаның хикаяты» деген шығарма да кездеседі. Оның «Образцы киргизской словесности»,

«Киргизские сказки», «Образцы киргизской народной поэзии», «Киргизские загадки», «Образцы киргизской народной словесности» т.б. зерттеу еңбектері бар.

А.В.Васильев өзінде сақталған көптеген қолжазбаларды, Әбубәкірдің, басқа да ақындардың да өлеңдерін, айтыстарын, жырларын т.б. Ұлт мәдениеті институтының фондысына 1935-36 жылдары тапсырған. Кейін осы қолжазбалар ОҒК-ның қолжазба қорына өткен. Солардың ішінде Қабетов Ізімнің айтуынан жазылған «Тоқтамыс хан мен Едіге мырзаның хикаясы» да бар. Шығарма еш жерде жарияланбаған. Қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (1307-бума, 5-дәп.) сақтаулы.

Бұл нұсқа Едіге туралы жырларға ұқсас. Жыр сюжеті Едігенің әулие атасынан басталады да, Едіге мен Тоқтамыс арасындағы тартыс суреттеледі.

Қазақтың батырлық жырлар қорының мольфуына көп үлес қосқандардың арасынан Қуандық Шаңғытбаевты атап өткен жөн.

Шаңғытбаев Қуандық (1925-1996) – ақын, аудармашы, ҚР халық жазушысы. Ақтөбе облысында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін бітірген. Көптеген үлкен қызметтерде істеген. Ол – көптеген ән-өлеңдердің авторы. Сондай-ақ А.С.Пушкиннің «Евгений Онегин», М.Ю.Лермонтов, И.В. Гете, Р.Бернс лирикаларын, Омар Хаямның рубаяттарын, М.Горькийдің «Қыз бен ажал» поэмаларын қазақ тіліне аударған.

Қуандық ел аралап жүріп көптеген қазақтың мәдени мұраларын жинаған. Солардың бірі – 1940 жылы жазылған – «Едігенің елмен қоштасуы» атты туынды. Мәтін еш жерде жарияланбаған. Қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (1307-бума, 2-дәп.) сақтаулы.

ОҒК-ның қолжазбалар қорында жыршысы, жинаушысы белгісіз Едіге (Құбыл) деген қолжазба (204-бума) бар. Мұнда Едігені «Құбыл» деп атайды. Әңгіменің кейбір жерінде Едіге деп те кетеді. Едігенің әкесі Мәулімнияз, шешесі перінің қызы Кенжекей болады. Әрі қарай Шоқан нұсқасына ұқсас болып келеді. Шығарма мәтіні еш жерде жарық көрмеген.

«Едігеге» қатысты жырлардың түрлі нұсқаларын салыстырып қарағанымызда, олардың оқиғалық, құрылымдық жағында бірқатар өзгешеліктер кездеседі. Әрине халықтың батырлық эпосының қай-қайсысы да бір күнде туған жоқ. Әуелі елін қорғаған ерлердің жауға қарсы аттаныстары, батырлық іс-әрекеттері, қаһармандық бейнесі суреттелген аңыз-әңгімелер, қысқа тарихи өлеңдер болып туады. Бұл шығармалар ауыздан-ауызға тарап, ел арасына кең жайылады. Кейінгі

айтушылар олардың бәрін шебер құрастырып, эпикалық шығармаға айналдырады. Осылай таралған эпостық жырда айтушының қиялынан, тыңнан қосылған эпизодтар мен әсіреулер болады. Бірақ жырдағы суреттелген оқиғалардың тарихи елесі сақталады.

Қорыта айтқанда, салыстырып отырған нұсқалардың сюжеттік негізі бір. Жырдың алғашқы нұсқасын өте дарынды ақын-жыршы шығарған. Ал кейінгі жыршылар жырдың ұтымды жерлерін өзгеріссіз сақтап, кейбір эпизодтарды өз қалауынша жырлаған.

Жоғарыда аталған жыр нұсқаларының қайсысын алсақ та, жыр нұсқаларына ортақ нәрсе – Едігенің ерліктері, асқақ рухы және өз еліне деген сүйспеншілігі.

Едігені қазақтар ғана емес, басқа да түркі халықтарының «батыр бабамыз» деп ардақтауы, олардың бір кезде «ноғайлы» атанып бір шаңырақтың астында біртұтас ел болғандығын көрсетеді. Ноғай Ордасы кейінірек әр түрлі хандықтарға бөлініп, түркі халықтарының бірлігі ыдырағанда, әр ел «Едігесін» өздеріне ғана тән деп, «Едіге батырды» қадір тұтқан.

«Едіге жыры» туралы әр заманда құнды пікірлер айтқан Ш.Уәлиханов, П.М.Мелиоранский, А.М.Самойлович, П.А.Фалев, Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, В.М.Жирмунский. Р.Бердібай, С.Қасқабасов, Ш.Ыбыраев сияқты ғалымдар болды.

Өкінішке орай, Кеңес өкіметі кезінде көптеген асыл мұраларымыз сияқты «Едіге батыр» жыры да қоғамдық-идеологиялық мүдделерге сай келмегендіктен жан-жақты терең зерттеліп, толық жарық көрмеді. Тіпті, оның атын атауға тыйым салынды.

Ұзақ жылдар бойында жабық жатқан «Едіге батыр» жырының тарихына қайта оралып, зерттеу жазған белгілі ғалым, академик В.М.Жирмунский болды. Оның 1974 жылы жарық көрген «Тюркский героический эпос» атты зерттеу еңбегінде «Манас», «Алпамыс», «Дәде Қорқыт кітабы» секілді әлемдік эпикалық қазына қатарынан орын алатын жырларымен қатар «Едіге батырға» да кең талдау жасалды.

Сексенінші жылдардан бастап ҰҒА академигі Р.Бердібаев эпостың тарихилығы деген мәселеге үлкен көңіл бөліп, ғылыми жұмыстардың методологиясын жетілдіру жұмыстарын жасады. «Едіге батыр» туралы оң көзқарастар қалыптасып, аталған жырдың жекелеген нұсқалары мен үзінділері газет, журнал, жинақтар беттерінде жариялана бастады.

Ал еліміз егемендік алғаннан кейін халық тарихындағы Едіге сынды тұлға туралы әдеби мұралар, зерделі зерттеулер жарық көре

бастады. Кейінгі 20 жылдың көлемінде Едіге байланысты еңбектер жаңа көзқарастағы зерттеулермен толығып, Кеңес кезінде кеткен кемшіліктерге тойтарыс берілді. Мұның бірден-бір дәлелі ретінде Р.Бердібаевтың, Е.Мағауинның, Ж.Асановтың зертеу еңбектері мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев ұсынған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде орындап жатқан «Бабалар сөзі» жүзтомдығын атауға болады.

Қазақ эпостарының көпшілігі кеңестік идеологияның салдарынан басылым көрмеді, жарияланғанның өзінде редакциялық өзгерістерге ұшырады, нұсқалары мен версиялары толық қамтылмады. Оған төмендегі мысалдарды келтіруге болады.

«Едіге батыр» жырының 1927, 1933, 1939, 1993, 1995, 1996, 1999 жылдары басылған мәтіндерін (СПб, 1905) басылыммен салыстырып, текстологиялық жұмыс жүргізу барысында 1993 жылғы (Е.Мағауиннің зерттеу еңбегінде жарияланған) мәтінінен басқаларының бәрі бірін-бірі өзгеріссіз қайталайтыны және аталған басылымдарда қалып кеткен сөйлемдер мен түпнұсқадағы кейбір жеке сөздердің өзгертілгені анықталды. Дәлел үшін барлық басылымдарға ортақ жерінен, яғни жинақтап, 1996, 1999 ж.ж. басылымдардан төмендегі мысалдарды келтірейік:

Едіге мен Нұралынның Сәтемір елінен кек алу үшін келгенін естіген Тоқтамыс жұртымен қоштасып, қашып кетеді. Тоқтамыстың ізінен қуып кеткен Нұралынның іс-әрекетін баяндайтын жерінде төрт сөйлем түсіп қалған, сол себепті оқиға түсініксіз болып қалған. «Нұралын жөнелді» дейді де, бірден әңгіме Тоқтамысқа ойысып кетеді. Жыр оқырманға түсінікті болу үшін 1996, 1999 жылғы басылымдардан үзінді берейік:

*«Бұл қызды сақтап қой» деп, Нұралын жөнелді...*

*Көкілдінің көлінде жатқанда Тоқтамыс ханның жүрегі дүрсілдейді, найзасы солқылдайды, жапырылады...*

Түпнұсқада дәл осы үзінді былай беріледі (36-бет):

*«Бұл қызды сақтап қой», – деп Нұралын жөнелді. Хан Тоқтамыс ас ішкен кемпірден бұл да ас сұрап ішті. Бара жатып тоғыз көзді кіреукені тапты. Үстіне киіп алды. Тағы да әрі қарай іздеп кетті. Көкілдінің көлінде жатқанда Тоқтамыс ханның жүрегі дүрсілдейді, найзасы солқылдайды, жапырылады...».*

Міне, осы секілді кемшіліктер басқа да беттерде (73, 71, 76, 75, т.б) кездеседі. Басылым мәтіндерінде көбіне түпнұсқадағы «олтырған» сөзі «отырған» болып, «қолындан» деген сөз «қолынан» болып өзгертіле

берген. Шоқан заманындағы жазудың орфографиялық ерекшеліктерін ескере бермеген.

Мұрын жырау нұсқасының 1989, 1996, 1999 жылдардағы басылымдарды түпнұсқамен (ОҒК: 1307-бума) салыстыру барысында, аталған жинақтарда жекелеген сөздер, жыр жолдарының түсіп қалғаны, сол сияқты қара сөзбен берілген мәтіндерде де кейбір сөйлемдер қалып кеткені анықталды. Сөзіміз дәлелді болу үшін бір-екі мысал келтіріп кетейік:

1. 1996, 1999 жылы басылған жинақтардың 144, 142-беттерінде 117, 124, 126, 128-жыр жолдары түсіп қалған және сол өлең жолдарындағы түпнұсқадағы «*қарағым*» сөзі басылымдарда «*жасымды*» болып, ал 125-жолдағы «*Иесіз болып тұл қалды*» деген өлең тіркесі «*Иесіз дәулет бұл қалды*» деп өзгертілген. Сонда мәтін былай болып келеді:

**Түпнұсқа:**

**1996, 1999 ж.ж. басылымдар:**

Айналайын, Едіге  
Қарағым, көтер басыңды,  
Тұрып-ай ішші асыңды,  
Қашан тиям, қарағым,  
Көзімнен аққан жасымды?  
Бұл ордада кім қалды?  
Адыра болып Ақ орда  
Иесіз болып, тұл қалды.  
Ақ орданың ішінде  
Ие болып кім қалар?  
Иесіз қалған қараға  
Екі кубас бұл қалды.

Айналайын, Едіге,  
Қарағым, көтер басыңды,  
Қарағым, ішші асыңды,  
Қашан тиям жасымды  
Көзімнен аққан жасымды?  
.....  
.....  
Иесіз дәулет бұл қалды  
.....  
Ие болып кім қалар?  
Иесіз қалған қараға  
.....

Осындай өлең жолдарының түсіп қалуы, түпнұсқадағы өлең тіркестерінің, жеке сөздердің өзгертілуі, жырдың мазмұны мен көркемдік құрылысына едәуір нұсқан келтіргені анықталды.

Ал, енді қара сөз үлгісіндегі қалып қойған сөйлемдер кездесетін жерінен бір мысал келтірейік. Бұл мысал үш басылымға да ортақ (1989, 71-бет; 1996, 143-бет; 1999, 141-беттер):

*Тоқтамыс ханның алмасы өзі отырған төсегінің астында тұрады екен. Сонда Құттықия үйге кірісімен, ешнәрсе айтпастан, басын кесіп*

тастаған. Сосын Құттықияның үйіне кісі жіберген. «Бар, тез біліп келіңіз, үйінде қатыны буаз ба екен?», – деп.

... .... Сосын Тоқтамыс екі кісіні қарауылға қойды, «баласы түскен кезде ұл, қыз демей, осында алып келіңіз» деп.

Енді түпнұсқадағы дәл осы жерден үзінді:

Тоқтамыс ханның алмасы өзі отырған төсегінің астында тұрады екен. Сонда Құттықия үйге кірісімен, ешнәрсе айтпастан, басын кесіп тастаған. Сосын Құттықияның үйіне кісі жіберген. «Бар, тез біліп келіңіз, үйінде қатыны буаз ба екен?», – деп.

Барған кісілер айтып келді: «Қатыны буаз екен» деп. Сосын Тоқтамыс екі кісіні қарауылға қойды, «баласы түскен кезде ұл, қыз демей, осында алып келіңіз» деп.

Бұл жерде түпнұсқадағы асты сызылған сөйлемдер басылымда түсіп қалған. Сол себепті мәтіндердің мағынасы көмескі тартқан. Осындай кемшіліктер аталған басылымдардың әр жерінде кездеседі.

«Едіге батыр» эпосының 1996, 1999 жылғы басылымдар түпнұсқамен (920/46-бума) салыстырылды.

Сонда басылымдағы мәтіндерде көптеген өлең жолдарының, өлең шумақтарының түсіп қалғаны, кейбір қара сөзбен берілген сөйлемдердің түзетілгені анықталды.

Бір-екі мысал келтірейік:

Түпнұсқа: (6-бет)	1996, 1999 жылғы басылым:
920/46-бума (6-б)	(291, 290-бб.)
Қаншалардың мұнда көзі жаслы-дүр,	.....
Бір нешелер дайым көңлі қошлы-дүр.	.....
Нешелер арманда бауры тас болур	.....
Бұл дүнианы толық тұтқан бар ма екен?!	.....
Нешелерді ұлпат қылар жүзіне,	.....
Нешелердің күліп қарар жүзіне,	Нешелердің күліп қарар жүзіне,
Біреулердің құм құйғызар көзіне,	Біреулердің құм құйғызар көзіне,
Зарлатпай-ақ туры дүния бар ма екен...?! Зарлатпай-ақ туры дүния бар ма екен...?!	

1. Қара сөз үлгісіндегі редакцияланған 1996, 1999 жылғы басылымдардың 299, 301 беттер:

Мұнан соң Шашты Әзиз Түкті Әзизден киімдерін әкеліп беруін өтінді. Түкті Әзиз перінің киімдерін алып барып берді. Шашты



*Әзиз киімдерін киіп, шаштарын тарап, он төрт күндік айдай болып Түкті Әзиздың алдына барады. Періні жақыннан көрген бабаның есі кетіп, сәлеміне зорға жауап қайырады. Пері бабаға айтады: «Мен саған бірнеше шарт қоямын. Шартты орындасаң, мен де шартта тұрамын», – деп төмендегіше баяндайды...*

Енді түпнұсқадағы осы эпизодтан үзінді (26-бет):

*Бұдан кейін Шашты Әзиз: «Әй, баба, менің киімдерімді әкеліп бер», – дейді. Түкті Әзиз киімдерін апарып береді. Шашты Әзиз киініп судан шығады. Таранып, бетінің суын сүртіп, жасанып, он төртіндегі айдай болып сәлем беріп, бабаның қасына келеді. Періні жақыннан көрген соң, бабаның есі кетіп, сәлемін зорға алады. Пері бабаға қарап: «Енді мен саған бірнеше шарт айтамын, сен қабыл етіп алсаң, мен де шартта тұрамын», – деп мынаны айтады...*

Бұл – халық прозасының тілі. Басылымда халық прозасына тән сөз мәнері, сөйлем құрылысы өзгертілген. Құрастырушылар халық тілін көркемдеуге тырысқан. Осы сынды түзетулер өте көп. Мұндай түзетулер – білместіктен гөрі, фольклор мұрасының өңдеуге болмайтын құнды халықтың ескерткіші екенін түсінбегендіктен кеткен қате.

Жоғарыда аталған басылымдарда кеткен олқылықтар түзетіліп, «Едіге батыр» жырларының мәтіні 2006 жылы «Бабалар сөзі» ғылыми сериясының 39-томында Қолжазбалар қорында сақтаулы түпнұсқадан еш өзгертусіз әзірленіп жарияланды. Бұрын басылым көрмеген, зерттелмеген «Едіге – Нұран», «Едіге батыр әңгімесі» атты туындылар алғаш рет жарияланып, ғылыми айналымға енді.

Қорыта айтқанда, мақалада «Едіге батыр» жырының отызға жуық нұсқасының жиналу тарихы баяндалып, олардың ұқсастықтары айырмашылықтары көрсетілді. Олардың он бесі қазақ нұсқалары да, қалғандары өзге ұлт нұсқалары. Әлі де болса ел арасынан жырдың басқа да түрлері табылып, қолжазба қорларына жинақталады деп ойлаймыз.

Сондықтан, қолжазба қорларындағы батырлық жырлардың жиналу тарихын жазу фольклортанушы, тарихшы, шығыстанушы ғалымдардың іргелі зерттеулеріне септігін тигізеді.

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. Валиханов Ч.Ч. Собр. Соч. I-том – Алма-Ата, 1961.
2. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. – СПб., 1904
3. Ер Едіге (араб әрпімен жазылған). Жинаған – Қаныш – Москва: Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасы. 1927; Ер Едіге // Батырлар жырының жинағы. (латын әрпінде) Жинаған – Сәдуақас Сейфуллаұлы. Екінші жинақ. Қазақстан баспасы, 1933; Едіге // Батырлар. – Алматы – ҚКӘБ, 1939.
4. Едіге батыр. // Батырлар жыры. 5-том – Алматы, 1989.
5. Мағауин Е. Едіге – халық эпосы. – Алматы: Айқап. 1993; Әуесбаева П. Қазақ фольклорындағы әңгіме жанры. – Алматы: Ғылым, 2001.
6. Бердібаев Р. Эпостанудың әдістемелік мәселелері // Қазақ фольклорының тарихылығы. – Алматы: Ғылым, 1993; Е Мағауин. Едіге – халық эпосы. – Алматы: Айқап, 1993; Алпысбаева Қ. Шоқан Уәлиханов – фольклортанушы. – Алматы: Ғылым, 2001.
7. Едіге батыр жыры // Батырлар жыры. 5-том. – Алматы, 1989.
8. Жирмунский М.В. Тюркский героический эпос. – Л., 1974
9. Едіге батыр. – Алматы, 1996; 1999.
10. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, 1988.
11. Chodzko A. Specimens of the Populer of Persia. – London. 1842.
12. Семенов Н.А. Туземцы Северо-Восточного Кавказа – СПб., 1895.
13. Осмонов М. «Ногайские и кумыкские тексты». – СПб., 1883.
14. Фольклорлық мұралар: жиналу, жариялану тарихы. – Алматы, 2014.
15. Дала уаялаты газеті. № 29, 1894.
16. Потанин Г.Н. Саго о солломоне // Восточные материалы к вопросу о происхождении Саги. – Томск, 1912.
17. Радлов В.В. Образцы... ч.3. – СПб., 1870.
18. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы, 1959.
19. Сильченко М.С. В.В.Радлов изучение тюркского фольклора. – М-Л, 1971.
20. Едіге батыр. – Алматы, 1999.
21. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 3-том. – Алматы, 1999.
22. Сказание об Едигее и Тохтамыше. Каракалпакская народная поэма. Сообщение И.А.Беляева. – В кн. Протоколы заседаний и сообщений членов Закаспийского кружка любителей археологии и истории Востока. Вып.3 – Ашхабад. 1917.

23. Ozbek folklori (Узбекский фольклор. Хрестоматия для пединститутов): Т.1. сост. Х.Зарифов. – Ташкент, 1939 (на узбек. яз.)
24. Бердібаев Р. Эпостанудың әдістемелік мәселелері // Қазақ фольклорының тарихылығы. – Алматы, 1993; Е.Мағауин. Едіге – халық эпосы. – Алматы, 1993; Алпысбаева Қ. Ш.Уәлиханов – фольклортанушы. – Алматы, 2001.
25. Мағауин Е. Едіге – халық эпосы. – Алматы: Айқап. 1993; Әуесбаева П. Қазақ фольклорындағы әңгіме жанры. – Алматы: Ғылым, 2001.
26. Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области. Издание Сыр-Дарьинского статистического Комитета Т.5 под редакцией, и.п. Секретаря Комитета И.И.Бейсера. – Ташкент, 1896.
27. Батырлар жыры. – Ташкент, 1922.
28. Қазақ ССР тарихы. – Алматы, 1958.
29. Мағауин Е. Едіге жырының тарихылығы және көркемдік ерекшелігі. Филол.ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. – Алматы, 1994; Дулгош Ян. Грюнвальдская битва. – М-Л, 1962. – 50, 90, 102. Лэн-Пуль. Мусульманские династии.
30. Едіге батыр // Батырлар жыры. 5-том. – Алматы, 1989.
31. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 1-том. – Алматы, 1975.
32. Нұртуған. Кәнеки, тілім, сөйлеші. – Алматы, 1994.
33. Бабалар сөзі. 39-том. – Астана: Фолиант, 2006.



## ОРАҚ – МАМАЙ

Ноғайлы жырларының бір үлгісі – «Орақ-Мамай». Орақ-Мамай XVI ғасырда – көбінесе есімдері қатар аталып отыратын кейіпкерлер. Халық аузындағы шежірелік мәліметтер бойынша, Мұсадан Алшағыр, одан Орақ пен Мамай туған делінген. Екеуі де көшпелі ноғай-қазақ ұлыстарының туын көтеріп, ел намысын жыртқан, ержүрек батырлар кейпінде ел есінде қалған. Көптеген ақын-жыршылар олардың ерлік істері мен ұрпақтары туралы көлемді жыр тудырғаны мәлім [1, 495].

Кеңес кезінде озбыр саясаттың салдарынан шежіре бойынша Едігенің үрім-бұтағы болып келетін батырлар Орақ-Мамай, Қарасай-Қази туралы да пікір қозғауға мүмкіндік болмады. Тек сексенінші жылдардан соң «Орақ-Мамай» жырының бірлі-жарым варианттары ғана жарық көріп, зерттеушілер тарапынан сөз етіле бастады.

Жырды жазып алу, зерттеу ісі XIX ғасырда Ш.Уалихановтан бастау алып, XX ғасырдың қыркыншы жылдарына дейін бұл тақырыпқа А.Байтұрсынов, Ғ.Қараш, С.Сейфуллин, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев т.б. белгілі ғалымдар қалам тартса, одан кейін Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, В.Жирмунский, Г.Короглы, М.Ғабдуллин, С.Қасқабасов, Ш.Ыбыраев сынды ғалымдар өз еңбектерінде құнды ой-пікірлер келтірген.

Ал тәуелсіздік туы желбірегелі бері бұл жырды зерттеуге, жариялауға көп мүмкіншілік ашылды. Ортамызға қайта оралған халық мұрасын жан-жақты жаңғырта зерттеп, оның өзіндік бітімін дәлелдеп шыққан А.Тұрғанбаевтың еңбегі жазылды [2]. «Мәдени мұра» аясында жарияланып жатқан «Бабалар сөзі» ғылыми сериясы бойынша шығып жатқан жүз томдықтың құрамына «Орақ-Мамай» жырының қолжазбалар қорында сақталған барлық нұсқалары ұсынылып, жарияланды.

«Орақ-Мамай» жырының нұсқаларын қағазға түсіру ұлы ғалымымыз Ш.Уәлихановтан басталады. Шоқан 1844-1855 жылдар шамасында бұл жырды елінде жазып алған. Жырдың алғашқы нұсқасы мұрағатта сақталған [3]. Кезінде оны Ә.Марғұлан бастаған шоқантанушылар тобы сол мұрағаттан алып, алғаш рет ұлы ғалымның 5 томдық жинағының 1-томына енгізген [3, 200]. Бұл жырда Орақ батырдың бастан кешкен тағдыры баяндалады. «Орақ батыр қарауыл руынан, Россияға жорыққа

аттанады, орыстардың қолына түседі, тұтқында он жыл отырады. Содан соң үйленіп, балалы-шағалы болады, бірақ туған жеріне, елге деген сағыныш маза бермейді, ақыры еліне оралады», – деп жазды Ш.Уәлиханов [4, 196].

«Орақ-Мамай» жырының бір варианты 1903 жылы Қазан қаласында жеке кітап болып басылды [5]. Кітапта ешқандай жыршының аты немесе жинаушының есімі көрсетілмеген. Осы нұсқа аталған баспадан 1908 жылы қайта басылып шықты. Одан кейін «Орақ-Мамай» жырының бір үзіндісі Орынбор қаласында Ғабдолла Мұштақ (Ғұмар Қараш) бастырып шығарған жинақта жарық көрді [6]. Кейін осы мәтін Халел Досмұхамедұлының жинағына кірді [7]. 1943 жылы «Орақ-Мамай» жырының үзіндісі 8-класқа арналған «Қазақ әдебиеті» атты оқулықта [8] және «Қарасай-Қази» деген атпен жеке кітап болып жарияланды [9]. 1943 жылғы басылымнан кейін көптеген қазақ фольклорының тарихи туындыларымен қатар «Орақ-Мамай» эпосын да жариялауға тыйым салынды. Тек өткен ғасырдың 80-жылдарының соңынан бастап «Орақ-Мамайға» оралудың сәті түсті.

«Орақ-Мамайдың» нұсқалары көп. Солардың ішінен алғашқы басылым көрген «Орақ билан Мамай батырдың хикаясы» деген 1903 жылы Қазанда басылған мәтін.

Бұл нұсқада Орақ өлгеннен кейінгі Мамайдың жеке жорығы мен Орақтың баласы Қарасайдың ерлігі баяндалады. Қалмақтың ханы Темірхан «штатыма кірсін, үш жылғы есепті берсін» деп хабар жібереді. Бәрінен де қымбатты өз Отаны, өз халқы екенін, оны басқыншы жаудан қорғап алу – өзінің борышы екендігін түсінген сексен төрт жастағы Мамай батыр жаудан қорқып, өзін тастай көшкен ноғайлыға ашуланып, қалмаққа жалғыз аттанады. Осыдан бастап, халық намысы үшін басқыншы жауға қарсы аттанған батырдың майданда жасаған ерлік істері жырдың негізгі әңгімесіне айналады. Мамай жер ортасы Қиғаш тауында жауды күтіп жатып, ұйықтап кетеді. Қалмақтар ұйықтап жатқан батырдың қару-жарағын, атын ұрлап алады. Мамай оянған соң, жалғыз өзі жаумен қарусыз ұрыс салады. Мамайдың батырлық образы оның жау батырларымен жекпе-жек соғыстары арқылы ғана жасалмайды. Ақын-жыршылар батырдың ерлігін дәріптеу үшін Мамайды мыңдаған жау әскерімен соғыстырады. Ел тәуелсіздігін қорғау үшін туған Мамай батыр басқыншы жаудың мыңдаған әскерімен кездескенде, одан үрейленіп, қорку дегенді есіне де алмайды. Қайта жау әскерін көргенде, Мамайдың күш-қуаты арта түседі. Жау әскеріне қарсы шабады.

Мазасын жаудың алады,  
Қырып-жойып барады.  
Бір жеті жатып атысып,  
Екі мың қалмақ алады.

Жалғыз өзі қалмақтың мыңдаған қолын қырып тастайды. Мамайдың осыншалық ерлік жасауы, жауды жапыра қыруы – бұл бір адам арқылы берілген халық күшінің сипаты. Дегенмен, батырдың әлсірейтін, түрлі қиыншылықтарға ұшырап, тарығатын кездері де болады. Жырда жебеуші пірлер көмегі көп жағдайда батырды қатерлі сәттерден құтқарып отырады. Мысалы:

Төбесінде төрт бүркіт  
Хан Мамайдың ойнайды.  
Қазандай болған қара бұлт  
Күн өтер деп қорғайды.  
Атасының әруағы  
Таудай болып ойнайды.  
Қанша қалмақ атса да,  
Асыл туған хан Мамай  
Өлетұғын болмайды...

Аталған нұсқада Мамайға жәрдем беретін пірлер аспанда ойнаған бұлт бейнесінде көрінеді. Батыр ерекше қасиетке ие болады, «атса оқ, шапса, қылыш өтпейді». Жауын пірдің көмегімен жеңу – бас батырдың ғажайып жаратылысын дәлелдейді. Бұл орайда жыр батырлық пен ерлікті дәріптеп, қалың бұқараға деген қамқорлығы мол, қандайда дүлей күш болмасын, соны жеңе алатын ержүрек батырды аңсаған ел арманын көрсетеді. Жырдағы ғажайып туу, түс көру, жалғыздық, ата жау (қалмақ) мотивтері – «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Сайын», «Ер Тарғын» т.б. қазақ эпостарына тән ортақ, дәстүрлі сарындар.

Мәселен, Мамайдың әйелі жайсыз түс көріп, шошып оянады:

– Түсімнен қорқып ояндым,  
Жорышы көрген түсімді.  
Жатыр едім ұйықтап,  
Мақпал тоным тұйықтап.  
Қыбыладан көрінді  
Бір шаншылған бір қан.  
«Ордамды жығып кетер» деп,

Ұзын алтын сырықты  
Соған қарсы тіредім.  
Сырығым тұтқан болмады,  
Ортасынан үзілді,  
Бұл не болар, енеке?!

Бұл түс Мамайдың басына бір қауіп-қатердің түскенін сездіреді. Шешесі Қараулек он төрт жасар Қарасайды қалмаққа аттандырады. Қарасай да көп ерлік жасап, зынданда жатқан Мамайды құтқарады.

«Орақ-Мамай» жырына байланысты ҚР қолжазбалар қорында көне түркі, шағатай, жазуларында, сондай-ақ араб, парсы, латын әрпінде хатқа түскен біршама қолжазбалар сақтаулы. Олар – әртүрлі жыршы-жыраудың айтуынан әр кезде айтылып, жазылып қалған мұралар.

Осы нұсқалардың ішінде көркем үлгілерінің бірі және баспа арқылы ел арасына кең тарағаны – Кенжеғұлұлы Нұртуғанның айтуынан жазылып алынған «Орақ-Мамай» нұсқасы (ОҒК. 673-бума). Жырдың көлемі он мың жолға жуық. Жинаушысы белгісіз. Қорға 1928 жылы түскен.

Нұртуған нұсқасының сюжеті мен көркемдік ерекшеліктері В.М.Жирмунский, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, А.Тұрғанбаев еңбектерінде сөз болады [10].

Жырдың кіріспесі шежірелік мәліметтер мен Мұса ханның дүниеден өтер алдындағы өсиетінен басталады. Ал жырдың композициясы бір-біріне жалғасып, оқиғалары кезектесіп дамып отырады. Олар: Мамайдың хан болуы; Орақтың айқайынан қатты қыс болып, мал жұтап, елінің батырларды жұтқа тастап Қарақұмға көшуі; Матрөшке қара құлдың асқақтап батырларға сәлем жолдауы; Орақтың Матрөшке құлдың сөзіне ашуланып, жолға шығуы; Орақтың Азау қаласына аттануы; қалмақ ханы Қазанбасты жекпе-жекте жеңуі; елге оралуы; Смайыл-Топаяқтың жер астына түсіп, онда пері оқуын оқып келуі; Смайылдың Орақ, Мамай, Телағыс, Күнкені араздастыруы; Телағыстың Алшағырды өлтіруі; Орақ, Мамай және қалған Мұса балалары бірігіп орыстың Омскі мен Донскі қалаларын шабуы; Орақ пен Мамайдың Босқақтың құмында бөлініп қалған тама елін Еділге көшіріп әкелуі; Орақ, Мамай бас болып, қалмақтың Қатты ханымен шайқасып, жеңіске жетуі; Смайыл-Топаяқтың азғыруымен Мамайдың Қырымға баруы; Қырым ханы болып тұрған жиендері Балван Сұлтан мен Батыр ханды өлтіруі; Мамайдың антқа ұшырап өлуі; Мамай өлген соң, Орақтың екі жыл хан болуы; Орақтың өз інісі Алшағырдың баласы Қалаудың қолынан өлуі; Смайылдың хан болуы т.б. эпизодтардан құралған.

Осылардың бәрі жырда әрі қызықты оқиғаларға өзек болған. Эпоста бас қаһармандардың ерлік істері әсерлі де шебер суреттелген.

Аталған жыр кейіпкерлерінің өн-бойында және бірқатар эпизодтарда қиял-ғажайып ертегілерге тән іс-әрекеттер де бар. Мұндағы батырлардың атса оқ, шапса қылыш өтпеуі, суға салса, батпауы т.с.с көріністер – ертегілік мотивтерге жатады.

Сол сияқты «Орақ – Мамай» жырының сюжеттік құрылымында өте көне – «батырды өз қылышымен шауып өлтіру» мотиві де ұшырайды. Мұндай сарын көптеген эпостық жырларда кездеседі. Мысалы: «Қорқыт ата кітабында» жалғыз көзді дәуді өз қылышымен шауып өлтіреді. «Бозжігітте» оның басын өз қылышы ғана кеседі. Наурызбай батыр жайлы тарихи жырлардың бірінде де Наурызбайды өз қылышымен шауып өлтіреді. Мұндай мотив «Ер Көкше» жырында да бар.

Жырдағы ерекше көріністің бірі – «Орақтың батырлық айқайы». Бұл эпизод Нұртуған нұсқасында қара сөзбен былай суреттеледі: Орақтың аңға шығып, ерігіп айқайлауынан «кереге бойы қар жауып, кере қарыс мұз тоңып, қыс түсіп, ел жұттайды». Жұтаған жұрт Орақ пен Мамайдан бөлініп, көшіп кетеді. Мұндай «батырлық айқай» мотивін алтайлықтардың эпосы «Маадай Қарадан», қалмақ эпосы «Жәңгірден», тува халқының аңызы «Бокту-Кириш пен Бора Шәлиден» кездестіруге болады.

Аталған жырда бұдан басқа да әлем халықтарының фольклорлық туындыларында жиі ұшырасатын түс жору, жоқтау т.б. дәстүрлі сарындар көрініс тапқан.

Нұртуған жырлаған «Орақ – Мамай» жырының нұсқасы – эпикалық қуаты мол, көркем тілмен өрілген, сүбелі туынды. Мәтінде біраз араб, парсы, татар сөздері кездеседі.

«Орақ-Мамай» жырының Нұртуған жырлаған нұсқасының үзіндісі 1992 әдебиетші-журналист Ә.Оспанов құрастырған акын шығармаларының жинағында жарияланды [11]. Толық нұсқасы 2006 жылы «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 40-томында жарық көрді.

«Орақ-Мамай» жырының А.В.Васильев жинаған нұсқасы 1936 жылы ОҒК-нің қорына ( 343, 128 д.) түскен. Нұсқаның көлемі 1133 өлең жолынан тұрады. Қолжазбаның аталуы – «Нұрадин» және «Орақ-Мамай». Нұсқада Орақтың жауға жеке аттанатын жорығы ғана суреттелген. А.В.Васильев мәтінді кімнен алғанын, қай жерде жазылғаны туралы мәлімет келтірмейді.



Рухани құндылықтарды халық арасынан жинауда зор үлес қосқан зерттеушінің бірі Бозтай Жақыпбаев болды. Б.Жақыпбаев (1887-1970) – әдебиеттанушы, жазушы. Қазақ ССР ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтында ғылыми қызметкер болып жұмыс істеген (1938-1950). Бозтай отызыншы жылдардан бастап 1937 жылғы «Жетісу», 1946 жылғы «Ақмола-Көкшетау», 1950 жылғы «Көкшетау» экспедицияларының құрамында Қазақстанның көп жерлерін аралап, олжалы оралған. Жетісу жерінде Көдек, Мейірман, Тоқсанбай, Албан, Асан т.б. ақындардың шығармаларын алғаш рет жазып алып, аталған институттың қорына тапсырған. Сол қолжазбалар арасында Бозтайдың 1940 жылы жазып алған «Орақ-Мамай» жыры да кездеседі. Түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазба қорында (3-бума) сақтаулы.

Бозтай текстология мәселесіне де араласып, Абай шығармашылығына байланысты құнды зерттеулер жазды [12].

Бұл нұсқада Орақ өлгеннен кейінгі Мамайдың жорығы мен Орақтың баласы Қарасайдың ерлігі баяндалады. Қалмақ ханы Темірхан «Штатыма кірсін, үш жылғы есепті берсін» деген хабар жібереді. Сексен төрт жастағы Мамай батыр жауға жалғыз аттанып ұрыс салады.

Мазмұны Қазан басылымы, Сағынғали Еркінов, Еркін Хасенов нұсқалармен бірдей. Мәтін еш жерде жарияланбаған. Түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (843 бума, 7-дәп.) сақтаулы.

«Орақ-Мамай» жырының бір нұсқасын Әміреш Жұмағазин 1941 жылы Ақтөбе қаласында жазып алған. Өкінішке орай, Әміреш жырды кімнен, қалай жазып алғаны туралы дерек келтірмеген.

Жұмағазин Әміреш – 1930 жылдан бастап халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, қағазға түсіріп, Тіл және әдебиет институтының қолжазба қорына тапсырушылардың бірі. Ақтөбе қаласында туып-өскен. Әміреш өзі жинаған қолжазбаларды 1941 жылы қорға өткізген. Ол тапсырған қолжазбалардың (ӘӨИ. 949-бума) ішінде «Көрұғлы», «Орақ-Мамай» тағы да басқа тарихи жырлар мен басқа да фольклорлық үлгілер көптеп кездеседі.

Әміреш нұсқасы негізінен қара сөзбен баяндалған. Кейбір тұстарында үзінді күйінде айтылатын өлең жолдарының жалпы саны – 357 жол. Жырдың сюжетінде көне эпостың элементтері жиі кездеседі. Мұнда Нұртуған нұсқасы секілді батырдың бес жорығы түгел суреттеледі. Мәтін еш жерде жарияланбаған.

Батырлық жырды көп білген және орындаған ақын-жыраудың бірі

– Айса Байтабынов. Оның репертуарында «Қобыланды» «Ер Сайын», «Көрұғлы», «Орақ-Мамай», «Әуез батыр» т.б. батырлық эпостар болған. Соның ішінде «Орақ-Мамай» жырын 1941 жылы Айсаның қызы Қымбат әкесінің орындауында хатқа түсіріп, сол жылы ОҒК-нің қолжазбалар қорына (843-бума) тапсырған.

Жырдың көлемі – 1300 жол. Нұсқаның алғашқы бөлімінде Мамайдың Темірханға жасаған жорығы және оны тұтқыннан Қарасайдың құтқаруы баяндалады. Жырдың бұл тұсы Қазан нұсқасына ұқсас. Екінші бөлімінде Мамайдың хан, сұлтанға баруы және анттан өлуі жырланады. Мәтін басылым көрмеген.

Қазақ фольклорын, соның ішінде батырлық жырларға көңіл бөліп жинаушының қатарында Фатима Ғабитованы (1903-1968) да атап өткен жөн. Ол – І.Жансүгіровтың әйелі, әдеби мұраларды жинаушы. Қазіргі Алматы облысының Қапал ауылында туған Фатима қазақ мектептерінде ұстаздық қызмет атқарған. Сонымен қатар ол қазақ ауыз әдебиетінің жанашыры ретінде 20-жылдан бастап атақты І.Жансүгіровпен бірге ауыз әдебиеті үлгілерін жинауға араласқан. Әсіресе, Ә.Диваев еңбектерін сақтап, кейінге жеткізуде Ф.Ғабитованың сіңірген еңбегі аса зор.

Фатима ауыз әдебиеті үлгілерін жинап жүріп, ел арасынан шамамен 1930 жылдардың соңында жазылған «Орақ пен Тоғай» жырын тауып, 1941 жылы ОҒК-нің қолжазбалар (843-бума) қорына тапсырады.

Жырдың сюжеті Орақ, Тоғай батырлардың қалмақ ханы Көкшеге қарсы аттануы, Орақтың тұтқынға түсуі және оның жеті жылдан соң қапастан шығып, екі батыр бірігіп, жаудан кегін қайтару оқиғаларына құрылған. Жыр көлемі – 464 жол. Мәтін еш жерде жарияланбаған.

«Орақ-Мамай» жыры нұсқалары ішінде ғылыми қауымға, да қалың жұртшылыққа да танысы – Мұрын жырау нұсқасы. Көлемі – 730 жол. Нұсқада Орақ, Мамайдың қалмақтың ханы Қозанның қолына тұтқынға түсуі және босанып шығып кегін қайтаруы, содан соң өзі ханға аттанып, оны жеңу оқиғалары баяндалады.

В.М.Жирмунский, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, Ш.Ыбыраев, А.Тұрғанбаев т.б. ғалымдар бұл нұсқаның мазмұнын жариялап, ғылыми айналымға енгізіп, өз пікірлерін білдірді.

Мәтінді Мұрын жырау 1942 жылы КСРО ҒА-ның Қазақстандағы филиалының Алматыға келіп, «Қырымның қырық батыры» атты жырды орындағанда М.Хақимжанова жазып алған.

Жыр мәтіні 1990 жылы «Батырлар жырының» 6-томында, 2005 жылы «Қырымның қырық батыры» жинағында және «Бабалар сөзі»

жүзтомдығының 50-томында жарияланды. Түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (673-бума.) сақтаулы.

Қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған әрі орындаған белгілі жинаушылардың бірі – Ғали Әбетов. Әбетов Ғали (1923-1976) Қазақ КСР ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істеген. Филология ғылымдарының кандидаты. Ол институттың Қазақстанның аймақтарына жіберілген іс-сапарда, фольклорлық экспедициялар құрамында болып, ел аузындағы халық мұраларын хатқа түсіріп, институт қорына тапсырған. Сол қолжазбалардың ішінде өзі орындаған «Орақ-Мамай» эпосының 1943 жылы хатқа түскен (843-бума.) нұсқасы да кездеседі.

Шығарма мазмұны Нұртуған жырлаған «Орақ-Мамай» жырымен бірдей болып келеді. Нұртуған нұсқасының мазмұны күрделі, түрлі эпизодтарға бай болып келсе, бұл нұсқаны соның қысқартылған түрі деп санауға болады. Мәтін еш жерде жарияланбаған.

Орталық ғылыми кітапхана қорында жинаушысы, жыршысы, жазылған, қорға түскен уақыты белгісіз «Орақ-Мамай» жырының бір нұсқасы (843-бума) сақтаулы.

Шығармада Орақ өлген соң қалмақтар «Орақ өлді, оларда біздің кегіміз бар, өз қоластымызға кіргізейік» деп кеңесіп, Мамайға елші жібереді, ол келісім бермейді. Мамай қасына ешкім ермеген соң, өзі жалғыз қалмаққа аттанады. Шайқаста шаршап ұйықтап кеткен Мамайды қалмақтар қолға түсіреді. Мұны естіген он үш жасар Қарасай Мамайды құтқаруы т.б. оқиғалар суреттеледі. Жыр көлемі өте шағын, еш жерде жарияланбаған.

Әдебиетші Малабаев Рахметжан да халықтың мәдени мұраларын көптеп жинаған зерттеуші-жинаушының бірі.

Малабаев Рахметжан (1884-1960) – Орал облысы, Бөрлі ауданында туып-өскен. 1910 жылдары Орынбордағы мұғалімдер мектебін бітірген. 1940-50 жылдары Қазақ КСР ҒА-ның Тіл және әдебиет институтында ғылыми қызметкер болып істейді. Р.Малабаев ғылыми, көркем шығармалар (мақалалар, пьесалар) жазумен қатар қазақша, орысша аудармалар жасап, соңында қомақты мұра қалдырған.

Ол Тіл және әдебиет институты ұйымдастырған фольклорлық мұралар жинау экспедициясының біразына қатысып, көптеген қолжазбалар жинаған. Солардың бірі – 1947 жылы Батыс Қазақстан аймағы, Сабындыкөл колхозында туып-өскен, руы – қуандық, Хасенов

Еркіннен жазып алған «Мамай мен Қарасай» жыры. Жинаушының айтуына қарағанда, Еркін жырды кітаптан оқып үйренген.

Бұл нұсқада Орақ өлгеннен кейінгі Мамайдың жеке жорығы баяндалады. Сексен төрт жастағы Мамай батыр жаудан қорқып, өзін тастай көшкен ноғайлыға ашуланып, қалмаққа жалғыз аттанады. Қалмақтар Қиғаш тауында ұйықтап жатқан батырдың қару-жарағын, атын ұрлап алса да, ояңған соң ұрыс салып, бір өзі мыңдаған жауды қырады. Қалжыраған батырды қалмақтар ұстап алып, зынданға тастайды. Сонда жебеуші пірлерінің көмегімен ерекше қасиетке ие болады. Мамайдың әйелі түс көріп, күйеуінің басына қауіп-қатердің түскенін сезеді. Шешесі Қараулек он төрт жасар Қарасайды қалмаққа аттандырады, ол жауды қырып, ағасы Мамайды құтқарады.

Еркін нұсқасы көркем, шұрайлы тілмен жырланған. Мазмұны 1903 жылы Қазанда басылып шыққан «Орақ-Мамай» жырымен бірдей. Оған қарағанда, жыршының Қазан басылымын жетік білгені және оны өзіндік стильмен түрлендіре жырлағаны аңғарылады. Мәтін еш жерде жарияланбаған, қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (839-бума, 4-дәп.) сақтаулы.

«Батыр Мамай – Қанды Орақ» эпосын Атаубай Мәмбетұлының айтуынан 1980 жылдардың аяғында Қарақалпақстандағы Қоңырат қаласының тұрғыны Көрпеев Айтмұрат жазып алған.

Мәмбетұлы Атаубай (1932-1973) – ақын, жыршы. Қарақалпақстан АССР-і Қоңырат қаласында туып-өскен. Жас кезінен-ақ өлеңге, жалпы өнерге үйір болған. Атаубай Қоңырат қаласындағы қазақ орта мектебінде оқыған белгілі ақын Төлеген Айбергеновпен сыныптас болған. Ол 1952 жылы Нөкіс қаласындағы педагогика институтының қазақ тілі мен әдебиеті факультетіне түсіп, оны үздік бітіреді. Институтты тамамдаған соң, Қоңырат қаласындағы өзі оқыған М.Горький атындағы орта мектепте мұғалім болып, кейін кәсіподақ ұйымында қызмет істеген.

Сол сияқты Атаубай – көптеген терме жырлардың авторы. Оның термелері: «Жаралғалы бұл дүние», «Қалам алып хат жаздым, «Досыңнан жазатайым сөз естісең» т.б. Атаубай сөзін де, әнін де өзі шығарған шығармалары: «Шынар-ай», «Көкшетау», «Іңгар-ау!», «Дейді екендер, дейді екен» және мұнан басқа бірнеше көлемді жыр үлгілерін де жазған.

Атаубай жырлаған «Орақ – Мамай» нұсқасы туралы біраз ой-пікірлер академик Р.Бердібаевтың еңбегінде ұшырайды [13].

Жырдың баспа бетіндегі аталуы «Батыр Мамай – қанды Орақ» болғанымен жыр оқиғасы Қарасай мен Қазидың Орақтың өлер алдында айтып кеткен армандарын іске асыру жолындағы ерліктерін сөз етеді.

Орақ батырдың өлер шағында әйеліне айтып кеткен үш арманы мынау: Ол бауыры Мамайдың қанша қызықты дәурен сүрсе де, сүйсініп күлгенін бір көрмепті. Алдына жылқы баласын салмайтын Қызыл ат деген дүлдүлді қолға түсіре алмай, атына бір мінбей кетіпті. Қиғаш тауындағы ата жауы «қызылбасты» бағындыра алмапты...

Қарасай әке арманын орындауды атақты жүйрікті іздеуден бастайды. Жыр Қарасай мен Қазидың әкесінің үш арманын орындауымен аяқталады. Эпоста батырлар бейнесі ерекше сомдалады, жыршы қаһармандарына небір ғажайып ерлік жасатады. Қарасай мен Қазидың сансыз жауды жеңген халық батыры ретінде дәріптеледі. Түркі – монғол халықтарында ерекше мәнге ие «ата аманатын орындау» мотивіне де жырда кең орын берілген.

Атаубай Мәмбетұлы жырлаған «Батыр Мамай – қанды Орақ» жырының тілі көркем, стилі жатық. Мәтінде басқа тілдік қоспалар аз.

Атаубай Мәмбетұлы нұсқасы «Орақ-Мамай» жырының аталған варианттары алғаш рет 1992 жылы «Қазақтың батырлық эпосы» атты жинақта [14, 53-98] «Қарасай-Қазидың» деген атпен жарық көрген. Аталған жыр мәтіні одан кейін 2006 жылы шыққан «Қазақтың ерлік эпостары» деген жинақта [15, 25-137] «Батыр Мамай – Қанды Орақ» деген атаумен ешбір өзгеріссіз және сол жылы жарық көрген «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 40-томында текстологиялық тұрғыда талданып жарияланды.

Профессор Қ.Саттаров басқарған 1990 жылғы «Амудария құйылысындағы қазақтардың» ауыз әдебиетін жинау экспедициясы 21 маусымда Қарақалпақстан АССР-і, Шоманай ауданы, Гагарин совхозының тұрғыны Оңғарбаев Орынбасар жыраудың айтуынан «Орақ-Мамай» жырының тағы бір нұсқасын жазып алады.

Орынбасар нұсқасында «Орақ – Мамай» жырының Қазан басылымының сюжеті, яғни Орақ өлгеннен соңғы Мамайдың жеке жорығы, басқа да көптеген нұсқаларда кездесетін Орақ батырдың Қазан патшамен шайқасын суреттейтін эпизод және Қарасай мен Қазидың әке аманатын орындайтын сюжеті көрініс тапқан. Соған қарағанда, жыршы «Орақ – Мамай» эпосының бірнеше сюжетін жадында сақтай отырып, өзіндік стильмен көркемдей, жаңғырта жырлағаны аңғарылады.

Орынбасар нұсқасының тілі қарапайым оқиғасы қызықты болып келеді. Мәтінде араб, парсы сөздері барынша аз кездеседі. Орынбасар

нұсқасы алғаш рет 2006 жылы «Бабалар сөзі» жұзтомдығының 40-томында жарияланды

Жалпы «Орақ – Мамай» эпосы нұсқаларының бәріне ортақ сюжеттік желілермен қатар, кейбір өзгешеліктері де бар. Негізінен алғанда жырдың қаһармандық, ерлікті суреттейтін бағыты барлық нұсқаларда сақталған деуге болады.

«Орақ – Мамай» жырының барлық нұсқаларына ортақ мотивтерді төмендегідей жіктеуге болады:

1. Шежірелік мәліметтер; 2. Орақ батырдың жеке жорығы; 3. Орақ пен Мамайдың бірігіп жауға аттануы; 4. Батырлардың жау қолына тұтқынға түсуі; 5. Едіге тұқымы, Мұса балалары арасындағы күрес; 6. Орақтың өлімі; 7. Орақ өлгеннен соңғы Мамайдың жорығы; 8. Мамайдың анттан өлуі т.с.с.

Осы аталған сарындар Нұртуған, Жұмағазин нұсқаларында түгел кездесе, көптеген нұсқаларда (Қазан басылымы, Айса Байтабынов, А.Васильев, О.Оңғарбайұлы, А.Мәмбетұлы т.б.) жекелеген мотивтер ғана жырланады.

Аталған жыр нұсқаларында батырлардың жекпе-жек ұрыстарына мол орын берілген. Тек Орақ, Мамай, Қарасай, Қазі ерліктері ғана емес, сонымен қатар жау жағының күші, әйгілі батырлары толық таныстырылады. Олардың жеңіске деген жігері, мақсаттарына сенімділігі көрінеді. Ал, жау батырлары қанша мықты болғанымен де жеңіледі. Өйткені олар өзінің халқын қорғау үшін, әділ іс үшін күресіп жүрген жоқ. Олар басқа елдерді өздеріне бағындырып алу үшін күреседі. Сондықтан олар Орақ, Мамай, Қарасай, Қазі секілді батырлардан жеңіліп қалады. «Қазилердің сансыз жауды жапырып жіберуі де – бәрі де эпикалық идеал, әсерлеудің кәміл белгілері... Жыр – туған жер, ел намысы үшін күреске үндейді, тәрбиелік мәні зор мұра [13, 202].

Сонымен, жоғарыда аталған «Орақ – Мамай» жырының қай нұсқасын алсақ та, одан халықтың ерлік, батырлық тұлғасын көреміз. Жыршы ақындар Орақ – Мамайды ел-жұртын, халқын сүйген патриот ұл, шын батыр етіп жырлайды. Олардың ерлік істерін басқаларға үлгі етеді.

Алайда Кеңестік дәуірде жарияланған мәтіндердің қасақана қысқарту, редакциялық түзетулерге ұшырағаны бәрімізге мәлім. Сөзіміз дәлелді болу үшін жоғарыда аталған мәтіндердің ішінен Атаубай Мәмбетұлы жырлаған «Орақ – Мамай» жырының 1992, 2006 жылдары басылған мәтіндерін ӘӨИ-дің Қолжазба қорындағы

(894-бума) түпнұсқамен мәтіндік салыстыру жүргізейік. Салыстыру барысында аталған жинақтарда кейбір кемшіліктер кеткені анықталды. Дәлірек айтқанда, екі басылымда да біраз өлең жолдары түсіп қалған. Солардың біріне жырдың мына бір тұсын мысалға келтіруге болады. Қарасай атасының тапсырған екі арманын орындап, енді үшінші арманын қалайша бітірерін білмей қайғыланып жүргенде, анасы баласын көріп, не себептен азып жүргенін сұрайды. Осы тұста жырдың 622, 623, 624, 625 өлең жолдары, яғни Қарасайдың анасына беретін жауабы түсіп қалған. Сонда мәтін төмендегідей болып келеді:

Түпнұсқа:	1992, 2006 жылғы басылымдар:
– Қарасай, Қазі – балаңмын,	– Қарасай, Қазі – балаңмын,
Маған берсең жауапты.	Маған берсең жауапты.
Азып жүрген балаңды	Азып жүрген балаңды
Көріп тұрсың, анам-ай.	Көріп тұрсың, анам-ай.
Азғанымның себебін	.....
Мен айтайын саған-ай.	.....
Ақ сүт берген анам-ай,	.....
Қарап жүрсің маған-ай.	.....
Азғанымның себебі,	Азғанымның себебі,
Үш арманы бар екен...	Үш арманы бар екен...

Соңғы екі басылымдағы өлең жолдарының түсіп қалуы, біріншіден, өлең ұйқасын бұзған; екіншіден шумақтың ішкі логикалық бірлігі мен көркемдігі біртұтастығынан айырылған. Мұндай кемшіліктер басқа да нұсқаларда көрініс тапты.

Сондықтан «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 40-томына кірген мәтіндерге толық текстологиялық талдау жасалып, жырдың қорларда сақтаулы нұсқалары мен версиялары түгел қамтылып, оқырманға ұсынылды.

Қорыта айтқанда, мақалада «Орақ-Мамай» жырының он бес нұсқасының жиналу, жариялану тарихы жазылып, жыршылар, жеткізушілер мен жинаушылар туралы мәліметтер, сюжеттік, типологиялық ерекшеліктері барынша зерттеліп, оқиғалар желісіндегі өзгешеліктері, түпнұсқа мен басылым арасындағы айырмашылықтар айғақты мысалдар келтіру арқылы дәлелденді.

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бабалар сөзі. 40 том. – Астана, Фолиант, 2006.
2. Тұрғанбаев А. Қазақтың қаһармандық жыры. «Орақ-Мамай». Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 1997.
3. Марғұлан Ә.Х. Ш.Уәлихановтың өмірі мен қызметі//Ш.Уәлиханов. Таңдамалы. – Алматы, 1985.
4. Валиханов Ч.Ч. Собр. Соч. Т.1.- Алма-Ата, 1961.
5. Орақ билән Мамай хикаясы. – Қазан: Каримовтер баспаханасы, 1903.
6. Ғ.Қараш. Көкселдір. – Орынбор, 1912.
7. Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Ташкент, 1925.
8. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті. 8-кл. – Алматы, 1943.
9. Қарасай-Қази. – Алматы, 1943.
10. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. – Алматы, 1974; Әуезов М. Шығармалар жинағы. 17-том. – Алматы, 1985; Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті. 8-кл. – Алматы, 1943; Тұрғанбаев А. Қазақтың қаһармандық жыры «Орақ – Мамай». Фил. ғылым. канд. дәрежесін алу үшін дайындалған диссер. – Алматы, 1997.
11. Н.Кенжеғұлұлы. Кәнеки, тілім, сөйлеші. 1-кітап. – Алматы, 1992.
12. Қолжазба мұралар: Жиналу, жариялану тарихы. – Алматы, 2014.
13. Бердібаев Р. Эпос – ел қазынасы. – Алматы, 1995.
14. Қарасай – Қази. Қазақтың батырлық эпосы. – Алматы, 1992.





## ҚАРАСАЙ, ҚАЗИ

Халық арасында «Қырымның қырық батыры» жырлар циклының қатарында таралып, кейін жыршылардың қызығуынан түрлі нұсқалары мен версиялары туындап, жеке туындыға айналған «Қарасай – Қази» жырында Ноғай Ордасының құрамындағы рулардың ынтымақ-бірлігін сақтау арқылы мемлекеттің іргесін нығайту, сыртқы жауларға ымырасыз болып, олардан әрқашан үстем болу, елге бақуатты жағдай жасап, тәуелсіздікті баянды ету мәселесі жырланады. Осы жолда Едіге бидің кейінгі ұрпақтары Қарасай мен Қази жауға бастарын тігіп, жандарын пидә етеді. Ауыр кезеңдерде Еділ, Қырым хандары Әділ мен Жасарал (кей нұсқаларда – Жаседіл) ағайынды батырлардың қасынан табылып, көмек қолын созады. Сөйтіп, бүкіл ноғайлы жұртының тұтастығын, бір-бірінің арасындағы татулықты, адал достықты ту етіп көтеріп, қандай қиындық болмасын қолдан түсірмеуге тырысады.

Жырдың бас кейіпкерлері – XVI ғасырда өмір сүрген Мұса бидің немересі Алшағырұлы Орақ батырдың ұлдары.

«Қарасай, Қази» жырында Ноғай Ордасы мен Қырым хандығының тарихында XVI ғасырда орын алған тарихи оқиғалар жыршылардың көркемдік көзқарастарының елегінен өткізіле отырып бейнеленген. XVI ғасырдың орта шенінде Кіші Ноғай Ордасының негізін қалап, сол орданы өмірінің ақырғы сәттеріне, яғни, 1576 жылға дейін билеген Қази бидің тұсында және ол өмірден өткеннен кейін болған оқиғалар жырда эпикалық жинақтау тәсілі арқылы суреттелген. Оған жырда бейнеленген әскери қақтығыстардың Астрахан маңындағы Қиғаш тауында, Дербент қаласында болуы және жыр нұсқаларының көпшілігінде Әділдің тұтқынға түсуіне байланысты оқиғалар кең эпикалық құлашпен жырлануы айғақ болады.

Жырда сөз болатын Дербент қаласы Әзербайжанға тиесілі қала екені, ал ол ел ұзақ уақыт бойы Иран мемлекетінің ықпалында болғаны туралы тарихи деректер көптеп кездеседі [1, 399-400].

«Қарасай, Қази» жырының Мұрын жырау орындаған нұсқасы бізге екі қолжазба күйінде жеткен. Оның екеуін де Бозтай Жақыпбаев жазып алған. 1939 жылғы Маңғыстау экспедициясы барысында қағазға түсірілген.

«Қарасай-Қази» туындысы көбіне «Қырымның қырық батыры» жырлар циклының құрамында зерттеліп, әр кезеңдерде М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, С.Сейфуллин, Ә.Марғұлан, Е.Ысмайылов, Ә.Қоңыратбаев, Ы.Дүйсенбаев, Р.Бердібаев, М.Мағауин, С.Садырбаев сынды ғалымдар өзіндік ой-пікірлерін білдірді. Ел тәуелсіздігін алған кезден бастап қорларда ұзақ жылдар жатып қалған, қолдан түзетіліп, жөнделген қаһармандық эпостардың екінші өмірі басталды. Жырдың барлық нұсқаларымен танысуға мүмкіндіктер туып, Қ.Сыдықов, Ш.Ыбыраев, Ж.Тілепов, С.Сәкенов сияқты ғалымдар зерттеу еңбектерінде туындының бұрын айтылмаған жаңа қырларына ден қойып, тың қорытындылар жасады. Фольклортанушы Д.Есенжанова «Қазақтың қаһармандық жыры – «Қарасай, Қази» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, кейін соның негізінде монографиялық еңбек жазды [2].

Қарасай мен Қази басты кейіпкерлердің қатарында бейнеленетін «Әділ сұлтан» жырын академик В.Радлов жазып алып, 1896 жылы «Образцы народной литературы северных тюркских племен. Ч.7. Наречия Крымского полуострова» жинағында жариялаған. Бірақ бұл тұлғаларға байланысты жыр нұсқаларының хатқа түсу тарихы ХІХ ғасырдың бас кезінен бастау алатындығын Санкт-Петербург университетінің сирек қорындағы «Әділ сұлтан» жырының бір үлгісін, В.Радлов, Ғ.Қараш (Әділ сұлтан. Қазан, 1910), Ә.Мүтәліп ұлы (1924) нұсқаларын, Г.Ананьев жазып алған (1895) «Қырымлы Әділ сұлтан» аңызын және қазақтың «Қарасай, Қази» жырының тағы бір нұсқасын салыстыра зерттеген тарихшы А.Исин алғашқы түпнұсқаға қатысты: «Бізге жеткен жинақтағы шығармалардың соңғы көшіріліп жазылған уақыты – ХІХ ғасырдың алғашқы ширегі деп есептеуге келеді», – дей келіп [3, 12], «Әділ сұлтан» жыры ноғайда да, қазақта да ХVІІ ғасырдан жырлана бастаса керек. Қазақта «Әділ сұлтан» әңгімесі бергін келе ХІХ-ХХ ғасырларда көбінесе «Қарасай, Қази» жырымен қабыса дамыды» [3, 69], – деген тұжырымға келеді.

Профессор Х.Досмұхаммедұлы Мұрат ақын шығармашылығының бас-аяғы бүтін жетпегендігіне былайша өкініш білдіреді: «Орақ, Мамай, Қарасай, Қази, Асан қайғы, Қазтуған секілді өткен адамдар туралы Мұрат көп өлеңдер шығарған. «Қарасай, Қази» туралы Мұрат екі күндей айтатын еді», – деп ақсақалдардан естігенім бар. Мұрат сөздерінің көбі осы күнде жойылған. Біздің басып отырған «Қарасай, Қазиымыз» ұзақ сөзден қалған бір жұрнақ қана» [4, 103].

Кеңес кезеңінде белгілі ақын-жыраулар Мұрын Сеңгірбайұлы мен Нұрпейіс Байғаниннің аузынан жазып алған нұсқалардан бөлек

И.Ұйықбаев, Б.Ысқақов, К.Сейдеханов, Қ.Саттаров, Ә.Оспанов, Б.Жақыпбаев, А.Тұрғанбаев, Ш.Кәрібаев, А.Байтабынов, Т.Кенжалин, Ж.Сапаров, Қ.Алпанов, Қ.Сыдықов, Ш.Керімов және Т.Ғайтов, Ә.Алманов, Х.Иманғалиев, Ж.Төренизов, Ғ.Жұбаназарұлы, А.Көрпеев, М.Айтжанова, З.Мамадәлиева сияқты жинаушылар Қазақстанның әр өңірінен жазып алып, Орталық ғылыми кітапхана мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының сирек қорларына тапсырған. Төменде аталған жинаушылар өткізген қолжазбалардың ғылыми сипаты толық көрсетілген.

Қарасай, Қазі. (ӘӨИ, 342-бума) 1960 жылғы Қарақалпақ экспедициясының материалдарын (Ауыз әдебиетінің үлгілері) кезінде ел арасынан жинап, Тіл және әдебиет институтының қолжазбалар қорына тапсырғандар: Дауылбаев Ж., Кәрібаев Ж., Есжанов Күнтуған, Рахманқұлов Н., Құлпыбаев Е. Мұқабасы қоңыр, ұзын жол дәптерге араб әрпімен жазылған (123-125 бб.). Сақталу сапасы жақсы.

Қарасай, Қазі. ОҒК-ның сирек қорында (363-бума, 1-дәптер) сақталған. Туындының тапсырушысы – Күнтуғанов Темірғали. Жырды алғаш рет 1947 жылдың 3 ақпанында жазып алған адам – Тайыр Құлтелеұлы. Бұл жинаушылар жайында басқа мәлімет табылмады. Жырлаушысы белгісіз. Шығарманың бірінші беті толық қара сөзбен баяндалған да келесі беттерден бастап шумақтар екі қатардан орналасқан.

Жырдың қысқаша мазмұны мынадай:

«Бұрынғы өткен заманда, ноғайлы елінде Аушыбай деген пір өмір сүріпті. Аң аулап жүріп, үш аққуды кезіктіреді. Атайын десе, үш аққу үш қызға айналып кетеді. Аушыбай ұстап алғанда, қыздар шарт қояды: «Біріншісі, түнде далаға шыққанымды көрме; екіншісі, от жаққанымды көрме; үшіншісі, бас жуғанымды көрме». Аушыбай кейін осы шарттарды бұзғандықтан су перінің қызы кететінін айтып, ішінде баласы барлығын, қалмақ жеріндегі бір бәйтеректің басына туып, тастап кететінін айтады. Сол баланың атын Едіге деп қояды. Аушыбайдан тарқаған ұрпақтар шетінен батыр болып, ел басқарады. Орақ өлерінде әйеліне үш арманын айтады: біріншісі, туысы Мамайдың баласы жоқтығынан күлмейді; екіншісі, Ер Көкшенің қызыл атын міне алмай бара жатқандығы; үшіншісі, Қиғаш тауындағы қызылбасты бағындыра алмай қалғандығы. Қарасай, Қазі, Әділ хан, Ахмет секілді батырлар қырық мың қолмен қызылбас елін жаулап алу үшін аттанады. Барар жол бір аяқты тар жол болғандықтан, бүкіл әскерді үшке бөледі. Он төрт мыңын Қарасай, Қазі, он төрт мыңын Әділ хан, он үш мыңын Ахмет басқарады. Қарасай, Қазі Қабан қаласын

басып алады. Әділ әскерін тар жолда жаулар жеңіп, Әділдің өзін ұстап алады. Оны әбден жәбірлейді. Әділ уақытында келмеген соң құлдары анасы мен қарындасын басына бастайды. Қатты қиналған Әділ Жаратқан иесіне, пірлеріне жалбарынады. Әділдің қысылғанын сезген пірі қара құс болып ұшып, қасына қонады. Әділ тісіменен хат жазып, еліне жібереді. Қаракұс анасы мен қарындасына хатты жеткізеді. Қарындасы Илия хатты Қарасай, Қазига апарды. Олар жауға қайта аттанады. «Атамыздың үшінші арманын осы жолы орындайық» дейді. Қызылбастар екі батырдың келетінін біліп, қорғандарын мықтылап алыпты. Қарасай, Қазиге келе сала жауды қыра бастайды. Дербант қаласын басып алады, бірақ Әділді таба алмайды. Қысылғанда пірі әйел кейпінде келіп, зынданға алып барады. Әділ Қарасайға шерін айтады. Үшеуі қызылбас елін жеңіп, қолға түскен әскерлерін босатып алады. Жауын мұсылман дініне кіргізіп, еліне аман-есен оралып, бақытты өмір сүреді».

Қолжазба сары қағазға қара сиямен, араб әліпбиінде әдемі жазылып, реттік сандармен беттелген. Мұқабасы ақ қағазбен тысталып, түбінен тігілген. Сақталуы жақсы. Жырдың жалпы көлемі – 27 бет, 14 парақ.

Қарасай, Қазиге. ОҒК-ның қолжазба қорында (363 бума, 2-дәптер) сақталған. 1941 жылы Арал ауданы маңынан жинап алып тапсырған Хангельдин Асайын.

Жырдың қысқаша мазмұны мынадай: «Он екі баулы ноғайда Орақ атты ерден Қарасай, Қазиге есімді қос жетім қалады. Әкесінің туысы Мамай хан да қайтыс болып, күнкөрістері нашарлап кетеді. Таққа Шынтемір шалды отырғызғанда Смайыл мен Тобаяқ өздерін хандыққа сайламағандары үшін өкпелеп, теріс қарап кетеді. Қалмақтың ханы Темірхан ноғайлы еліне «біздің айтқанымызға көнсін, көнбесе, соғысуға келсін» деп жаушы жібереді. Смайыл ел арасына іріткі салып, Қарасайға қарасты ел мен жұртты тастап кетіп қалады. Қарасай мен Қазиге Көкеман атты қалмақ батырын жеңіп, бөлініп кеткен елін қосып алады. Ханның әйелі екіқабат болып, айдаһардың жүрегіне жерік болады. Ханның өтінішімен Қарасай жерік асын тауып әкеп береді. Әйелінің жерігі қанып, бір ұл, бір қыз туады. Баланың атын Әділ, қыздың атын Илия қояды. Әкесінің тағына Әділді отырғызады. Қалмақтың ханы Темірхан хат жазып, ноғай елін соғысқа шақырады. Ноғайдың белді-белді батырлары жиналып, жолға шығады. Соғысып жүргенде, Әділ, Қарасайлар жаудың қолында қалды деген хабар келіп, мұны естіген құлдар басына бастайды. Олар елден қашып шығады. Соғыста Әділ хан жау қолына түсіп, оны әбден қинайды. Пірлер мен бабалары қолдап, тірі қалады. Батырдың әруағы құс болып

ұшып, хатын Илияға апарып береді. Қарасай мен Қазі Әділдің қамалып жатқан торын талқандап, үшеулеп қалмақ елін жеңіп, кегін алады. Әділ қарындасын Қарасайға қосады. Өзі хандығын құрып, мақсат-мұратына жетеді.

Қолжазба жартылай ескі ұзын жол, жұқалау мектеп дәптеріне, жартылай ескі ұзын жол дәптердің қатты түріне жазылған. Жазуы нашар, оқылуы қиын. Жұқалау бөлігіне қара сиямен жазылған мәтіннің жазуы өшіп барады. Қаттылау қағазға жазылған бөлігі көк сиямен жазылған. Екі бөліктің жазу стилі екі бөлек. Дәптердің шеті мүжілген, қара дақтар түскен. Ішкі беттерінде де дақтар бар. «Толық емес» деген жазу жазылған. Қолжазбаның кей беттері бөлек жүр. Мұқабасын сарғыш ақ қағазға желімделген. Реттік санмен беттелген. Көлемі – 60 бет. Қолжазба тозып тұр.

Қарасай, Қазі (*Айса Байтабынов нұсқасы*). Жырды 1940 жылы жаздырып жіберген Байтабынов Айса (1875-1955). Ол – Ақтөбе облысы, Қобда ауданының тумасы. Ақындық өнерді жас кезінде Бітеген, Нұрпейіс жыраулардан үйренген. «Қобыланды», Ер Сайын», «Көрұғлы», «Әуез батыр», «Телағыс» жырларын жатқа білген. Айсадан жазылып алынған осы шығармалар ОҒК-ның қолжазба қорында, ал «Қарасай, Қазі» жыры аталмыш қордың 363 бума, 3-дәптерінде сақталған. Дәптердің мұқабасының ішкі жағына латын әрпімен «Ақтөбе облысы Қобдинский р-он, Өтешсайский ауылисполком, к/з Өтешсай» деген сөздер көк сиямен жазылған.

Жырдың қысқаша мазмұны мынадай:

«Орақ, Мамай өлген соң Қарасай он бесте, Қазі он үште әкесінен қалып, қос жетімнің дұшпаны көп болады. Сонда Қараүлектей ана екі баласын қолына алып, елін жинап, перзентсіз бай шал Шынтемірді Мамайдың орнына хан сайлайды. Шынтемір хан болған соң, Мамайдың тоқал шешесінен туған Смайыл мен Тобаяқ, Әли менен ер Сидак «мирасымды бермеді» деп өкпелеп елден кетеді. Сол тұста қалмақтың ханы Темір ханнан қырық кісі келеді. Соның ішінде сөзге шешен ханның Ханбегі деген адамы болады. Келе сала Шынтемірге сәлем беріп, былай дейді: «Орақ, Мамай өліп, хан болған екенсің. Жеті атамды өлтірген соның кегін алар күн туды. Орақ, Мамай тұсында бұрымдымызды күн, айдарлымызды күл етіп, еліміздің берекесін қашырып, басымызға лаң салып еді. Енді сол істегенін өзіне істеймін, бірақ Орақтың қызы Қымбатты ханымызға қатындыққа, Қарасай, Қазі қос жетімді құлдыққа, Қараүлек кемпірді күндікке берсең, еліңді шаппаймын, кеңшілік

беремін», – дейді. Шынтемір он бес күн ішінде жауабын айтпақшы болып, қалмақ адамдарын қайтарады. Елін жинап, ақыл сұрайды. Ел не дерін білмей дағдарады. Жағдайды Қарасайға айтқанда, ол бағынбайтынын, қол бастап соғысуға даяр екенін айтады. Осы кезде баяғы хандық үшін өкпелеп жүрген Тобаяқ пен Смайыл ортаға іріткі салып: «Жас баланың сөзіне сенбендер, босқа қырыламыз. Онан да бұларды тастап, көшіп кетелік» деп ақыл салыпты. Сол күні Қараүлек пен Қарасай, Қазі қос жетімді жұртқа тастап, көшіп кетеді. Таңертең тұрса, ел жоқ. Қараүлек Қарасайға «атаға тартып тумадың» деп, кейістік білдіреді. Қалмақ қолы келіп, Орақ, Мамайдың үйірлі жылқысын айдап жөнеледі. Әкесі мінген Тайқара ат бөлініп, кейін қашып, Орақ, Мамайдың моласының басына барып тоқтайды. Қарасай Тайқараға мініп, жау соңынан қуып жеткенде, қалмақтың Қараман атты батыры Орақ екен деп қатты сасады. Жылқыны жаудан айырып, қолындағы құрығымен болсада соғысқа кіріседі. Неше күндей соғысып, ақыры қалың қолдың қоршауында қалып қояды. Қараүлек түс көріп, Қазиды соңынан жібереді. Сөйтіп Орақтың қос ұрпағы жауын жапыра жеңіп, қалмақтың ақылды батыры Көкеманмен келісімге келіп, не десе де айтқанына көнуге мақұл болады. Бұлар Қараүлек кемпірдің ақылымен, он екі баулы ноғайлы Шынтемір ханды елімен қоса көшіріп әкеледі. Шынтемірге Көкеманды әкеп, жыл соңына дейін бір ұл, бір қыз беретін болып, екеуін ақыреттік дос қылып табыстырады. Қараүлек кемпір Орақ, Мамай моласының басында олардың ерлігін тізіп, жоқтау айтып, Құдайдан тілек тілейді. Жасы сексенге келген Шынтемір жиырмадағы жігіттей, әйелі Ақтолқын он бес жастағы кезінде болып қайта жасарады. Ақтолқын жүкті болып бір ұл, бір қыз туады. Қыздың атын Илия, ұлдың атын Әділ қойып, ұланасыр той жасайды. Әділ алты жасқа шыққан жылы Шынтемір хан қайтыс болады. Әділ он бес жасқа жеткенде хандық таққа отырады. Әділ әкесіне ас бермекші болып, ұланасыр той жасайды. Оған алыс-жақын барлығы шақырылады. Қырымның қырық батыры келеді. Мұны білген қалмақтың ханы Темірхан хат жібереді. «Қызылбастың елі мені шапқалы жатыр. Төс қағысқан дос едік» деп жаудан араша сұрапты. Бұл Темірханның өтірік айласы еді. Әділ хан бастаған қол Қызылбасқа аттанады. Болаттау деген тауға келгенде, сөзге келіспей, әскер үшке бөлінеді. Шаһарға жақындап, айнала қазылған ордан атпен секіріп өтіп кіріп жатады. Әділдің күрең атының өмілдірігі үзіліп, ордың ішінде қалады. Неше күн, неше түн соғыс болады. Батырлардың бірталайы жаралы болып, кері қайтады. Қарасай, Қазі Әділді іздейді. Қарасайдың жарасы ауыр болып, Қазі тышқанның

шөбімен емдеп жазады. Елге келіп, тынығып жатады. Қызылбастар Әділдің он саусағын қарымен кесіп алып, терімен, оның үстін темірмен торлап, арба сүйреткізіп қояды. Әділдің пірі қаракүс болып, елге хат апарады. Қарасай, Қазі қайта жорыққа аттанып, Әділді тауып, құрсаудан босатып алады. Қанжарбек деген қызылбастың ханын ұстап, Әділдің он саусағы мен екі қарын орнына келтірсе, дос болуға уәде етеді. Қанжарбек мыстан кемпірін алғызып, Әділді жазып береді. Үшеуі елге келеді. Қарасай Ақтолқын анасынан сүйінші сұрағанда, сүйіншіге Ілияны береді. Әділдің аман келгенін көріп, жылап көріседі. Сыпыра жырау басу айтып, жыр толғайды. Әділ хандық тағына отырып, мұратына жетеді».

Мәтін қара сиямен, латын әрпімен бір қатарға жазылған. Көлемі – 156 бет. Жазуы әдемі, түсінікті. Сақталуы жақсы. Реттік санмен белгіленген. Бір қалың және бір торкөз оқушы дәптері біріктіріліп тігіліп, қолжазба соған жазылған.

В.Н.Жирмунский «Қарасай-Қазі» эпосын зерттеу барысында: «Из старых записей «Қарасай-Қазі» самостоятельный интерес представляют варианты Айсы Байтабынова» дей келіп, оның ерекшелігіне ден қояды. «Қырымның қырық батыры» цикліне кіретін «Телағыс» жырының Айса айтқан нұсқасына да айрықша мән береді [5, 409-410].

Келесі «Қарасай, Қазі» жыры ОҒК-ның сирек қорында (363-бума, 4-дәптер) сақталған. Дәптердің ішкі мұқабасында «қысқаша» деп жазылған сөз бар. Жырды жинаған Құсниев Мұрат. Соңғы беттің сыртына «Мұрат жазған вариант» деп жазылған. Жырдың қысқаша мазмұнына тоқталайық:

«Орақты Алшы Смайыл Тобаяқ, Қарабатыр Тілекелер алмас қылышты есікке құрып қойып өлтіреді. Мұнан соң Қараүлектің, Орақтың әйелінің жоқтауы баяндалады. Орақтың жауы бар екен, Алшы Смайыл Тобаяқтар жауын жаулаймыз деп. Аттанады. Ол кезде Қарасай 17 жаста екен, мінетін аты болмай, үйде қалады. Қарасай қарындасы Қибақты Көкшенің Көкбұйра атына сатып, жауына аттанады. Артынан Қазі да барады. Бұлар барған соң қаптап келе жатқан қалмақты көріп, үрейленіп, Қарабатыр Тілеке, Смайылдар қашып кетеді. Бүкіл қалмақпен Қарасай-Қазі соғысады. Бұларға Тарғын батыр көмектеседі. Жауын жеңіп, Қарасай-Қазі еліне қайтады».

Машинкаға басылған өлең жолдары бір қатарға орналасқан, арасында қара сөзбен баяндалатын тұстары да кездеседі. Латын әліпбиімен жазылған мәтіннің кей жерлері қаламмен жөнделген. Көлемі – 43 бет, 1118 жол.

Қарасай, Қазі дастаны (*Қылышұлы Қартбай жырау нұсқасы*). Жыр нұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында сақтаулы (373-бума, 9-дәп.). Қартбай жырау өз қолымен жазған қолжазбаны 1992 жылы 12 тамызда институттың ғылыми қызметкері М.Шафиғига арнайы жіберген.

Жырдың қысқаша мазмұны мынадай: «Арғы атасы – әулие, шейх, пір Мәулімнияз, одан Едіге, одан Нұрадин, одан Мұса тарайды. Мұсаның тоқалынан туған 30 шақты ұл-қыздары Қараүлек деген үлкен әйелінен туған балалары Орақ, Мамайды күндейді. Басы Алшы Смайыл – Тобаяқ, Қалу, Сидактар бірігіп, Орақтың аламас қылышын ұрлап алады да оны есікке құрып, аңдаусызда Орақты өлтіреді. Орақ өлер алдында әйеліне өмірдегі үш арманын аманат етеді. Қарт шешесі Қараүлектің айтуымен Орақтың бір арманы деп үлкен ұлы Қарасай әкесінің досы Ер Көкшеден Қызыл атты ұрлап алып, әкесінің ағасы Мамай ханның жеңе алмай жатқан жауы Алауса қалмақты шауып, жеңеді. Орақтың Қызыл атқа мініп «Орақ» деп жауға шапқанын, елін жаудан қорғайтын ер болғанын көрген Мамай хан өмірінде бірінші рет күледі. Мамайдың күлгенін ел көреді. Осымен Орақтың екі арманы бірдей орындалады. Қарасай әкесінің үшінші арманын орындау үшін Айсаұлы Ахметті, Ерек серек, Қоянақ батырларды ертіп, Қызылбасқа жорыққа аттанады. Әділдің шешесі көрген түсін үш рет жорытады. Түсіне сенбей, соғысқа кеткен Әділдің артынан келеді». Жыр «Қарасай, Қазі қос батыр әкесі Орақтың үш арманын орындап, мұратқа жетеді. Ер Әділ тағына мініп, әділ болып, халқына адал қызмет етеді» деп аяқталады.

Мәтін Жамбыл облысының Мерке ауданына қарасты Сыпатай ұжымшарында қолдан істелген қалың дәптерге қара сиямен кирилл әрпінде хатқа түсірілген. Жыр жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылып, реттік сандармен нөмірленген. Институт қорында өңдеуден өтіп, түптелген. Сақталу сапасы – орташа, көлемі – 4080 жол. Бұл нұсқа жөнінде «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» деген жинақтың (9-кітап, Алматы, 2012) 209-бетінде «ӘӨИ, 1089-бумада» деп қате мәлімет беріліп, келесі 211-бетте «ӘӨИ, 373-бума, 9-дәптерде» деп дұрысталып жазылған.

Қарасай, Қазі (*Қашаған Күржіманұлы нұсқасы*). Қашағанның немере інісі, маңғыстаулық жыршы Шәдіман Үсембаев айтуынан 1947 жылғы 1 шілдеде хатқа түскен. Шәдіман «Қарасай – Қазиды» ақынның өз айтуынан үйренген. Жырдың қысқаша мазмұнына тоқталайық:

«Ноғайлы дәуірінде Құрманбай деген байдың баласы болмай, көп жылдан соң әйелі жүкті болып, бір ұл бала туады. Қуанышқа үлкен



той жасап қазақ, ноғайдың бәрін шақырады. Орақ батырмен бірге Қырымның қырық батыры да келеді. Осы той үстінде патшадан хат келеді. Хатта мұсылманның Қондыкер деген ханына қалмақтың Күзбан деген ханы бүкіл елімен соғыс ашпай бағынуын, егер бағынбаса, елін шауып, қатын-баласын күн етемін деген шарт қояды. Қондыкер қалмаққа бағынғысы келмей, Қырымның қырық батырынан көмек сұрайды. Жетім бала Қарасайдың барайын десе аты жоқ, намыстанып жылағанын көрген шешесі оны жұбатып, тұлпар іздеп, ақыл айтады. Қарасай қарындасы Қибатты беретін болып, Қосай батырдан көк тарлан тұлпар атын алады. Қазі мен Қибат қоштасып қала береді. Қырымның қырық батырын қуып жетсе, олар кімді хан сайларын білмей, дауласып келеді екен. Қарасай олардың қателіктерін бетіне басады. Батырлар ақылдасып, Қарасайды хан сайлайды. Екінші қолға Әділ хан болады. Бұлар Орақ батырдың жазып кеткені бойынша қалмаққа баратын жолды тауып, соғыс басталып кетеді. Әділ хан аяқ асты жоғалып кетеді. Қарасай қалаға тоғыз рет кіріп, таба алмай, елге қайтады. Батырлар тарап кетеді. Кейіннен Қарасай, Қазі екеуі келіп, қалмақ қолын жеңіп, Әділді жеті қабат темір тордан босатып алып, елге оралады. Қосайдың келісімімен Қибатты Әділге қосады».

Түпнұсқа ОҒК-ның сирек қорында сақтаулы (398-бума, 4-дәптер). Жыр қисық жол оқушы дәптерінің әр бетіне бір қатардан көк сиямен кирилл әрпінде жазылып, реттік сандармен нөмірленген. Жазуы нашар, әр жерде дақтар кездеседі. Қолжазба көп редакцияланып, шимайланғандықтан, мәтіннің дұрыс оқылуына кедергі келтіреді. Дәптер түптеліп, ақ жіппен қайта тігілген, бірақ сақталуы орташа деңгейде. Жыр көлемі – 15 бет, 1204 жол.

Осы буманың 10-дәптерінде адай Мұрын жыраудың 82 жасында Қашаған туралы айтқан мәліметі берілген: «Қашаған ірі денелі, қара кісі еді. Аузы бір жағына қисықтау, өлеңді суырып салып айтатын. Ноғайлы батырлар жырын көп білетін. Тойда өлең айтып, той бастайды. Айтысқа кіреді. Бірақ міндетті түрде осылары үшін ақы сұрайтын еді. Қашаған адай ішінде түрікпен адай деген рудан шыққан. Ол 84 жасында өлді, 1924 жылы өлетінінен 2-3 жыл бұрын көзінен айырылды».

Қарасай, Қазі (*Мұрын жыраудың I-нұсқасы*). Қолжазба ОҒК-ның сирек қорында сақталған (673-бума, 8-дәп.). Мәтінді 1942 жылы Мұрын Сеңгірбайұлын Қазақстан Үкіметі арнайы қаулымен шақыртып алған тұста, Тіл және әдебиет институтының ғылыми қызметкері Бозтай Жақыпбаев жыраудың айтуынан жазып алған. Бұл нұсқада Қарасай мен Қазидың қалмақтың ханы Батырмен соғысқаны суреттеледі. Бұндай

тарау жырдың өзге нұсқаларында кездеспейді. Осы нұсқада бұдан да басқа өзіндік ерекшеліктер кездеседі.

Шығарманың бастапқы бес беті қара қарындашпен, әрі қарай көк сиямен, араб әрпінде жазылған. Мәтін әр бетке бір қатардан орналастырылып, реттік санмен нөмірленген. Қолжазбаның барлық беттеріндегі кей тармақтар, шумақтар сызылып, түзетіліп, шимайланған. Жазуы нашар. Кейінгі жылдары қолжазба түптеліп, мұқабасы ақ қағазбен тысталған және сақталу деңгейі – қанағаттандырарлық, көлемі – 46 бет.

Қарасай, Қазі (*Мұрын жыраудың II-нұсқасы*). Бұл жыр үлгісі де ОҒК қорында сақталған (673-бума, 9-дәп.). Мәтінді 1939 жылғы Маңғыстау экспедициясының жұмыс барысында жыраудың өз аузынан хатқа түсірген – Б.Жақыпбаев. Жыр кеңсе қағазына латын әрпінде әр бетке бір қатардан машинкамен терілген. Мұқабасы ақ қағазбен тысталып, реттік санмен нөмірленген.

Мұрын жыраудан жазып алынған бұл екі нұсқаны салыстыра қарағанда, алдыңғы нұсқаның біршама толықтырылғаны байқалады. Мысалы, жырдың қара сөзбен айтылатын кіріспесі кейінгі нұсқада бірер сөйлемге дейін қысқартылған. Жыр жолдары да көп үзілген, бірақ негізгі мазмұнында айтарлықтай ерекшеліктер аңғарылмайды. Қолжазбаның соңғы бетінде былай жазылған «Қарасай-Қазі. Мұрын жазған варианты. Қарасай жеті жаста, Қазі алты жаста, Қибат бес жаста. Сол кезде қалмақ ханы «Қарасай мен Қазі қорықпаса, соғысқа келсін, келмесе, біз шабамыз» деп ноғайдың ханы Әділ сұлтанға хат жібереді. Әділ соғысқа аттанады. Қарасай соғысқа мінетін аты болмағандықтан қарындасы Қибатты Көкше деген қарттың Тарлан аты үшін беріп, жауға аттанады. Зая деген Әділдің қарындасы «Әділ жау қолына түсіп қалды» деген хабар алып келеді. Бұл хабарды естіп, Қазі да жауға аттанады. Қарасай-Қазі қалмақтың әскерін қырып, Әділді тұтқыннан құтқарады».

*Бірінші нұсқада:* «Орақ пен Мамай – екі батыр тұрған заманда Ораққа «әйел ал» десе, алмайды екен» деп басталып, «Қазі мен Қарасайдың» біткен жері осы» деген сөйлеммен аяқталса, Маңғыстауда жазылған нұсқа: «Қарасай келген жүгіріп, Жалаң аяқ, жалаңбас» деп басталып, «Сау-саламат, дін аман, Астана халық ел деді» деген жолдармен тамамдалады. Мәтіннің басталар тұсында: «Маңғыстау ауданындағы Форт-Шевченко қаласындағы азамат 77 жастағы Мұрын Сеңгірбаевтың ноғайлылық Қарасай, Қазиды жырлап айтқаны» деген мәлімет келтірілген. Қолжазбаның сақталу сапасы – жақсы, көлемі – 18 бет, 487 жол.

Қарасай, Қазі дастаны (*Құдайберген Шоқаев нұсқасы*).

Бұл жыр нұсқасын ел арасынан жинап, Тіл және әдебиет институтының қолжазбалар қорына 1947 жылы 9-желтоқсанында тапсырған – Иманбек Ұйықбаев. Ол 1922 жылы туған. Қазақ КСР ҒА Тіл білімі институтында аға ғылыми қызметкер болып істеген. И.Ұйықбаев көптеген экспедицияларға (Батыс Қазақстан экспедициясы, Гурьев экспедициясы) қатысып, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинауда көп еңбек сіңірген. Сол жинаған қолжазбаларын ӘӨИ және ОҒК қорларына өткізген. Қазір жырдың қолжазбасы ОҒК-ның сирек қорында сақтаулы (784-бума).

Жырдың қысқаша мазмұнына тоқталайық: «Қарасай, Қазидың атасы Орақ батыр бір жолғы жорықтан оралғанда көп олжамен келеді. Жорықтан түскен олжаны елдің игі жақсыларына бөліп береді. Орақтың жиырма сегіз інісі бар еді. Олар «бізге олжадан бермей, елге таратты» деп өкпелеп, барлығы бірігіп, Орақты өлтірмекші болады. Сонда Тобаяқ інісі Орақтың әруағы бар екенін ескертіп, оны өлтірудің жолын айтады. Шынында да Орақты солай өлтіреді. Орақ батыр өлерінде анасы Қараүлекке үш арманын айтады: «Біріншісі, Орал таудың етегінде бес тұлпар бар. Иесі мұның Көкше қарт. Сондағы Қызыл атты бір ұстап мінбедім. Екіншісі, ағам Мамайды бір күлдіре алмадым. Үшіншісі, Қиғаш тауының тас қақпасы, оның ар жағында қызылбастың он екі қақпа хандық елі бар, соны бағындырсам деп едім. Қарасай, Қазидың ержетсе, осы арманымды орындасын», – деп Орақ батыр көз жұмады. Қарасай, Қазидың ержетіп, Шыңтемір хан өліп, орнына он бір жасар баласы Әділ хан болады. Әділ Қарасай, Қазидың досы еді. Бір күні Әділ екі досынан «Сендердің аталарыңның бара алмаған жері, ала алмаған жау бар ма екен?» дейді. Қарасай, Қазидың білмеген соң әжесі Қараүлектен сұрайды. Кемпір өлер алдындағы Орақтың үш арманын айтып береді. Үш дос ақылдасып, осы орындалмай кеткен үш арманды орындауға бел байлайды. Қарасай Көкше қарттың сынағынан сүрінбей өтіп, Қызылды ұстап мініп, еліне келсе, Әлеукеңің қолы елін қоршап алыпты. Ел басқа жаққа көшіп кетеді. Мамай жалғыз тарығып тұрғанда, Қарасай келіп, қаптаған жауды жайпап салады. Сонда Мамай езу тартады. Сонымен Орақтың бірінші, екінші арманы орындалады. Әділ хан қырық мың әскер жиып, Қиғаш тауына аттануға дайын екен. Әділ қолды, Қарасай, Қазидың жолды бастайды. Ешкім аша алмаған тас қақпаны Қарасай ашады. Әскер үш бөлікке бөлінеді. Қызылбас елінде жойқын соғыс болады. Қызылбастың халқы қаланы тастап, далаға қашады. Әділ қолға түседі. Қарасай жараланып, Қазидың оны ақ аюдың дәрісімен жазып алады. Бұлар Әділді таппай, ақыры

елге қайтады. Қызылбастың ханы Әділді арбаға жегіп, тас тасытқызып, тісімен тезек тергізеді. Анасы мен қарындасы елде зар еңіреді. Әділдің пірі оның қиындыққа түскенін көріп, Қара құсын жібереді. Әділ құс арқылы еліне хат жазады. Хатты анасы мен қарындасы Қарасай, Қазига береді. Хабар алған соң екі батыр жауға аттанды. Қызылбасты шауып, жеті қабат зынданнан Әділді құтқарып алады. Үшеуі бірігіп, Дербенд деген қаласын шауып, қызылбас елін бағындырады. Үшеуі елге аман-есен оралады. Әділдің анасы Қарасайға Ілияны қосады. Әділ елге хан болып, барша мұраттарына жетеді».

Буманың сыртында «Шоқаев Құдайбергеннің жинағы», ал соңғы бетінде «Характеристика. Халық ақыны Шоқаев Құдайберген 1905 жылы туған. Ұлты – қазақ. Оқымаған. Кедей шаруа отбасынан шыққан. Өзбек және Қарақалпақ жоғары советтерінің сайлауына белсенді қатысқан. Қарақалпақ АССР-нің Мойнақ поселкесінде тұрады. Сталинге арнаған өлеңдері бар» деп жазылған. Қай жерде, қандай жыршыдан, кім жазып алғаны белгісіз. Мәтін кеңсе қағазына көк сиямен кирилл әрпінде хатқа түсірілген. Жыр жолдары әр бетке бір қатардан орналасып, реттік сандармен беттелген. Қолжазба қайта өңдеуден өтіп, мұқабасы ақ қағазбен тысталған. Сақталу сапасы – қанағаттандырарлық, көлемі – 4530 жол. Бұл нұсқа «Бабалар сөзі 100 томдық сериясының» 41-томында жарияланды [1, 139-255].

Қарасай, Қазиге (*Нұрпейіс Байғанин нұсқасы*). Жыр үлгісін ақынның өз аузынан жазып алған – Ахмет Ескендіров. Қолжазба алдымен 1941 жылдың 4 сәуірінде Қазақстан Жазушылар одағына алынып, 1942 жылы ОҒК-ның сирек қорына тапсырылған (784-бума, 1-дәп.). Жыр нұсқасы жол көзді қалың үш оқушы дәптеріне көк сиямен латын әрпінде түсіріліп, қарындашпен реттік сандармен нөмірленген. Алғашқы бетте туынды қара сөзбен басталып, қалған беттерде бір қатардан орналастырып, жыр үлгісінде жалғастырылған. Мәтіннің көп жері сызылып, кей жолдары кирилл жазуында түзетілген. Қолжазбаның 129, 130, 170, 171, 172-беттері толығымен қайта жазылып, 202-бетте Н.Байғанинның жеке фотосуреті тіркелген. Үш дәптер бірге түптеліп, сырты қоңырала түсті қатты қағазбен тысталған. Сақталу сапасы – нашар, көлемі – 6800 жол. Ал Қазақстан Жазушылар одағының 1944 жылы Н.Байғанинге берген мінездемесінде жыр көлеміне байланысты мынандай деректер келтірілген: «Қарасай, Қазиге бұл ағайынды екі батыр да – XV-XVI ғасырларда жасап, қазақтың елін, жерін жаудан қорғаушылар деп аңыз болған батырлар. Н.Байғанинның жырлауында «Қарасай, Қазиге» – 11000 жол өлең» (ӘӨИ).

169-бума, 3-тізім). 1946 жылы Н.Байғаниннің «Таңдамалы шығармалар» жинағына дайындағанда, мәтін көп редакцияланып, 2102 жол ғана іріктеліп алынған.

Қарасай, Қазиды (*Таңатар Кәрібаев нұсқасы*). Қарақалпақстан аумағына 1984 жылдың 17 сәуірден 17 мамыр айлары аралығында М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты арнайы ұйымдастырған фольклорлық-этнографиялық экспедициясы кезінде жазып алынған. Экспедиция жетекшісі – ф.ғ.к. К.Сейдаханов. Таңатар Кәрібаевтың аузынан хатқа түсірген – Бердақ атындағы Нөкіс мемлекеттік университетінің сырттай филология факультетінің 3-курс студенті Дәметкен Әбдиева.

Жырдың қысқаша мазмұны мынадай: «Орақ, Мамайдың өлгенін естіген қалмақтың ханы Қондыкер: «Ноғайлыда кегім бар, Қарасай, Қазиды жас, елін шауып алам ...» деп әскер жинап, шабуылға дайындалып жатқанда, кемпірі «Қарасай, Қазиды жас деп басынба, арғы аталары батыр болған, елін алдырмайды, одан да Қырымға бар» дейді. Қондыкер Қырымға елші жіберіп: «Әділ хан, ноғайлы менің қол астыма кірсін. Кірмесе, соғысуға Қиғаш тауға келсін» деген шарт қояды. Қырым ханы Әділ сұлтан бодандыққа келіспей, Қарасайдан көмек сұрайды. Ол Қарасай, Қазиды жасынып, Қырымның қырық батырын алып, білдірмей жауға аттанады. Мұны білген Қарасай, Қазиды арттарынан қуып жетіп, шайқаста ерлік көрсетеді. Олар Әділдің жаудың қолына түскенін біліп, оны құтқаруға аттанады». Жыр толық аяқталмаған.

Шығарма тор көзді оқушы дәптеріне көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылып, реттік сандармен беттелген. Қолжазба ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында өңдеуден өтіп, мұқабасы ақ қағазбен тысталған (894. 4-дәп., 1-180-бб.). Титул бетінің жоғары жағында «Қарақалпақ экспедициясы – 84» деген белгі, ортасында жинаушы туралы аздаған деректер келтірілген. Сақталу деңгейі – орташа, көлемі – 3500 бет.

Қарасай, Қазиды (*Қобылаш Бекмаханбетов нұсқасы*). Жыр үлгісінің түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында сақтаулы (897-бума, 1-146-бб.). Бума екі кітапшадан тұрады. 1-кітапшада тек мәлімет берілген. Шығарманы Мұрын жыраудан үйреніп Мұса, Шәдіман жыраулар жырлаған. Олардан Қобылаш үйреніп, ел арасында насихаттап жүрген. 1987 жылы 18-19 қыркүйек аралығында институт ұйымдастырған «Маңғыстау экспедициясының» жұмысы барысында топ мүшесі Т.Гаитов Маңғыстау облысы, Жаңа өзен қаласы, Теңге кентінің тұрғыны, 1936

жылы туған, мамандығы мұнайшы Қобылаш Бекмағанбетов жыраудың өз аузынан ұнтаспаға жазып алған (6 сағаттық). Мәтін аталған қорға түскеннен кейін экспедиция жетекшісі Қ.Сыдықов пен фольклортанушы Ш.Керім қағазға түсіріп, машинкаға бастырған.

2-кітапшада жыр мәтіні берілген. (*Қобылаш Бекмаханбетов нұсқасы*). Машинкамен басылған көшірме кеңсе қағазының әр бетіне бір қатардан орналастырылып, еуропалық санмен нөмірленген. Сақталу сапасы – орташа, көлемі – 148 бет, 4270 жол.

Қарасай, Қазі (*Мәмбетұлы Атаубай нұсқасы*). Жыр нұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында сақтаулы (920/8-бума, 27-160-бб.). Туындыны Қарақалпақстандағы Қоңырат қаласының тұрғыны, мектепте белгілі ақын Төлеген Айбергеновпен сыныптас оқыған Атаубай жыршыдан 1975 жылы «Амудария фольклорлық экспедициясы» кезінде Қ.Саттаров пен А.Көрпеев жазып алған. Жыр оқиғасы Қарасай мен Қазидың Орақтың елер алдында айтып кеткен армандарын іске асыру жолындағы ерліктерін сөз етеді. Мазмұны «Батыр Мамай қанды Орақ» жырымен бірдей. Бұл нұсқа туралы біраз ой-пікірлер Р.Бердібаевтың еңбектерінде кездеседі.

Шығарма кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде жазылып, реттік сандармен нөмірленген. Алдыңғы бетіне қысқаша түсінік, жазылған жері мен жылы, соңында мазмұны берілген. Жыр жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылып, мұқабасы сұр түсті қатты қағазбен тысталған және түптелген. Сақталуы жақсы деңгейде, көлемі – 4123 жол.

Қарасай, Қазі қиссасы (*Иманғалиұлы Қайролланың I-нұсқасы*). Ақтөбе облысының Ойыл өңірінде туып, өмірінің көп бөлігін Қарақалпақстанның Қожелі қаласында өткізген атақты жыршы Қайролла Иманғалиұлынан жазып алынған жыр нұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында сақтаулы (920/11-бума). Қайролла «Қырымның қырық батырының» біраз жырларын, «Барақ батыр» т.б. фольклорлық мұраларды өзінше жырлап, ел арасында насихаттаған. Жыр мәтінін 1979 жылы Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика институты ұйымдастырған фольклорлы-этнографиялық экспедиция кезінде осы оқу орнының студенті Моншақ Айтжанова Қожелі қаласында хатқа түсірген. Кейін 1982 жылы экспедиция жетекшісі, доцент Қ.Саттаров мәтінді машинкаға бастырып, жинақ ретінде құрастырған.

Жырдың қысқаша мазмұны мынадай: «Ертеде Орақ деген батыр болады. Орақ өлген соң, Қарасай, Қазі жетім қалады. Орақтың шешесі: «Немерелерім жас, елім басшысыз қалмасын» деп елін жинап, кеңес өткізеді. Бір перзентке зар болып жүрген Шынтемір деген шалды

Мамайдың орнына таққа отырғызады. Қалмақтың ханы Темірхан бұларға «бізге бағын» деп елші жібереді. Он беске келген Қарасай оларға бағынбайтынын айтады. Смайыл-Тобаяқ «баланың қолынан не келуші еді» деп, көп адаммен елінен көшіп кетеді. Қарасай арттарынан қуып жетіп, елге қайтарып әкеледі. Елге келгенде шешесі Шынтемірдің әйелі жеті басты айдаһардың жүрегіне жерік екенін хабарлап, Қарасайды Күйген тауға жұмсайды. Көп қиындықпен айдаһардың құйрығынан бір елідей кесіп әкелгенде, жерігі қанып, Әділ атты ұл, Илия есімді қыз бала туады. Балалар он беске келеді. Шынтемір өлер алдында екі баласын Қарасай мен Қазига тапсырады. Қалмақтың ханы Темірхан Қырымның қырық батырын алдамақшы болып, хат жазып «Қызылбас мазамызды алды, дос болсақ, Қарасай, Қазиге сол жауымды алып берсін» дейді. Қарасай, Қазиге қырық батырымен жауға аттанады. Әділ де сондарынан кетеді. Әділдің шешесі түс көріп, баласына қауіп төніп тұрғанын сезеді. Қызылбасқа баратын жолдың қауіп-қатері мол, жалғыз аяқ жол екенін көрген батырлар кері қайтпақшы болады, Әділ көнбей, өзі аттанады да жаудың қолына түседі. Оны құтқаруға Қарасай, Қазиге аттанады. Үшеуі жауды жеңіп, бәрін мұсылман дініне кіргізіп, елге оралады».

Бұл нұсқада қиял-ғажайып элементтер көп кездеседі. Жыр жолдары әр бетке бір қатардан орналасып, реттік сандармен беттелген (5-86 б.). Жинақтың мұқабасы күлгін түсті қатты қағазбен тысталып, арнайы түптелген. Алғашқы беттеріне «Қарасай, Қазиге» жыры туралы қысқаша мәліметтер мен Қ.Иманғалиұлының туындыны жаздыру үстіндегі бір сәті бейнеленген фотосуреттер енгізілген. Титул бетінің бас жағында: «Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика институты. Қазақ филология кафедрасының доценті Қ.Саттаров» деген сөйлем жазылған. Ортасында «Қыдырәлі Саттаровтың фольклор экспедициясы жинаған қазақ ауыз әдебиеті үлгілері. 11-жинақ», аяқ шенінде «Ташкент – 1982» деген дерек бар. Қысқаша мәліметте жазып алушы жырдың 82, 85-беттерінде біраз жолдарды қалдырып кеткендігі ескертіледі. Жинақтың сақталу сапасы – жақсы, жыр көлемі – 2236 жол.

Қарасай, Қазиге қиссасы (*Қайролла Иманғалиевтың II-нұсқасы*). М.Айтжанова мен Қ.Саттаров жазып алған «Қарасай, Қазиге» жырының бұл үлгісі де ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында сақталған (920/12-бума, 71-112 б.).

Қиссаның қысқаша мазмұны мынадай: «Ертеде Мұса деген биден отыз ұл қалады. Отыз ұлдың ішінде Мамай би болып, ел биледі. Орақ батыр болып, ел қорғайды. Мамай мен Орақ билікті, батырлықты қатар

жүргізіп, еліне өте қадірлі болады. Мұса бидің қалған балалары басы Қарабатыр Тілеке, Алшы, Смайыл – Тобаяқ дегендер болып бұларды күндейді. Бұлар Орақтың алмас қылышын жасырып алып, түнде Орақ жатқан үйдің есігіне көлденең құрып қойып, ауылды айнала жылқыны қуып «Жау келді! Аттан, Орақ, аттан!» деп айқай салады. Төсекте жатқан Орақ сыртқа шығамын дегенде, есіктегі құрулы алмасқа ұшырап жараланады. Осы жарадан Орақ өледі. Артында Қараулек шешесі, бір аяғы ақсақ, бір көзі соқыр әйелі, Қарасай, Қазі деген екі баласы және Қибат деген бір қызы қалады. Орақтың жауы бар екен, оған бармастан бұрын өліп кетеді. Орақты өлтіргендер «Орақтың жауын жаулап аламыз» деп қол жинап аттаныпты. Сол кезде Қарасай он жеті жасар екен. Мінетін аты болмай, ноғайлының Көкше деген батырының көк бура атын алу үшін қарындасы Қибатты береді. Қарасай кеткендердің арттарынан аттанады. Алшы, Смайыл – Тобаяқ, Тілеке жаудан қорқып, елдеріне қайтып кетеді. Қарасай алған бетінен қайтпай, жауға бет алады, қасына Ер Тарғын ереді. Арттарынан Қазі жетеді, Қарасайдың қарсы болғанына қарамай, еріп жүреді. Алдарынан шыға келген қалмақтың бір топ әскерімен айқасып, жеңіп, елдеріне аман-есен оралады».

Мәтін алдыңғы үлгіде жүйеленіп, 1984 жылы Ташкент қаласында машинкада басқан Гүлсін Сабырханова. Мұқабасы сиякөк түсті қатты қағазбен тысталып, түптелген. Екі нұсқаның сюжеттік желісінде бірсыпыра өзгешеліктер байқалады. Атап айтқанда, алғашқы үлгінің әлқиссасы: «Он таңбалы Үрімде, Қырық таңбалы Қырымда...» деп басталып, соңы: «Әділдейін ханыңыз еліне енді қайтады» деген тармақпен аяқталса, кейінгі нұсқаның бас-аяғында: «Өткен заманда Мұса деген би болыпты. Мұсадан 30 ұл қалады», «Әңгімесін айтады, Еліне аман қайтады» деген жолдар кездеседі.

Жинақтың сақталу сапасы – жақсы, көлемі – 920 жол.

Қарасай, Қазі, хан Әділ дастаны *(Өмірзақ Қалбаев нұсқасы)*. Жыршының жеке қолжазбасынан көшіріп алған – Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика институтының студенті Дүрия Ерімбетова. Қазір көшірме ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында сақтаулы (920/24-бума, 2-184-66.). Мәтін Қ.Саттаров құрастырып, тапсырған жинақтардың үлгісінде дайындалған.

Жырдың қысқаша мазмұны мынадай: «Қарасай әке арманын орындау үшін анасынан рұқсат сұрағанда, ол «жауға жалғыз аттанбай, қолыңа әскер ал» деп ақыл береді. Қарасай Қырымдағы Әділ ханға, Қырымның қырық батырына хабар беріп, көп әскермен сапарға аттанады. Қызылбасқа



баратын жолды барлап қайтқан Қоянақ қарт жолдың ауырлығын айтып, Әділді кері қайтармақшы болады. Оған Әділ көнбейді. Қарасай, Қазиды қызылбасқа баратын жолдың жалғыз аяқ, тар жол екенін көріп, одан әскер өте алмайтынына көздері жетеді. Сондықтан әскер үшке бөлінеді: он төрт мыңына Қарасай, Қазиды бас болып, он үш мың қолға Әділ хан және он үш мың қолға Исаұлы Ахмет бас болып аттанады. Қарасай, Қазиды жауды жеңіп, еліне қайтады. Әділ жау қолына түсіп қалады. Әділ соғысқа кеткенде құлдары анасы мен қарындасына қорлық көрсетеді. Қызға таласып, ақыры бірін-бірі өлтіріп тынады. Қарасай, Қазиды жау қолында қалған Әділді іздеп таба алай жүргенде, анасы пір болып, оның жатқан зынданын көрсетіп кетеді. Қарасайлар досын жау қолынан босатып, қызылбасты жеңіп, аман-сау еліне оралады».

Жыр жолдары кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әліпбиінде әр бетке бір қатардан жазылып, реттік сандармен беттелген. Өмірзақ жырау туындыны өзінше жырлап, өзгерістер енгізгенін: «Көп айтылған көне жыр, Азырақ жөндеп, өңдедім» деген жолдардан байқауға болады. Алғашқы бетте мәтінге қысқаша түсінік, соңында мазмұны берілген. Жазылған жылы мен жері көрсетілмеген. Сақталуы жақсы деңгейде, көлемі – 4944 жол.

Қарасай – Қазиды (*Бейсенбаев Тұрлан жырау нұсқасы*). Бейсенбаев Тұрлан – белгілі жырау, Қарақалпақстанның Қоңырат қаласына жақын Алтынкөл поселкесінің тұрғыны. Жыр нұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында сақтаулы (920/37-бума, 73-162 б.). Шығарманы 1987 жылғы 8 шілдеде жыраудың қолжазбасынан көшіргендер: Қ.Сағтаров пен студент Р.Жұмадуллаева. Жыраудың қысқаша мазмұны мынадай: «Әділ, Қарасай, Қазиды Айсадан туған бес батыр Қоянақ қартты басшы қылып, Қарасай мен Қазидың атасының арманын орындау үшін Қызылбасқа аттанады. Осы сапарда Қарасай, Қазиды жаудың көп әскерімен соғысып, Қазбан деген қаласын алады. Әділдің әскері жалғыз аяқ тар жолмен келе жатқанда, Қорғасынның көп әскері жолдың екі жағын қоршап алады. Әділдің аты сүрініп, терең орға құлайды». Жыр осы жерде аяқталып, толық бітпей қалған.

Көшірме кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде түсіріліп, жыр жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан. Алғашқы бетте мәтінге қысқаша түсінік, жазылған жылы, соңында мазмұны беріліп, реттік сандармен нөмірленген. Мұқабасы көкшіл арнайы қатты қағазбен тысталып, түптелген.

Сақталуы – талапқа сай, көлемі – 2469 жол.

Қарасай – Қазі (*Жақып жырау нұсқасы*). Жыр нұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында сақтаулы (920/48-жинақ, 1-143 б.). «Бесқала фольклорлық экспедициясы» кезінде Қарақалпақстанның Елліқала ауданына «Қырық қыз» кеңшарының тұрғыны, атақты Жақып жыраудың баласы, мұғалім болып қызмет еткен Тарақат Жақыпұлының қолжазбасынан Қ.Саттаров пен Зұхра Ахметова 1990 жылы көшіріп алған. Жақып жырау – қазақ пен қарақалпаққа ортақ «Қырық қыз» дастанын жырлаған талантты жырау. Жырдың мазмұны Тілеумағамбет жыраудың жырлаған нұсқасымен бірдей.

Жыр нұсқасы кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде жазылып, реттік сандармен беттелген. Алғашқы бетте мәтінге қысқаша түсінік, жазылған жылы мен жері, соңында мазмұны берілген. Мұқабасы сұр түсті қатты қағазбен тысталып, түптелген. Сақталу сапасы – жақсы, көлемі – 3666 жол. Осы нұсқа жөнінде «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» деген жинақтың (9-кітап, 2012) 207-бетінде «ӘӨИ, 920/50-бумада» сақталған деп жансақ мәлімет беріледі де келесі 208-бетте ӘӨИ, 920/48-бумада деп дұрыс жазылған.

Қарасай, Қазі (*Тілеумағамбет жырау нұсқасы*. ӘӨИ: 920/50-бумада сақтаулы). Туындыны Амудария құйылысындағы қазақтардың арасына арнайы жіберілген экспедиция кезінде хатқа түсірілген. Жетекшісі – Қ.Саттаров. Қарақалпақстанның Қоңырат ауданына қарасты Раушан кеңшарының тұрғыны Әмір Сейілханұлының қолжазбасынан және айтуынан 1977 жылы жазып алған – Қадияша Құлпыбаева. Жыр нұсқасын 1914 жылдан бері Тілеумағамбет жырау жырлап, кейін Ахмет деген кісі мен оның баласы Мұстажат жырлап келген. Ә.Сейілханұлы жинаушы, жаттап айтушы болуы да мүмкін, себебі мәтіннің соңы «Бұл қағазға жаздым-ай, Ахметұлы Мұстажат» деген жолдармен аяқталады. Соған қарағанда Тілеумағамбет жыраудан алғаш қағазға түсірген Мұстажат сияқты. Мұндағы Сейілханұлы Әмір – Қарақалпақстанның Қоңырат ауданы, Раушан совхозының тұрғыны. Руы – табын, қарақойлы. Бұл жырды алғаш рет 1914 жылдан бастап атасы Тілеумағамбет жыраудан естіген. Жырды Ахмет және оның баласы Мұстажат деген кісілер де той-жиындарда айтып жүрген. Оларда Тілеумағамбеттен жазып алған қолжазба бар екен. Енді жырдың қысқаша мазмұнына тоқталайық: «Орақ батыр өлер шағында әйеліне айтып кеткен үш арманын естіген Қарасай әке арманын орындауға аттанбақшы болады. Қырымның ханы Әділден көмек сұрайды. Ол кезде Әділ он бір жаста еді. Әкесі өлген соң таққа отырады. Ноғайлыда Ысмайыл деген ер болады. Ол Әділді жамандап,

түріктің патшасына хат жазады. Патшадан: «Әділ деген Қырымның патшасы болса, қызылбас деген жауды бағындырып алсын, менің әлім келмейді» деген хат келеді. Әділ Қарасай, Қазі т.б. батырлармен жауға аттанады. Әділ хан қолға түсіп қалады. Қарасай, Қазі Әділді тұтқыннан босатып, үшеуі жауын жеңіп, еліне оралады».

Мәтін кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде түсірілген. Жыр жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылып, реттік сандармен нөмірленген. Сақталу сапасы жақсы, көлемі – 4587 жол, 139 бет.

Қарасай, Қазі (*Наурызбек жырау нұсқасы*). Халық шығармасының бұл нұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында сақтаулы (920/64-бума, 3-108-бб.). Мәтін Амудария құйылысындағы қазақтардың арасына арнайы ұйымдастырылған фольклорлық экспедицияның жұмысы барысында Қарақалпақстанға қарасты Қоңырат қаласының тұрғыны, белгілі жыршы Наурызбектің аузынан жазып алғандар: Қ.Саттаров пен З.Мамадәлиева. Т.Көшенова 1990 жылдың аяғында жырды қайта көшірген.

Көшірменің алғашқы бетінде мәтін тарихына байланысты қысқаша түсінік, жазылған жылы мен жері, соңында мазмұны берілген. Туынды кеңсе қағазына қара сиямен кирилл әрпінде хатқа түсірілген. Мәтін әр бетке бір қатардан орналастырылып, реттік сандармен нөмірленген. Қолжазбаның мұқабасы қоңыр түсті қатты қағазбен тысталып, түптелген. Кей беттерде жазылмай қалған (4-бетте) жыр жолдары кездеседі. Қолжазбаның сақталу сапасы – жақсы, көлемі – 2940 жол.

Қарасай, Қазі (*Үшінші белгісіз жыршының нұсқасы*). ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында сақтаулы (949-бума, 1-дәп., 1-89-бб.). Шамамен өткен ғасырдың 80-жылдары жазылып алынған жыр үлгісі Нұртуған жырау шығармаларының арасында жүргеніне қарап, сондай-ақ Нұртуған мен осы нұсқаның ұқсас сюжеттік желісіне мән бере отырып, екі мәтінді де бір адам жырлағандығына болжам жасауға болады. Мәтін сарықоңыр қалың, тор көзді дәптерге алғашында жасыл (1-69 б), кейін (70-89 б.) көк сиямен кирилл әрпінде көшірілген. Әр бетке бір қатардан орналастырылып, реттік сандармен нөмірленген. Қолжазбаның 16-бетінде қосымша енгізілген жолдар болмаса (ол да көшірушінің қолтаңбасы), өзге түзетулер кіргізілмеген. Қайдан, кімнен жазып алынғандығы туралы көрсетілмеген. Ел арасынан жинап, қорға тапсырғандар: фольклортанушылар Ш.Керім мен А.Тұрғанбаев.

Жыр нұсқасы толық аяқталмаған. Сақталу сапасы орташа, көлемі – 3500 жол.

Қарасай, Қазі (*Орақов Бөкенбай нұсқасы*). Жырдың тағы бір нұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында сақтаулы (949-бума, 3-дәп., 1-64 б.).

Бөкенбай жыршы белгісіз адамның қолжазбасынан 1975 жылы көшіріп жазып алған, басы-аяғы үзіліп қалған үлгісін 1987 жылы фольклортанушы А.Тұрғанбаев көшіріп, қорға Ш.Керім тапсырған. Мұнан басқа деректік мәліметтер көрсетілмеген.

Мәтін сырты сұр түсті қағазбен тысталған қалың жол көзді дәптерге қара сиямен кирилл әрпінде түсірілген. Әр бетке екі қатардан орналастырылып, реттік сандармен беттелген. Сақталу сапасы – орташа, көлемі – 2500 жол.

Қарасай, Қазі ерлер (*Ерімбетұлы Төренияз нұсқасы*). Жырдың Төренияз жыраудың бел баласы Төрениязов Жеткерген 1991 жылы тапсырған екі нұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында сақтаулы (977-бума, 3-дәп., 1-24, 49-50 б.; 4-дәп., 1-23 б.). Қолжазбаның ортасында 25 бет мәтін үзіліп қалған. Ол жөнінде Төренияз қолжазбасын көшіруші Габдұлғазиз Жұбаназарұғлы мынандай ескерту жазады: «Мынау – Қарасай, Қазі, Жасарал Тербентке аттанып барғанда, Әділ ханның тесіктен қамалға кіретін жерінен Тербенттен мал алып қайтатынға дейін (1-24-б.), сосын бірден 49-беттен басталады, ортасы жоқ, бірақ бұрыннан тігулі екен. Мұны көшіргенім жоқпын, себебі менде бұл жері бар еді. Бұл да Ерімбетұлы Төренияздың қолжазбасы». Алайда, белгісіз себептермен көшіруші мәтінді толықтырмаған.

Жыр нұсқасы 1982 жылы жол көзді оқушы дәптеріне қарындашпен араб әрпінде көшірілген. Әр бетке бір қатардан орналастырылып, реттік сандармен нөмірленген. Дәптердің мұқабасы тысталаып, өңдеуден өткен. Бірақ сарғайып, тоза бастаған. Көлемі – 520 жол.

«Қарасай, Қазі» жырының жоғарыда көрсетілген бумадағы (ӘӨИ. 977-бума, 4-дәп., 1-23-бб.) Төренияздың тағы бір нұсқасын да ел ішінен жинаған – Ғ.Жұбаназарұлы. Оның ескертпесіне қарағанда, А.Жұбанов деген кісі 1981 жылдың 22-желтоқсанынан келесі жылдың 7 наурызына дейін көшірген. Екі нұсқаны салыстыра қарағанда, сюжеттік желісінде айтарлықтай өзгешеліктер кездеседі. Мысалы, алдыңғы нұсқа: ««Бұлардың мен сөйлейін ұрысын ары, Сілтейді жақсы келсе қылыштарын» деген жолдардан бастау алып, соңы: «Азамат, қаламдас, әй, жолдастар, Айтайын түсіндіріп бірте-бірте-ай» деген тармақтармен аяқталса, кейінгі нұсқаның басқы сөз: «Қарасай атқа шықты мұнан былай...», соңғы сөз: «Туралап келіп сыртынан хабарлас қылды Қарасай» болып аяқталады.

Мәтін ұзын жол оқушы дәптеріне қарындашпен араб әрпінде жазылған. Әр бетке бір қатардан орналастырылып, реттік сандармен

нөмірленген. Қолжазба өңдеуден өтіп, түптелгенмен, сақталу сапасы – нашар. Көлемі – 400 жол.

Қарасай, Қазі (*Ш.Кәрібаев нұсқасы*). Бұл нұсқа Ш.Кәрібаевтың дайындауымен 1944 жылы жарық көрген 5-класқа арналған «Әдебиеттік оқу кітабында» жарияланды. Ол еңбекте жыр нұсқасының кімнен, қашан, қайдан жазылып алынғаны, жинаушысы кім екені туралы мағлұмат келтірілмеген, тек нұсқаның қысқартылып берілгені туралы ескертпе ғана көрсетілген.

«Қарасай-Қазі» эпосының сюжеттік желісіне XVI ғасырда Ноғай ордасы мен Қырым хандығының тұсында өткен тарихи оқиғалар арқау болған. Әйтседе, жыршылар аласапыран кезеңнің оқиғаларын сол күйінше бейнелеуден гөрі, эпосты көркемдік тұрғыдан дамытып, өз қиялдарының елегінен өткізе отырып жырлағанын көреміз. Халықтық шығармада көптеген тарихи оқиғалар жинақталып, жырдың бас кейіпкерлері – Қарасай мен Қазидың маңайына топтастырылған. Қарасай, Қазі мен Әділ сұлтанның Астрахан түбіндегі Қиғаш тауында, сондай-ақ, Кавказдағы Дербент қаласы төңірегінде қалмақ, қызылбас елдерінің әскерімен болған ұрыс қимылдары және Әділ сұлтанның жау қолына тұтқынға түсуіне қатысты шытырман оқиғалар да кең қамтылады.

Қарасай, Қазі (*Әбді Үмбетұлы нұсқасы*). Жыршысы белгісіз. Қалың дәптерге кирилл әрпімен екі қатар етіп, ұқыпты көшірілген қолжазбаның көлемі 5760 жолды құрайды. Дәптердің парақтары әбден тозып кейбір жыр жолдары өше бастаған. Мұқабаның ішкі беттерінде Өзбекстан, Тәжікстан аумағындағы Бұхара, Газли, Ленинабад, Хожелі тәрізді қала, кенттердің аты мен бірнеше кісілердің есімдері жазылған. Сондай-ақ, Кіші жүз адай тайпасы, қырықмылтық, шалбар т.б. аталықтарына қатысты қысқа мәліметтер келтірілген. Аталған жыр мәтінінің соңында осы қолжазбаны көшіруші – Қ.Алпанов. Әбді Үмбетұлының аты-жөні, мекен-жайы (Хожелі кенті, «Ет комбинат») жазылып, қолы қойылған. Жазылған уақыты – 1961 жылғы 13 наурыз.

Орақ, Мамай, Қарасай (*Сейіт нұсқасы*). Аталған жыр нұсқасы Қытайдағы қазақтар арасында кең жайылған фольклорлық мұралардың қатарына жатады. Көлемі шағын жыр үлгісін Шыңжаңдағы Іле-қазақ автономиясы облысы Толы аудандық мәдениет үйінің меңгерушісі Төкен Кенжалин жергілікті жыршының аузынан жазып алып, «Мұра» әдеби журналында жариялаған (1990 жыл, №2. 3-22 бет.).

Жыршының өз жанынан қосқан эпизодтық детальдары, кейіпкер есімдерінің біраз өзгерістері ұшырайды. Сондай-ақ, эпостың стилінде Қытайдағы қазақтардың жергілікті сөз қолданыстары да айқын

аңғарылады. Көлемі – 1247 жол. Бұл нұсқа «Бабалар сөзі 100 томдық сериясының» 42 томында жарияланды [6, 116-148; 71].

Қарасай-Қази (Жақсылық жырау нұсқасы). Көлемі – 4500 жолды құрайтын «Қарасай-Қази» эпосының аталған варианты жайында «Бабалар сөзінің 42-томында», Т.Әлбектің зерттеуінде баяндалған [6, 412; 71-72]. Жақсылық – Қарақалпақстан қазақтары арасында атағы кең жайылған ірі эпик жыршылардың бірінен саналады. Ол ноғайлы цикліне кіретін бірқатар эпикалық жырларды шебер орындаумен ерекшеленетін үлкен өнер иесі. Эпостың осы нұсқасы 1962 жылы жергілікті фольклоршы Ж.Сапаров жазып алып, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына өткізген. Жақсылық жырау нұсқасында Қарасай, Қазимен бірге Әділ сұлтан бейнесі де толыққанды сомдалған. Жырдың мазмұны өзге қазақ нұсқалармен ұқсас болғанымен, мұнда Бескала өңірінің эпикалық дәстүрі мен жыршылық стилі айқын көрініс тапқан. Сондай-ақ, «Қарасай-Қази» эпосы қарақалпақстандық қазақ жыршы-жыраулары – Өмірзақ, Құдайберген, Қайролла, Ережеп, Наурызбек, Жақып, Әмір, Орынбасар, Тұрлан т.б. өнер саңлақтарының репертуарынан тұрақты орын алғаны мәлім. Олардың көпшілігін филология ғылымдарының докторы Қыдырәлі Саттаров басқарған фольклорлық экспедиция мүшелері әр жылдары жазып алып, М.Әуезов атындағы ӘӨИ Қолжазба қорына өткізген [7].

Қарасай, Қази (Нұртуған нұсқасы). Жырдың аяқталмаған нұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (897-бума, 2-3-дәптер) сақтаулы. Алдыңғы дәптерде «Қорған болған сендерге, кешегі залым Смайыл» деген тармақтарға дейін 3247 жол қамтылса, 3-дәптерге «Қарасайды қалмақтар қуып кеткенде Күнқияш тасаға тығылып қалған екен» деген сөйлемнен басталып, «Мақұл десең асылым, Ініңді алып келемін» деген жолдарға дейін 2432 жол енген. Қолжазбаларды Нұртуғанның 1994 жылы Ә.Оспанов жариялаған «Кәнеки, тілім, сөйлеші» атты жинағында жариялаған нұсқамен салыстыра қарағанда, арада 800-ден астам, аяқ шенінен 876 жыр тармағы түсіп қалған.

Жырдың 2-дәптердегі үзіндісі кімнен, қашан, қайдан жазып алынғаны туралы мәліметтер көрсетілмеген. Мәтін мұқабасы сарықоңыр түсті тор көзді қалың оқушы дәптеріне кирилл әрпінде түсіріліп, реттік сандарымен нөмірленген. Қолжазбаның алғашқы 69 беті жасыл, қалған 30 беті көк сиямен жазылып, әр бетке бір қатардан орналасқан.

Мәтіннің екінші үзіндісін (3-дәп.) 1975 жылы Бөкенбай Орақовтың қолжазбасынан көшіріп алып, 1995 жылы институт қорына өткізген –

А.Тұрғанбаев. Көшірме сұр түсті жол көзді қалың оқушы дәптерінің әр бетіне бір қатардан кирилл әрпінде түсіріліп, беттелген. Бірақ құжаттық деректер берілмеген. Екі қолжазбаның сақталу сапасы – жақсы, жалпы көлемі – 5624 жол.

Жалпы, Нұртуғанның 1914-1916 жылдар аралығында «Қарасай – Қазиды» туындысының 9 мың жолдан асатын нұсқасын жырлағаны, оған арқау болған оқиғаларды ұстазы Сұлтан шайыр мен Мұхаммеди молдандан, татардың саудагер қартынан естіген деректер кездеседі [8]. Алайда, бұл толық нұсқа хатқа түсіп, ғылыми айналымға әлі енбегені белгілі.

Қарасай, Қазиды (*Ерғали Дәрімбетов нұсқасы*). Туындының бұл нұсқасы да ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында сақтаулы (1113-бума, 12-дәп.). Институттың ғылыми қызметкері Ә.Алманов 1986 жылы жыр үлгісін Қызылорда облысының Арал ауданына қарасты Ақпай ауылының тұрғыны Ерғали жыраудың өз қолынан қабылдап алған. Мәтін жол көзді қалың журналдың жыртылып алынған бес парағының екі жағына көк сиямен кирилл әрпінде жазылған. Әр бетке бір қатардан орналастырылып, реттік сандармен нөмірленген. Алғашқы бетте тапсырып алушының шығармаға байланысты қысқаша түсініктемесі мен жазылған уақыты көрсетілген.

Жыр үзіндісінің қолжазбасы өңделмеген, сақталу сапасы – нашар. Жалпы көлемі – 200 жол.

«Қарасай, Қазиды» жырын сюжеттік құрылымдарындағы айырмашылықтарына орай шартты түрде екі версия аясында топтастыруға болады. Атап атап айтқанда, бірінші версияға Мұрат Мөңкеұлы, Қашаған Күржіманұлы, Нұрпейіс Байғанин, Құдайберген Шоқаев, Айсә Байтабынов, белгісіз жыраулар (4 нұсқа), Қайролла Иманғалиұлы (екі нұсқа), Өмірзақ Қалбаев, Танатар Кәрібаев, Тілеумағамбет жырау, Жақып жырау, Атаубай Мәмбетұлы, Қартбай жырау Қылышұлы, Қобылаш Бекмаханбетов, Жақсылық жырау, Қ.Аяпов, Ш.Кәрібаев, Әбді Үмбетұлы, Сейіт жырау жырлаған нұсқаларды топтастыруға болады.

Ал екінші версияға фольклортанушылардың зерттеу нысанасына түбегейлі іліге қоймаған Нұртуған мен Төренияз жыраулар жеткізген жыр нұсқаларын жатқызған жөн сияқты.

Аталған екі версияның аясына жинақталған жыр нұсқаларын салыстыра қарағанда, олардың сюжеттік желісінде, композициялық құрылымында, тақырыптық-идеялық ұстанымдарында, кейіпкерлер бейнесінде, топонимдік атаулар жүйесінде т.б. айтарлықтай айырмашылықтар кездеседі. Мәселен, алдыңғы жыр версиясындағы жыр нұсқаларының кіріспесі Қарасай мен Қазидының ататегіне қағысты

шежірелік мәліметтер мен Орақ батырдың (кей нұсқада Мұса, Мамай хандардың) дүниеден өтер алдындағы аманатынан бастау алады. Композициясы бір-біріне жалғасып, оқиғалары тізбектеліп дамып отыратын, яғни, Қарасай мен Қазидың керемет дүниеге келуі; батырлардың жауға аттануы; ерлік жорықтары; Әділ сұлтанның орға жығылып, жау қолында қалуы; Қарасай, Қазидың елге оралуы; Әділдің елге құстар арқылы хабар жіберуі; Қарасай мен Қазидың Әділді қызылбастардың тұтқынынан құтқаруы; батырлардың жауды жеңіп, еліне оралуы сияқты оқиғалардан құрылып, ағайынды батырлардың, оларға жанашыр қосалқы кейіпкерлердің іс-әрекетімен тікелей байланысты өрбіп отырады. Сондай-ақ нұсқаларда Әділ сұлтанның да керемет дүниеге келуі, қолбасшылық қабілеті, ерлік істері жан-жақты баяндалып, оның тұтқынға түсуіне байланысты оқиғалар эпикалық кең құлашпен жырланады.

Алайда, «Қарасай, Қазидың» жырының жоғарыда көрсетілген қорларда сақталған нұсқалары әрқилы өңірде, түрлі жыршылар мен айтушылардан жазып алынып, белгісіз қолжазбалардан көшірілгендіктен, жыр желісіндегі кей оқиғалар, эпизодтар үзіліп қалған немесе тыңнан қосылған. Сондықтан осы еңбекте аталған екі версияның жиынтығы ретінде Қашаған ақын мен Нұртуған жырау нұсқаларының оқиғалар тізбегін назарға алғанды жөн санаймыз. Атап айтқанда, Қашаған нұсқасының сюжетін жеті ірі оқиғаның аясында топтастыруға болады [9, 80].

Едіге әулетінен өрбіген бірнеше ұрпақтың өкілдері қатысатын «Қарасай-Қазидың» эпосы көптеген дарынды жыршылардың айтуымен өңделіп, жаңғырған және жыр сюжетіне бірқатар жанама эпизодтар да қосылғаны аңғарылады. Яғни, жыраулар дүрбелеңге толы дәуір шындығын суреттей отырып, тарихи оқиғаларды көркемдік тұрғыдан айшықтайды, өз қиялдарында сомдалған бейнелерді әсірелей жырлауға көбірек ден қояды.

Жырдың бір нұсқасын ел аузынан хатқа түсіріп, алғаш жарыққа шығарған Ғабдолла Мұштак (Ғұмар Қараш) екені жоғарыда айтылды. Ол өзі жазып алған қысқа жырды «Әділ сұлтан» деген атпен 1910 жылы Орынбор қаласында Шәңгерей Бөкеевтің қамқорлығымен құрастырып шығарған «Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жырлары» атты жинаққа енгізді. Бірақ жинақта туындының атауында көрсетілгендей, жырдың екінші, яғни Орақтың үшінші арманын орындау мақсатында Әділ, Қарасай мен Қазидың Қиғаш тауға аттанып, Дербент қаласын жаулап алуына байланысты бөлігі ғана қамтылған.



Кеңес кезеңінің алғашқы жылдарында профессор Х.Досмұхаммедұлы жырдың Мұрат Мөңкеұлы нұскасын Ы.Шөрековтің аузынан жазып алып, 1924 жылы ақынның Ташкентте шыққан «Мұрат ақын сөздері» жеке жинағына жариялады. Кейін бұл нұсқа Ұлы Отан соғысы жылдары арнайы дайындалған «Қарасай–Қазиді» атты кітапшаға кіргізілді [10]. Осы нұсқа Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған 1991 жылы Х.Досмұхаммедұлының «Аламан» деген еңбегінде, сол жылы «Алқаласа әлеуметі» жыр жинағында қайта басылым көрсе, туындының бір үлгісі 1944 жылы жарық көрген 5-сыныпқа арналған «Әдебиеттік оқу кітабында» (Ш.Кәрібаев нұсқасы), Нұрпейіс Байғанин нұсқасы 1946 жылы ақынның «Таңдамалы шығармаларында» жарық көрді.

Алайда, ілгеріде аталғандай, көп кешікпей өзге қаһармандық эпостар сияқты «Қарасай – Қазиді» жырының астарынан да идеологиялық іліктер іздестіріліп, жинау, жариялау, зерттеу шараларын жүргізуге мүмкіндік болмады. Бұл шектеулер сексенінші жылдардың аяғында кеңестік қоғамға ене бастаған жариялылық саясатқа байланысты ыдырай бастап, рухани мұраларды жариялаудың мүмкіндіктері туды. Осы кезеңнен бері Мұрын жыраудан жазылып алынған нұсқа «Қырымның қырық батыры» (1989, 2005) топтамасында [11], Нұртуған Кенжеғұлұлы версиясы жыраудың жеке жинағында [12], Сейіт жырау нұсқасы Қытай Халық Республикасында шығатын «Мұра» журналының 1990 жылғы 2-санында жарияланып, эпостың Қ.Иманғалиев нұсқасы 1988 жылы күйтабаққа («Мелодия») жазылды.

Өзге қаһармандық эпостар сияқты «Қарасай – Қазиді» жырының да жүйелі жиналуы, текстологиялық сарапталуы, нұсқалық ерекшеліктеріне байланысты толық жариялануы еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастау алады. Әсіресе, Елбасының бастамасымен іске асырылған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының аясындағы «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясының әсері зор болды. Атап айтқанда, топтаманың 41, 42, 46, 50-томдарына (2008) жырдың Мұрат Мөңкеұлы, Қашаған Күржіманұлы, Нұрпейіс Байғанин, Құдайберген Шоқаев, Мүстежеп Ахметұлы, А.Байтабынов, Сейіт, Жақсылық, маңғыстаулық белгісіз жыршы, Қобылаш Бекмағамбетов, Нұртуған Кенжеғұлұлы, Мұрын Сеңгірбайұлы нұсқалары енгізіліп, ғылыми айналымға түсті.

Түйіндеп айтқанда, «Қарасай – Қазиді» жыры – «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Көрұғлы», «Қозы Көрпеш–Баян сұлу» сияқты кең ауқымда жырланып, насихатталған бірегей эпостық туындылардың бірі. Бүгінгі күнге шығарманың отыздан астам қолжазба нұсқаларының жетуі – осының айғақты дәлелі. Әрине, жоғарыда көрсетілген нұсқалардың

бірін-бірі қайталайтын тұстары да аз емес. Алайда, біріншіден, жыр нұсқалары мен версияларының мол болуы мәтін тарихын анықтауға, сол арқылы текстологиялық сараптаулар жүргізіп, іргелі зерттеулерге қол жеткізуге зор мүмкіндіктер береді. Екіншіден, халық туындысы ғылыми, академиялық басылымдардан тыс, әр деңгейлі мектептердің, арнайы орта және жоғары оқу орындардың бағдарламаларына сәйкестендіріліп хрестоматиялық оқу құралдарына, қалың көпшілікке арналған жинақтарға енгізіліп, жыр мазмұнын санаға сіңіру арқылы жас жеткіншектерді адал достыққа, ынтымақ-бірлікке, отансүйгіштік қасиеттерге баулу – тәуелсіз еліміздің әр азаматының парызы болып қала бермек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Бабалар сөзі: Жүз томдық. 41 том: Батырлар жыры. Астана: «Фолиант», 2007. – 448 б.; Т.Әлібек. Ойтамызық. – Қарағанды, 2013. – 260 б.
2. Есенжанова Д. Елдік пен руханият: Құндылықтар қазынасы «Қарасай–Қази» жыры жайында. Монография. – Алматы: Асем-Систем, 2010. – 212 б.
3. Исин А. «Әділ сұлтан» эпикалық жыры. – Алматы, 2000; Бабалар сөзі: Жүз томдық. 41 том: Батырлар жыры. Астана: «Фолиант», 2007. – 448 б.; Т.Әлібек. Ойтамызық. – Қарағанды, 2013. – 260 б.
4. Досмұхаммедұлы Х. Аламан. – Алматы, 1991.
5. Жирмунский В.Н. Тюркский героический эпос. – Ленинград: Наука, 1974. (409-410 бб.); «Қобыланды батыр: аңыздар мен шындықтар тоғысында» республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың материалдары. – Ақтөбе, 2007. – 304 бет.
6. Бабалар сөзі: Жүз томдық. 42 том: Батырлар жыры. Астана: «Фолиант», 2007. – 432 б.; Т.Әлібек. Ойтамызық. – Қарағанды, 2013. – 260 б.
7. ӘОИ, Қолжазба қоры: №920-бума 5,7,12,24,64-жинақтар.
8. Нұртуған Кенжеғұлұлы. Кәнеки, тілім, сөйлеші. – Алматы: «Қазақстан», 1994. – 385 б.
9. Әлібек Т. Ойтамызық. – Қарағанды, 2013. – 260 б.
10. Мөңкеұлы Мұрат. Қарасай – Қази. – Алматы, 1943.
11. Күржіманұлы Қашаған. Топан / Құраст.: Қ.Сыдиықов. – Алматы, 1991.
12. Нұртуған. Кәнеки, тілім, сөйлеші / Құраст.: Ә. Оспанов. – Алматы, 1994.



## ШОРА БАТЫР

«Шора батыр» жыры қазақ халқының белгілі әрі көрнекті туындыларының бірі бола тұрып, кеңестік идеология тарапынан қуғынға ұшырады. Өткен ғасырдың 40-жылдарының екінші жартысы мен 50-жылдардың алғашқы жартысында «Қамбар батырдан» басқа эпос үлгілері «зиянды мұра» деп айыпталған тұстан бастап, «Шора батыр» жариялану, зерттелу мүмкіндігінен айырылды. Оның орнына, қайта шетел зерттеушілері бұл жырға ерекше көңіл бөлді. Ағылшын, румын, поляк, түрік ғалымдары «Шора батырдың» әр түрлі ұлттық нұсқаларына талдаулар жасады.

Жырдың қазақ нұсқаларынан басқа ноғай, қырым татарлары, татар, қарақалпақ, қырғыз ұлттық нұсқалары бар. Бұл ұлттардың шығармашылығымен «Шора батырдың» қатар орын алуын тарихи-генетикалық типология белгісі деп қараған жөн. Тек қырғыздардағы нұсқа ғана тарихи-мәдени типология жемісі деуге лайық, себебі, бұл эпос қырғыздарға қазақтар арасынан ауысып барған.

Ел ішінде кең тараған жыр нұсқаларының бірі алғаш рет 1884 жылы Қазанда «Қисса-и Нәріктің ұғлы Шора батыр» деген атпен жарық көрді. Ал Ә.Диваев 1922 жылы эпостың екі нұсқасын жариялады. 1932, 1939 жылдары С.Сейфуллин, С.Мұқановтар осы мәтіндерді қайта бастырды. Осы нұсқаларды М.Әуезов, С.Сейфуллин, Қ.Жұмалиев, С.Мұқанов, Б.Кенжебаев, А.С.Орловтар өз зерттеулерінде жалпы қазақ эпосы құрамында қарастырған. Өткен ғасырдың 70-жылдарының соңынан бастап Р.Бердібаев, Ә.Оспанұлы сияқты ғалымдар жырды ақтап алу мақсатында мақалалар жазды.

«Нәрік», «Шора» жырлары қыпшақ тілдес түркі халықтары арасында кең тараған қаһармандық эпостардың қатарына Нәрік пен оның ұлы Шора батыр жайындағы ерлік жырлары жатады. Эпостың жоғарыда аталған түркі халықтарындағы ұлттық нұсқалары ауыздан-ауызға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып бүгінге жетті.

Өткен ғасырда Кеңес үкіметінің ұлттық фольклор мұраларына қатысты партиялық, тұрпайы социологиялық көзқарасының кесірінен көптеген қазақ эпостары жарияланбай, зерттелмей қала бергені мәлім. Осы тектес халықтық жәдігердің бірі – «Шора батыр» болатын. Тіпті,

XX ғасырдың 50-жылдарында бірқатар қазақ эпостары саяси тұрғыдан ақталып, зерттеле бастаған уақытта да ноғайлы – қазақ хандығы дәуірінің тарихи оқиғаларын арқау еткен «Едіге», «Орақ – Мамай», «Қарасай, Қазы», «Шора батыр» жырларын оқытуға, жарыққа шығаруға тыйым салынған.

Аталған фольклорлық шығармалардың басты кемшілігі мұнда, қаһармандық жырда негізгі қарсыластарының бірі – Ресей, әсіресе Мәскеу кінәздігі болғандығынан еді. Сол себепті «Шора батыр» эпосын зерттеу, жариялау бағытындағы ауқымды зерттеулер тек Тәуелсіздік кезеңінде ғана қолға алына бастады.

Арада біршама уақыт өткен соң «Шора батыр» жырының бір нұсқасын 1995 жылы әдебиетші Ә.Оспанұлы жариялады. Ол жырдың молда Мұса варианты болатын.

Эпостың кең көлемде зерттелуі мен жариялануы кейінгі кезде жүзеге асты. 1998 жылы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ізденушісі Б.Қорғанбеков «Шора батыр» эпосы және оның ұлттық варианттары (генезис, тұтастану, тарихилық мәселелері) атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады.

2002 жылы, кейін қайталап 2008 жылы аталған фольклоршының құрастыруымен «Шора батыр» эпосының төрт бірдей көркем де көлемді нұсқасы жеке том ретінде жарық көрді [1].

Ал «Бабалар сөзі» сериясының 51-томында атақты Мұрын жырау жырлаған «Қырымның қырық батыры» цикліне енген «Қарадөң батыр және оның ұрпақтары» атты топтама жырлардың құрамында айтылатын «Нәрік», «Шора» бөлімдері жарық көрді [2].

Бұл екі жырдың сюжеті атынан аңғарылып тұрғандай әкелі-балалы қос батырдың өмірі мен сырт жауға қарсы жорықтарына байланысты туған халық аңыздарынан сыр шертеді. Мұндағы Нәріктің баласыздығы; қартайғанда жас сұлуға үйленуі; Ноғайлы елінен басқа қоныс іздеп көшуі; Шора батырдың дүниеге келуі; оның қазақтың эпикалық образда жиі көрініс беретін басты жауы – қалмақ ханына қарсы соғысы секілді сарындар қазақ батырлар жырындағы көне әрі тұрақты мотивтерге жатады.

Аталған жыр мәтіндері 1942 жылы Алматыға арнайы шақыртып алдырылған Мұрын жырау Сенгірбайұлының өз аузынан жазып алынған. Жырды арнайы зерттеген зерттеушілер жазғандай, эпос мәтіндерін қағазға түсіргендер – ақын Мәриям Хәкімжанова, жинаушы Бозтай Жақыпбаев, жыраудың баласы Дәуітбай Мұрынұлы және стенографшы

Мәриям Исаева болды. Бұл ретте кезінде Мұрын жырау мұрасын алғаш жазып алушы (1941ж) Асайын Хангелдин мен Маңғыстау мәдениетін зерттеуде ерекше еңбек сіңірген әдебиеттанушы Қабиболла Сыдиықовтың есімдері айрықша аталады. Қ.Сыдиықов «Қырымның қырық батыры» эпосының екі томдығын құрастырып, баспаға дайындауға да атсалысты. Бұл ауқымды да игі жұмыстың барысында белгілі фольклортанушы ғалым О.Нұрмағамбетованың үлкен үлесі бар. Бастапқы көптомдыққа кірген «Қырымның қырық батыры» циклі 2005 жылы Қ.Сыдиықұлының алғысөзімен (зерттеу мақала) көлемді кітап түрінде қайта басылды [3].

«Шора батыр» жырын зерттеуші Б.Қорғанбеков осы жырдың ең алғаш рет жарыққа шыққан нұсқасы жөнінде былай дейді: ««Шора батырдың» проза түріндегісін Ә.Диваев атақты Майлықожа ақыннан жазып алып, алғаш рет 1895 жылы «Сырдария облысының статистикасына арналған материалдар жинағының» IV томында «Шора батыр» деген атпен жариялаған болатын. Ал, жыр түріндегі екінші нұсқаны кейіннен 1917, 1920 жылдары қарақалпақ эпосы ретінде жариялаған [4]. Кейін осы нұсқаны Диваев «Батырлар» жинағына қазақ қаһармандық жыры деп енгізген. Оның өзіндік сыры бар: текстологиялық салыстырулар жасаған кісі бұл нұсқаның М.Әлиакбарұлы бастырған вариантының редакцияланған үлгісі екеніне көз жеткізе алады. Өйткені екі нұсқаның мәтіні ұқсас. М.Әлиакбарұлы нұсқасын редакциялаушы Төрткүл болысының қарақалпағы Ермұхамед Нығматуллин, көбінесе қысқартулар арқылы ғана өзгеріс жасаған. Редакцияланған нұсқа қазір Қазақстан Республикасының Орталық Архивінде сақтаулы [5]. Ә.Диваев редакцияланған нұсқаны 1919-1920 жылдары жариялаған кезде М.Әлиакбарұлы нұсқасын білмеген сияқты. Бұл жөнінде Ә.Диваев Н.Катановтан естігеннен соң ғана жырды қазақ эпосы ретінде қайта жариялаған болуы керек. Ол екеуі 1896 жылдан бастап хат жазысып тұрған [6, 6]. Диваев Е.Нығматуллин қолжазбасын дәл осы жылы қолға түсірген. Ал Н.Катанов болса, М.Әлиакбарұлы жариялаған нұсқаның қазақтардікі екенін жақсы білген [7], ол жөнінде арнайы сөз еткен» [1, 424-425].

С.Мұқанов 1939 жылы Алматыдан шыққан «Батырлар жыры» жинағының 1-томына жазған алғы сөзінде жырдың бұлардан басқа да көлемді нұсқалары барлығын ескертіп өтеді. Яғни, жырдың классикалық нұсқалары 30 жылдардың соңында ғана ғылыми қауымға танымал бола бастаған.

Жырды зерттеуге тыйым салынғаннан кейін бұл тақырыптар көпке

дейін жабулы күйінде қалды. Тек 70-ші жылдардың бас кезінен бастап Р.Бердібаев, Ә.Оспанұлы сияқты ғалымдар батылдық көрсетіп, бұл шығарма жөнінде аздап болса да айта бастады. Ғалым Р.Бердібаев ерекше жанашырлық танытып, басқа да халықтық жырлармен бірге «Шора батырдың» да жұртшылықпен қайта табысуы керектігіне баса назар аударды. Ол 1983 жылы одан бұрынырақ (1974 ж.) жарық көрген В.М.Жирмунскийдің «Түркі халықтарының қаһармандық эпосы» атты әйгілі зерттеу еңбегін сәттілікпен пайдалана отырып, зерттеуге тыйым салынған жырларды ақтап алу қажеттігін Кеңес Одағы көлемінде мәселе етіп қойды [8]. Бұл – шын мәніндегі үлкен ғылыми ерлік болды. Осыдан соң барып қана баспасөз беттерінде бұл игі бастаманы қостаушылар көбейе түсті. Кейінгі жылдары Р.Бердібаев жырдың ұлттық нұсқалары мен қазақтардағы Молда Мұса жырлаған вариантына арнап жеке-жеке зерттеу мақалаларын жариялады [9, 198-199].

Зерттеуші Б.Қорғанбеков: «Шора батырдың» барлық ұлттық нұсқаларын екіге топтастыра келіп, ноғай, қырым татар, татар, башқұрт варианттарын көне нұсқаларға, Оңтүстік Қазақстан, Сыр бойы, Жетісу өлкелеріндегі қазақ варианттары мен қарақалпақ, қырғыз варианттарын классикалық нұсқаларға жатқызуға болады. Ал М.Әлиакбарұлы вариантының поэтикалық ерекшелігі классикалық нұсқалардан гөрі көне нұсқаларға көп жақын», – деп тұжырымдады [1].

«Шора батыр» жырының жинаққа енген қазақ нұсқаларының басқа да үлгілері көп. Жоғарыда тоқталған қаһармандық жырды қара сөзге, ертегіге айналдырып айтқан Майлықожа, Мырзақай варианттарынан басқа 1896 жылы А.Алекторов «Дала уәлаяты» газетінде жариялаған «Нәрік батыр» атты ертегі де бар [10].

Ендігі мәселе М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының және Орталық Ғылыми кітапхананың қолжазба қорларында сақталған Шора батырға арналған қолжазбалардың он екі нұсқасына тоқталып, қарастырып өтеміз.

«Қисса-и Нәріктің ұғылы Шора батыр» жырын кімнен, қашан жазылып алынғаны белгісіз. Жариялаушысы Мұхамбетнәжіп Әлиакбарұлы жөнінде де нақты мәлімет жоқ. Жыр 1884 жылы Қазанда ескі (қадымша) араб әліпбиінде жарық көрген. Оның жариялаушысының Мұхаммед-Наджиб Алиакберов екенін Н.Катанов өзінің зерттеу еңбегінде атап айтады [11]. Кітаптың бір нұсқасы қазір Орталық ғылыми кітапхананың Шығыс кітаптары бөлімінде сақтаулы тұр. Оның алғашқы төрт беті жоқ. Бұл кітап өте аз тиражбен шыққан болса керек. Оны көшіріп алушылар,

өз бетінше редакция жасаушылар көп болған. Осындай көшірменің бірін 1910 жылы ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы Құлмұқамбет Байғұлыұлы жасаған. Байғұлыұлы Құлмұқамбет (1863-1918) – халық әдебиеті нұсқаларын жинаушы. Ол қазіргі Қостанай облысы, Таран ауданында туып-өскен. Руы – қыпшақ.

Зерттеуші С.Ордалиев 1961 жылы Қостанай экспедициясы кезінде Құлмұқамбет Байғұлыұлы жасаған нұсқаны тауып, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына тапсырған. Қисса институттың қолжазба қорының 127 бума, 1-дәптерінде сақталған. Буманың сыртында «Құлмұқамбет Байғұлыұлының жинаған ауыз әдебиет үлгілері. 1961 ж. Қостанай экспедициясы, жинаған С.Ордалиев» деп жазылған. Шығарма жолсыз қалың дәптерге қара сиямен, араб әрпімен өрнектеліп, ұқыпты, бірақ тығыз жазылған. Жазуы әдемі. Эпос қара сөз бен өлең аралас келген. Кей беттерде өлең жолдары төрт қатардан орналасқан. Дәптердің сырты қатты қара түсті мұқабамен қапталған. Қиссаның көлемі 10 бет (143-152 бб.). Қолжазба жақсы сақталған.

Жинаушы Ордалиев Сейділда (1930-1994) – жазушы, әдебиеттанушы-ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, профессор. Ол Оңтүстік Қазақстан облысы, Түлкібас ауданы, Балықшы ауылында туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің филология факультетін бітірген. 1965 жылы «Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдардағы қазақ совет драматургиясы» деген тақырыпта (ғылыми жетешісі – академик М.О.Әуезов) кандидаттық диссертация қорғайды. 1958-1977 жж. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер болып істесе, 1972-1976 жылдары республикалық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының педагогика кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарған. 1977 жылдан өмірінің соңына дейін Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы болған.

Енді жырдың қысқаша мазмұнына тоқталайық:

«Нәрік батыр еліне өкпелеп, Қазаннан Үргеніштегі Ақша ханға көшіп барып, оның сенімді адамы болады. Нәріктің еңбегін ескерген хан ақылды, сұлу Меңсұлу атты қызды әйелдікке алып береді. Нәрік еліне қайтқысы келеді. Маңындағы арам пиғылды біреулер Нәріктің көзін құртуға Ақша ханды азғырып, оны Меңсұлуға қызықтырады. Меңсұлудың ақылдылығының арқасында хан райынан қайтады. Нәрік пен Меңсұлу Шора атты ұлды, Шырын атты қызды болады. Шора батыр тұлғалы болып ер жетеді. Бір баланы өлтіріп қойып «Қаңғыған Нәріктің

баласы» деген сөз естиді. «Қазан қаласына жау шауыпты» деген хабарды естіп, Шора аттанбақ болады. Жолда ноғайлы елінен Құлыншақ батыр ереді, Мақтым атты сұлуға кездеседі. Шора мен Құлыншақ батыр Қазан қаласын жаулардан азат етеді».

Жыр толық аяқталған. Қиссада араб, парсы сөздері аз кездеседі. Тек қана қазақ сөздері татар тілінің дыбыстық ерекшелігіне бейімделіп хатқа түскен. Эпос 541 жыр жолынан тұрады. Бұл нұсқа «Бабалар сөзі: Жүз томдық сериясының» 45-томында жарық көрді [1, 9-28].

«Ертедегі Шора батыр» жырының нұсқасын тауып, Мәскеудегі Мемлекеттік тарихи музейден оның микрокөшірмесін алып, Әдебиет және өнер институтына 1960 жылы тапсырушы – М.Ғұмарова. Микрокөшірме институттың қолжазба қорында № 4 қорапта сақталған.

Қолжазба ескі орыс әліпбиінде жазылған. Жазба соңында «1885 жылы Қазалы уезінде қырғыз Мұсабайдан (өлеңші) жазылып алынды» деген хатқа түсірушінің ескертпесі және «Е.А.Александров» деп қойған қолы бар. Бұдан жырдың айтушысы – Мұсабай жыршы екенін байқаймыз. Мұсабай жырау – XIX ғасырдың екінші жартысында Қазалы маңындағы Қаракөл елді мекенінде тұрған жыршы. Е.А. Александровтың Мұсабайды «өлеңші» деуіне қарағанда, ол жыр айтуды күнкөріс кәсібі еткен болуы керек. Жырды хатқа түсіруші – Е.А.Александров. Ол Көкшетау қаласында сібірлік казактың отбасында дүниеге келген. Қазақ арасында өскендіктен қазақ тілін, әдет-ғұрпын жақсы білген. XIX ғасырдың 80 жылдарында Қазалы бекінісінде штабс-капитан болып әскери қызмет атқарған. Ол 1884 жылы Н.И.Гродеков миссионерлік мақсатта ұйымдастырған экспедицияға қатысып, көп материал жинаған. А.Е. Александров Мұсабай жыраудан «Қосай батыр», «Қыз Жібек» жырларын жазып алған. «Қыз Жібек» жырын орыс тіліне аудартқан. Сөйтіп, орыс, қазақ тіліндегі мәтіндерін баспаға әзірлеген. Сондай-ақ 1993 жылы И.В. Аничков оның айтуындағы «Жанқожа батыр толғауы» атты ұзақ жырды хатқа түсіріп, бұл шығарманы Н.Веселовский Санкт-Петербургте жарияланған «Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае» деген жинағында жариялаған. И.В.Аничковтың айтуынша, Мұсабай репертуары бай, өз өлкесіне жақсы танымал жыршы болған.

Қолжазба 1600-ден астам жыр жолынан тұрады. Арасында ертегілік сарын араласқан.

Е.А.Александров қазақ тілін жетік меңгергеніне қарамастан, Мұсабайдан жырды жазып алу барысында сирек кездесетін қайсыбір



сөздерді түсінбегендіктен қате жазған. Сондай-ақ кейбір жыр жолдарын қалдырып кеткендігі байқалады. Сондықтан нұсқаның кей тармақтарындағы ой аяқталмай қалған.

«Ертедегі Шора батыр» жыры «Бабалар сөзі: Жүзтомдық сериясының» 45-томында жарық көрді [1, 29-72].

«Ер Шора» жыры М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорының 129-бума, 1-дәптерінде сақталған. Жырдың соңында «Аударған Әлімжанов Әбдіқаппар» деген жазу бар, Сірә, Ә.Әлімжанов араб әрпінен кирилл әрпіне түсіріп шыққанын жазып отырған болуы керек. Бұл адам жөнінде ешқандай дерек жоқ. Қолжазбаны институттың қорына 1957 жылы өзі тапсырған.

Жырдың қысқаша мазмұнына тоқтала кетейік: «Қырық мың үйлі тамада Нәрікбай атты байдың баласы болмайды. Есім атты інісі шұбар атын сұратады. Нәрікбай інісінің сұратқанын бермейді. Қубастығын бетіне басқан соң, інісіне өкпелеп, он мың үйлі түркіменге көшіп кетеді. Түрікменнің ханының аты – Қарахан, биінің аты – Әліби. Әліби де шұбар атты сұратып, тамаларға тыным бермейді. Ақыры ала алмасына көзі жеткен соң, Қараханға той жасаттырып «тойға баласы жоқтар келмесін» деп, жар салғызады. Перзентсіздігінен тағы да таяқ жеген Нәрікбай әйелі Күлқанысты ертіп, Құдайдан тілек тілеп, құрбан шалып, әулиелерге түнейді. Тілектері қабыл болып, Күлқаныс жүкті болады. Күлқаныс жолбарыстың жүрегіне жерік болады. Айы-күні жетіп, Шора есімді бала дүниеге келеді. Ол тез ержетіп, әке-шешесіне зорлық көрсеткен түрікмендерден кегін алады. Нәрікбай әйелі, баласымен өзінің туған еліне, 40 үйлі тамаға қайта оралады. Есім үлкен той жасайды».

Жыр толық аяқталған. Көлемі – 87 бет. Шығарма үлкен ұзын жолды канцелярия дәптеріне көк сиямен, әр бетке екі қатардан, кирилл әрпімен жазылған. Қолжазба қатты тозып тұр. Парактарының шеті үгітіліп, кей беттері түбінен ажырап, бос жүр. Жырдың бастапқы сегіз бетінің жазулары өшіп барады. «Ер Шора» эпосы бұрын жарық көрмеген.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында «Ер Шора» жырының келесі нұсқасы 286-бума, 1-2-дәптерінде сақталған. Қолжазбаны институт қорына тапсырушы Оспанұлы Әсілхан Шымкент пединститутында аға оқытушы, доцент қызметін атқарған.

Эпос бірыңғай жыр түрінде келеді. Көлемі 7600 жолдан астам. Біздің ойымызша, хатқа түсірген М.Токқожаев бұл нұсқаны Молда Мұсаның араб әліпбиіндегі қолжазбасынан көшірген. Жырды Молда Мұсаның өзі жазып алғандығы жөнінде дерек бар. Жоғарыда көрсетілген Қызыл

жырау жырлаған нұсқаны 1942 жылы хатқа түсірген белгілі ғалым Ә.Қоңыратбаев жазба соңында: «Бұл жырды қолжазба түрінде Молда Мұса түсіріп алады екен, одан бір кісі жазып алған. Сол кісіден нұсқасын алып, Қызыл жырау жырлап келген», – деп дерек келтіреді [13]. Демек, туынды – халықтық жырдың ақын жасаған жаңа варианты. Бұл нұсқаны белгілі жыршы Сұлтанбек Аққожаев жырлаған деп айтылып жүр. Орталық ғылыми кітапхана мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорларындағы Болатбек Ердәулетов [14], Мырзабек Байжанұлы (Қызыл жырау) [14] сияқты белгілі ақын-жыршылар жырлаған және Әбдіқаппар Әлімжанов [15], Кенжеғали Есжановтар [16] ескі жазбалардан көшірген үлгілерді Молда Мұса вариантының әр түрлі жырланғандары деп есептеуге лайық. Олардың айырмашылықтары кейбір жолдардан ғана байқалады. Соған қарағанда Оңтүстік Қазақстанда жырды Молда Мұса қолжазбасынан жаттап, ауызша таратқан айтушылар көп болған сияқты.

М.Тоққожаев – Молда Мұса мұраларын хатқа түсіруші, Мұсабектің ағайыны әрі шәкірті. Ол 1917 жылы Молда Мұсаның жырларын ақынның өз тапсырмасымен араб әрпінде хатқа түсіреді де, 60 жылдардың басында оны кирилл жазуына қайта көшіреді [17]. Молда Мұса өзімен бірге жүрген Құлыншақ сияқты ақындардан естіген жырларын өзінше қағазға түсіріп, осы мәтінді түзеген тәрізді. Ал Алып жөніндегі екінші бөлімді бұрыннан бар сюжет негізінде оның өзі шығарғандығы анық. Мұны жырдың мәтінінен де байқаймыз. Бұл бөлімде ақынның өзіндік қолтаңбасы айқын сезіледі. Алайда ақын бұл бөлімді жай қиялдан немесе әкесі мен баласының соғысуы сияқты дәстүрлі шығыстық сюжеттерге еліктей отырып туғызбаған, керісінше көне нұсқалардан алған. Мұнда орыс қызы Шорадан жүкті болып, еліне қашып кетеді. Кейін Шора жау әскерімен келген өз ұлымен соғысуға мәжбүр болады. Мұндай сарын кейбір қырым татар, татар варианттарында да бар. Ескіше де, орысша да сауатты ақынның бұл басылымдардан хабары мол болғаны күдік туғызбайды.

Жырдың қысқаша мазмұнына тоқталайық: Тама руынан шыққан Нәрікбай перзентсіздіктің зарын тартады. Баласына шұбар атты бәсірелеп қояды. Бауыры Әуез осы атты сұратқанда, атын бермейді. Әуез Нәрікбайдың баласыздығын бетіне басқанда соған өкпелеп, ренжіп, түрікпендерге көшіп кетеді. Бұл жерде де Әліби атты би кубастығын бетіне басып, Шұбар атты сұратады. Бәрінен түңілген Нәрікбай әйелі Құлқанысты ертіп, әулиелерге түнеп, бала сұрайды. Баба Түкті

Шашаты Әзіз түсіне кіріп, аян береді. Нәрікбай әйелімен еліне оралады. Күлқаныстың аяғы ауыр болып, жолбарыстың жүрегіне жерік болады. Тоғыз ай, тоғыз күннен соң әйелі ұл туады. Бала ерекше болып ержетеді. Түрікпендер аз тамаға әлімжеттік көрсетеді. Оған шыдамаған Шора түрікпендерге қарсы шығады. Әкесі бәсірелікке атаған шұбар ат сенімді серігіне айналады. Кейін Есім екеуі бірігіп, Қазан қаласын қалмақтардан құтқарады. Әлімхан хан қызы Түймебикені Шораға қосады. Және Қараманның қызы Жәрметөзді де әйелдікке алады. Еліне қайтып оралып, жұртын түрікпендердің қысымынан құтқарады. Бұл жырдың бірінші бөлімі қалмақ қызы Жәрметөздің Шораның бәйбішесі Түймебикеден қорлық көріп, еліне қашып кетуімен аяқталады.

Жырдың екінші бөлімі Жәрметөздің еліне қашып келгенінен басталады. Ол Шорадан жүкті болады. Алып атты баланы дүниеге әкеледі. Алып ерекше бала болып ер жетеді. Қалмақтар Шора батырдан кек алмақ мақсатында Алыпқа әкесінің Шора екенін білдіртпейді. Бала ержеткен соң, Қазан қаласына жорыққа аттанады. Шешесі Жәрметөз де бірге барады. Алып батыр Есім мен Нәрікбайды байлауда ұстап, елді қыра бастайды. Бұл уақытта Шора аң аулауға кетеді. Жыр Шораның аңнан қайтқан кезімен бітеді.

Жыр аяқталмай қалған, көлемі үлкен болса да толық аяқталмаған. Жырдың 1-бөлімі №1-дәптерде, торкөз қалың дәптерге қарындашпен жазылған. Көлемі – 192 бет. Артынан көк сиялы қаламмен кейбір әріптердің үстінен басып жазған. Қолжазбаның көптеген жерлері жөнделген, шимайланған, сызылған. Дәптердің мұқабасы көкшіл қағазбен қапталған, оның шеті жыртылған. Онда «Шора батыр. Молда Мұса Байзақов нұсқасы. 1962 жылы жинап, жазып алған Токқожаев М. Институтқа тапсырған. Оспанұлы Ә.» деп жазылған. Дәптердің ішкі жағында «Ер Шораның» Мұса Токқожаев тапсырған екі бөлімді бұл нұсқаның жол саны – 8686. 26/V- 1962» деп жазылған.

Жырдың 2-бөлімі № 2-дәптерде, торкөз бес дәптерді тіркестіре тігіп, қалың дәптер қылып соған қарындашпен жазылған. Шығарма 193-311 беттер аралығында орналасқан. Жалпы көлемі – 118 бет. Мұнда да қарындашпен жазылған мәтіннің үстінен көптеген жерлері көк сиялы қаламмен жөнделген, шимайланған, сызылған. Дәптердің мұқабасы көкшіл қағазбен қапталған.

«Ер Шора» жыры «Бабалар сөзі: Жүзтомдық сериясының» 45-томында жарық көрді [1, 218-420].

Кенжеғали Есжанов жинаған «Шора батыр» жыры (ӘӨИ. 732-бума,

10-дәптер) үлкен торкөз дәптерге көк сиямен, кирилл әрпімен жазылған. Көлемі – 16 бет. Қолжазбаның мұқабасы қатты ақ қағазбен тысталған. Сақталуы жақсы. «Шора батыр» жырын жырлаушы Бекен Өмірбекұлы және қолжазбаны тапсырушы Кенжеғали Есжанов жайында ешқандай дерек кездеспеді.

Бұл жыр Молда Мұса нұсқасына жатады. Туынды Шора мен Әлібидің кездесуінен басталады. Есім Шораны танымай, жөн сұрасады. Шора өзінің кім екенін білдірген соң, екі бауыр бір-бірімен жылап көріседі. Жеңгелері сүйінші сұрап, қуанып қарсы алады. Есім екеуі ақылдасып, Шора Садырдан кек алуға аттанады. Қалмақтардың шабуылынан Шора батыр Баба Түкті Шашты Өзідің қолдауымен аман қалады. Садыр Шорадан жеңіліс табады. Әлім хан Шораның ерлігіне риза болып, жалғыз перзенті Түймебикені әйелдікке бермек болады. Шора алдымен түрікпеннен жапа шегіп отырған аға-анасы үшін жауынан кек алмақшы болады. Есім Қазан қаласындағы барлық таманы жинайды.

Жырдың бас-аяғы жоқ. Қолжазбаның соңында «Барлығы 1426 жол. Түркістан қаласы. Найман Өмірбекұлы Бекеннен көшірілді. 19.02.68. дүйсенбі» деген жазу бар. Бұл жыр еш жерде жарияланбаған.

«Шора батыр» жырын жырлаған жыршы Дамыллаев Мұстафа 1915 жылы дүниеге келген. Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Қандөз аулының тумасы. Руы – маңғытай. Кейін Түркістан қаласына көшіп келген. 1994 жылы Түркістанға ұйымдастырылған фольклор экспедициясы кезінде 79 жастағы Дамыллаев Мұстафа ақсақалдың қолындағы қолжазбадан «Шора батыр» жырын көшіріп алып, М.О.Әуезов атындағы институт қорына өткізген Қыдыралы Саттаров болатын. Қолжазба институт қорының 920-бума, 111-дәптерінде сақталған.

Жырдың қысқаша мазмұны мынадай: «Сыр бойындағы елге Қазаннан қырық үйлі тама келіп қосылады. Соның ішінде Нәрік бай перзентінің жоқтығынан тепкі көріп, елінен шығып кетеді. Сөйтіп әулиелерге түнеп, зар илеп жүріп, Шора атты ұлды болады. Шора ертегідегідей ғажайып күш иесі болып ержетеді. Алты жасқа келгенде өзінің тама руынан шыққан қырық баланың кегін алмаққа аттанады. Шұбар атты тандап мініп, мың баланы жалғыз өзі жеңеді. Қорыққанан Жанбай деген таздың жүрегі жарылып өледі. Қарахан Әліби арқылы шұбар атты сұратады. Шора батыр тұлпарын бермейді. Қырық жігіт пен Әлібидің басын кесіп, Шора мақсатына жетеді».

Жыр қысқа ғана жырланса да толық аяқталған. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан. Көлемі – 7 бет. Шығарма Түркістан төңірегі мен

Түркістан қаласындағы қазақтардың ауыз әдебиет үлгілері мен тұрмыс-салт жырлары бөлек топтастырылған жинақта жазылып, машинкамен басылған. Сақталуы жақсы. Бұл жыр еш жерде жарияланбаған.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қолжазба қорының 1116-бума, 1-дәптерінде сақталған «Қисса атақты батыр Шора» жырын жинаушы Нукин Мұқыш (1876-1978) – Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Майқайын ауылында туып-өскен. Ал, жырды институт қорына 1990 жылы тапсырған Исабаев Қалмұқан (1925-2015) – белгілі жазушы, Павлодар облысы, Баянауыл ауданының тумасы.

«Қисса атақты батыр Шора» эпосы қарасөзбен баяндалған. Қысқаша мазмұны мынадай:

«Ертеде тама руы Қазан қаласын мекендепті. Ағайынды Кәрібай, Нәрік, Есім деген кісілер болады. Қаланы Есім билеп тұрыпты, үлкен ағасы Кәрібайдың Тәсен деген баласы мырза атанып, қаланың беделді адамы саналыпты. Қазанда үлкен той жасалмақ болып, елге хабар таралады. Осы тойға мініп баруға Тәсен Нәріктің шұбар атын сұрайды. Нәрік өзінен туған бала жоқтығын ойлап, атын бергісі келмейді. Тәсен бұған ашуланып: «Әй, Нәреке-ай, Құдайдың да өзінді қуратып қоюы осы пейілің ғой», – деп, ауыр сөздер айтады. Бұл сөзге ренжіген Нәрік елімен қоштасып, әулие-әнбиелерді аралап, перзент тілейді. «Қайтыңыз» деген інісі Есімнің де сөзіне құлақ аспайды. Үш-төрт ай жол жүріп, Нәрік әйелі Гүлқаныс екеуі он сан ноғайлы айрақты еліне, мың үйлі түрікменге келеді. Түрікменнің Қарахан деген ханы, Әліби деген биі болады. Әліби озбыр, қанағатсыз би екен. Қырық нөкерімен келген Әлібиді Нәрік қонақ етеді. Әліби Нәріктен зекет төлеуді талап етеді. Нәрік төлеуден бас тартады. Ауылдас отырған қырық үйлі таманың балаларына түрікменнің көп баласы зорлық қылып, асықтарын тартып алып, өздерін сабайды. Әліби араға кісі салып, Нәріктің шұбар атын сұрайды. Нәрік «Бұл баласы жоқ деп басынғаны ғой» деп намыстанып, ел-жұртын, дүние-мүлкін тастап, әйелі екеуі тағы да әулиелерге түнеп, бала сұрайды. Нәрік пен Гүлқаныс қыр қыдырып, су сыдырып, табандары ойылады. Ақырында Баба Түкті Шашты Әзіз әулиеге түнеп, Гүлқанысқа түсінде аян беріледі. Гүлқаныс арыстан етіне жерік болады. Нәріктің бір қойшысы мертігіп өлген арыстанның жонынан таспадай тіліп, ет әкеледі. Ай-күні толғанда Гүлқаныс ұл тапты. Нәрік ұлан-асыр той жасады. Бірақ Әлібидің ырқымен қалың түркімен елі тойға келмейді.

Шора нағыз батыр тұлғалы, ер жігіт болып өседі. Түрікмен балаларына зорлық көрсетіп, ақысын қайтарады. Мың баланы түгел қырып салады.

Шорадан қорыққан Қарахан Нәрікке ел-жұртын жинап, көшуге бұйрық береді. Шора бір ұйықтаса, жиырма күн ұйықтайды екен. Әке-шешесі ұйқысынан оянбаған Шораны қалдырып, көшіп кетеді. Ұйқыдан оянған Шора қасында күзетіп тұрған балалардан мән-жайды ұғады да, шұбар атына мініп, Әлібиге қарсы шабады. Биді өлтіреді де Қазанға аттанады. Шораға қастық ойлап, Тасбұлақтың түбінде жатқан Тасыр мергенге жетіп келіп, жауын жеңеді. Шұбар атқа «тіл бітіп», Шораға ақыл-кеңес айтады. Қалмақтың ханы Қараманды жекпе-жекте өлтірген Шора батыр ақырында тама елінің басын құрап, аңсаған арманына жетеді».

Шығарма толық аяқталған. Дәптердің 22-52 бетінде орналасқан, жалпы көлемі – 30 бет. Қолжазба торкөз дәптерге қарындашпен араб әрпінде жазылып, араб сандарымен беттелген. Сақталуы жақсы. Бұл жыр еш жерде жарияланбаған.

«Шора батыр» жырының үш түрлі нұсқасы Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қорында бір бумада, яғни 357-буманың 1, 2, 3-дәптерлерінде сақталған. Қолжазбалар көлденең сызылған, я болмаса, торкөз, не ұзын жолды оқушы дәптеріне жазылып, өзара біріктіріліп, сыртқы мұқабасы көкшіл түсті қатты картонмен қапталып, қалың кітап сияқты түптелген. Енді осы жырлардың әр нұсқасына жеке-жеке тоқталайық:

357-буманың 1-дәптерінде «Батыр Шораның дастаны» сақталған. Жырды айтушы Нүсірепұлы Сәдібек. Ол туралы ешқандай мәлімет кездеспеді. Жырды жинап, Орталық Ғылыми кітапхананың қолжазба қорына тапсырушы С.Нүсірепұлының қарындасы – Нүсірепқызы Сарқыт. Жырдың қысқаша мазмұны мынадай: «Қазан қаласында он сан ноғайлыда Қайыстың ұлы тама деген ел болады. Оларды Орманбет деген хан биледі. Орманбет дүниеден өткеннен кейін Нәрікбай хан болады. Нәрікбайдың баласы болмайды. Жылқыдан шыққан шұбар атты інісі Есім сұратады. Нәрікбай бермей қояды. Есім оның қубастығын бетіне басады. Інісіне өкпелеп, Нәрікбай басқа елге көшіп кетеді. Түрікпендерге көшіп барғаннан кейін де Нәрікбайдың қубастығы бетіне салық болып, тепкі көреді. Әйелі екеуі әулиелерге түнеп, жалбарынып жүріп, перзентті болады. Шора батыр болып ержетіп, әке-шешесінің кегін алады. Туған жеріне оралады».

Мәтіннің басында және соңында С.Нүсірепұлының өз жанынан қосқан өлең жолдары бар. Жыр оқушы дәптеріне көк түсті қаламмен латын әрпінде жазылған. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан орналасып, еуропалық цифрмен беттелген. Қолжазбаның кейбір беттеріне сия

төгілген, өлең жолдары сызылған. Көлемі – 86 бет. Жыр бұрын жарық көрмеген.

Осы 357-буманың 2-дәптерінде сақталған «Нәрікұлы Шора батыр» жырын айтушы Оразбекұлы Нақышбек. Ол жырды 1928-1932 жылдар аралығында хатқа түсірген, ал жырды жинап, Орталық Ғылыми кітапхананың қолжазба қорына тапсырушы – Нүсірепқызы Сарқыт.

Жырдың қысқаша мазмұны мынадай: «Қазан қаласында Орманбет он сан ноғайға хан болып тұрған кезінде Нәрік деген бай болады. Бір перзентке зар болады. Інісі Есімнің «қубас» деген сөзіне налып, Нәрік төменгі Үргенішке, Қайу деген жерге көшіп кетеді. Қараханның қарамағында жүргенінде де баласыздығын бетіне баса береді. Бәйбішесі Құлқанысты ертіп, Құдайдан бала тілеп, дала кезіп кетеді. Баба Түкті Шашты Әзіз түсінде аян беріп, тоғыз ай, тоғыз күннен соң Шора атты ұлды болады. Шора ержүрек, батыр болып өседі. Әлібиден, Садырдан әкесінің кегін алып, туған жеріне оралады».

Жыр толық аяқталған. «Нәрік, Есім, Қарахан» деген бөлімдерге бөлінген. Эпос торкөз оқушы дәптеріне көк сиямен араб әрпінде жазылып, еуропалық цифрмен беттелген. Өлең жолдары әр бетке 2-3 қатардан орналасқан. Көлемі – 61 бет. 105-130 беттердің қағазы тозып, жыртылған, жазулары көмескі тартқан. Қолжазбаның сақталуы орташа. Жыр бұрын жарық көрмеген.

«Қисса Нәрікбай-Шора» жырын әрі жырлаушы, әрі Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорына тапсырушысы да (ОҒК. 357-бума, 3-дәптер) болған Сариев Әбдіғали 1900 жылы Алматы облысының Жамбыл ауданындағы Аманкелді атындағы совхозда дүниеге келіп, 1964 жылы сонда қайтыс болған. Сүйінбай, Жамбыл дәстүрінде тәлім алған. Жетісу ақындарының 1919 жылы Алматыда, 1923 жылы Ұзынағашта болған слеттеріне қатысқан. «Қарасай», «Саурық» атты дастандары бар. Ақынның өмірі мен шығармашылығы жөнінде К.Сейдехановтың зерттеуінде, «Қазақ совет энциклопедиясында (10-т., 1977) жазылды.

Бұл қисса Майкөт – Ә.Сариев нұсқасы болып есептеледі. Мұндағы Сандыбайұлы Майкөт – XIX ғасырдың екінші жартысында Оңтүстік Қазақстан өңірінде өмір сүрген суырып салма, айтыскер ақын, репертуары бай жыршы. Майкөт «Алпамыс батыр», «Қыз Жібек» жырларын да айтқан. Кезінде Н.Смирнова оны «Қазақтың мың жылдық тарихын жырға қосушы» деп бағалаған. Алайда Майкөт жырлаған жырлардың дені хатқа түспеген. Оның Түбекпен, Құлмамбетпен, Бөлтірікпен айтыстары, Жамбылмен сәлемдесуі сақталған.

Бұл нұсқа Майкөт ақын жырлаған вариант негізінде қағазға түскен. Қолжазбаның бірінші бетінде «Бұрынғы баспа сөзі бойынша жазылған. Аударушы – Сариев Әбдіғали. 15 июнь, 1938 жыл» деген сөздер араб әрпімен көк сиямен жазылған. Бұдан Ә.Сариевтың жырды жатқа айтпағанын, тек ескі араб жазуындағы мәтінді жаңа (жәдидше) араб әліпбиінде көшіріп алушыға оқып бергендігін ғана байқаймыз.

Жырдың қысқаша мазмұны мынадай: «Нәрікбай Қазан қаласына хан болып, билеп тұрған шағында, қалмақтар жылқысын шауып кетеді. Нәрікбайдың туған інісі Есім ағасынан Күлзар атты жүйрік атын сұрап келеді. Нәрікбай Есімге сұрағанын бермейді. Сонда Есім ағасының перзентсіздігін бетіне басады. Інісіне өкпелеген Нәрікбай түрікпендерге көшіп кетеді. Бұл елде зорлықшыл, әдепсіз Әліби, Ақшаби атты билер болады. Олар Нәрікбайға күш көрсетеді. Қараханның ақылымен Әліби той жасайды. Тойға келген Нәрікбайға Әлібидің жыршысы «кубассың» деп айтады. Нәрікбай мен әйелі Күлқаныс бала тілеп әулие-әнбиелерді аралайды. Жеті жыл дегенде Баба Түкті Шашты Өзіз аян береді. Күлқаныс арыстан етіне жерік болады. Дүниеге ұл бала келеді. Атын Шора қояды. Шора жедел ержетіп, түрікпендерден кек алады. Өз елін таппақ болып, Қазанға аттанды. Жолда көп сиқырлы күштерге кездесіп, аман өтеді. Қалмақтармен соғысып, жеңіске жетеді. Қайтып келіп, Әлібиден қорлық көрген ата-анасын құтқарады. Қараханды өз тағына отырғызады».

Жыр толық аяқталған. 5250-ден астам жыр жолынан тұрады. Ұзын жол дәптерге көк сиямен араб әрпінде жазылған. Еуропалық цифрмен беттелген. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан орналастырылған. Көлемі – 133 бет. Сақталуы жақсы. Қолжазба «Бабалар сөзі: Жүз томдық сериясының» 45-томында жарық көрді [1, 73-217].

Әр қайсысының өзіндік ерекшеліктері болса да жоғарыда аталған үш жырға да ортақ жайт ол – жырдың басында Нәрікбайдан жүйрік шұбар атын інісі Есімнің сұратуы, атын бермеген соң інісі «кубас» деп бетіне басуы, інісіне өкпелеп, елінен көшіп кетуі, барған елі түрікпендерден де қорлық көріп, әйелі екеуі Алладан бала тілеп, әулиелерді аралап кетуі, тілектері қабыл болып, перзентті болуы, батыр Шораның ерлік істері, ақыры әке-шешесімен бірге туған жерге оралуы. Айырмашылықтары жекелеген жыр жолдарынан ғана көрінеді.

Майкөт жырлауындағы «Шора батыр» жыры XIX ғасырдың аяғында орысшаға жолма-жол аударылып, қағазға түскен. Мәскеу Мемлекеттік тарихи музейіндегі бұл аударманың микрокөшірмесін де Әдебиет және өнер институтына 1960 жылы тапсырған М.Ғұмарова еді. Микрокөшірме



институттың қолжазба қорында, № 5 қорапта сақталған. Аударма нұсқаның алғашқы бетінде «Әулиеата уезінің жыршысы Майкөт жырлауы бойынша (По певцу Аулие-Атинского уезда Майкуту)» деп жазылған. Соңғы бетте «соны жазылмады» деген белгі бар. Тек Майкөт аудармасында негізгі ойды беретін жолдар ғана жазылып, созылыңқы монолог, диалог, баяндаулар қысқартылып берілген. Бір өкініштісі, аударма нұсқаны қашан және кім жазғаны көрсетілмеген. Алайда халық мұраларын жинаушылар мен зерттеушілердің ішінен Майкөтпен кездескені Ә.Диваев болғаны және аудармадағы жазудың оның жазбаларындағы жазу үлгісімен ұқсастығы – аударма жасаушының сол кісі екендігін аңғартады. Н.Смирнова келтірген дерек бойынша, Ә.Диваев ақынға 1883-84 жылдар шамасында кездескен [12, 14]. Әрине аудармашының эпосты тікелей ауызша жырлау барысында емес, хатқа түскен мәтін негізінде тәржімалайтыны анық. Алайда аударма жасалған түпнұсқа бізге белгісіз.

Жоғарыдағы үш нұсқаны аударуға негіз болған осы жазбадан тараған түрлі жырлар деп айтуға болады. Мұның себебін фольклортанушы Б.Қорғанбеков былайша түсіндіреді: «Олай деуге дәйек боларлық тағы бір үлкен айғақ – бұл үш нұсқаның поэзиялық бөлімі Майкөт нұсқасының аяқталмай қалған жерінен бітетіндігі. Кейінгі айтушылар жырдың аяқталмай қалған соңын қара сөзбен жедел бітіре салған. «Шора батырды» жатқа айтушылардың бірі – Майкөттің ұлы Арқабай да жырды тікелей әкесінен емес, аталмыш қолжазбадан үйренген сияқты. Оның жырды «Нәрікбай» деген атпен жырлау себебі де бітпей қалған жыр сюжетінде Нәрік жайында көбірек баяндалатындығымен байланысты болса керек. Мұндай ерекшелікті осы жинаққа енген Ә.Сариев нұсқасынан да көре аламыз. Бұл вариантты Майкөт – Ә.Сариев нұсқасы деп қосарлап атаған дұрыс» [1, 393].

Келесі (ОФК. 667-бума, 5-дәптер) «Нәрік-Шора» жырын жырлаушы Мұрын Сеңгірбаев болса, оның орындауынан жазып алған жинаушы Мәриям Хакімжанова болды. Ал, қолжазбаны 1942 жылы Орталық Ғылыми кітапхананың қолжазба қорына тапсырған Сеңгірбаев Дәуіт. Жырды жинаушы М.Хакімжанова (1906-1995) Қостанай облысы, Обаған ауданындағы Мезгіл дейтін жерде (Балғожа бидің немересі, Ы.Алтынсаринмен туыс) Хакімжан деген шаруаның семьясында туған. Қазақтың белгілі ақыны, 1934 жылдардан бастап Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, белгілі халық мұраларын жинаушылардың бірі болған.

«Нәрік-Шора» жыры екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім «Нәрік» (1-21беттер), екінші бөлім «Шора» (22-57 беттер) деп аталады. Бұл мәтін – атақты Мұрын жырау жырлаған «Қырымның қырық батыры» цикліне енген «Қарадөң батыр және оның ұрпақтары» атты топтама жырлардың құрамында айтылатын «Нәрік», «Шора» бөлімдері. Бұл екі жырдың сюжеті аты айтып тұрғандай, әкелі-балалы қос батырдың өмірі мен жауларына қарсы жорықтарына байланысты туған. Мұнда да басқа нұсқаларындағыдай Нәріктің баласыздығы, қартайғанда үйленуі, Ноғайлы еліне қоныс аударуы, Шораның дүниеге келуі, оның қалмақтарға қарсы тұруы айтылады.

Жыр ұзын сарғыш қағазға көк сиялы қаламмен араб әрпінде жазылған. Жазуы нашар, оқылуы қиын. Еуропалық цифрмен беттелген. Көлемі – 108 бет. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан. Кей жерлерінде қолжазбаның жазулары өше бастаған. Көптеген беттері шимайланған. 1, 25, 37-беттерде «Қаралды. Қосатыны жоқ. Сеңгірбаевтың баласы Дәуіт» деген жазу бар. Қолжазбаның мұқабасы қатты ақ қағазбен қапталған. Сақталуы орташа.

«Нәрік-Шора» жыры «Бабалар сөзі: Жүз томдық сериясының» 51-томында жарық көрді [2, 9-97].

Келесі тағы бір «Шора батыр» жырын жырлаған Қызыл жыраудың (1870-1945) азан шақырып қойған есімі – Байжанұлы Мырзабек. Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылқұм ауданында туып-өскен. Ақын, жырау. Шығыстың аңыз-хикаяларын жатқа білген. Оның қолжазбалары ҚР ҰҒА Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорларында сақтаулы.

«Шора батырды» жинаушы да, тапсырушы да – Қоңыратбаев Әуелбек. Жырды қорға 1944 жылы тапсырған (ОҒК. 1447-бума. 1-2 кітапша). Қолжазба мұқабасы қоңыр түсті, қатты картонмен қапталған шағын екі кітапшаға енген. (Бірінші кітапшаның 45-97 беттерінде (басы) және екінші кітапшаның 1-17 беттерінде (аяғы). Қызыл түсті қатты буманың сыртында «Әдебиет нұсқалары. 1944. Жинаған: Ә.Қоңыратбаев» деп жазылған. 1-кітапшаның ішінде «Записи произведен Конратбаевым Ауельбеком 17/ VII–44 г. в Чаульдерском, Туркестанском районах» деген көк сиямен жазылған жазу бар. Мұнда жырдың көлемі – 104 бет болса, екінші кітапшадағы жырдың көлемі – 34 бет. Жырдың қысқаша мазмұны мынадай:

«Қырық үйлі тамада Нәрікбай атты бай болады. Жасы елуден асқанша баласы болмайды. Осы баласы жоқтығынан елден тепкі көреді. Ел-жұртына өкпелеп, он сан ноғайлы түрікмендердің еліне көшіп кетеді.

Құдайға жалбарынып жүріп, ұлды болады. Баласының есімін Шора деп қояды. Шора ержүрек, батыр болып өседі. Түрікмендер мен қалмақтардан ата-анасының кегін қайтарады».

Жыр сарғыш қоңыр түсті қағаздарға қарындашпен, арасында кей беттері ғана көк сиямен араб әрпінде жазылған. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан, кейде бір қатардан орналасқан. Қызыл қарындашпен еуропалық цифрмен беттелген. Қолжазбаның жазулары аздап өше бастаған. Бірнеше өлең жолдары үстінен сызылып, шимайланған. Жалпы сақталуы жақсы. Жыр бұрын еш жерде жарияланбаған.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Бабалар сөзі. 7-том. – Астана: Фолиант, 2002.– 426 б.; Бабалар сөзі: Жүз томдық. Батырлар жыры. 45-том. – Астана: «Фолиант», 2008. – 440-бет.
2. Бабалар сөзі. 51-том. – Астана: Фолиант, 2008. – 402 б.
3. Қырымның қырық батыры / Құраст.: Қ. Сьидиқыұлы. – Алматы, 2005. – 544 б.
4. Туркестанское слово. № 54-55. 1917; Труды Оренбургского общества изучения киргизского края. Вып. 3. – Оренбург, 1920.
5. ҚР Орталық мемлекеттік мұрағат. 929 фонд, 3-дәптер.
6. Диваев Ә. Тарту. – Алматы. 1992.
7. Известия общества Археологии при Казанском университете. Т. 15. Вып. 1-2. 1899.
8. Бердибаев Р. Проблемы казахского литературоведения // Советская тюркология. № 4. 1983.
9. Бердибаев Р. Сарқылмас қазына. – Алматы, 1983; Сонікі. Егіз ел, етене өнер // Қарайдар мен Қызылгүл. – Алматы, 1989; Сонікі. Ғасырлар толғауы. – Алматы, 1977; Бердибай Р. Эпос– ел қазынасы. – Алматы, 1995.
10. Дала уәлаятының газеті. Әдеби нұсқалар. 1895-1898. – Алматы, 1990.
11. Катанов Н. Исторические поэмы Казанских татар. – Казань, 1899.
12. Смирнова Н. Казахская народная поэзия. – Алма-Ата, 1964.
13. ӘӨИ. 1920/19 - бума.
14. ОҒК. 1447-бума, 1-2 дәптер.
15. ӘӨИ. 129-бума. 1-дәп.
16. ОҒК. 1447-бума. 3-дәптер.
17. Оразбекова З. Мұсабек Байзақұлының ақындық мұрасы. – Түркістан, 1999.



## ЕР ТАРҒЫН

«Ер Тарғын» – ноғайлы дәуірінің тарихи оқиғаларын суреттейтін жыр. Жыр қазақ халқының арасына кең таралған. «Ер Тарғын» жырын алғаш рет қағаз бетіне түсіріп, баспа жүзінде жариялаған – орыс миссионері, түркітанушы Н.Ильминский.

Н.И.Ильминский (1822-1891) – орыс педагогі, миссионер. Пенза діни семинариясын (1842), Қазан діни семинариясын (1846) бітірген. 1846-1851 жылдары Қазан діни академиясында оқытушы болып жұмыс істейді.

Шығыс тілдерін жете меңгеру мақсатында (1851-1854) ғылыми сапармен Сирия, Мысыр, Түркияда болады. Қазан діни академиясында шығыс тілдерінен сабақ береді. Орынбор шекаралық комиссиясында аудармашы (1861-1872) болады.

1872 жылдан өмірінің ақырына дейін өзі негізін қалаған Қазан мұғалімдер семинариясының директоры болды.

Қазақ тілі фонетикасы мен грамматикасының құрылысы жөнінде сөздік құрастырған. «Материалы к изучению киргизского наречия» (Қазан, 1861) 200 беттік еңбегінің 40 беті қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикасына арналған да 160 бет қазақша-орысша сөздік ретінде берілген [1, 245]. Ол сол сияқты қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастырған.

Ыбырай Алтынсарин Орынбор қаласында оқып жүрген кезінде (1850 жылдары) орыс халқының бірнеше ағартушы-ғалымдарымен танысады. Оған, әсіресе, Н.И.Ильминский, В.В.Григорьев сияқты оқымысты адамдар көмек етіп, білім алу, халыққа қызмет ету жолдарын үйретеді. Сөйтіп, Ыбырай мен Ильминский арасында достық қарым-қатынас орнайды.

Ыбырай Н.Ильминскийге жазған бір хатында «Мен ел арасынан көптеген әдебиеттік материалдар жинадым... оны мүмкін болғанынша сізге жіберіп те отырмақпын», – деп жазады [2, 213]. Н.Ильминский Ыбырайдың бұл ісін құптап, оған жазған хаттарында қазақ елінің ауыз әдебиетке бай екендігін, халықтың көптеген тамаша ауызекі мұралары сақталып келе жатқандығын, оларды жинап, хатқа түсіру керектігін айтады.

Халық әдебиеті үлгілерін жинап, хатқа түсіру бір кісінің қолынан келе бермейтін жұмыс екенін жақсы түсінген Ыбырай бұл іске өзінің досы Н.Ильминскийдің қатысуын сұрайды. Ыбырайдың бұл өтінішін қабыл алған Н.Ильминский халық әдебиеті үлгілерін жинауға атсалысады. Ыбырай Ильминскийді қазақ халқының өмірімен таныстырады және қазақ тілін үйренуге көмектеседі. Ыбырай мен Ильминский көп уақыт қазақ ауылдарын аралайды. Ел аралап жүрген кезінде Ыбырай Ильминскийді Марабай ақынмен таныстырады. Олар Марабайдың орындауында көптеген жырларды тыңдап, кейбірін жазып алып отырады. Бұл жөнінде Н.Ильминский былай деп жазады: «Мен 1859 ж. қысының бас кезінде Батыс Қазақстанда тұрушы суырып салма айтқыш Марабай ақынды Орынбор қаласына шақырып алдым... Марабай «Ер Тарғын» әңгімесін жырлап берді. Мен бұл жырды татар әрпімен жазып алдым... «Ер Тарғынды» өз алдына кітапша етіп Қазан қаласында бастырып шығардым...» [2, 32].

Ғалым бұл нұсқаны табын руының атақты жыршысы Марабай ақыннан 1859 жылы жазып алып, 1862 жылы Қазан қаласында бастырған.

Марабай ақыннан Н.Ильминский жазып алған «Ер Тарғын» жырының өз алдына кітапша болып шығуы Ыбырайды қатты қуантады. Бұл жөнінде Ыбырай 1862 жылы Н.Ильминскийге жазған бір хатында: «Мен сіз бастырып шығарған «Ер Тарғын» жырын оқыдым. Бұған өте қатты қуанам... Қазақ тілінде еш уақытта кітап басылған емес. Сондықтан қазақтар өзінің ана тілінде кітап шыққанына өте қатты қуануда» [2, 213-214], – дейді. Сол сияқты ел арасынан «Ер Тарғын» сияқты бірнеше шығарма жинағандығын айтады және оларды баспа бетіне жариялауға көмек сұрайды.

Мұнан кейін жырдың осы нұсқасы өзгеріссіз 1892, 1893, 1909, 1913 жылдары жарық көрді. Профессор Қ.Жұмалиевтің 1958 жылы шыққан «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» деген кітабында, академик М.Ғабдуллинның сол жылы жарияланған «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» атты еңбегінде «Ер Тарғын» жырына толық талдаулар жасалған.

Қазан басылымында өлең мен қара сөз аралас келіп отырады. Эпоста Тарғынның кім екендігі бірден айтылмайды. Жыр Тарғынға қатысы жоқ жайды суреттеуден басталады. Яғни қалың қолмен торғауыт еліне аттанған Ақшахан жеңіліске ұшырайды. Әскерінің жан-жаққа қаша бастаған кезінде, Қырымның еліне барып, алғашқыда елеусіздеу болып

жүрген Тарғын бір өзі жаудың әскерін жеңіп, осы ұрыста өзін танытады. Осыдан бастап Тарғын образы даралана бастайды.

Жырдың композициясы: Тарғынның торғауыттармен соғысы; Ақжүністі алып қашуы; Қарт Қожақпен кездесуі; Тарғынның Домбауыл батырды жекпе-жекте жеңуі; жаудың қалың қолымен соғысып, оған тойтарыс беруі сияқты эпизодтардан құрылған. Жырдағы осы әңгімелер Тарғынның іс-әрекетімен тікелей байланысты өрбіп отырады. Сөйтіп, жырда сырт жауға қарсы ұрыс майданында ерлік жасаған Тарғынның бейнесі жасалған. Сол сияқты басқа да кейіпкерлердің мінез-құлқы, іс-әрекеті шебер суреттеледі. Жырда қысылған жерде қайрат беретін, қиын жерде ақыл табатын ел қамқоршысы батырдың сенімді серігі, сүйікті жары, ақылшысы Ақжүністің де образы үлкен шеберлікпен сомдалған. Әйелдер бейнесін суреттейтін мұндай көріністер қазақтың қаһармандық эпостарында ғана емес, сонымен қатар бурят [3, 146] халқының батырлық жырларында да кездеседі. Сол сияқты эпоста айрықша ықыласпен суреттелген бейненің бірі – Тарлан тұлпары. Жырда батырға сын сағатта көмек беретін Тарлан жүйрік қана емес, қысылтаян, тар кездегі алғашқы жәрдемшісі, ақылшысы ретінде суреттеледі. Жүйрік аттың осындай сипатта көрінетін тұстарын қазақтың «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қарабек батыр» сияқты қаһармандық эпостарынан және бурят халқының эпосы «Гэсэрдэн», тува халқының аңызы «Бокту – Кириш пен Бора Шэллиден», башқұрттың «Заятөлек пен Сусұлу» аңызынан, қалмақтың қаһармандық эпосы «Жәңгірден» кездестіруге болады.

Нұсқаның бір ерекшелігі жыр оқиғасын дамытуда, адам образдарын жасауда жыршы көптеген айшықты теңеу, эпитет, метафора, әсірелеу, шендестіру т.б. көркем тілдің әр алуан түрлерін мол пайдаланған.

Марабай жырлаған «Ер Тарғын» жырының нұсқасы дәстүрлі эпикалық стильде халықтың бай да көркем тілмен өрілген таңдаулы эпостардың қатарына жатады.

Түркі тектес елдердің және қазақ халқының ауыз әдебиетін жинауда зор үлес қосқан В.В.Радлов шығыс халықтарының ауыз әдебиетін жинап, зерттеу мақсатында біраз жерді аралап, өте көп материалдар жинайды. Сол жинаған мұраларын «Образцы народной литературы тюркских племен...» деген атпен 1865-1904 жылдар арасында сегіз том етіп бастырып шығарады.

В.В.Радловтың бұл еңбектері өз кезінде ағылшын, француз, неміс тіліне аударылған. Әрбір томға кіріспе тарауын жазып, оған кірген материалдарды әр халықтың өз тілінде (әрпі орысша) береді.

Зерттеушінің үшінші томы (1870) қазақ халқының ауыз ауыз әдебиеті үлгілерінен құралған. Бұл жинаққа аңыз-әңгімелер, ақындар айтысынан: Жанақ пен Түбектің, Ұлбике мен Күдерінің, Мөнек пен Оспанның, Шортанбай мен Орынбайдың айтыстары; жырлардан: «Ер Тарғын», «Ер Көкше», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры топтастырылған.

Бұл томға Радлов қысқаша алғы сөз жазып, қазақ халқының ауыз әдебиетке бай екендігін, әсіресе оның өлең шығаруға қабілетті келетіндігін атап өтеді.

Айтылған нұсқадан басқа В.В.Радлов Қырым елінен Ер Тарғын туралы тағы бір ертегі-аңызды жазып алады және оны өзінің жетінші томында жариялаған [4, 201-204].

Қысқаша мазмұны төмендегідей:

«Мамай сұлтанның қоластында Ер Тарғын деген батыр болады. Бір күні Мамайдың Алшы Ысмайыл Тобаяқ дейтін інісі Тарғынды Мамайдың Кәрікүрең атын алып кел деп жұмсайды. Тарғын Кәрікүреңді мініп келгенде, Мамай «басқа ат мініп келсең болмады ма?» деп ренжиді. Бұған өкпелеген Тарғын Қырым еліне көшіп кетеді. Мамай Тарғынды қайырып алып келеді. Сол кезде Қырым елінде Батырақ дейтін жігіт Тарғын туралы естіп, Мамайға келіп жалданып, үш жылдай жұмыс істейді. Еңбекақысына Тарғынның оғы мен жағын сұрайды. Тарғын бұған көнбейді. Тарғын көнбеген соң Батырақ тағы да үш жыл жалданып жұмыс істейді. Бұл жолы Мамай Тарғынды көндіріп, Батырақтың қалағанын береді. Сөйтіп Батырақ олжалы болып еліне қайтады. Көп ұзамай Қырым мен Мамайдың арасында үлкен соғыс болады. Мамай Тарғынды қолбасы етіп майданға аттанады. Алдарынан Батырақ шығып, Тарғынды өз оғымен атып түсіреді. Тарғын Мамайдан Батырақтың басын алуды өтінеді. Ақырында Мамай Батырақты өлтіріп, басын Тарғынға алып келеді. Мамаш деген жерге келгенде, Тарғын өледі. Мұнда Тарғын аты аталғанмен, қазақтағы «Ер Тарғын» жырына ұқсамайды.

1904 жылы қазақтың мәдени мұрасын жинаған белгілі жинаушылардың бірі – Николай Саркин Қостанай уезі, Кеңарал болысы, 2-ші ауылдың қазағы Оспан Қисықұлынан жырдың бір түрін жазып алады.

Саркиннің ұлты – қазақ, шын аты-жөні – Хакімжан Сәркеұлы. Оның туып-өскен жері – Қостанай уезі, Кеңарал болысы. Шіркеу қызметін атқарған. Кейін Омбыға қызметке (земское управоға) ауысады. Н.Саркин – өз қызметін атқара жүріп, Қазан төңкерісіне дейінгі қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинауға үлкен еңбек сіңірген адам. Ол 1904 жылы «Ер Тарғын» жырын жазып алып, орыс тіліне аударған. Сол сияқты

орыс тіліне қазақтың «Мақал-мәтелдерін», «Самұрық құс» ертегісін т.б. аударған.

Оспан Қисықұлы жырлаған «Ер Тарғын» нұсқасы туралы пікір айтқан ғалымдардың бірі – Қ.Жұмалиев [5].

«Ер Тарғын» жырының аталған нұсқасы алғаш рет 1904 жылы Орынбор қаласында, одан кейін «Бабалар сөзі» жұзтомдығының 44-томында жарияланды. Қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (373-бума, 1-дәп.) сақтаулы.

«Ер Тарғын» жырының бірнеше нұсқаларын салыстырып қарағанымызда, Оспан Қисықұлы жырлауында «Ер Тарғын» эпосының байырғы желісі барынша сақталып, жырдағы кейіпкерлердің есімдері, мінеземелері мен көптеген өлең шумақтары да ұқсас болып келгенімен, кейбір айырмашылықтары да бар екені байқалды. Мысалы, бұл нұсқада басқа варианттарда бар: 1. Ақшаханның Ақжүніс атты қызын суреттейтін тұсы, Ханзаданың Тарғын мен Ақжүністі Бұлғыр тауындағы Шаған деген жайлауға тастап кеткенде, олардың азығы таусылып, Ханзададан ешбір адам келмей, тарыққан кезде Тарғынның айтқан толғауы т.б. эпизодтар кездеспейді. 2. Жырдың кейбір көріністері қысқартылып берілген. 3. Жалмағанбеттің есімін Қалмамбет деп атайды. 4. Оқиғаның көпшілігі кара сөзбен баяндалған.

Қысқасы, жыршы Ильминский нұсқасымен жете таныс болған. «Ер Тарғын» жырының түпкі сюжетін жадында сақтай отырып, қысқартып, ықшамдап өзіндік стильмен жырлаған деп санаймыз. Аталған мәтінде араб, парсы, жергілікті сөздер барынша аз кездеседі.

Орталық кітапхана қорында (527-бума) «Ер Тарғын» жырының Н.Саркин орыс тіліне аударған нұсқасы сақтаулы. Аударманың мазмұны Саркиннің өзі жазып алған қазақша түпнұсқасына сәйкес келеді. Қолжазбаның сыртында мынандай жазу бар: «Материалы к изучению киргизского наречия. «Ер Тарғын» (киргизская поэма). Профессор Н.О.Катанов и священник Н.Саркин. Ал қолжазбаның соңында Николай Саркин деп қол қойған.

1920-1922 жылдары Түркістан Республикасы Халық ағарту комиссариаты жанындағы қазақ-қырғыз ғылыми комиссиясы Жетісу және Сырдария облыстарынан халық әдебиеті үлгілерін жинаумен шұғылданады. Осындай ғылыми сапардың бірінде фольклорист-ғалым Ә.Диваев қазақтың біраз мәдени мұраларын жинаған. Экспедиция жазбалары халық әдебиетінің жанрларының бәрін қамтыған деуге болады. Онда ертегі-аңыз, жұмбақ, мақал-мәтелдер, айтыстар, жырлар,



өлеңдер т.б. фольклорлық үлгілер кездеседі. Бұл материалдар – Перовск, Қазалы, Шымкент, Әулиеата уездерінің Жетісу мен Сыр өңірінің шет аймақтарынан жиналып, топтастырылған дүниелер. Солардың ішінде Сырдария облысында жазылып алынған «Ер Тарғын» жыры да кездеседі.

Бұл нұсқаның мазмұны 1859 жылы Н.И.Ильминский жазып алған мәтінмен бірдей. Соған қарағанда, бұл нұсқаны айтып берген жыршы Марабай нұсқасын жетік білген де ел арасына сол күйінде таратқан деуге болады.

Әбубәкір аталған жырды 1922 жылы Ташкентте шығарған «Батырлар» атты жинағында жариялайды.

КСРО Халықтарының Кіндік баспасында қызметте жүріп Әлихан ең алдымен 1923 жылы «Ер Тарғынның» Марабай ақын жырлаған нұсқасын өңдеп, түсініктерін жазып, кітап етіп бастырған. Кітаптың соңында берілген түсініктемелерінде ол: «Бұл жырды В.В.Радлов жазып алған. Мен қара сөзбен жазғанын қысқартып, өлеңмен жазған жерлерін өңдедім» – деп жазады [6].

Бұл басылымдардан кейін, яғни Қазан төңкерісіне дейін және сонан кейінгі жерде «Ер Тарғын» жыры өзге де қазақ эпостарымен қатар сан рет қайта басылды [7].

1939 жылғы басылымнан кейін көптеген қазақ фольклорының туындыларымен қатар «Ер Тарғын» эпосын жариялауға тыйым салынды. Тек өткен ғасырдың 50-жылдарының соңынан бастап, «Ер Тарғынға» оралудың сәті түсті.

1957 жылы Қазақ ССР академиясының Тіл және әдебиет институты М.О.Әуезов пен Н.Смирнованың басқаруымен Қазақ ССР ғылым академиясының баспасынан «Ер Тарғын» жырын жеке кітап етіп шығарды (баспаға дайындаған Қ.Жұмалиев т.б.). 1958 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өтетін он күндігіне байланысты «Ер Тарғын» қазақ және орыс тілінде шыққан «Қазақ эпосы» жинақтарында жарияланды. Бұдан кейін «Ер Тарғын» халық ауыз әдебиеті жинақтарында, хрестоматияларда жиі жарияланып тұрды [8]. Н.Ильминский бастырып шығарған Марабай варианты «Ер Тарғын» жайындағы жырлардың негізгі нұсқасы болып есептеледі. Батырлар жырының жинақтарына хрестоматияларға еніп, көпшіліктің пайдаланып жүргені осы нұсқа.

Қазір ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында жырдың бірнеше нұсқасы

сақтаулы. Солардың бірі – Ыспанұлы Әміре Нұрқасым Нұрғалиұлынан 1939 жылы Семей облысы, Шұбартау облысында жазып алған нұсқа.

Нұрғалиұлы Нұрқасым 1886 жылы бұрынғы Семей губерниясы, Қарқаралы уезі, Дағанды болысы, 10-шы ауылда туған. Руы – керей. Шұбартау елінде жыршы атанған соқыр Нұрқасым қазақтың дастан, қисса, батырлық жырларын жақсы білген. Репертуарында өлең, ертегілер, батырлық жыр-дастандар т.б. бар. Ақын «Ағыбай батыр», «Алаша хан» жырларын Әкімжан қажыдан (Семей облысы, Абай ауданы, Сарғалдақ ауылы, Есболат руынан), «Ер Тарғын» жырын Бейсенбай қызы Күлежаннан (Күлежан – Тобықты Бейсенбай ақынның қызы) үйренген.

Нұрқасым нұсқасы Тарғынның Ақшаханға келуінен бұрынғы өмірін суреттеуден басталады. Яғни ерте заманда ноғайлы елінде Астархан деген хан болғаны; бұл елде Тарғынның да өсіп, ержеткені, жалғыз аты Тарланды құлын күнінен бастап өсіргені; Тарғынның жігіттік, батырлық құрған шағы т.б. баяндалады. Нұсқа «Ер Тарғын» жырының бұрынғы баспа бетін көрген және жарияланбаған нұсқаларының бастапқы тарауы сияқты. Нұрқасым Нұрғалиұлы нұсқасының тілі көркем, оқиғасы қызықты. Мәтінде араб, парсы т.б. тілдерден енген сөздер жоқтың қасы.

Бұл нұсқа алғаш рет «Тарғын батыр жыры» деген атпен 1987 жылы «Батырлар жырының» 3-томында және 2007 жылы «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 44-томында жарияланған. Жырдың түпнұсқасы Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында (424-бума) сақтаулы.

1959 жылы Тіл және әдебиет институты Семей экспедициясын ұйымдастырады. Топ жетекшісі – институттың аға ғылыми қызметкері Балтабай Адамбаев болады. Экспедиция мүшелері бұл сапарда Абай, Шұбартау, Үржар, Аякөз аудандарын аралап, көптеген халық әдебиеті мұраларын жинайды. Сол мұралардың арасында Аякөз ауданы, «Шолпан» колхозында Б.Адамбаевтың жазып алған Нұрғалиұлы Нұрқасым қолжазбасы (96-бума) да кездеседі.

Адамбаев Балтабай (1909-1995) – әдебиеттанушы, жазушы. Ұзақ жылдар Қазақ ССР Ғылым академиясы, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында қызмет атқарған. Филология ғылымдарының кандидаты. Зерттеу нысанасы қазақтың шешендік өнерге, қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерге қатысты болғандықтан, осы салаларда ірі-ірі зерттеу еңбектерін жазды. Орта Азия мен Қазақстанның көптеген жерлерін аралап, ауыз әдебиеті үлгілерінің жиналуына, қолжазба қорларының қалыптасуына белсене араласты [9].

Нұрғалиұлы Нұрқасымның екінші нұсқасының 1939 жылы жазылған бірінші нұсқасынан айырмашылығы жоқ. Айырмашылығы жырдың ішінде кездесетін жеке сөз, кейбір сөйлемдердің өзгертілуі мен кейбір өлең жолдарын ауыстырып қолдануында ғана. Шығарма мәтіні еш жерде жарияланбаған.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында Қ.Иманов деген кісінің 1939 жылы жазылған қолжазбасы (96-бума) сақтаулы. Жинаушы Қ.Имановтың өмірбаянынан ешқандай дерек табылмады. Жыр мазмұны 1923 жылы Москвада «Күншығыс» баспасынан шыққан «Ер Тарғын» жырымен бірдей. Айырмашылық тек жеке сөз, кейбір сөйлемдерінде ғана. Соған қарағанда, бұл мәтінді 1923 жылы «Қыр баласы» жариялаған нұсқа деуге болады.

Тарғынға байланысты жырдың аңыз түрінде айтылатын қысқаша бір вариантын Зердебай Бекарыстанов 1941 жылы Қазақтың Ғылым академиясына тапсырған.

Бекарыстанов Зердебай 1924 жылдың наурыз айында Гурьев облысы, Маңғыстау ауданындағы Сығынды ауылында туған. Әкесі Бекарыстан Қазан төңкерісіне дейін және онан кейін де мал шаруашылығымен айналысқан. Зердебай мектепте оқып жүрген кездерінде қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан. Әсіресе, әдебиет үйірмесінде елеулі еңбек етеді. Мектепте шығатын «Жамбыл ұрпағы» атты әдеби журналға үзбей өлеңдер жазып тұрады. Сол кездегі аудандық газет «Колхоз жолы», облыстық газет «Социалистік құрылыс» газеттерінде өлеңдері жарияланып, көптеген марапаттарға ие болады. 1939 жылы сегізінші класта оқып жүріп «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған Есмағанбет Ысмайыловтың халық ауыз әдебиетін жинау жөніндегі мақаласын оқып, Маңғыстаудағы бай халық әдебиетін жинауға кіріседі. Ол кезде Е.Ысмайылов СССР Ғылым академиясының қазақ филиалының тіл-әдебиет секторының меңгерушісі болатын. Зердебай ол кісіге хат жазып, Е.Ысмайылов оның талабын қолдап, ақыл-кеңестер жазып тұрады. Сөйтіп байланыс жасап, өзі тұратын маңдағы жыршы, әңгімеші адамдардан өлең, жыр, әңгіме, ертек т.б. жазып алып отырады. Тельман колхозында тұратын Құдайберген қарт, Қожабергенов Ақыш, Нетбаев Оңбосын, Демеуов Лесбай т.б. айтыс өлеңдерін, аңызар, жырлар т.б. хатқа түсіреді. Сол сияқты Ақтан, Нұрым, Қашаған, Аралбай, Сәттіғұл ақынның өлеңдерін жазып алып, 1941 жылы Е.Ысмайыловтың атына жіберіп

отырған. Солардың арасында «Ер Тарғын» жыры да бар. Зердебай, өкінішке орай, жырды кімнен жазып алғаны туралы дерек келтірмейді.

Бекарыстанов Зердебай 1944 жылдың аяғында Ұлы Отан соғысына қатысып, ауыр жараланып, елге келіп, мұғалімдік қызмет атқарған. Гурьев педучилищесін, ҚазПед институтын бітіріп, мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген. Зердебай 3-дәрежелі «Даңқ» орденімен, «Халық ағарту ісінің озық қызметкері» медалімен марапатталған. Ол соғыстан кейін де қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін мол жинап, қолжазба қорының молаюына атсалысқан.

Зердебай нұсқасы – толық және қара сөз түріндегі шағын аңыз-әңгіме. Шығармада Тарғынның өзі және әкесі Қосының күн көріс кәсібі туралы қысқаша дерек беріледі. Тарғынның әкесі Қосының кедей шаруа екені, ханға барып сыйлық алғаны, түс көргені, оны әулиенің жоруы, Тарғындай жалғыз ұл тауып, батыр болғаны, Тарғынның үш елмен жауласып, үшеуін де жеңгені, ақырында олармен өкпелесіп кеткені сөз болады [10, 70]. Бұл нұсқа еш жерде жарияланбаған. Түпнұсқасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (426-бума) сақтаулы.

Ал ендігі бір нұсқа – Мұрат Құсниевтің 1954 жылы институт қорына тапсырған қолжазбасы. Мұрат осы қолжазбаны тапсырған 1954 жылы 71 жаста екен. Жинаушының (1883-1960) 1954 жылға дейінгі тұрағы – Орал облысы, Казталовка, кейін Жамбыл ауданына қарасты Қарғалы селосына көшіп келіп, сонда қайтыс болған. Қолжазбаның ішкі бетінде жазған қысқаша мәліметінде қазақтың ауыз әдебиеті нұсқаларын 16 жасынан бастап нағашысы Малтақаннан үйренгенін және одан «Ер Тарғын» жырының қолжазбасын алғанын айтады [11].

Жыршы туралы толық мәлімет жоқ. Жинаушысы Мұраттың айтуына қарағанда, Малтақан Тарғын батырдың елінде туып-өскен көрінеді. Ал, Тарғынның мекендеген жері – Орал облысына қарасты Орда ауданының батыс жағындағы Савинка селосының маңы. Батырдың мекені 1918 жылға дейін «Тарғын қысымы» деп аталып келген. Малтақан кезінде үлкен жыршы болса керек. Оның репертуарында «Ер Тарғын» сияқты батырлар жыры болған [10, 71].

Шығармада Тарғынның жастық шағынан бастап, қартайып өлгенге дейінгі өмірі, Қырым хандарына барғаны, батырлық жорықтары баяндалады. Қолжазбаның соңғы беттерінде (79-82) «Ер Тарғынның өмірінен тарихи деректер келтірілген. Ханзаданың, Сыпыра жыраудың сөздері осы жерде тарихи дерек ретінде алынған [11, 79].

Тарғын ерлігімен көзге түсіп, өз елінде Ер Тарғын атанады. Арғын атасының қаһарынан бой тасалап, Қырымға кетіп, бір ханды паналайды. Үлкен егес үстінде ханның бір беделді адамын өлтіріп, Ақшаханның қоластына барады.

Жырдың соңында Тарғынның өз еліне келіп, жаңа жер алып мекендегені, Ақжүністен екі ұл туып, балаларының атын өзі жаулап алған жерінің атымен атағаны баяндалады. Бұл жырда Марабай нұсқасының негізі сақталып отырады.

Жыр нұсқалары арасында айырмашылық аз. Жырдың сюжеттік нұсқалары қазақтан басқа башқұрт халқының ауыз әдебиетінде сақталған. «Ер Тарғын» жырының негізгі вариантын (Марабай нұсқасы) ақын Пенковский орыс тіліне аударды. Ол 1940 жылы «Песни степей» деген жинақта жарық көрген. Осы жырдың сюжеті бойынша Е.Г.Брусиловский «Ер Тарғын» атты опера жазды.

Қазан төңкерісіне дейін «Ер Тарғын» жыры арнайы зерттелген жоқ. Аталған жыр туралы ғылыми пікірлер мен зерттеу еңбектер Кеңестік дәуірде ғана туа бастады. Бұл жөнінде алғаш рет зерттеу жазып, пікір айтқан – М.Әуезов болды [12, 56]. Ол қазақтың эпостық жырларындағы ұлы батырлар және кіші батырлар деп екі топқа бөлді. Ұлы батырлар тобына енгендердің бірі етіп Ер Тарғынды алады. Ер Тарғын ұлы батыр атануы – ерлік істер жасап, ел-жұртын қорғағандықтан деп көрсетеді. Мұнан кейін Қ.Жұмалиев, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, М.Ғабдуллин, Т.Сыдықов Р.Бердібаев, Ш.Ыбыраев сияқты ғалымдар жыр туралы өз пікірлерін білдіріп, жырдың шығу төркінін, тарихқа қатысын, идеялық мазмұнын, сюжетін, кейіпкерлерін образын, көркемдік ерекшеліктерін т.б. сөз етті [13].

«Ер Тарғын» жыры туралы М.Ғабдуллин, Т.Сыдықов, Қ.Жұмалиев, Р.Бердібаев, Ш.Ыбыраев т.б. шағын зерттеу мақалалар мен басқа да зерттеу жазғанымен, қорда бар барлық нұсқаларын жинақтап, текстологиялық тұрғыда зерттеп, терең талдау жасалған іргелі зерттеу жазылған жоқ. Сондықтан жырды түбегейлі зерттеу әдебиеттанушы ғалымдардың ортақ міндеті деп ойлаймыз.

«Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 44-томына «Ер Тарғын» жырының Қазан басылымы (1913), Оспан Қисықұлы және Нұрқасым Нұрғалиұлы нұсқалары енді. Ал басқа нұсқалар бірін-бірі қайталайтын болғандықтан томға ұсынылмады. Бұрын жарық көрген мәтіндерге текстологиялық зерттеулер жүргізілді. Сонда «Ер Тарғын» жырының 1870, 1922, 1933, 1939, 1958, 1977,

1987 т.б. жылдары басылған мәтіндерін Қазан (1913) басылымымен салыстырып, текстологиялық жұмыс жүргізу барысында мынандай мәселелер анықталды:

а) Жоғарыда аталған басылымдардың бәрі де Марабай нұсқасын жариялаған.

ә) 1870, 1922, 1933 жылғы басылымдарда «бек» сөзін «би» деп өзгерткені болмаса, мәтін ешбір өзгеріссіз жарияланған.

б) 1939, 1958, 1977, 1987 жылғы басылымдарда жырдың қарасөзбен баяндалатын тұстарына аздаған редакция жасалған.

в) 1958, 1987 жылдардағы басылымдарда кейбір өлең жолдары өзгертілген.

Мысалы: (түпнұсқа, 320-жол «Жаттың жаман болмағы») деген өлең жолы «Жаудың жаман болмағы», (түпнұсқа, 484-жол. «Маған теңіңнен сенің не пайда?») деп басылған жолы «Тегіңнен сенің не пайда?», (түпнұсқа, 514-жол «Жер төпелді желгенде») деген жолы «Жер дүбірледі желгенде» болып өзгертілген. Мұндай кемшіліктер түзетіліп, қазақтың рухани мұрасы ешбір өзгеріссіз, бастапқы қалпында қалың жұртшылыққа қайтарылып, ғылыми айналымға енді.

Қорыта айтқанда, аталған мақалада «Ер Тарғын» жырының қолжазба қорларында сақтаулы нұсқаларының жиналу және жариялану тарихы баяндалды. Сондықтан олардың әрқасысының тарихының жазылуы фольклортанушы, текстолог ғалымдарға аса құнды дереккөздері бола алады деп ойлаймыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 4-том. – Алматы, 2002.
2. Ильминский Н. Воспоминания об И.Алтынсарине. – Казань, 1891.
3. Кузьмина Е.Н. Женские образы в героическом эпосе бурятского народа. – Новосибирск, 1980.
4. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен живущих в Южной СибириДжунгарии. Ч.УІІ. – СПб., 1870.
5. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. Бірінші кітап. – Алматы, 1960.
6. Қыр баласы. Ер Тарғын (Марабай) //КСРО кіндік баспасы. – Мәскеу, 1923.
7. Радлов В. Ер Тарғын // Образцы народной литературы тюркских племен... 3 – том. СПб, 1870. Саркин Н. Ер Тарғын. – Оренбург, 1904; Ер Тарғын //Батырлар. // Бастырып шығарушы – Ә.Диваев. – Ташкент, 1922;

Ер Тарғын. – Москва, 1923; Ер Тарғын // Батырлар жыры. – Қызылорда, 1933; Ер Тарғын // Батырлар. – Алматы, 1939.

8. Ер Тарғын // Батырлар жыры. 1- том. / Баспаға дайындағандар: М.Ғұмарова., Б.Уахатов. – Алматы, 1963; Ер Тарғын //Ақсауыт 1-том. // Құрастырған – О.Нұрмағанбетова. – Алматы, 1977. Ер Тарғын// Батырлар жыры. 3- том // Баспаға әзірлеп, түсініктерін жазған – М.Ғұмарова. – Алматы, 1987. Ер Тарғын // «Ел қазынасы – ескі сөз». Құрастырып, түсініктерін жазғандар: С.Қасқабасов, К.Матыжанов. – Алматы, 1993.

9. Ш.Ыбыраев, Қ.Алпысбаева, Т.Әлібек. Халық әдебиетін жинау, жүйелеу және сақтаудың әдістемелік құралы. – Алматы, 2009.

10. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. – Алматы, 1975.

11. Ер Тарғын. ОҒК. Ш. 64.

12. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991.

13. Жұмалиев Қ. Қазақ әдебиеті (оқулық). – Алматы, 1949; Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы, 1958; Орлов А. О.Қазахский героический эпос. – Москва. 1945; Ғабдуллин М, Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. – Алматы, 1972; Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы, 1991; Бердібаев Р. Эпос – ел қазынасы. – Алматы, 1993; Ыбырай Ш. Эпос әлемі. – Алматы, 1993.



## ЕР САЙЫН

Халқымыз тарихында тәуелсіздік үшін жүргізілген оқиғалардың ұзын тізбегі бар. Жеріміздің байлығына көз салып, халық арасындағы түрлі қайшылықтар мен келеңсіз жағдайларды пайдаланып, ғасырлар бойында сыртқы жаулар ауық-ауық қырғын соғыстар ашып, елді ауыр зұлматтарға ұшыратып отырған. Тарихтың терең қойнауынан орын тепкен түрлі ұрыстар, ел басына түскен ауыртпалықтар қаһармандық эпостардың ішкі заңдылығына бағындырыла сипатталады. Сондай зұлматтарға қарсы ел үшін күрескен ерлікті, елдікті жырлайтын қаһармандық жырлардың бірі – «Ер Сайын».

«Ер Сайын» жыры жөнінде алғаш пікір білдірген – орыс ғалымы В.В.Стасов [1]. Ол еңбегінде түркі-монғол эпосын орыс былиналарымен салыстыра отырып, ондағы көптеген белгілердің орыс эпостарында жоқ екендігін көрсетеді. Осы пікірін дәлелдеу барысында «Ер Сайын» жырынан мысалдар келтіреді [1, 316-6].

«Ер Сайын» жыры туралы М.Әуезов, А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, А.С.Орлов, Қ.Жұмалиев, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, Ш.Ыбыраев т.б. ғалымдар әртүрлі еңбектерінде тұжырымды пікірлер білдірсе, зерттеуші Г.Абитова «Ер Сайын жырының поэтикасы» атты тақырыпта кандидаттық диссертация жазды [2].

«Ер Сайын» жырының бірнеше нұсқалары сақталған. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорындағы 105-буманың 3-дәптерінде Ресей географиялық қоғамының мүшесі Р.Игнатъев жинаған «Бозмұнай» деген атпен хатқа түскен жырдың бір нұсқасы сақталған. Жыр мәтіні кеңсе қағазына машинкамен басылған. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған. Қате басылған сөздер мен әріптердің үстінен қарындашпен түзетілген. Бет сандары қарындашпен қайта өзгертіліп қойылған. Қағаздардың түптері ақ жіппен тігіліп, сырты ақ қағазбен қапталған. Көлемі – 46 бет. Осы буманың 2-дәптерінде қорға 1939 жылы келіп түскен, Қ.Иманов деген кісі жинаған тағы бір нұсқа бар. Бұл шығарманың мәтіні оқушы дәптеріне күлгін түсті сиямен латын әрпінде жазылған. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан түсірілген. Қолжазбаның кей беттеріне сия жайылып, сөздері түсініксіз болып кеткен. Бет сандары еуропа цифрымен беттелген. Мәшһүр



Жүсіп Көпеев жинаған «Ер Сайын» жырының машинкамен басылған көшірмесі ОҒК-нің қолжазба қорында (149-бума) сақталуы. Сақталуы қанағаттанарлық жағдайда. Өкінішке орай, жырдың түпнұсқасы қолжазба қорынан табылмады.

Жырдың экспозициясы Сайын дүниеге келмей тұрып, үш шарбақты ноғайда Бозмұнай деген байдың көп малдың иесі – бай болса да, бала жоқтығынан қайғы шегіп жүрген тұрмыс-тіршілігін суреттейтін мотив-сипаттамадан басталады. Бозмұнайдың жылқысын бағып жүрген тоқсан құл астыртын кеңес жасап, бірігіп алып, иесінің қол-аяғын байлап, сабайды. Бұл зорлықты көрген Бозмұнай қайғылы болып жатқанда, түсінде ақ сәлделі адам келіп: «Бір өзің Шашты Өзіз деген әулиенің қабірін тауып, соның басына барып, Құдайдан тілек тіле», – дейді. Бозмұнай әйелімен әулиелердің бәрінің басына барып түнеп, тентіреп жүріп, аяғында Шашты Өзіздің қабірін табады. Бозмұнайдың тілегі қабыл болып, Сайын атты бала көреді.

Болашақ батырдың ғажайып туу мотиві қазақтың, түркі, монғол тілдес басқа халықтардың эпосында жиі кездеседі. Қартайған ата-ананың балаға зар болуын, бала іздеп, Жаратқаннан, әулиелерден жәрдем сұрауы қазақтың «Алпамыс», «Шора батыр», «Едіге батыр», «Мұңлық – Зарлық» эпостарынан, қырғыздың «Манас» эпосынан т.б. кездестіреміз.

Міне, осылай жасы ұлғайған ата-аналардың бала тілеп, әулиелерді кезуі кездейсоқ емес. Мұның астарында батыр ұлды аңсаған ел арман-мақсаты жатыр. Сондықтан да, оны жалпы батырлық жырларындағы дәстүр бойынша ата-анасы тарығып, зарығып жүріп көрген бала ретінде суреттейді.

Батырлық жырлардың көбіне тән ерекшеліктердің бірі – батырдың ерте есеюі, алыптықты жастайынан танытуы. Осы ерекшелік аталған жырда да көрініс тапқан. Сайын да ерекше жағдайда туып, анасының емшегін ембейді, ет берсе, жемейді. Ноғайлы жұрты кеңесіп, Сайын сынды мырзаға үш күнде бір бие сойдырып, ту биенің ортан жілігінің майымен асырайды. Жыр Сайынды:

Бір жасына келгенде,  
Біліктіден би болды.  
Екі жасқа келгенде,  
Еліменен тең болды.  
Үш жасына келгенде,  
Ерттеп мінген атынан  
Кешке дейін түспеді,  
Шақыртпай асын ішпеді.

Төрт жасына келгенде,  
Қарағай найза толғайды,  
Жүрсем екен дейді екен.  
Бес жасына келгенде,  
Қадір түнін күзетгі,  
Ноғайлының үш кентін  
Түгелімен түзетгі...

деп суреттейді. Бұл да кездейсоқ емес, эпикалық идеяландырудың заңды сатысы. Архаикалық элементтері көбірек сақталған саха (якут) эпостарында қаһарманның жетілуі соншалық көтеріңкі әрі кең таратылып айтылады [3]. «Сайын батыр» жырында да осы дәстүрдің көрініс тапқаны байқалады. Жыр елге қорған болатын батырдың тек осындай, өзгеше бітімді, ешкімнен жеңілмейтін батыр бейнесін тудырған. Сайын бес жасында-ақ атқа мініп, жылқы бағады. Әкесіне қорлық көрсеткен тоқсан құлды қырады.

«Жырдың бұл кезеңінде Сайын – халық тілегіне сай, көпке пайдалы батыр емес, үстемдік зорлықтың жақтаушысы. Сондықтан, жыр оның алғашқы істерінің бәрін сынап, жолсыз сотқар, опасыз байдың ұлы етіп әңгімелейді» [4]. Сайынның бойына күші сыймай, жау тіленеді. Бір күні алыстағы қалмақ елін жаулап алмақ болған Қобыланды бір мындай қолмен Сайынды іздеп келеді. Сайынның әке-шешесі «баламыз жас, жауға бармасын» деп, Қобыландыдан үш жыл мерзім сұрайды. Бозмұнай үш шарбақты ноғайлыны аралап, баласына қыз таңдайды. Ақыры Көбік деген байдың қызы Аюбикешті алып береді. Сайын қызды алған соң, ата пірі түсінде келіп, былай деп аян береді: «Екі ұлың болады. Піріңді есіңе алып жүр», – дейді.

Үш жыл өткен соң, Қобыланды уәдесі бойынша қайтып келіп, Сайынды серікке алып, қалмаққа аттанады. Жауға таяғанда, Қобыландының Жағалбайлы деген жауырыншысы жауырынға қарап: «Алдымызда жау тосқыны бар. Бұл ретте жолымыз болмайды, қолдың обалына қалмай, қайтайық», – дейді. Қобыланды жауырыншының сөзіне сеніп, қайтпақшы болады. Бұған Сайын қарсы болып:

– Хабар алып сайтаннан,  
Бұл жолымнан қайта алман!  
Алғанымның қойнында  
Күлкі болып жата алман!  
Бұл қамалға келген соң,  
Жалғыз да болсам қайта алман! – дейді.

Қасына қырық жігітті ертіп алып Сайын жауға қарсы аттанады. Жауға таяғанда, қырық жігіт ере алмай қорқып, Сайын жалғыз өзі көп қалмақпен соғысады. Осы тұста ерліктің, отансүйгіштіктің, белгілі бір мақсат жолында жан аямай күрескендіктің, намыстылықтың неше алуан түрлерін көреміз.

Мысалы:

Ақ төбенің басында  
Жалғыз Сайын қарап тұр.  
«Келгенменен бұл қалмақ,  
Не қылады маған» деп,  
Мазак қылып жарқылдап.  
Жауы әбден келген соң,  
Бозаттың басын бұрмалап,  
Тоғысты қасқа «Аллалап».  
Бөлек-бөлек қылып жүр,  
Бөлінген қойдай қырып жүр.  
Қалмаққа мүшкіл туып жүр,  
Еламан мен Жоламан  
Тау тасалап қашып жүр.  
«Алады, – деп, – жұртымды,  
Осы қалмақ сасып жүр.  
Еламан мен Жоламан  
«Көрінер күнің барма» деп,  
Аузын қатты басып жүр, –

деп келетін өлең жолдарынан жаудан қаймықпайтын Ер Сайынның өр мінезі, сол кездегі батырдың нағыз отаншылдық бейнесін айқын аңғарамыз.

Батыр қайратына мастанып, ата-бабаларының әруақтарына сыйынуды ұмытқан кезінде қасынан аруақтары қашады, баяғы қайраты болмай, тұс-тұсынан оқ тиіп жаралы болып, қырық жігітке келеді. Өлейін деп жатып екі баласын Қобыландыға тапсырады. Бұл тұста Сайынның ел қорғайтын батыр ұлдарын даңқты халық батырының тәрбиесінде өсіріп, енді бұларды өзіндей емес, Қобыланды батырдай болсын деген ойы жатқанын көруімізге болады. Сайын сол жерде қаза табады. Жырдағы Сайынның мертігуі ғана емес, оның үлкеннің тілін алмауы, өзін жебеуші пірлерін ұмытуы сияқты «кемшіліктері»

шығарманың реальды шындықты бейнелеу мүмкіндігімен байланысты болып келеді. Батырдың ересен ерліктерімен қатар, әлсіз тұстарының көрсетілуі арқылы көп қырлы қаһарман бейнесі сомдалған. Өзінің жеке басындағы аңғалдық, албырттық сияқты осал тұстары себебінен сәтсіздікке ұрыну сарыны «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын» сияқты классикалық эпос үлгілерінен де елеулі орын алған. «Ер Сайын» жыры бас қаһарман бейнесін жасаудың осы тәсілдеріне жүгінген [5].

Жырда архаикалық жырларға және классикалық қаһармандық т.б. эпостарға тән сарындардың бірі «түс көру» мотиві бірнеше жерде көрініс тапқан. Мәселен, Сайынның әйелі жайсыз түс көріп, шошып оянады:

– Мен бүгін бір түс көрдім,  
Жауырыным тола қара шаш  
Жайылыңқы көрінді.  
Бедерленген бес тырнақ  
Қанға малыңқы көрінді.  
Шешем берген бокшасы  
Шашылыңқы көрінді.  
Жауда жүрген балаңның  
Астында жүрген Ақбоз ат  
Құйрығы келте көрінді.  
Қолына алған ақ сүңгі  
Үзіліңкі көрінді...

Бұл түсте Ер Сайынның басына бір қауіп-қатердің түскенін сездіреді. Батырдың әйелі Аюбике Сайынды іздеп келіп, өліп қалған батырды «аюдың майын» жағып тірілтіп алады. Қаһарманның «өліп тірілу» сюжеті алтайлықтардың «Алтаин – Сайын Салам» атты ертегісінде кездеседі.

Қаһармандық жырларға тән белгілердің бірі – ел қамқоршысы батырдың сұлу жары әрі ақылшы, көмекшісінің бейнесінің жасалуы болса, аталған жырдан да Аюбике бейнесінен «мінсіз жардың» барлық қасиеттерін табуға болады. Сонымен қатар ол – өлген жанды тірілте алатын қасиетке де ие. Бұл бейнесімен «Қозы Көрпеш – Баян сұлудағы» Баянға, «Ер Қосай» жырындағы Ботақызға т.б. ұқсас.

Сайын ауруынан айығып, қалмақтың Еламан, Жоламан атты батырларымен соғысады. Осы кезде Бөкенбай мен Киікбайды ертіп, Қобыланды келеді. Киікбай майданда кезігіп қалған әкесін танымай, байқаусызда найза жұмсайды. Киікбайдың әкесін танымағандықтан, найза сілтеуі, әкесінің баласын тану көрінісі «Дариға қыз» дастаны мен «Рүстем-Сұһрап» т.б. жырларды еске түсіреді. Бұдан кейін үшеуі қосылып жауға шапқаны, қанды майдан айқаста асқан ерлік жасағаны, олардың ақырында қалмақ жауды жеңіп, жеңіске жетуі т.б. әңгіме болады. Осылардың бәрі бас қаһарман есімімен байланысты дамып отырады. Сайын батырдың қанымен келген отаншылдық қасиет оның ұлдары: Киікбай мен Бөкенбайға да қонады. Оған:

Екі ұлының тұсында  
Сайындайын батырдың  
Іргесін дұшпан баспады,  
Қолынан дәулет қашпады.  
Ел шетіне жау келсе,  
Сайын сынды батырдан  
Киікбайдың ерлігі  
Анағұрлым асады.  
Екі ұлының тұсында  
Бәрінің дайын болды ерлігі, –

деген өлең жолдары дәлел бола алады.

ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақтаулы «Ер Сайын» жырының Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Р.Игнатъев, Қ.Иманов т.б. жинаған қолжазбалар арасында сюжеттік айырмашылықтары аз. Бәрі де В.В.Радлов бастырған мәтіннен алшақ кетпейді.

В.В.Радлов, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Қ.Иманов нұсқаларында Сайын мен балалары жауды жеңген соң Қобыландының Бөкенбай мен Киікбайға бата беруімен аяқталса, Р.Иманов тапсырған қолжазбада Сайынның анасы баласын жауға тастап кеткені үшін ренжіп, Қобыланды жеті күндей жүріп, Бозмұнайдың ризашылығын алумен аяқталады. Салыстырулар нәтижесі «Ер Сайын» жырының бір түбірден тарағанын көрсетеді.

Қорыта келе, «Ер Сайын» жыры халықтың асқан күшті, ақылды, жауды жеңе беретін, жауы қандай айла қолданса да өлмейтін, отанын

шын сүйетін халқы аңсаған, ел арманын қамтыған құнды шығарма деп білеміз.

«Ер Сайын» жыры алғаш рет академик В.В.Радловтың 1870 жылы шыққан «Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в южной Сибири в Джунгарских степях» атты кітабының 3-томында (СПб., 1870. – 166-221 бб.) «Сайын батыр» деген атпен жарияланды.

Аталған эпос мәтіні Кеңес дәуірінде Мәскеуде 1926 жылы жеке кітап болып шықты [6]. 1922 жылы Ташкентте [7], 1933 жылы С.Сейфулин құрастырған «Батырлар жыры» жинағында [8, 185-226] жарияланса, С.Мұқанов 1939 жылы «Батырлар» атты эпостар жинағына енгізген [9, 345]. Кейін «Ер Сайын» жырының мәтіні 1992 жылы «Қазақтың батырлық эпосы», Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері» атты кітапта, 1993 жылы «Ақ сандық», 1994 жылы «Ел қазынасы – ескі сөз» атты жинақтарда басылды [10]. Эпостың ықшамдалған нұсқасы А.Пенковскийдің аударуымен «Литературный Казахстан» (Алматы, 1935 № 2, 3, 4, 1938 № 8, 9, 11) журналында орыс тілінде жарияланды.

«Ер Сайын» жырының 1933, 1939, 1992, 1994 жылдары басылған мәтіндерін В.В.Радлов нұсқасымен (СПб., 1870) салыстырып, текстологиялық жұмыс жүргізу барысында:

1. Жоғарыда аталған басылымдардың бәрі В.В.Радлов жариялаған мәтін екені анықталды.

2. 1939 жылғы басылымда 1300, 1301, 1342, 1343-ші өлең жолдары түсіп қалған. Мәтінде кездесетін «алаш» сөзі «ел», «тайпа» деп өзгертілген.

3. 1992 жылғы басылымдарда жинаушының өз тарапынан қосқан өлең жолдары бар екені анықталды. Мысалы: 128-жолға «Әнін қосып жылайды», 148-жолға «Оң жағыма кіргізіп», 461-жолға «Көрмейсің бе ыңғайын» т.б. жаңадан енген. Ал 199-жолдағы «От жағалай отырып» деген өлең жолы «Отының басын толтырып», 466-жолдағы «Бәрімізді қырады» деген өлең жолы «Бізді тегіс қырады» деп өзгертілген т.б.

## Пайдаланылған әдебиеттер

1. Стасов В.В. Происхождение русских былин. Т.2. – Москва, 1868.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Ташкент, 1927; Сейфоллаұлы С. Қазақ әдебиеті. 1-кітап. – Қызылорда, 1932; Марғұлан Ә. Халық жырын туғызудағы мотивтер // Халық мұғалімі. 1939, №2. Орлов А.С. Казахский героический эпос. – Москва – Ленинград, 1945; Бердібаев Р. Эпос – ел қазынасы. – Алматы, 1993. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы, 1993; Абитова Г. Ер Сайын жырының поэтикасы. Филол. ғылым. кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссерт. авторефераты. – Түркістан, 2007.
3. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – Алматы, 1992.
4. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1948.
5. Әбитова Г. Ер Сайын жырының поэтикасы. Фил. ғыл. кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссерт. авторефераты. – Түркістан, 2007.
6. Ер Сайын (Жыршылар айтуынан алып, өңдеп өткерген Байтұрсынұлы Ахмет). – Мәскеу, 1926.
7. Ер Сайын. – Ташкент, 1922.
8. Сайын батыр // Батырлар жырының жинағы. Кітапты құрастырған – С.Сейфуллин. – Алматы, 1933.
9. Ер Сайын // Батырлар. Кітапты құрастырып, түсініктемелерін жазған – С. Мұқанов. – Алматы, 1939.
10. Сайын батыр // Қазақтың батырлық эпосы. Құрастырып, түсініктемелерін жазған – С.Дәуітов – Алматы, 1992. Сайын батыр // М.Ж.Көпеев. Ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері. Құрастырған – С.Дәуітов – Алматы, 1992. Сайын батыр // Ақ сандық. Құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазғандар: С.Қаскабасов, К.Матыжанов. – Алматы, 1994.



## АХМЕТБЕК-ЖҮСІПБЕК. БОЗҰҒЛАН

«Бозұғлан» жыры – түркі халықтарының ішіне кең таралған жыр. Эпостың қазақ, түркімен, өзбек, ұйғыр нұсқалары ХІХ ғасырдың аяғында Ташкент, Самарқанд, Қазан қалаларында басылды. Бұл жырдың хорезмдік нұсқасын ең алғаш рет венгр түркітанушысы Вамбери 1867 жылы жарияласа, кейін 1911 жылы тағы қайталап жарыққа шығарады [1]. Бұл жырды арнайы зерттеген ғалымдар: В.В.Радлов, В.Жирмунский, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Марғұлан, Х.Зарифов, Х.Короглы, С.Қасқабасов болды [2].

Кейінгі зерттеушілердің ішінен С.Қосан өзінің ғылыми-зерттеу еңбегінде «Жүсіп-Ахмет» жырының Базар жырау нұсқасына арнайы жан-жақты тоқталып, тың ой-пікірлер айтып, нақты дәлелдер келтіре отырып, өзіндік тұжырым-түйіндерін баяндаса [3], ал Гульбахрем Молотова мақаласында «Жүсіп-Ахмет» жырының түркі халықтарында жарияланған нұсқалары жайлы сөз болады [4, 56-61].

Жырдың қай елге тиесілі екендігі жөнінде қарама-қайшы пікірлер де болды. Ғалым Ә.Қоңыратбаев көптеген сюжеттердің Орта Азия, Қазақстан, Алтай халықтарына ортақ екенін айта келіп, былай дейді: «Өзбектің «Бозұғлан» жырында немесе Мұрын жырларында қазақ-өзбек батырлары дәстүрлес болып суреттелген. Олар бір-бірінен көмек табады [5, 52]. Жырды өзбек халқына теліген зерттеуші жыр кейіпкерлерін тарихпен байланыстырады. Ал зерттеуші С.Қосан: «Жүсіп-Ахмет» – Орта Азиялық сюжетке құрылған батырлық эпос. Дастанның тақырыбы түркімен халқының басынан кешкен әртүрлі тарихи оқиғаларын суреттеуге арналған» [6, 475], – деп жырды түркмен халқына тиесілі екендігін жеткізеді. Қалай дегенмен жырды бір халыққа телу мүмкін емес. Жеке халық болып ажырай қоймаған заманда халық әдебиеті де біртұтас күйде болатын.

Көршілес мемлекеттерге және елдің түкпір-түкпіріне жасалған экспедиция нәтижесінде «Бозұғлан» жырының бірнеше нұсқалары таралғандығы анықталды. Ресей Ғылым академиясының Азия халықтары қорында бұл жырдың қолжазбасы сақталынып тұр [7, 177]. Шығыстанушы С.Ф.Ольденбург жинағында жыр «Боз оғлан» деген атаумен берілген [7].



Ал енді «Бозұғлан, Ахметбек һәм Жүсіпбек» жырының қазақ тіліндегі нұсқасы тұңғыш рет 1890 жылы Қазан қаласында Ешбай Көзбергенұлы деген азаматтың қолдауымен жарыққа шыққан. Бұл жыр – осы тақырыпқа арналған эпостық жырлардың ішіндегі ең толық нұсқасы болуымен қатар, баспа бетінде толық жарияланған ең бірінші шығарма. Бұл жөнінде мынадай мәлімет бар: «Жырдың алғашқы нұсқаларының бірін Ешбай Көзбергенұлы деген (қай өңірден екендігі беймәлім) қазақ азаматы көне басылымдардың бірінен тәржімелеп, 1890 жылы Қазан қаласында кітап етіп бастырады. Шығарманың мәтінінде ескі түркі, шағатай, араб-парсы тілдері мол қолданыс тапқан. Сірә, аудармашы Ташкент қаласында немесе Қазанда шағатайша басылған түркімен дастанын оқыған қазақтар түсінерліктей сол кезде қалыптасқан «түркі» стиліне өңдеуге тырысқан. «Бозұғлан, Ахметбек һәм Жүсіпбек» жырының қазақ тіліндегі тұңғыш басылымы қара сөз көбірек араласқан өлең түрінде жазылғаны белгілі. Осы әуелгі нұсқаның сюжетіне қызыққан қазақ билеушілері эпостың мәтінін қарауындағы сауатты қызметшілеріне жолма-жол аудартып, кейін өзімен қадірлес, сөзін тыңдайтын дарынды жыршы-жырауларға өтініш етіп, өлеңмен, домбыра, қобыз сүйемелімен айтқызатын болған» [8, 6].

Бұл нұсқаның біз үшін қымбаттылығы – жырдың осы біз қарастырып, салыстырып талдағалы отырған түрлерінің ішіндегі бас-аяғы түгел, ең толық нұсқасы болуында және оның баспа жүзін көрген бірден бір мәтін болуында.

Ешбай Көзбергенұлы осы нұсқаны кейін тағы 1894 және 1904 жылдары Қазанда жариялайды [9]. Осыдан кейін бұл жырдың бағы тек «Мәдени мұра» бағдарламасымен жарық көрген «Бабалар сөзі» жүз томдық сериясының жариялануымен жарқырап ашылады. 2008 жылы жеке жинақ болып «Бабалар сөзі» сериясының 47-томында «Жүсіп-Ахмет» жырының бес нұсқасы түгелдей, қолжазбадан еш өзгертусіз жарияланды [8].

«Бозұғлан» жыры жайында ғалым Ә.Марғұлан да біршама зерттеу жүргізіп, өз көзқарасын, топшылауларын еңбегінде атап өтеді. Ғалым «Бозұғлан» жыры «Қорқыт» сарынымен айтылған ескі жырдың бірі дей отырып «Бұл Қорқыт пен Омаят халифасының соңын ала шығып (X-XI ғғ.), оғыз-қыпшақтар тұсында Шам өлкесіне барып, әкім болған елхандар тұрмысынан туған жыр сияқты... Бірақ асыл түбі «Бозұғлан» (Жүсіп хан) жыры X-XI ғасырларда Арал теңізі, Маңғыстау, Үргеніш өлкелерінде туған ескі жыр болуға тиіс [10, 235-236].

Бірақ осылай деп жорамалдаған ғалым еңбегінің тағы бір жерінде: «Қорқыт», «Бозұғлан» жырларының ерлік сарындары Оғыз ханның Сырдария, Үргеніш жерінен аттанып, Бағдат, Шам, Мысыр өлкелерімен жауласу оқиғаларынан туған. Бұл кез – Мысыр, Бағдат өлкелерін араб халифасын омаяттар (Жэзит) билеген VIII-IX ғасырлардың тұсы. «Бозұғлан» жыры көбінесе осы кездегі оқиғаны баяндайды [10], – деп тағы бір топшылап өтеді.

Ә.Марғұлан «Бозұғлан» жырын қазақтың танымал басқа батырлық жырларында кездесетін мотив, сюжеттерімен салыстырып, ұқсас жақтарын айқындаған. Ғалым зерттеуін былайша тұжырымдайды:

«Қорқыт», «Көрұғлы», «Алпамыс», «Бозұғлан» жырларының ерекшеліктері, яғни ұқсас жақтары – бұл жырлардың кейіпкерлері Бозұғлан, Көрұғлы Сырдария, Үргеніштен Мысырға аттанарда ол жақтың патшасы жаман түс көреді, елін жау шабатынын сезеді. Не болмаса, «Оғыз хан» (Қарахан), «Бозұғлан» жырларының адамдары Мысыр патшасының қолына түсіп, зынданға салынса, ұшатын құстан еліне сәлем айтып, әскер сұратады. Не қобыз тартып, жаудың мейірімін түсіреді. Мысыр, Бағдат патшаларының түс көретіні сияқты қалмақтың Ғайша ханы да түс көреді, «Қорқыт», «Қарахан», «Бозұғлан» жырларында зынданда жатып, құстан сәлем айту «Алпамыс» жырында да кездеседі. «Алпамыс» жырында зынданға тазша келіп тұрса, «Қорқыт», «Бозұғлан» жырларында зындандағы батырларға күн сайын Мысыр бегінің қыздары келіп тұрады. «Бозұғлан» жырындағы Жүсіп хан Көзел патшаның жұртын шабуға барып, зынданда отырған Баба Омар мен күң болып жүрген Бибі Ниязды босатып алып қайтады. Сөйтіп, «Бозұғлан» жыры «Қорқыт» жыры сияқты, ескі оғыз-қыпшақ жырының бір түрі болса да, кейінгі XIV-XV ғасырлардағы оқиға сарындары қосылып, жырда «қыпшақ», «қоңырат» деген сияқты сөздермен қатар, «он екі баулы өзбек» деген бергі кезде шыққан сөздер де ұшырайды» [10, 244-245].

Жырдың халық арасында тараған нұсқалары: «Бозұғлан» жыры, «Ахметбек-Жүсіпбек» қиссасы, «Жүсіп-Ахмет» хикаясы, «Бозұғлан. Ахметбек һәм Жүсіпбек», «Бозұғлан ханның әңгімесі» т.б. атаулармен таралғанымен, олардың тақырыбы ерлік тақырыбында боп келеді. Жыр Исфаһан шаһарының патшасы Бозұғлан мен оның Ахметбек және Жүсіпбек деген екі жиені жайында жырланады.

Қазіргі уақытта «Жүсіп-Ахмет» немесе «Бозұғлан» деп аталатын жырлардың 12 нұсқасы ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық

ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақтаулы.

Халық ақыны Мұзарап Жүсіпов жырлаған «Жүсіп-Ахмет» дастаны М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында (97-бумада) сақталған. Халық мұрасын жинаушы, ақын, композитор, әнші М.Жүсіпов (14.10.1905-21.03.1972) Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ленин атындағы совхозда туған. Мектепте Тұрмағамбет Ізтілеуовтен оқып, білім алған М.Жүсіпов сол Қармақшы ауданында 1926-1936 жылдары мектепте мұғалім, 1937-1943 жылдары колхозда есепші болып істейді. 1943-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысады. Мұзараптың ақындық, әншілік, күйшілік, жыраулық өнерге бейімделуіне күшті ықпал жасаған сол ортадан шыққан үлгілі ұстаздары – ақын, жыраулар Жиенбай, Тасберген, Омар, Тұрмағамбет, әсіресе, Сыр елінің әйгілі айтыс ақыны, асқақ әншісі, өз әкесі Кете Жүсіп Ешнязов болды. Мұзараптың алғашқы шығармаларының тақырыбы той бастау, ат сынау, қызбен қалжың айтысу болды. Мұнан кейін халық ертегі, аңыздарының оқиғасын негізге алып, «Тамшы» (1925), «Үш насихат» (1926), «Үш жұмыртқа» (1927), «Самұрық» (1948), «Бақытты бала» (1948) дастандарын шығарды. 1927 жылдан бастап 1969 жылдар аралығында біраз қазақтың танымал ақындарымен айтысқа да шыққан. Мұзарап шебер орындаушы, өнерпаз болуымен қатар өз жанынан бірнеше әндер де шығарған.

1962 жылы Мұзараптың орындауында 34 ән, күй дыбыс лентасына жазылып алынды. Халық ауыз әдебиеті шығармаларынан 10 000 жолға жуық өлең-жыр жинап, қолжазба қорына тапсырды. Сол тапсырған қолжазбалардың ішінде «Жүсіп-Ахмет» дастаны да бар. Жырдың мәтіні араб әрпінде жазылған. Қолжазбада төте жазуымен қазақшалап түсірген Құрбанқожа Мырзақұлқожаұлы деген мәлімет бар. Ол қолжазбаны Қызылорда облысында 1957 жылдың 18-қыркүйегінде жазып бітірген. Көлемі 103 бет. 2200 жол. Жыр мәтіні үлкен канцелярия дәптеріне көк сиямен, тығыз жазылған. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан. Сақталуы орташа. Қолжазбаны институт қорына тапсырушы Байділдаев Мардан – фольклортанушы, қазақ рухани мұраларының жанашыры. Ұзақ жылдар М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер болып жұмыс істеген. Қырық жыл бойы халық қазынасын жинап, көпшілігін жеке кітап етіп шығарды. Тұрмағамбет Ізтілеуов аударған «Шахнамені» көп ізденістен кейін ақынның баласы Әбдірауықтан тауып, ақынның өз қолымен

жазылған 35 дәптерден тұратын 815 беттік қолжазбаны М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорына тапсырған. Осы Мұзарап Жүсіпов жырлаған «Жүсіп-Ахмет» дастаны бұрын еш жерде жарияланбаған.

Шорман тапсырған «Бозұғлан» жырының келесі нұсқасы ӘӨИ-дің 193-бума 1-дәптерінде сақталған. Қолжазбада «Ұшбу йазучы Чорман Білтебайұғлы. Лақап аты – Чорман дамолла» деген жазу бар. Көшірушінің өмірбаяны туралы ешқандай мәлімет жоқ. Қолжазбадағы қойылған қолға қарағанда қолжазба иесі де, оны көшіруші де Шорманның өзі. Қолжазба бірден-бірге ауысып, әрқайсысы ел аузынан естігендерін қосып жазып отырған. Қолжазба Шорманнан 1881 жылы баласы Шұбар Шорман ұғлына, одан кейін 1882 жылы Мұртаза Бөлекұғлына өткен.

1960 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Омбы қаласына экспедиция ұйымдастырады. Экспедицияны басқарған, әрі осы сапар кезінде қолжазбаны тауып, институт қорына әкеліп өткізуші институттың ғылыми қызметкері Т.Сыдықов болатын.

Қолжазба сары қатты қағазбен қапталған. Жыр қоңыр-сары қағазға қара сиямен жазылған. Беттерін қызыл қарындашпен, европалық беттеу тәртібімен белгілеген. Сақталуы орташа. Мәтін қара сөзбен және өлең жолдарымен аралас берілген. Өлең жолдары әр бетке екі, кейде бір қатардан орналасқан. 114 беттен, 4000 жолдан тұрады.

Жырда Бозұғлан ханның жиендері Жүсіпбек, Ахметбектердің қызылбастармен болған соғыстары жайында баяндалады. Бұл – қиссаның XVIII ғасырдың соңындағы вариантының толық нұсқасы. Қолжазбада «Бұрынғы араб әрпімен жазылған» деген мәлімет бар. Жалпы қолжазба хұснихат үлгісімен көркемделіп, жақсы, ұқыпты жазылған, бірақ оқылуы қиын. Осы 193-бумада араб әрпімен жазылған түпнұсқамен бірге қолжазбаның кириллицаға түскен нұсқасы да сақталған. Қолжазбаның бұл нұсқасын 1882 жылы Мұртаза Бөлекұлы хатқа түсірген екен. Көлемі – 111 бет.

Қолдағы бар басқа нұсқалар секілді Шорман нұсқасы да толық жырланған. Шығарма қара өлеңмен де, жыр үлгісімен де жырланады.

Қолжазба араб әрпімен және қара (бидай сиясы) сиямен сарғыш тартқан жолсыз қағазға түсірілген. Түс-формасына қарағанда қағазы Қазан төңкерісінен бұрын шыққан шығыс елдерінің қағаздарына ұқсайды.

«Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» [11, 53] жинағында осы нұсқаны алдымен «Ш. 198 (ӘӨИ)» сақталған деп қате көрсетіледі де,

кейін [11, 55] қолжазбаны 193-бумада, 1-дәптерде сақталған деп дұрыс жазылады. Т.Сыдықов институт қорына өткізген.

Шығарма XIX ғасырдың екінші жартысында Омбы маңында көшірілген. Шұбарға әкесі Шорманнан 1881 жылы өткен. Бұл қолжазба жайында В.В.Радлов «Образцы народной литературы тюркских племен...» [12]; Н.Сәбитов «Қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» [13] еңбектерінде қарастырған. Шорман тапсырған «Бозұғлан» жыры бұрын еш жерде жарияланбаған.

Ал, «Бозұғлан ханның әңгімесі жайында» шығарма Орталық ғылыми кітапхананың «Сирек басылымдар және қолжазба қорында» (203-бума) сақталған. Қолжазбаны 1945 жылы ел арасынан жазып алып тапсырушы, өзінің ортасына белгілі халық ақыны – Жантөбетов Жақсыбай (1888-1958). Ол Жамбыл облысы, Шу ауданы, Абай колхозында туған. Ауыл мектебінде оқып, сауатын ашқан. 1943 жылы Коммунистік партияның қатарына қабылданды. Кейін СССР Жазушылар одағының мүшелігіне өтті. Ұлы Отан соғысы жылдары үгіт-концерт бригадасына қатысып, тыл еңбеккерлеріне ән, жырымен белсенді қызмет етті. «Колхоз жыры», «Турксиб», «Екі тап», «Нәзім қыз» дастандарын шығарды. Ақындардың слетіне (1937), айтысқа (1943), Абайдың (1945), Жамбылдың (1938, 1946) мүшелді мерекелеріне қатысты. Сол кездегі жергілікті Советке депутат болып сайланған Ж.Жантөбетов қоғамдық, шығармашылық еңбектері үшін «Құрмет белгісі» орденімен (1945), «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі қажырлы еңбегі үшін» медалімен (1946), Қазақ ССР Жоғары Советінің грамотасымен марапатталды. Өлеңдері мерзімді баспасөзде, жинақтарда жарияланды.

Жантөбетов Жақсыбай тапсырған қолжазба қатты қоңыр мұқабамен қапталған. Буманың ішінде бірнеше фольклорлық үлгілер сақталған. «Бозұғланның әңгімесі» араб әрпімен, көк сиямен, сарғыш үлкен жолсыз қағаздарға ұқыпты, түсінікті жазылған. Европа тәртібімен беттелген. Қара сөзбен баяндалған мәтіннің көлемі – барлығы алты бет. Шығарманың соңында басталуы мен аяқталуы – 22/III–1945 деп мезгілі жазылған. Бұл мәтін бұрын еш жерде жарияланбаған. Шығарма ертегі түрінде баяндалған.

«Бозұғлан» жырының Бижанов Әзімбай жырлаған нұсқасы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында (679-бума, 1-дәптер) сақталған. Қолжазба қалың қатты бумаға салынып, ұзын жолды мектеп оқушысының дәптеріне, қара-көк сиямен, араб әрпімен жазылған. Көлемі – 42 бет, сақталуы

жақсы. Қолжазбада шығарманың атауы «Бұл қисса – Бозұғлан» деп жазылған. Қиссаны жырлаушы Әзімбай – бұрынғы Семей облысы, Шұбартау ауданында туған жазушы, ақын. «Ол көптеген өлеңдер, поэмалар шығарған. Бірақ олардың көбі әркімдердің қолында жүріп жоғалып кеткен. Ә.Бижановтың шығармаларын баласы Тәңірберген 1969 жылы институт қорына тапсырған. Осы Тәңірберген жайында басқа мәлімет кездеспеді. Қолжазбаның 63-бетінде Әзімбайдың баласы Тәңірбергеннің «1969 жылы августің 24 күні жазып бітірдім, барлығы – жүрегінде жүрген әкем Әзімбайдың жазғаны. Кітабы жоқ, жас күнімде жаттағаным ұмыт қалғаны болса, кешіріңіздер» деп жазғаны және тағы бір жерде «Бұл қиссаны өзбек ақыны шығарған екен. Жатқа айтушы еді. Кәртеген уағында сендер мен құсап үйлестіріп айта алмайсың деп баласы маған былай айтыңдар деп түсініксіз жерін алып тастап, көпшілігін өзі жазды. Ішінде көңілге қонатын мағыналы сөзін қалдырды» деп жазған ескертпесі де бар [14, 28]. Ә.Бижанұлы жыр негізін Қазан басылымынан алғаны даусыз. Сонымен қатар ол жыр сюжеттерін қысқаша, қызықты ғып баяндаған. Қолжазбаның соңында қазіргі кирилл әрпімен жазылған хат бар екен: «... Шал жүрегіне ұстағанын бітіріп жіберді. Бұрынғы әкесінің «Ақтамберлі», «Бірәһат шеріп», «Сарыарқа» (шығармалары-П.А.). Осы мына жазылғанды, әкесінің атын шыққанын көрсем арманым жоқ дейді. Таутан» деп есімін жазған. Бұдан Тәңірбергеннің қартайған шағында әкесі Әзімбайдан қалған мұраларды аманат етіп Әдебиет институтының қорына жібергенін және ол мұралардың жарыққа шығуын өтініп сұрағанын түсінуге болады. Сондай-ақ, дәптердің соңғы бетінде, бөлек, торкөз сарғыш қағазда, араб әрпімен, қызыл қарындашпен жазылған мынадай мәлімет бар: «Әзімбай Бижанұлы Семей облысы, Шұбартау ауданында туған. Ақын 1922 жылы 68 жасында қайтыс болған. Белгілі Ақтамберлі батыр-жырауды қисса етіп жырлаған. 1917 жылы «Ақтамберлі-Жаскелең» деген атпен ақынның бірнеше шығармалары бар». Бижанов Әзімбай мен баласы Тәңірберген армандағандай, «Бозұғлан» жырының Бижанов нұсқасы тұңғыш рет «Бабалар сөзінің» 47-томында жарық көрді [8, 177-203].

«Ахметбек, Жүсіпбек қиссасы» Орталық Ғылыми кітапхананың Сирек басылымдар және қолжазба қорында (746-бума, 1-дәптер) сақталған. Айтушы – Өтешов Қали. Бұл жыр осы Өтешов Қалидың нұсқасы болып есептеледі. Қолжазбада жыршы туралы ешқандай мәлімет айтылмаған. Оны 1935 жылы қорға А.В.Васильев тапсырған.

Қара сөз аралас өлең жолдары әр бетте екі, кейде үш қатардан аралас келіп отырады. Мәтін дәптердің көлеміндей жолсыз сарғыш қағазға қара сиямен, араб әрпімен жазылған. Беттері европалық тәртіппен нөмірленген. Жазуы нашар, оқылуы қиын. Барлығы 19 бет. Қолжазба сарғыш қағазбен қапталған. Сақталуы нашар.

Қазақ арасына көп тараған бұл жыр түрікмен, өзбек, қарақалпақтарда да жырланады. Мұның бір нұсқасы 1964 жылғы Қарақалпақ экспедициясы кезінде Нүкіс қаласында тұратын қазақ жырауы Жалғасбайдың айтуынан экспедиция мүшелері магнитофонға түсіріп алған. Экспедицияға қатысқандар – институттың ғылыми қызметкерлері Б.Ысқақов (жетекшісі), Т.Қанағатов, Т.Бекхожина. Қолжазба тарауларға бөлінбеген. Толық емес, басқы-соңғы беттері жоқ, жыр үлгісімен айтылады.

Осы 746-буманың 2-дәптерінде де (ОҒК) «Ахметбек, Жүсіпбек қиссасы – Бозұғлан» атты тағы бір жыр сақталған. Қолжазбаны 1935 жылы Қостанай облысына келген экспедиция мүшелері жазып алып, кейін институт қорына тапсырған. Экспедицияны кім ұйымдастырғаны белгісіз. «Бабалар сөзінің» 47-томында бұл жыр жөнінде «Жыршысы, айтушысы не тапсырушысы жөнінде еш мәлімет берілмеген» деп жазылған [8, 372]. Бұл – жаңсақ пікір. Қолжазбаны тапсырған экспедицияның мүшесі – А.В.Васильев. Жырды айтушы – Өтешов Қали. Жыр үлкен жолсыз, сарғыш қағазға машинкамен басылған. Сырты сарғыш қағазбен қапталып, жақсы сақталған. Түпнұсқасы латын не араб әрпінде болуы мүмкін. Бірақ түпнұсқасы жайында еш нәрсе жазылмаған.

Қиссаны жырлаушы Қазан басылымының сюжетін сақтай отырып, өзінше көркем түрде жырлаған. Қисса жеті буынды жыр үлгісінде айтылып, кейбір тұстары он бір буынды өлшеумен жырланған. Нұсқаның тілі жатық, басқа тілден енген сөздер аз кездеседі. Қара сөз жоқтың қасы. Бірақ жыр аяқталмай қалған. Шығарма қанша көлемді болса да (3360 жол), толық емес. Оқиға желісі бітпей қалған. Жырдың көлемі – 56 бет.

«Қолжазбалардың ғылыми сипаттамасы» [11, 40] атты жинақта жыршының фамилиясы «Өтемісов» деп қате жазылып кеткен. Дұрысы – «Ахметбек, Жүсіпбек қиссасын» жырлаушы Өтешов Қали.

Байеке Айдаболов нұсқасы деп есептелетін «Бозұғлан» жырының тағы бір нұсқасы 804-буманың 6-дәптерінде сақталған (ӨӨИ). Қолжазбада жыр «Бозұғлан» деп айтылуы бойынша жазылып және авторы Сегіз сері деп жазылған. Шығарма торкөз дәптердің 83-бетінен басталып, 111-бетте аяқталған. Көк пасталы қаламсаппен кириллицада жазылған. Мәтіннің

жалпы көлемі – 29 бет, жазуы түсінікті, қолжазбаның сақталуы жақсы. Соңғы беттің аяқ жағында «25.03.1975» деген жазу бар.

Әдеби дерек беруші – Төлешов Бұлдыбек. Жинаушы Биғожин Қаратайдың айтуы бойынша, жырды Қызылорда облысының Шиелі ауданындағы «Гигант» колхозының тұрғыны Төлешов Бұлдыбек қарттан жазып алған. Ол 1900 жылы Қызылорда облысындағы Шиеліде, орта шаруаның отбасында туып, арабша, жәдидше, латынша сауатын ашқан. Көп жыл баспахана қызметкері болған Б.Төлешов домбыра тартып, ән де салған. Сегіз бала тәрбиелеп өсірген үлгілі әке еңбек армиясында 1942-1945 жылдары адал қызмет еткен.

Ал, Биғожин Қаратай – ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, қарапайым ауыл мұғалімі болған. Қ.Биғожин 1974 жылдан бері рухани құндылыққа қызығушылық танытып, өз бегінше Қазақстанды түгел дерлік аралап, әдеби жәдігерлерді жинастыру ісімен шұғылданып келген. Оның тапсыруымен әдеби қорларда жинақталған фольклорлық туындылар мен ақын, жыраулардың шығармалары іргелі зерттеулерді қажет етеді.

Жұрттың назарына соңғы кезге дейін ілінбей, беймәлім болып келген «Жүсіп-Ахмет хикаясы» атты қолжазба М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қолжазба қорында (9177/7-бумасында) сақталған.

Буманың сыртында «Ә.Қайнарбаев жинаған ауыз әдебиеті үлгілері» деп жазылған. Көп жылдар бойына фольклор жанашыры ретінде жүз мың жолдан аса әдебиет мұраларын, Сыр бойы ақындары мен жырауларының шығармаларын жинап, Орталық ғылыми кітапхана мен институттың Қолжазба қорларына өткізген белгілі жинаушы Қайнарбаев Әлқуат (1898-1979) Қызылорда облысы Қармақшы ауданының азаматы болған. 1930-жылдардан бастап қазақ ауыз әдебиетін жинап, қағазға түсірумен айналысқан.

Ә.Қайнарбаев тапсырған ауыз әдебиеті мұраларының арасынан табылған «Жүсіп-Ахмет хикаясы» Базар жырау жырлаған нұсқаға жатады. Ол жөнінде қолжазбаның соңында мәлімет келтірілген: «1899 жылы наурыз айында Алдажардың баласы Қалқашқа аударттым. Балқының халыққа мәлім мен Базары» деген жазуы бар [15].

Базар Жырау Оңдасұлы – Балқы Базар (1842-1911) – жырау. Руы – шөмекей ішіндегі Балқы, сондықтан ел арасында Балқы Базар аталып кеткен. Болашақ жырау әкесінен ерте жетім қалып, есейгенше нағашысы Өтемістің қолында тәрбиеленген. Тоғыз жасында Тәспен би оны өз қолына алады. Тәспен ауылына сол кездегі Сыр бойы, Арқа өңіріне белгілі жыраулар жиі келіп, апталап-айлап жатады екен. Бұл Базардың



жыраулық жолға түсуіне бірден бір себеп, үлкен мектеп болады. Базар жырау 15 – 16 жасында бала жырау атанады. Базар осы кезден бастап Ор төңірегін, Ырғыз, Сыр бойы, Қызылқұмды, Үргеніш, Хиуа жағын жырау ретінде аралайды. Осы төңіректе кеңінен жайылған Ноғайлы дәуірінің қиссаларымен танысып, оларды жаттап, халық арасында жырлайды. Хорезм жағында болған кездерінде Орта Азия жұртшылығы арасында кеңінен мәлім дастандарды («Көроғлы», «Жүсіп–Ахмет», т.б.) қазақ тілінде жырлап, Сыр бойына таратады. Жырау көзі тірісінде, әсіресе, қартайған шағында құрдасы әрі туысы Нұрымбеттің Төремұрат деген оқыған баласына ауызша айтып отырып, көп толғау-жырларын, дастандарын хатқа түсірткен. Жыраудың өз айтуымен хатқа түскен 15 мың жолға жуық өлең-жырлары, 5 дастаны сақталған.

Базар жырау жырлаған жыр ұзын жолды канцелярия дәптеріне жазылған. Мәтін дәптердің 3-83 бет аралығында араб әрпімен, әдемі, ұқыпты жазылған.

Зерттеуші Серікбай Қосан «Бабалар сөзінің» 47-томында осы жыр жайлы жан-жақты зерттелген, тұщымды ой-пікірлер айтып, жақсы талданған ғылыми түсініктемесін жазған [8, 361-371].

1947 жылы қыркүйек айында, Қарақалпақ еліне ұйымдастырылған экспедиция кезінде жазылып алынған «Бозұғлан» жырының Мұратбай Дәуітбайұлының нұсқасы «Бозұғланның тарихы» деп аталып, Орталық Ғылыми кітапхананың сирек басылымдар және қолжазба қорында (841-бума, 4-дәптер) сақталған. Дәуітбаев Мұратбай – Қарақалпақ АССР, Хожелі ауданы, 11-аулында тұрған. 1907 жылы туылған, руы – шөмекей, шөмекейдің жәнтігі. Қолжазбаны жазып алушы экспедицияның мүшесі – Ахметов Шеген (1914-1983). Ол – әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының кандидаты. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба бөлімінде аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істеген. Еңбектері қазақ әдебиеттануы мен балалар әдебиетінің өзекті мәселелеріне арналған.

Жыр Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының қолжазба қорына 1947 жылы 9 желтоқсанда түскен. Қолжазба көкшіл сұр түсті, қалың қатты мұқабамен қапталған. Шығарма үлкен, жолсыз, сарғыш түсті қағаздарға көк сиямен, бір қатарға кирилл әрпінде жазылған. Жазуы нашар, сиясы құсып жазған, сия тамған, сызып, жөнделген тұстары да кездеседі, сондықтан оқылуы қиын. Жырдың арасында қара сөзбен баяндайтын тұстары да кездеседі. Қолжазбаның көлемі – 35 бет, сақталуы жақсы. Бұл жыр бұрын жарық көрмеген.

«Бозұғланның» Әбдімұрат нұсқасы, яғни эпостың қолжазбасы Әжанияз атындағы Нөкіс Мемлекеттік педагогикалық институты қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, институт профессоры Қаржаубай Жұмажановтың (1936-2006) жеке мұрағатынан алынған. Эпос мәтінін 1970 жылы 28 шілдеде Қарақалпақстанның Тактакөпір ауданы, Қараөзек қыстағының тұрғыны, ақын-жыршы Аймұрат Әбдімұрат баласынан Қ.Жұмажанов жазып алып, кейін 2007 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына тапсырылған (1204 бума). «Бозұғланды» айтушы Аймұраттың әкесі Әбдімұрат Қоңырбайұлы бұл шығарманы 30 жыл бойы жырлап, халық құрметіне бөленсе керек. Жыршының атасы Қоңырбай, бабасы Сереке де аталған эпоспен қатар басқа да қазақтың ескі батырлық, ғашықтық жырларын көп білетін, дәстүрлі жыраулық мектебінің өкілдері екендігі шығарманың жинаушы тарапынан жазылған кіріспесінде баяндалған. Қаржаубай Жұмажанов, сонымен бірге, Қазақстанның батыс өңірінің, Қарақалпақстанның қазақтарының фольклорлық, авторлық әдебиет үлгілерін жинаушы.

Жырда кездесетін мотив, сюжеттері қазақтың басқа батырлық жырларындағы кейбір оқиғаларды қайталайды. Зерттеуші С.Қосанов «Бабалар сөзінің» 47-томында жазған түсініктемесінде «Әбдімұрат Қоңырбайұлы жырлаған «Бозұғлан» эпосы қазақтың батырлық жырларының қатарында өзіндік дара қолтаңбасы бар, оқиғасы қызықты, тілі көркем халықтық шығармалардың бірі дей отырып, «Жүсіп-Ахмет», «Бозұғлан» тәрізді түркімен аңыздарының оқиғаларына мүлде ұқсамайтын, яғни қазақ халқының басынан өткен тарихи шежіре іспетті бағалы жәдігер» деп тұжырымдайды [8, 377].

Әбдімұрат нұсқасы толық, 7-8 буынды жыр үлгісіне құралған. Жолсыз ақ қағазға көк пасталы сиямен, кирилл әрпінде жазылған. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан. Көлемі – 84 бет, сақталуы жақсы.

Бимырза Баймағамбетов («Ғылыми сипаттама» кітабында Биназар Бимағамбетов деп қате жазылған [11, 52]) жырлаған «Бозқұлан» жыры М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қолжазба қорында (105-бума, 1-д.) сақталған. Балалар үйінің сиыршысы болып еңбек еткен Бимырза Баймағамбетов 1886 жылы Қызылорда облысы, Жалағаш ауданында туып-өскен. Жырды жинаушы Әбдіхамит Бөрібаев Ғылым академиясы Тіл, әдебиет институтының кіші ғылыми қызметкері болып жұмыс істеген. Ол «Бозқұлан» жырын 1954 жылы Оңтүстік Қазақстанға барған экспедиция кезінде Қызылорда облысы, Жалағаш ауданында

кисса, дастандарды жаттап, жиын-тойларда айтып жүретін 68 жастағы Биназар Бимағамбетовтен жазып алған. Қолжазба қалың ақ қағазбен қапталып, жолсыз үлкен ақ қағазға кирилл әрпінде, қарындашпен жазылған. Сақталуы жақсы. Жыр әр бетке бір қатардан орналасқан, арасында қара сөзбен баяндалған тұстары да кездеседі. Көлемі – 33 бет. Беттелуі еуропа тәртібімен берілген. Шығарманың соңғы бетінде «13 / VIII – 1954» деп жазылған. Бұл жыр бұрын жарық көрмеген.

Енді осы аталып өткен жырлардың арасынан ең негізгісін, әрі толыққанды нұсқасын ажыратып, жыр варианттарын өзара салыстырғанда қандай ерекшеліктері бар екендігін анықтап өтейік. Ескеретін бір жайт – бұл қолжазбаларың көбісі әлі жарыққа шықпаған дүниелер, сондықтан қысқаша болса да жыр мазмұнын баяндап өтеміз. «Ахметбек пен Жүсіпбек» жырының жоғарыда аталған варианттарын салыстырып зерттеу үшін, олардың өзара ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анығырақ және толығырақ ашуға ыңғайлы болу үшін ең алдымен, Орталық ғылыми кітапхана қорында сақталған, осы нұсқалардың ішінде ең көнесі, әрі алғаш рет 1890 жылы Қазан қаласында Ешбай Көзбергенұлының тәржімелеп, ұсынуымен жарық көрген «Бозұғлан, Ахметбек һәм Жүсіпбек» жырын негізгі мәтін деп алып, онда жырланатын мотивтер мен эпизодтарды белгілеп тізіп алғанымыз қолайлы болады деп есептейміз. Жырдың басталуы әр вариантта әр түрлі болып келеді, яғни жырдың басталуын әр ақын өзінше жасайды, өзінше толықтырады.

«Ахметбек пен Жүсіпбек» эпосының сюжеттік желісін құрайтын негізгі тұрақты өзекті эпизодтар мыналар: 1. Бозұғлан хан өзінің екі қарындасын (не қарындасын) екі уәзіріне қосады. Олардан Ахметбек пен Жүсіпбек туады; 2. Ахметбек пен Жүсіпбек Бозұғлан ханның тәрбиесінде өседі. Олардың арасын уәзірі (туысы, не халқы, немесе ауыл адамы) шағыстырады; 3. Сөзге ерген Бозұғлан екі бекке елден кетсін деп хат жазып, олар қоныстарын ауыстырып, бір көлдің жағасына келіп тоқтайды; 4. Ахметбек пен Жүсіпбек Ерғали хан мен Нәдірбек ханның қыздарына үйленіп, бір-бір шаһардың билеушісі болады. 5. Мешел (Мысыр, не Мысыл, немесе Месіл) шаһарының патшасы Көзәлшаһ (Көзелша, не Күзәлша, немесе Көзәлша, Көзелше) жаман түс көріп, оны Баба Ғұмарға (Баба Қамбарға (Баба Ғамбар), не Қари Бабаға, Баба Омарға) жорытады; Шаһ екі бекті ұстап әкелу үшін Мырза Мәметті (Мырзы Мәмбет) (Көкше, не Маматты) жібереді; Жансыз екі бектің сеніміне кіріп, нөкері болып алады. Кейін орайын тауып, екі бекті жауларына ұстап береді; Зынданға түскен екі бек Баба Ғұмармен танысып, онымен

бірге жеті жыл (не сегіз жыл) бірге отырады; Ахметбек пен Жүсіпбекке зынданның бастығы Хамза Мерсубтың Қаракөз атты қызы (Көзәлшаның сұлу қызы Парай, немесе патшаның қызы Қаракөзайым, не түрікпеннің Бибинияз деген бір қызы, немесе Көзәлшаның бас уәзірі Көкше Шағырдың қызы Қаракөз (Қаракөзайым) келіп тұрады; Көзәлша өзін Көкше ақыны мен Жүсіпбекті айтыстырып, жеңіске жеткен Жүсіпбек пен Ахметбек елдеріне қайтады; Еліне барған соң қалың қол жинап, қайтып келіп, жауын жеңіп, зынданнан Баба Ғұмарды босатады. Екі бектің бірі Қаракөзайымға үйленеді.

Енді «Бозұғлан, Ахметбек һәм Жүсіпбек» жырының (Қазан, 1890) қысқаша мазмұнына тоқталайық:

«Исфәһан шаһарында Бозұғлан деген патшаның Әжібек пен Бабабек деген уәзірлері бар екен. Бозұғлан өзінің екі қарындасын осы екі уәзіріне береді. Олардан екі ұл туады. Әжібектің баласының есімін Жүсіпбек десе, Бабабектің ұлына Ахметбек деп қояды. Ахметбек пен Жүсіпбек жігіт болып, атқа мініп, қастарына жігіттер ертеді. Барлық жақсы жігіттер солардың маңайына жинала бастайды. Бозұғланның бір уәзірі келіп арыз қылады: «Сізде жақсы жігіттерден ешкім қалмады, барлығы Ахметбек пен Жүсіпбекке кетіп қалды. Сізге зияны тиеді дейді». Осы сөз әсер еткен Бозұғлан Жүсіпбекке хат жазып, шаһардан кетуін сұрайды. Жүсіпбек пен Ахметбек Исфәһаннан көшіп кетеді. Өзіне қарасты қырық жігітті басқаратын Әшірбек деген сардарымен Сабзар деген бұлағы бар жерге тоқтайды. Бұлар қызылбаспен соғысып, Жүсіпбектің аты Үргеніш және Мешел жұртына дейін естіледі. Хиуаның хәкімі Ерғали хан өзінің Күлғасыл атты қызын Жүсіпбекке, ал Нәдірбек қызын Ахметбекке қосады. Сөйтіп Жүсіпбек Хорезм қаласына, Ахметбек Бараржын қаласына ие болады. Мешел шаһарының патшасы Көзәлшаһ бір күні жаман түс көреді. Оның түсін ешкім жорып бере алмайды. Тек Шын-Машыннан келген ғұлама Баба Ғұмар ғана шындықты айтады. Оның сөзіне Көзәлшаһ ашу шақырып, зынданға салады. Халқына Жүсіпбек пен Ахметбекті ұстап әкелген адамға үлкен сый беретінін жариялайды. Мырза Мәмет деген ғаяр адам шығып, тапсырманы орындайтынын айтады. Ол Үргенішке келіп, Жүсіпбек пен Ахметбекке жолығып, оларды алдап, сенімдеріне кіріп, нөкері болып алады. Арада екі жыл өтеді. Екі бектің даңқы Исфәһанға да жетеді. Бозұғлан ағалары сағыныштан шыдамай, жиендерін көруге келеді. Хан Мырза Мәметті көргеннен ұнатпайды «сенімсіз, көзін күрт» деген сөздерін тыңдамай, Жүсіпбек оған ауыр сөздер айтады.

Бозұғлан өкпелеп, Исфаһанға қайтып кетеді. Мырза Мәмет екі батырды алдап, аңға алып шығып, жаудың қолына түсіреді. Аяқ-қолы байланып, соққы тиген Жүсіпбек қатты өкінеді. Шаһ бұларды зынданға салады. Сол жерде олар Баба Ғұмармен танысады. Зынданда жеті жыл отырады. Шаһ екі батырға шарт қойып, өзінің Көкше деген ақынымен Жүсіпбекті сайыстырады. Жеңіп шыққан Жүсіпбек пен Ахметбекті босатады. Еліне келген екі батыр әскер жиып, оған Бозұғлан әскерімен қосылып, жауынан кегін алу үшін Мешел қаласына келеді. Көзәлшаһ есі шығып, елшілікке Қаракөзбен (кезінде екі батыр зынданда жатқанда тамақ тасып, көмектескен қыз) Баба Ғұмарды жібереді. Олардың сөзіне тоқтаған Жүсіпбекті Көзәлшаһ достарымен қосып, қонақ қылып күтіп, жақсы сый-сияпат жасайды. Жыр еліне аман-есен келген Жүсіпбек пен Ахметбектің үлкен той жасауымен аяқталады».

Ә.Марғұлан жырда Баба Ғұмардың болуы жөнінде былайша пайымдайды: «Жырға Баба Омардың қатысы бұл жырдың Қарахан мен Омаят халифасының дәуіріндегі жыр екенін және олардың Бұқар, Бағдат өлкелеріне таласқанын көрсетеді» [10, 244]. Сондай-ақ зерттеуші осы жырда «Жүсіпханның айымы аза тұтып, көк бота байлап жүр» деген сөз кездеседі. Мұндағы көк бота жетелеу – бұрынғы кезде ері жау қолына түскен жас әйелдің еріне сұрау салғанын, жарынан үмітті екенін ишаралайды. Көк бота жетелеу көбінесе «Қорқыт», «Бозжігіт», «Қарахан», «Арал хан», «Бозұғлан» сияқты есікі жырларда кездеседі» деп тұжырымдайды [10, 243].

Жалпы Ешбай Көзбергенұлының мазмұндалған осы нұсқасы сюжеті жағынан ең толық, ең кең көлемде жырланған, әрі баспа арқылы халыққа ең танымал эпосқа жатады. Жырдың араб әрпімен жазылған қазақ тіліндегі тұңғыш басылымында өлең жолдары мен қара сөз аралас келеді. Жыр бірде өлеңмен төгілітіп келеді де, бірде қара сөзбен түсініктер беріп, оқиғаны біріне-бірін жалғап отырады. Жыр бастан-аяқ оқиғадан оқиғаға ұласып, тұтас жырланады. Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасының сирек басылымдар мен қолжазбалар қорында, сонымен бірге Ешбай Көзбергенұлының Қазан қаласының Қазан университетінің баспаханасында 1904 жылы жарық көрген жырдың екінші нұсқасы да сақталған. Литографиялық қолжазба кітаптардың сақталуы жақсы, баспаның жұқа сарғыш қағазына 1890 жылы басыланған жинақтың мұқабасы жасыл түсті болса, 1904 жылы жарық көрген басылымның мұқабасы қоңыр түсті. Шығарманың жалпы көлемі екі жинақта да бірдей 76 бет. Осы нұсқаны негізгі мәтін деп алып, басқа жырлармен

салыстырамыз. Бұл жыр бір ғасыр өткен соң «Бабалар сөзі» көп томдығының 47-томында жарияланды [8, 11-110].

Халық ақыны Мұзарап Жүсіпов нұсқасы (ӘӨИ, 97-бума) болып табылатын «Жүсіп-Ахмет» дастанының мазмұнына тоқталайық. «Жүсіп пен Ахмет» жырының барлық нұсқаларының басталуы әр түрлі, ал 97-бумада сақталған жырда оқиғаның басталуы Жүсіп пен Ахметтің Бозұғланмен ренжісіп келуі, Һәуедек деген көлдің жағасына келіп тоқтауы, Мысырдағы Көзәлшаның түс көруі, өз халқының арасынан оны жоритын адамды таппай, сол кезде шаһарға келген баба Қамбарға болған жайды айтып, түсті жорытуы, оны зынданға салуы, Көкшенің сапары, екі бектің сеніміне кіруі, Бозұғланның бектерді ескертуі, ақыл беруі. Оны Жүсіп пен Ахметтің тындамауы, әбден сеніміне кірген Көкше бір күні екеуін аңға алып шығуы, дұшпандарына хат жазып, алдан-ала дайындауы, ұйқыдағы қырық жігіттің бірі де ояу болмауы, екі бекті ұстап алып, бастарына қиыншылық түскенде қырық жігіттің бас сауғалап қашуы және одан әрі қарайғы оқиғалардың барлығы екі жырда да жалпы сұлбасы ұқсас.

Бірақ М.Жүсіпов нұсқасын Ешбай Көзбергенұлының жариялаған жырымен салыстырғанда біршама айырмашылықтардың бар екенін де байқадық: Мұнда Жүсіп-Ахметті Бозұғланға қарсы қойып, араларын ашатын уәзір жоқ. Жүсіп пен Ахметтің Бозұғланмен ренжісіп келіп тоқтайтын көлінің аты Һәуедек деп аталады. Жау патшасының аты – Көзәлша, екі батырды алдайтын жансыздың есімі – Көкше шайыр, ал түсті жоритын әулие Баба Қамбар деп аталады. Мұнда Көзәлша Көкшеге «Ақтұйғын» деген атын берсе, Ешбайда – Батпай деген жорғасын береді. Жыршы Көкше елінен кетіп бара жатып қоштасқанына, оның, туғандарының сезімдеріне біршама тоқталып жырлаған. Көкшенің екі батырға елінен қашып келу себебін айтатын әңгімесі басқаша, әрі бұл мұсылмандықты қабылдайды. Жүсіп пен Ахметті жауларына ұстап беру үшін алдап әкелетін тауының аты – Асқар тау. Сондай-ақ, Ешбай Көзбергенұлының нұсқасында кездесетін «екі батырды байлап алып кетіп бара жатқан жау әскерінің соңынан қуып жеткен Әшірбек бастаған 40 жігіт тоғыз күн соғысып, Әшірбек ауыр жаралануы, Көкше Жүсіп пен Ахметті ұстап әкелген соң Көзәлша халқын жинап, жеті күн той қылуы, қазынаны ашып, көп дүние-мүлік беруі, Көзәлша екеуін өлтіріңдер деп бұйырғанда, Жүсіп Алла-Тағаладан медет сұрап, пірлердің рухтарынан көмек келуі, жау таспен атқылап өлтірмекші болғанда, атқан тастары қайтып келіп, өздеріне тиюі, зынданда жатқанда зынданның бастығы

Хамза Мерсубтың Қаракөз атты қызының екі бекке тамақ әкеп тұруы, Жүсіпбек пен жары Күлғасылдың тырналар арқылы хат жазысуы, Көзәлшаһтың айтыстан жеңілген Көкшеге 71 дүре соқтыруы, сатқын Мырза Мәметті Жүсіпбектің шауып өлтіруі (М.Жүсіпов нұсқасында, Көкшенің құлақ-мұрнын кесіп, көзін ойып алады), еліне қайтар жолда бір қыз, келіншек, жігітке жолығуы, Ахметбек жары Күлқадишамен тойда табысуы, Көзәлшаһтың Қаракөз бен Баба Ғұмарды Жүсіпбекке елшілікке жіберуі, Қаракөзді екі қызбен Баба Ғұмарға қосуы» сияқты көріністер М.Жүсіпов нұсқасында мүлде кездеспейді. Керісінше, Мұзарап Жүсіпов нұсқасында кездесетін 30 жыл бойы жат елде жүрген түркіменнің Бибінияз атты сұлу қызының барымта кезінде қызылбастардың қолына түскен оқиғасы, оның Жүсіп пен Ахметке көмегі, оларға базардан дутар сатып әкелуі, жаудан қашып шығу жолындағы зор көмегі сияқты оқиғалар Ешбай Көзбергенұлының нұсқасында кездеспейді. Жырдың аяқталуы да екі нұсқада екі түрлі.

Бұдан байқағанымыз, жыршы Қазан баспасынан шыққан «Жүсіп-Ахмет» жырын ертеден жақсы білген. Сол жырдың желісін сақтай отырып, өз тарапынан біраз өзгерістер енгізген, оқиға тартымды, қызықты әрі түсінікті болу үшін кейбір эпизод, детальдарды қосқан. Жыр толық аяқталған. «Жүсіп-Ахмет» жырының Мұзарап Жүсіпов жинаған нұсқасы бұрын жарияланбаған.

Енді Шорман тапсырған «Бозұғлан» жыры нұсқасының (ӘӨИ, 193-бума, 1-д.) қысқаша мазмұнына тоқталайық:

«Асфаһан уалаятының патшасы Бозұғлан өзінің екі қарындасын сол маңдағы Ағабек, Бабабек деген ағайынды адамдарға ұзатады. Бабабектен Юсүфбек, Ағабектен Ахметбек туады. Бұлар Бозұғланның тәрбиесінде өсіп, ержетіп ақыл иесі болғанда екеуіне бес мыңнан он мың үйді бөліп беріп басқартады. Бұлар жақсы ат, жақсы жігіт, күшті палуан жиып, салтанат құрып жүріп, жұрт көзіне түседі және өздеріне қарасты елдерін жақсы басқарып, ел ризалығына бөленеді. Бірде Бозұғланның бір туысы келіп «бұл Юсүфбек пен Ахметбек енді бұдан да үлкен дәрежелі ұлық хан болмақшы, бұдан сақтану керек» деп шағыстырады. Бозұғлан бұған сеніп, екеуін Асфаһан уалаятынан қуады. Бұлар ұзақ жол жүріп, Үргеніш – Хорезмнің шетіне келіп аялдайды. Бұл кезде Үргеніш жұртында бес хан болады: Ерғали хан, Өнер сұлтан хан, Өмірхан, Күнхан, Айхан. Бұлар орталарынан Айханды жіберіп, оларды Үргенішке көшіріп алады. Ерғали хан өз қызы Күлғасыл айымды және Хорезм шаһарын Юсүфбекке береді. Өнер сұлтан Күлхадиша деген қызын және Арыс шаһарын

Ахметбекке береді. Сөйтіп бұлардың атағы жер бетіне жайылады. Бір күні Мысыр шаһарының патшасы Күзэлша ұйқыда жаман түс көреді. Бұны жорушылар: «Сенің түбіңе Юсүфбек, Ахметбек жетеді. Оны құртпасаң, тағыннан айырыласың», – дейді. Патша қатты шошып, бұл екеуін тірідей ұстап әкелуге айлакер Көкше дегенді жібереді. Көкше ебін тауып, Юсүфбектің қырық жігітінің бірі және абройлысы болып алады. Жыл өтеді, Көкше орайын тауып, Юсүфбек пен Ахметбекті аң аулауға бастап бармақ болып, бұрын әзірлеп қойған Күзэлша ханның қырық мың әскерінің үстінен түсіреді. Тұтқиылдан болса да екі бек қырғын соғыс жасайды. Ақыры Юсүфбек пен Ахметбек тұтқындалып, Күзэлша ханның алдына апарылады. Күзэлша қанша қинаулар жасап, зынданға салады. Жыл өтседе Ахметбек пен Юсүфбек хан алдына келіп кішірейіп, тізе бүкпейді. Әсіресе, Юсүфбек хан сұрағына ылғи өлең, күймен жауап қайтарады. Бұның ақындық шайырлығына таң қалған хан «Егер сен ақын болсаң, менің Көкше деген ақыным бар (бұл жоғарыдағы сатқын адам), сонымен айтыс. Егер Көкше жеңсе, қаншама сыйлық беріп, дәрежесін көтеремін. Ал сен жеңсең, Көкшені өлтіріп, оның орнына сені құрметке ие қыламын деп, бәс тігеді. Юсүфбек өз елін және өзінің қайсар жүректігін мадақтап отырып, Көкше ақынды сүріндіреді. Хан уәдесінде тұрып, Көкшені жазаға бұйырады. Және Юсүфбек пен Ахметбекке ат, шапан, қару-жарақты сыйлыққа беріп «Әйтеуір, менің жеріме келмеңдер» деген тілекпен оларды босатады. Юсүфбек пен Ахметбек Хорезм – Үргенішке қайтып келіп, ел-жұртын жинап, Бозұғланның қалың қолымен бірлесіп, Мысыр қызылбастарынан кек қайтарып, жеңіске жетеді».

Қолдағы бар басқа нұсқалар секілді Шорман нұсқасы да толық аяқталған жыр. Шығарма қара өлеңмен де, жыр үлгісімен де жырланады.

Қолжазба араб әрпімен, қара (бидай сиясы) сиямен сарғыш тартқан жолсыз қағазға түсірілген. Түс-формасына қарағанда қағазы Қазан төңкерісінен бұрын шыққан шығыс елдерінің қағаздарына ұқсайды. Жыр ХІХ ғасырдың екінші жартысында Омбы маңында көшірілген. Шұбарға әкесі Шорманнан 1881 жылы өткен.

«Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» [11, 53] жинағында осы нұсканы алдымен «Ш. 198 (ӘӨИ)» сақталған деп қате көрсетіледі де, кейін [11, 55] қолжазба 193-бумада, 1-дәптерде сақталған деп дұрыс жазылады. Т.Сыдықов институт қорына өткізген «Бозұғлан» жырының Шорман нұсқасы бұрын жарияланбаған.

Енді осы Шорман нұсқасын негізгі нұсқамен салыстырып, ерекшелігіне тоқталайық:



**Ешбай Көзбергенұлы (Қазан,  
1880), негізгі нұсқа**

Қаланың аты – Исфаһан  
Уәзірлері – Әжібек, Бабабек  
Бозұғланға жиендерін шағыстыра-  
тын уәзірі  
Бозұғлан Жүсіпбекке хат жазып,  
шаһардан кетуін сұрайды.  
Ахметбекке Бараржын шаһарын  
береді.  
Мешел шаһары  
Патшаның есімі – Көзәлшаһ  
Түсін жорушы – Баба Ғұмар  
Екі бекке келетін жансыз – Мырза  
Мәмет  
Жау Жүсіп, Ахметті ұйықтап  
жатқан жерінен бірден байлап  
алады.  
Жүсіпбектен айтыста жеңілген  
Көкшеге 71 дүре соғып, қуып  
жібереді.  
Достарының өтінішімен екі бек  
Мешел шаһарын, Көзәлшаһты  
шаппайды, шаһ өзі мойынсұнып,  
екі жақ өзара түсінісіп, жыр  
жақсылықпен аяқталады.

**Шорман нұсқасы**

Асфаһан  
Ағабек, Бабабек  
Бозұғланның туысы шағыстырады  
Бозұғлан екі бекті шаһардан қуады.  
Ахметбекке Арыс шаһарын береді.  
Мысыр шаһары  
Күзәлша  
Жорушы – әлде кімдер  
Көкше  
Жүсіп, Ахмет тұтқиылдан қолға  
түссе де қырғын соғыс жасайды.  
Айтыста жеңілген Көкшені өлімге  
бұйырады.  
Еліне келіп, қол жинаған  
Юсүфбек пен Ахметбек Мысыр  
қызылбастарынан кек қайтарып,  
жеңіске жетеді.

Байқағанымыздай, екі жырдың мазмұнында ұқсастық өте көп. Жыршы негізгі нұсқаны Қазан қаласында жарыққа шықпай тұрған кездің өзінде-ақ жақсы білгенге ұқсайды. Сол жүйені толық сақтап, өзі аздаған өзгерістер енгізе отырып, қысқаша жырлап шыққан. Ал, негізгі нұсқада кездесетін көптеген оқиғалар кеңінен, нақты ашылып жырланады. Мәселен, Жүсіпбек пен Ахметбек екеуі алғаш рет Үргенішке келген кездерінде Ерғали ханның арнайы кісі жіберіп, қонаққа шақырып күтуі, Көзәлшаһтың кім екенін баяндайтын тұсы, жау екі бекті ұстап алып кеткен кезде олардың артында қалған 40 жігіт пен туыстарының ахуалының кеңінен жырлануы, екі бектің зындандағы жағдайы, онда Баба Ғұмармен танысуы, тырна арқылы хат жазысуы, зынданның

бастығы Хамза Мерсубтың Қаракөз атты қызының екі бекке күнде тамақ әкеліп тұруы, сағқын Мырза Мәметті Жүсіпбектің өлтіруі, шаптың босатуымен еліне қайтар жолда қыз, келіншек, жігіттің жолығуы, елдегі оқиға, Мешел қаласын шабуға келген бектерге шаһ елшілікке оның достарын жіберуі секілді эпизодтар Шорман нұсқасында кездеспейді. Екі нұсқаны салыстырғанда осындай өзгешеліктердің кездескеніне карамастан Шорман нұсқасы Қазан баспасының негізінде жырланған эпостық шығарма деп есептейміз.

«Бозұғлан ханның әңгімесі жайында» (ОҒК, 203-бума) деп аталатын Жантөбетов Жақсыбай нұсқасы – ертегі түрінде баяндалған шығарма:

«Ерте замандарда түркімен халқынан Бозұғлан деген хан болыпты. Бозұғлан хан жасы жүзге келгенде балалары Ахметбек пен Жүсіпбек деген екі бекке тағын береді. Ол екі бек қастарына қырық жігіт алып, қызылбас елімен жау болыпты. Барған елін талан-тараж етіп, шауып қайтатын болған. Бірде қызылбас халқының ханы Көзәлша жаман түс көреді. Оны жорыту үшін халқына түсін айтып, шешкендерге атшапан беретінін айтады. Хан: «Түсімде екі қыран бүркіт батыстан келіп соғысып, тағымды талқандап, мал-мүлкімді талап, ойран қылды. Мен кара қанжарымды ұстап, кара тұлпарыма мініп, қарсы алдынан шығып едім, өзімді ұстап, бір қараңғы жерге тастап жібергенде, шошып ояндым. Осы түсімді жақсылыққа жорындаршы» деп талап етті. Жұрт жамандыққа жоруға ханнан қорқып, жақсылыққа жоруға түстің сапасынан қорқып, еш жауап бере алмады. 120 жасқа келген Қари баба деген бір үлкен қарт «Өзім мұсылман қауымынан болғандықтан көпшіліктің қаны үшін өлсем, мен өлейін» деп, түсті жориды. «Бозұғлан ханның екі бегі келіп, еліңді ойрандап, мал-мүлкіңді талап, таж-тағыңды алады екен. Өз басыңды пенде қылып, зынданыңа салады» деп жорығанда, хан қаһарланып, Бабаны зынданға салды. Көзәлша «Сол екі бекті айламен өлтіретін, болмаса, айламен байлап әкелетін адам болса, өз салмағына тең қылып, алтын-күміс беремін» деп жариялайды. Сонда бір Мырза Мәмет деген айлакер қызылбас баратын болады. Мырза Мәмет ханның кара жорға тұлпарына мініп, алтын-күміс артып, бірнеше күн жол жүріп, екі бектің ордасына келді. Екі бекпен танысып, Көзәлша ханнан қиыншылық көріп, қашып келе жатқанын айтады. «Алдымен нөкеріңіз болып, адал қызмет етейін» деп, Шариф Құдайдың атын айтып, жылаған соң, екі бек аяушылық білдіріп, қызметке алады. Бір жыл арадан өткенде Бозұғлан қари келіп, балаларының қырық жігітін аралап, олардың арасынан Мырза Мәметті көріп, бірден ұнатпай, екі бекке «Мынаның көзін құртыңдар,

түбі жақсы адам емес» десе, балалары оған сенбейді, сөзін тыңдамайды. Бозұғлан «Жаудың қолына түсіп, пенде болғанда сенерсіңдер» дейді. Арада тағы бір жыл өткенде, бір күні Мырза Мәмет екі бекті аң аулауға алып шығып, жаудың қолына түсіреді, Бозұғланның баяғыда айтқаны екеуінің есіне түсіп, қатты пұшайман болып, жылап кете берді. Қырық жігіт таң атқан соң ізіне түсіп, артынан қуып жетіп, ұрыс қылып, екі жүздей адамдарын өлтіріп, ажыратып ала-алмай, ордаға қайтып кетеді. Екі бекті Көзәлша зынданға салдырып «алпыс күн өмір сүре тұрыңдар» дейді. Олар зынданда баяғы түсті жоритын Қари бабамен танысады. Бірде Көзәлша ханның сұлу қызы Парай қырық қыз нөкерімен тамашалап жүріп, зынданға келді. Ішіндегі екі бекті көріп, ғашық болады. Екі бек: «Осы зынданнан шықсақ, сені қайсы қалағаның алармыз» деп уағда берді. Қыз оларға күнде тамақ тасиды. Екі жігіт қызға: «Ханның бізге берген уақыты бітуге жақындап қалды. Бізді тезірек шығарып алуға көмектес, ханның елін шауып, дін үйретіп, сені біріміз аламыз, енді біріміз 40 қыздың біреуін алар едік» деп, қызға қалай алып шығуды үйретеді. Қыз Көзәлша ханның ертоқымымен екі тұлпарын, қару-жарағымен қосып жеткізеді. Екі бек атқа мініп алып, алдымен ханды ұстап, зынданға жауып, елін шабады. Мырза Мәметті ұстап алып, мұрнын, құлағын кесіп, көзін ойып, тірідей қу басын сымпитып қояды. Зынданнан Қари бабаны шығарып, Көзәлша ханға дін үйретіп, халқын мұсылман етіп, Ахметбек ханның қызы Парайды өзі алып, қырық қыздың бастығын Жүсіпбекке алып беріп, көп олжамен еліне қайтып, бектік салтанатын бұрынғыдан да арттырыпты».

Қолжазбаның сюжеті толық аяқталған. Енді осы нұсқаны негізгі мәтінмен салыстырғандамынадай өзгешеліктері бар екені анықталды:

Мұнда Ахметбек пен Жүсіпбек түркімен халқының ханы Бозұғланның балалары болып келеді. Бозұғланның жасы жүзге жеткенде патшалықты басқаруды балаларына береді; Қызылбас халқының ханы Көзәлшаның түсінде екі қыран бүркіт батыстан келіп соғысып, патшалығын талқандап, өзін зынданға салады; Көзәлшаның түсін 120 жасқа келген Қари баба шешіп береді; Қапияда қолға түскен екі бекті босату үшін 40 жігіті ұрыс салып, жаудың екі жүздей адамдарын өлтіреді; Зынданға екі бекті салған Көзәлша хан «олар алпыс күн өмір сүре тұрсын» дейді; Көзәлша ханның сұлу қызы Парай зынданда жатқан Ахметбек пен Жүсіпбекке тамақ тасиды, кейін одан босанып шығуларына да көмектеседі; Қызылбастың елінде тек екеуі ғана жүріп, жауды жеңіп шығады. Көзәлшаға халқымен қосып дін үйретіп, мұсылман қылады; Жүсіпбек пен Ахметбек осы

уақытқа дейін үйленбеген, екеуі де қызылбасты жеңгеннен кейін сол елдің қыздарына үйленіп, үлкен олжамен еліне қайтады.

Ал екі жырдың ұқсас жақтары мынада: Негізгі мәтінде Көзәлшаһ түсінде екі жолбарысты көрсе, Жантөбетов нұсқасында екі бүркітті көреді, түсін Шын-Машындық ғұлама, әулие баба Ғұмар жорыса, Жантөбетов нұсқасында 120 жасқа келген Қари баба жориды, негізгі мәтінде екі бекке зынданның бастығы Хамза Мерсубтың Қаракөз атты қызы келіп тұрса, екіншісінде, Көзәлша ханның сұлу қызы Парай зынданда жатқан Ахметбек пен Жүсіпбекке тамақ тасиды, Мырза Мәметті жазалауы, Көзәлшаға халқымен қосып дін үйретіп, мұсылман қылады, екі бек көп олжамен елге оралады.

Жантөбетов Жақсыбай нұсқасы – негізгі мәтіннің сюжетін сақтай отырып, өзіндік ерекшеліктерімен баяндалған туынды. Қолжазба толық аяқталғанымен негізгі мәтінмен салыстырғанда қысқа ғана баяндалған. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, негізгі мәтін ең толыққанды, кең көлемде жырланған эпосқа жатады. Сондықтан ондағы екі бек Исфәһанның ханы Бозұғланның қарындастарынан тууы, ержеткен бектер мен Бозұғланның арасын шағыстыратын уәзір, Үргеніш, Хиуаның әкімдері екі бекке өздерінің қыздарын некелеп қосып, Хорезм, Бараржын шаһарларын беруі, жау қолында кеткен екі бектің қырық жігітінің, арттарында қалған ата-ана, жарларының ахуалы, екі бекті алғашында өлімнен пірлері сақтауы, Жүсіпбектің тырналар арқылы жарымен хат алысуы, оның жаудың Көкше деген ақынымен сайысқа түсіп жеңуі, сатқын Мырза Мәметті өлтіруі, екі бектің еліне оралуы, көр соқыр болған туғандарын қасиетті топырақпен емдеуі, әскер жинап, Көзәлшаһқа келуі, алдарынан елші жіберілуі, екі жақ бітімге келіп, Қаракөзбен екі қызды Баба Ғұмарға қосуы, Ахметбек пен Жүсіпбектің елдеріне аман-есен оралып, үлкен той жасаулары, жалпы жырдың өнбойында кездесетін кейбір кейіпкерлердің көңіл-күйлеріне байланысты айтылған ғазалдарына, аттың шабысына, т.б. арнайы тоқталып сипатталуы кең түрде, әрі өзіндік ерекшеліктерімен жырланған және бұл эпизодтар Жантөбетов нұсқасында мүлдем кездеспейді. Бұл нұсқа бұрын жарық көрмеген.

«Бозұғлан» жырының Бижанов Әзімбай жырлаған нұсқасының (ӘӨИ, 679-бума, 1-дәптер) жалпы мазмұны негізгі нұсқамен өте ұқсас. Мәселен: «Бозұғлан ханның екі жиені Жүсіпбек пен Ахметбек қарындасы Лағылдан туады. Екі бала ер жеткенше Бозұғланның тәрбиесінде болады. Әрі қарай екі бектің бөлек кетуі, қалмақтың ханы

Көзелшенің түсі, Мырза Мәметтің Жүсіпбек пен Ахметбектің сеніміне кіруі, екі бектің жау қолына түсуі, Жүсіптің айтатын ғазалдары, жалғыз ұлын қимаған ананың зары, жалғыз бауырын жанындай жақсы көретін қарындасы, асыл жарынан айрылғысы келмеген аяулы жарының қоштасар сөздерінде ең жақын туысқандыққа тән ыстық, қымбат сөздері кеңінен баяндалады, екі батырдың пірлері не қырық шілтен желеп-жебеп жүреді (Ө.Бижанов нұсқасында қырық шілтеннің көмегі анық баяндалады), зынданда Баба Ғұмармен танысуы, Қаракөзайым атты қыздың көмекке келуі, Жүсіпбектің Көкшемен айтысып жеңуі, зынданнан босанып шығуы, Жүсіпбек пен Ахметбекке пірлерінің (шілтеннің) көмегі, Мырза Мәметтің жазалануы, екі бек Нәдірбектің тойының үстінен түсуі, зынданнан Баба Ғұмарды босату үшін қайтып келуі негізгі нұсқамен бірдей, соңында Жүсіпбек пен Ахметбек қалың қолмен шаһқа келгенде, оның есі шығып, зынданнан Баба Ғұмарды алдырып, одан ақыл сұрайды. Бабаны екі бекке елшілікке жіберіп тұрып «Халықты қырғызба, айтқандарына көнеміз, діндеріне кіреміз, ақыры сен жорыған түстей болды» деп жалынады.

Жыр осы жерде аяқталады. Шығарма толық аяқталуына сәл ғана жетпей қалған, бірақ соған қарамастан оқиғаның аяғы қалай бітетіні анық, түсінікті болып тұр. Енді негізгі мәтінмен салыстырып, айырмашылықтарын айқындайық:

#### **Қазан басылымы (негізгі мәтін)**

Бозғұлан билейтін елдің аты – Исфahan.

Екі қарындасының есімдері айтылмайды.

Уәзірінің есімі – Бабабек

Екі бекті екі қарындасы туады.

Бозғұланды уәзірі шағыстырады.

Мұндай эпизод жоқ.

Екеуі де үйленеді.

Біреуі – Хорезм, екіншісі Бараржын қаласына ие болады.

#### **Бижанов нұсқасы**

Аты айтылмайды

Екі қарындасы: бірі – Лағыл, бірі – Гүлхадиша.

Уәзірінің есімі – Опабек

Лағыл Жүсіп, Ахмет – екі ұл, Қарлығаш атты қыз туады.

Бозғұланды халқы шағыстырады.

Екі бектің нөкерлері: «Құр кетпей, атысып кетейік» дейді.

Ахметбек жастау болған соң қызды тек айттырып қояды.

Мұнда ондай эпизод жоқ.

Мешел қаласының ханы – Қалмақтың падишасы – Көзелше.  
Көзәлшаһ.  
Көзәлшаһ 360 шаһарды билейді. Жанында 360 қолбасшы бар.  
Түсіне екі жолбарыс кіреді. Түсіне екі қошқар кіреді.  
Мырза Мәмет ханнан қысым Мырза Мәмет екі бекке атақ-  
көріп, қашып келдім дейді. даңқтарыңды естіп келдім дейді.  
Жаудың атқан тастары өздеріне Екі бекті атса, шапса, дарға асса да  
тиеді. өлмейді.  
Зынданның бастығы Хамза Патшаның қызы Қаракөзайым екі  
Мерсубтың Қаракөз атты қызы екі бекке келіп тұрады.  
Зынданда 7 жыл жатады. Зынданда 8 жыл жатады.  
Екі бек пен Баба Ғұмар Қаракөздің Бұл мотивтердің орнына, Қадір түні  
кімге ғашықтығын тексереді. болғанда, зынданда отырған Жүсіп  
Жүсіп пен жары тырналар арқылы пен Ахметке хазіреті Ғали мен  
хат жазысады. Хасен, Хүсейін келіп, үш күннен  
кейін шығатындарын білдіреді.  
Шаһ екі бекке 40 қашар діллә, ат- Тек ат пен қару-жарақ береді.  
шапанын, қару-жарағын береді.  
Мырза Мәметтің басын Жүсіпбек Мырза Мәметтің басын Ахметбек  
алады. алады.  
Айтыста Көкше жеңілген соң оған Көкше он мың әскермен босап  
71 дүре соғып, қуып жібереді. куады. Екі бек жауды жеңіп, Көкшені  
өлтіреді.  
– Баба ата пірлерімен жолығады.  
Екі бекке шаһтың атынан Елшілікке Баба Ғұмарды жібереді.  
елшілікке, алдымен қырық Жыр осы жерде аяқталады.  
қызымен Қаракөз, кейін Баба  
Ғұмардың өзі келеді.  
Жүсіпбек Баба Ғұмарға Қаракөзді –  
және екі қызды қосады.  
Баба Ғұмар достарымен қоштасып, –  
Шын-Машынға қайтады. Жүсіпбек  
Көзәлшаһқа тағын қайтып беріп,  
әскерін жинап олар да қоштасып,  
елдеріне қайтады.

Осылардың барлығын топшылай келе ойымызды қорытындылайтын болсақ, Ә.Бижанов Қазан баспасында жарияланған жыр негізін сақтай отырып, өзінше сәл өзгерістер, детальдар енгізе отырып жырлаған. Өкінішке қарай, жыр аяғына дейін толыққанды аяқталмаған. Соған қарамастан, бұл нұсқа сюжеттік жағынан толықтығымен әрі қызықтылығымен құнды.

Өтешов Қали жырлаған «Ахметбек, Жүсіпбек қиссасында» (ОҒК, 746-бума, 1-дәптер) оқиға былай өрбиді: «Асфәһан шаһарының сұлтаны Бозайхан екі қарындасын өзінің екі уәзірі Әжібек пен Бабабекке береді. Әжібектен Ахметбек, Бабабектен Жүсіпбек туады. Бұлар Бозайханның тәрбиесінде өсіп, ержетіп, жүйрік мініп, құс салып, қару асып, шер тартып, ел көзіне түседі. Атақ-даңқы шар тарапқа жайылады. Бұлардың бұл салтанатын көре алмаған ауыл адамы Қаратай деген бір залым Бозайханға келіп: «Сенің екі жиенің «Бозай қарттың баласы жоқ, тақ-дәулеті бізге нан» деп, сенің өліміңді тілеп жүр» деп шағыстырады. Хан Бозай бұған сеніп, қатты қаһарланады. Билерін жиып алып, маслихат салып, Ахметбек пен Жүсіпбекке «Менің жерімнен кетсін, екінші қайтып айналып келуші болмасын» деп хат жазып, жасауыл жібереді. Ахметбек пен Жүсіпбек өзіне қарасты елу мың әскерімен Хорезмді бетке алып көшеді. Жолда Сабзар деген бұлаққа аялдап, қызылбастарға соғыс ашады. Жолдары болып, қызылбасты жеңіп, қалың олжаға батады. Бұл хабар Хиуа сұлтан Ергәли ханға естіліп, оны таңқалдырады. Ергәли сұлтан елші жіберіп, Хиуаға көшіріп алып, Күлғасыл деген қызын, Браржын деген шаһарын беріп, оны сонда хан көтереді. Хорезмнің сұлтаны Надырбек өз қызын Жүсіпбекке беріп, оны өз орнына хан сайлайды. Сонымен Ахметбек, Жүсіпбектердің атақ-даңқы жер бетіне жайылады. Бір күні Мысыл шаһарының патшасы Күзәлша түсінен шошиды. Түс жорушы: «Хиуа, Хорезмде Ахметбек, Жүсіпбек дегендер бар, сіздің түбіңізге солар жетіп, тақ-дәулетіңізге ие болады» деп жориды. Патша қатты абыржып: «Кімде кім Ахметбек пен Жүсіпбекті тірідей ұстап, алдыма әкелсе, қызымды қатындыққа, тағымды патшалыққа беремін» деп жар салады. Бұған қызылбастарда тұлпар мініп, ту ұстаған, ерлігімен нар атанған Мамат деген шығып, патшаға серт береді. Мамат Күзәлшаханнан зорлық көрген, Ахметбек пен Жүсіпбекті құрмет тұтқан болып, Хиуа-Хорезмге барады. Ахметбек пен Жүсіпбектің сеніміне ие болады. Күндердің күнінде Ахметбек пен Жүсіпбектің қызылбастармен болған соғыс жағдайында (ұйқыда жатқанында)

капысын тауып ұстап, қол-аяқтарын байлап, Күзәлша ханға алып барады». Уақиға осы жерге келіп тоқтайды.

Жырдың ақыры жоқ. Қара сөз аралас өлеңдерінің жолдары әр бетте екі, кейде үш қатардан аралас келіп отырады. Жырды негізгі мәтінмен салыстырсақ, мұндағы ерекшелік: ханның есімі – Бозайхан, екі бек пен ханды шағыстыратын ауыл адамы – Қаратай залым. Жау шаһарының аты – Мысыл. Ахметбек пен Жүсіпбекке келетін жансыздың есімі – Мамат. Әрі бұл жырда негізгі мәтінде айтылатын оқиғалардың, эпизодтардың көбі жоқ, қысқа жырланған және толық аяқталмаған. Дегенмен бұл жырдың негізгі Қазан баспасында шыққан жырдан алынғаны мәлім.

«Ахметбек, Жүсіпбек қиссасы – Бозұғлан» атты жырдың (ОҒК, 746-бума, 2-д.) жырлаушысы да Өтешов Қали. Мазмұны осы буманың 1-дәптерінде сақталған «Ахметбек, Жүсіпбек қиссасымен» ұқсас. Мысалы: «Аспаһан шаһарының ханы Бозұғлан оның Нақыл атты бас уәзірі болыпты. Бозұғлан Лағылхан атты қарындасын Нақылға қосып, олардан екі ұл бала дүниеге келіпті. Олар ханның тәрбиесінен мықты ер жігіттер болып өсіпті. Оларды көп уәзір көре алмай ханмен шағыстырады. Бозұғлан сөзге еріп, оларға шаһардан кетсін деп хат жазады. Екі бек Дарбұлақ деген жерге көшіп келіп тоқтайды. Жүсіпбек пен Ахметбек қырық жігітімен қайтып келіп, Бозұғланмен соғысады. Жырдың басқа нұсқаларындағыдай Ахметбек пен Жүсіпбек үйленеді. Қызылбастың патшасы Көзәлшаһ түс көреді. Түсін түрікпен саудагері Баба Ғамбар шешеді, оны зынданға салады. Шаһтың тапсырмасымен Мырза Мәмбет жолға шығады. Екі бекке барып, сеніміне кіріп, жұмысқа алынады. Оларды Бозұғлан ханның сақтандыруы, екі бектің қолға түсіп, зынданға тасталуы, ішінде жатқан Баба Ғамбармен танысуы, Көзәлшаның бас уәзірі Көкше Шағырдың қызы Қаракөздің көмегі, Жүсіпбек пен Күлғасылдың тырналар арқылы хат жазысуы, Көкшағырмен айтысуы, еліне келіп, Нәдірбек ұйымдастырған тойға қатысуы, екі бектің туғандарымен, қырық жігітімен көрісуі, Баба Ғамбар, Бабанияз, Қаракөзді құтқару үшін Месілге келуі, Мырза Мәмбет ғаярды өлтіруі – бәрі басқа жырларға өте ұқсас. Бірақ дегенмен жырдың әр нұсқасының жалпы мағынасы ұқсас болғанымен өзіндік ерекшеліктері де бар. Мәселен, Өтешов Қали жырлаған «Ахметбек, Жүсіпбек қиссасы – Бозұғлан» атты жырдың екінші нұсқасын негізгі мәтінмен салыстыру барысында мынадай ерекшеліктер байқалды:

1. Бозұғланның Нақыл деген бас уәзірі мен Лағылхан деген қарындасынан Ахметбек, Жүсіпбек туады; 2. Бозұғлан уәзірлердің



шағыстырған сөзіне сеніп, екі бекке шаһардан кетсін деп хат жазып, оған екі бек те өкпелеп хат жазады; 3. Қырық мың үймен Дарбұлақ деген жерге көшіп келген соң екі бек қырық жігітпен қайтып келіп, Бозұғланмен қырық алты күн соғысып, жетпіс екі шаһарын басып алады; 4. Мұнда түсті жорушы Баба Ғамбар түрікпен саудагері болады; 5. Мырза Мәмбет екі бектің сеніміне кіру үшін түс көргенін, онда төбесінде ай мен күн, соңынан ерген көп жұлдызы бар, бір екі аяқ баулы құстың аяқ-бауынан ұстап, онымен көкке өрлегенін, Қап тауына барып қонғанын айтады, түстің шешуін түрікпен саудагері Баба Ғамбардың айтқанын баяндап береді. «Көрген түсің өте жақсы. Ахметбек, Жүсіпбек – Үргеніштің палуандары. Ай мен күн – бастарына қонған бақтары. Көп жұлдыз – арттарынын ерген жарандары. Қап тауына барып қонса, әруақтары онан да жоғарылайды. Бектерді іздеп барып, нөкері болсаң, сонда көңілің жайланады» депті. Жүсіпбекке бұл сөздер ұнап, Мырза Мәмбетті нөкері қылып алады; 6. Екі бек қолға түсіп, әкетіп бара жатқанда Мырза Мәмбет ғаярға арыз айтып, қырық жігітпен қоштасып қалады; 7. Бұл жырда Ахметбек, Жүсіпбектің нәсілі өзбек болып шығады; 8. Екі бектің пірлері желеп-жебеп жүреді: дар ағашын құлатады; 9. Кездескенде Баба Ғамбар екі бекке жеті жыл зынданда жататындарын бірден айтады; 10. Мұнда бектерге көмектесетін Қаракөз – Көзәлшаның бас уәзірі Көкше Шағырдың қызы; 11. Жырдың негізгі нұсқасында кездесетін Бибінияз атты қыз мұнда Аспаһандық түрікпен, зынданның күзетшісі Бабанияз деп аталады; 12. Жүсіпбек пен жарының арасында хат таситын тырналарды жетпіс үйлі жөйт атып алады; 13. Екі бекке түстерінде пірлері келіп, үш гүл бергенін айтады; 14. Айтыста жеңіп, елдеріне қайтып бара жатқан екі бекке шаһ қырық қашар сый тарту етеді; 15. Жалпы шығарманың өнбойында: Ахметбек, Жүсіпбектің қолға түсіп, кетіп бара жатқанда айтқаны, Ғашірбектің жігіттеріне, екі бектің туғандарына айтатын зары, туғандарының зары, Жүсіпбектің пірлерінен көмек сұрауы, Көкше шағырмен айтысы, еліне оралып келе жатқан екі бектің сағыныш жыры, елге келгенде кездескен жігітпен, Ғашірбекпен сөздері, пірлерінің бата беріп, айтқан ақылдары, тойда отырған Нәдірбекке айтқаны, екі бектің туғандарымен көріскені – осының барлығы ұзақ, кеңейте, толықтырыла жырланған, кейіпкерлердің сезімдері ашық, айқын көрсетілген, сондықтан да жыр толық аяқталмаса да көлемді болып келуі осыған байланысты; 16. Месіл шаһарына соғысқа аттанарда Бозұғлан екі бекке қайтып келген соң туған мекендеріне, Аспаһанға қайтуларын сұрайды; 17. Ауғаннан

келген батыр Шақанның екі бекке айтқан сөзі; 18. Сансыз көп қолмен келген Жүсіпбек пен Ахметбек Көзәлшаның дайындалуына үш ай уақыт беріп, сонымен бірге «бір түстен үш жүз үлкен нар, осындай әр түліктен мал әкелсін. Нардың жүні алтын ділдәдан болсын, он мың тұлпар бедеу қарадан болсын, он мың жорға ат, он мың алтын тақ керек» дейді; 19. Алдарынан қырық мың әскерімен соғысуға шыққан Мырза Мәмбет ғаярды қырық жігіт жеңіп, Мырза Мәмбетті өлтіреді; 20. Көзәлша жанымды сақта деп, Қаракөзге жалынып, екі бекке елшілікке жібереді.

Жырдың аяғы жоқ. Белгісіз себептермен аяқталмай қалған. Өтешов Қали жырлаған осы екі нұсқа да негізінен Қазан баспасы негізінде жырланған, шығарма толық аяқталмасада өзіндік ерекшеліктері бар, сюжеті толық, тілі шұрайлы, көркем жырланған эпос қатарына жатады.

Аталған жыр нұсқасы тұңғыш рет 2008 жылы «Бабалар сөзі» сериясының 47-томында жарияланды.

«Бозұғлан» жырының Байеке Айдаболов нұсқасының мазмұны да (ӘӨИ, 804-бума, 6-д.) тура Қазан баспасын қайталасада өзіндік ерекшелігі бар: «Хиуаның ханы Бозұғланның ер баласы жоқ. Қызы Башардан Жүсіп, Ахмет атты балалар туып, олардың әкелері ерте қайтыс болғандықтан, аталарының қолында тәрбиеленеді. Олар жастайынан баһадүр болып өседі. Әмір сардар есімді басшылары бар қастарына қырық бес жігітті ертіп жүреді. Олар Әудек деген көлде, Сара нұр деген тауды мекендейді. Қызылбастың ханы Көзәлша түс көріп, елінен жоруын сұрайды. Мысырдағы қызылбастар ештеңе айта алмай, жасы алты жүзден асқан, Шын-Машындық, кітап сататын араб Баба Қамбарды патшаға алып келеді. Түсін жорыған соң Қамбарды отыз құлаш зынданға тастайды. Патша бастықтарымен ақылдасып, Жүсіп, Ахметке Көкше деген батырын жіберіп, жеңіспен келсе, мал-мүлік қазына беріп, патшалық жарлықтың ықтиярын бермекші болады. Көкше Көзәлша патшаның Ақтұйғын деген тұлпарына мініп, алты айшылық жердегі Түрікпен еліне жиырма күнде жетеді. Хиуа қаласында отын сатқыштың үйіне мейман болып түсіп, екі бек жайында сұрап алады. Бектермен келіп танысқан Көкше мұсылман болғысы келетінін, Мысырда патшадан зорлық көргенін айтады. Екі бектің жанында қырық бес жігітпен бірге Бозұғлан да бар еді. Көкшенің сөзін тыңдап отырған Бозұғлан оны ұнатпай, орнынан тұрып, өз еліне қайтып кетеді. Бектерге нөкері арқылы хабар береді: «Маған Көкшенің сөзі ұнамады, Көкшені құл ғып сатсын, я өлтірсін» деп. Жүсіпке бұл сөз оғаш көрініп, айтқанын тыңдамайды. Әшір сардар бастаған қырық жігітімен, араларында

Көкше де бар, бір күні аңға шығады. Көкше шатырын бөлек тіктіріп, түнделетіп жау әскеріне жол көрсетеді. Жүсіптің жігіттерінің барлығы қалың ұйқыда жатқанда, жаулар мықты шынжырларымен барлығының қол-аяғын байлап, екі бекті алып кетеді. Ал қалған қырық жігіт масқара болдық деп, екі бекті іздеп шығады. Бектерді әкетіп бара жатқан 400 әскермен соғысып, жеңе алмай, арттарынан еріп отырады. Әшірбекке Жүсіп зар жылап, ел-жұртының барлығына сәлем айтып «Бозұғлан, Сапарбекке т.б. хабар бер, барлығы соңымнан аттанар бірі қалмай» дейді. Өткен өмірінде жіберген қателіктерін айтып, қатты өкінеді. Алты ай жаяу арып-ашып Мысырға жетеді. Патша халқының барлығын жиып, той жасайды. Көкшені алтын арбаға мінгізіп, жас пен кәрі Көкшеге қызмет қылады. Патша халыққа қайыр-садақа таратады. Екі бекті зынданға салады. Олар зынданда Баба Қамбармен танысып, оның зынданда он екі ай жатқанын естиді. Өздері туралы: «Біз араб емеспіз, Теке жәуміт тайпасынанбыз» дейді. Осы қызылбастың бір байы Қыртас мырзаның әйелі Теке-жәуміттен, барымта кезінде алып келген айдай сұлу Бибінияз екен». Қыздың сұлулығы сипатталады. Жыр осы жерде аяқталады.

Көріп отырғанымыздай, мәтін аяқталмай қалған, себебі де белгісіз. Жырдың Қазан баспасында жарияланған Ешбай Көзбергенұлының нұсқасы халық арасында кеңінен танымал, бәлкім жырлаушы сол жырды ел аузынан аяғына дейін естімей қалды, я болмаса, қолдан-қолға көшкен қолжазбаның тек осы тұсқа дейінгі сақталған нұсқасы бойынша жырлап шыққан болуы да мүмкін. Жыр аяқталмай қалсада бастамасы, негізгі бөліміндегі мотив, сюжеттері толыққанды, жақсы жырланған. Оқиға желісін, кейіпкерлердің іс-әрекетін жыршы шебер баяндаған әрі өз тарапынан қосқан өзгешеліктері де бар. Жырдың негізгі нұсқасымен салыстырғанда мынадай ерекшеліктері айқындалды:

Бұл жырда Бозұғлан – Хиуаның ханы. Қызы Башардан Жүсіп, Ахмет атты балалар туылады (карындастары жоқ). Олардың әкелері ерте қайтыс болады; Қырық бес жігіттің басшысы – Әмір сардар; Баба Қамбар өзін Көзелша ханға: «Пайғамбарым – Мұхаммед, дінім – ислам, ұстазым – дүлдүл мінген хазірет Ғали, өзім – Шын-Машындық арабпын. Қазір жасым алты жүзден асты» деп таныстырады; Қамбарды отыз құлаш зынданға «Қалған өмірінде күн нұрын көрмей, шірі» деп тастайды; Жансыз Көкше Хиуа қаласына келіп, шеткері оңаша үйде тұратын отын сатқыштың үйіне мейман болып түседі де екі бек жайында сұрап алады; Көкше Жүсіп пен Ахметке: «Талабым – мұсылман болып,

дінге кіру. Мысырда дарбазаның бастығы едім, өткен жанның ақшасын алып отырам. Бұл уақытта халық бұзылып, патшасы жаман болды. Біреу зорлық қылып, соны менен көрді. Мал-мүлкімді тартып алып, барлығын базарға сатты» дейді. Көкше бектерге әңгімесін айтқанда ол жерде Бозұғлан да болады; Жүсіп «Ол менің құлым емес, мұсылман дінін қабылдаған соң туған інім Ахметімнен кем болмас. Құдай деп қолтығыма қорғалаған Көкшеге кім тисе, содан құн аламын» деп Көкшені қорғайды; Көкше екі бекті ұстау үшін жау әскерін әкелудегі іс-әрекеті де басқа жырлардан өзгеше; Жүсіп пен Ахметті ұстап әкелген Көкшені ғажайып алтыннан жасалған арбаға мінгізіп, жас пен кәрі Көкшеге қызмет қылады.

Сонымен бірге, салыстыру кезінде байқағанымыз: Басқа жырларда кездесетіндей, мұнда Бозұғлан мен екі бектің арасын ешкім арандатпайды, екі бек өкпелеп, басқа жаққа көшіп кетпейді, Бозұғлан елінен екі бекті сағыныштан іздеп келмейді, Көкше жансыз сөйлегенде ол сол жерде отырып тындайды, жырда екі бектің үйленгені, олардың жары туралы ештеңе айтылмайды.

Осы көрсетіліп отырған өзгешеліктер жырдың басқа нұсқаларында да кездеспейді. Бұл ерекшеліктер әр жырда әр түрлі болып, өзіндік өзгешеліктерімен жырланады немесе бұл эпизодтар бір жырда бар болса, екіншісінде кездеспейді. Бұл жыр бұрын жарық көрмеген.

Базар жырау жырлаған нұсқаға жататын «Жүсіп-Ахмет хикаясы» (ӘӨИ, 917/7-бума) Қазан баспасында жаряланған жыр секілді ұзақ, кең жырланған нұсқаға жатады. Дегенмен жырды қысқаша мазмұндап өтейік:

Жырдың басында 20 жол кіріспе бөлімі бар. Түрікпеннен Жүсіп-Ахмет дегендер шығып, өздерінің менмендіктерінен дұшпанның қолына түсіп, біраз жыл азап шеккені жайында баяндалады. Әкелері жас кездерінде қайтыс болады. Бабаларының есімдері – Ерсары екен. Жүсіп пен Ахметжастары жиырмаға жеткен соң Саранұр-Шашыма деген жерге барды. Осыдан әрі қарай жырда негізінен қайталанатын оқиғалар ретімен баяндалады: Іәуедек деген көлдің жағасына келіп тоқтауы, олардың Әшір деген сардарының болуы, Бозұғлан деген ағаларымен өкпелесуі, Мысырдың патшасы Көзәлшаһтың түс көруі, оны ешкім жори алмауы; Шын-Машындық Баба Қамбардың жоруы, зынданға түсуі; түрікпеннің екі бегін қолға түсіру үшін Көкшені жіберуі, шаһарға келіп, Жүсіп пен Ахметтің жайын алдын-ала білуі, екі бекпен танысуы, мұсылмандықты қабылдаймын деуі; Бозұғлан жиендерін

сақтандыруы, олардың тыңдамауы; Көкше екі бекті алдап, аңға алып шығуы, түнделетіп жауды алып келіп, екі бекті ұстап беруі; қырық жігіттің арттарынан қууы; екі бектің туғандарының қайғыға батуы; Мысырға келген екі бекті зынданға салуы, олардың баба Қамбармен танысуы; Көкшенің Қаракөзайым атты қызының батырларға көмекке келуі; Көзәлшахтың екі бекті Көкшемен айтыстыруы сияқты эпизодтар жырдың басқа нұсқаларымен бірдей баяндалады. Ал осы жырды негізгі мәтіннен және басқа жырлардан ерекшелейтін тұсы ол:

«Тұтқынға түсіп, күн болып жүрген, түрікпен қызы Бибінияздың оқиғасы, Бибінияздың Жүсіп, Ахметпен танысып, оларға көмектесуі, базардан дутар әкеп беруі; Бибінияз бен күйеуі екеуі патшаның барлық уәзірін қонаққа шақыруы, айтысып жатқан екі адамның сөздеріне қарап, халық пен уәзірлердің барлығы «Ахмет пен Жүсіптің кінәсі жоқ» деп жақтасып кетуі; Жүсіп түс көріп, оны Баба Қамбар жақсылыққа жоруы; Бибінияз бен Қаракөзайымның екі бектің босанып шығуына көмектесуі; Бибінияздың айтуымен Ахмет пен Жүсіптің ешкім білмейтін тау ішіндегі үңгірге тығылуы; Әшір сардар елге келіп, жан-жақтан қол жинауы, бес мыңнан астам әскерге басшы болып Бозұғлан бастаған топтың Мысырдың бір тауына келуі, сол жерде екі бекпен кездесуі; екі жақтың соғысуы және Көзәлша жеңіліп, Бозұғлан оның басын алады. Қыртасты еліне хан қылып сайлап, Бибінияз ханым болады. Баяғы әділетті қырық уәзірге де билік береді. Қаракөзді Ахметке некелеп қосады. Жүсіп пен Ахмет Баба Қамбарды зынданнан босатып, Қыртасқа өле-өлгенше нәпақасын қазынадан беріп тұр деп тапсырады. Мысырда, хан ордасында үш ай жатып, батырлар еліне қайтпақшы болады. «Көкшеге қандай жаза қолданайық?» деп халықпен ақылдасқанда «өздеріңмен ала кетіндер» дейді. Көштің соңына байлап қойған Көкше жаяу жүріп, көрешекті көріп, Қаразымның шетіне аяқ басқанда өледі. Өлігі ит-құсқа жем болады. Жанынан өткен адам тас атады екен, содан ол бірте-бірте биіктеп, тау атанған. Қаразымның жерінде «Көкшенің тауы» деп аталып кетіпті. Батырлар елге келген кезде бәрі қуаныштан көрісіп, арты үлкен тойға ұласқан. Елі екі бектің құзырына қарап, Қаразымның барлық шәрі халқымен Мамырстан аталып кетеді».

Жырды зерттеу барысында байқағанымыздай, Базар жырау жырлаған «Жүсіп-Ахмет хикаясының» сюжеті көркем тілмен, шебер баяндалған. Бұл жөнінде зерттеуші С.Қосанов «Базардың «Жүсіп-Ахмет» жыры – қазақ эпосының көркем үлгілерінің бірі. Жырау түркімен дастанын

қазақша сөйлете отырып, екі халықтың жыршылық дәстүрін қатар ұстанған. Базар нұсқасында негізінен ғазал формасы қолданылса да, арасында бірде қазақтың 7-8 буынды жыры, бірде түрікпен халқының өлең өрнектері кезектесіп, дастанды ажарландыра түседі. Жырау халық нақылдары мен өзі шығарған қанатты сөздерді молынан пайдалана отырып, ғажайып теңеулер, небір метафоралық тіркестерді шеберлікпен қиюластырғанына куә боламыз» [8, 371] деп жырдың көркемдігін ашып, айқындай түскен. Жырдың соңына қарай жыршы өз тарапынан эпосты жаңа сюжеттік оқиғалармен, тың мазмұнмен толықтырып, шығарманың қызықты, тартымды тұстарын көрсете отырып, әрқашан әділдік жеңетінін дәлелдеп, жақсылықпен аяқтаған.

Аталған жыр нұсқасы тұңғыш рет 2008 жылы «Бабалар сөзі» сериясының 47-томында жарияланды.

Осы жерде тағы бір айта кететін бір жайт – ол «Ә.Қайнарбаев жинаған ауыз әдебиеті үлгілері» (ӘӨИ) бумасында сақталған «Жүсіп-Ахмет хикаясының» Базар жырау жырлаған нұсқасы мен халық ақыны Мұзарап Жүсіпов жырлаған «Жүсіп-Ахмет» дастанында (ӘӨИ) басқа нұсқаларда кездеспейтін, өзгешелеу, қызықты эпизод бар. Мысалы:

«Қызылбастың Қыртас деген байының қолында түрікпеннің Бибінияз деген ақылы мен сұлулығы сай, бір қызы жаугершілікте қолға түсіп, шоры болып жүр екен. Содан бері отыз жыл өтіпті. «Түрікпеннің Жүсіп пен Ахмет деген екі бегі қолға түсіпті» деген хабарды естіп, зынданға келіп танысып, екі бектің бостандыққа шығуына зор көмек көрсетеді».

Базар жырау жырлаған эпосты жерлесі әрі бір елдің тумасы (Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы) Мұзарап Жүсіпов те естіп үйренген әрі жоғарыдағы эпизодты өзі жырлаған жырға қоса отырып, өзінше әр беріп, өзіндік ерекшелікпен баяндауға тырысқан.

Базар жырау бұл оқиғаларды әдейі, орынды қосқан. Бұл орынды қосылған детальдар жырдың негізгі сюжет желісіне қосылып, жырды толықтырып, молықтырып отыратын қосалқы эпизодтар. Сондықтан Базар жырау мен Мұзарап Жүсіпов жырларында ғана кездесетін, өздеріне ғана тән ерекшелік дербес нұсқаның жасалу жолын көрсетеді.

«Жүсіп-Ахмет» жырының тоғыз нұсқасын негізгі мәтінмен салыстырып шыққанда байқағанымыз, жырдың барлық вариантында кездесетін «Бозұғлан ханмен оның қарындасынан туған жиендері Ахметбек пен Жүсіпбек, әкелерінен ерте айырылған балаларды Бозұғланның тәрбиелеп өсіруі, екі бектің қастарында 40 жігіттің болуы,

Көзәлшаһтың түс көруі, екі бекті ұстау үшін жансыздың келуі, Ахметбек пен Жүсіпбектің зынданға түсуі, онда Баба Ғұмармен танысуы (тек Шорман нұсқасында жоқ), зынданға екеуіне қыздың келіп тұруы» жайындағы эпизод – жырдың көркем, ең тұрақты компоненттерінің бірі. Бұл эпизод текстінде бірлі-жарым сөз, немесе кейбір жолдардың ауысып келетіні болмаса, барлық вариантта бірдей, ешбір өзгеріссіз кездесіп отырады.

«Бозұғланның тарихы» деп аталатын жырдың Мұратбай Дәуітбайұлы нұсқасының (ОҒК, 841-бума, 4-д.) басқа нұсқалардан айрықша ерекшелігі – мұнда тек Бозұғлан ханның нәресте кезінен бастап өмір тарихы баяндалады. Бұрын жарық көрмеген бұл жырды қысқаша мазмұндап, толық беруді жөн көрдік:

«Бұрынғы заманда екі мың үйлі ноғай, екі мың үйлі қазақ, екі мың үйлі қалмақ өткен. Екі мың үйлі қалмақ ноғайменен қас болған. Жаменке ханның жалғызы ұрысуға жас болған. Жеті жасқа шыққанда, батырлық түсіп есіне, қайратына шыдамай қалмақтарменен қас болған. Екі мың үйлі ноғайдың қалмақтағы кегін алам деп, жеті жастағы Бозұғлан әкесінен бата сұрайды. Мінейін десе, аты жоқ, жаяу, өгіз қамшысын қолына алып, кете береді. Жеті дариядан өтеді. Жанында не жолдасы жоқ. Неше айлар, күндер өткенде, бір таудың басына шығып, жылап, Аллаға жалбарынады. Пірі Ғайып ерен қырық шілтенді еске алып, ұйықтап кетеді. Таң сәріде жанына Ғайып ерен қырық шілтен келеді. Басын тізесіне қойып, жасын сүртіп «Түрегел, қозым, көзіңді аш, айналаңа қара» дейді де ғайып болады. Бала жөнеле береді. Алдынан жайылып жатқан түйелерді көреді. Бағып жүрген қартпен сөйлеседі. Соның малынан мініп алып, ханға барады. Барып ханмен сөйлеседі. Бозұғланның түгі киімінің сыртына шығып кетіпті, оны көрген хан қорқып қаша бастайды. Хан уәзірлерін шақырып «балаға екі мың тай берейік, сонымен кетер» деп, олар келісіп алады. Оны Байбақты деген биі естіп, ашуланып балаға келеді де сөйлесіп, тайларды қайтарып алады. Бала өзіне мінетін тұлпар ат іздеп, жолға шығады. Бірнеше жылқыларды байқап, келе жатса, тігулі шатырды көреді. Ол шатыр Қалқаман деген ханның Айбарша деген қызының шатыры екен. Жасы он үшке келген қыз күнде Алладан «Өзі батыр ерге қос» деп тілейді екен. Бір күні түнде түсінде «Бозұғлан деген батыр келе жатыр, бірақ тілің тиіп жүрмесін» деп ескертеді. Қыз оянып, жеңгелерін отынға жіберіп, өзі дайындала бастайды. Бозұғлан жолда кезіккен әйелдерден мән-жайды сұрайды. Ол қыз намаз оқып жатқанда бір етігін ұрлап,

алып кетеді. Қыз артынан іздеп шығып, екеуі кездесіп сөйлеседі. Сол жерде сауыт-сайманын алып, киініп, тұлпарға мініп, жолға шығады. Үш айлық жолды үш күнде басып өтеді. Бір жерге келіп, демалып отырса, аттың дүбірі шығады. Тұрып қараса, Айбарша сұлу екен. Ол «Батырым қашан келер» деп, күтіп жүр екен. «Жау әскері келе жатыр» дегенді естігенде, қызды тастап, жолға шығады. Екі мың қол ерткен Қараманның баласы Қалқаман екен. Келе сала жекпе-жекке шығып, әуелгі кезекті сұрайды. Бозұғланды үш рет атып, тигізе алмайды. Енді кезек Бозұғланға келгенде, ол әкесі берген қамшыны қолына алып, Қалқаманның желкесінен бір соғады. Ол баланың бір ұрғанына шыдамай, аттың жалын құшады. Мұнан соң Қараманмен айқасады. Шамасы келмей жатқанда, кәміл пірлерінен көмек сұрайды. Сол кезде ақ құс болып, Шашты Әзіз келеді. Бозұғланға күш бітіп, жауын көтеріп алып, жерге бір соғып, басын кесіп алады. Қанын ұрттап ішеді. Жаудың қалған әскерін қырып тастайды. Екі мың қалмақпен бес күн жатып соғысып, тай бермеген Байбақтымен кездеседі, ол баланың батыр, ер екенін мойындап, екеуі дос болады. Байбақты Бозұғланды үйіне әкеліп, әбден жақсылап қонақ қылып күтіп, демалдырады. Жыр осы жерде аяқталған.

Бұл жырды ешқандай нұсқалармен салыстырмаймыз, себебі «Ахметбек пен Жүсіпбекке» арналған жырлардан оқиғасы бөлек, тек ортақтастыратын бір нәрсе – ол барлық жырларда кездесетін ортақ кейіпкер Бозұғлан, яғни мұнда Бозұғлан ханның нәресте кезінен бастап, еліне қорған болатын батыр дәрежесіне жеткен кезіне дейінгі оқиғасы баяндалады.

«Бозұғланның» Әбдімұрат нұсқасы (ӘӨИ, 1204) – басқа нұсқаларға ұқсамайтын, өзгеше жырланған, таза қазақи эпос. Мазмұны жағынан М.Дәуітбаев жырлаған нұсқаға жақын (ОҒК, 841-бума, 4-д.). Жырдың қысқаша мазмұнына тоқталайық:

Басындағы жиырма жол – жырдың кіріспесі. «Қарадәу, Сарыдәу атты батырлары бар қалмақтың ханы Қарахан қазақтармен жақын отырған ноғайлының ханы Үрімге қазақтың ханы Жаманкені хандықтан қуып, олардың елін талауды, таланған малының үштен екі бөлігін Қарахан өзіне жіберуді бұйырады. Үрімхан Байбақты биінің сілтеуімен Жаманкені Терісақпа судың бойына, таспа таудың ойына тастап кетеді. Жаманке елінде хан болып тұрғанда бір перзентке зар болып, Құдайдан үнемі бала тілейді екен. Қуғында жүргенде Құдайдан тілеген тілегі қабыл болып, бір батыр бала дүниеге келеді. Атын Бозұғлан деп қояды. Бала жеті



жасқа келгенде, түсінде пірі Ықылас ата шашты Әзиз келіп, жаудан кегін алу керектігін айтады. Бозұғлан ата-анасының ақ батасын алып, жолға шығады. Батыр әрқашан Аллаға сиынып, жауларымен соғысқанда пірлері желеп-жебеп, дер кезінде көмек көрсетіп, оны болашақ жарларымен кездестіріп, үнемі жол көрсетіп отырады. Өзіне серік болатын тұлпар мен жақсы қару-жарақты да осы иелері береді. Бозұғлан алғашқы жарын, қалмақтың ханы Қараханның қызы Қарашашты қалмақтарды жеңіп, сол елде той жасап алса, екінші жары ноғайлының ханы Үрімханның қызы Айбаршаны алғанда, қыздың ақылымен Терісақпаның бойында, жалғызынан хабар күтіп отырған ата-анасының алдында, барлық халқын жинап, әкелген сый-сияпаттарын үлестіріп, үлкен той жасайды. Елі жиналып, Бозұғланға ақ батасын береді».

Бұл «Бозұғлан» жырының басқа нұсқалардың барлығымен ортақтастыратыны – ол тек Бозұғлан атты кейіпкердің болуы. Басқа жырлардағыдай емес, мұнда кездесетін мотив те аз, қысқаша түрде берілген баласыздық зары, қартайған кезінде тілегінің қабыл болуы, баланың жастайынан ерлік көрсетуі, жауынан кегін алу, болашақ жарын түсінде көріп, ғашық болуы, үйленуі. Жырда ерекше бір оқиғалар жоқ, қазақтың басқа эпостық жырларындағыдай бала өзіне ат таңдағанда тұлпар аттардың сыртқы бейнелері, олардың шабысы, соғыс кезінде иесіне оқты тигізбеу үшін жасайтын амалдары, тұлпардың иесімен сөйлесуі, жаумен жеке соғысы, жаны қысылғанда Бозұғланның, Қара дәудің зарлап жылағандары, сұлу қыздардың кескін-келбеті, жүріс-тұрысы, сөйлеген сөздері, батырдың пірлерін бір сәт ұмытқан кезіндегі әлсіздіктері, Ғайып ерен қырық шілтеннің, Ықылас ата Шашты Әзиздің көмектері ерекше сипатталып, шығармада бірнеше жыр жолдары арналған. Сонымен бірге мұнда басқа жырда кездеспейтін эпизод баланың есімі неліктен Бозұғлан деп қойылғаны баяндалады.

Ал, түсінде сұлу қызды көріп, ғашық болу мотиві – бұл шығыстан келген сюжет. Қазақтың эпостық шығармаларында, әсіресе, ғашықтық дастандарында жиі кездесетін құбылыс. Жырда сұлу қыздың батырдың жолында шатырын тігіп, күтіп отыруы Қамбар батырдың жолын күтіп жүрген Назым сұлудың халін елестетеді. Жырдың аяқталуы да өзгеше бостандық алып, туған мекендеріне оралған халқының барлығы жиналып, Бозұғланға ақ батасын береді.

Енді «Бозұғлан» жырының Әбдімұрат пен М.Дәуітбаев жырлаған нұсқаларын өзара салыстырып, айырмашылықтары мен ұқсас жақтарын айқындап өтейік:

### М.Дәуітбаев нұсқасы

Бұрынғы заманда екі мың үйлі ноғай қалмақтармен қас болған.

*Жаменке ханның жалғызы Бозұлан жеті жасқа шыққанда, ноғайдың қалмақтағы кегін алам деп, әкесінен бата сұрайды.*

*Бозұлан қолына өгіз қамшысын алып, жаяу жаяу аттанады.*

*Әрқашан Аллаға жалбарынып отырады, көмекке пірі Ғайып ерен қырық шілтен келіп тұрады.*

*Алдына келген Бозұланнан қорыққан Үрім хан оған 2000 тай бермекші болғанда оны Байбақты би тоқтатады.*

Жолда пірлерінің қолдауымен Қалқаман деген ханның Айбарша атты қызымен танысып, сөйлеседі. Сол жерде қару-жарағын алып, тұлпарға мінеді.

Бозұлан Қараманмен, баласы Қалқаманмен соғысып, жеңеді. Қалқаманды жекпе-жекте қамшымен бір ұрып өлтіреді.

Екі мың қалмақпен бес күн жатып ұрысып жеңеді.

*Тай бермеген Байбақты Бозұланның ер, батыр екенін мойындап, кешірім сұрап, екеуі дос болады. Би батырды үйіне әкеліп, қонақ қылып күтіп, әбден сыйлайды. Жыр осы жерде аяқталады.*

### Әбдімұрат нұсқасы

Қалмақтың ханы Қарахан ноғайлының ханы Үрім ханға қазақтың ханы Жаманкені тақтан тайдырып, малын талап, оның жартысын өзіне жіберуді бұйырады.

Үрім хан мен Байбақты би сілтеуімен Жаманкені әйелімен Терісақпа судың бойына әкеп тастайды.

Жаманкенің Құдайдан тілегені қабыл болып, әйелі ұл туып, есімін Бозұлан деп қояды.

*Әрқашан Аллаға жалбарынып, пірі желеп-жебеп жүреді. Бала жеті жасқа келгенде, пірі Ықылас ата Шашты Әзиз түсінде келіп «жауыңнан кегіңді ал» деп аян береді.*

*Бозұлан ата-анасының батасын, қолына қамшысын алып, жаяу жаяу кетеді.*

*Үрімхан Бозұланға отыз мың тай бермекші болғанда Байбақты би бергізбей қояды.*

Үрімханның жылқысын аралап, сыннан өткізеді.

Түсінде алтын ордада отырған Айбарша сұлуды көріп, ғашық болады.

- Айбарша да түсінде пірлерінен аян алып, Бозұғланның жолына алтын ордасын тігіп күтіп отырғанда Бозұғланды танымай, ренжітіп алады.
- Пірлері Бозұғланға тұлпар ат пен кару-жарағын береді.
- Бозұғлан Үрімханға келіп, *Қалқаман атты батырымен соғысып, жекпе-жекте қамшымен бір соғып өлтіреді.*
- *Байбақты Бозұғланның алдына келіп, қателіктері үшін кешірім сұрап, екеуі ақыреттік дос болады. Үйіне шақырып, жақсылап қонақ қылып күтеді.*
- Бозұғлан Байбақтыны ертіп барып, қалмақтың ханы Қараханның Қарадәу мен Сарыдәу атты батырларының көзін жояды.
- Бозұғлан Қараханға баратын жолда ақ ордасын тігіп күтіп отырған Қарашаш атты қызымен танысып, мейман болады.
- Қараханның қолымен он күн жатып соғысып жеңеді.
- Қараханның орнына Байбақтыны хан қылып, Сарыдәудің қызына үйлендіреді. Өзі некесін қидырып, Қарашашты алып, халқын ертіп, еліне қайтады.
- Айбаршаға пірлері түсінде аян беріп, Бозұғланға өкпелегенін қойып, батырдың алдынан шығып, құтты болсын айтуы керектігін ескертеді.
- Айбаршаның талап етуімен, Бозұғлан екеуінің тойы ата-енесінің алдында, туған мекенінде өтеді.
- Барша ноғайлы халқы жиналып, Бозұғланға ақ батасын береді.

Салыстырып талдаудың нәтижесінде, Бозұғлан жайындағы екі жырдың жалпы мазмұны ұқсас болғанымен, М.Дәуітбаев нұсқасы қысқаша жырланған, әрі жыр толық аяқталмай қалған. Ал Әбдімұрат нұсқасының мотив, сюжеттері толық, жырға қосымша эпизод, детальдар қосылып, кең жырланған. Шығарма оқиғасы қызықты, тартымды, жырлаушы қазақтың байырғы эпостық шығармаларында кездесетін жыр жолдарын ұтымды пайдалана білген. Екі нұсқада таза қазақи сипатта жырланған, қазақтың төл шығармасы. Мұны жырда кездесетін адамдардың есімдері мен жер-су атауларынан және «Бозұғлан» жырына қазақтың батырлар жырынан алынып, пайдаланылған тұрақты жыр тіркестерінен да байқауға болады.

«Бозұғлан» жырының Мұратбай Дәуітбайұлы (1907ж. туған) жырлаған нұсқасы 1947 жылы Қарақалпақ еліне ұйымдастырылған экспедиция кезінде жазылып алынып, Ш.Ахметов институттың қолжазба қорына өткізген. Ал, Әбдімұрат Қоңырбайұлы нұсқасы 1970 жылы Қарақалпақстанның Тактакөпір ауданы, Қараөзек қыстағының тұрғыны, ақын-жыршы Аймұрат Әбдімұрат баласынан Қ.Жұмажанов жазып алып, 2007 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына тапсырған. Байқап отырғанымыздай, жырдың екі нұсқасын да жырлаушылар – бір елдің, Қарақалпақстанның тумалары. Жырдың Әбдімұрат нұсқасы сюжетінің толықтығына қарап, негізгі мәтін болуы мүмкін деп жорамалдаймыз. Ал, екінші нұсқаның институт қорына ертеректе түскеніне қарамастан, жыршы Мұратбай Дәуітбайұлы нұсқасының қысқаша баяндалуына қарап, жастайынан бұл жырды естіп әрі жырлап жүрген ақын кейін, қартайған шағында, жырды хатқа түсірер кезде жырдың соңын ұмытып қалып, есінде қалған жеріне дейін ғана айтуы әбден мүмкін.

Жырдың Әбдімұрат нұсқасы тұңғыш рет 2008 жылы «Бабалар сөзі» сериясының 47-томында жарияланды.

Бимырза Баймағамбетов жырлаған «Бозқұлан» жыры алдындағы Мұратбай Дәуітбайұлы мен Әбдімұрат Қоңырбайұлы нұсқасына жақын, ұқсас болғанымен өзіндік ерекшелігі бар. Оны айқындап көрсету үшін, алдымен жырдың қысқаша мазмұнына тоқталайық:

«Екі мың үйлі ноғайдың ханы Жәменкенің үш мың жылқысы бар екен. Оны бағатын құлы Қодарқұл бір күні асау тайды үйретіп мініп, жылқысын бағып жүргенде өзінің ақмақтығынан тайынан құлап, асау тай тулап шауып, қалың жылқыға келеді. Жылқы тайдан үркіп, дүркірей шауып, елдің үстіне құлап, бәрін жайпап өтеді. Ордада Жәменке хан, әйелі

Қаракөзайым, баласы Бозқұлдан үшеуі ғана ат, қарусыз қалады. Жәменке хан күнін көру үшін балық аулайды. Бозқұлдан жеті жасқа келгенде емшек те ембейді, балықты да жемейді. Ол ата-анасын бір Аллаға тапсырып, жауға аттанады. Ұзақ жол жүріп, шаршап ұйықтаған балаға үнемі пірлері келіп, аян беріп отырады. Келе жатқан баланың алдынан түйе жайып жүрген шал шығады. Жөн сұрасады. Шал Өрім ханның түйешісі екенін, ханның Байбақты деген биі, Қалқаман деген батыры барын айтады. Баланы ақбас бураға мінгізіп, ханға апарды. Ханмен сөйлескен соң оған хан қол астындағы елінен екі мың тай жинап бермекші болып, жасауылдарына бұйрық береді. Мұны естіген Байбақты би жеті жасар балаға мал бергеніне қарсы болып, тоқтатып тастайды. Бала кек сақтап, жолына түсіп кете береді. Жолда кездескен жылқы малын сипаттап өтеді. Келе жатып, алыстан ақ мұнараны көреді. Отын жинап жүрген екі әйелді кездестіріп сұраса, Өрім ханның қызы Айбаршаның мұнарасы, жанында 80 қарауылшысы бар екенін, қызға жолығу үшін намаз оқып жатқанда алтын кеуішін ұрлап алу керектігін айтып, жолды көрсетеді. Солай әрекет еткен Бозқұлдан артынан қуып келген Айбаршаға өзін жасырып, жөнін айтпайды. Сонша әуре еткеніне ыза болған қыз кеуішпен маңдайынан бір салады. Бұған Бозқұлдан ренжіп, шынын айтып, қызға қарамай, кетіп қалады. Жолда пірлеріне сыйынады. Олар жолда боз тұлпар аты мен бес қаруы дайын екенін ескертеді. Бала атына мініп, қаруын қолына алып, Өрім ханға келіп, соғысатынын білдіреді. Олар жиналып, дайын болғанша демалуға жатқан бала бір ұйықтаса, 15 күн, 15 түн ұйықтайды екен. Отыз екі мың жаудың әскері қаптап келе жатқанын көрген боз тұлпар иесін кінеседе, иегімен қақсада оята алмайды. Жеті пірге сиынып, аспанға ақ құс боп көтеріліп, қанатын қомдап, баланың дәл жанына төрт тұяғымен томп етіп қонғанда, жер қатты солқ етеді. Бала шошып оянады. Қаптап келе жатқан жауды көріп, атын мініп, қаруын алып, серттеседі. Қалқаман, Қазанбас, Шойынбас сияқты батырлармен жекпе-жекке шығып, жеңіп, қалың қолмен айқасады. Әкесі Өрім ханды өлтірмесін деп, Айбарша алдынан шығып, сауға сұрап, өзінің қателігі үшін кешірім сұрайды. Бозұғлан қалмақтарды жеңіп болған соң Байбақты биді іздейді, ол баланы Қоғалы көлдің жағасында әскерімен күтіп отыр екен, бала келе сала айқасып, бәрін қырады. Байбақты бимен қылыштасып, қанжарласып, найзаласып, ақыры тақымына алып ұрып, аузына батпақ тығып өлтіреді. Жауын жеңіп, елімен табысып, отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап, Айбаршаны алып, жеті жыл тұрады. Мұнан соң келіп әке-шешесін тауып алады».

Бұл нұсқада да жырлаушы қазақтың байырғы эпостық шығармаларында жиі кездесетін жыр жолдарын, сөз тіркестерін орынды пайдаланған. Батырдың ат таңдауы, түсінде жебеуші пірлерінің жиі аяң беріп, Бозқұланға үнемі көмек көрсетулері осы нұсқада да бар.

Енді осы Бимырза Баймағамбетов жырлаған «Бозқұлан» жырын өзара салыстырылып болған Мұратбай Дәуітбайұлы және Әбдімұрат нұсқасымен салыстырып, олардан қандай айырмашылығы барлығын айқындаймыз.

<b>М.Дәуітбайұлы, Әбдімұрат нұсқасы</b>	<b>Бимырза Баймағамбетов нұсқасы</b>
Қалмақтың ханы Жаменкенің малын тартып алады.	Жәменке хан Қодаркүл деген құлының ақмақтығынан 3000 жылқысы мен елінен айырылып қалады.
Қалмақ Қараханның бұйрығымен, Байбақты бидің сілтеуімен Үрім хан Жаманкені әйелімен Терісақпа судың бойына әкеп тастайды	Қалың жылқының шабуылынан кейін Жәменке хан, әйелі Қаракөзайым, баласы Бозқұлан үшеуі ғана қалады.
Бозұғлан ата-анасының батасын, қолына камшысын алып, жаяу жауға кетеді.	Бозқұлан ата-анасын бір Аллаға тапсырып, аман қалсам, тауып алам деп, қалмақпен соғысқа жаяу аттанады.
Түйеші қарт баланы менсінбейді, қаһарланып айғай салған Бозұғланның даусын естіп, қорыққанынан Үрім ханға келіп, бала туралы айтады.	Түйеші қарт баланы ақбас бураға мінгізіп, ханына апарды.
Үрім хан балаға 30 мың тай бермек болады.	Өрім хан балаға екі мың тай бермек болады.
Жолда Айбаршаның ақ шатырын көреді.	Келе жатып жолда Айбаршаның ақ мұнарасын көреді.
—	Бала бір ұйықтаса, 15 күн, 15 түн ұйықтайды екен.
—	Бозқұланға қарсы 32 мың жаудың әскері шығады.
—	Бозқұланның аты баланы ояту үшін жеті пірге сиынып, аспанға ақ құс боп көтеріліп, құйындай шүйіліп келіп, жерді солқылдатып қонады.

–	Әкесі Өрім ханды өлтірмесін деп, Айбарша Бозқұланның алдынан шығып, сауға сұрап, өзінің қателігі үшін кешірім сұрайды.
–	Байбақты бимен соғысып, жеңіп, оны өлтіреді.
	Той жасап, Айбаршаны алып, онымен жеті жыл тұрады. Сосын келіп ата-анасын тауып алады.

Сонымен, жоғарыда аталған жырларды өзара салыстырып, мәтіндік талдау жүргізгенде байқағанымыз, қалған екі нұсқаға қарағанда Бимырза Баймағамбетов нұсқасы қысқа, мұнда көп оқиғалар айтылмаған. Бірақ бұл нұсқада басқа нұсқаларда кездеспейтін ерекшеліктер бар: Бозқұланның батырларша ұйықтауы, жау келгенде боз тұлпардың иесін оятуы, жаумен жалғыз шайқасуы, Бозқұлан басқа жырларда Байбақты бимен дос болса, мұнда жау болып, оны өлтіріп тынады. Себебі басқа екі нұсқада да Байбақты би Бозұғланның ерлігін, батырлығын көріп, мойындап, алдына келіп кешірім сұрап, ақыреттік дос болып, үйіне шақырып, қонақ қылып, әбден жақсылап күтсе, ал, Бимырза Баймағамбетов нұсқасында Байбақты би әскерін жинап, Бозқұланмен соғысу үшін көл жағасында күтіп тұрады. Сондай-ақ, бұл нұсқада Қарашаш сұлу жоқ, тек Айбарша ғана кездеседі. Айбарша Бозқұланның алдынан шығып, сауға сұрап, әкесі Өрімханды өлімнен алып қалады. Жырдағы басты кейіпкердің есімі – Бозқұлан (Дұрысында Бозұғлан болуы керек еді).

Қорытындылай келе айтарымыз, барлық айтушының нұсқасында дерлік жырдағы оқиға өзгеріссіз болып келеді. Жекелеген сөздер, жолдар, эпизодтар болмаса, оқиға мазмұны да, баяндау тәсілі де барлық варианттарда ұқсас. Тек кейбір нұсқада кейіпкерлердің сезімдеріне біршама тоқталып, кеңірек жырланса, ал басқа нұсқаларда тұлпардың, сұлу қыздың сырт келбеті, сөзі, жүріс-тұрысына айрықша тоқталып, ерекше суреттеледі. Әр жырдағы оқиғаны ашық, анық етіп әрлеп жырлау, кей детальдарды қысқа қайырмай кеңейте, түрлендіре жырлау әрбір жырдың айтушысына байланысты.

Жырда көне мотивтер жиі кездеседі. Мысалы, батырды қолдап, қорғап жүретін Ғайып ерен қырық шілтен, Баба Түкті Шашты Өзін, ақылды Бозұғланның, Айбаршаның алдағыны болжауы, Көзәлшаһтың

түс көруі, Бозұғланның жас кезінде елі үшін жауына аттанғанда және екі бектің зынданда жатқанда пірлерінің аян беруі – бәрі де өте ертеден келе жатқан мотивтер. Ол мотивтер – жырға бір кезде бір ақынның қосқан қосындылары емес, ғасырлар бойы халық аузында өмір сүріп келген жырға әр ғасырдың, әр дәуірдің, әр ақын-жыршының қосқан қоспалары.

Біз қарастырған «Ахметбек-Жүсіпбек, Бозұғлан» жырын о баста өте дарынды, импровизатор ақын шығарған, кейін оны әрбір жыршы-жырау бір-бірінен үйреніп, әрқайсысы жырды өз тұрғысында жырлағанмен жырдың негізгі мазмұны, сюжеттік фабуласы, композициялық тұтастығы берік сақталған.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Жирмунский В.М., Зарифов Х.Т. Узбекский народный героический эпос. – Москва, 1947. – 520 с.

2. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи, тексты и немецкий перевод; Санкт-Петербург, 1866—1896, 7 т.; В.М.Жирмунский, Х.Т.Зарифов. Узбекский народный героический эпос. – Москва, 1947; Х.Короғлы. Огузский героический эпос. – Москва, 1976; Х.Короғлы. Туркменская литература. – Москва, 1972; Ә.Қоңыратбаев. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы, 1987; Қасқабасов С. Жаназық (зерттеулер). – Астана, 2002. – 441 б.

3. Қосан С. Базар жырау Оңдасұлының әдеби мұрасы (ақындық дәстүр, жанр, поэтика). Филология ғыл. кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2005. – 145 б.

4. Молотова Г. Списки народных дастанов: к вопросу историзма фольклора // Известия национального центра археографии и источниковедения. – Астана, 2012. №3. – С.56-61.

5. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. Т.16: Қоныратбаев Ә., Бердібай Р. Фольклор және әдебиет туралы зерттеулер / Жалпы ред. басқарған: У.Қ.Қалижанов (төраға); Жауап.ред.: С.С.Қорабай, Құраст.: Д.Б.Мұхамдиев, Н.Биғараева; ҚР БҒМ «Ғылыми қазына» мақсатты бағдарламасы. – Алматы : Әдебиет әлемі, 2013. – 432 б.

6. Қосан С. «Жүсіп-Ахмет» дастанының қазақ-түркімен нұсқалары // Ұлысаралық түркологиялық конгресс. – Түркістан, 2013. (61-71 бб.).

7. Боз оглан. Ленинградское отделение ИНА АН СССР. в.346. – 321 с.



8. Бабалар сөзі: Жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2008. Т.47: Батырлар жыры. – 2008. – 424 б.
9. Бозұғлан. Ахметбек һәм Юсуфбек. – Қазан: Император университетінің баспаханасы, 1904. – 80 б.
10. Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. – Алматы: Алатау баспасы, 2007. III том. – 488 б.
11. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. I-том. – Алматы, 1975. – 352 б.
12. Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен... 3-том. СПб, 1870. – 408 с.
13. Сәбитов Н. Қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші. I-басылуы. – Алматы, 1948.
14. Бижанов Әзімбайдың шығармалары. ӘӨИ: Ш.679. I-дәптер.
15. Қайнарбаев Ә. жинаған ауыз әдебиет үлгілері. ӘӨИ: Ш. 917/7. – 83 б.



## БӨГЕН БАТЫР

Ноғайлы-қыпшақ дәуірінен қалған жырдың бірі – «Бөген батыр». Кейде жырды «Ақбілек пен Тұрғын бала» деп те атайды. Бұл жыр СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалына 1935 жылы түскен.

Жинаушысы – Ілияс Нұрмағанбетов. Ілияс қазақ фольклорының үлгілерін жинауға ерекше көңіл бөлген. Ол 1930 жылы Алматыдағы педагогика институтының студенті болып жүріп, бірсыпыра жырлар мен ертегілерді ел аузынан жазып алып, 1935 жылы Ұлт мәдениетін зерттеу институтына тапсырған. Сол қолжазбалардың ішінде «Бөген батыр» атты батырлық жыр да кезеседі. Бұл мәтін ел аузында «Ақбілек пен Тұрғын бала» деген атпен де тараған. Жырдың ертегі түріндегі мәтіні алғаш рет «Ертегілер» жинағының 4-томында (1989) «Ақбілек пен Тұрғын бала» деген атаумен, ал «Бабалар сөзі» жұзтомдығының 75-томында «Бөген батыр» деген атпен басылым көрді. Ертегіні жырға айналдырған кім екені белгісіз. Түпнұсқасы (Ш.668) ОҒК-нің қолжазбалар қорында сақтаулы.

Жырдың негізгі кейіпкері – Бөген батыр, оны әкесі Жанай Аллаға жалбарынып тілеп алады. Жанай айдаланы кезіп жүргенде, ақ сақалды қария жолығып, батасын береді:

Көк есегі астында,  
Аса таяқ қасында,  
Жетіп келді бір адам.  
Сонда атаң сөйлейді  
Сөйлегенде не дейді:  
«Үйге таман барыңыз,  
Қойдан қошқар шалыңыз,  
Көп батасы – көл», – деген  
«Көптен бата алыңыз,  
Сонда бала болады»...

Батырлық жырлар, ертегі батырлары сияқты Бөген батыр да ерекше болып туады. Туғандағы тұлғасы былайша суреттеледі:

Омырауы есіктей,  
Балтырлары бесіктей  
Кеудесінен басы зор,

Кірпігінен қасы зор...

Бұдан кейін жырда батырдың балалық шағы, тәрбиесі, ержеткеннен кейін Қиғаш тауындағы қалмақ ханы Қалталы Қараманның Ақборық атты қызын іздеп сапар шегуі; көптеген қиындықтарды жеңіп, Қарасүймен батырдың зынданында жатқан Ақборықты алып, ноғайлының еліне оралуы, той жасауы т.б. сөз болады.

Жырда суреттелетін Бөген батырдың атының шабысы – Қобыландының Тайбурылына ұқсайды. Сол сияқты Бөгеннің асық ойнап балаларды жеңіп алуы, оны қойшы Жәнекейдің жеңуі, атының қашып кетуі, Қалталы Қарайманның қызы Ақборықты іздеуі, Ақборықты қызылбас Қарасүлейменнің алып кетіп, зынданға салып қойғаны «Мұңлық-Зарлық дастанына ұқсайды. Аталған жырдың сюжеттік құрылымында басқа да эпостарындағы секілді батырға лайық тұлпар, түс көру сияқты тұрақты мотивтер ұшырайды.

Жырға арқау болған – жазықсыз қуғынға ұшыраған жандар туралы Шығыс пен Батысқа кең тараған сюжет желісі. Бөген батырдың әйелі Ақборық жүкті болып, туарманға жақындап отырғанда, Бөген батырға «құтты болсын» айтамыз деп, Қырымның қырық батыры келеді. Бірнеше күн қонақ болғаннан кейін, қайтуларына таянғанда, қырық батыр былай дейді: «Бөген батыр, Еділ-Жайық бойында ит салып, құс жүгіртелік, бізбен бірге жүр», – дейді. Батырлардың көңілін қимай, Бөген еріп кетеді. Бөген кетерінде еліне: «Әйелім бала тапса, сүйінші сұрап Ақжайықа келерсің», – деп тапсырады.

Бөген кеткен соң, көп кешікпей, Ақборық толғатып бір ұл, бір қыз табады. Ұлының атын Тұрғын, қызының атын Ақбілек қояды. Мұны естіген Қанікей мен Тінікей мыстан кемпірді шақыртып алып, Ақборыққа ақ аюдың мұрын терісін искетіп талдырып, туған баланың орнына иттің күшігін салдырып, Тұрғын мен Ақбілекті өлімге қиып, үйден қудырады. Мыстан кемпір балаларды қырыққұлаш шыңырауға апарып тастайды. Ертегінің бұл тұсы патриархалдық полигамиялық отбасындағы әйелдер арасындағы кіші әйелден туған баланың мұрагерліктегі басымдығын көрсетеді.

Осы сәттен бастап қуғынға ұшыраған балалар көптеген қиындықтарды бастан кешеді. Бұл оқиғалар «Болат пен Жанат», «Гүшаһри», «Екі ағайынды жігіт» дастандары мен т.б. ертегілерді есімізге түсіреді.

Бұдан былайғы жерде Ақбілек пен Тұрғынның шыңырау ішінде ержетіп өсуі, Тұрғын өсе келе батыр болып, қалмақтармен жалғыз өзі

соғысып, Тәпелтес атты хан қызын алып, қарындасы Ақбілекпен бірге ел-жұртымен, әке-шешесімен табысуы сияқты екі баланың қилы да қиын тағдырын баяндайды.

Шығарманың сюжеттік желісінде қиял-ғажайып ертегілерінің де белгісі кездеседі. Солардың бірі – мыстан кемпірдің кейіпкерді «Елек суын әкел» деп қиын сапарға жұмсауы, Самұрық құстың көмегі т.б. Мұндай мотивтер «Шынтемірұлы Төрехан» т.б. ертегілерде кездеседі.

Туындының мазмұнына қарағанда, мұнда ертегінің әсері басым және айқын сезіледі. Ертегіде «Қырымның қырық батыры» топтамасына енетін эпос батырларының: Сүйіндіктің ұлы Тоған, Қырымнан шыққан Тарғын, Жаңбыршының ұлы Телағыс, Мұсадан шыққан отыз ұл, Смайыл-Тобаяқ, Қарасай, Қази, Алпамыс, Шынтемір ұлы Әділхан т.б. есімдері аталады.

«Батырлық ертегілердің қаһармандық эпоспен байланысы олардың рухы мен сюжеттік оқиғаларының бірлігінде ғана емес, баяндау мәнерінде де. Тіпті әрбір батырлық ертегіде дерлік жырға жақын өлеңмен берілетін эпизодтар кездеседі. Әдетте, олар қаһарманның достарымен, не қастарымен айтысатын диалогы болып келеді [1].

Мәселен, Бөген батырдың ұшырып жіберген тұйғыны екі бала мекен еткен шыңыраудың қасына келіп қонады. Тұйғынның қонғанын біліп, Ақбілек сұлу тұйғынның шұбатылған жібек бауынан ұстап қолына қондырады. Тұйғынның қашқан ізімен көп уақыттан кейін Бөген келеді. Ақбілек Бөгенді көріп, сәлем береді. Бала көрмеген Бөген елжіреп кетіп, сәлемін қабыл алады. Ол қыздан: «Тұйғынымды қайтар», – деп сұрайды. Сонда қыз:

– Ата, ағайынды екеу едік, өзімнен үлкен ағам бар еді, соған тұйғыныңды бер, ағам ермек етсін, – дейді.

– Құдай еді панамыз,  
Шыңыраудан туған баламыз.  
Құла жонда өсіп ек,  
Айналайын, жан ата,  
Тұйғыныңды беріңіз!  
Қасымдағы ағамның  
Астында аты, қолында құсы жоқ.  
Ермек етсін, жан аға.  
Сен бермесең, жан ата,  
Кімдерге барып айтамыз,

Кімдерді іздеп табамыз!  
Жалғыз еді ағакем,  
Тұйғыныңды беріп кет...дейді.

Бөген де жауапты өлеңмен қайтарады:

– Маңдайдағы екі көз  
Бір-біріне ел емес.  
Мені сыйлап, ата десеңіз,  
Атаңды әуре мазақ етпеңіз!  
Мазақ етуіңді, жан балам,  
Екі дүниеде жөн көрмен.  
Жөн болмаса, жан балам,  
Тұйғынымды беріңіз, – дейді.

«Алайда, ертегілердегі өлеңдік текстер жырға қарағанда әлдеқайда қарапайым келеді, бірақ солай бола тұрса да ертегі текстіне өлең жолдарының енгізілуі, оның жыр арқылы баяндалатын қаһармандық эпоспен туыстығын тағы бір дәлелдемек» [1, 219].

Бұл жыр алғаш 1987 жылы «Батырлар жырының» 3-томында жарияланды. Жыр туралы аздаған пікір М.Ғұмарованың зерттеуінде кездеседі [2].

«Бөген батыр» жырының 1987 жылы басылған мәтінін қолжазбамен (Ш. 686. ОҒК) жолма-жол салыстырып, текстологиялық жұмыс жүргізу барысында, өкінішке орай, басылымда «Бөген батыр» эпосы біраз қысқартумен, ал қарасөзбен баяндалған тұстарының редакцияланып жарияланғаны анықталды.

Дәлірек айтқанда, 1987 жылы жарияланған «Бөген батыр» жырының 140-қа жуық өлең жолы кітапқа енбей қалған. Соған мына бір үзіндіден мысал келтірсек, Жанай шалдың Алладан бала тілеп, сапар шегуге дайындалған тұсын суреттейтін көрініс.

Сол күндерде Жанай шал  
Аса таяқ таянып,  
Таң сәріден оянып,  
Қолына құрық алады,  
Беліне жүген шалады.  
Жирен деген көлдерге,

Сол күндерде Жанай шал  
Аса таяқ таянып,  
Таң сәріден оянып,  
Қолына құрық алады,  
Беліне жүген шалады.  
Жирен деген көлдерге,

Күдірген белдерге,  
Көп жылқы жатқан жерлерге  
Соған таман барады.  
«Ұстайын, – деп, – бір атты»,  
*Құрығын алып ұсынды.*  
*Тапа-тал түс болғанда,*

Күдірген белдерге,  
Көп жылқы жатқан жерлерге  
Соған таман барады.  
«Ұстайын, – деп, – бір атты»,  
.....  
.....

Түпнұсқадағы асты сызылған өлең жолдары аталған басылымда түсіп қалған. Сол себепті, біріншіден, өлең ұйқасы бұзылған, екіншіден, ішкі мазмұн көркемдігі біртұтастығынан айрылған. Жырдың басынан аяғына дейін созылған осы сынды кемшіліктер жинаушының қолтаңбасын дұрыс түсінбегендіктен кеткен қателер деп ойлаймыз.

1. Мәтінде кездесетін «кәпір» сөзі «жау», «қалмақ» сөзі «қызылбас» деп өзгертілген.

2. Кейбір өлең жолдарының да өзгеріске түскені анықталды. Мысалы: түпнұсқадағы «Сол секілді балаңыз» (141-жол) басылымда «Бөген батыр балаңыз» деп, түпнұсқадағы (146-жол) «Бедеуге атты байлады» жинақта «Атты байлады бедеуге», ал 299-жолдағы «Жүре берді ол тазша» деген өлең жолы «Деп тазша кете берді» болып өзгертілген т.б.

3. Емлелік қателер көп кеткен. Мұндай кемшіліктер жөнделіп түпнұсқа қалпына келтірілді.



## ҚАРАБЕК БАТЫР

Аталған эпос алғаш рет «Қисса-и Қарабек» деген атпен 1882 жылы Қазанда басылып шықты [1]. Жырды Омбы аймағы, Мұқыр өзенінің бойында тұратын Шоқаманұлы Әлжаннан жазып алып, баспаға дайындап берген – Мәулекей Жұмашұлы. Жұмашұлы Мәулекей – ХІХ ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген қиссашыл ақындардың бірі, қазақ фольклорын жинап бастырушы. 1836 жылы Тобыл губерниясында туған. Ішкі Бөкей ордасының қазақ аудандарында бала оқытып, ағартушылық жұмыстар жүргізген. Өзінің баспагерлік қызметін «Қисса Тамимдер» (1886) атты діни дастанды кітап етіп шығарудан бастаған Мәулекей қисса-дастандарды өз бетінше жырлап, Қазан қаласынан «Қисса Жұмжұма» (1881), «Дариға қыз» (1879), «Қисса Салсал» (1879), «Қисса Сейітбаттал» (1879) секілді фольклорлық шығармалардың жеке нұсқаларын бастырып шығарған. «Қарабек батыр» жырының тағы бір көлемді нұсқасы Орталық ғылыми кітапхананың қолжазбалар қорында сақтаулы [2]. «Қарабек батыр» шығармасы жайлы Б.Жақыпбаев, М.Ғұмарова, С.Қорабай сынды зерттеушілердің еңбектерінде сөз болады [3].

Аталған жыр мәтіні одан кейін 1961 жылы шыққан «Батырлар жырының» 2-томында, 1977 жылы шыққан «Ақсауыт» кітабының 2-томында [4, 167-219] басылды.

Қазан басылымының мәтіні өлеңмен жазылған. Көлемі – 2030 жол. Әлжан нұсқасының оқиғасы Қарабектің қалмақ ханы Қараманға аттануынан басталады. Жырдың құрылымы төмендегідей эпизодтардан құрылған: Қарабектің қалмақтың қалың қолын жеңуі; Қараманды қолға түсіруі; Ханбиінің Қарабекке опасыздық жасауы; Қарабектің елін Қабылдан құлдан азат етуі; Қаныкей мен Тыныкейді құтқаруы; Ханбиіні жазалауы т.б. Осы көріністердің бәрі жырда қызықты оқиғаға өзек болған. Эпоста бас қаһармандардың ерлік істері әсерлі де шебер суреттелген.

«Қисса-и Қарабек» жырының сюжеттік құрылымында әлем халықтарының фольклорлық туындыларында жиі ұшырасатын түс көру бал ашу, киім ауыстыру, қорғаушы пірлер сияқты сарындар қамтылған.

Қазан нұсқасы көркем, шұрайлы тілмен жырланған. Мәтінде аздаған араб, парсы, татар сөздері кездеседі.

«Қарабек жырының» 1961, 1977 жылдары басылған мәтіндерін Әлжан (Қазан, 1882) нұсқасымен салыстырып, текстологиялық

жұмыс жүргізгенде, басылымдарда төмендегідей кемшіліктер кеткені анықталды:

1.1977 жылғы басылым 1961 жылы шыққан мәтінді өзгеріссіз қайталайтыны анықталды.

2.Өлең жолдарының өзгертілген, түсіп қалған жерлері кездесті. Мысалы, Ханбиінің сулулығын суреттейтін тұсы:

**Қазан басылымы:**  
**(160-бет)**

Хор қызындай саналы,  
Құдіретімен берілген.  
Ішкен асы шіркіннің  
Тамағынан көрінген.  
Алпыстағы шалдардың  
*Тұла бойын идірген.*  
*Оны көрген жігіттер*  
Өлейін десе өле алмай,  
Өз жанын қия алмай,  
Қолына тіпті тигізбей,  
Диуана қылып жүргізген.  
*Қылығымен күйдірген.*

**1961, 1977 ж.ж. басылым**  
**(77, 167-66).**

Хор қызындай саналы,  
Құдіретімен берілген.  
Ішкен асы шіркіннің  
Тамағынан көрінген.  
Алпыстағы шалдарды  
*Өзегін өртеп күйдірген.*  
*Ғашық болған жігіттер*  
Өлейін десе өле алмай,  
Өз жанын қия алмай,  
*Маңынан бірін жуытпбай,*  
Диуана қылып жүргізген.  
.....

Түпнұсқадағы асты сызылған өлең жолдары аталған басылымдарда түсіп қалған және өзгертілген. Сол себепті, біріншіден өлең ұйқасы бұзылған, екіншіден ішкі мазмұн көркемдігі біртұтастығынан айрылған.

3. Кейбір өлең шумақтарын тұтастай өзгертуге жол берілген. Дәлелді болу үшін төмендегі салыстыруды келтірейік:

*Түпнұсқа: (838-841 – жолдар):*

«Біздерге жалғыз бала не қылады» деп,  
Көп қалмақ тауға қарай жүре берді.  
Кеткенін жау қалмақтың көргеннен соң,  
Ұйықтап сол арада жатып қалды...

*1961, 1977 басылымдардағы осы жолдар былай өзгертілген:*

«Біздерге не қалмақшы жалғыз бала» –  
Деп қалмақ бетін бұрды Қаратауға.  
Кеткенін жаудың әбден сезді дағы,  
Қарабек жатты шалқып маңғаздана...



4. Құрастырушылар көп жағдайда мәтінді көркемдеуге тырысқан. Өз жандарынан сөз тіркестерін, өлең шумақтарын қосқан т.б.

5. Емлелік қателер көп кездеседі.

«Қарабек батыр» жырының ең көлемдісі, сюжеті толық әрі ел арасына кең таралғаны – Жаңаберген Бітімбайұлы жырлаған нұсқа. Эпосты Жаңаберген жырау әкесі Бітімбайдан үйреніп, ел арасында жырлап жүрген. «Қарабек батыр» жырының мәтінін 1940 жылы Жаңаберген Бітімбайұлының айтуынан қағазға түсірген фольклор экспедицияның мүшесі – Марат Ахметов. Қолжазба ОҒК-ның қолжазбалар қорында сақтаулы [5]. Шығарма бір жолды дәптер қағаздарына екі түсті сиямен латын әріпінде жазылған. Көлемі – 6720 жол. Жаңаберген жырлаған «Қарабек батыр» нұсқасы туралы ой-пікірлер М.Ғұмарова, С.Қорабаев сынды зерттеушілердің зерттеулерінде кездеседі [3].

Осы нұсқа алғаш рет 1987 жылы шыққан «Батырлар жырының» 3-томында жарияланды [6].

Жырдың экспозициясы Қарабектің дүниеге келмей тұрып, он екі баулы ноғайда жасы алпысқа келген Қадырхан хан мен Зәуреней атты әйелінің болғанын, қалмақ елінің ханы Қадырханның байлығын өз қолдарына түсіруді көздегенін, халық қалмақ шабулының әсерінен қонысынан айырылып, жадап-жүдеген жағдайын суреттейтін мотив – сипаттамадан басталады. Қартайған ата-ананың басына басқыншылардың қауіп-қатері төнген жағдайда Қадырхан мен Зәуреней Құдайдан бала тілеп, әулиелерге түнеп, дүние кезеді. Тілектері қабыл болып, Қарабек атты ұл мен Ханбибі атты қыз көреді. Болашақ батырдың ғажайып туу мотиві «Алпамыс» жырының барлық версияларында, «Мұңлық – Зарлық», «Шора батыр», «Қобыланды батыр», «Едіге батыр», жырларында, алтайлықтардың «Маадай – Қара», қырғыздың «Манас» жыры, «Монғолдың құпия шежіресі» сияқты эпостық шығармаларда кездеседі. Міне, осылай жасы ұлғайған ата-аналардың бала тілеп, дүние кезуі кездейсоқ емес. Олардың арман-мақсаты – атадан қалған мал, мүлікке ие болатын, ұрпағын жалғастыратын мұрагер, сондай-ақ ел-жұртына қорған болатын батыр іздеу. Бұдан кейін жырда батырдың балалық шағы, тәрбиесі, ержеткеннен кейінгі үш соғысын, яғни Қабылан бастаған «кыл жалаулы» қалмақты бес мезгілде қыруы; Ақжан бастаған жаудың тас-талқанын шығаруы; Қодар құл бастаған «тоқсан құлды» женуі т.б. баяндалады.

Аталған жырдың сюжеттік құрылымында басқа да қазақ эпостарындағы секілді батырға лайық тұлпар, түс көру, бал ашу, киім ауыстыру сияқты тұрақты мотивтер ұшырайды.

«Қарабек батыр» жырының Қазан басылымының (1882) мәтіні

мен Жаңаберген Бітімбайұлы нұсқасын салыстырып қарағанымызда олардың оқиға дамуында, өлең құрылысында және көлемі жағынан біраз өзгешеліктері бар екенін көреміз:

1. Қазан басылымының көлемі 2030 жол болса, Жаңаберген нұсқасының көлемі 6720 жолды құрайды.

2. Мәулекей нұсқасында оқиға Қарабектің Қараманға қарсы аттануымен басталса, Жаңаберген нұсқасында Қадырханның Құдайдан бала тілеуінен басталады.

3. Жаңаберген нұсқасында Қарабектің балалық шағы, ерліктері түгел камтылып т.б.эпизодтар ұзақ суреттеледі.

4. Қазан басылымында Қарабектің Қаныкей, Тыныкей деген екі апасы болса, екінші нұсқада Ханыша деген қарындасы болады.

5. Қазан басылымында қалмақ батырының есімі Қараман болса, Жаңаберген нұсқасында – Қабылан ер.

6. Жаңаберген нұсқасында құлдың аты – Қодар.

7. Мәулекей нұсқасында Қарабек өзіне опасыздық жасаған қарындасы Ханбибіні аяусыз жазаласа, Жаңаберген нұсқасында қарындасына кешірім жасайды т.б.

Осы екі нұсқаны салыстыра зерттеу нәтижесінде, Жаңаберген ақын Мәулекей бастырған «Қарабек батыр» эпосын жетік білген. Сол нұсқаны негізге ала отырып, жырдың ұтымды жерлерін сақтап, эпостың кей жерлерінде бірқатар оқиғаларды және эпизодтарды кеңейте, түрлендіре отырып, өзіндік стильмен жырлаған деп санаймыз.

Жаңаберген нұсқасы тіл көркемдігі жағынан да шебер жырланған. Мәтінде аздаған ғана араб, парсы және жергілікті сөздер кездеседі.

«Қарабек батыр» жырының 1987 жылы басылған мәтінін түпнұсқамен (670-бума, ОҒК) жолма-жол салыстырып, текстологиялық жұмыс жүргізу барысында, өкінішке орай басылымда «Қарабек батыр» эпосы біраз қысқартумен, ал қарасөзбен баяндалған тұстарының редакцияланып жарияланғаны анықталды.

Дәлірек айтқанда, 1987 жылы жарияланған «Қарабек батыр» жырының екі мыңға жуық өлең жолы кітапқа енбей қалған. Соған мына бір үзіндіден мысал келтірсек, Қадырхан әйеліне дүние-малымызды сарп етіп, Алладан бала тілейік деп айтқан тұсында, Зәуренейдің жылап тұрып айтатын толғауы:

*Түпнұсқа:*  
*(7-бет)*

– Сен едің менің падишам,  
Құдай қосқан жұбайым.

*1987 жылғы басылым*  
*(166-бет)*

– Сен едің менің падишам,  
Құдай қосқан жұбайым.

Дәурен сүріп жалғанда,  
Шығып еді шырайым.  
Берменірек келгенсін,  
Бір барша еттің кемінен  
Жедің қайғы-уайым.  
*Сенің айтқан сөзіңе*  
*Мойнымды неге бұрмайын.*  
*Өле өлгенше бас тартпай,*  
*Қызметіңде тұрайын.*  
Олай десең, алғаным,  
*Шыныменен жьылайын,*

Дәурен сүріп жалғанда,  
Шығып еді шырайым.  
Берменірек келгенсін,  
Бір барша еттің кемінен.  
Жедің қайғы-уайым.  
.....  
.....  
.....  
.....  
Ойлай десең, алғаным,  
.....

Осы бір шамалы салыстырудың өзінен байқағанымыз – басылымда өлең жолдарының көп түсіп қалуы. Жырдың басынан аяғына дейін созылған осы сынды кемшіліктер жинаушының қолтаңбасын дұрыс түсінбегендіктен кеткен қателер деп ойлаймыз. Нәтижесінде біріншіден, өлең ұйқасы бұзылған, екіншіден, ішкі логикалық-көркемдік біртұтастығынан айрылған.

Мәтінді жинаққа даярлау барысында мұндай кемшіліктер жөнделіп, түпнұсқа қалпына келтірілді.

«Қарабек батыр» жыры 2007 жылы жарияланған «Бабалар сөзі» ғылыми сериясының 44-томында түпнұсқадан алынып еш өзгертусіз жарияланды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қисса-и-Қарабек // Бастырған – Ш.Хұсайынов балалары. Н.Н.Вячеслав баспаханасы. – Қазан, 1882.

2. Қарабек батыр. 670-бума, ОҒК. Жыршысы – Жаңаберген Бітімбайұлы.

3. Жакыпбаев Б. Батырлар жыры 2-том. Алматы, 1951. Ғұмарова М. Бұрын зерттелмеген жырлар //Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. Бірінші кітап. – Алматы, 1960. Қорабай С. Қарабек батыр // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2003.

4. Қарабек батыр // Батырлар жыры. 2-том // Құрастырғандар: М.Ғұмарова, О.Нұрмағанбетова, Б.Уахатов. – Алматы, 1961.

5. Қарабек батыр. ОҒК. Ш.670, 2-дәп.

6. Қарабек // Батырлар жыры. 3-том // Құрастырып, ғылыми түсініктемесін жазған – М.Ғұмарова. – Алматы, 1987.



## ЖЕТИГЕН БАТЫР

ОҒК-нің қолжазбалар қорында (678-бума.) «Жетіген батыр» атты қолжазба сақтаулы. Жыр 1939 жылы Жамбыл облысы, Красногор ауданы, Ақтерек колхозында Кәндеков Есдәулеттің орындауында жазылып алынған. Мәтінді латын әрпімен жыршының өзі жазған. Есдәулет 1887 жылы Жамбыл облысы, Красногор ауданының Көлқамыс ауылында, кедей шаруаның отбасында туған. Әкесі Кәндек (шын аты Айдарбек) баба руындағы Алакөшек дейтін байдың жалшысы болған. Кәндек 1893 жылы, шешесі Оңласын 1894 жылы қайтыс болған. 15 жасында жетім қалған Есдәулет жамағайындрының есігінде қазаншы болып жүрсе де өнерге әуес, зеректігімен ауыл арасында «жез таңдай бала» деп, 20 жасқа келгенде домбырашы ақын аталған. 1908 жылдан бастап ақын атанған Есдәулет «Күреңбай», «Жетіген батыр», «Шаян батыр» сияқты дастандар шығарған. «Әмір мен Салиханың айтысы», «Сауда Ишан» сияқты ірі жырларды жатқа білген. Ол – Кенен ақынның серіктес жолдасы, жыр алыбы Жамбылдың шәкірті болған [3, 133].

Шығармада Кіші жүз Нұрмысы бидің Бердібай есімді 13 жасар баласы қайтыс болып, қайғырып жатып қалады. Елдің ақсақалдары жиылып көңіл айтуға келгенде де басын көтермейді, сонда көптің ортасынан шығып шөмекей Қырғи жыршының Нұрмысы биге Ұлы жүздің ішінде әрі бай, батыр Жетіген деген кісі бар екенін, оның 15 батыр ұлы бар екенін, Жетіген 85 жасқа келсе де жігіттей құлпырып тұрғанын, арманы жоқтығын айтып, соған барып көңіл көтеріп келуін ұсынады.

Нұрмысы Жетіген ауылына сапар шегеді. Бірақ, Жетіген өзінің армансыз еместігін айтады. Оларманы былай екен: Жас кезінде Жетіген елін қалмақтар шауып алып, Жетігенді зынданға тастайды. Қалмақ ханының Шырын атты қызы Жетігенге ғашық болып, зынданнан шығарып алады. Қыз бен жігіт қашып кетеді. Соңынан қуғыншылар шығып, Жетігенмен жекпе-жекке шығып, қалмақты жеңеді. Жетіген Шырынмен бір тоғайға қонады. Ертеңгісін Шырын суға түсіп

жатқанда, жезтырнақ келіп, қыз соның қолынан қаза табады. Жетіген еліне келген соң, көпке дейін үйленбей жүреді. Ішіндегі қайғысын туған-туысқандарына айтып, Шырынның басына күмбез тұрғызады. Жетіген батырдың арманы сол екен. Нұрмысы би Жетігеннің осындай әңгімесін естіп, еліне оралады.

Жыр нұсқасы толық, 11 буынды қара өлең және 7-8 буынды жыр үлгісіне құрылған. Мәтін еш жерде басылым көрмеген және зерттелмеген.



### КҮРЕҢБАЙ БАТЫР

Күреңбай батыр жырының қолжазбасы ОҒК-нің қолжазбалар қорында (678-бума) сақтаулы. Жыршысы – Е.Кәндеков. Есдәулет өзі жырлаған жырды хатқа түсіріп, қолжазба қорына тапсырған. Аталған жыр мәтіні бұрын еш жерде жарияланбаған және зерттелмеген. Жырдың кей жерлерінде қарасөзбен беріліп отырады.

Күреңбай аң аулауды кәсіп етеді. Күреңбайдың Күлғайша деген әйелі, Тілеп есімді ұлы және Көктоқал дейтін тұлпары болған. Бір күні Күреңбай баласы мен әйелін ертіп, аң аулауға шығады. Күреңбай аң аулауға кеткенде екі аю келіп, су жағасында ойнап жүрген 9 жасар баланы алып кетеді. Шешесінің баласын құтқаруға шамасы келмейді. Мұны білген Күреңбай аюдың ізіне түседі. Аюдың апанын тауып, аюдың екі күшігімен баласын алып, үйіне қайтады. Жолда жолбарыс кездесіп, бұларға шабуыл жасайды. Көктоқал ат мойныны үзіліп, өліп қалады. Жолда көптеген қиыншылықтар көріп, бес жыл далада өмір сүреді. Батыр Тілептің айтуымен қалмақ еліне аттанады. Он төрт жасар Тілеп қалмақтың Қоран деген батырымен жекпе-жекке шығып, оны жеңеді. Қалмақтар қашып, Күреңбай мен Тілеп олардың бар жылқысын айдап еліне келеді. Сөйтіп мұратына жетеді.

Жыр бас-аяғы толық. 7-8 буынды жыр үлгісімен баяндалған. Жырдың машинкаға басылған көшірмесі де бар. Басқа варианты жоқ.



## НОҒАЙЛЫ ШАЛГЕЗ БАТЫР

Жыр халық арасында «Шалгез батыр», «Шалгез ақын» атымен белгілі. Шығарма мәтіні ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (328-бума) сақтаулы. Жыршысы белгісіз. Жинаушысы – Ақмади Есқалиев. Ақмади халық әдебиеті үлгілерін көптен бері жинаған және республикамыздың ағарту саласында үздіксіз қызмет істеп келген қарт мұғалімдердің бірі болған. Ол 1891 жылы туған. Орал облысы, Жәнібек ауданында тұрған. Қолжазба Қызылорда облысы, Сыр бойында жазылып алынған, жазылған жылы белгісіз.

Қысқаша мазмұны төмендегідей болып келеді:

Шалгез – Орақ, Мамай хандығының заманында өмір сүрген батыр. Ханның адамдары Орақ, Мамайға Шалгезді жамандап, шағыстырып қояды. Мамай Шалгезге жаман ат беріп, жауға қарсы жалғыз жібереді. Шалгез қалмақтың батырын өлтіріп, жаудың бетін қайтарады. Қалмақ батырының Арзум деген атына мініп, Орақ пен Мамайға келіп, манағы жаман аттың басын қылышпен шауып тастайды. Батырларға өкпесін айтып, басқа жаққа кетіп қалады.

Ақмади жинаған «Шалгез батыр» нұсқасының көлемі шағын, толық, жыр үлгісімен жырланған. Мәтін бұрын еш жерде жарияланбаған және зерттелмеген.

Аталған буманың 2-дәптерінде «Ноғайлы батыры Шалгездің Темірханға айтқаны» атты шағын өлең мәтіні сақтаулы. Жинаушысы Ақмади Есқалиев бұл мәтінді 1961 жылы Сыр бойынан жазып алған. Шығарма бұрын жарияланбаған, зерттелмеген. Ел аузында сақталған, көлемі шағын өлең. Мазмұнына қарағанда, Шалгез батырдың Темірханға айтқан өкпе-назы секілді.

Шалгездің:

«Жақсыңнан мені кем көрсең,  
Жаманыңмен тең көрсең,  
Ырысымды сенен сұраман,

– деген сөзі соны аңғартады. Өлеңінде «ақылсыз достан, ақылды дұшпан» артық екенін ескертеді. Ақмади тапсырған нұсқа толық, 7-8 буынды жыр үлгісіне құрылған.



## ӘУЕЛБЕК БАТЫР

Орталық ғылыми кітапхана қойында «Әуелбек батыр» атты қолжазба (367-бума.) сақтаулы. Жыршысы белгісіз. Жинаушысы – Әміреш Жұмағазин. Әміреш бұл қолжазбаны 1941 жылы Ақтөбе облысында жазып алып, сол жылы қорға өткізген. «Әуелбек батыр» жыры бұрын еш жерде жарияланбаған. Жырдың қысқаша мазмұны былай болып келеді:

Бұрынғы өткен заманда Ноғайлы елінде Дербес деген хан болған. Жетпіс жасқа келгенде, Дербес өзінің он төрт жасар Ақсұлу деген қызын хан сайлайды. Мұны көре алмаған Дербестің уәзірлері қызды хан қойды деп күндей бастайды. Ақсұлу еліне тәртіп орнату үшін елін аралайды. Жұрт қыздың хан болғанына риза болады. Бір күні Ақсұлу нөкерлерімен суға түсіп жүргенде Жаманбай деген кедейдің баласы Әуелбек таз қыздың хандық тажысын ұрлап алады. Тажды қанша іздегенмен табылмайды. Тажды Әуелбектің алғаны анықталады. Әуелбектің батырлық тұрпатын көрген қыз онымен көңілде боп қалады.

Бір күні Әуелбек сол елде Исапан деген батырдың Ақбілек атты сұлу қарындасы бар екенін естіп, қызды іздеп шығады. Қызды алып қашып бара жатқанда Исапан қуады. Исапан Әуелбектен жеңіліп қалады. Әуелбектің батырлығына риза болған ағасы қарындасын береді. Еліне келсе, қалмақ Шойынқұлақтың Ақсулуды алмақшы болып жатқанын көріп, қалмақты жеңіп, Ақсулу мен Ақбілекті еліне алып келеді. Ақбілек хан тағына отырып, Ақсұлу уәзір болады.

Шығарма толық, жыр үлгісімен көркем жырланған.



## ӘУЕЗ БАТЫР

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхана қорларында (360, 70-бума) Айсая Байтабынов жырлаған «Әуез батыр» жырының нұсқалары сақтаулы.

«Әуез батыр» жыры екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде: Жаманбай деген кедейдің баласы қой бағады. Ол қой баққанымен, алып күштің иесі болады. Әуез батыр өзінің қой баққанына қатты күйініп: «Осы мен қой баққанша Қарасай, Қазы, Қобыланды, Қамбар батырлар

сияқты әрекет жасайын» деп ойлайды. Бір күні Әуез Темірхан ханның қызы отырған сарайды басымен сүзіп құлатады. Ханның қызы Әуезге ғашық болып қалады. Хан сарайды құлатқан Әуез екенін біліп, өз алдына шақыртқанымен, ол бармайды. Қамбар қызға жеті ханның батырлары ғашық болып көндіре алмай жүр екен. Енді солардың бәрі жиналып, Темірханды шауып алуға аттанады. Бұлардың ішінде Қарасай, Қазы, Ер Қобылан да болады. Олар Қамбарға үйленген Әуез батыр екенін біліп, кері қайтады. Бұған риза болған Темірхан Қамбарды Әуезге ұзатады.

Жырдың екінші бөлімінде Әуез қалмақ еліндегі Жанша кемпірдің қызы Ақбілекке ғашық болып, оны іздеп шығады. Әуез Ақбілекпен кездесіп, оны алып қашады. Қарындасының артынан қуып келген Исапан Әуездің күшінің басым екенін көріп, қашып кетеді. Әуездің ерлігіне риза болған Темірхан үлкен той жасайды.

Жырдың негізгі идеясы үстем тапқа қарсы күрес. Оқиға байлардың кедейден шыққан батырдың ар-намысына тиіп, кемсітуіне қарсылық білдіруінен басталып, өзін қорлаған жандардан кек алуымен аяқталады.

Шығармада Әуез Қамбарға ғашық болып үйленбейді, оның ғашығы Ақбілек болып суреттеледі.

Бұл жырдың сюжеті «Әуелбек батыр» эпосымен мазмұндас болып келеді. Аталған жыр бұрын еш жерде жарияланбаған және зерттелмеген.



## ОРАЛБЕК БАТЫР

Қазақтың мәдени мұрасын жинаған жинаушылардың бірі – Молдағали Құлмырзаев. Құлмырзаев Молдағали (1900-1974) – ақын, халық мұраларын жинаушы. Қызылорда қаласында туып-өскен. Молдағали ән мен өлеңге жастайынан құмартады. Халық жырлары мен Сыр бойы ақындарының шығармаларын жаттап, өнеге тұтады. Нартайдың концерт бригадасында 1943 жылға дейін болып, сол жылы майданға аттанады. Соғыста ауыр жараланып, госпитальда жатқанда «Молдағалидың өз аяғымен қоштасуы» деген ұзақ өлеңін шығарады. Бұл сағы сынбаған жауынгердің патриоттық жыры солдаттар арасына кең тарайды. Ақын соғыстан кейін де мәдени-шығармашылық өмірге белсене араласып, өлеңдері мерзімді баспасөзде, жинақтарда («Айтыс», 2-т., 1965, «Пернедегі термелер». – 1965) жарияланды [5, 100-101].

Молдағали өзі жырлаған «Оралбек батыр» жырын 1938 жылы хатқа түсіріп, 1943 жылы кітапхана қорына (782-бума) тапсырған.



Молдағали Құлмұрзаев бұл жырдың сюжетін ел аузында айтылып жүрген ертегі, аңыз-әңгімеден алып өлеңге айналдырған. Бұл әңгімені ол Кіші жүздің 82 жастағы қариясының айтуынан естісе керек. Жыршының айтуынша, «Оралбек батыр» жыры 1938 жылы басталып, 1940 жылы біткен. Сол жылы жырдың көшірмесін Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі ақын Абдулла Жұмағалиев жыршыға хат жолдап, «Оралбек батыр» жырын тәуір деп тауып, 1940 жылы шығатын халық ақындарының жинағына қосқанын айтқан. Бірақ бұл жинақ 1941 жылы соғыс басталғандықтан шықпай қалған [6].

Жырдың қысқаша сюжеті былай болып келеді: «Қайдар деген диқаншының Оралбек деген баласы болады. Ол Өлмес ханның Мүслима деген сұлу қызына ғашық болып, оны іздеп жолға шығады. Жолда оған көлтаусар, көбелек және мысық кездесіп, олар дос болады. Оралбек жолдастарының көмегімен қыздың әкесі берген шарттарды орындап, Мүслимаға үйленеді, хан тағына отырады. Хан елінің адамдары Оралбектің таққа отырғанына наразы болып, оны өлтіруді ойлайды. Оралбек өзіне қарсы шыққан адамдарды жазалайды. Мүслимадан бір ұл көреді. Қастық ойлаған адамдар Оралбектің төсегіне у сеуіп өлтіреді.

Молдағали Қалмырзаев жырлаған «Оралбек батыр» жырының енді бір нұсқасы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында (313-бума, 2-дәп.) сақтаулы. Бұл нұсқа алдыңғы латын әрпімен жазылған нұсқадан көлемді және едәуір өзгешелігімен ерекшеленеді.

Нұсқада Оралбек батырдың бір топ нөкерлерімен Бұхар қаласына аттануы, Назым деген қызға үйленуі, жалмауыз кемпірдің кез болуы, Назымның көлге батып кетуі, содан соң Оралбек батырдың Өлмесханмен соғысып, оның қызын алуы т.б. оқиғалар суреттеледі.

«Оралбек батыр» жыры бұрын еш жерде жарияланбаған және зерттелмеген.

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Қасқабасов С.А. Қазақтың халық прозасы. – Алматы, 1984.
2. Бөген батыр // Батырлар жыры. 3-том / Томды баспаға әзірлеп, ғылыми түсініктемелерін жазған – М.Ғұмарова. – Алматы, 1987
3. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. – Алматы, 1975.
4. Қолжазба. ОҒК: Ш. 728.
5. Ақын- жыраулар. Жауапты шығарушы – Байділдаев М. – Алматы, 1979.
6. Қолжазба. ӘӨИ: Ш. 313.
7. Оралбек батыр. Қолжазба. ОҒК: Ш. 687.

## «ҚЫРЫМНЫҢ ҚЫРЫҚ БАТЫРЫ» ТОПТАМАСЫНА ЕНЕТІН ЖЫР ҮЛГІЛЕРІ

---



«Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясының 50-томы батырлар жырына, оның ішінде «Қырымның қырық батыры» эпикалық топтамасына арналған. Онда «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» шежірелік циклына жататын «Аңшыбай», «Парпария», «Құттықия», «Едіге», «Нұрадын», «Мұса хан», «Орақ, Мамай», «Қарасай, Қази» жырлары және «Қарадөң батыр және оның ұрапақтары» шежірелік циклының «Қарадөң», «Жұбаныш», «Сүйініш», «Ер Бегіс», «Көгіс, Тегіс», «Тама», «Тана» жырлары енді. Бұл эпикалық туындыларға XIV-XVI ғасырлардың тарихи оқиғалары негіз болған [1, 426]. Фольклортанушы Сәкенов Сейілбек осы томды құрастырып, жырларды баспаға дайындағанда жырлардың тарихы жөнінде жан-жақты мол мағлұмат бере отырып, кең талдау жасаған [1, 425-440].

Бұл батырлар жыры циклын атақты Мұрын жырау Сеңгірбекұлынан 1942-1943 жылдар аралығында, бес ай ішінде 36 батыр туралы жырды айтқызып, жаздырып алған. Кейін 1947 жылы жырау қалған төрт батыр туралы жырды жаздырып беріп жіберген. Бұл пәрменді, қажетті жұмыс жыраудың көзі тірісінде жырларды жазып алу мәселесін қолға алып ұйымдастырған Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті Қ.И.Сәтбаев, Тіл, әдебиет және тарих институтының директоры басқарған қазақ ғалымдарының ұсынысы бойынша орындалды.

1944 жылы Ташкент қаласында өткен Орта Азия фольклоры туралы Бүкілодақтық ғылыми конференция қаулысында Мұрын жырлаған «Қырымның қырық батыры» эпосының дүниежүзілік маңызы бар екені айрықша атап өтілді. Бұл эпос үлгісінің өзгешеліктері академиктер – В.М.Жирмунский, Е.М.Мелетинский еңбектерінде де өте жоғары бағаланды [1, 426].

«Қырымның қырық батырын» Мұрын жырау үш салаға бөліп айтқан. «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» атты сала «Аңшыбай

батыр», «Парпария», «Құттықия», «Едіге», «Нұрадын», «Мұса хан», «Орак, Мамай», «Қарасай, Қазі» жырларынан шежірелік цикл болып табылады.

«Аңшыбай батыр» жыры бізге үш жазба түрінде жеткен. Оның екеуі ОҒК-дағы 330-буманың 3-дәптерінде сақтаулы. Оның біріншісі – осы дәптерде «Аңшыбай» деген атаумен бірінші тұрған жыр, екіншісі осы дәптердің 30-41-беттерінде «Едіге (Ақоралдың шаһарында)» деген атаумен берілген. Мәтіннамалық талдау барысында соңғы көрсетілген мәтіннің алғашқы мәтіннің үзіндісі екенін анықтадық. Сондықтан бұл томға алғашқы аталған мәтінді ғана кіргізуді жөн көрдік. Бұл жырдың осы жинаққа енгізілген екі нұсқасын бір-бірімен шатыстырмау үшін мұқабасында: 15. VIII – 17. VIII. 1942 жылы алғашқы айтқандарынан», – деген мағлұмат берілген 330-буманың 3-дәптерінен алынып, баспаға ұсынылып отырған, М.Хакімжанова қағазға түсірген нұсқаны «бірінші нұсқа», ал, ОҒК-дағы 673-буманың 4-дәптерінде сақтаулы тұрған, 1942 жылы Бозтай Жақыпбаев жазып алған мәтінін «екінші нұсқа» деп белгіледік.

Бұл жырдың қаһарманы Едігенің арғы атасы ретінде көрінеді. Едігенің бабасының есімі Аңшыбай екені Мұрын репертуарындағы жырларда, ноғайдың «Эдиге» атты жырында [2, 31-33] және «Қарасай, Қазі» жырының филология ғылымдарының кандидаты – Серікбай Қосан Маңғыстау облысынан тауып, «Бабалар сөзі» сериясының 42-томында жариялаған, жыршысы белгісіз бір нұсқасында ғана айтылады. Аталған қазақ жырларында Аңшыбайдың қай рудан шыққаны, әкесінің, аталарының кімдер екені жөнінде сөз болмаса, ноғай жырында Сыпыра жырауға өзінің шыққан тегін білдіру үшін Едіге:

Белгілі бір дәуірде өмір сүрген тарихи қаһарман бейнесін сомдау үшін шығарылған туындыда әлденеше дәуірлер оқиғалары барысында өмірге келген сарындардың бой көрсетуі, басқаша айтқанда, көп қабаттылық (полистадиялық) сипат «Қырымның қырық батыры» циклына енетін жырлардың да бірқатарына тән. Бұны Ноғайлы дәуірінің шындығы ретінде баяндалып отырған оқиғаның өте көне дәуірдегі салт-дәстүрлерден хабар беруінен де байқаймыз.

«Аңшыбай» жыры ең алғаш рет 1989 жылы «Батырлар жырының» жинағының бесінші томында жарияланды. Ол басылымға жырдың біз «бірінші нұсқа» деп айдар тағып отырған үлгісі кіргенін томды құрастырған ғалымдардың: «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» – Қазақ ССР Ғылым академиясының қорынан, 330-папка, 3-тігінді;

70-Д папка; 830-папка, 2, 3-дәптерлер», – деген ғылыми түсінігінен де аңғарылады [3].

Ол кітапты баспаға дайындаушылар «Аңшыбай» жырын біршама өңдегені байқалады (3, 31-45).

«Парпария» жырының мәтіндері ОҒК-дағы 330-буманың 3-дәптерінде және 673-буманың 10-дәптерінде сақтаулы. 1942 жылы жазылып алынған бұл мәтіндердің алғашқысын М.Хакімжанова, соңғысын Д.Сенгірбаев жазып алған. Бұл жырда Аңшыбайдың аққу кейпіндегі әйелдерінің бірінен Баба түкті шашты Әзіз, одан Парпария туғаны баяндалса, қазақ жырларының көпшілігінде Баба түкті шашты Әзіз бен аққу-қыздың некесінің нәтижесінде Едіге дүниеге келеді. Оның үстіне көптеген аңыздар мен жырларда Едігенің арғы атасы туралы сөз болмайды.

Парпария деген кейіпкер бізге белгілі фольклорлық туындылардың ішінен Мұрын жырау репертуарындағы жырларда және ноғайдың Едіге туралы жырында ғана кездеседі. Ноғай жырынан жоғарыда келтірілген үзіндіде қазақ жырына керісінше Бирперие Барқаяның (Баба түкті шашты Әзіздің) әкесі ретінде көрсетілетінін байқадық.

«Қырымның қырық батыры» эпопеясындағы алғашқы үш жырдың бас қаһармандары – Аңшыбай, Парпария және Құттықия – үшеуінің нақты өмірде болғандығын немесе болмағандығын тап басып дәлелдеуге мүмкіндік беретін дереккөздері жеткіліксіз.

Біз академик С.Қасқабасовтың: «Жалпы, «Қырымның қырық батыры» тарихи тұтастану барысында өмірде болған адамдармен қатар жырға шежірелік сипат беру мақсатымен өмірде болмаған кісілерді де сюжетке енгізген. Эпопеядағы Едігеге дейінгі батырлар тарихта белгісіз, тек Құттықия туралы болжамдар бар», – деген пікіріне қосыламыз [1, 430].

**«Құттықия»** жырын 1941 жылы А.Хангелдин жазып алған. Бұл қолжазба ОҒК-ның 830-бумасында сақтаулы. Бұл жырда ерліктері дәріптелетін Құттықия Едігенің әкесі ретінде көрінеді. Татар және ноғай эпосында да Едігенің әкесі осылай аталса, қазақ эпосының өзге үлгілерінің ішінен тек Нұртуған ақын жырлаған. «Мәулімнияз – Едіге» жырында ғана Құттықия бас қаһарманның асырап алған әкесі ретінде бейнеленеді. Ал, Едіге туралы қазақ эпосының өзге үлгілерінде бас кейіпкердің әкесі басқа кісі болып табылады. Жалпы Едігенің әкесінің есімі және оның кім болғаны туралы бір-біріне қайшы келетін болжамдар жасалған.

Мысалы, Қадырғали би Қосымбекұлының шежіресінде Едігенің арғы атасы Мұхаммед пайғамбардың сенімді серіктерінің, мұсылман халифтерінің бірі болған Әбубәкір екені, Әбубәкірдің оң үшінші ұрпағы

болып табылатын, Каабада патшалық еткен Баба Тукластан Терме аталық Термеден Қаричи аталық, Қаричиден Исламқия, Исламқиядан Қадырқия, Қадырқиядан Құтлықия, Құтлықиядан Едіге тарағанына, Баба Тукластың Құттықияға дейінгі ұрпақтары Еділ мен Жайық бойында, Құттықия Құмкентте қайтыс болғанына, Құттықияны Орыс хан шаһид еткеніне тоқталған [1, 431].

«Едіге» жыры ОҒК-ның 79Д-бумасындағы қолжазба бойынша баспаға дайындалды. Аталған тарихи тұлға туралы халық ауыз әдебиеті үлгілерінің барлығына Едіге мен Тоқтамыстың арасындағы саяси тартыс, ол оқиғаға Ақсақ Темірдің қатысы арқау болғанын зерттеушілер орынды түрде атап көрсеткен. Сол дәстүрден біз қарастырып отырған сөз өнері үлгісінде де алшақтық байқалмайды.

«Едіге» жырының ұлттық нұсқаларының өзге үлгілерімен салыстырғанда, Мұрын жырау нұсқасында өзіне тән ерекшеліктер баршылық. Соның үшеуіне ғана тоқталайық: Соның бірі – өзге нұсқалардың басым көпшілігінде кездесетін қаһарманның кереметтің күшімен ғайыптан пайда болғанын айғақтайтын оқиғалар мұнда жоқ болуы. Бұл ерекшелік қазақ эпосының өзге үлгілерінде Едігенің ғайыптан пайда болғанын аңғартатын аққу-қыздан туу мотиві «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» шежірелік циклының бастапқы жырларында Едігенің атасы – Баба түкті шашты Әзіздің қалайша дүниеге келгенін суреттеу үшін пайдаланылғанына байланысты болса керек. Жаңа дүниеге келген нәрестені күшікпен алмастыру мотиві де бұл жырдың осы нұсқасында ғана пайдаланылады. Алғашқы қауымдық құрылыс заманындағы наным-сенімдерге орай жас сәбиді зиянкес рухтардан қорғау үшін атқарылатын мұндай жоралғылар кейінгі дәуірлердегі фольклорлық туындыларда кейіпкерлердің мінез-құлықтарын ашып көрсететін формулалық сарынға айналған. Соның қазақ эпосындағы көрінісін «Мұңлық, Зарлық» жырынан да байқаймыз

«Нұрадын» жырының қолжазбасы ОҒК-дағы 673-буманың 5-дәптерінде сақтаулы. Онда бас кейіпкердің әкесінен бата алып, жорыққа аттанып, жеңіспен оралғаны баяндалса, өзге қандастарымызда бұл тарихи тұлғаның ерлігін баяндайтын жеке жыр жоқ. Оларда Едіге туралы жырлардың көпшілігі бас қаһарман мен оның ұлының арасында Тоқтамыстың қыздарын бөлісуге байланысты туындаған араздықты баяндауға ұласады. «Нұрадын» жырының тағы бір қазақша нұсқасы бізге Васильевтің жинаушылық қызметі арқасында жеткен. Бұл екі нұсқаның арасында да біршама айырмашылықтар байқалады.

Нұрадынның немересі, Ұлы Ноғай Ордасының беделді биі, Дешті Қыпшақтың хакімі – Мұса да тек қазақтар арасында ғана жыр кейіпкері ретінде бой көрсетеді. Мұрын айтқан «Мұса хан» жыры – соның айғағы.

«Мұса хан» жыры: ОҒК-дағы 673-буманың 6-дәптерінде сақтаулы. Бұл туынды: «Нұрадынның баласы Мұса он бес жасында атқа мінген. Сол он бес жасында таққа да, атқа да мініп, хан болды», – деп басталатыны белгілі.

Шындығында Мұса – Нұрадынның немересі, Едігенің шөбересі. Бұл туралы Қадырғали бидің шежіресінде: «Нұрадин» мырзаның ұлдары Афас, Оқас, Хуразми еді. Мансұр би қаза болған соң, Афас би болды. Атасының інісі Қазы бидің ұлысын сол биледі. Содан соң Оқас би болды. Біраз уақыт ұлысты сол биледі. Қырық тоғыз жасында өмірден қайтты. Афас би сексен жасында қаза болды.

Оқастың ұлдары Мұса, Ямғұрчи еді. Атасынан соң Мұса би болды. Ұлысты сол биледі. Ямғурчи ағасының көзі тірісінде би болды. Содан Хуразми би болды. Мұса Ямғурчимен бір анандан туған еді. Содан соң Ямғурчинің ұлы Ағиш би болды. Ұлысты сол биледі», – деп жазылған [1].

«Қырымның қырық батырында» Нұрадынның Мұсаға дейінгі ұрпақтары тіпті аталмайды да.

Ал, дереккөздері Мұсаның хан емес, би болғанын көрсетеді.

Дегенмен, халықтың Мұсаны «хан» деп те білгенін түркі халықтары шежірелерінің қайсыбірінен байқалып қалады. Мысалы: М.И.Ахметзянов тауып, жариялаған татар-ноғай шежіресінде: «Муса-хан проживал в Малом Сарае», – деген мағлұмат берілген [4, 84].

Жоғарыда келтірілген шежіре үзіндісі «Қырымның қырық батырының» құрамына енетін «Жаңбыршы», «Жаңбыршы ұлы Телағыс» жырлары да Едігенің ұрпақтары екенін, яғни, бұл жырлардың да «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» циклы құрамында айтылғаны жөн болатынын байқатады. Бірақ Жаңбыршы мен оның ұлының Едігенің ұрпағы екені Мұрын жырауға мәлім болғанын немесе болмағанын эпопеяны оқи отырып, анықтау мүмкін болмады.

«Орақ, Мамай» жырының Мұрын жырау нұсқасы ОҒК-дағы 673-буманың 7-дәптерінде сақтаулы. Бұл туындыда бас қаһармандар «Мұса ханның бәйбішесінен туған екі баласы бар еді Орақ, Мамай деген», – деп таныстырылады.

Ахметзянов іздеп тапқан татар шежірелерінің бірінде де: «От Мусы родились Калау, Мамай хан, Хан Исмагиль хаилче, Алчагир хан, Айданле

Урақ хан, Султан Сайдақ, Нартлы желтый Юсуп, Сары, Мамай шейх, Ямгырчи», – деген мағлұмат берілген [4, 84].

Бірақ Мұса би ұрпақтарының шындыққа жақынырақ шежіресін В.М.Жирмунский Мұсаның ұлы – Жүсіп би ұрпақтарының отбасылық шежіресіндегі Н.Б.Юсупов жасаған схема негізінде қалпына келтірген. Сол мәлімет бойынша, Мұса бидің бірінші әйелі – Кандазадан Шейхмұхаммед (Шиқым), Шейхмамай, Қажымұхаммед (Көшім), Досмұхаммед (Досым), Жүсіп, Ысмайыл, ал, екінші әйелінен, Қожа дегеннің қызынан – Алшағыр, Саидахмет (Шейдяк), Тоғай, Сұлтанай, Жанғосты, Мамай, үшінші әйелінен Ысқақ, төртінші әйелінен Ескендір, Темір, бесінші әйелінен Құтым, Құлыш, Құлахмет, Жанахмет туғанын білеміз.

Бұдан біз «Орақ – Мамай» жырының кейіпкері болып табылатын Мамайдың Мұсаның екінші әйелінен туғанын білеміз. Тарихи деректер осы жырдағы Орақ-Мамайдың ағасы – Алшағырдың ұлы екенін айғақтайды.

Г.Ананьевтің «Караногайцы и их предания» деген еңбегінде келтірілген аңызда Орақ бала кезінің өзінде-ақ ағасы Мамайды қатты сүйсіндіргені, Мамай ағасы – Алшағырдан Орақты сұрап алып, батыр етіп тәрбиелегені баяндалады [5, 84].

Татар шежіресі де Айдынды Орақтың Мамайдан кейін хан болғанын баяндайды.

Шындығында, олардың екеуі хан да, би де болмаған.

Қадырғали бидің шежіресінде бұл туралы: «Хасан биден соң Мұса бидің ұлы Шайдақ би болды. Одан соң ұлысты Шайх-Мамай мырза биледі. Өзі би болмады. Одан соң Юсуф би болды. Мұса бидің ұлы болды. Одан соң Мұса би ұлы Исмаил би болды. (Содан) бері бұл заманға дейін билікті Исмаилдың ұрпақтары иемденді. Өзгелері мәртебеден түсті», – деп баяндалған [5, 25].

Мұрын жырау 1890 жылға дейін Орта Азияның Хиуа, Бұқара, Ходжент, Нүкіс, Хожелі, Қоңырат, Байрамалы, Көне Үргеніш сияқты отыздан аса қалаларында болып, өз репертуарындағы жырларды насихаттап, ол өңірдегі жырау, жыршылардан қаһармандық эпос үлгілерін үйренген. Сол бір шығармашылық байланыстың бір белгісі – одан жазып алынған «Орақ, Мамай» жыры. Бұл жырды оқи отырып, жыраудың түрікмен халқының «Бозұғлан», «Жүсіп, Ахмет» атты ерлік жырларымен жақсы таныс екені айқын аңғарамыз. Түрікмен халқының эпосында Жүсіп пен Ахмет жауға аттанып барған жерінде тұтқынға түссе, қазақ жырында Орақ

пен Мамай ойнап жүрген жерінде, ұйықтап жатқанда, жау қолына түседі. Олармен бірге зынданда Бозұлан да жатады. Екі жырда да тұтқындармен жау билеушісінің қарамағындағы Берен шайырмен айтысқаны, қалмақ ханының қызы бұларға жанашырлық жасағаны туралы жырланады.

«Қарасай, Қази» жырының Мұрын жырау нұсқасы бізге екі жазба түрінде жеткен. Сондықтан ол мәтіндерді «бірінші» және «екінші» нұсқа ретінде белгілеуімізге тура келді. Бұл нұсқалардың біріншісін 1939 жылғы Маңғыстау экспедициясы кезінде Бозтай Жақыпбаев жазып алған. Ол мәтін ОҒК-дағы 673-буманың 9-дәптерінде сақтаулы. 1942 жылы М.Хақимжанова жазып алған екінші нұсқа ОҒК-дағы 673 буманың 8-дәптерінде сақтаулы. Қазақ жыршыларынан «Қарасай, Қази» жырының бізде отыздан астам нұсқасы жазылып алынған. Бұл нұсқаларды оқи отырып, қырғыз жомоқшылары туралы академик В.Радловтың: «Поет так вдохновенно, так как он не в состоянии спеть одно и то же два раза, не изменяя форму изложения», – деген ғылыми тұжырымы [6, 1-10] еріксіз еске түседі.

Қарастырылып отырған жырдың көптеген нұсқаларында Орақтың опасыздық салдарынан қаза тапқаны баяндалуынан басталады. Дегенмен, оған нендей жағдай себеп болғаны әр қилы түсіндіріледі.

Ғалымдар ежелгі инициация ғұрпының көріністері ертегі және жыр сияқты фольклорлық туындылардың мотивтеріне айналғанын әлдеқашан анықтаған. Соның бір мысалы – біз тоқталып отырған мотив. Жырдың үш нұсқасында да Орақтың әйелінің мүшелеріндегі кемтарлық оның жақсылығының басты белгісі ретінде сипатталғанымен, Мұрын жырау нұсқасындағы Ақтерменің әрекетінен жаңа заман адамдарына тән пайымдау да бой көрсетеді.

Мұрын жырау нұсқасына арқау болған негізгі тартыстар Қондыкер деген қалмақтан хат келуінен басталып, соған қарсы аттанған ноғайдың ханы, Орақтың досы – Әділдің сол жаумен соғысып, жау қолына түсіп қалғаны баяндалса, татар, ноғай, қазақ халықтарында кездесетін «Әділ сұлтан» жырының нұсқаларында Әділ, Қарасай және өзге батырлардың жорыққа аттануына түріктің Қондыгер сұлтанының хат арқылы жіберген бұйрығы себепші болғаны айтылады. Ал, «Қарасай, Қази» жырының Қашаған жырлаған нұсқасында Қондыгер «қазақ, ноғай» халқын түгелдей басқаратын... патша» ретінде таныстырылып, оның Қырымның қырық батырына өтініш хат жазуына қалмақтың Күзбан деген ханының қауіп төндіруі себепші болғаны білдіріледі. Зерттеушілер қазақтардың «Қондыгер» немесе «Көндігер» жұртына Кіші Азияға қоныс аударған



қандастарымызды жатқызатынын анықтаған. Демек, Қашаған жырлаған нұсқада «Қондыгер» деген сөзге берілген түсініктің шындыққа сәйкес келетін де, келмейтін де жақтары бар.

«Қарасай, Қазидың» жырының көптеген нұсқаларының кейіпкері – Әділдің прототипі – Қырым ханы – Дәулеткерейдің ұлы әрі қалғасы – Әділгерей сұлтанның қызылбастарға жасалған жорық барысында тұтқынға түсіп, 1583 жылы өлтірілгені, Қазидың негізін қалаған Кіші Ноғай Ордасының Қырым хандығы мен Түрік сұлтанының вассалы, сенімді атты әскері қызметін атқарғаны, Қазидың бастаған Кіші Ноғай Ордасы әскерлерінің Түркия сұлтаны мен Қырым ханының әскерімен, Ұлы Ноғай Ордасы жауынгерлерімен бірлесіп, 1569 және 1571 жылдары Ресей патшалығына қарсы жорық жасағаны, Қазидың 1576 жылы қайтыс болғаны белгілі.

«Әділ сұлтан», «Қарасай, Қазидың» жырларының нұсқаларын салыстыра қарастырудың нәтижесінде А.Исин: «Бауыр халықтар, әсіресе қазақ, ноғай, қарақалпақтың эпикалық шығармалары бір қайнардан бастау алғаны аян. «Әділ сұлтан» жыры қырымлы, ноғайда да, қазақта да XVII ғасырдан жырлана бастаса керек. Қазақта «Әділ сұлтан» әңгімесі бергін келе XIX–XX ғасырларда көбінесе «Қарасай, Қазидың» жырымен қабыса дамыды», – деген дұрыс тұжырым жасаған [7, 69].

Қарасай мен Қазидың Батыр ханмен қақтығысы «Қарасай, Қазидың» жырының өзге нұсқаларында бейнеленбейді. Қалмақ елінде Батыр қонтайшы атты атақты да тегеурінді билеушінің болғаны белгілі. Бірақ ол XVII ғасырда, яғни, Қазидың қайтыс болған соң тарих аренасына шыққан. Бұрынғы Алтын Орданың орнында пайда болған хандықтар құрамында өмір сүрген түркі халықтарының фольклорында 1523 жылы Орақ, Мамай және Ағыс ұйымдастырған Астарахан апаты кезінде Ноғай Ордасының аталған мырзаларының қастандығы салдарынан мерт болған Баһадүргерей атты ханзада Батыр сұлтан деп аталады. Баһадүргерей Қырым ханы – Мұха-медгерейдің ұлы болған әрі қалға қызметін атқарған. Біз қарастырып отырған жырда Ноғай Ордасының беделді тұлғалары мен Қырым хандығы билеушілері арасындағы осынау қантөгіс көрініс береді деген ойдамыз. Ал, туысқан халықтардың атауын «қалмақ» этнониміне алмастыру – бергі дәуірдегі қазақ жыршыларының дәстүріне айналғаны анықталған жайт.

**«Қарадөң батыр және оның ұрпақтары»** шежірелік циклы – «Қырымның қырық батыры» эпикалық топтамасының екінші саласы. Бұл эпикалық тізбеге жататын «Қарадөң», «Жұбаныш», «Сүйініш», «Ер Бегіс» атты жырлардың бас қаһармандары өмірде болғандығынан

оқырман қауым осы жырлармен танысу барысында ғана хабардар болса, Кіші жүздің бір руының атасы болып табылатын Тама батырдың әкесі Көгіс екенін осы эпикалық топтамадағы «Көгіс, Тегіс» жырымен қатар «Қарасай, Қазі» жырының Мұрыннан өзге жыршылар айтқан нұсқаларын және «Шора батыр» жырының татар халқы арасынан жазылып алынған үлгілерін оқи отырып білеміз. Ал, «Тама» жырында Жетіруға жататын рулардың бірінің атасы дәріптелетінін осы циклдың ең соңғы екі жырының бас кейіпкерлері Нәрік пен оның ұлы Шора екендігінен айқын аңғарылады. Бір қызық жайт – осы топтамадағы «Тана» атты жырдың бас қаһарманының Таманың ұлы екендігі баяндалуы.

**«Қарадөң батыр»** – бұл циклды құрайтын жырлардың алғашқысы. Бұл жырдың бір нұсқасын 1942 жылғы 29 тамыз бен 2 қыркүйек арасында М.Хакімжанова қағазға түсірген, енді бір нұсқасын 1942 жылы Дәуіт Сеңгірбаев жазып алған. Бірінші нұсқа ОҒК-дағы 330-буманың 1-дәптерінде, екінші нұсқа сол қордағы 673-буманың 1-дәптерінде сақтаулы. М.Хакімжанова жазып алған нұсқаның қолжазбасында: «Мұрыннан жазып алынған алғашқы жазба», – деген түсінік берілген. Сондықтан осы мәтінді жырдың «бірінші нұсқасы» деп қарастырғанды жөн көрдік. Бұл нұсқа екінші нұсқадан екі еседей үлкен болғанымен, жазып алушының үлгермеуіне байланысты қағазға түспей қалған тұстары көп. Соған байланысты болуы керек бұдан бұрын екінші нұсқа жарияланып келеді.

«Қырымның қырық батыры» осындай тосын танымдық мағлұматтарға толы болуымен қатар жыршылық өнердің табиғатынан хабар беруімен де құнды. Оған «Қырымның қырық батыры» эпосының қайталана жазылған үлгілерін талдау барысында көз жеткіземіз. Қазақ эпосының бір үлгісін екі немесе одан да көп рет рет қайталанып айтуы нәтижесінде жасалған жазбалар жоқтың қасы. Сондықтан жоғарыда аталған төрт жырдың қос-қостан нұсқасы болуы болашақ зерттеулерге бастайтын жол болып табылатыны даусыз.

**«Жұбаныш»** атты жырдың екі нұсқасын да 1942 жылы қағазға түсірген – М.Хакімжанова. ОҒК-дағы 330-буманың 1-дәптерінде сақтаулы нұсқа 14 қыркүйекте қағазға түсірілген көрінеді, Оның қолжазбасында «алғашқы нұсқа» деген ескерту бар, сондықтан оны «бірінші нұсқа» деп белгілегенді дұрыс деп есептедік. Жырдың екінші нұсқасы ОҒК-дағы 673-буманың 2-дәптерінде сақтаулы.

Бірінші нұсқа осы уақытқа дейін баспа бетін көрмеген. Ал, екінші нұсқа 1977 жылы жарық көрген «Ақсауыт» атты екітомдықтың екінші томында, «Батырлар жыры» атты жинақтың 1989 жылғы бесінші томында жарияланған. Бұл басылымдарды қолжазбамен салыстырғанда, түпнұсқаның өзгертіліп берілген тұстары байқалды. Соның алғашқысы мынадай, бұл нұсқаның басындағы отыздан астам жыр тармағы жоғарыда көрсетілген басылымдарда: «Әлқисса, Қарадөң алпыстан асканда, басына бақыт қонып, Гүлқашима сұлудан бір ұл туған екен. Мерекелі той қылып, оның атын Жұбаныш қойыпты. Ол едәуір жігіт болып, он жасқа толғанда, ындыс пен қалмақтан Ноғайлының кегін алуға аттаныпты. Жұбаныш бір күні әкесіне келіп былай дейді», – деген қарасөзбен берілген шағын кіріспемен алмастырылған. Қолдарыңыздағы басылымда бұл жырды бұрын баспаға дайындаған кісілер өз жандарынан қосқан қара сөзбен берілген кіріспенің орнына түпнұсқадағы өлең тармақтары берілді. Қалпына келтірілген бұл өлең тармақтарының соңғылары:

«Әкесі Қарадөңге келіп,  
Жұбаныш сөз сөйлейді».

Бұрынғы басылымдарда жырмен өрнектелген сөздер «Артық туған данасың» деген тармақтан басталатын.

Түпнұсқаның қалпына келтірілген үзіндісін оқу барысында бұл нұсқада Жұбаныштың Қарадөңнің қартайғанға дейін перзент көрмей зарыққаны, соған орай әулилердің басына түнеген уақытында дүниеге келгені, жас нәресте әке-шешесінің қамыққан көңлін жұбатқандықтан, жиналған халық оның атын «Жұбаныш» қойғаны, әкесінің жасы сексенге таянғанда Жұбаныштың жауға аттанғаны баяндалатынынан хабардар боламыз. Бұл мысалдың өзі халықтың рухани мұрасының кішкене ғана бөлшегін жоғалту қаншалықты шығынға апарып соғатынын сездіреді.

«Қырымның қырық батыры» үлгілерінің бұдан бұрынғы жарияланымдарының баспаға дайындалуы Кеңестер Одағы тұсында жүзеге асырылғанына жоғарыда тоқталдық. Ол уақытта басылымдардың барлығы цензураның қатаң сүзгісінен өтіп, үстем идеологиялық ұстанымдарға, коммунистік көзқарасқа сәйкес келгенде ғана көпшілікке ұсынылып отырғаны баршаға аян. Өкінішке орай, біз сөз етіп отырған жинақтарды баспаға дайындаушылар да сол талапқа бағынуға

мәжбүр болды. Соның салдарынан жырлардың «таптық мүддеге, Кеңестер Одағында тұратын немесе онымен тату елдер арасындағы интернационалдық достыққа, коммунистік тәлім-тәрбиеге нұқсан келтіреді-ау дегендей тұстары қысқартылып немесе өңделіп отырған. Ондай өзгертулердің бәріне егжей-тегжейлі тоқталуды ғылыми түсініктің көлемі көтермейтіндіктен, бұрынғы басылымдарға кірмей қалған жыр үзінділерінің сипатымен таныстырумен ғана шектелеміз.

Бұрынғы басылымдардағы кейбір өзгертулер Кеңестер Одағымен достық қарым-қатынастағы елдерді дұшпан етіп көрсетуге қарсы бағытталған. Қолжазбалардың барлығында «ындыс» деп жазылған этнонимнің кітаптарда «ындыс» деп берілуі осыны аңдатады. Жыршының «ит қалмақ» деген сөз тіркесін қолданған тұстары да өңдеуге ұшырап отырған.

Бұның әсірелеуі екені анық. Өйткені бұнда сөз болып отырған қалмақ халқының Ресейдің қарамағында өмір сүріп келе жатқаны баршаға мәлім болатын. Бұл шумақ осы уақытқа дейін баспаға жол таба алмай келді.

Қарадөңнің Қаразым ханға қарата айтқан:

Ұлыңды отын етермін.  
Қызыңды қатын етермін.  
Қалаңды шауып мен алып,  
Қызың қатын етпесем,

Осы тектес бұрын өңделген, түзетілген, қысқартылған шумақтар мен жеке сөз тіркестері түгел қалпына келтірілді.

**«Нәрік», «Шора» жырлары** қыпшақ тілдес түркі халықтары арасында кең тараған қаһармандық эпостардың қатарына Нәрік пен оның ұлы Шора батыр жайындағы ерлік жырлары жатады. Эпостың ноғай, татар, қарақалпақ, қазақ, қырғыз ұлттық нұсқалары ауыздан-ауызға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып бүгінге жетті.

Өткен ғасырда Кеңес үкіметінің ұлттық фольклор мұраларына қатысты партиялық, тұрпайы социологиялық көзқарасының кесірінен көптеген қазақ эпостары жарияланбай, зерттелмей қала бергені мәлім. Осы тектес халықтық жәдігердің бірі – «Шора батыр» болатын. Тіпті, XX ғасырдың 50-жылдарында бірқатар қазақ эпостары саяси тұрғыдан ақталып, зерттеле бастаған уақытта да ноғайлы – қазақ хандығы дәуірінің

тарихи оқиғаларын арқау еткен «Едіге», «Орақ – Мамай», «Қарасай, Қази», «Шора батыр» жырларын оқытуға, жарыққа шығаруға тиым салынған.

Аталған фольклор туындыларының басты айыбы мұнда қаһармандық эпостағы батырлардың негізгі қарсыластарының бірі – Ресей, әсіресе Мәскеу кінәздігі болғандығынан еді. «Шора батыр» эпосын зерттеу, жариялау бағытындағы іргелі ізденістер тек Тәуелсіздік тұсында ғана мүмкін болды.

«Шора батырдың» халықтық нұсқаларының бірі 1884 жылы Қазан қаласында «Қисса-и Нәріктін ұғлы Шора батыр» деген атпен жарыққа шықты. 1922 жылы белгілі фольклоршы Ә.Диваев Ташкентте эпостың жаңа екі вариантын бастырды. Ал С.Сейфуллин мен С.Мұқанов сынды халық мұрасының жанашырлары 1932, 1939 жылдары аталған жыр мәтіндерін қайта жарыққа шығарғаны белгілі.

Ұзақ үзілістен соң «Шора батыр» жырының бір нұсқасын 1995 жылы әдебиетші Ә.Оспанұлы жариялады. Ол – жырдың молда Мұса варианты.

Эпостың кең көлемде зерттелуі мен жариялануы кейінгі кезде жүзеге асты. 1998 жылы М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ізденушісі Б.Қорғанбеков «Шора батыр» эпосы және оның ұлттық варианттары (генезис, тұтастану, тарихилық мәселелері) атты тақырыпта кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады.

2002 жылы аталған фольклоршының құрастыруымен «Шора батыр» эпосының төрт бірдей көркем де көлемді нұсқасы жеке том ретінде жарық көрді.

Ал «Бабабар сөзі» сериясының кезекті 51-томына атақты Мұрын жырлаған «Қырымның қырық батыры» цикліне енген «Қарадөң батыр және оның ұрпақтары» атты топтама жырлардың құрамында айтылатын «Нәрік», «Шора бөлімдері бар.

Бұл екі жырдың сюжеті атынан аңғарылып тұрғандай әкелі-балалы қос батырдың өмірі мен сырт жауға қарсы жорықтарына байланысты туған халық аңыздарынан сыр шертеді. Мұндағы Нәріктің баласыздығы; қартайғанда жас сұлуға үйленуі; Ноғайлы елінен басқа қоныс іздеп көшуі; Шора батырдың дүниеге келуі; оның қазақтың эпикалық образда жиі көрініс беретін басты жауы – қалмақ ханына қарсы соғыс секілді сарындар қазақ батырлар жырындағы көне әрі тұрақты мотивтерге жатады [8, 405-406].

Аталған жыр мәтіндері 1942 жылы Алматыға арнайы шақыртып алдырылған Мұрын жырау Сеңгірбайұлының өз аузынан жазып алынған. Ілгерідегі зерттеушілер жазғандай, эпос мәтіндерін қағазға түсіргендер – ақын Мәриям Хәкімжанова, жинаушы Бозтай Жакыпбаев, жыраудың баласы Дәуітбай Мұрынұлы және стенографшы Мәриям Исаева болды. Бұл ретте кезінде Мұрын жырау мұрасын алғаш жазып алушы (1941ж) Асайын Хангелдин мен Маңғыстау мәдениетін зерттеуге өлшеусіз тер төккен әдебиеттанушы Қабиболла Сыдиықовтың есімдерін ерекше атауға болады. Қабекең «Қырымның қырық батыры» эпосының екі томдығын құрастырып, баспаға дайындауға да атсалысты. Бұл ауқымды да игі жұмыстың барысында белгілі фольклортанушы ғалым О.Нұрмағамбетованың үлкен үлесі бар. Ілкі көптомдыққа кірген «Қырымның қырық батыры» циклі 2005 жылы Қ.Сыдиықұлының алғысөзімен (зерттеу мақала) көлемді кітап түрінде қайта басылды.

Аталған басылымдарда жарық көрген «Нәрік», «Шора» жырларға түпнұсқамен салыстырылып, кейбір қалып қойған сөз тіркестері мен әріп қателері қалпына келтірілді. «Бабалар сөзі» сериясының 51-томында жарық көрді. Жыр мәтіндері ОҒК Сирек қорында (Ш. 820, 2-дәп.) сақтаулы.

**Қыдырбайұлы Қобыланды.** Мұрын жыраудың айтуынан жазылған «Қыдырбайұлы Қобыланды» деп аталатын жыр алғаш рет «Батырлар жырының» 5-томында (1989) жарияланған. Аталған жыр мәтіні 2005 жылы шыққан «Қырымның қырық батыры» деген жинақта ешбір өзгеріссіз тағы да басылып шықты. Бұл жыр үлгісі «Қырық батыр» циклындағы «Қыдырбай ұрпағы» деп аталатын батырлардың үшінші тобына жатады.

Жырдың түпнұсқасы ОҒК-ның Қолжазбалар қорында (Ш.667, 4-дәп.) сақтаулы. Мәтін басынан аяғына дейін жай қарындашпен араб әрпінде жазылған. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан. Көлемі – 1680 жол.

**Асанқайғы, Тоған, Абат** «Қырымның қырық» батыры топтамасына енеді. Эпостың негізгі варианты 1942 жылы Алматы қаласында Мұрын жыраудан жазылып алынған. Мәтінді қағазға түсірген – ақынның баласы Дәуіт Сеңгірбаев. Жырдың қолжазбасы ОҒК-ның Қолжазба қорында сақтаулы [9]. Шығарма сарғыш түсті қағазға қызыл сиямен және қарындашпен кирилл әрпінде жазылған. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан. Көлемі – 970 жол.

«Асанқайғы» туралы аңыз-әңгіме бүкіл қазақ даласына жайылған. Жерге, суға, қонысқа байланысты «Асан айтты» дейтін нақыл, өсиет сөздер көп. Оның біразы газет-журналдарда, жинақтарда осы күнге дейін басылып келеді.

«Тоған, Абат» атты жыр алғаш 1990 жылы «Батырлар жырының» 6-томында баспа бетін көрді. зертеушілер Асанды XV-XVI ғасырларда өмір сүрген ноғайлы жұртының ойшылы, хандық-феодалдық құрылыстың сыншысы, жайлы қоныс іздеген утопиялық ойдың ақыны ретінде бағалаған. Ал «Абат» деп аталатын бір аңыз 1962 жылы «Қазақ ертегілерінің» 2-томында жарияланды [10, 387-398].

Мұрын Сеңгірбаев жырлаған «Асанқайғы, Тоған, Абат» атты жыр алғаш 1990 жылы «Батырлар жырының» 6-томында баспа бетін көрді. Аталған жыр мәтіні одан кейін 2005 жылы шыққан «Қырымның қырық батыры» жинағына енді және 2008 жылы шыққан «Бабалар сөзіңіз» 51-ші томында жарияланды.

Жырда өлең мен қара сөз аралас келіп отырады. Шығарма мифологиялық сарынмен басталады. Эпостың мифтік сарыны Асанның судан шыққан перінің сұлу қызына үйленуінен байқалады. Бұдан былайғы жерде оқиға Әділ, Жәнібек пен Асанқайғының арақатынасына ұласып, інісі Тоған және баласы Абаттың қалмақтан кек алу әңгімелерімен жалғасып кетеді. Осылардың бәрі негізгі кейіпкерлер есімімен байланысты дамып отырады.

Аталған жырдың 1990 және 2005 жылдары басылған мәтіндерін түпнұсқамен (Ш. 667, 3-дәп.) жолма-жол салыстырып, текстологиялық жұмыс жүргізу нәтижесінде, басылымдарда жырдың біраз қысқартумен жарияланғаны анықталды.

1. Дәлірек айтқанда екі басылымда да 80 астам өлең жолы жинақтарға енбей қалған.

2. Басылымдарда жырдың қарасөзбен баяндалатын тұстарына аздаған редакция жасалған.

3. 1990, 2005 жылдардағы басылымдарда кейбір өлең жолдары өзгертілген. Мысалы: Түпнұсқадағы (860-жол) «Қайраты *оның аз болар*» деген өлең жолы басылымдарда «Қайраты *қазір аз шығар*» (807-жол), ал «Сыныпты үлкен *тұқдайы*» деген өлең жолы «Сыныпты үлкен *мұқалып*» (828-жол) деп өзгертілген. Мұндай кемшіліктер жиі ұшырасады.

4. Емлелік қателер көп кеткен.

«Асанқайғы, Тоған Абат» жырының мәтіні OFK сирек қорында (Ш.667, 3-дәп.) сақтаулы.

**«Қарғабойлы, Қазтуған»** «жырының көлемі – 1336 жол. Жырды жазып алып, ОҒК-ның Қолжазба қорына тапсырған – әдебиет зерттеушісі, ақын М.Хакімжанова.

Шығарма түгелдей өлеңмен жазылған. Оқиғасы қызық. Мұнда Қарғабойлы, Қазтуғанның Ноғайлыдан бөлініп Шам шәһарына көшуі; жолда Қазтуғанның ағып жатқан дарияға малын суаруы; судың лай болып, түйесі суға қанбай қалып, ботасын тастап қашуы; батырдың түйенің соңынан іздеп кетуі; Қазтуғанның жалғыз қызы әкесін іздеп шығарда ноғайлыдан серік сұрауы; соңына ешкім ермеген соң қыздың еркекше киініп, жолға жалғыз аттануы; жолда қалмақтың әскерін кездестіріп, жекпе-жекке шығуы; әкесін тауып алуы; Қазтуған мен Қарғабойлының қалмақтың қалың әскерін жеңіп, еліне оралуы сияқты эпизодтар баяндалады.

Жырда Қазтуғанның қызын асқан күш иесі ретінде суреттейді. Бір өзі қалмақтың мыңдаған жауымен алысады. Дегенмен оның да әлсірейтін, түрлі қиыншылықтарға ұшырап тарығатын кездері болады. Жебеуші пірлер көп жағдайда батырды қатерлі сәттерден құтқарып отырады.

Мысалы, қыз жекпе-жекке шығар кезінде пірлеріне былай деп жалбарынады:

«Арышлан, жәрдем бер, – деді,  
Жалғыз едім мен, – деді.  
Қасиетті ер болсаң,  
Әскер болып көрінші  
Бұл қалмаққа сен,» – деді...

Сол кезде жәрдем беретін пірлер қалың әскер бейнесінде көрінді. Қалың әскерден қорыққан жау қорқып қашып кетеді.

Аталған жырда бұдан басқа да түркі халықтарының фольклорлық туындыларында жиі ұшырасатын жалбарыну, бал ашу сияқты дәстүрлі сарындар көрініс тапқан.

Мұрын жырлаған «Қарғабойлы, Қазтуған» жыры көркем тілмен өрілген көне эпостық жәдігердің бірі деуге болады. Мәтінде басқа тілден енген сөздер өте сирек кездеседі.

---

\* Қазақ әдебиеті тарихының жыраулық поэзия тарауында ЖОО-да, әдеби жинақтарда Қарғабойлы, Қазтуған бір адамның есімі ретінде берілсе, Мұрын жырлаған эпоста Қарғабойлы эпитет емес, жеке батырдың аты.



«Қарғабойлы, Қазтуған» жырының мәтіні ОҒК-ның Қолжазба қорында (Ш.667, 4-дәп.) сақтаулы.

**Көкше батыр** – «Қырымның қырық батыры» цикліне енген жеке батырлардың жауынгерлік жорықтарын баяндайтын халықтық жыр.

ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар қорында жырдың бірнеше нұсқалары сақталған. Олардың қатарында В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, А.Хангелдин, Б.Сариманов, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, М.Сембайұлы жинаған үлгілері кездеседі.

«Ер Көкше» жырын алғаш қағаз бетіне түсіріп, баспа жүзінде жариялаған – академик В.В. Радлов [11]. «Ер Көкше және оның баласы Ер Қосай» деп аталатын әңгімені Г.Н.Потанин «Очерки Северо – Западной Монголии. вып.1-II. (СП.б.1881, стр. 158-159) деп аталатын жинағына енгізді. Бұдан кейін «Ер Көкше» жыры көптеген жинақтарда жиі жарияланып тұрды [12].

Ер Қосайдың аты Шоқан Уәлиханов еңбектерінде де кездеседі. «Қазақтың халық поэзиясының түрлері» деген мақаласында Шоқан Көкшетау округінің Қойлы – Атығай болысының қазағы Арсланбайдың орындауында «Ер Көкше – Ер Қосай» жырын естігені жайында жазады және эпосты жазып алмағанына өкініш білдіреді. Ғалым жырды жоғары бағалайды [13, 197].

«Ер Көкше» жайында Кеңестік дәуірде көптеген ғылыми мақалалар мен зерттеу еңбектері жазылды. Бұл орайда, С.Сейфулин, М.Әуезов, М.Ғұмарова, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев сынды зерттеушілердің «Ер Көкше» жыры жөнінде құнды ғылыми пікірлер жазғаны мәлім [14].

«Көкше батыр» эпосы алғаш 1990 жылы «Батырлар жырының» 6-томында [10] одан кейін 2005 жылы «Қырымның қырық батыры» атты кітапта және «Бабалар сөзінің» 51-томында (2008) басылды. Жырдың қолжазбасы ОҒК-ның Сирек қорында (Ш.330, 4-дәп.) сақтаулы. Мәтін 1940 жылы Маңғыстауда жазылып алынған. Көлемі – 420 жол. Мұрын жырау жырлаған «Көкше батыр» жырының кейіпкерлерінің есімі «Ер Көкше» жырына ұқсас болғанымен, баяндалатын оқиға мүлдем басқа. Шығарманың композициясы төмендегідей эпизодтардан құрылған:

Көкшенің елін шауып, тыныштығын кетірген қалмақтың Сұлтанғали деген ханымен соғысы; Сұлтанғалидың соғыс майданында мыңдаған әскерінен айырылып, шәһарына қашуы; Көкше бастаған батырлардың екінші рет соғысып, жауды жеңуі; Сұлтанғалидың елін көндіріп, көп олжамен еліне оралуы т.б.

Жырдың сюжеттік желісі барынша қарапайым. Мұнда шытырман оқиға, шиеленісті эпизодтар аз. Оқиға Көкше батыр мен жолдастарының ерлік істерін баяндауға құрылған. Эпостың бір ерекшелігі мұнда кейіпкер әрекеттерін тым әсірелеу, дәріптеу жоқ.

Осы жырда қысылғанда жөн табатын, адасқанда жол табатын Сыпыра жырау бейнесі бар. Бұл кейіпкер басқа да көптеген жырларда («Ер Тарғын», «Телағыс», «Қарасай – Қазы», «Едіге» т.б. кездеседі. Қазақ аңыздары мен батырлар жырында Сыпыра ел бірлігін көздеген дана қарт болып сипатталады. Сыпыра жырау – ноғай, қарақалпақ, башқұрт, қырым татарлары т.б. халықтардың фольклорына ортақ тұлға.

«Көкше батыр» жырының 1990, 2005 жылдары басылған мәтіндерін түпнұсқамен (Ш. 330. 4-дәп) салыстырып, мәтіндік жұмыс жүргізу барысында мынандай мәселелер анықталды:

1. 2005 жылғы басылым 1990 жылы шыққан мәтінді өзгеріссіз қайталаған.

2. 140-145 және 148-152 өлең жолдарының түсіп қалғаны мәлім болды.

3. Сұлтанғали атты қалмақ ханының аты басылымдарда «Орманғали» деп өзгертілгені анықталды.

Осындай кемшіліктерге қарамастан жоғарыда аталған басылымдардың құрастырушылары фольклорлық шығарманың мәтінін баспаға әзірлеу үшін көп тер төккені, ізденгені көрініп тұр. Эпостың ғылыми басылымын баспаға дайындау барысында жоғарыда айтылған кемшіліктер түзетіліп, түпнұсқа қалпына келтірілді.

**Көкшенің ұлы Ер Қосай.** Көкше батырдың баласы Ер Қосай туралы жырдың бірнеше нұсқасы бар. В.Радлов қазақ тілінде бастырып шығарған «Ер Көкше» жыры («Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири»... СПб, 1870) негізінен Көкше батырдың баласы Ер Қосайдың ерліктерін баяндайды. Сондай-ақ, «Ер Қосай» деп аталатын бір нұсқаны Г.Н. Потанин орыс тілінде жариялады [16]. Бұл екі нұсқаның мазмұнының аздаған ғана айырмашылығы бар. Потанин нұсқасы көлемі жағынан шағындау. Бұдан басқа Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Асайын Хангелдин жинаған нұсқалары сақталған. Аталған нұсқалардың мазмұны ұқсас. Негізгі тақырыбы – Отан қорғау, елдің бірлігін сақтау. Қырғыздың «Манас» эпосында Көкше есімі кездеседі. Бұл «Ер Көкше» жырының халыққа ертеден белгілі екенін және көрші елдердің бір мәдени байланыста болғанын білдіреді. ОҒК сирек қорында жырдың Мұрын жырлаған нұсқасы да сақтаулы. Бұл нұсқа толық және жыр үлгісіне құрылған. Жырды жазып алған – ақын М.Хакімжанова,

мәтінді қайта қарап шыққан Дәуіт Сеңгірбаев. Қолжазба 1942 жылы Алматы қаласында жазылған. Көлемі – 939 жол. Аталған жырдың сюжеті негізінен А.Хангелдин вариантына ұқсайды. Дегенмен, кейбір айырмашылықтары да бар. Мысалы: Қалмақ тек қазақ еліне ғана емес, өз елінің адамына да озбырлық көрсететіні суреттеледі. Солардың бірі – өз елінен қорлық көрген қалмақ кемпірдің халін суреттейтін көрініс. Ер Қосай оған көмектеседі. Екінші бір соғыста өлгелі жатқан Қосайға сол кемпірдің баласы жәрдем етеді. Сонымен қатар, Мұрын айтқан жырда басқа діннің адамы қазақ батырынан қорқып, мұсылман дініне кірді дейтін сюжеттер де кездеседі. Мұндай мотивтер «Алпамыс» жырында кездесетіні мәлім.

Мұрын нұсқасы тіл көркемдігі жағынан шебер жырланғаны аңғарылады. Мәтінде басқа тілден кірген сөздер жоқтың қасы.

1990 және 2005 жылғы басылымдардың мәтінін қолжазбамен (Ш. 667, 1-дәп.) салыстырғанымызда, елеулі айырмашылықтар кездеспеді. Құрастырушылар мәтінді түпнұсқа күйінде беруге тырысқан.

«Көкшенің ұлы Ер Қосай» жырының мәтіні ОҒК Сирек қолжазбалар қорында сақтаулы (Ш. 667, 1-дәп.) Мәтін «Бабалар сөзі» топтамасының 51-томында жарияланды.

**Жаңбыршыұлы Телағыс.** Мұрын Сеңгірбекұлы жырлаған эпоста Телағыс туралы арнайы жыр берілген. Жырау оны жеке батырлардың санатында сомдаған. Алайда бізге белгілі дереккөздер бойынша Телағыс – Жаңбыршы бидің ұлы, ол болса өз кезегінде Оқас биден, Оқас – Нұрадыннан, Нұрадын – Едіге биден туған. Яғни Ноғай ордасының көрнекті биі әрі батыры болып табылатын Телағыс «Қырымның қырық батыры» циклінен лайықты орын алатын әдепкі, әулеттік батырлардың бірі екендігі даусыз [15, 420]. Мұрын жырлаған бұл эпикалық сюжеттің көлемі – 20 бетті құрайды.

«Телағыс он бес жасында қалмақ батыры Бегенге қарсы аттанады. Оны жеңген соң Телағыс әкесі Жаңбыршы бидің кеңесімен Мамай ағасына «өкіл бала» болады. Сөйтіп жүргенде Телағыс өзінің немере ағасы Мамайдың қарындасы Ақбілекті әйелдікке алмақшы болады. Бұған Мұса бидің барша балалары қарсы шығады. Эпостық сюжеттің шиеленісетін тұсы осы. Ақырында бұл іске Сыпыра жырау, әкелі-балалы Асан қайғы мен Абат батыр арағайын болып, туыстарға басалқы сөз айтады, татулыққа шақырады». Сондай-ақ бұл топтың арасында Айсаның ұлы Ахмет, Шынтасұлы Төрехан т.б. белгілі батырлардың есімдері ұшырайды.

Жыр мәтіні көп томдық батырлар жыры жинағы (1990) бойынша әзірленіп, түпнұсқамен (ОҒК, Ш. 81д., 41-67 б.б) салыстырылып, «Бабалар сөзі» сериясының 51-томында басылым көрді.

**Айсаның ұлы Ахмет.** Мұрын жырлаған «Қырымның қырық батыры» цикліне енген жеке батырлар қатарында Айсаның ұлы Ахмет те бар. Ахметтің есімі «Қобыланды», «Орақ-Мамай», «Едіге», «Қарасай-Қази» т.б. ноғай-қазақ эпостарында негізгі кейіпкерлермен қатар аталып отырады. Бір атап өтерлігі, барлық жыр үлгілерінде де Айсаның ұлы Ахмет – елін сүйген, Отанына шын жүрегімен беріліп, жауларына қайыспай қарсы тұра алатын, өз ұлты үшін басын бәйгеге тіккен арлы, адал, айбынды азамат.

Деректерге қарағанда, Ахметтің әкесі Айса (Иса) бектің есімі атақты Ибн Батутаның саяхатнамасында ұшыраса, баласы Салшының аты «Никон жылнамасында» кездеседі. Жоғарыдағы мәлімет бойынша, Айса, яғни Исабек – Алтын Орда әміршісі Өзбек ханның әрі күйеу баласы, әрі қайын атасы болып табылады [15, 421].

Мұрын жырау жырлаған эпоста Ахмет Алшынның ұлы Алау батырмен бірге қалмақтармен соғысады. Сол соғыста жаудың Қайыспас атты батырын жекпе-жекте өлтіріп, зор ерлік көрсетеді. Асан Қайғының ақылымен екіге бөлінген ноғайлы елінің басын қосып, Еділ бойына қайта қоныс тебеді.

«Қырымның қырық батыры» эпопеясы Кеңес дәуірінде аз-кем зерттелсе де, жырдың көптеген нұсқалары жарияланған жоқ. Тек 1990 жылы қазақтың халық әдебиетіне арналған көптомдық басылымның 5,6-томына енгізіліп, қалың оқырман мен фольклоршы ғалымдардың назарына алғаш толық көлемде ұсынылды.

Дегенмен, бұл кітапта және 2005 жылы «Арыс» баспасынан жарыққа шыққан жаңа басылымында да аздаған мәтіндік ауытқуларға жол берілгені байқалады.

Мәселен, көптомдықта: «*Жол білер ағаң ер Тоған*» (196-бет) деген жолдан соң: «Баршы, балам, соған да» деген тармақ түсіп қалған. Немесе, кітаптағы мәтінде: «*Біз барамыз, шешке*» (204-бет) деген жолдан кейін: «*Жолымыз жүрген солай-ды. Сонсоң кемпір жөнелді*» деп келетін екі тармақ ұмыт қалған.

**Алау батыр.** Мұрын жырлаған «Қырымның қырық батыры» эпопеясына кіретін жеке батырлар жырының қатарынан «Алау батыр» ерекше орын алады. Жырдың кейіпкері Алау – Айсаның

ұлы Ахмет секілді бірқатар ноғай-қазақ эпостарында кездесетін тұрақты кейіпкердің бірі. Кейде оның есімін көне ресми деректерден де ұшыратуға болады. Әдетте тарихта батырды Алау Алшынұлы (Алшынский) деген атпен ныспылайды. Алау батыр қазақ шежіресі бойынша да осы Алшын атадан туатыны белгілі.

Алайда фольклор, эпос дегенімізді шынайы тарихи тұлғамен шатастыруға болмайды. Сондықтан Ноғайлы кезеңінің эпостық шығармаларынан үлкен орын алатын Алау батырдың нақты прототипін анықтау – тарих пәнінің үлесі.

Ал эпостағы батыр Алау – Айсаның ұлы Ахметтің немере інісі ретінде көрінген. Жырда бас кейіпкердің бейнесі:

«Ер Алаудың бұл түрі –  
Қырымның қырық батырындай бар еді,  
Айсадан туған Ахмет  
Сонымен бірге жүр еді,» –

деп, эпикалық парфоста сипатталған. Жырдың мәтінін 1990 жылғы басылыммен салыстырғанда бірлі-жарым қалып қойған, редакцияланған жолдар ұшырасты. Аталған олқылықтар түзетіліп, 51-томға түпнұсқа (ОҒК, Ш. 830, 4-дәп.) бойынша еш өзгертусіз әзірленді.

**Манашұлы Тұяқбай** – «Қырымның қырық батыры» цикліне енетін, әулеттік батырлардың қатарынан маңызды орын алатын халықтық жыр. Аталған эпостың үзіндісін 1941 жылғы фольклорлық экспедиция барысында әдебиет зерттеушісі. А.Хангелдин маңғыстаулық Мұрын жыраудың өз аузынан жазып алған. Алғаш 1961 жылы «Батырлар жырының» II-томында, кейін «Ақсауыт» жинағының II-томында (1977), сондай-ақ, 1990 жылы халық әдебиеті көп томдығының VI-томында (160-177 б.б.) жарияланды. Баспаға әзірлеуші белгілі әдебиет тарихшысы Қ.Сыдықов. Аталған басылымдарды түпнұсқамен салыстырғанда аздаған өзгерістердің барлығы байқалады. Ондай сөздер негізінен дінге байланысты: «кәпір», «дін», «Алла» сияқты кеңестік дәуірде тыйым салынған ұғым, түсініктер екендігі анықталды.

**Ақжонасұлы Ер Кеңес.** Жырдың негізгі нұсқасын 1942 жылы белгілі әдебиет зерттеушісі, ақын М.Хакімжанова Алматыға арнайы шақыртылған Мұрын жырау Сеңгірбайұлынан өз өз аузынан жазып алған. Аталған жыр үлгісі жеке батырлар құрамында «Батырлар жырының II-томында (1961), «Ақ сауыт» жинағының II-томында (1977) жарық көрген.

Кейінірек халық әдебиеті көп томдық жинағының 6-томына (1990) және «Бабалар сөзінің» 51-томына енді.

«Ақжонасұлы ер Кеңес» – «Қырымның қырық батыры» цикліне енетін таңдаулы жыр нұсқаларының бірі. Сюжеті ноғайлы кезеңінің тарихи оқиғаларына арналғанмен, жырдың өн бойына ертегілік, балаға зар болу, батырлық т.б. мотивтер кездеседі [15, 423].

**Әмет батыр.** «Әмет батыр» жырын 1948 жылы Мұрын жырау айтуынан жазып алып, қолжазба қорына тапсырған – И.Ұйықбаев. Мұрын жырау өзі жырлаған «Қырымның қырық батыры» атты жырын төрт топтамаға бөледі. Ал «Әмет батырды» сол төртінші топтамаға, яғни жеке батырларға жатқызады.

«Әмет батыр» жыры «Батырлар жырының» 6-томында (1990) құрастырушы Қ.Сыдиықов пен О.Нұрмағамбетова сынды ғалымдардың еңбегінің арқасында баспа бетін көрді. Онда эпостың аталған нұсқасына ғылыми түсініктемелер жазылды. 2005 жылы «Қырымның қырық батыры» атты көлемді жинақта Мұрын жырау нұсқасы жеке кітап болып екінші рет шықты. 1990 жылғы «Батырлар жырының» 6-томындағы жыр мәтіндері еш өзгертусіз қайта басылған. Аталған басылымдарды ОҒК-ның Сирек қорында сақтаулы (Ш. 423, 3-дәптер) түпнұсқамен текстологиялық салыстырулар жүргізгенде бірқатар кемшіліктердің орын алғаны айқындалды. Кейбір құрмалас сөйлем тізбектерінде жеке сөз тіркестерінің түсіп қалғаны кездесті. Мысалы:

1990 ж, 2005 ж басылымдарда:

*«Кетейін деп жатқанын шешесі біліп қалып, сөйлей бастады».*

Түпнұсқада:

*«Кетейін деп жатқанын шешесі біліп қалып, келіп баласының тізгінінен ұстап тұра қалып, сөйлей бастады».*

Жырдың сюжеті қызық, өлең жолдарының ұйкастары өте шебер қолданылған. Көлемі өте қысқа, қазақ әрпімен жазылған. Жырда кездескен қателіктер жинаушының қолтаңбасын дұрыс оқымағандықтан не көңіл қоймағандығынан кеткен қателер деп ойлаймыз. Текстологиялық жұмыс барысындағы табылған кемшіліктері жөнделіп, түпнұсқа қалпына келтірілді.

«Әмет батыр» жырының мәтіні ОҒК Сирек қолжазбалар қорында (Ш 423. 3 дәптер) сақтаулы.

**Шынтасұлы Төрехан.** Жырдың сюжеті ноғайлы кезеңіндегі (XV-XVIIғ.ғ.) қазақ халқының қоғамдық, тарихи-әлеуметтік жағдайларынан сыр шертеді. Жоңғар қалмақтарының бейбіт елге көрсеткен зорлық-

зомбылықтары, қазақ елінің азаттығы мен тәуелсіздігі үшін жүргізген ерлік күрестері шынайы суреттелген. Құрылысы жағынан қырғыз халқының атақты жыры «Манаспен» ұқсас келеді. Бұл жырды 1942 жылы Мұрын Сенгірбаевтың айтуынан жазып алған – жыраудың баласы Дәуітбай.

Зерттеушілер жырдың кейіпкерлерін үш топқа бөледі, ал Мұрын жырау оларды төрт топқа жіктеген. Олар:

1. Аңшыбай батырдың ұрпақтары;
2. Қарадөң батырдың ұрпақтары;
3. Қыдырбайдың ұрпақтары;
4. Жеке батырлар: Абат, Тоған, Ақжонасұлы Ер Кеңес т.б.

Жырды алғаш баспаға әзірлеп құрастырған [17, 231-244] – филология ғылымының кандидаты Қабіболла Сыдиықов. 2005 жылы «Қырымның қырық батыры (Ноғайлы жырлары)» [17] атты кітапта қайта басылып шықты. Бұл екі басылымды тексере отырып, текстологиялық зерттеу жасағанымызда ешқандай өзгеріссіз 1990 жылғы мәтін қайта басылған. Ішкі басылымдарды түпнұсқамен салыстыру барысында бірталай кемшіліктерге жол берілгендігі анықталды. Кейбір жыр шумақтары мен өлең жолдарының түсіп қалғандығы көрініп тұр.

**Түпнұсқа:**

Көрдің бе іздеп, қарағым,  
Ақ сүт берген ананды?  
Мекендеген көрдің бе,  
Өзің туған қалаңды?  
Разымын бергенге,  
Дидарыңды көргенге,  
Қабыл болып тілегім.  
*Мен Құдайға ырзамын,  
Бітсе де бүгін сүрегім.*

**2005 жылғы басылым**

Көрдің бе іздеп, қарағым,  
Ақ сүт берген ананды?  
Мекендеген көрдің бе,  
Өзің туған қалаңды?  
Разымын бергенге,  
Дидарыңды көргенге,  
Қабыл болып тілегім.  
.....  
.....

Осындай кемшіліктерін түпнұсқамен салыстыра отырып, толықтырдық. Қолжазба қазақ әрпімен бастан аяқ жай қарындашпен жазылып, үстінен сиямен түзетілген. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан, кейде екі қатардан жазылған. Көлемі – 575 жол.

Жырда өлең жолдары мен қара сөздер араласып келіп отырады. Шығарма мәтіні, толық 7-8 буынды, кейде 11 буынды қара өлең үлгісіне құрылған.

Жырда қиял-ғажайып, батырлық ертегілердің белгілері айқын байқалып отырады (дәу, алып құс, мақпал төселген жол, оқ өтпейтін

батырдың қасиеті, шапса қылыш өтпейді т.б.). Мұндағы: арам ниетті Ханбидінің өтінішімен су әкелуге баруы; Шыңбикенің құлды дуалап, құсқа айналдыруы; құсқа мініп, суды алып қашуы; дәудің қуып кетуі – барлығы ертегілік эпизодтар. Эпостың тілі көркем, кейіпкерлер образы айшықты сомдалған.

Мәтінде аздаған араб, парсы, орыс және жергілікті сөздер кездеседі. Ондай сөздерге томның соңында арнайы сөздік берілген.

1990, 2005 жылдары басылған мәтінді түпнұсқамен (Ш. 830, 9-дәптер) салыстыра отырып, текстологиялық жұмыстар жүргізу барысында бұрынғы олқылықтар түзетіліп, толықтырылды.

**Сұлтан керім.** Жырдың көлемі ықшам 1941 жылы Мұрын жыраудан әдебиет зерттеушісі – Асайын Хангелдин жазып алған: Жырау Алматыға келгенде уақыттың тарлығынан толықтай жазып ала алмағандықтан «Манашы», «Шынтас», «Жаңбыршы» сияқты бірнеше жырлар үзінді күйінде қалып отыр. «Сұлтан Керім» жыры 93 тармақтан тұрады. Алғаш 1990 жылы баспа бетін көрді. Жырдың кейіпкерлері туралы мағлұматтар жоқтың қасы. Жырдың бұрынғы басылымдары (1990, 2005) ОҒК-ның сирек қорындағы түпнұсқамен (Ш. 830, 1-дәптер) тікелей салыстырылды. Нәтижесінде, біршама сөз тіркестері, өлең жолдарының қалып кеткендігі анықталды. Мысал келтірелік.

**1990, 2005 жылғы басылым:**

*Қалақ қылыш асынып,  
Жарқыным, қайда барасың?  
Аты-жөніңді сен айтшы,  
Қайда шықтың сен? – деді.  
Енді Сұлтан сөйлейді:*

**Қолжазба:**

*Қолақ қылыш асынып,  
Жарқыным, қайда барасың?  
Аты-жөніңді сен айтшы,  
Қайдан шықтың сен? – деді,  
Сұрайын сенен мен, – деді.*

Мұндай кемшіліктер ескеріліп, қолжазба толық қалпына келтірілді. Жоғарыда аталған мәтіндер «Бабалар сөзі топтамасының 51-томында жарияланды.



## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бабалар сөзі: Жүзтомдық.Т.50. Батырлар жыры. – Астана: «Фолиант», 2008.
2. Ногайдың кырық батыры. Ногай халық дастандары. Махачкала, 1991.
3. Батырлар жыры. Бесінші том. Қырымның кырық батыры. (Мұрын жыраудан жазылған мұралар). – Алматы, 1989.
4. Ахметзянов М. Между Волгой и Уралом // Идель. Казань, 1991.
5. Ананьев Г. Караногайцы и их предания // Сборник сведений о Северном Кавказе. Т. 2. – Ставрополь, 1909.
6. Радлов В.В. Образцы народной литературы северных тюркских племен. Ч.У. СПб., 1885.
7. Әділ Сұлтан. Эпикалық жыры. – Алматы, 2001.
8. Нәрік, Шора // Бабалар сөзі. 51-том. Түсініктемесін жазған –Сәкенов С. – Астана: Фолиант, 2008.
9. Асанқайғы, Тоған, Абат. ОҒК: Ш.667, 3-дәп.
10. Абат батыр // Қазақ ертегілері. 2-том. – Алматы, 1962.
11. Радлов В.В. Ер Көкше // Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири Дзунгарской степи. Ч.III. СПб., 1870.
12. . Ер Көкше // Батырлар жыры. 3-том. – Алматы, 1961; Ер Көкше // Ел қазынасы – ескі сөз / Құрастырып, түсініктерін жазғандар: С.Қасқабасов., К.Матыжанов. – Алматы, 1993.
13. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. т. 1. – Алма-Ата, 1961.
14. Сейфуллин С. Ескі әдебиет нұсқалары. – Алматы, 1932; Әуезов М // Қазақ әдебиетінің тарихы, – Алматы, 1961; Ғұмарова М. Бұрын зерттелмеген жырлар // Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том. 1-кітап. – Алматы, 1960; Бердібаев Р. Эпос – ел қазынасы. – Алматы, 1995.
15. Жаңбыршыұлы Телағыс; Айсаныңұлы Ахмет; Манашыұлы Тұяқбай // Бабалар сөзі. Түсініктемелерін жазған Қосан С. – Астана: Фолиант, 2008.
16. Казах-киргизские и алтайские предания, легенды, сказки // «Живая старина» №1, 1918.
17. Шынтасұлы Төрехан // Батырлар жыры. 6 том / Құрастырушылар: Қ.Сыдиықов, О.Нұрмағамбетова. – Алматы: «Жазушы», 1990.

## ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК – Орталық ғылыми кітапхана

Қ. – қолжазба

Ш. – шифр

## РЕЗЮМЕ

Главной целью настоящей работы, предлагаемой вниманию читателей, была идея показать, путем раскрытия основных сюжетных линий казахских героических эпосов, тематику единства народа, целостности его земли и призыв к борьбе за свободу. Речь идет о таких эпосах как «Алпамыс», «Қобыланды», «Едіге», «Орақ-Мамай», «Ер Тарғын», «Шора батыр», «Көрұғылы», «Қырымның қырық батыры», «Сайын батыр», Қамбар батыр» и другие, тексты которых сохранялись на протяжении веков, передаваясь из поколения в поколение в изустной форме, а позднее собирались и записывались в письменном виде. Сейчас рукописи этих сочинений хранятся в фондах крупных библиотек, институтов и музеев. В данном исследовании авторы проделали работу по выяснению истории собирания и фиксации текстов эпосов, кроме того, на основе научного анализа рукописей, основываясь на теориях и методах, применяемых в современной фольклористике, были определены их основные характеристики (на основе впервые проведенных авторами изысканий выяснены особенности собирания фольклорного наследия народа, практическая роль собирателей, сказителей, переписчиков, фольклорных экспедиций, а также раскрыта специфика издательской подготовки рукописей, в том числе систематизация рукописей текстов по текстологическим и сюжетным параметрам). Результаты исследования представляют собой источниковую основу для будущих исследований ученых-фольклористов, а также вводят в научный оборот новые данные в области текстологического изучения казахских эпосов.

Монография соответствует программным требованиям, изложенным в послании президента Н.А.Назарбаева в документах «Казахстан – 2050» и «Мәңгілік Ел», в контексте которых с новых позиций проведено исследование рукописного наследия, нацеленного на духовное возрождение народа. Монография имеет как национальное,

так и международное значение. Отметим, что научная новизна данного исследования, посвященного истории собирания казахских эпосов, являющихся бесценным духовным наследием народа, заключается в том, что охвачены многочисленные рукописные варианты текстов, записанные на основе разных алфавитов – арабском, латинском, чагатайском были транскрибированы на современную кириллицу, – они в систематизированном виде подготовлены для будущих текстологических исследований.

Исследуемые произведения показывают глубокие корни народного творчества и способствуют познанию культурных традиций народа, а также обогащению духовности современного общества.

Работа адресуется научным сотрудникам, преподавателям ВУЗов, PhD докторантам и магистрантам, а также широкому кругу читателей.

## SUMMARY

The main goal of this work, which is offered to the readers' attention, was the idea to show the theme of the unity of the nation, the integrity of its land and the call for a struggle for freedom by revealing the main storylines of Kazakh heroic epics. We are talking about such epics as Alpamys, Kobylandy, Edige, Orak-Mamai, Er Targyn, Shora Batyr, Koruguly, Kyrimnin kyryk batyrs, Sayin batyr, Kambar batyr and others, which texts were preserved for centuries, passed from generation to generation in an oral form, and later were collected and written down. Now the manuscripts of these works are stored in the funds of large libraries, Institutes and museums. In this study, the authors have done the work on revealing the history of collecting and fixing epics texts, in addition, based on scientific analysis of manuscripts, based on theories and methods used in modern folklore studies, their main characteristics have been determined (based on the first researches carried out by the authors, folklore heritage of the people, practical role of collectors, storytellers, copyists, folklore expeditions, and also revealed the specifics of publishing preparation of manuscripts, including systematization of manuscripts of texts on textual and plot parameters). The research results include the source for future research of folklorists, and also introduce new data in the field of textual study of Kazakh epics.

The monograph complies with the program requirements set forth in the Message of the President N.A.Nazarbayev in the documents «Kazakhstan – 2050» and «Mangilik El», in the context of which, a study of the manuscript heritage from new positions, aimed at spiritual revival of the nation has been carried out. The monograph has both national and international significance. It should be noted that scientific novelty of this study which is devoted to the history of collecting Kazakh epics, which are the invaluable spiritual heritage of the nation, lies in the fact that numerous manuscript versions of the texts have been covered, which were written on

the basis of different alphabets – Arabic, Latin, Chagatai were transcribed into a modern Cyrillic – and they in a systematic way have been prepared for future textual researches.

The explored works show the deep roots of folk art and contribute to the knowledge of the cultural traditions of the people, as well as enrich the spirituality of modern society.

The work is intended for the researchers, teachers of universities, PhD and Master students, as well as a wide range of readers.

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе .....	3
<b>Көне эпос</b> .....	13
Құламерген жыры .....	15
Еділ мен Жайық батыр .....	22
Дотан батыр .....	25
<b>Батырлық жырлар</b> .....	28
Алпамыс батыр .....	28
Қобыланды батыр .....	50
Қамбар батыр .....	90
Көрұғлы .....	119
Едіге батыр .....	139
Орақ – Мамай .....	172
Қарасай, Қазы .....	185
Шора батыр .....	211
Ер Тарғын .....	228
Ер Сайын .....	240
Ахметбек-Жүсіпбек. Бозұғлан .....	248
Бөген батыр .....	290
Қарабек батыр .....	295
Жетіген батыр .....	300
Күреңбай батыр .....	301
Ноғайлы шалғез батыр .....	302
Әуелбек батыр .....	303
Әуез батыр .....	303
Оралбек батыр .....	304
<b>«Қырымның қырық батыры» топтамасына енетін жыр үлгілері</b> .....	306
Шартты қысқартулар .....	330
Резюме .....	331
Summary .....	333

М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

**ҚОЛЖАЗБА ҚОРЛАРЫНДАҒЫ БАТЫРЛЫҚ  
ЖЫРЛАРДЫҢ ЖИНАЛУ ТАРИХЫ**

*Ұжымдық монография*

**Жауапты редакторы:** Тоқтар Әлбеков  
**Жауапты шығарушы:** Насихат Мүрсәлімова  
**Беттеуші:** Нұркелді Серғожаұлы

---

Басуға 15.11.2017 қол қойылды.

Пішімі 60x84<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Қаріп түрі «Таймс». Баспа табағы 21.

Таралымы 100 дана.

---